XX ғасырдың 20-жылдарындағы Түркістанның рухани дамуындағы үлкен белес – «Талап» атты қазақ-қырғыз мәдениетін көркейтушілер қауымының дүниеге келуі еді. Төңкерістен кейінгі аса қиын кезде, тағдырлар сапырылысында туған бұл ұйым рухани қажеттіліктен туды деуге толық негіз бар. Бұған «Талап» Жарғысы куәлік бере алады [1].

«Талап» 1922 жылы 4 желтоқсанда Ташкентте ресми жұмысқа кірісті. Қауымның төрағасы – Халел Досмұхамедұлы, басқарма мүшелері: А.Е.Шмидт, И.Тоқтабайұлы, М.Есболұлы, М.Тынышбайұлы, М.Әуезұлы, Қ.Тыныстанұлы. Бұдан басқа ұйым жұмысына қатысқандар: Ә.Диваев, М.Жұмабайұлы, Н.Архангельский, К.Жәленұлы. Аталған қауым 1923 жылы 16 наурызда Алматыда (Түркістанға кірген) бөлімшесін ашады. Мұнда И.Арабайұлы, Б.Сүлейұлы, Қ.Басымұлы, Ж.Бәрібайұлы, Қ.Сармолдаұлы, Ш.Сарыбайұлы, А.Розыбакиев қызмет атқарады. Аталған есімдерден көрініп отырғандай, жалпы қауым (бөлімшесі де кіреді) басшылығында қазақтармен қоса екі еуропалық азамат (Шмидт, Архангельский), екі қырғыз зиялысы (И.Арабайұлы, Қ.Тыныстанұлы), бір түркістандық башқұрт оқығаны (Ә.Диваев), бір ұйғыр қайраткері (А.Розыбакиев) болған. Әлбетте, бұл арыстарды “Талаптың” тазалығы, ғалымдығы, жалпы шығармашылдығы топтастырды. Қауым жарғысында мынандай мақсаттар көзделді: әдеби тіл мен терминологияны жүйелеу, өнерді зерттеу, тарихты тексеру, мектеп саласын реттеу, оқығандар мен ақын-жазушыларға, өнерпаздарға жәрдемдесу. Осыны жүзеге асыру үшін ол төмендегі істерді атқармақ болды: пікірталас, ашық дәріс ұйымдастыру, ел-елге экспедиция шығару, көрме жасақтау, ескі қолжазбаларды жинап, ауызша деректі (әдебиет, өнер, тарихқа қатысты) хатқа түсіру, өнер бәйгесін ұйымдастыру, маман әзірлеу, т.б.

«Ақ жол» (Ташкент) газетінде 20-жылдардың басында жарияланған материалдарға қарағанда, «Талаптың» көздеген мақсаты тек қағаз жүзінде қалмаған. Ол қаншама мәдени шаралар өткізген. Соның ішінде Түркістанда (Ташкент) А.Байтұрсынұлы мерейтойын өткізіп, баспасөз бетінде Ахмет тұлғасына сабақтастырып, ғылым мен білімді насихаттауы, Ыбырай мен Абайға қатысты шығармашылық кештер мен ежелгі Тұран тарихы мен түрік-моңғол дәуіріне байланысты дәрістер ұйымдастыруы, оқулық пен танымдық кітаптарды зиялыларға тапсырыс беріп, жаздыртып бастыртуы – руханият тарихы орайындағы айрықша факт деп есептейміз. Бағдары беймәлім большевизм тұсында осыншама істің атқарылуын – бұрынғы елшілдік рухтың жоғалмағандығымен, негізгі (алаш) ағартушылықтың инерциялы қарымымен түсіндіре аламыз. Әрине, билік басындағы азаматтардан көмек болмаса, «Талаптың» мұндай жемісті жұмыс жасауы қиынға соғар еді. Осы ретте «Ақ жол» газеті 1922 жылдың қыркүйегінен бастап («Талап» осыдан екі айдан соң құрылғанын ескеріңіз) Түркістан халық комиссарлары кеңесінің (ХКК) төрағасы болған Т.Рысқұлұлы бұл ұйымға нақты әрі тұрақты жәрдем көрсетіп тұрғанын жазады [2]. Әрине, Түркістан ХКК тек қазақ-қырғыз мәдениет қауымын ғана қамқорлыққа алмаған, сонымен бірге өзбектің «Шарқ мағрифына», түркіменнің Білім комиссиясына көмектескен. Мұндай игі ықпал Түркістандағы билік тұтқасында қызмет еткен С.Қожанұлы тарапынан да көрсетілген. Ол тіпті «Талапқа» келіп, ағарту ісінің проблемасы туралы баяндама да жасаған.

Шынтуайтында, 20-жылдардағы әдеби-тарихи үдерісті саралай қарасақ, «Талап» Түркістанның мәдени-рухани кеңістігінде мол іс атқарды: Абай мен Мағжан жинағын жариялауға ұйытқа болды, «Ақ жол» газетін нағыз ел газеті ете алды, ғылыми-танымдық бағыттағы «Шолпан», «Сана», «Сәуле» журналдарын шығарды. Ең бастысы, саяси ахуал өте ауыр кезде Алаш зиялыларын Түркістанға жинап, бәріне қызмет тауып беруге жәрдемдесті. Сөйтіп большевизмнің ызбарына қарамай шығармашылық атмосфера туғызды. Халелдің ең таңдаулы зерттеулері осында туды, Мағжан мен Қасымның сыршыл, тағылымды туындылары осында өмірге келді, Мұхтар да осында бұрынғы әдеби әлеуетін одан әрі дамытты, Қошке де осында өзін ғалым, жазушы ретінде танытты. Абдолла, Даниял, тағы басқалар туралы да осыны айтуға болады. Түркістанның Шымкентіне аялдаған Жүсіпбек шығармашылығы да екінші тынысын алды. Сондай-ақ тәжірибелі азаматтардан: Міржақыптың «Ақ жолды» дұрыс бағытқа салуын, Мұхаметжан мен Санжардың отандық тарих ғылымын жетілдіруін, Нәзірдің түрік халықтары мәдениетін, тілін жаңаша жүйелеуін, Мырзағазының отаршылдық зардабы мәніне үңілуін – айрықша қызметі дер едік.

Әдебиет пен мәдениет ісінде «Талаптың» қандай бағыт ұстанғанын оның төрағасы Х.Досмұхамедұлының мына пайымдарынан аңғаруға болады: 1. «Халықтың құлқы, мінезі, ойы заманындағы әдебиетінен білінеді. Әдебиет – халықтың түрлі қимылдарының айнасы» [3, 107]. 2. «Қазақ әлеуметшілдігінің (ұлт мәселесін осылай айтуға мәжбүр болған – Д.Қ.) өткенін жөндеп түсініп, әзіргі қалпын анық көріп, кемісін болжай білу – көп қазаққа көз болған, мәдениет жолына көшбасшы болған, «молдаға оқып тәрбие алған, ордаға кіріп жол көрген» оқыған зиялыларымыздың міндеті» [446, 110]. 3. «Қазақ жазба әдебиетінің негізін салғандар – мұсылманша білім алған сауатты ақындар. Ендеше жазба әдебиетінің алғашқы үлгілерін халық поэзиясының діни және ғибраттық түрлерін іздеген жөн» [3, 132]. 4. «Сингармонизм – түрік тілінің айрықша өзіне біткен қасиеті. Түрік тілдерінің көбі (Ыстамбұл түріктері, Қазан ноғайы, сарт-өзбек, тағы талайлар) түрік емес халықтардың сөзін көп алғандықтан, жат жұрттарға көп араласқандықтан, осы айрықша қасиетінен айырылып қалып отыр. ...Тілді бұзбай ұстарту, шеберлету, байыту – ақындардың мойындарына артылған зор борыш» [3, 139-144]. 5. «Түркиядағы... қолдан келгенше түп (оригинал) кітаптың суретін сақтауға ыждағат қылғандықты (әңгіме түрік жазба ескерткіштері туралы – Д.Қ.) ...көріп, біздің қуанышымыз екі есе болып отыр» [3, 155-156].

Тумысынан ұлтының ағаруы мен дамуын түркі халықтарының дамуымен сабақтастықта қараған жас қырғыз оқығаны Қасым Тыныстанұлы да «Талап» мұратын түсінуге көп даярлықпен келді. Ол 1920 жылы жазған «Алашқа» атты өлеңінде:

*Алашым, қандай эди бурунғы шак,
Ол қандай кара туман ортагы тап?
Бул заман – окуу-билим заманасы,
Иске кир, белиңди буу, бекем устап!*

деп [4, 18], жаңа заманның алымы мен шалымын айқын түсінді.

Қырғыз ғалымы А.Болпанова Қасым дүниетанымының қалыптасуына байланысты ойын былай тұжырымдайды: «Освоив идеи партии «Алаш», К.Тыныстанов, можно сказать, именно на этом этапе своей жизни окончательно сформировал свои основные жизненные принципы, которых он будет придерживаться в дальнейшем. С этого периода они сводились к сохранению чести и достоинства, а также честности по отношению к самому себе» [5, 44].

Көрнекті Алаш қайраткері, қырғыз ұлты елшілік қозғалысының көшбасшысы Тыныстанұлы Қасым (1901-1937) сол уақыттағы аумақтық бөлініс бойынша, Түркістан генерал-губернаторлығына қарасты Жетісу облысы Пржевальский уезі Шоқтал болысының Шырпықты ауылында (қазіргі Қырғызстанның Ыстықкөл облысы) туған [5, 16].

Қасымды алғаш әліпбиді (арабша) өз әкесі Тыныстан үйретеді. Бұдан кейін ол Қаракөлдегі орыс-түзем школына түсуге бақ сынайды. Бұған өтпеген соң, Қаракөлдегі өзбек жәдит мектебіне кіреді.

Алғаш мұсылманша хат танығаннан кейін, орыс тілін жекелеген мұғалімдерден үйренген. Мұнан соң Сазановкадағы (кейін Ананьево) орыс мектеп-интернатына қабылданады.

1916 жылы қырғыздар патша өкіметіне қарсы көтеріліп, қатты қырғынға ұшырайды. Сөйтіп осы ұлттың көп бөлігі Қытай асады. Бұл жағдай Қасым отбасын айналып өтпейді. Ол отбасымен және ағайындарымен шығыс Түркістанның Құлжа маңайын паналайды.

Қырғыз қырғыны мен олардың Қытай асуы мәселесі Ресей империясы астанасында қызу талқыланады. Оған ұйытқы болған Ә.Бөкейхан бастаған Алаш зиялылары еді. Ақыры бұл мәселе ескі және жаңа үкіметтен оң шешімін тапқан соң, ауған қырғыздарға өз жеріне қайтуға рұқсат етіледі. Елмен бірге 1917 жылы желтоқсанда Қасым да Отанына оралады. Ол Ыстықкөлдің солтүстігіндегі Тепке ауылында тұратын нағашыларына аялдайды. Сонан соң оқу іздеп Қаракөлге барып, 1919 жылы қыркүйекте Қарқара-Кеген арқылы Алматы асады.

1919 жылы республикадағы жергілікті ұлт мамандарын даярлау жоспарына сәйкес, ол Түркістан кеңестік автономиясының орталығына курсқа, жұмысшы факультетіне жіберіледі. 1921 жылы Ташкенттегі өлкелік Қазақ-қырғыз халық ағарту институтына түседі. Осында 1924 жылға дейін оқиды. Осы тұста бүгінгі қырғыз зерттеушілері біле бермейтін Қ.Тыныстановтың айрықша шығармашылық өмірбаяны басталады. Қырғыз азаматы жоғарыда аталған «Талап» мәдениетті көркейтушілер ұйымының басқарма мүшесі болып сайланады. Ол қазақ зиялыларына еліктеп және солардың кеңесімен «Қырғыз әліпбиін» жаза бастайды. Сонымен бірге жаңа заманның көркемөнер жанры – драматургияда бағын сынайды: «Әлімқұл» атты қырғызша тұңғыш пьесаны өмірге әкеледі. Тағы бір айрықша дәлел, Қасымның алғашқы өлеңдері қазақтың «Жаңа өріс» газетінде басылады (мұны қырғыз зерттеушілері «Өріс» деп қате жазып жүр) [4, 9].

1924 жылы Ташкентте Түркістан мемлекеттік баспасынан Қ.Тыныстанұлының «Қырғыз тілінің хрестоматиясы» атты алғашқы педагогикалық еңбегі жарық көреді. 1925 жылдың басында ол К.К.Юдахинмен бірігіп орыс графикасының негізінде қырғыз әліпбиінің алғашқы нұсқасын жасайды. Ғалым осы жобасын 1926 жылы Бакуде өткен

түріктанушылардың I съезіне ұсынады, бірақ ол қаралмайды. Осы басқосуда ғалым «Жаңа алфавитті түзудің негізгі принциптері» атты баяндама жасайды. 1926 жылы Мәскеудің «Күншығыс» баспасынан қайраткердің «Ересектер үшін әліпби» атты еңбегі жарық көреді. Мұнан кейін ғалым бірыңғай сол кез үшін іргелі зерттеулер жасаумен болады: Қырғызстан астанасынан 1927 жылы «Қырғыз тілінің грамматикасы», 1934 жылы «Қырғыз әдеби тілінің жаңа орфографиясының жобасы», «Қырғыз тілінің морфологиясы», 1936 жылы «Қырғыз тілінің синтаксисі» атты кітаптар жариялайды.

Қ.Тыныстанұлы 26 жасында Қырғыз АСР-інің халық ағарту комиссары болып тағайындалады. Оның алғашқы жыр кітабы «Қасым ырларының жыйнағы» деген атпен Мәскеудің «Күншығыс» баспасынан 1925 жылы жарық көрді. Оның алғысөзін Қырғыз ғылым комиссиясының мүшесі Б.Даниярұлы жазған. Мәскеу жинағына ақынның 1920 жылдан бастап жазған өлеңдері енген. 1932 жылы жазған «Академиялық кештер» атты пьесасы «идеалистік ұстанымы үшін» кезінде қатты сыналғанға ұқсайды.

1935 жылы Фрунзеде «Манас» жырына байланысты тұңғыш бүкілодақтық конференция өтеді. Оның жұмысына Е.Поливанов, М.Әуезов т.б. ғалымдар қатысады. Осы ғылыми жиында Қ.Тыныстанұлы манастанудың жаңа міндеттері туралы баяндама жасайды. Ғалымның осы және бұған дейінгі шынайы, ғылыми, елшіл пайымы саяси қуғын-сүргін жылдары алдынан шықты. Оған «ұлтшыл, кеңестік ұлт саясатына қарсы, пантюркист» деген айыптар тақты. 1937 жылы 1 тамызда ұсталып, 1938 жылы 6 қарашада өлім жазасына кесілді [6, 21]...

Қасымның қырғыз тілі мен әдебиетін теориялық тұрғыдан да, практикалық тұрғыдан да (ақын, жазушы ретінде) зерделеуі, байытуы, дамытуы – оның тұлғалық орнын айқындай түседі.

Ғалым жан-тәнімен өркендеу бағытындағы түркі дүниесінің ықпалдастығын қолдап, қырғыз мәдениетінің даралық қасиетін, ерекшелігін айқындауға тырысты. 1924 жылы Қырғыз автономиялық облысы төңкеріс комитетінің шешімімен Халыққа білім беру бөлімінің жанынан Академиялық орталық ашылады. Оның төрағалығына – И.Арабайұлы, орынбасарлығына – Қ.Тыныстанұлы, хатшылығына – К.Юдахин тағайындалады.

Академиялық орталық жаңа өкімет талап етіп отырған оқу-әдістемелік еңбектерді жазумен бірге қырғыз тілін, әдебиетін, этнографиясын, өнерін, мәдениетін т.б. жүйелеу бойынша орасан зор кешенді жұмыстар атқарады. Қасым шешен тұлға, шебер ұйымдастырушы ретінде көзге түседі. Сонымен бірге ол әліпбиге реформа жасап, жаңашыл алфавит қабылдау идеясының басында жүреді. 1925 жылы 25-27 мамырда Пішпекте өткен Ғылыми-педагогикалық съезде Қ.Тыныстанұлы «Араб әліпбиінен еуропалық алфавиттің біріне көшу туралы» мәселені күн тәртібіне шығарады. Осы ғылыми жиынан кейін қайраткер-ғалым «Жаңа әліпби достары» атты ерікті қоғам құрып, өзі соның төрағасы болады. Әрине, осы үдеріс сол уақыттағы жаңа заман талғамынан туындап жатқан ой-аңсарлар жиынтығы еді.

Сол себепті де Қ.Тыныстанұлы Баку қаласында 1926 жылы 26 ақпан – 5 наурыз аралығында өткен Түркітану съезіне мол даярлықпен барып, қатысып қайтты. Баяндама жасап, ойларын съезд бюллетенінде жариялады. Енді оның есімі кеңестік және түркі республика ғалымдарының қатарында айтылатын болды.

Қ.Тыныстанұлының тіл ғылымы мен практикасы саласындағы жұмыстары салаланып, ол енді Орталық Азияда тұрып жатқан ұйғыр және дұңған диаспорасы алфавитін жасау ісінің басында тұрды.

Қырғыз АССР халық ағарту комиссары қызметінде болған жылдары Қасым қырғыз руханиятына көп табыс әкелді. 1928 жылы бір топ пікірлестерімен «Жаңа мәдениет жолында» атты ғылыми-әдістемелік журнал шығарды. Қырғызстанның Ферғана аумағын (бүгінгі Ош, Жалалабад облыстары) этнографиясын терең зерттеу бағытында арнайы экспедиция ұйымдастырды. Мектеп оқушылары үшін ғылыми негіздегі қырғыз алфавитін, фонетикасын, морфологиясын, синтаксисін қамтыған оқулықтар даярлады. Әдеби бюро

жұмысын жандандырды. Қырғыздың терминология жүйесін қалыптастырды. Қырғыз мемлекеттік өлкетану мұражайының негізін қалады.

Қ.Тыныстанұлы қырғыз тілінің байлығын танытатын 100 мыңға жуық сөздік қор жинап, соның ішінде орыс-қырғыз түсіндірме сөздігі үшін 60 мыңдай сөзді жүйелегені елеулі ғылыми ізденісін көрсетеді.

Ғалым Е.Д.Поливановтың жазбаларына қарағанда, Қ.Тыныстанұлы тілдік ойлау мен морфонологияға байланысты біршама жаңалықтар ашқан.

Мәдени мұраны жинау, жүйелеу және жариялау бағытында ғалым 1925 жылдан бастап «Манас» жыры нұсқаларын іздестіруді бастайды. Белгілі манасшылар С.Оразбақов пен С.Қаралаевқа жолығып, көп дүние жазып алады. Осының негізінде өзі 1931 жылы «Манас» атты пьеса жазады.

Әдеби мұралардың мәтінтану мәселесі де Қ.Тыныстанұлының назарында болады. Ол Молда Нияздың «Датқа айым» туындысын жан-жақты қарастырады [6, 42].

1930 жылы Қасым денсаулық жағдайына байланысты комиссарлық қызметтен босап, емделеді. 1931 жылдан Қырғызстан Мәдениет құрылысы институтына орналасады. Қайраткер 1932-1935 жылдары осы ғылыми-зерттеу институтын басқарады. Мұнда бұрын бастаған жұмыстарын ғылыми негізде қайта жалғастырып, қырғыз тілі мен мәдениетін, дұнған тілі мен мәдениетін кешенді зерттеу үшін бағдарламалар, әдістемелер, нұсқаулықтар жазады.

Бір айта кетер факт, Қасым да Халел Досмұхамедұлы секілді 20-30 жылдары Академиялық орталық пен Ғылым комиссиясын басқарады. Олар басқарған мәдени ұйым – рухани салаға пролеткульт сияқты солақай ағымдар бас-көзге қарамай төпелеп, араласқан кезде “қара бұлтты сейілтуші” күш бола алды.

Әрине, қайраткерлердің елшіл пайымдары “Талап” мақсатынан туындады деу орайсыз емес. Шындығына келсек, бұл ұйымның көздегені мұнан да ауқымды еді. Бірақ “теңіз тамшысынан танылады” дегендей, Халел мен Қасымның үздік ойлары ғылымилыққа, нақтылыққа ұмтылған қазақ және қырғыз руханиятының бағдарын байыптайды.

Бүгінгі ресми деректерге қарағанда, Қ.Тыныстанұлы 1925 жылы Қырғыз АССР Халық ағарту комиссариаты жанындағы Ғылыми комиссиясының төрағасы, ал 30-жылдары мүшесі болған.

Біздің ойымызша, 20-жылдары Түркістан республикасында әр деңгейде басшылық қызмет атқарған Т.Рысқұлұлы, С.Қожанұлы, Н.Төрөқұлұлы сынды азаматтардың бәрі де Қасымның ғылыми әлеуетін қадірлеп, оған қырғыз руханиятының жауапты істерін сеніп тапсырған. Ол Х.Досмұхамедұлының да сенім үдесінен шыққан.

20-жылдардағы Алаш қайраткерінің (ішінде Қ.Тыныстанұлы да бар) айтулы ісін айғақтайтын бір құжат Ташкент мұрағаттарының ішінде сақталып қалыпты. Ол “Түркістан мемлекеттік университетін түріктендіру туралы” (“О тюркизации Туркестанского государственного университета”) деп аталады [7].

Бұл – 1923 жылы 21 ақпанда Түркістан республикасы ХАК жанындағы Ғылыми Кеңес пен Ғылыми Комиссияның бірігіп шығарған қаулысының ныспысы. Қаулы 9 баптан тұрады. Оның негізгі түйіндері: 1. Түркістан университетінде дәріс, іс-қағаз жүргізуді түрік тіліне көшірудің уақытын анықтау; 2. Жергілікті тілдердің дәрежесін көтеру, қызметкерлерге оның бірін меңгеруді міндеттеу; 3. Жергілікті ұлт студенттерін ғылымға тартудың жағдайын жасау; 4. Жергілікті мамандарды шетелге іссапарға жіберу; 5. Еуропалықтардың жергілікті тілді үйренуіне мүмкіндік туғызу; 6. Түрік тіліндегі дәрісті ынталандыру; 7. Басқа ұлт студенттері үшін әр курс сайын жергілікті тілдің бірінен сынақ тапсыруды кіргізу; 8. Жергілікті ұлт студенттері көбеюі үшін мектеп ісін жүйелеу; 9. Студент қабылдарда мұсылмандарға жеңілдік беру.

Қаулы мазмұнынан аңғарылғандай, Ғылыми Комиссия мен Ғылыми Кеңес Түркістан халықтарының жалпы тілін “түрік” деп алған. (Ол кезде Түркістан халықтарының алфавитінде, белгілі дәрежеде ресми жазбаларында бүгінгідей аса алшақтық болмаған).

Бұл – бір. Екінші, білім, ағарту проблемасын шешуде Мәскеуге тәуелсіз ой байқалады (Аталған қаулыны қабылдар алдында Халелдің орынбасары профессор Е.Д.Поливанов осы мәселе туралы баяндама жасаған. Ендеше мұны “түріктік томаға-тұйықтық” деуге болмас).

Қаулыдағы шетелге қатысты бап елеулі деуге болады. 1922 жылдың жазында Түркістан мен Бұхара республикаларынан алпысқа жуық студент Германияға оқуға жіберілгені мәлім. Оның ішінде қазақ балалары да бар-тын. 1923 жылы қыркүйекте арнайы іссапармен Германияда болып қайтқан Т.Рысқұлұлы: “Біздің студенттер онда пайдалы істі үйреніп жатыр. Бұйырса, олар елімізді алған білімімен өркендетеді”, -деп жазған еді [8]. Бір ескерер факт: 1922 жылы тамызда Қазақстан республикасының қайраткер жастары (С.Садуақасұлы, Ә.Байділдаұлы, Е.Алдоңғарұлы) 30 азаматты Еуропаға оқуға жіберуді өтініп, “жоғары жаққа” хат жолдаған [9]. Бірақ Киробком мұны қанағаттандырмаған. Міне, осы әр аймақта байқалған шетелге ұмтылуларға себеп болмады деу сенімсіз. Егер большевизм жеңісінен кейінгі ахуалдың ортақтығын ескерсек, бұл себеп те бір болып шығады.

Енді себепке назар аударалық.

Бірінші себеп: дүниені дүр сілкіндірген төңкерістен соңғы 5 жылда бұрынғы өз ретімен келе жатқан демократиялық ізденістерді ұмыту мүмкін емес еді. Сондықтан мылтық даусы басылғанда Жапония, Швеция моделі туралы ізгі арман қайта жанданды.

Екінші себеп: 20-жылдары кеңес өкіметі мен Түркия арасында жақсы байланыс орнады. Мәскеу мен Түркістанға Стамбұлдан келушілер жиіледі. Ал, осы Түркия Еуропа елдері ішінде Германиямен дұрыс қарым-қатынаста еді. Олай болса, нейтралды жерде түрік халықтарының кездесуі – ең бірінші бодан қауымға пайдалы болатын.

Үшінші себеп: Еуропаға ұмтылудың саяси астары болмағанның өзінде, жаңа заман оқуын тәжірибесіз Ресейден алғаннан гөрі, тәжірибелі шетелден алу қай жағынан келсек те тиімді-тін. Сонымен себеп ортақ болса да, оң тілекке (Еуропаға бару) қол жеткізуге Түркістанның нәтиже шығарып (студент жіберуі), Қазақстанның ұмтылысты тыюы – алаш, жалпы түрік зиялыларының Ташкент кезеңін айшықты етеді.

Жаңа заманға сай ізденістің қажеттігі “Талап” қауымының басқарма мүшесі, өз ұлтын алаштың бір тармағы деп есептеген қырғыз зиялысы Қасым Тыныстанұлының “Алашқа” атты өлеңінде былайша көрініс тауыпты:

*...Бір убакыт кара туман алды шулғап,
Өткөнге жете алмадык колду булғап.
Көздөн жаш, жондон таяк арыган жок,
Сагындык замананы өткөн жыргап.*

*...Орнады заман келип мындай баска,
Дейди ол: өткөн күнүң ойдан таста,
Сен жаман, мен жаксымын деген сөз жок,
Бипбирдей, мына даурен, кары-жаска.*

*Ырас-ак, жаксы заман, ниети кең:
Кары жас, аел, эркек – баарына тең.
Бирдей деп окуу окумай бекер жатма
Баскага окумасаң болорсуң жем [4, 17-18].*

Аса сыршыл, нәзік сезімді Қасым Мағжан секілді, реті келгенде қанды қыздыратын, халықты өрлік пен ерлікке үгіттейтін шығармалар да жазыпты. 20-жылдардың басында туған сондай бір өлеңі “Жастарға” деп аталады. Мұнда ақын ел рухының қандай болмағы жастарға байланысты екенін айта келіп:

*Оян, жастар, ойлан жастар!
Ал колуңа тууңды.
Кең өрүсти шубап айнал,
Сакта ел мен журтыңды.
Тулпар минип, туйди устаган,
Өткен жок па эрлериң?
Сен кемсинбе, үндемейсиң?
Мына келди жерлериң,-*

дейді [4, 22]. Ал, енді Алаш жазушысы Ж.Аймауытұлының “Елес” әңгімесінің идеясымен (“не толғандырады, соны жаз!”) үндес Қ.Тыныстанұлының “Калемге” (Қаламға) атты өлеңінің түйіні мынандай:

*Эселек күнүң туман, эркиң жатта,
Боору эрип, имерилбес айткан датка.
Жайың бар кайык минген, калтылдаган,
Каның төк, кайгыр, калем, термел, жатпа! [4, 78].*

Қасым жырларында кәрі тарих та (“Манастын күмбөзү”), аруақ та (“Аруақ”) ел көштен қалмаса, шарқ ұрып бақыт іздесе деп, ұрпағы үшін қам жейді. Халқының құлағанын көргенде – қайғырады, қайраттанғанын байқағанда – “тыныш табады”.

*Сай-сайдан чымырканып кулатып таш,
Омкоруп кедерги кылган талаш.
Баишталып Ала-Тоодон Чүйгө карай,
Күзгүдөй суусу тунук агат Талас.
Таластын так боюнда чоң күмбөз бар,
Көргөнгө ой түшүргөн кайгы аралаш.
Урматтуу көз жаш менен ал күмбөзгө
Көюлган өткөн күндө баатыр Манас... [4,98].*

«Манастың күмбөзі» өлеңі – тарих пен тағдырды таразылау және бүгінге өткеннің көзімен қарау, жақсы істен тағылым алу, иманмен тазалану айнасы.

Ақын өлеңдеріндегі табиғилық ұлт және оның әдебиетіне қатысты ойларында да көрінеді. “Шакирт” (Шәкірт) атты өлеңінде ол:

*Китаптың барлық каты түсүп көзге,
Ой кирмей көкирекке онан өзгө.
Жүректи жарып чыккан назик “сүйүү”,
Байланып “ұлт” деп жазган жалгыз сөзге.*

*Шетинен бир китаптың ашып көрүп,
“Экен,-деп, - адабият” алды бөлүп.
Тексерип эң түпкүрүн карап көрсө,
Тереңнен багыт алып кеткен өрүп,-*

деп жазады [4, 36]. Сөз жок, бұл шәкірт – жай шәкірт емес, әдебиетке бой һәм ой алдырған жан. Тәлім-тәрбиенің уызына жарыған оның түйсігі “ұлт жаны – әдебиет” екенін жазбай таниды. Сондықтан да өзі үшін де, ұлт үшін де руханияттың тереңіне бойлап, тұнығынан су ішуге бел буады.

Жалпы XX ғасыр басындағы қоғамдық-саяси тауқыметтерден кейін ақын-жазушылар халық басындағы хәлді теңізде адасқан қайыққа, толқынға тұншыққан адамға теңеп жатты. Алаш ақыны Мағжан Жұмабайұлы шығармаларында:

*Дарияға дауыл қуып кірген кеме –
Еркі жоқ, толқын айдап жүрген неме,-*

деген бейне [10, 97], немесе:

*Өмір – теңіз, жоқ оның түбі, шеті,
Сылқ-сылқ күлген сиқырлы толқын беті,-*

деген [10, 151] сурет бар.

Осыған ұқсайтын бейнені Қасым Тыныстанұлы жырларынан да көреміз:

*Боолукту эл мойнуна заман салмак,
Эл жүгүн эр аркалап мойнуна алмак.
Замана жел кутурткан жиндей толкун,
Калаксыз кайык сүзмек, эрк талашмак [4, 80].*

Біздің ойымызша, Ташкент – Түркістан орталығы болып тұрған шақта түрік халықтарынан шыққан ақын-жазушылар бір-бірінің жазғандарымен әжептәуір таныс болған. Айталық, Мағжан мен Қасым бір мәдени ұйымның (“Талап”) басқарма мүшесі болғанын ілгеріде сөз еттік, ал түрік халықтары тіліндегі (қазақ, ұйғыр) алматылық санаулы басылымдарда жарияланған қазақ, қырғыз, ұйғыр өлеңін баспасөз бен білімге қатысы бар зиялылар оқымауы мүмкін емес. Осы ретте түркімен ғалымы К.Джумаевтың мына пікірін ескерген жөн: “20-жылдардың басында... Түркіменстан азаматтары әзірбайжан, өзбек, татар және басқа түрік тілдеріндегі әдеби туындыларды түпнұсқадан оқыды. ...Түркіменнің “Түркмен или” атты тұңғыш журналы Ташкентте жарық көрді” [11, 12].

Міне, мұндай мәдени-рухани кеңістіктің ортақтастығы кеңес билігіндегі түркі халықтары әдебиетін бір арнадан табылуға мүмкіндік жасады: төңкеріс рухы алып келген ұраншыл, насихатшыл әдебиет те қалыптаса берді, бұрынғы үрдісін тереңдеткен сыршыл, мұңшыл әдебиет те дами берді. Әрине, әдеби орта мен халыққа соңғысы түсінікті еді. Өйткені, Мұстафа Шоқай айтқандай: “Әдебиет аяққа қарай тігілетін етік емес. Әдеби шығармалар инсан (адам – Д.Қ.) баласының ізгі көзқарастарынан туындайды. Сол үшін де ол сырттан болатын қысымдар мен қарсылықтарға төзе алмайды” [12, 165].

Мәдени ықпалдастық проблемасын жанымен түсінген осы қайраткердің (М.Шоқай) пікірі тұрғысынан келсек, большевиктер билігіндегі түркі халықтарының “ізгі көзқарасын” былайша топтау ақылға сыйымды: 1. жалпы езгі, хұқықсыздық атаулыдан құтылу – еркіндік, “өз қолын өз аузына жеткізу” мұратын орындау; 2. жәдитшілдікті салаландырып, елдің жаппай сауатын ашу – “адамзат игілігі адамзатқа ортақ” дүниетанымын орнықтыру; 3. қым-қуыт кезде азаттығына өш жауға қарсы бірігіп (түрік, мұсылман) амал жасау.

Біз осы шындықты Қ.Тыныстанұлы шығармашылығынан анық аңғарамыз.

Жапон ғалымы Тосака Дзюан: “Тарихи үдерістің жай тәртіпті ретпен орналасудан айырмасы – оның шындығында процесс, өзгеріс екендігінде. Осы мағынада болған мен болатынның арасында белгілі бір үзіліссіз байланыс орнығады”, - деп жазғанындай [13, 147], бағыт-бағдары анықталмаған күрделі әдеби-тарихи үдерісте Қасым сынды қалам қайраткері өз ақыл-ойын, білігін ескі мен жаңаның өрелі тұсын біріктіру жолындағы дәнекерлікке жұмсады.

Осы дәнекерлік пен сабақтастық бүгінгі Тәуелсіз Қырғызстан руханиятының берік ұстыны болып отыр дей аламыз.

Әдебиеттер

- 1.«Талап» қазақ-қырғыз мәдениетін көркейтушілер қауымының жолы // кітапта: Қамзабекұлы Д. Руханият. – Алматы: Білім, 1997. – 272 б.
- 2.«Талапқа» Совнаркомның көмегі // Ақ жол, 1923 жыл, 12 февраль
- 3.Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы – Избранное. – Алматы: Ана тілі, 1998.- 3 84 б.
- 4.Тыныстанов К. Касым ырларының жыйнағы - Сборник стихов Касыма. – Бишкек: Кыргызский государственный Национальный университет, 2001. – 157 с.
- 5.Болпанова А. Касым Тыныстанов – ученый и государственный деятель Кыргызстана. – Каракол: ИГУ, 2011. - 178 с.
- 6.Джаныбеков Ч. Касым Тыныстанов: жизнь и творчество. – Бишкек: «Бийиктик», 2003. - 220 с.
- 7.ӨР ОМА. - 34 қор, 1-тізім, 1587-іс, 5-6 парақ.
- 8.Рыскулов Т. Наши студенты в Германии // Туркестанская правда, 1923, 2 декабря
- 9.ҚР ОМА. 81-қор, 1-тізім, 468-іс, 18-19 парақ.
10. Жұмабаев М. Шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1989. – 448 б.
11. Джумаев К. Становление и развитие Туркменской советской прозы (20-е - 30-е годы). Автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора филол. – Ашхабад, 1990. - 51 с.
12. Шоқай М. Таңдамалы. I том. – Алматы: Қайнар, 1998. – 512 б.
13. Тосака Дзюн. Теория науки. – Москва: Наука, 1983. – 192 с.

К. А. Ахметов

*доктор исторических наук, профессор,
проректор по учебной и научной работе
Евразийского гуманитарного института,
г. Астана*

НАЦИОНАЛЬНАЯ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯ КАЗАХСТАНА В 20-е ГОДЫ

Октябрь 1917 года и последовавшие за ним гражданская война и репрессии вовлекли казахское общество в волну социальных и политических катаклизмов.

Необходимость достижения компромисса между различными слоями общества вынудила лидеров большевиков обратиться к национальной интеллигенции. Именно на неё возлагалась задача проведения просветительской работы. Но эта часть интеллигенции никогда не пользовалась доверием большевиков.

Свой переход на сторону Советской власти в те годы национальная интеллигенция рассматривала как возможность предотвращения очередной катастрофы для казахского народа. Первым шагом к этому после окончания гражданской войны было участие лидеров дореволюционной интеллигенции в организации помощи голодающему населению казахского края. Включение А. Байтурсынова, А. Ермекова, Х Габбасова, А. Кенжина, С. Доцанова, А. Козбагарова и других в состав советских органов способствовало организованному и целенаправленному действию в ликвидации голода и его последствий.

Одной из важнейших задач в оказании помощи голодающим была борьба с последствиями голода – эпидемией чумы, тифа. Вместе с русскими врачами –

эпидемиологами оказывали помощь населению деятели и алашского движения, среди них – ученый, врач Халел Досмухамедов.

Вместе с Т. Рыскуловым, С. Мендешевым лидеры движения «Алаш» А. Байтурсынов, А. Ермеков, Х. Габбасов и их соратники принимали непосредственное участие в подготовительной работе Учредительного съезда, провозгласившего образование Казахской Автономной Советской Социалистической Республики. Благодаря их усилиям, тщательному сбору и научному обоснованию исторических, статистических, экономических, этнографических, картографических данных были определены и установлены территориальные границы Казахстана.

Будучи гуманистами, они направили свою деятельность на подъем национального самосознания народа, приобщение его к ценностям мировой экономики и культуры. Их плодотворная деятельность в органах науки, культуры, просвещения и здравоохранения способствовала выполнению ими своей миссии.

Ахмет Байтурсынов после образования Казахской АССР работал народным комиссаром просвещения, был известным профессором в вузах Алма-Аты и Ташкента. В своей деятельности он охватывал широкий круг проблем, связанных с просвещением народа и развитием культуры.

Благодаря созданному под руководством А. Байтурсынова Академическому центру, началась систематизированная работа по изучению казахского языка, его графики, появились первые учебники на казахском языке. Как ученый, А. Байтурсынов продолжил свои исследования в области казахской лингвистики, совершенствуя и разрабатывая арабскую графику. В статье «Правописание», опубликованной в журнале «Айкап» еще в 1912 году, он отмечал главную проблему – несоответствие звуков казахского языка с их графическим оформлением. Этой проблеме он и посвятил свое исследование, разрабатывая и совершенствуя казахский алфавит. В результате кропотливого и тщательного изучения и отбора звуков казахского языка и арабской графики к 1924 году была создана оригинальная «байтурсыновская графика». [1, 36]

В период дискуссии по вопросу о переходе на латинскую графику А. Байтурсынов, аргументируя тем, что переход на латиницу приведет к потере казахами и другими тюркоязычными народами национальной культуры, выступил за сохранение арабской графики. Не отрицая трудности в освоении арабской графики, он предложил продолжить работу по ее усовершенствованию. Свидетельством тому могут служить составленные им иллюстрированные учебники: «Букварь для взрослых» (Оренбург, 1924 г.), «Букварь для красноармейцев» (Семипалатинск, 1926) и методические пособия для учителей.

Как отмечал М. Дулатов, «в результате научно-педагогических трудов А. Байтурсынова мы имеем киргизскую азбуку, фонетику, синтаксис и этимологию киргизского языка, теорию словесности и историю культуры. Этим кропотливым трудом А. Байтурсынов поднял киргизскую словесность на высокую ступень и заложил прочный фундамент для национальной школы и родной литературы...» [2, 87]

Именно А. Байтурсынов выступил с предложением о возвращении казахскому народу его исторического имени. На V съезде Советов Казахстана в 1925 году предложение ученого было единогласно поддержано, и Киргизская АССР была переименована в Казахскую АССР.

В конце 1920-х - начале 1930-х годов вместе с другими деятелями национальной культуры Ахмета Байтурсыновича Байтурсынова обвинили в «пособничестве буржуазным националистам». Вклад в культуру, внесенный им, был отброшен.

Одним из видных деятелей партии «Алаш» являлся ближайший соратник А. Байтурсынова Миржакып Дулатов. Причину, по которой он не принял в 1917 году Октябрьскую революцию, Дулатов объяснил следующим образом: «Я призывал свой народ к пробуждению, но я ужасаюсь насилию».

В 1919 году М. Дулатов в числе других алашевцев переходит на сторону Советской власти. Видимо, признание им новой власти было связано с тем, что он убедился в том, что эта власть может дать свободу трудящимся.

Будучи прощенным Советской властью, М. Дулатов вскоре назначается редактором газеты «Ак жол». В своих публикациях он акцентировал внимание на коренном изменении жизни казахского аула, отмене калыма, всеобщем образовании народа. М. Дулатов выступал за дружбу между народами, требовал сохранить культуру и язык казахов, провести чистку советско-партийных органов от негодных элементов и поставить на их место честных людей.

Ему, как видному литератору, органы Советской власти поручают переводы произведений В. И. Ленина, классиков русской и советской литературы. В 1920-е годы М. Дулатов написал «Историю происхождения казахов и киргизов». Его книги выходили в Оксфордском, Гарвардском, Сорбоннском университетах. Исследованием его творчества и по сей день занимаются ученые Института восточных языков и цивилизаций в Париже.

Как справедливо отмечает большинство исследователей истории развития культуры и науки Казахстана, большую роль в подъеме культурного, образовательного уровня казахского народа в 1920-е гг. годы сыграло Общество любителей казахской культуры «Талап». Оно было создано в 1922 году в Ташкенте совместными усилиями Х.Досмухамедова, М.Тынышпаева и М.Ауэзова. Деятельность общества заключалась в сборе, изучении материалов по истории, этнографии, культуре, традициям и обрядам казахского и киргизского народов. Большую помощь и поддержку «Талапу» оказал Турар Рыскулов, работавший в то время Председателем Совета Народных Комиссаров Туркестанской АССР. В январе 1921 года при Народном Комиссариате Просвещения (Наркомпросе) была организована Комиссия по науке (Научная Комиссия) во главе с Халелом Досмухамедовым, главной задачей которой являлось издание научной, художественной и учебной литературы на казахском языке.

Следует отметить, что, несмотря на материальные трудности и нехватку научных сотрудников, комиссия выполнила значительную работу. В 1921 году удалось издать восемь из двадцати сданных в печать наименований учебной литературы. Были изданы: «Киргизский букварь», «Киргизская грамматика» в двух частях, «Методические записки по родному языку» А.Байтурсынова, «Киргизская хрестоматия» М.Дулатова, «Программа единой трудовой школы (1 ступени)», «Табель – календарь на 1922 г.», «Киргизские былины» А.Диваева в семи выпусках. [3, 366]

К созданию учебников привлекались видные ученые и представители казахской национальной интеллигенции. Х.Досмухамедов написал учебники «Зоология» (в двух частях) и «Анатомия и физиология человека», М.Жумабаев – «Теорию словесности киргизского языка», авторами учебников по арифметике стали М.Дулатов, и С. Ходжанов.

Одной из важнейших задач комиссии являлась научная обработка этнографического материала, собранного ученым – этнографом А.Диваевым. По мнению Х.Досмухамедова, ценность данной работы заключалась не только в его научной значимости, но и в том, что этот материал «является книгой для чтения детей школьного, дошкольного возраста, и пособием по изучению грамматики и теории словесности киргизского (казахского - Г.К.) языка». [4, 366]

В 1923 году вышел первый номер журнала «Сана» - печатного органа Комиссии по науке. В его работе принимали участие видные ученые, политические и общественные деятели Казахстана А. Диваев, О. Джандосов, С. Ходжанов, Т. Рыскулов, С. Асфендияров, М. Ауэзов, М. Тынышпаев, Х. Досмухамедов и многие другие.

Алашевцы считали, что обращение к собственной истории есть первый шаг к культуре. Не случайно, уже в первом номере журнала «Сана» публикуется статья М.Тынышпаева «История тюрков – монголов», а в 1925 году отдельной книгой выходит его труд «Материалы к истории киргиз – казахского народа». Не имевший специального

исторического образования, но обладавший энциклопедическими знаниями, М.Тынышпаев обратился к сложным вопросам истории Казахстана.

Проблеме сохранения самобытности наций на основе народной педагогики и психологии была посвящена научная и общественная деятельность Жусупбека Аймаутова. Как и многие представители казахской интеллигенции, он трудился на ниве просвещения. Продолжительное время Ж. Аймаутов работал в Семипалатинском губернском революционном комитете (губревком), а в 1921 году был переведен на работу в Наркомпрос республики. При этом он не прекращал заниматься литературной, журналистской и переводческой деятельностью. Дошедшие до нас его произведения свидетельствуют о широте таланта, высокой духовной культуре одного из ярких представителей казахской творческой интеллигенции.

Как драматург, Ж. Аймаутов написал несколько пьес на казахском языке. Он наряду с М.Дулатовым по праву считается основоположником казахского романа. Им были переведены на казахский язык произведения А. С. Пушкина, Н. В. Гоголя. В 1924 году Ж.Аймаутов издал учебное пособие «Педагогическое руководство», а в 1926 году увидели свет две его книги «Психология и выбор профессии» и «Психология». Позже была издана работа «Методы комплексной системы преподавания».

В фундаментальном труде «Психология» Ж. Аймаутов детально освещает многие проблемы психологической науки. Книга состоит из двенадцати глав. Особый интерес представляет двенадцатая глава, в которой рассматриваются этнопсихологические проблемы, в том числе: психика и географическая среда, личность и нравственность, влияние культуры и языка на формирование психики.

Труды Ж.Аймаутова были первыми работами по психологии, написанными на казахском языке. Титанический труд был проделан им по переводу на родной язык понятийно – категориального аппарата этой научной дисциплины.

Достигнутый в начале 1920-х гг. компромисс между большевиками и национальной казахской интеллигенцией сыграл свою роль в укреплении Советской власти и способствовал стабилизации социально-экономического положения в республике. В этом заслуга казахской научной интеллигенции, деятельность которой носила просветительский характер.

Возросший авторитет и влияние на массы алашской интеллигенции вызывал недовольство со стороны большевистского руководства. Власть также не устраивало и сотрудничество части казахских коммунистов с алашевцами. Большевики, применив тактику сотрудничества с национальной интеллигенцией для укрепления своей власти в критический период, приступили к политике ее дискредитации и уничтожения.

Литература

1. Нурмагамбетова Р. К. Проблемы Алаш и Алаш – Орды в казахстанской историографии 20-90-х годов//Канд. дисс. – Алматы, 2000. – С. 36.
2. Дулатов М. Ахмет Байтурсынович Байтурсынов. (Биографический очерк). – Алматы, 1991. – С. 87.
3. Досмухамедов Х. Избранное. (На каз. языке). – Алматы, 1988. – С. 366.
4. Там же.

А. Х. Ахмалишева
Советник правления АО «НПФ «Республика»,
г. Астана

ПЕНСИОННАЯ СИСТЕМА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН: ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ

Причина повышенного внимания к проблемам пенсионного обеспечения заключается в том, что состояние действующей пенсионной системы Казахстана представляет собой одну из острейших социально-экономических проблем в период рыночных отношений

Роль пенсионного обеспечения в индустриальной и постиндустриальной экономике постоянно возрастает, в то время как традиционные способы обеспечения старости, такие как внутрисемейные трансферты и продолжение трудовой деятельности, отходят на второй план. Пенсионная система является важным сектором государственного вмешательства в экономику, а затраты на поддержание пенсионной сферы составляют существенную часть государственных расходов. Накопительные пенсионные фонды входят в число важных социально-экономических институтов, распоряжающихся долгосрочными финансовыми ресурсами и являются наиболее активными институциональными инвесторами в экономике.

Система пенсионного обеспечения в РК интенсивно развивается в направлении совершенствования накопительных принципов. Особенностью пенсионной системы нашей страны является сочетание солидарного и накопительного механизма. Развитие накопительной пенсионной системы в РК осложняется серьезными проблемами в части неразвитости фондового рынка и неустойчивости динамики экономического развития страны. Эффективное решение стоящих проблем на основе использования мирового опыта пенсионных реформ возможно только при тщательном изучении сложившихся местных условий.

Научное решение проблем реформирования пенсионной системы РК в условиях модернизации экономики, многообразие и новизна связанных с этим задач требуют развития теории и методологии нового направления науки, которое должно формироваться на стыке социальной и экономической сфер жизни. Это определяет актуальность проведения научных исследований и обоснование новых направлений в разработке мероприятий по созданию системы пенсионного обеспечения, адекватной происшедшим и предстоящим изменениям в общественных отношениях.

Необходимость и важность научно обоснованных, социально ориентированных и экономически оправданных преобразований в пенсионной сфере обуславливает особую актуальность комплексного решения проблем пенсионной системы в условиях модернизации экономики страны

Исследование проблем Пенсионной системы очень актуально в настоящее время, так как потребность в пенсионном обеспечении - это потребность каждого человека нашей страны, а не только лиц пожилого возраста. Сейчас в нашей стране идет реформирование пенсионной системы. В ходе реформы предстоит решить множество вопросов, направленных на улучшение социально-экономической ситуации в области пенсионного обеспечения. Казахстан поступательно движется вперед по пути рыночных реформ. Продолжается преобразование экономики в сторону ее большей рыночной направленности, отмечается дальнейший устойчивый рост производства, увеличились средние размеры заработной платы, пенсий, социальных пособий. Это неоспоримые факты, которые позволяют и в дальнейшем решать вопросы повышения уровня жизни большей части населения, совершенствования пенсионного обеспечения граждан.

Пенсионное обеспечение достойной старости граждан является одной из важных и сложных социально - экономических проблем независимо от экономической стабильности

и благосостояния государства. Обострение внимания к этому аспекту социальной политики связано с общими для большинства государств причинами: демографическими изменениями, выражающимися в увеличении продолжительности жизни и старении населения; исчерпание внутренних возможностей и резервов солидарных принципов и форм пенсионного обеспечения. В центре дискуссий о реформировании пенсионных систем, развернувшихся в научных и политических кругах западных стран, стран с переходной экономикой - поиск новых более эффективных методов и механизмов; создание многоуровневых, взаимодополняемых и взаимосвязанных систем; активное привлечение населения к самофинансированию и накоплению пенсий.

Трансформация общественно-политического строя, переход к рыночной экономике потребовали кардинального изменения государственной политики в области социального обеспечения. В связи с этим активизировалась работа по анализу и совершенствованию системы управления социальным развитием, создания законодательно-нормативной базы и выработке мер по решению первоочередных социальных проблем. К таким проблемам относится пенсионное обеспечение в Республике Казахстан.

Кризис пенсионных систем, развивающийся во многих странах мира, привлек внимание к вопросам создания "оптимальной" пенсионной системы и заставил пристальнее присмотреться к опыту функционирования пенсионных систем, построенных на различных принципах.

По большому счету на сегодня имеется всего две альтернативные системы: распределительная пенсионная система, основанная на принципе солидарности поколений, и накопительная пенсионная система. Пока не существует единого мнения о том, какой же путь реформирования пенсионной системы является наилучшим. И распределительная, и накопительная модели имеют свои недостатки и преимущества, которые, в свою очередь, не всегда бывают бесспорными.

Так, например, главный эффект от внедрения накопительной системы, как правило, видят в получении государством в свое распоряжение пенсионных взносов - значительных денежных сумм и на долгий срок (в экономически развитых странах пенсионные накопления считаются крайне стабильными, а потому заманчивыми для инвесторов). Подтверждением этого мнения являются, в частности, исследования Дж. Сакса и А. Уорнера, которые показали, что среди стран, имевших средние темпы роста душевого ВВП свыше 5% в год на протяжении последних 10 лет, норма сбережений устойчиво превышала 25% ВВП [1].

Но на этот счет существует и иная точка зрения [2], согласно которой перевод пенсионной системы на накопительные принципы не приводит к повышению нормы накопления, выраженной в виде процента от национального дохода. Это связано с тем, что в период перехода к накопительной пенсионной системе страховые отчисления, как правило, выше, чем в распределительной, т.к. государство вынуждено выплачивать уже назначенные пенсии, а поэтому возможности увеличения накоплений у населения очень низки. Кроме того, наличие капиталов в стране отнюдь не тождественно рентабельным инвестициям.

Благодаря пенсионным реформам граждане по всему миру уже сегодня получили возможность участия в формировании своих будущих пенсионных накоплений путем инвестирования их в различные финансовые институты. Мировой опыт показывает, что с развитием негосударственного пенсионного обеспечения значительно возрастает экономический уровень страны, а с ним и уверенность граждан в завтрашнем дне [3]. Потребность в адекватном пенсионном обеспечении - это потребность каждого человека нашей страны, а не только лиц пожилого возраста, так как рано или поздно она коснется каждого из нас.

В 1998 году Казахстан приступил к реформированию пенсионной системы и осуществлению постепенного перехода от социального принципа солидарности поколений к принципу персональных пенсионных сбережений. В результате проведенной

реформы, осуществленной с учетом международного опыта функционирования систем социального обеспечения, в Казахстане:

- создана и функционирует многоуровневая система, состоящая из базового, обязательного (солидарного и накопительного) и добровольного уровней пенсионного обеспечения;

- на основе устойчивого социально-экономического развития увеличено финансирование пенсионной программы. Обеспечен неуклонный рост размеров пенсионных выплат. За 14 лет (1998–2012 годы) минимальный размер пенсии возрос в 11 раз (с 2 440 до 26 211 тенге), средний – в 10 раз (с 3 964 до 38 765 тенге), максимальный – в 7 раз (с 7256 до 56047 тенге);

- накоплен практический опыт внедрения и функционирования накопительной системы;

- растут пенсионные накопления граждан. Сумма пенсионных накоплений на 1 января 2013 года составила 3183,2 млрд. тенге.

Вместе с тем, средний размер пенсии (с учетом базовой пенсионной выплаты) на 1 января 2013 года составил 41 912 тенге или чуть более 40% СМЗ по экономике в целом.

В перспективе будут уменьшаться размеры пенсионных выплат из солидарной системы в связи с её убыванием (уменьшается трудовой стаж граждан, накопленный до 1.01.1998 года). Предполагалось, что это уменьшение будут компенсировать выплаты из накопительных пенсионных фондов.

Однако относительно непродолжительное существование накопительной пенсионной системы не позволяет обеспечить социально приемлемого уровня пенсионного обеспечения.

В этой связи, Глава государства в Послании народу Казахстана от 27 января 2012 года «Социально-экономическая модернизация – главный вектор развития Казахстана», поручил Правительству и Национальному банку РК принять меры по дальнейшему развитию накопительной пенсионной системы.

Целями и особенностями модернизации пенсионной системы определилось:

1. Обеспечение соответствия пенсионных выплат ранее получаемым доходам и растущему уровню жизни в стране.

2. Обеспечение финансовой устойчивости системы пенсионного обеспечения.

Модернизация будет осуществлена при сохранении многоуровневой системы пенсионного обеспечения. Необходимые и взаимосвязанные изменения будут проведены на базовом уровне, обязательном - в солидарной и накопительной компонентах, и добровольном.

Преобразования будут проведены поэтапно с учетом широкого обсуждения и гласности.

Ответственные за модернизацию пенсионной системы являются следующие государственные органы:

Министерство труда и социальной защиты населения РК в части разработки направлений совершенствования пенсионной системы, механизма их реализации, анализа итогов реформирования и корректировки действий, контроля за внедрением новых подходов;

Совет при Президенте РК (представители Правительства, НБ РК, участники финансового рынка и независимые эксперты) - в сфере разработки инвестиционных стратегий и рекомендации по выбору эффективных инструментов для инвестирования;

Национальный банк РК будет осуществлять управление и инвестирование пенсионных активов, контроль за реализацией инвестиционных стратегий организациями по управлению пенсионными активами.

На сегодняшнем этапе подготовлены проект Закона РК «О пенсионном обеспечении в РК» (в новой редакции), который предусматривает такие направления как:

создание единого накопительного пенсионного фонда (ЕНПФ) и повышение эффективности накопительной пенсионной системы;

унификация пенсионного возраста;

переход от добровольной к обязательной профессиональной системе пенсионного обеспечения граждан, занятых в особых условиях труда;

Кроме того проводится обсуждение вопросов по расширению охвата населения услугами НПС и изменению системы минимальных гарантий пенсионного обеспечения.

Для осуществления управления пенсионными счетами вкладчиков будет создан государственный единый накопительный пенсионный фонд.

Единый накопительный пенсионный фонд предлагается создать в форме акционерного общества. Учредителем и акционером единого накопительного пенсионного фонда будет Правительство Республики Казахстан.

ЕНПФ будет единственной организацией, осуществляющей привлечение обязательных пенсионных взносов, а также по выбору самих граждан может аккумулировать добровольные и добровольные профессиональные пенсионные взносы, вести учет индивидуальных пенсионных счетов вкладчиков и производить пенсионные выплаты за счет пенсионных накоплений.

ЕНПФ будет решать следующие задачи:

- надлежащий учет пенсионных счетов вкладчиков, контроль за их состоянием, внесение своевременных изменений, связанных с естественным движением вкладчиков (выезд, достижение пенсионного возраста, смерть и т.д.) и проведение информационно-разъяснительной работы по вопросам осуществления пенсионных взносов, инвестирования пенсионных активов, пенсионных выплат и т.д;

- ведение мониторинга за инвестиционной доходностью пенсионных активов,

- осуществление выплат пенсионных накоплений.

Управление пенсионными активами и их хранение будет осуществляться Национальным банком РК.

Единый накопительный пенсионный фонд является правопреемником по всем договорам о пенсионном обеспечении, заключенным до введения в действие закона.

Действующие НПФ сохраняют собственные активы и смогут продолжать свою деятельность в качестве управляющих инвестиционным портфелем или добровольного накопительного пенсионного фонда.

Пенсионные накопления вкладчиков будут переведены в ЕНПФ в полном объеме. Каждый вкладчик получит информацию о сумме персональных пенсионных активов, соответствующей их пенсионным взносам и инвестиционным доходам, представленной им НПФ на начало года.

Это не случайно. Несмотря на то, что треугольник едва ли не простейшая после отрезка фигура, он имеет много важных и интереснейших свойств, к которым сводятся свойства других, более сложных фигур. Среди теорем о треугольниках есть такие, изучение которых позволяет существенно расширить круг геометрических задач, решаемых школьниками. Значение их состоит, прежде всего, в том, что из них или с их помощью можно вывести большинство теорем геометрии, они служат основой многих дальнейших выводов. Таковыми являются теорема Пифагора, теорема синусов, теорема косинусов и т.д.

Но в геометрии треугольника много и таких теорем, к которым можно применить выражение «теоремы однонаправленного действия», которые решают узкий круг задач. Речь идет о следующих теоремах: теореме Чевы, Менелая, Жергона, Ван – Обеля. Они не входят в школьный курс математики основной школы, а изучаются лишь в классах с углубленным изучением математики.

Анализ педагогического опыта учителей, работающих в классах естественнонаучного направления показывает, что данные теоремы целесообразно изучать на факультативе по геометрии, который и поможет изучить ученикам данные теоремы. Конечно же, возникает вопрос: «А зачем нам изучать данные теоремы, если они позволяют решить узкий круг задач?»

В каждой науке существуют многочисленные приемы, как и однонаправленного, так и обширного действия. К примеру, в медицине существует огромное количество лекарственных средств, среди которых и лекарства «локального» действия, применение которых носит обширный характер в нашей жизни.

В геометрических задачах, в отличие от задач алгебраических, далеко не всегда удается указать рецепт решения, алгоритм, приводящий к успеху. Здесь, помимо формального знания многочисленных соотношений между элементами геометрических фигур, необходимо иметь интуицию и опыт. Важно уметь смотреть и видеть, замечать различные особенности фигур, делать выводы из замеченных особенностей, предвидеть возможные дополнительные построения, облегчающие анализ задачи.

Решение задач с помощью теорем Чевы и Менелая более рационально, чем их решение другими способами, требующими дополнительных действий и построений, которые не всегда оказываются очевидными.

По статистике нашей республики за последние годы выпускники, в качестве своей профессии выбирают специальность гуманитарного направления, а математику используют в качестве «служанки» наук. Современность ставит столь масштабные и глубокие научные проблемы, что решение их можно сказать, невозможно без математических знаний. Поэтому наша цель приложить все усилия для того чтобы

заинтересовать учащихся в изучении математики. Ведь математика не зря носит высокий титул «царицы наук». Она - главный язык любой науки, базовый инструмент познания и преобразования природы.

Многие задачи по планиметрии, предлагаемые на вступительных экзаменах в вузы, в заочные математические школы можно решить с помощью именно этих теорем. К примеру, задача:

Задача 1. На продолжении ребра AC правильной треугольной пирамиды ABCD с вершиной D взята точка K так, что KA:KC=3:4, а на ребре DC взята точка L так, что DL:LC=2:1. В каком отношении делит объем пирамиды плоскость, проходящая через точки B, L и K?

Дано: DABC – правильная пирамида, $K \in AC$, $\frac{KA}{KC} = \frac{3}{4}$, $\frac{DL}{LC} = \frac{2}{1}$, $L \in DC$, BLK – плоскость, V_1 - объем верхней части пирамиды, V_2 - объем нижней части пирамиды.

Найти: $\frac{V_1}{V_2}$.

Решение:


1) Построим сечение пирамиды DABC плоскостью BLK.

$B, L \in (DBC) \Rightarrow$ соединяем,

$L, K \in (ADC) \Rightarrow$ соединяем,

$LK \cap AD = M$, $M, B \in (ADB) \Rightarrow$ соединяем,

$\triangle MLB$ - искомое сечение.



2) Найдем $\frac{V_1}{V}$, где V - объем всей пирамиды.

Пусть BH – высота пирамиды DABC, проведенная из вершины B, но она – высота и BMDL.

$$V = \frac{1}{3} S_{\triangle ABC} \cdot h; \quad V = V_{DABC} = \frac{1}{3} BH \cdot S_{ADC}, \quad V_1 = V_{BMDL} = \frac{1}{3} BH \cdot S_{MDL};$$

$$\frac{V_1}{V} = \frac{S_{MDL}}{S_{ADC}} = \frac{\frac{1}{2} MD \cdot DL \cdot \sin \angle D}{\frac{1}{2} AD \cdot DC \cdot \sin \angle D} = \frac{MD \cdot DL}{AD \cdot DC};$$

$$\frac{DL}{LC} = \frac{2}{1} \Rightarrow \frac{DL}{DC} = \frac{2}{3}, \quad \frac{MD}{AD} = ?$$

3) Из $\triangle ADC$: $M \in AD$, $L \in DC$, $K \in AC$, $M, L, K \in a$.

По теореме Менелая $\frac{AM}{MD} \cdot \frac{DL}{LC} \cdot \frac{CK}{KA} = 1 \Rightarrow \frac{AM}{MD} \cdot 2 \cdot \frac{4}{3} = 1 \Rightarrow \frac{AM}{MD} = \frac{3}{8}, \quad \frac{MD}{AD} = \frac{8}{11}$.

$$\frac{V_1}{V} = \frac{2 \cdot 8}{3 \cdot 11} = \frac{16}{33},$$

$$\frac{V_2}{V} = \frac{V - V_1}{V} = 1 - \frac{V_1}{V} = 1 - \frac{16}{33} = \frac{17}{33},$$

$$\frac{V_1}{V_2} = \frac{V_1}{V} \cdot \frac{V}{V_2} = \frac{16}{33} \cdot \frac{33}{17} = \frac{16}{17}.$$

(или: во всем объеме пирамиды 33 части, в верхней – 16, значит, 33-16=17 – частей составляет V_2 . Тогда $\frac{V_1}{V_2} = \frac{16}{17}$)

Ответ: $\frac{16}{17}$.

Эксперимент, проведенный при работе над дипломным проектом «Избранные вопросы геометрии», подтвердил научную гипотезу о том, что незаслуженно забытые теоремы Чевы и Менелая позволяют легко и изящно решить целый класс задач, при этом, не требуя дополнительных построений, действий, которые не всегда оказываются очевидными.

Исходя, из выше изложенного можно сделать вывод, что отдельные вопросы курса элементарной геометрии, которые изучаются в рамках школьной программы, можно выносить для изучения на факультативных занятиях.

Завершить сказанное можно словами знаменитого французского ученого С.Д.Пуассона: «Жизнь украшается двумя вещами: занятием математикой и ее преподаванием».

Литература

1. Атанасян Л.С. Геометрия, 7-9: Учебник для общеобразовательных учреждений/ В.Ф. Бутузов, С.Б.Кадомцев, Э.Г. Позняк, И.И. Юдина. – М.: Просвещение, 1996.
2. Ткачук В.В. Математика – абитуриенту. – М: МЦНМЦ, 2005. – 944 с.

А. М. Қыстаубаева
Тараз қ.

ЭСТЕТИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ – ТҮЛҒАНЫ ЖЕТІЛДІРУДІҢ НӘТИЖЕЛІ ҚҰРАЛЫ

«Туғанда бізде жоқ, өсе келе бізге керек болатын қасиеттердің бәрі тәрбиімен келеді» дегендей, қоғамның дамуы, жанаруы жағдайында студент жастардың зиялы қауымның болашақ өкілі ретінде жан-жақты әрі үйлесімді жетілуі үрдісінде, олардың эстетикалық мәдениетін қалыптастырудың маңызы ерекше.

Эстетикалық мәдениет – рухани мәдениеттің маңызды бір саласы ретінде табиғат және адам баласының шығармашылық еңбегімен жасалған эстетикалық құндылықтардың жиынтығы, оларды жасау және қолдану тәсілдері. Эстетикалық құндылықтар қоғамның өмірімен қарым-қатынасқа түсуіне, қоғамның жетілу талпынысына, қоғамдық қатынастардың барлық жүйесінің толыққанды өркендеуіне қатысады.

Эстетикалық мәдениеттің құрылымы көпжақты болып келеді. Яғни, тұлғаның эстетикалық мәдениеті құрылымына, оның белсенді дәрежесін білдіретін, тікелей қабылдау мен көркемөнер және жалпы эстетикалық құндылықтарды меңгеретін компоненттерді бөліп көрсету тиімді болмақ.

Ең алдымен, онда келесі аспектілер бөлініп қаралуы мүмкін:

а) адамдардың эстетикалық санасы (жеке тұлғаның ақиқат дүниені эстетикалық тұрғыдан қабылдауы, әсерленуі, қобалжуы мен сезімі, талғамы, көзқарасы, мұраты, қажеттілігінде айқындалады);

ә) іс-әрекет түрлеріндегі эстетикалық жағдайы (оқуда, еңбекте, тұрмыста, қарым-қатынаста, қоғамдық-саяси өмірде, спортта);

б) эстетикалық тәрбиесі (отбасында, мектепте, жоғары оқу орнында, адамдардың практикалық өмірінде).

Сондай-ақ, материалдық өндірісті эстетикалық тұрғыдан ұйымдастыруға сай «техника эстетикасы», «тұрмыс эстетикасы» деп те қарастырады. Жастарға ақиқат дүниені жоғары әсермен қабылдау тән қасиет. Соған орай, жастардың кез келген әлеуметтік

топтары даму, қалыптасу кезеңінде болады және белгілі бір кезеңде әлеуметтік пісіп жетілуі болады. Қабылдау және әрекеттің біліктілігін жетілдіру барысында идеялық-эстетикалық сенім және бағыттың құндылығы қалыптасады, жастардың меңгеруінде эстетикалық білімдерінің көлемі артады. Дегенмен, жастардың әрбір әлеуметтік тобында дамуды жүзеге асыруда өзінің ерекшелігі, логикасы, дәстүрі болады.

Тұлғаның эстетикалық даму деңгейінде эстетикалық көзқарастар, мұраттар, бағалау қандай дәрежеде көрініс береді, соған сәйкес оның шынайы мінез-құлқына ықпал етеді, соншалықты тұлға мен қоғамның өзара қарым-қатынасын үйлестіреді, күнделікті еңбек әрекетінің эстетикалық аспектілерін ашуға әсерін тигізеді. Студент жастардың эстетикалық мәдени дәрежесінің дамуы, көптеген жағдайда жалпы қоғам мәдениетінің алға басуына тікелей ықпал етеді. Осыдан барып тұлғаның эстетикалық даму процесін мақсатты басқару қажеттілігі туындайды.

Сондықтан, эстетикалық тәрбие тұлғаның жан-жақты үйлесімді дамуына алғышарттар жасай отыра, студенттердің эстетикалық мәдениетінің қалыптасуына белсенді ықпал ете алады.

Бізге мәлім болғандай, ақиқат дүниені эстетикалық тұрғыдан меңгеру өнер шығармаларында жүзеге асады. Өнер-әлеуметтік мәдениеттің негізгі факторы болып табылады. Ол адамның рухани өмірін байытады, оның әсерлі қабылдауын дамытады, күшті тәрбиелік ықпалына әсер етеді.

Ары қарай, эстетикалық мәдениет студенттердің оқуы, еңбек, шығармашылық жағдайында және демалысында олардың мінез-құлқына ықпал етеді. Олай болса, адам өмірінде эстетикалық мәдениеттің маңызының артуы, әрине тұлғаның қажетсіз біржақты дамуын болдырмауға ықпалын тигізеді. Сондықтан тұлғаның эстетикалық мәдениетінің үнемі жетілуіне қажетті жағдайды қоғамдық өмір туғызады. Мұндай жағдайда қоғамның мәдени деңгейі де үнемі дамып отырады.

Эстетикалық мәдениеттің ерекшелігін сипаттауда академик А.Е.Егоров оның тағы да мынандай маңызын ашып көрсетеді: «Өнер шығармалары, көркемөнер мәдениетінің факторлары ретінде, қашан көпшіліктің санасын жаулап алған жағдайда ғана эстетикалық мәдениеттің маңызына ие болады...».

Эстетикалық мәдениеттің белгілі бір деңгейін меңгерген адам, тек оның жай ғана иеленушісі болмайды, сонымен бірге қоғамның рухани өмірімен және оның практикалық әрекетінің талабына байланысты, оны өзі де жасаушы бола алады. Сондықтан эстетикалық құндылықтарды меңгеру барысында студент жастар олардың өмірлік маңызын жете түсінуі және оның өмірлік қажеттілігін ұғынуы тиіс. Яғни, эстетикалық мәдениет адамдардың шынайы қоғамдық-эстетикалық қажеттіліктерін қанағаттандыру барысында дамиды.

Бүгінде адамдардың эстетикалық қажеттілігін қалыптастыруда, көбінесе бұқаралық ақпарат құралдары үлкен ықпал етеді. Кино, радио, баспасөз, көгілдір экран эстетикалық, бірінші кезекте көркемөнер құндылықтарын және соған сай білімдерді тарату мен дамытуда, студенттердің демалысын ұйымдастыруда негізгі факторларға жатады.

Ол үшін студент жастармен жан-жақты тәрбие жұмысында өте қажет идеялық және эстетикалық тұрақты көзқарастарын қалыптастыруда, радио және көгілдір экраннан жүйелі және мақсатты түрде әрі қызықты, әрі әсерлі хабарларды ұйымдастырып отыру қажет.

Студенттердің эстетикалық мәдениетінің қалыптасуына айрықша белсенді ықпал ететін, оның эстетика жайындағы білімдері, көзқарастары, сенімдері және эстетикалық қабылдау, талғам, сезім категорияларын жатқызуға болады.

Эстетикалық теорияға қатысты білімдерге: өнердің тарихы, білімдер немесе дәстүрлер арқылы берілетін қоғамның эстетикалық құндылықтарын жатқызуға болады. Білім адамдарға белгілі бір өнер шығармаларын қабылдауға бағыт, бағдар беруде негізгі рөл атқарады.

Жастардың әлеуметтік-пайдалы әрекеттерінің түрінде, негізінен олардың эстетикалық мәдениетін қалыптастыру мен дамытуда бастапқы да маңызды факторға, осы

бағытта білім алып, біліктіліктерін шыңдайтын – оқуы жатады. Бұл бағыттағы білімдердің сипаты мен сапасы тұлғаның эстетикалық мәдениетінің дамуына айтарлықтай әсер етеді. Оқу – идеялық, эстетикалық көзқарас және қабылдауды қалыптастыруда негізгі рөл атқарады, сонымен бірге шығармашылық білімдерді меңгерту ерекшеліктері және оның көлемі анықталады.

Жастарды болашақ мамандыққа дайындау барысында, олар эстетиканың негіздерін және өнердің тарихын жүйелі түрде оқиды. Сондықтан, оқу әрекетінде эстетикалық компоненттерінің болуы – тұлғаның эстетикалық мәдениетінің қажетті құрамды элементі болып табылады.

Бұл бағытта жоғары оқу орындарындағы қоғамдық негіздегі пәндер: мәдениеттану, қазақстан тарихы, педагогика, этнопедагогика және психология студенттердің эстетикалық сенімдерін тереңірек қалыптастыруда айтарлықтай мүмкіндік жасайды.

Болашақ маманның эстетикалық мәдениетінің қалыптасуының негізгі және бастапқы ұйымдастыру кезеңі білім берумен қатар, оны студент жастардың шығармашылық қабілеттерінің дамуына бағытталған көпшілік-мәдени шараларымен байланыстыра отыра, яғни мақсатты ұйымдастырылған тәрбие жұмыстары барысындағы эстетикалық жүйеде жүзеге асады. Мақсат – олардың мінез-құлқы мен санасының белгілі бір өзгерісіне бағытталған эстетикалық тәрбиенің өлшемін және ондағы мәдени шаралардың нәтижелі болуын қамтамасыз етеді.

Эстетикалық тәрбиеде студенттердің белсенділігін арттыру бірінші кезектегі міндеттерге кірмейді, оның эстетикалық санасын, қажеттілігін ояту, өмірдің барлық саласындағы эстетикалық құндылықтарды меңгерту және көбейтуге бағытталған әрекеттері, әсіресе оқуы мен өзінің өміріндегі эстетикалық аспектілерді саналы түрде ұғынуы – негізгі буын болып табылады.

Эстетикалық тәрбие, ең ақырында, студенттердің әлеуметтік жағдайына, оның жан-жақты даму болашағына, болашақ маманның дара эстетикалық мәдениетін қалыптастыруға сай жүйені құруға ықпал етеді.

Жоғары мектептегі эстетикалық тәрбиенің жалпы мақсаты – болашақ маманның жоғары дәрежедегі тұлғалық эстетикалық мәдениетін қалыптастырып және шығармашылық әрекетін дамыту. Оның еңбекке, табиғатқа, ғылымға, өнерге, қарым-қатынасқа, спортқа эстетикалық көзқарасын дамыта отыра, эстетикалық тәрбие тұлғаның шығармашылық күш-қайратының қалыптасуына белсенді ықпал ету.

Эстетикалық мәдениетті қалыптастыру көпшілік мәдени-тәрбиелік және эстетикалық тәрбие жұмыстарының барлық жүйесімен тығыз байланыста болып, қоғамның мәдени құрылысының бірегей негізі болып есептеледі. Соған орай жастардың тұтас эстетикалық мәдениетін қалыптастыру қоғамдық мәдениеттің құрылымын жетілдіру жағдайында өзінің ары қарай дамуын жалғастырады.

Студент жастардың эстетикалық тәрбиесі – біздің қоғамның негізгі бір міндеті. Сондықтан да қоғамдағы реформалау жағдайы тұлғаның жан-жақты үйлесімді дамуы мәселесіне айрықша маңыз беруде. Себебі, эстетикалық тәрбие тұлғаны жан-жақты қалыптастырудың, соның ішінде этикалық, эстетикалық, саяси сенімдері, адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеудің нәтижелі құралы.

Эстетикалық сезім адам баласы туғаннан бірге пайда болмаған, керісінше ол ақиқат дүниені оқу-тәрбие процесінде тану арқылы қалыптасып дамиды. Біздің елде оны ерте кезден қолға алады: отбасында, балабақшада әдемі ойыншықтармен, суреттермен, балалар әдебиеттерімен, музыкамен, мультфильмдермен танысу барысында жүзеге асырады. Одан әрі ол мектеп жағдайында мақсатты әрі белсенді түрде жүзеге асырылады.

Әдебиеттер

1. Ұзақбаева С.А. Балаларға эстетикалық тәрбие берудегі халық дәстүрі. – Алматы, 1990 ж.

2. Құрманалина Ш.Х., Мұқанова Б.Ж., Ғалымова Ә.У., Ильясова Р.К. Педагогика. «Фолиант» баспасы. – Астана 2007 ж.
4. Әбиев Ж.Ә., Бабаев С.Б., Құдиярова А.М. Педагогика: оқу құралы. Жалпы редакциясын басқарған Құдиярова А.М. – Алматы, 2004 ж.
6. Дюсембинова Р.К. Музыкально – эстетическое воспитание школьников средствами казахского народного песенного творчества: Автореф. дис...к.п.н. – Алматы, 1992 ж.
7. Мұсаева С.А., Бегалиев Т.Б. Жас ерекшелік педагогикасы. – Астана: Фолиант баспасы, 2006 ж.
8. З.Әбілова Оқушыларға эстетикалық тәрбие беру. – Алматы, 1986 ж.
9. К.Қожахметова, С.Ұзақбаева. Эстетикалық тәрбие берудің ұлттық негіздері. – Алматы, 1993 ж.
10. Қалиев С., Жарықбаев Қ. Білім – тәрбиесі. – Алматы, 1995 ж.

А. С. Сарсекеев
Б. С. Нұрлыбекова
Астана қ.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУДАҒЫ ЛОГИКАЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІҢ ОРНЫ

Қазіргі кезде техника мен ғылымның даму деңгейі әрбір адамға сапалы және терең білімнің, іскерліктің болуын қамтиды. Оқушының белсенді шығармашылықпен жұмыс істеуін және кеңінен ойлауға қабілетті болуын талап етеді. Логикалық шығармашылық тапсырмалар оқушыларды ізденушілікке әкеліп, білім сапасын көтеруге, есте сақтау қабілетінің артуына мүмкіндік береді. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық үрдістері жастардың белсенді, ұдайы шығармашылықпен жұмыс істейтін және кең ауқымды ойлауға қабілетті болуын керек етеді. Мектеп деңгейіндегі оқу үрдісінің негізгі мақсаты – арнайы педагогикалық әдістемелер арқылы жүйелі және мақсатты түрде балалардың қызығушылығын, шығармашылықпен ойлауын дамыту, ғылыми көзқарасы мен белсенділігін нығайту [1,46].

Логикалық сұрақтар ойдың дамуына, өзінше пікір айтуға итермелейтін бірден-бір тиімді әдіс. Логикалық тапсырмалар балаларды өз бетінше жұмыс істеуге мүмкіндік береді, ептілік пен шеберлікке қарай баулиды. Сондықтан да мектептегі оқу процесінің негізгі мақсаты арнайы педагогикалық әдістермен мақсатты және жүйелі түрде оқушылардың интеллектік, шығармашылық ойлауын дамыту, ғылыми көзқарасы мен белсенділігін қалыптастыру. Математиканы оқыту процесінде мәселені талдай білуге, нақтылауға, ұғымдарды анықтауға, ой қорытындылар жасауға, дәлелдеуге логикалық ойлау қабілеттері ұлғайтыла береді. Формальды логика көмегімен қандай да болмасын тұжырымдардың ақиқаттылығы туралы ақпарат алу мүмкіндігі алынады [1,20]. Ол үшін әдетте, тұжырымның логикалық құрылымы анықталып дәлелдеу процесі әртүрлі логикалық тендеулерге келтіріледі. Сондықтан шешімдері логикалық тендеулерге келтірілетін логикалық құрылымды мәселе есептердің оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытудағы мәні зор. Оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру мақсатында логикалық есептің мәтінін құру үшін біз қазақ ауыз әдебиетіндегі ертегілер көмегіне жүгіндік. Жұмыстың нәтижесін «Қырық өтірік» есебімен түйіндедік.

«Қырық өтірік»

Ертеде бір хан ел аралап жүріп халқына жар салыпты. «Кімде-кім менің алдыма келіп, мүдірместен қырық өтірік айтып берсе, соған сұлу қызымды беремін және өзіме уәзір қыламын, егер әңгімесінің ішінде рас әңгіме болса басын кесемін», - депті.

Әр жерден ханның қызын алып, уәзір болуды армандағандар келіп, ұйқастыра айта алмай өліп кетіпті. Ақырында он жасар тазша бала келіп, былайша өтірік әңгімесін өрбітіп жіберіпті:

«Тумамай тұрғанымда әкемнің әкесінің жылқысын баққан екенмін, жаздың орта шілдесінде жылқыны суарайын деп көлге айдап келсем, ыстықтың өткірлігінен көлдің суы кісі бойы қол ұсыным қалыңдығы мұз болып қатып қалған екен. Балтамен ұрдым ойылмады, сойылмен де ұрдым ойылмады, ақырында қолыммен басымды жұлып алып, кеңірдегімнен ұстап тұрып шекеммен бір тық еткізгенімде мұз ойылып, мың жылқы бірден жайылып су ішетін суат ашылды. Бір жерде бітпеген қу тобылғының түбінде тумаған ту қоян жатыр екен. Қоянды сойып, етін бір қазанға, майын екінші қазанға салдым. Манағы ерітіп алған өгіз қарын майменен етігімді майлап едім, біреуіне жетті, біреуіне жетпей қалды. Түнде ұйықтап жатқанымда бір нәрсенің сарт-сұрт болып жатқан даусынан оянып қарасам, екі етігім төбелесіп жатыр екен. Біреуі айтады: маған май жақпады. Біреуі айтады: саған май жақты дейді. Екеуін жұдырықпенен шекелеріне бір-бір қойып, екі жамбасыма басып, жата бердім. Таң атқан соң қарасам: манағы жақпаған етігім түнде қашып кетіпті...»

Осы кезде хан уәзірлерінің бірі тазша баланың сөзін бөліп, былай дейді: егер екі етік және тазша баланың біреуі ғана өтірік айтпаған болса, онда май жақпаған етігі қайда болар еді? Біз де ойланып көрейік.

Шешімі:

Есеп шартындағы пікірлерді белгілейік:

A=«Етік қашып кеткен жоқ»

B=«Май жақты»

$\neg A$ =«Етік қашып кетті»

$\neg B$ =«Май жақпады»

Есепте аталған үш пікірді логикалық формула ретінде белгілейік:

$\neg A$	B	$\neg B$
----------	-----	----------

Уәзірдің айтуы бойынша, бұл пікірлердің біреуі ғана өтірік айтпаған болуы керек, яғни үш пікірдің біреуі «ақиқат», ал қалған екеуі «жалған»:

1	а	ж	ж
2	ж	а	ж
3	ж	ж	а

Бұл үш жағдайда формулалардың конъюнкциялары ақиқат болатындай терімдерін құрастырайық:

$$(\neg A \wedge \neg B \wedge \neg(\neg B)) = a$$

$$(\neg(\neg A) \wedge B \wedge \neg(\neg B)) = a$$

$$(\neg(\neg A)) \wedge \neg B \wedge \neg B = a$$

Сонда уәзірдің сөзі (аксиома) формула арқылы былай жазылады:

$$(\neg A \wedge \neg B \wedge B) \vee (A \wedge B \wedge B) \vee (A \wedge \neg B \wedge \neg B) = a$$

$$ж \vee (A \wedge B) \vee (A \wedge \neg B) = a$$

$$(A \wedge B) \vee (A \wedge \neg B) = a$$

$$A \wedge (B \vee \neg B) = a$$

$$A \wedge a = a$$

Сонымен, A пікірі ақиқат болып тұр, онда май жақпаған етік ешқайда қашып кеткен жоқ.

Әдебиеттер

1. Айтахунова Д. Оқушының шығармашылық қабілеттерін дамытудағы логикалық тапсырманың маңызы. //Қазақстан тарихы. – 2004. – № 4. – 46 б
2. Воспитание учащихся при обучении математике. – Москва: Просвещение, 1987. – 20 б
3. Смаллиан Р. Принцесса или тигр?: Пер. с англ./Под ред. И спредисл. Ю.И. Манина. – М.: Мир, 1985. – 25 б.

A. Sarsenova
Astana city

TEACHING AND DISCIPLINE

Discipline is essential to academic success. Discipline is also critical for creating a safe, respectful learning environment, where all members of a school community can focus on learning and teaching. Perhaps, most importantly, discipline is essential to the emotional, social, and moral development of children.

Discipline is more than keeping a group of children or young people quiet while being talked to. Preserving good behaviour is certainly one aspect to discipline, for learning in an atmosphere of confusion is difficult. Children have to learn to conform to the rules of behaviour needed in a classroom. Teachers have the right to ask for a quiet class, keep the students in their seats, and have the right to discipline them if they do not cooperate. When a teacher expresses his or her thoughts, feelings, and beliefs in direct, honest, and appropriate ways that do not violate the right of others, and when the message does not humiliate, degrade, or dominate the one being talked to, he or she is using Assertive Discipline. In order for a teacher to maintain control of his or her class they must use Assertive Discipline [1].

In order for a teacher to have his or her needs met, they can influence the behaviour of the children. Without influence a teacher is «powerless» and will become «burn out». There is no simple answer to why this happens. A number of complex factors have combined to create an environment in which teachers are having trouble in getting personal and professional needs met. Until the past decade, the teacher was looked at as the main person in the classroom by students and parents. The teachers, simply because of their role status, had respect and authority. Thus, the teacher was a «powerful» figure in the eyes of the students and could easily influence the student's behaviour, often with just a look or a smile.

All of that is now changed. Today, a teacher has to earn the respect of both the students and their parents. A teacher's basic techniques of influence, or discipline, is no longer as effective as getting the desired results. The discipline approaches of the previous century do not work with the students of the new century. In addition, the teacher cannot rely on the strong support of the parents any more. Many parents are openly questioning the education that their children are receiving, and do not feel they want to support the needs of their children's teachers.

Teachers cannot get their needs met in a classroom unless they have an effective method of discipline in which they thoroughly understand and comfortably utilize. An assertive teacher is one who clearly and firmly communicates his or her wants and needs to his or her students, and is prepared to reinforce their words with appropriate actions. When a teacher is assertive, and clearly and firmly communicates their wants and feelings to a child, they send a clear message. This message simply states: «I mean what I say and say what I mean».

While most teachers make lesson plans as a routine matter, very few make discipline plans. Planning is essential to teaching well. Lesson planning is second nature to teachers. Lesson plans are part of a professional routine, and are done almost automatically when the need

arises. However, planning for discipline is an entirely different story. The vast majority of teachers have learned or have been exposed to the steps involved in planning discipline programs, especially those to be used specifically with disruptive students[2]. Because of teachers' frustrations, all we often hear is their complaining about how difficult the students really are. Such complaining may help to relieve the strain of dealing with difficult students, but it in no way helps to solve the problem. Planning your discipline efforts, and utilizing assertive principles, are as essential to teaching as a lesson plan. Discipline plans are important and helpful to all teachers. Teachers make discipline plans according to these steps: identify any existing or potential discipline problems; specify the behaviour you want the students to eliminate or engage in; decide on negative and positive consequences appropriate to the student and situation; and decide how to execute the negative and positive consequences.

Discipline planning is the systematic applications of the assertive principles the teacher exhibits. It involves focusing your attention on any existing or potential discipline problems you may have. These discipline problems may involve an individual student, or a group of students, or an entire class.

Having good discipline enables the teacher to deal assertively with their students. He or she will know how to maximize their potential influence to get their needs met. With more difficult situations it may be useful for the teacher to engage in problem-solving and discipline planning with peers, school psychologist, principal or anyone who may be familiar with the students or have successfully managed similar problems. One final area needed for discipline planning are special activities. Special activities are those activities the students do not consistently engage in, for example, field trips or assemblies. A day or so before such an activity, the teacher must have some basic discipline planning. Once again, the teacher must determine the behavior wanted and not wanted, the limit setting and positive consequences, and how the programme will be started.

The assertive teacher recognizes the fact that he or she has wants and needs and has the right to get them met in the classroom. The teacher is also aware of the limitations and realizes that they have the right to ask for assistance, whether it is from the principal, parents, or peers. The assertive teacher should be aware of the child's need for warmth, support and a limit-setting response must be delivered in as effective a manner as possible. Eye contact is very important when trying to get a point made. Whenever necessary, the teacher plans how to back up their limit-setting statement with appropriate consequences. Limit-setting is mild social punishment, and as such it is incomplete. For limit-setting to be in balance, there must be reward. The reward would, of course, be social reward-the positive social interactions between the teacher and the student that create an informal incentive system[3]. This is done in order to maximize the influence that his or her response can have on the behavior of the child.

Whenever required, teachers should be prepared to back up their words with consequences in order to motivate the behaviour of the child. He or she is aware some children need more support than others and is prepared to give encouragement to that child as much as they can.

The children learn to trust and respect an assertive teacher. Many of them clearly know the parameters of acceptable and unacceptable behaviour. This gives them an opportunity to choose how they want to behave while knowing fully what the consequences will be for their behaviours. This does not mean that every child will like an assertive teacher, and does not mean that every child will behave. Some children may still decide not to behave for any reason. All that an assertive teacher can do by his or her behavior is to try to establish an atmosphere where he or she maximizes the potential for a positive teacher-student relationship[4].

The major area where being an assertive teacher helps a child is when the student has special needs or problems. This is when a teacher needs to step things up a notch and become more assertive. Some teachers may lose track of their assertive potential, but they have to teach a child how to behave in the appropriate manner. One problem area where a child needs assertive discipline is when he or she is confronted with peer pressure. This is when the student's classmates force him or her to do something, like throw spit balls or make funny noises to win the approval of others. This problem can be solved by confronting the child and telling him what

he or she is doing wrong. This problem can also be solved by giving out a punishment like, writing on the blackboard or may be standing in the corner with his or her back turned to the rest of the class. If all else fails, the teacher may want to call the child's home and plan an arrangement with the student's parents.

Though most teachers feel threatened and overwhelmed by parents, especially if they are pushy or manipulative, they need to take a stand and thoroughly explain the situation going on with their child. The teacher has to be assertive with the parents and the child. The teacher should not downgrade the problems they are having with their child. Instead, they should tell the parents the way things are. For instance, a teacher should not call the child's parents and say, «we have a little problem with your son», when actually, the child had a violent tantrum. The teacher should let the parents know that they need their cooperation to discipline the child at home for his tantrum. If the teacher does not tell the parents what they truly feel then the child's tantrum will be even worse the next time. The cornerstone of assertive discipline is the potential positive influence teachers can have on the behaviour of their students[5]. Behaviour is one of the main areas where the teacher needs to be kept fully informed. If there is a disruptive student, any action must fit in with the school's behaviour and discipline policy. If there have been previous difficulties with a certain pupil, the teacher should be aware and can react accordingly if there are further problems.

Well before any disciplining action is required, there must be acceptance and understanding of the rules of conduct and the disciplinary system by both teachers and students. Students should know exactly what is expected of them and what the consequences will be if they do not meet those expectations. The rules should be consistent and fair. The discipline system will be more effective when there is consistency between teachers.

When teachers accept the consequences of their potential influence they accept the responsibility to choose, or not to choose, to utilize this potential for the best interest of both themselves and the students[6]. Assertive teachers recognize the responsibilities they have for the children. They know they cannot assert themselves and get their needs and the children's needs met. They know they can have the impact on their classrooms if they choose to do so. Other teachers choose not to accept the reality of their potential influence. Thus, they are confronted with the following situations: they place themselves in a powerless position, and they view themselves as a helpless victim at the mercy of the students, their parents, the principle, and the school system. Such teachers become the complainers. They complain about everyone and everything that «victimize» them. And they end up blaming all of their problems on others, and never on themselves.

Issues of school discipline in schools remain very challenging. The teachers express and inspire a tremendous amount of confidence that the problem of discipline can be tackled and solved like any other problem. It can indeed be taught.

References

1. Darling-Hammond, L. and Bransford, J. (Eds.) (2005). *Preparing Teachers for a Changing World: What Teachers Should Learn and Be Able to Do*. National Academy of Education, Committee on Teacher Education. San Francisco: Jossey Bass, Inc., 12. www.josseybass.com.
2. Freiberg, H. J. (Ed) (1999). *School climate: Measuring, improving, and sustaining healthy learning environments*. London: Falmer Press.
3. Moos, R. H. (1979). *Evaluating educational environments*. San Francisco:
4. Cohen E. G. (1994). *Designing Groupwork: Strategies for the Heterogeneous Classroom*, 2nd edition. New York: Teachers College Press, Columbia University.
5. Good, Thomas, and Brophy, Jere E. (1997). *Looking in Classrooms*, 7th edition. New York: Harper and Row.
6. Johnson, David W., and Johnson, Roger T. 1992. *Learning Together and Learning Alone*, 3rd edition. Englewood Cliffs, NJ: Prentice-Hall.

7. Darling-Hammond, L. Powerful Teacher Education: Lessons from Exemplary Programs. (2006). San Francisco: John Wiley and Sons, Inc. 21.

8. Teitel, L. (2004). How Professional Development Schools Make A Difference: A Review of Research. 2nd Ed. Revised. Washington, D.C. National Council for Accreditation of Teacher Education. www.ncate.org. Click on Publications.

М. Д. Есекешова
Д. Сейсембай
Астана қ.

СТУДЕНТТЕРГЕ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ БЕРУ НЕГІЗДЕРІ

«Адамның адамшылығы – жақсы ұстаздан» деп Абай Құнанбайұлы айтқанындай, осы сөзден-ақ ұрпақ тәрбиесіндегі ұстаздың ерекше орнын аңғару қиын болмаса керек.

Профессор М.Ғабдуллин өзінің «Ата-аналарға тәрбие туралы кеңес» еңбегінде «Бүгінгі жастарды ұлтжандылық рухта тәрбиелеуде ақын-жыраулардың өнеге сөздерінің белгілі мөлшерде пайдасы бар екені нақ. Мұндағы тәрбиелік мәні бар әңгімелер жастарға жат емес. Халықты сүй, халық үшін ерлік еңбек ет, ел-жұртқа қорған бол деушілік қазіргі күнде ескірген сөздер емес, қайта мағыналы, мәнді сөздер. Сондықтан бұлардың ішінен жастарымызды тәрбиелеуде әсер ететіндерін таңдап алып, орнымен пайдалана білсек, нұр үстіне нұр болар еді», - дейді.

Осы тұрғыдан алғанда, қазақтың ұлы ойшылдарының кемеңгерлік ой-пікірлерін оқу-тәрбие ісінде орынды пайдалана отырып, оқушы-жастарды ұлтжандылыққа тәрбиелеу – әрбір тәрбиеші ұстаздың басты парызы.

Жеткіншек ұрпақты тәрбиелеуге қажетті негізгі адамгершілік қасиет, С.Көбеевтің пікірінше, ұлтжандылық болып табылады. «Туған елін сүю сезімі туа біткен сезім болып табылмайды, оны адамға табиғат тарту етпейді. Елжандылықты қоғам мен жекелеген адамдар бойына сіңіріп, дамытып, тиісті деңгейге көтереді. Отбасы мен мектеп жастарды асқақ ұлтжандылық сезімге тәрбиелеуге тиіс», - дейді ол.

С.Көбеев баланың өз Отаны үшін қажетті азамат болып қалыптасуында ата-ананың алатын орны мен атқаратын мәнін зор бағалап, отансүйгіштік тәрбие негізі ана тілі екенін терең түсіндіре білді. Оның пікірінше, жас ұрпаққа білім беру өз ана тілінде жүргізілуі керек. Барлық ақыл-ойың, күш-жігерін аянбай жұмсап, өз өмірінің жарты ғасырдан астамын мектепте өткізген С.Көбеев халықтар достығы жолында жалынды жаршы бола білді, жастарды туған халқын құрметтеуге тәрбиеледі.

Ұстаз мақсаты – тұлға дамуына жағдай туғызу. Дамыған тұлға – ертеңгі қоғам қайраткері. Осыны жүзеге асыратын ұстаз десек, ол – бір елдің болашағы үшін еңбек ететін аса қасиетті де құрметті мамандық иесі. Оның парасатты жүріс-тұрысы, сөйлеу мәдениеті, ішкі жан дүниесі, тіпті киім киісі, бәрі баланың назарынан тыс қалмайды.

Тәрбие мақсаттарын тереңінен білу педагогтерді, негізінен, қандай адамды қалыптастыруы қажет екені туралы, өздерінің іс-әрекеттеріне не нәрсе саналылық, айқын бағыт, қисындылық беретіні туралы көзқарас тудырады. Сонымен қатар тәрбие мақсаттарының одан ары айқындалуы оның міндеттерінің қалыптасуына ықпал етеді. Тәрбиенің мақсаттары мен міндеттері тәрбиелік жұмыстардың мазмұнын анықтауға тікелей қатысты.

Тұлға мәдениетінің негізі оның жалпыадамзаттық құндылықтарға қатынасынан көрінеді. «Құндылық» термині болмыстың белгілі құбылыстарының адами, әлеуметтік және мәдени мән-мағынасын білдіру үшін қолданылады. Адам қызметіндегі заттар, қоғамдық қатынастар және олар қамтыған табиғат құбылыстары құндылықты қатынастар

нысандары ретінде танылған бағалы заттар сипатында іс-әрекетке қосылады, яғни бұлардың бәрі де жақсылық пен жамандық, шындық пен жалғандық, әсемдік пен ұсқынсыздық, әділдік пен әділетсіздік және т.б. тұрғысынан пайымдалады. Белгілі құбылыстарды бағалауға негіз болған тәсілдер мен өлшем-шектер субъектив баға түрінде қоғамдық сана мен мәдениетте бекиді де адам әрекетін бағыттаушы құралдарға айналады. Қалыпты тәртіптік ұғым формасына енген мұндай құралдар түрі: ұстанымдар және бағалар, бұйрықтар мен шектеулер, мақсаттар мен жобалар.

Үздіксіз және мақсатқа бағытталған тәрбие процесінсіз қоғам өмір сүрмейді және адам рухани дамымайды. Адамгершілік тәрбиесі басты мәселе болып табылады.

Адамдықтың мәні, тұрмыстың адамгершілік негізі тікелей ғылым және техникалық прогреспен анықталмайды. Бірақ олар (ғылыми-техникалық өзгерістер) жақсылық пен жамандық, әділдік, т.б. жүзеге асатын (жалпы мәдениеттілігі, білім деңгейі, т.б.) жағдайларды түрлендіреді. Осы өзгерістер адамның моральдық жауапкершілігіне, сенімділігіне, сауаттылығына нақты әсер етеді.

Ғылыми-техникалық прогресс түрлі мекемелердің іс-әрекеттік факторларының рөлін көтеруге әрекет етеді. Ғылым мен техниканың дамуы жалпы мәдениетті, адамның білім деңгейін көтереді. Мысалы: Бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен адамдар жалпы адамгершілік мәдениетін көтеруге ықпал ететін өнер туындыларына, ғылым жетістіктеріне қосыла алады.

Мынадай бір аксиома анық-адамгершілік тәрбиесін күшейту.

Адамгершілік тәрбиесі жоспарланған, мақсатты адамгершілік сенімдерді, әдеттерді, рухани парасаттылық қажеттіліктері мен сапаларын қалыптастыру болып табылады.

Г.В.Лазутина «кәсіби адамгершілік қағидалары – командирдің бұйрығы емес, нақты өсиеттер» екенін естен шығармау керектігін айтады.

Қазіргі студенттердің адамгершілік сапалары:

- тәртіптілік пен сауаттылық;
- оқуға қабілеттілік пен ұйымшылдық;
- еңбекке шығармашылық қатынас;
- кәсіптік абырой, шеберлікті құрметтеу;
- саналылық, сыпайылық, ұқыптылық;
- өндірістік көңіл-күй мәдениеті;
- еңбекке, өмірге, іс-әрекетке эстетикалық қатынас;
- ұжымдық түрде бірлесіп еңбек ете білу;
- бастамашылдық, дербестік;
- еңбек етуге дайын болушылық;
- іскерлік және талаптылық;
- еңбектің қорытындысына жауапкершілік;
- еңбек адамдарына, өндіріс шеберлеріне деген құрмет;
- ұстамдылық, сөйлесе білу мәдениеті;
- басқа адмдардың құқығы мен бостандығын құрметтеу;
- құндылықтардың гуманистік бағытталуы;
- өзін-өзібағалауға, парасаттылық қатынастарын реттеуге және өзін-өзі тәрбиелеуге дайын болу;
- қоғамдық жұмыстарға белсенділік (темекі шегумен, нашақорлықпен, қылмыспен).

Дегенмен, индустриалдық қоғамның дағдарысты жағдайында жеке тұлғаның адамгершіліктен шеттетілуі мінез-құлықтық жанама түрдегі қоғамдық қатынастарда, адамдар арасындағы қарым-қатынастарда (оқытудың дистанциялық түрі, интернет, т.б.) сыртқы дүниені қабылдаудағы рационалдау, табиғи эмоционалдық қабылдауды жоғалту қаупін туғызады.

Адамгершіліктің жоғары дамуына, жоғары идеалдарға, жер бетінде әділеттіліктің, қайырымдылықтың салтанат құруына сенім болмаса, қазіргі қарама-қайшылықты әлемде

өмір сүру қиын. Осы орайда И.Кант дәл анықтама берді: *"әрбір адам өз ұрпақтарының бойына жақсы қасиеттердің қалуына әсер етуі тиіс"*. Адамгершілік пен қайырымдылық әлемді құтқарады.

Адамгершілік тәрбиесінің мақсаты – өз іс-әрекетіне жауапкершілікті, адал, намысты, жалғандық пен кәсіптік жаны аулақ адамды тәрбиелеу.

Алайда адамгершілік тек сырттай форма ретінде игерілуі мүмкін емес, ол адамның тұлғалық дербестігіне негізделіп, әр тұлғаның өзіндік заңы күйінде танылады. Адамгершілік қалаған уақытта, қалаған нақты жолмен орындалатын жай мақсат емес. Ол адами іс-әрекеттің өз негізінде жатқан *мақсаттардың мақсаты*.

Адамгершілік тәрбиесі негізінде қалыптасушы сапа-қасиеттер түрі келесідей: шыдамдылық, жомарттық, әдептілік, ізгілік; адамдар арасындағы өзара сыйластық, өзара жәрдем және жолдастық, үлкенге сый, кішіге қамқорлық, әйел және ер арасындағы құрметтеу қатынасы; өзіндік тәртіптілік, өзіндік қадағалау, өзіндік басқарым, өзін-өзі тану, өзін өзі реттеу қабілеттері. Әр адам өзі қалаған әдет-қылықтарды ардақтау арқылы өз адамгершілігінің дамуына ықпал жасауы мүмкін.

Адамгершілік тәрбиесіне орай іс-әрекеттер мазмұны:

- ұжымдық оқу және қоғамдық пайдалы іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы тәрбиеленушілерді қамқорлыққа баулу;
- қайырымдылық пен жауыздық проблемаларын талдай білуге үйрету;
- шынайы және бейнақты гуманизмді айыра білуге жаттықтыру;
- әлеуметтік әділдік пен әділетсіздік мәнін түсінуге баулу;
- гуманизм идеялары мен олардың жалпыадамзаттық сипатын түсіне, бағалауға дағдыландыру.

Тәрбие мазмұнын жаңаша қарастыру, оны іске асырудағы тұлғалық бағдарлық және іс-әрекеттік тәсілдер ғалымдар мен педагогтерді жеке тұлғаны қалыптастыру міндеттерін шешудің тиімді құралдарын тұтас педагогикалық үрдіс тұрғысынан іздестіруге ынталандырады.

Тәрбие мақсаттарын тереңінен білу педагогтерді, негізінен, қандай адамды қалыптастыруы қажет екені туралы, өздерінің іс-әрекеттеріне не нәрсе саналылық, айқын бағыт, қисындылық беретіні туралы көзқарас тудырады. Сонымен қатар тәрбие мақсаттарының одан ары айқындалуы оның міндеттерінің қалыптасуына ықпал етеді. Тәрбиенің мақсаттары мен міндеттері тәрбиелік жұмыстардың мазмұнын анықтауға тікелей қатысты.

Тәрбие мазмұнының мәселесі тәрбие бағдарламаларымен тығыз байланысты. Нақты бір білім беру мекемесіндегі тәрбие мазмұны мекеменің өз бетінше жасап, қабылдап іске асыратын білім беру бағдарламаларымен анықталады, тәрбие бағдарламалары тәрбиенің негізгі мақсаттары мен міндеттер шеңберін анықтап, тәрбие мазмұнының сипаттамаларын, ерекшеліктерін, негізгі бағыттарын ашып көрсетеді.

Тәрбиеленушілер әрқилы мақсаттар төңірегінде бірігеді. Ондай мақсаттар түрлері келесідей болуы мүмкін: өз құрбыларымен ресми емес қарым-қатынасқа түсу; қарым-қатынас шеңберін кеңейту; тұрмыстағы өз орны мен беделін анықтауда, құқықтары мен еркіндігін қорғауда, ересек өмірге дайындалуда жәрдем алу.

Жас ұрпақты тәрбиелеу үнемі идеялар мен құндылықтарға негізделуі керек. Сондықтан да қазіргі замандағы барлық тәрбие жүйесінің идеялық негізі ретінде бірнеше ғасыр тәжірибиесінде қалыптасқан және дәлелденген ізгіліктік ұстанымдар болуы тиіс. Ізгіліктік, ең алдымен, адамның адамдығын білдіреді: адамдарға деген махаббат, сүйіспеншілік, психологиялық сабырлықтың жоғарғы деңгейі, адамдар арасындағы қарым-қатынастағы мейірімділік, тұлғаны сыйлау, қошеметтеуді көрсетеді. “Гуманизм” ұғымы адамды ең жоғарғы құндылық ретінде санайтын құндылық бағдарлары жүйесі ретінде қалыптасады.

Тәрбие жұмысының басты міндеттерінің бірі – дүниеге ғылыми көзқарас қалыптастыру. Бұл міндетті шешуде әр пәннің алатын орны бар. Өзімізді қоршаған

дүниені тануда ғылыми әдістердің қуатын көрсету үшін ғылыми және практикалық мәселелерде абстрактылы ойлаудың маңыздылығын айқындау үшін, ғылыми ұғымдарды қалыптастыру процесін және ғылыми теориялардың пайда болуы мен дамуын анықтау үшін математиканың мүмкіндіктері өте үлкен.

Демек, тәрбие – жалпыадамзаттық құндылықтар мен халықтың ғасырлар жинақталған, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, баланың қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, дүниетанымын, өмірге деген көзқарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастыра отырып еңбекке тәрбиелеу.

Қазіргі егемендік алған еліміздегі тәрбиенің мақсаты оның мазмұнына үйлесімді тұлғаның мәдени болмысын қалыптастырып, дербестігін дамытуға лайық болуына негізделген. Дәлірек айтқанда, мәдени болмыстың қамтитын аймақтық деңгейі зор, тұлғаның өзін-өзі айқындауы, әлеуметтік-экономикалық, саяси дамуы, адамгершілік, имандылықтың жетілуі, экологиялық заңдылықтарды сақтап, көркемдік танымын зорайтып денсаулығын нығайту және адамдармен қарым-қатынасын жақсарту беру мәселелерін қамтиды [4].

Әрине, студентті білімдендіру мен тәрбие ісін жүзеге асыру әдістемелері бір сәтте немесе бір жылда жасала салмайды, ол ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып түрлі тәжірибелерден сұрыпталып, оның қорлануы барысында жүзеге асады. Осы орайда кеңестік кезіндегі тәрбие мазмұнындағы теориялық және ұйымдастырушылық жолдардың бүгінгі өмірге үйлесімді жақтарын жетілдіре отырып, шәкірттердің салауатты өмір сүру дағдыларын қалыптастыру бағдарламаларын жетілдіру күн тәртібінен түспейтін мәселе. Өйткені студентке берілетін тәрбиенің мазмұндылығы классикалық педагогика құндылықтарын және оның ұзақ жылдар бойы өмір сараптауынан өткен формаларын ретті және уақытпен үйлестіре пайдалана білу бұл саладағы іс-әрекеттің табысты болуына кепілдік берумен қатар, тәрбие мазмұнының өміршең болуына жол ашады.

Рухани-адамгершілік тәрбиесі – көп арналы, сан қырлы. Ол – халықтың тілімен, әдебиетімен, тарихымен біте қайнасып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан қастерлі мұра. Адамгершілік тәрбиесі туралы ежелгі ойшылдардың, ғалымдардың ойлары бүгінгі зерттеулерде де өз жалғасын тауып келеді.

Қорыта келгенде, «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі», - деп ұлағатты ұстаз Әбу Насыр әл-Фараби айтқандай, біліммен бірге жақсы тәрбиені қоса беру ізгілікке бағдарланған, әсемдікпен қаруланған, ұлттық тәлім-тәрбие нәрімен сусындаған халық игілігін жасаушы болашақ азаматты тәрбиелеуге, білімдар саналы да салауатты, «Сегіз қырлы, бір сырлы» болып өсуіне, жақсы азамат болып қалыптасуына жол ашады. Ендеше құнды біліммен қатар өнегелі тәрбие беру – біздің еншімізде тұрған абыройлы да ардақты іс.

Әдебиеттер

1. В.А.Сухомлинский. Балаға жүрек жылуы. – Алматы, 1976.
2. Қ.Б.Сейталиев. Тәрбие теориясы. – Алматы, 1976.
3. И.А.Қайров Адамгершілікке тәрбиелеу әліппесі. – Алматы, 1980.
4. Қоянбаев Ж.Б, Ж.Б Қоянбаев. Педагогика – Астана:1998
5. Тәлім-тәрбие тұжырымдамасы/Қазақстан мұғалімі. 5 ақпан,1993.
6. Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технология: Оқу құралы. – Алматы: Жазушы, 2004 ж.

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ ПРАКТИКАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІНЕ ҚАЖЕТТІ КӘСІПТІК МАҢЫЗДЫ САПАЛАР

Құзыретті, сауатты, өз бетімен іздене алатын маман даярлап шығу мақсатында еліміз жоғары білім беру жүйесіне 2003 жылдан бастап кредиттік оқыту жүйесін енгізді. Жаңа оқыту жүйесінің жоғары оқу орындарында енгізілуі қоғам сұранысына сәйкес бәсекеге қабілетті мамандарды дайындау және осы арқылы жоғары білімнің сапасын жақсарту қажеттілігінен туындады. Кредиттік оқыту – студенттердің және оқытушылардың академиялық алмасуына қажетті шарттарды жүзеге асыратын бірыңғай өзара сынақтың халықаралық жүйесін құру мақсатында ұлттық білім беру жүйесін реформалаудан тұратын әлемдік беталыстан туындаған технология. Білімденудің тәсілі ретінде кредиттік-модульдік оқыту жүйесі болашақ маманның жеке ізденімпаздық, шығармашылық қабілеттерін шыңдауға қозғау салады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2012 жылдың 14 желтоқсанында жариялаған «Қазақстан - 2050 Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз болып қалғалы қашан. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс», - деп болашақ мамандарды сапалы дайындау мәселесін атап көрсетті [1, 6]. Осы міндеттерді шешудің басты тетігі – жан-жақты дамыған, мамандығына сай кәсіби маңызды сапасы қалыптасқан тұлғаны дайындап шығу болып табылады. Тәжірибе көрсеткендей, жоғары оқу орнында кәсіби маңызды сапалары дамымаған, кәсіптік іскерлігі қалыптаспаған педагог-психолог тәжірибеге барғанда көптеген қиындықтарға соқтығады.

Педагог-психолог маман кәсіптік іс-әрекеті барысында келесі бағыттағы жұмыстарды атқарады: диагностикалық, прогностикалық, консультативтік, түзету-оңалту, оқу-ағарту және ғылыми-зерттеу. Тұлғаның нәтижелі кәсіптік іс-әрекеті оның кәсіби маңызды сапасының қалыптасуына тәуелді болады. Болашақ маманның кәсіби маңызды сапалары кәсіпті игеру барысында қалыптасады. Бұл – тұлғаның психологиялық қасиеті негізінде жүзеге асатын білім берудің күрделі, динамикалық процесі.

Жоғары оқу орнында кәсіптік маңызды сапасы қалыптасқан педагог-психолог дайындау мәселесімен: Г.В.Акопов (жоғары білім берудің әлеуметтік психологиясы), А.А.Вербицкий (ЖОО белсенді оқытудың формалары мен әдістері), Б.А.Вяткин, Е.А.Климов, В.С.Мерлин, М.Р.Щукин, К.К.Платонов (белсенділік, қарым-қатынас және іс-әрекеттегі индивидуальды стиль), А.Н.Леонтьев (оқытудағы мотивация рөлі), В.Д.Шадриков, Н.В.Самоукина, А.К.Маркова, Н.А.Аминов, (кәсіптік іс-әрекет жүйесі және кәсіптік қабілеттер), С.В.Тарасов (кәсіби маңызды сапаларды дамыту) және т.б бірқатар ғалымдар айналысты[6].

Кәсіби маңызды сапа дегеніміз – іс-әрекеттің өнімділігін (сапалық, нәтижелік) анықтайтын тұлғаның психологиялық көрсеткіші. Тұлғаның кәсіптік маңызды сапалары ретінде еңбек субъектісінің анатомдық-физиологиялық, психологиялық және әлеуметтік сапаларын айтуға болады. Болашақ педагог-психолог үшін ең бірінші кәсіптік сапалар – психикалық таным процестерінің ерекшеліктері, психикалық күйлер және тұлғаның даралық ерекшеліктері, сондай-ақ, іскерлік, дағды, әдеттер.

Е.А.Климов мамандардың қалыптасуының келесідей кезеңдерін бөліп көрсетеді: оптация сатысы (мамандық таңдау және оны ауыстыру кезеңі), адепта сатысы (мамандық туралы ақпаратқа ие болу кезеңі), бейімделу сатысы (мамандықты меңгеріп шығу кезеңі),

интернал сатысы (кәсіби деңгейге жету кезеңі), шеберлік сатысы (кәсіптік тәжірибенің арту кезеңі), мәртебелі саты (жастар мен әріптестер үлгі алуға тырысатын әйгілі маман атану кезеңі), шәкірт тәрбиелеу сатысы (оның идеяларын жалғастырушылар, шәкірттер, ізінен ерушілер пайда болған кезең) [3].

А.К.Маркованың еңбектерінде кәсіби маңызды сапалар тұлғаның кәсіптік іс-әрекетінің нәтижелі орындалуына, қарым-қатынасына және кәсіптік көтерілу мен кездейсоқ жағдайларды жеңіп шығуына септігін тигізетін психологиялық сапа ретінде қарастырылады. Ғалым кәсіби маңызды сапаларға маманның мотивациялық, еріктік және эмоциональдық ерекшеліктерін, яғни мотив, қажеттілік, қарым-қатынас, адамның құндылық бағдары, кәсіптік талаптану, кәсіптік өзін-өзі бағалау, маман ретіндегі өзіндік санасы; психологиялық әрекет, іскерлік, техника, кәсіптік білім алу, кәсіптік көтерілуге дайын болу; кәсіптік ойлау, мамандық бойынша тәжірибені молайту мүмкіндігі; кәсіптік даму, кәсіптік көтерілу жоспарын жүзеге асыру және жобалау іскерлігі және т.б жатқызады [5].

О.А.Фроликова студент педагог-психологтердің оқу-кәсіптік іс-әрекет құрылымындағы кәсіптік маңызды сапаларының дамуын төмендегі бағыттарға бөледі: рефлексивті-психологиялық бақылампздық, өзін және басқа адамдарды адекватты қабылдау, бірінші көріскендегі адекваттылық, клиентке концентрация; эмоциональды-эмпатия, басқа адамдарға көмек көрсетуге ұмтылу, когнитивті-кәсіптік білім, сыни пікірлей білу, адамның мінез-құлқын болжамдай білу қабілеті; мінез-құлықтық-иілгіштік және адекватты мінез-құлық, өзін-өзі бақылау, басқаларға шыдамды болу, коммуникативті қарым-қатынасқа дайын болу, тыңдай және ести білу, құндылық-мәндік-гуманистік бағыттылық, мотивациялық-мәндік ұстанымдар, тұлғаның адами құндылықтарын тани білу және т.б.

Педагог-психологтың кәсіптік іс-әрекеті коммуникативті мамандықтың субъектісі ретінде әртүрлі деңгейдегі және көпжоспарлы іскерлік қатынаста ақпарат алмасудан тұрады. Ақпарат алмасу – маманның нақты іс-әрекетінің негізгі мазмұны.

Тұлғааралық қарым-қатынас нәтижелі орнауы үшін, өзара әрекет жүйесіндегі субъектілердің ақпарат алмасуын үнемі талдап отыру қажет. Бұл жағдай ақпарат алмасу үшін өзара қарым-қатынасқа түскен сәтпен, одан кейінгі жағдайды болжауға мүмкіндік береді. Сондықтан да, *коммуникативті болжағыштық* сапасын тұлғааралық қарым-қатынас жағдайын талдау және бақылау қабілеті ретінде, болашақ педагог-психологтің маңызды кәсіптік сапаларының бірі ретінде қарастыру қажет.

Талдай білу қабілеті дегеніміз - теориялық психологиялық тұжырымдамаларды талдау ғана емес, сондай-ақ орын алған жағдаяттан шығып кету жолын таба білу. Тұлғааралық қарым-қатынас жағдайы әртүрлі болғандықтан психолог маманның орын алған өзара әрекет жағдаятынан шығып кету үшін адекватты шешім қабылдау іскерлігі болуы қажет. Біздің пікірімізше, өзара әрекет жағдаятын адекватты шешу тұлғаның *коммуникативті иілгіштік* сапасына байланысты болады. Коммуникативті иілгіштік дегеніміз, ашық қарым-қатынасқа қабілетті болу, өзара түсінісуге бағдарлану, тұлғааралық қарым-қатынасты орнатуға және өзара дамуға мүдделі болу, тұлғалармен қарым-қатынасқа сай болу.

Сондай-ақ, болашақ педагог-психолог маманға қажетті кәсіптік маңызды сапа – ол *эмпатия*. Эмпатия – жанашырлық білдіруге, аяушылық танытуға, өзге адамның ішкі жан күйін түсінуге қабілетінің болуы, эмоциональды жылылық, достық қарым-қатынас, қолдау көрсете білу іскерлігі. Ізгілік құндылығы болмаса, эмпатияның жүзеге асуы мүмкін емес. Гуманизмнің негізгі идеясы адамды ең жоғарғы құндылық ретінде түсіндіруі. Тұлға өзін жақсы таныған сайын, өзінің даралығын түсінген сайын өзге адамның қайталанбастығына сезімталдықпен қарайтын болады. Сондықтан да, эмпатияның қалыптасуы мен дамуы ары қарайғы тұлғалық өсуге негіз болады.

Демек, болашақ педагог-психологтың практикалық іс-әрекетіне қажетті кәсіптік-маңызды сапалары, ол коммуникативті болжағыштық, коммуникативті иілгіштік және эмпатия.

Жоғары оқу орны жағдайында болашақ мамандардың кәсіптік сапаларын қалыптастыру үшін әлеуметтік-психологиялық тренингтерді қолдану оң нәтижелер береді. Тренинг әлеуметтік-психологиялық оқытудың белсенді әдісі ретінде топтағы шиеленісті жағдаяттарды өзара түсінісу позициясы негізінде шешуге мүмкіндік беретін көрегенділікті, өзіндік сананы, өзара әрекеттесу деңгейінің жоғарылауына септігін тигізеді. Топта тренинг барысында шынайы өмірдегі сияқты өзара байланыс пен қарым-қатынас жүйесі моделденеді. Бұл өзінің және өзге адамдардың мінез-құлықтық және қарым-қатынастық психологиялық заңдылықтарының психологиялық қауіпсіз жағдайын көруге және талдай білуге мүмкіндік береді. Қатысушылар топта өзін өзгеге ұқсатуға, мінез-құлықтың жаңа нәтижелі тәсілдерімен танысуға мүмкіндік алады. Тренинг барысында туындаған эмоциональды байланыс, жанашырлық, эмпатия тұлғаның өсуі мен өзіндік сананың дамуына әсерін тигізеді. Топтағы өзара әрекеттесу, топтық динамика әр қатысушының психологиялық мәселелерін түсінуге көмектесетін қысымды тудырады. Психологиялық қысым қосымша кедергілерді тудырғанымен, қатысушылардың одан әрі ашылуын, рефлексия, өзін-өзі тану процесін күшейтеді.

Әдебиеттер

1. Қазақстан-2050 Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты: ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // ҚР Президентінің акті жиналысы. – 14.12.2012.
2. Акопов Г.В. Социальная психология высшего образования. М., 2000
3. Климов Е.А. Образ мира в разнотипных профессиях. – М., 1995.
4. Шадриков В.Д. Проблемы системогенеза профессиональной деятельности. – М., 1997.
5. Маркова А.К. Психология профессионализма. – М., 1996.
6. Тарасов С.В. Развитие профессионально важных качеств педагогов-психологов в процессе обучения в вузе: дис.к.п.н. – Самара, 2004.
7. Нұржанова С.А. Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде болашақ мамандардың креативті ойлауын қалыптастырудың педагогикалық-психологиялық негіздері: п.ғ.к. дис. авторефераты. – Астана, 2010 ж.

Р. С. Омарова
М. Д. Есекешова
Э. А. Сұлтанова
Астана қ.

БІЛІМ БЕРУ ПАРАДИГМАСЫНЫҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ МЕН БОЛАШАҒЫ

Қазіргі кезеңде еліміздегі білім беру мазмұнының жаңарту мәселесіне көңіл бөлініп, әлемдік білім кеңестігіне ықпалдастыруға бастау алатын, жаңа мазмұндағы тұжырымдамалар мен заңдар, халықтың рухани, әлеуметтік дамуына, тілі мен тарихы, мәдениетінің өркендеуіне қолайлы мүмкіндіктер туындап отырғаны белгілі.

И.А.Колесникова білім беру парадигмаларының көптүрлілігін педагогикалық өркениетке байланыстырады, оның пікірінше, адамзат қоғамы көптеген сатылардан: табиғи және репродуктивті-педагогикалық өркениеттен өтіп, креативті-педагогикалық өркениетке енуде. Бұл педагогикалық өркениет мұғалім іс-әрекетінің жаңа қырларын аша отырып, кәсіби педагогикалық сапалары мен қызметтерін түбегейлі түрде жаңартуды талап етеді.

Бұл ізденістердің жарқын көрінісі ретінде педагогикалық парадигма, яғни адамзат қоғамының әлемдік әсер тәсілдерін меңгеруі мен педагогикалық ой-өріс пен қарым-қатынастың антологиялық және жеке аспектілерін қамтитын жүйесі ретінде алға шығады.

Антропологиялық, археологиялық мәліметтер бойынша, алғашқы кезеңде «педагогикалық іс-әрекет» ересектер мен бала өмірінің тұрмыстық қарым-қатынасына негізделген. Қоғамның әрбір мүшесі тіршілігін сақтау үшін білім, білік, дағды, өмір сүруге қажетті қатынастарды білуі және оны кейінгілерге үйретуін қажет етті. Табиғат пен адам ақпараттық байланыс ретінде қарым-қатынаста болып, еңбек іс-әрекеті нәтижесінде адамның өмір сүру дағдылары қалыптаса бастады, іс-әрекет инстинкт арқылы реттеліп отырды.

Кейінірек табиғи ерекшеліктер, еңбекке үйрену, дене дамуы мен отбасындағы қызмет ету әрекеттерін меңгеруге байланысты адамзат өзінің даму жолында *репродуктивті-педагогикалық өркениетке* аяқ басты.

Оның ерекше белгісі – арнайы ұйымдастырылған педагогикалық процесс құралдары арқылы іс-тәжірибені «әкеден-балаға» мақсатты түрде үйрету болды. Адамзат қоғамы ақпаратты ұрпақтарына жалғастыру тәсілдерін, біліктері мен білімдерін жетілдірудің жаңаша жолдарын іздестіруге, ойлап табуға бет бұра бастады.

Алғашқы қоғамдағы адамдардың тасқа қоршаған әлем жөніндегі өз түсініктерін бейнелеуі, өмірлік тәжірибелерін сипаттайтын, оны үйретуде таңбалар мен символдарды пайдалануы адам дамуының ілгерушілік сипатын көрсетті.

Қазіргі уақытта адамның әлемдік тануы мен өзін-өзі тануындағы қасиеттері «жансыз» табиғатпен алмасып отыр. В.С.Кукушиннің пікірінше, адам мен табиғаттың арасында «дидактикалық қабырға» пайда болды, оның өткізгіштігі «ақпараттық тазалық» дәрежесінің әртүрлілігіне байланысты.

Жылдан-жылға ақпарат ағымдары мен қорларының қарыштап өсуі адамзат баласын табиғаттан алшақтатып, “өлі табиғатпен” қатынасын нығайта түсті десе де болады. Репродуктивті-педагогикалық өркениет шеңберінде білім беру өлшемдері мен оның мазмұнына қойылатын талаптарды, шарттарды өзгерту туралы сөз қозғалды.

Ғалымдар адамның космо-био-элеуметтік феномен ретіндегі қасиеттерінің сақталуына, оқыту мен тәрбиелеу міндеттеріне көңіл аудару қажеттігіне тоқталады.

Дегенмен, табиғи, әсіресе, ғарыштық бастаулардың кейінгі жоспарға қалдырылуы, білім беру мазмұнының тереңдігінен адамда қорғаныш механизмдерінің пайда болуы көрініс берді. Бұл репродуктивті-педагогикалық өркениеттің ішкі ресурстары таусылып, И.А.Колесникованың пікірінше, алға қарай *креативті-педагогикалық өркениетке* қадам жасау қажеттілігін көрсетеді.

Демек, «Адам-Ғарыш» жүйесіндегі біртұтас ақпараттық-энергетикалық механизмдерді игеру қажеттілігіне орай, *рефлексивті мәдениеттің* дамитындығын болжауға болады. Мұның нәтижесінде «Адам-Адам» жүйесіндегі түрлі деңгейдегі қайшылықтар шешіліп, «Адам-Табиғат» жүйесінің экологиялық жайлы формалары түзіледі.

«Креативті-педагогикалық өркениет кезінде субъект-объект бірлігіндегі адамзат тәрбиесінің біртұтастығы, инновациялық тәжірибені бағалау мен талдау арқылы әр индивидті табиғи педагогикалық іс-әрекетке әкеледі. Іс-шаралар педагогикасы тұрмыстық педагогикасына орын береді. Философиялық түсініктегі “шығармашылық мектеп” кезеңі басталады», - дейді В.С.Кукушин [2].

Бірақ білім беру парадигмаларының бірінен-бірі артық, не қалыс қалған түрлері болмайды. Олар өз кезеңіндегі әлемді түсіну мен педагогикалық нысандардың мәні, оқу-тәрбие процесінің құрылымына байланысты болады.

Егер білім беру саясаттан тыс болуы қажет деп және оның негізін мәдениет контекстінде қарастырсақ, онда білім берудің 3 тұжырымдамалық моделін көрсетуге болады: 1) құндылық (аксиологиялық); 2) іс-әрекеттік (мәдениет-материалдың және

рухани құндылықтарды жасауды сынақтан өткізуші іс-әрекет тәсілі ретінде сипатталады);
3) жеке тұлғалық (мәдениеттің жеке тұлға қасиеттеріне кірігуі).

Осы модельге сәйкес, білім беру парадигмаларын былайша көрсетуге болады:

• *дәстүрлі-консервативтік* (білім беру арқылы мәдениетті қалпына келтіру, сақтау т.б. ретінде);

• *рационалистік* (мәдениетке адамның бейімделуі үшін қолданылады, мұнда басты назарда білім емес, іс-әрекет тәсілдері орын алады).

• *гуманистік* (феноменологиялық) (адамға мәдениеттің негізгі феномені және білім беру субъектісі ретінде қатынас жасау).

Сонымен, парадигмалар, біріншіден, білім берудің мақсаттарына байланысты; екіншіден, мектеп қызметтерін түсінуге, мақсатқа жету тәсілдеріне, әсіресе, оқытудағы оқушы тұрғысынан педагогикалық әсердің сипатына байланысты ерекшеленеді.

Парадигмалардың әрқайсысы білім беруде мынадай мәселелерді ұсынады:

• әлеуметтік институт ретіндегі мектептің қызметтері туралы;

• білім беру жүйесінің тиімділігі туралы;

• білім беру мақсаттарының қоғамдық мәнділігі;

• білім берудің құндылық бағдары.

“Парадигма” ұғымының енуі Бергманның және оны терең талдау, физик, философ Т.Кун есімдерімен байланысты. Т.Кун парадигма идеясын ғылым дамуының кезеңдерін анықтауда пайдаланды.

Парадигма – ғылым дамуының негізгі өлшем бірлігі ретінде түсіндіріледі. Т. Кун бойынша, ғылыми білімнің дамуы мынадай сызба бойынша жүреді: қалыпты ғылым – ғылымдағы ауытқушылық – ғылымдағы тоқырау – жаңа парадигма (альтернативті теориялар бәсекелестігі және бұрынғы парадигманың ауысуы) – ғылыми төңкеріс – қайтадан қалыпты және одан әрі дамудың жаңа тармағы.

Парадигма – ғылым дамуының белгілі бір кезеңдерінде ғылыми қоғамның қабылдаған әдіснамалық және теориялық қағидаларының жиынтығы, ғылыми зерттеудің үлгісі, стандарты, зерттеу мәліметтерін, болжамдар мен ғылыми міндеттердің жиынтық үлгісі ретіндегі көрінісі деп түсіндіреміз.

Қазіргі кезеңдегі «білімді адам» (білім, білік, дағдыны меңгерген) парадигмасының «өмірлік іс-әрекеттерге дайындалған адам» парадигмасына жүзеге асуда, яғни белсенді, шығармашылық ой-санасы қалыптасқан, өзін-өзі дамытатын, дене және адамгершілік қасиеттерін, интеллектуалдық тұрғыда өзін жетілдіретін адамның қалыптасуы.

Парадигма мәтінінде зерттеушілік қана емес, практикалық міндеттердің де шешімін табу мақсатында қолданылатын модель және де, әсіресе, практикалық мәселеге мән берілетіндігін атап өтпеуге болмайды. Осыған байланысты білім беру стратегиясы немесе базалық модель ретінде білім беру жүйесін жобалауға көзқарас, негіз, идея мәнінде түсіндірілетін оқыту (тәрбиелеу) парадигмасы ұғымы қолданылады. Н.А.Лызь атап өткендей, «парадигма» ұғымының ғылыми-педагогикалық еңбектерде берілген басым бөлігі дәл осы топқа жатады. Педагогикалық шындықты полипарадигмалылық немесе парадигманың өзгеруі жөніндегі де пікірлердің астарында әдетте, ғылыми парадигма жайында емес, білім беру парадигмасы түсініктері жатыр.

Педагогикалық еңбектерде «парадигма» ұғымының ғылым және ғылыми іс-әрекетке ғана емес, біліммен де ара-қатынасы белгіленген. Парадигма жөніндегі қалыптасқан түсініктерге жаңа мәннің қосылғандығы айқын байқалады.

Аталмыш процестің себептерінің бірі – жалпы, тарихи-ғылыми және әдіснамалық және аксиологиялық тәсілдердің қиылысуы болып табылады. Қазіргі ғылыми бірлестікте кең танылған Т.Кунның парадигма ұғымына орай көзқарастарының өзі өзгеріске түскен.

Көбіне бүгінгі авторлар мынадай анықтаманы әдіснамалық тұғыр етеді: «Парадигма мәнінде және олардың шешімін табу моделін сипаттайтын, жаппай танылған ғылыми жетістіктер». Осы дәлелдемеге сәйкес, «парадигма» ұғымының мәні төмендегідей ажыратылады:

- 1) ғылыми пікірлер жиынтығы, ғылыми түсініктер, онда ерекше «көру, шешу тәсілін» біріктіретін философиялық, құндылықтық, әдіснамалық және т.б.;
- 2) ғылыми мәселеде қолданатын проблемалар, міндеттер, «басқатырғылардың» шешімін табу үлгісі.

Шетелдік психологиялық-педагогикалық ғылым шеңберіндегі білім беру парадигмасы мәселесіне байланысты еңбектерді талдасақ, шетел педагогикасында білім беру парадигмасы түрлі тұжырымдамалар арқылы беріледі: *дәстүрлі білім парадигмасы*; *технократтық* (прагматикалық) *парадигма*; *бихевиоральдық* (іс-әрекеттік) *парадигма*; *гуманистік парадигма*; *теологиялық парадигма*; *биопсихологиялық парадигма*; т.б.

Әр елде білім беру және тәрбие жүйесі түрліше парадигманы тірек етеді. Бұл жағдайда ғылымды дамытудың жаңа үрдісін ғана емес (жалпы дифференциясынан ықпалдастыққа; ғылымдардың байланысын негіздеуде субъективтіліктен объективтілікке; дараланудан пәнаралық байланысқа; тұйықтан ашыққа; көпсіпаттылықтан біртұтастыққа т.б.), сонымен қатар, білім беру стратегиясы мен жаңа әдіснамасы туралы сұрақтар туындап отыр.

Білім берудің жаңа әдіснамасы білім беру жүйесінің репродуктивті-ақпараттық және пәндік-дифференциалдықтан интеграциялық білім мен метапәнге; эмперикалықтан концептуалдыққа; тақырыптан проблемалылыққа, гносеологиялықтан жеке тұлғалық мәдени білім беруге, ал жалпы – мәдени контекстік, *шығармашылық білім беру парадигмасына* өтуді қамтамасыз етеді.

Бүгінгі күні “ақпараттық қоғамда” білім өзінің шынайы көрінісін тапты. Демек, білім – материалдық және рухани құбылыстар туралы шынайы, әрі нақты мәліметтер жиынтығы, олардың адам санасында дұрыс, объективті бейнеленуі. Білім беру – жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзат мәдени мұрасының сабақтастығын сақтай білуге тәрбиелеу және әрбір шәкіртті жеке тұлға деп қарап, табиғат пен қоғам туралы ең қажетті жалпы ғылыми біліммен қаруландыру, қоғамдық құбылыстар мен табиғи ортаны танып-білуге үйрету, ғылыми-әдіснамалық негізде дүниеге танымдық көзқарас қалыптастыру болып табылады. Сондықтан білім дамуының әлемдік үрдісімен пара-пар, өз өткен тарихымыздағы жетістіктерге сүйене отырып, жалпы білім беру саласын жаңа сапалық деңгейге көтеру маңызды.

Әдебиеттер

1. Колесникова И.А. Гуманистическая парадигма и личностно-ориентированные технологии профессионально педагогического образования / Под. ред. В.Л. Матросова, – М., Прометей, 1999.
2. Кукушин В.С. Общие основы педагогики. Серия «Педагогическое образование». – Ростов н/Д.: Изд. «Март», 2002. – 244 с.
3. Омарова Р.С. Білім берудің жаңа парадигмасы жағдайында оқушыларының шығармашылық қызығушылығын қалыптастырудың дидактикалық негіздері. Дисс. – Түркістан, 2008.
4. Қожахметова К.Ж., Таубаева Ш., Жанұзақова Ш. Методология общей и этнической педагогики в логико-структурных схемах. – Алматы, 2005.

РОЛЬ ПРЕПОДАВАТЕЛЯ, ПРАКТИКУЮЩЕГО МЕТОД CASE-STUDY

Педагогический потенциал метода case-study значительно больше педагогического потенциала традиционных методов обучения. Наличие в структуре метода case-study споров, дискуссий, аргументации тренирует участников обсуждения, учит соблюдению норм и правил общения. Преподаватель должен быть достаточно эмоциональным в течение всего процесса обучения, разрешать и не допускать конфликты, создавать обстановку сотрудничества и конкуренции одновременно, обеспечивать соблюдение личностных прав студента.

Эффективность деятельности преподавателя, реализующего метод case-study в своей педагогической практике, связана с воплощением ряда принципов:

- принцип многообразия и эффективности дидактического арсенала, который предполагает овладение дидактикой, ее принципами, приемами и методами, целенаправленное их использование в учебном процессе;

- принцип партнерства, сотрудничества со студентами, базирующийся на признании студентов партнерами в образовательной деятельности, на взаимодействии и коллективном обсуждении ситуаций;

- принцип смещения роли преподавателя с трансляции и «разжевывания» знаний к организации процесса их добывания – снижение роли преподавателя как единственного «держателя» знаний, возрастание его роли как эксперта и консультанта, помогающего студенту ориентироваться в мире научной информации;

- принцип впитывания достижений педагогической науки, опыта, накопленного коллегами – психологическая и педагогическая обоснованность, формулировка не только образовательных, но и воспитательных целей существенно отличает преподавателя, реализующего метод case-study, от преподавателя, использующего классические методы обучения;

- принцип творчества, который предполагает превращение кейса и занятия с его применением в индивидуально неповторимый творческий продукт - метод case-study значительно расширяет пространство творчества, охватывающего деятельность по созданию кейса как уникального интеллектуального продукта, проектирование процесса обучения, совершенствование технологии его преподавания, вовлечение в творчество студентов, усиление роли творческой импровизации в ходе обучения и т.п.

- принцип прагматизма, ориентирующий на четкое определение возможностей того или иного кейса, планирование результатов обучения с точки зрения формирования у студентов навыков анализа ситуации и выработки моделей поведения в ней.

Деятельность преподавателя при использовании метода case-study включает в себя две фазы.

Первая фаза представляет собой сложную внеаудиторную творческую работу по созданию кейса и вопросов для его анализа, состоящую из научно-исследовательской, конструирующей и методической частей. Особого внимания заслуживает разработка методического обеспечения самостоятельной работы студентов по анализу кейса и подготовке к обсуждению, а также методического обеспечения предстоящего занятия по его разбору.

Вторая фаза включает в себя деятельность преподавателя в аудитории при обсуждении кейса, где он выступает со вступительным и заключительным словом, организует дискуссию или презентацию, поддерживает деловой настрой в аудитории, оценивает вклад студентов в анализ ситуации.

Рассмотрим конкретный *Case-study*, предложенный для решения студентам специальности «педагогика и психология» при изучении дисциплины «возрастная

психология».

Case-study. Анализ случая

Ситуация наблюдения: Межличностный конфликт.

Условия наблюдения: семья из пяти человек.

Описание ситуации: играют два ребенка. Девочки 8 и 7 лет. За игрой наблюдает старший брат (20 лет). Младшая сестра играет с куклой, имитирует приготовление обеда. Старшая сестра наблюдает и перестает играть, затем подходит, отбирает куклу и смотрит на брата, ожидая его реакции.

Катя (8 лет): Я хочу куклу! Дай мне куклу! Отпусти! Отпусти! (отбирает куклу, хочет расплакаться, если не получит игрушку)

Лена (7 лет): Я первая ее взяла! А она пришла и отобрала ее у меня. Пусть она мне ее отдаст.

Брат: Вижу у вас и вправду проблема из-за игрушки. Может быть перейдем на кухню и поговорим?

Лена (7 лет): Я хочу куклу! Дай мне! Миша, пусть она отдаст мне куклу!

Брат: Лена, ты хочешь что бы тебе вернули игрушку?

Лена (7 лет): Но я первая ее взяла!

Брат: Лена, ты считаешь, что кукла должна быть у тебя, потому что ты первая ее взяла? Катя, ты слышала. Какое решение предлагает Лена?

Катя (8 лет): А что еще она может предложить? Главное для нее, чтобы было как она хочет.

Брат: Лена, Катя говорит, что ей не нравится твое решение, потому, что в этом случае ты победишь, а она проиграет.

Лена (7 лет): Хорошо, я дам поиграть ей своей куклой, пока мне не надоест играть другими.

Брат: Катя, Лена предлагает другое - пока она играет с другими игрушками, ты можешь поиграть с ее куклой

Катя (8 лет): А потом она отдаст мне куклу?

Брат: Лена, Катя может быть уверена, что ты отдашь ей потом куклу?

Лена (7 лет): Хорошо, я буду играть не долго.

Брат: Катя, Лена говорит, что все будет нормально - она тебя не обманет.

Катя (8 лет): Ну тогда, ладно.

Брат: Надеюсь теперь вы решили свою проблему. Не так ли?

Наблюдаемые единицы:

1. Сознательно принимаемые участие в конфликте субъекты: Катя, Лена.
2. Вовлеченные в конфликт по мимо своей воли: нет.
3. Прямые участники: Катя и Лена
4. Косвенные участники: Брат
5. Ранг, статус и силу каждого из участников: наиболее авторитетным является Брат, а Катя и Лена равны в своих статусах.
6. Объект конфликта: кукла. Вид объекта: объект не может быть разделен на части и владеть им совместно невозможно.
7. Объективный фактор: объект один, а играть им хотят обе стороны
8. Субъективный фактор: соперничество, элементы детского эгоизма.
9. Основные стадии протекания конфликта:

Предконфликтная ситуация: у детей много игрушек, но все они не одинаковы и поделены между сестрами.

Собственно конфликт. Повод для конфликта: отбор игрушки у владельца. Причиной конфликта становится потеря возможности играть с игрушкой, возможно желание привлечь внимание.

Формы конфликтного поведения участников: Катя - активно-конфликтное поведение (вызов); Лена пассивно-конфликтное поведение (ответ на вызов).

Фазы развития конфликта: отбор объекта конфликта (игрушки) - является этапом перехода конфликта из латентного состояния в открытое противоборство. Дальнейшая эскалация противоборства: отказ одной из сестер смириться с потерей игрушки. Для достижения своих целей наблюдаемый Катя ищет сторонников в лице брата. Конфликт достигает своего апогея когда число участников конфликта доходит до трех человек. Подключается брат. Но в данном случае характерная для этой фазы ситуация, когда конфликтующие стороны действительно забывают истинные причины и цели конфликта и останавливаются только на эмоциональных и обобщенных высказываниях, личных оскорблениях, переходит в переговорную.

Разрешение конфликта. Конфликт остановлен под давлением третьей силы. Третьей силой является брат, как авторитетная фигура он предлагает переговоры для решения конфликта.

Послеконфликтная стадия: удалось в ходе конфликта и последующих переговоров достичь преследуемой цели (обладать игрушкой будут обе стороны индивидуально, но в разное время); методы и способы ведения борьбы были социально приемлемы и даже социально одобряемы; потери сторон незначительны; чувства собственного достоинства сторон не ущемлялись; в результате заключения мира эмоциональное напряжение сторон снято; удалось сбалансировать интересы сторон; компромисс хоть и навязан третьей силой, но и явился результатом взаимного поиска решения конфликта; реакция окружающей социальной среды (брата) на итоги конфликта - одобрение.

10. *Форма межличностного конфликта:* соперничество.

11. *Исход конфликта:* компромисс.

Анализ конфликтной ситуации хорошо иллюстрирует межпредметную связь (интеграцию знаний) по ряду дисциплин, а именно – возрастная психология, социальная психология, педагогика, конфликтология. Кроме того применение метода case-study позволяет в ходе обсуждения:

- привлечь участников к групповой работе;
- определить уровень знаний студентов и их взглядов по разным вопросам;
- стимулировать умственную работу и взаимодействия в процессе занятия;
- формировать у студентов творческое отношение к учебному материалу и навыков дедуктивного мышления.

Методические рекомендации обсуждения кейса в аудитории можно свести к следующим положениям:

1. Для хорошей подготовки к обсуждению в аудитории необходимо решить процедурные проблемы: порядок и регламент выступлений, вопросов и ответов. Студенты должны получить ответы на такие вопросы:

- Как включиться в процесс обсуждения?
 - Какие формы взаимодействия со студентами и преподавателям использовать?
 - Какую роль (роли) избрать и как их играть?
 - Как быть инициативным?
- 2. Преподавателю нужно избегать преподавательских ловушек, которые сводятся к тому, что возникает желание детально объяснить ситуацию, ускорив анализ.
- 3. Студенты сами должны дорасти интеллектуально до решения ситуации. Знания они должны приобретать, а не получать.
- 4. Отношения между преподавателем и студентами должны быть партнерскими.
 - 5. Атмосфера на занятиях должна быть творческой.
 - 6. Обсуждение в аудитории нужно концентрировать вокруг трех позиций:
 - проблемы, которые содержатся в кейсе;
 - альтернативы, направленные на решение этих проблем;
 - рекомендации относительно деятельности в данной ситуации.

Таким образом, роль преподавателя, использующего кейс-метод, отличается тем, что он осуществляет информационно-коммуникативное взаимодействие студентов, формирует и поддерживает поле знаний, т.е. преподаватель выступает как руководитель, коммуникатор и активный участник познавательного коллективного процесса.

Литература

1. Гуцин Ю. В. Интерактивные методы обучения в высшей школе// Психологический журнал-2012 - № 2, С. 1-18.
2. Масалков, И. К. Стратегия кейс-стади: методология исследования и преподавания: учебник для вузов/И.К. Масалков, М В. Семина. — М.: Академический Проект; Альма Матер, 2011. — 443с.
3. Ситуационный анализ, или Анатомия Кейс-метода/под ред. Ю. П. Сурмина. — Киев: Центр инноваций и развития, 2002. — 286с.

Г. У. Аренова
г. Астана

ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ СРЕДА КАК ФАКТОР ФОРМИРОВАНИЯ ПОЛИКУЛЬТУРНОЙ ЛИЧНОСТИ СТУДЕНТА В УСЛОВИЯХ ВУЗА

Образование является одним из основных социальных институтов, обеспечивающим воспроизводство общества (главная цель любой системы образования, т. к. общество заботится, прежде всего, о постоянстве присущих ему общественного строя, менталитета, культуры и т. д.). Право на образование является одним из прав человека, которое служит ключевым фактором расширения и развития знаний, представляет собой исключительно ценное культурное и научное достояние как для каждого человека, так и для общества [1].

По утверждению Б.М. Бим-Бада и А.В. Петровского, ведущим и определяющим началом социализации является образование. Оно находится в динамическом взаимодействии с развивающимся человеком и процессами его стихийной социализации. Образование одновременно выступает и как фактор, и как средство социализации: оно влияет на предпочтение людей в выборе жизненно важных ценностей, на их самоопределение, организует и упорядочивает стихийную социализацию; все остальные факторы социализации под действием этих предпочтений то ослабевают, то усиливают свое воздействие на людей, на образ жизни, нравы и обычаи общества, его ценности и нормы. Поэтому образование можно рассматривать как процесс и результат целенаправленной, педагогически организованной и планомерной социализации человека, осуществляемой в его интересах и в интересах общества, которому он принадлежит [2].

А.В. Петровский и его соавторы определили дидактику социализации развивающейся личности в системе образования. В основу такой дидактики положены три основных принципа:

1. Принцип вариативности, ориентирующий педагога на использование средств, способствующих обнаружению учащимся собственной модели учения;
2. Принцип синтеза интеллекта, аффекта и действия, позволяющих направить психотехнические усилия педагога на интеграцию трех сфер социализации личности учащейся молодежи в системе образования;
3. Принцип приоритетного старта, означающий необходимость начала процесса социализации именно с того, что ближе всего учащемуся [3].

Именно высшие учебные заведения должны быть проводниками социокультурных идей, формировать подлинную интеллигенцию. Высшее образование – это способ

совершенствоваться в интерпретационной деятельности, понимании смысловой и оценочной информации в конкретной социальной ситуации.

В идеале, ценность университетского образования как самостоятельного социального феномена, имеющего целью социокультурную, личностную и статусную привлекательность заключается в приобретении «интеллигентности», т. е. способности молодого человека постоянно черпать знания, готовности понимать другого человека и другую культуру [3].

Инновационная поликультурная образовательная среда представляет систему влияний и условий, создающих возможности для развития профессионально-ориентированной поликультурной языковой личности. Используя понятие "инновационная поликультурная образовательная среда", Ясвин В.А. имеет в виду, что она выступает условием, содействующим самореализации будущего профессионала, способным обеспечить формирование основ нового профессионально-ориентированного поликультурного сознания и поведения путем введения новообразований в педагогические технологии и практику. Инновационная среда является культурно-образовательным пространством с приоритетом гуманистически-нравственных ценностей, среди которых доминантными являются ценности саморазвития и самореализации [4].

Такая среда предполагает организацию системы непрерывной профессионально-ориентированной языковой подготовки; предоставление возможностей для проектирования индивидуализированной образовательной траектории развития профессионально-ориентированной иноязычной компетентности; интегративный подход к отбору содержания обучения в соответствии с запросами общества и комплиментарность потребностям обучающихся; использование новейших достижений в образовательной практике; изменение системы подготовки с переносом акцента на автономную деятельность обучающихся; изменение системы учебного взаимодействия (взаимосвязь – взаимоотношение – взаиморазвитие) [5].

В составе инновационной поликультурной образовательной среды выделяют содержательно-методический, процессуально-технологический и коммуникационный компоненты. Их взаимодействие создает возможности для содействия непрерывности и динамичности процесса развития и совершенствования черт профессионально-ориентированной поликультурной языковой личности обучающихся, которая проявляется в уровне сформированности профессионально-ориентированной иноязычной коммуникативной компетентности.

На начальном этапе языковой социализации в ВУЗе доминируют общепрофессиональные, общекультурные аспекты языка. Продвинутый этап предусматривает более узкую направленность: изучение текстов по специальности, овладение профессиональной терминологией, умение общаться на профессионально значимые темы. Для современных студентов характерно то, что они получают достаточные языковые профессионально-ориентированные знания, однако отмечается недостаточность получаемых знаний по культуре речи, этике общения, умению устанавливать коммуникативные контакты в различных социальных контекстах [9].

Образование признано одним из важнейших приоритетов долгосрочной Стратегии «Казахстан – 2030». Целью реформ в образовательной сфере является адаптация системы образования к новой социально-экономической среде.

Система образования Республики Казахстан претерпела изменения, связанные со следующими объективными факторами:

- становление Республики Казахстан в качестве суверенного государства;
- ориентация на рыночную модель экономики;
- развитие различных форм собственности;
- вхождение национального образования в мировую образовательную систему [6].

Улучшение экономической ситуации страны в начале нового столетия в целом позитивно отразилось на системе образования: возобновилось строительство новых школ;

стали выделяться средства на укрепление материально-технической базы организаций образования. Однако этого недостаточно для коренного изменения состояния системы образования. Наблюдается явное отставание образовательной системы от потребностей рыночной экономики и открытого гражданского общества [7].

Обучение студентов навыкам и компетенциям, необходимым для успешной деятельности в экономике, основанной на знаниях, требует владения рядом знаний и компетенций. Три категории компетенций являются ключевыми:

1. *Действовать автономно*, развивать и реализовывать чувство собственного «я»; делать выбор и действовать в контексте более широкой панорамы - быть ориентированным на будущее, осознавать особенности среды, понимать, как можно встраиваться, выполнять обязанности и осуществлять свои права; определять и реализовывать жизненный план, планировать и реализовывать личные проекты.

2. *Использовать средства в интерактивном режиме*; использовать средства как инструменты для активного диалога: осознавать и реагировать на возможности новых средств; быть способным использовать язык, текст, символы, информацию, знания и технологию в интерактивном режиме для достижения целей.

3. *Функционировать в социально неоднородных группах*; быть способным эффективно взаимодействовать с другими людьми, имеющими разный жизненный опыт, признавать особенности, являющиеся следствием социальной принадлежности индивидов; создавать социальный капитал; уметь устанавливать хорошие отношения с другими, кооперироваться, управлять и разрешать конфликты [8].

Исходя из перечисленных категорий компетенций, можно отметить, что основной тенденцией развития образования является повышение качества подготовки специалистов, обеспечение новых направлений подготовки, инновационного развития, интеграция с интенсивной научно-исследовательской деятельностью, тесная связь исследований с потребностями общества на основе совершенствования образовательных и информационных технологий.

Литература

1. РАН Г. В. Осипова. М.: ИНФРА-М, 1998.
2. Бим-Бад Б.М., Петровский А.В. Образование в контексте социализации. // Педагогика. – 1996. - №1. С.3-8
3. Петровский А.В. Личность. Деятельность. Коллектив. – М.: Политиздат, 1982.-255 с.
4. Русанова А. Г. Культурная идентификация студентов и проблемы высшего образования // www.zpu-journal.ru/e-zpu/2008/11/Rusanova/
5. Ярославова Е.Н. Становление профессионально-ориентированной поликультурной языковой личности в инновационной образовательной среде университета. www.nbuv.gov.ua/portal/Soc_Gum/Vchdpu/ped/2011_92/Yaroslav.pdf
6. Концепция развития образования РК до 2015 года. - Астана, 2004
7. Шокаманов Ю. К. Тенденции человеческого развития в Казахстане. - Алматы: Агентство Республики Казахстан по статистике, 2001. - 348с.
8. Казахстан в цифрах. // Агентство Республики Казахстан по статистике www.stat.kz
9. Аренова Г.У. Психолого-педагогические условия формирования полилингвальной личности (на примере студенческой молодежи). Дисс...магистр.пед.наук. – Астана, 2013г. – 110с.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ҚАЛЫПТАСУЫНДА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ АЛАТЫН РӨЛІ

Қарым-қатынас – бұл әлеуметтік-психологиялық құбылыс, ол адам өміріндегі көптеген рухани және материалдық құндылықтарды қамти отырып, оның өміріндегі ең жоғары қажеттіліктердің бірі. Оқытушы мен студенттердің арасындағы педагогикалық қарым-қатынас ересек адамдардың тәрбие ықпалының маңызды жолдарының бірі болып табылады. Оқытушы негізінен мұндай қарым-қатынасты ұйымдастыру және қолдануға біршама даяр, ол студенттер істің негізгі өрісінде – университетте көреді, оның жолдастары мен достарын біледі. Бұл, бір жағынан араласу үшін көп материал береді, екіншіден, педагогтың тәрбиелік мақсатына жетуіне әсер етеді, себебі, студенттермен араласа отырып, оның өміріндегі көптеген факторларды ескере алады және соған сәйкес тіршілікте туатын проблемаларды шешуге көмектесе отырып, білімгерлерге ықпалын тигізеді. Алайда, тәжірибеде оқытушының студенттермен қарым-қатынасы әрдайым ұтымды қалыптаспайды. Көп жағдайда бұл әрбір педагогтың басқару стиліне тәуелді, басқаша айтқанда, оның студенттермен өзара ықпалы құрылатын функцияларды тәрбиешінің орындау мәнерлері және тәсілдерінің түріне байланысты. Әдебиеттерді талдау негізінде оқытушылардың студенттермен қарым-қатынас стилінің бес түрін сипаттауға болады [1].

Қарым-қатынасты басқарудың *автократтық стилінде* оқытушы студенттерге көптеген қатаң талаптар қойып, оның орындалуын қатты қадағалайды. Студенттер өздерінің көзқарасын, пікірлерін айта алмайды.

Ал өктемдік стилінде автократтықтың негізгі белгілері тән болып келеді. Бірақ, мұнда студенттерге қатысы бар ұжымдық өмірдің проблемаларын талқылауға мүмкіндік беріледі. Алайда оқытушы әрқашан соңғы шешімді өзінің бағдарларына сай қабылдайды.

Қарым-қатынастың *демократиялық стилінде* оқытушы топ ұжымына сүйенеді, студенттерді дербестікке ынталандырады. Олар ұжымдық өмір проблемаларын талқылайды да белгілі бір талғамға ие болады. Бірақ соңғы шешімді оқытушы тұжырымдайды. Оқытушы студенттердің сын-ескертпелеріне белгілі шыдамдылық көрсетіп, олардың жеке істері мен проблемаларын жете түсінуге тырысады.

Елемеушілік стильде оқытушы шамасы келгенше студенттердің тірлігіне көп араласпауға, міндеттері мен басшылық ету нұсқауларын формальды орындаумен шектеле отырып, іс жүзінде олармен тиімді қарым қатынас жасаудан шет қалуға тырысады.

Айнымалы стильге тән оқытушы сыртқы жағдайға немесе өзіндік эмоциялық күй жайға байланысты жоғарыда сипатталған қарым-қатынас стильдерінің кез келген түрін іске асырады, ол оқытушының студенттермен өзара қарым қатынас жасау жүйесін шатастырып, күрделі жағдайларға жетелейді.

Сондықтан да жеке тұлғаның қалыптасуында студент пен оқытушы арасындағы қарым-қатынастың орны ерекше. Қандай адам болсын университет қабырғасында өзіне үлкен әсер еткен оқытушы туралы аса бір жылылықпен еске түсіруі жиі кездеседі. Оқытушы мен студенттің қарым-қатынасы өте күрделі мәселе болып есептеледі, өйткені осылардың негізінде студенттердің жеке қасиеттері қалыптасады. Педагог М.Шульцтің айтуынша, «Мұғалім мен оқушының жеке қарым-қатынастары іс-әрекеттер атқару нәтижесінде туындауы қажет», - дейді. Педагогикалық тұрғыдан қарағанда тәрбиеленушіге нәтижелі ықпал ету үшін студент оқытушыны қабылдауы ғана емес, керісінше оқытушының да студентті де қабылдауы қажет.

Педагогикалық қарым-қатынас дегеніміз – оқытушы мен студенттің рухани баюы. Бұл нәтижеге тек қана оқытушы студентке өзінің дәрежесіндей тең қарағанда ғана жетуге болады. Бұл қандай қарым-қатынасты білдіреді?

Біріншіден, оқытушы студенттің рухани дүниесіне үлкен құрметпен қарап, оның еркіндігін мойындап, оның келісу-келіспеу құқығына және іс-әрекетін таңдау құқығына ие екендігін тануы.

Екіншіден, студенттің дүниеге деген көзқарасын түсініп оның қайғысы мен қуанышына ортақтаса білу. Кері байланыс біреудің екіншіге деген қызығуы қарым-қатынасынан туындайды. Жатсыну, бір-біріне селқостық өзара қызығу жоқ жерде пайда болады. Қалыптасқан әдет бойынша педагогтың әңгімесінің мазмұны ескерту мен үйретулерге толы болады. Мұндай педагогикалық қарым-қатынас мүмкін емес. Қарым-қатынас басқа біреудің жан дүниесіне «мен» деген ұғымына ену. Бұл оңай емес, өйткені басқаның жан дүниесіне енуі үшін психологиялық дайындық керек. Сондықтан қарым-қатынасты ұйымдастырғанда студенттің психологиялық жағдайын ескеру қажет. Қарым-қатынаста оқытушы ұстайтын арақашықтықтың да өзіндік маңызы бар. Бұл оқытушының студентке деген көзқарасының әртүрлілігінде. Педагог өз күшіне сенбесе, бұл арақашықтықтың алыстауына әкеліп соғады және оның беделіне нұқсан келтіреді [2].

Қарым-қатынасты дұрыс анықтау шығармашылықты талап етеді, әрбір оқытушы бұл мәселені өзі шешеді. Студенттің тәртіпсіз қылығын көргенде қаталдау қарап, ал керісінше жағдайда жақын тартады. Арақашықтықтың өлшемі сонымен қатар оқытушының студентпен сөйлесуінен «сіз» және «сен» түрінде еркелету және ресми дауыс ырғағынан көрінеді. Қарым-қатынаста арақашықтықты сезу қиын емес. Бұл үшін сөйлесіп отырған адамдарды бақылап отырып, олардың бір-біріне деген көзқарасын анықтауға болады.

Студенттермен қарым-қатынас жасаудың ең бір бағалы сәті әр студенттің өзімен жеке байланыс орнату. Бұл жеке қарым-қатынас студенттің көңіліне сенім ұялатады, қамқорлықты сезінеді. Жеке қарым-қатынасты қалыптастыру әдісі түрлі-түрлі, мәселен: қарау, күлімсіреу, қимыл, тыйым сөз, әдепті сұрақ т.б. Бұдан соң басқа студенттермен, яғни топпен қарым-қатынасқа түсу жеңіл болады. Оқытушы студент бойында қазіргі заман мәдениетіне сай мінез қалыптасуына жауапты. Өзіне деген сенімділік, беделдік студентте, сонымен қатар оқытушыда да міндетті түрде болуы керек. Басқаны тыңдай білу, оны құрметтей білуді де студент оқытушыдан үйренеді. Студентке деген оқытушының шынайылық және әдептілік қарым-қатынасты, студент бойында да осылардың пайда болуына әсер етеді. Басқа адамдармен сөйлесе білу мәдениеті де оқытушыға қатысты. Оқытушының міндеті – студенттермен қарым-қатынасқа түсе отырып ынталандыруға жағдай жасау. Студенттердің өзара әрекетіне басшылық жасап, бағыт-бағдар беру. Оқытушы көмекші рөлді атқарады, оның белсенділігінің орнына, студенттердің белсенділігі артады [3].

Оқытушы студенттер көңілін үйлесімділік орын алу үшін пікірлердің сөзбе-сөз сай келуіне емес, баға белгілерінің ұқсастығына, қайсыбір пікірлер үшін қажетті адамгершілік негіздерінің ортақтығына аударуы керек.

Қарым-қатынас – бұл адамның басқа адамдармен өзіндік өзара әсерлесуі және біріккен іс-әрекетте өзара қатынасының дамуы. Қарым-қатынас адамзат қатынасының күрделі түрі. А.Б.Добрович пікірінше, қарым-қатынас бірліктегі қызметті реттейді, сананың алғашқы қалыптасуының және дамуының құралы болып табылады. Ол жеке тұлғаның ойы мен іс-әрекетін анықтайды деген [4].

Қарым-қатынас адам психикасының және оның мінез-құлқының мәдени, саналы түрде қалыптасуы мен дамуында үлкен роль атқарады. Қарым-қатынас арқылы адам жоғары қабілеттері мен қасиеттерін аша алады. Дамыған адамдармен белсенді қарым-қатынасқа түсе отырып, ол өзі тұлға болып қалыптаса алады. Егер туғаннан бастап, адам басқа адамдармен қарым-қатынасқа түсу мүмкіндігінен айырылса, ол ешқашан мәдениетті, адамгершілігі бар адам болмас еді, тек ғана аяғына дейін жартылай жануар болып яғни, сыртқы жағынан адамға ұқсас болар еді. Оған әдебиеттерде көптеген мысалдар, зерттеулер дәлел бола алады.

Жеке адамдар арасындағы қарым-қатынас тиімділігін арттыру үшін мынадай жайттар ұсынылады:

- мұқият тындай білуге дағдылану;
- өз идеяңды айтпас бұрын айқындап алу;
- потенциалдық семантикалық проблемаларды қабылдай білу;
- өзіңнің дене тұрысыңа, қимылыңа, дауыс ырғағыңа зер салу;
- эмпатияға және ашық-жарқын әңгімеге көңіл бөлу. Эмпатия – бұл басқа адамның сезіміне көңіл аудару, әрі өзара пікірлескенде, хабар алмасқанда қолдау, көңілді әңгімелесу;
- кері байланыс орнатуға тырысу [5].

Студенттердің түрлі іс-әрекеттердегі қарым-қатынасы жаңа психологиялық және тұлғалық сапалардың қалыптасуына негіз болады. Сонымен, қарым-қатынас адамзат үшін әртүрлі деңгейде, әртүрлі кезеңде қалыптастыруды қажет ететін құбылыс.

Әдебиеттер

1. Брудный А.А. Понимание как философско-психологическая проблема. // Вопросы философии. 1977. №10. С. – 5-10.
2. Зимняя И.А. Педагогикалық психология – М.: Логос; А, 2005.
3. Кушембаев Р.К. Психология успеха – А., 1999.
4. Добрович А. Общение: наука и искусство. – М.: Яуза. - 255 с.
5. Көмекбаева Л. К. Білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметті ұйымдастыру. – А, 2002.
6. Бакли Р., Кейпл Д. Теория и практика тренинга.- СПб, 2002
7. Андреева Г.М. Социальная психология. – М.: Аспект Пресс, 1996
8. Бодалев А.А. Психологическое общение. – В.: Н.П.О, 1996.

Г. А. Куребаева
Семей қ.

ӘЛЕУМЕТТІК ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТРЕНИНГ ОҚЫТУ ӘДІСІ РЕТІНДЕ

Кең мағынада әлеуметтік-психологиялық тренингі топтық жұмыстың белсенді әдістеріне негізделген психологиялық әсер етудің тәжірибесін білдіреді және коррекция мен тұлғалық дамудың, іс-әрекет, қарым-қатынас сфераларындағы іскерліктер мен дағдыларды меңгерудің, білім берудің арнайы формалары қолданылады [1].

Әлеуметтік-психологиялық тренинг (ӘПТ) – нақты қандай да бір әлеуметтік психологиялық білімдерді меңгеруге, персоналдық араласушылық қабілеттерін, рефлексивті дағдыларды және топтағы болып жатқан жағдайларға, мінез-құлыққа, қалып-күйлерге талдай жасай алу қабілетін, өзін және қоршағандарды барабар қабылдау іскерлігін дамытуға бағытталған. Мұнда тұлғалық мінез-құлық пен тұлғааралық өзара әрекеттесудің нормалары жасалады және түзетіледі, сонымен қатар жағдайға икемді жауап қайтара алу қабілеті дамытылады [2].

ӘПТ – белсенді оқыту мен психологиялық әсер етудің әдісі болып табылады, ол топтың интенсивті өзара әрекеттесу процесінде жүзеге асырылады, және қарым-қатынас сферасындағы хабардарлықты жоғарлатуға бағытталған. Мұнда үйренушінің жалпы белсенділік қағидасы басқа топ қатысушыларының мінез-құлығы мен өзінің мінез-құлығын рефлексиялау принципімен толықтырылады.

ӘПТ барысында шешілетін негізгі міндеттерді бес топқа бөлуге болады: психологиялық білімдерді меңгеру, адам тұлғасына арналған түрлі психологиялық көзқарастармен танысу, адамдардың өзара әрекеттесу процесін, бұл әрекеттесуді қозғалысқа келтіретін серіппелерді, нәтижелі қарым-қатынас тәсілдерін меңгеру [3].

Сырттай білдірілетін қарым-қатынас дағдылары мен іскерліктерін меңгеру: жұптағы өзара әрекеттесу кезінде, топ құрамында, қатынасқа түсу кезінде, белсенді тыңдау кезінде, т.б., яғни қарым-қатынас тактикалары мен техникаларын жетілдіру.

Тренинг барысында жасалатын психологиялық қауіпсіздік және ыңғайлылық атмосферасы қатысушыларға мінез-құлықтық эмоционалдық стереотиптер тізімін көрсетуге және өзінің мінез-құлығына кері байланысты алып, адамдармен өзара әрекеттесу кезінде жіберілген қателіктерді, қарым-қатынасқа басқа, одан да нәтижелі бағыттарды қолдануға болатынын ұғынуға, өзара әрекеттесудің жаңа дағдыларын меңгеруге мүмкіндік береді. Әрбір тренинг қандай да бір дәрежеде аталған міндеттерді шешеді, және де бұл дәрежеге тек тренингке ғана байланысты емес, ол сонымен қатар топ мүшелерінің тұлғалық мәселелеріне, мақсаттарына, мотивациясына тәуелді болады [4].

ӘПТ процесінде топтық дискуссия, рөлдік ойын, вербальді емес жаттығулар т.б. түрлі әдістемелік тәсілдер қолданылады. Сабақ барысында бейнежазылымды қолдану ӘПТ-тің нәтижелілігін жоғарлатып, қатысушыларға объективті кері байланысты алуға мүмкіндік береді.

ӘПТ бірінші кезекте әртүрлі саладағы мамандарды: басқарушыларды, педагогтарды, дәрігерлерді, психологтарды, әлеуметтік қызметкерлерді т.б. даярлаудың құрамды бөлігі ретінде кең тарау алды [5].

Әлеуметтік-психологиялық тренинг – адамдардың топтық өзара әрекеттесуі кезінде қалыптасатын өмірлік тәжірибені жинақтау арқылы оқыту. Әсіресе, осындай оқыту болашақ мамандар үшін өзекті болып келеді, осы кезде кәсіби қарым-қатынас қажеттілік өрши түседі, ал кәсіби тәжірибе жеткіліксіз, бірақ оны жинақтауға деген ұмтылыс анық көрінеді.

ӘПТ жағдайындағы қарым-қатынас, кәдімгі тұлғааралық қатынастарға қарағанда, интенсивті, эмоционалды, ашық, шынайы болып келеді. Топпен жұмыс істеудің бастапқы кезеңдерінде жүргізушінің негізгі міндеті сәйкес атмосфераны қалыптастыру, осындай қарым-қатынас үшін психологиялық қауіпсіз жағдайларды модельдеу [6].

Жағдайлардың көбінде психологиялық тренинг топтық формада жүргізіледі, көптеген авторлар бұның артықшылықтарын бөліп көрсетеді. Жұмыстың топтық формасының артықшылықтары:

- Топ миниатюрадағы қоғамды бейнелейді, сондықтан әртүрлі әлеуметтік ептіліктерді дамыту үшін «полигон» бола алады.
- Адам топта жаңа іскерліктерді меңгере алады, өзі сияқты серіктестер арасында қатынастардың түрлі стильдерімен эксперимент жасай алады.
- Топ ұқсас мәселелері бар адамдардан қолдау мен кері байланыс алуға мүмкіндік береді, қатысушылар өздерін басқалармен ұқсастыра алады.
- Топтық тәжірибе оқшаулануға қарсы әрекет жасап, қоршағандар мен жақын қарым-қатынас орнатуға, тұлғаралық мәселелерді шешуге көмектеседі.
- Топ қатысушылардың өзін-өзі ашу, өзін-өзі зерттеу, өзін-өзі тану процестерін жеңілдетеді.
- Топтағы өзара әрекеттесу күштенуді туғызады, ол өз кезегінде қатысушылардың психологиялық мәселелерін анықтау мен шешу бойынша құрылымдық жұмысқа тасымалданады.
- Топтық психологиялық жұмыс бір мезгілде көп адамдармен жұмыс істеуге мүмкіндік береді, сондықтан қатысушылар оған жеңіл қол жеткізе алады [6].

Психологиялық тренингтер әр алуандығымен сипатталады, және түрлі негіздері бойынша жіктеледі. Егер психологиялық тренингтерді мақсаттарына байланысты жіктейтін болсақ, оларды шартты түрде нақты ептіліктер тренингтерімен тұлғалық өсу

тренингтеріне дейін орналастыруға болады. Бірінші жағдайда – сыртқы, мінез-құлықтық эффектіге тірек жасалады, ол кейін тұлғаның өзгеруіне әкелуі мүмкін. Екінші жағдайда негізгі эффект ішкі жоспарда байқалады – әуелі тұлғаишілік өзгерістер (өзін-өзі бағалау, мотивация, құндылық бағдарлар т.б.) жүзеге асып, кейін мінез-құлық та өзгеруі мүмкін. Сәйкес тренингтердің нәтижелілігінің критерийлері де айырықшаланады: бірінші жағдайда олар – объективті (жаттықтырылатын ептіліктердің даму деңгейі), екіншісінде – қатысушылардың тренинг оларға не бергені жөнінде өздерінің есептері жолымен алынған субъективті критерийлері [6].

Тренингтер, оларда жұмыстың пәні ретінде қандай тұлға қатынастарының жүйесі шығатынына байланысты жіктелінуі мүмкін.

Тұтас тренингті немесе жеке сабақтарды ұйымдастыру кезінде жүргізілетін жұмыстың мақсатын анықтап алу қажет, шешуді қажет ететін міндеттерді ойластырып, қалыптастырған жөн.

Міндеттер жұмыс барысында қол жеткізуге жоспарланатын нақты нәтижелерді бейнелеуі керек. Мысалы, «психикалық қасиеттерді трансформациялаудың жаңа деңгейі ретінде психикалық қасиеттерді қалыптастыру және субъекті потенциалды ашу» немесе «балаларға қызықты болу керек!» сияқты міндеттерді қою сәтті болып келмейді. Бірінші жағдайда – міндет ғылыми болса да, бірақ тым абстрактілі, оны әрбір адам өзінше түсініп, тұжырымдауы мүмкін, сонымен қатар ол нақтылауды қажет етеді. Екіншісінде – міндет нәтижені емес, жұмыс процесінің эмоционалдығын бейнелейді.

Міндеттерде қол жеткізуге белгіленген нәтижелер мүмкіндігінше позитивті терминдерде қалыптастырылуы керек. Мысалы, «топтың бөлініп кетуін болдырмау» дұрыс емес, «топтың бірлестігінің деңгейін арттыру» дұрыс. Күтілген нәтиже негативті терминдерден тұрса, онда адамда жолболмаушылық бейнесі пайда болып, оған бейсаналық бағдарлану жүзеге асады. Егер велосипедте жүріп келе жатқан адам «құламасам ғана екен» деп ойласа, құлау мүмкіндігі жоғарылай түседі.

Қойылған міндеттерді шешу белсенді әлеуметтік-психологиялық оқыту әдісі ретінде тренинг мәніне барабар болуы тиіс. Мысалы, егер оқушыларды оқу даярлығының деңгейі бойынша «күшті» және «әлсіздерге» бөлу керек болса, берілген міндетті ӘПТ көмегімен шешу – орынсыз.

Міндеттер шынайы, қол жетерліктей болуы тиіс, яғни сабақтарға бөлінген уақытты ескере отырып тренинг жағдайларында қол жеткізуге болатындай.

Жоспарланған нәтижелерге қол жеткізу принципіалды тексерілетіндей болуы тиіс: тренинг нәтижесінде пайда болған өзгерістерді объективті зерттеу деңгейінде немесе қатысушылардың өздерінің берген есептері деңгейінде.

Әдебиеттер

- 1.Захаров В.П, Хрящева Н.Ю. Социально-психологический тренинг: учебное пособие, Лен: ЛГУ,1989.
- 2.Петровская Л.А. Теоретические и методические проблемы социально-психологического тренинга. М.,1982.
- 3.Марсанов Г.И. Социально-психологический тренинг.М.,1998.
- 4.Фопель К. Технология ведения тренинга.Теория и практика.М., 2003.
- 5.Вачков И.В, Дерябо С.Д.Окна в мир тренинга. Методологические основы субъектного подхода к групповой работе. СПб, 2004.
- 6.Дерманова И.Б, Сидоренко Е.В.Психологический практикум. Межличностные отношения: методические рекомендации, СПб, 2001.

ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС

Оқушылардың ғылыми зерттеу жұмыстарына қызығуын қалыптастыру, шығармашылық қабілетін дамыту, қазіргі техниканы тиімді пайдалану мәдениетіне тәрбиелеу – мектептің басты бағыттарының бірі. Бұл салада атқарылатын жұмыстар жетерлік. Баланың шығармашылық қабілетін ашу, оны алға қарай дамыту үшін ең бастысы жағдайлар жасау қажет. Оқушының дарындылығының дамуы, қабілетінің ашылуы көбінесе мұғалімнің кәсіби біліктілігіне, және оның тұлғалық қасиетіне байланысты екені анық. Көбінесе “Дарынды оқушы – бұл жақсы оқитын оқушы” деген пікір қалыптасқан. Дарынды оқушымен жұмыстың негізгі мақсаты – олардың шығармашылық жұмыста өзінің қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптастыру. Ал мақсатқа жету оқу бағдарламасын тереңдетіп оқыту және оқушының танымдық белсенділігін дамыту арқылы жүзеге асады [1].

Оқушының болашақтағы мамандығына байланысты, яғни кәсіби тағдыры тек қана жақсы мұғалімге байланысты. Мектеп мұғалімдері дарынды балалармен жұмысты төмендегі үлгіде жүргізулеріне болады деп санаймыз. Бұл үлгі интернет желісіндегі материалдармен таныса отырып құрастырылған. Ұсынылып отырған құрылымы төмендегідей:

I бөлім. Дарынды оқушылардың қабілеттерін дамыту бағытында істелетін жұмыстарының мақсаттары мен міндеттері.

II бөлім. Дарынды оқушылармен жұмыс істеу жүйесі.

III бөлім. Оқушының ерекше қабілетін ашу жолдары.

IV бөлім. Дарынды оқушылар туралы мәлімет.

V бөлім. Бағыттары бойынша жұмыс жоспары.

VI бөлім. Жоспар бойынша тапсырмалар түрлері.

VII бөлім. Оқушылардың шығармашылық жұмыстары.

VIII бөлім. Дарындылық туралы ой-пікірлер.

IX бөлім. Жетістіктер.

I бөлім. Дарынды оқушылардың қабілеттерін дамыту бағытында істелетін жұмыстарының мақсаттары мен міндеттері. Мектеп – еліміздің халыққа білім беру жүйесінің – күрделі тармағы. Сондықтан мектебіміздің мақсаты: жеке тұлғаны жан-жақты дамытудың алғышарты ретінде оқушыларды сараптап оқыту арқылы шығармашылық қабілетін дамыту. Міндеттері: оқу-тәрбие үрдісіне диагностикалық талдау жасау; оқушының жеке тұлғасының мониторингісін құру; оқу-тәрбие үрдісін ізгілендіруді жүзеге асыру.

Оқушыға қойылатын талаптары: қоршаған ортаны сезе білу, құбылыс себептерін іздене білу; ақыл парасатты игеріп, ойлау, сезім қабілеттерін арттыру; алдына мақсат қоя білу және жетуге ұмтылу; өзін-өзі талдауды, өзін-өзі бағалай білуді меңгеру; басқа адамдармен қарым-қатынас жасай білу, осы заманға сай технологияларды пайдалана білу (интернет, электронды пошта); қоршаған ортада өз орныңды, жеке рөліңді анықтай білу.

II бөлім. Дарынды оқушылармен жұмыс істеу жүйесі. Жұмыстың бағыттары: диагностика – оқушыны тұлға ретінде байқау; қабілеті жоғары және дарынды оқушылармен қазақ тілі сабағында жұмыс істеу; сабақтан және сыныптан тыс жұмыстары.

Жұмыстың әдістері: анкета, сұрақтар қою; әңгімелесу; тестілеу; әдебиеттерді қарастыру; шығармашылық жұмыстар; жобалау әдісі; алдын алу әдісі; мәселе шешу әдісі;

Жұмыс түрлері: сабақ жүзінде қиындығы жоғары тапсырмаларды пайдалану; уақытша топтарды жасау; өз-өзінің білімін көтеру; пән апталықтар өткізу; ғылыми-практикалық конференция; олимпиада; интеллектуалдық марафон. Жұмыстың негізгі қағидасы – «байыту» қағидасы.

Бағдарламаның ресурстық қамтамасыз етілуі: оқу кабинеті; кітапхана фонды – қазақ тілі мен әдебиет бойынша әдебиеттердің бар болуы.

Басқару, байланыс:

Басқару – директор, директордың ғылыми-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары, қазақ тілі мұғалімі.

Басқа ұйымдармен байланыс: КМУ, филология факультеті.

Тиімділігінің белгілері: пәнге деген қызығушылығының жоғары деңгейі; пән бойынша үлгірмейтін оқушылардың жоқ болуы.

III бөлім. Оқушының ерекше қабілетін ашу жолдары: психологиялық диагностика жүргізу; қазақ тілі пәні бойынша оқу үлгерімін тест бойынша анықтау; оқушының жеке өзінің ынтасы, қызығушылығы, сұранысына байланысты таңдау; ата-анасының өтініші бойынша оқушы қабылдау.

IV бөлім. Дарынды оқушылар туралы мәлімет.

2013-2014 оқу жылына дарынды оқушылар тізімі үлгісі (жеке сынып бойынша жасалады):

№	Оқушының аты-жөні:	Олимпиада	Мектепшілік		Қалалық	
			ұпай	орны	ұпай	орны
1	2	3	4	5	6	7

V бөлім. Бағыттары бойынша жұмыс жоспары. 2013-2014 оқу жылына 9-11 сынып оқушыларымен айлық жұмыс жоспары үлгісі:

	Мазмұны	Мерзімі
	Қазақ тілі пәнінен дарынды оқушылардың тізімдерін жаңарту	Тамыз
	Дарынды балалар туралы мәліметтер жинақтау	Тамыз
	Дарынды балаларға арналған жұмыс түрлерін құрастыру (жоғары деңгейлі тапсырмаларды құрастыру)	Жыл бойына
	Мектепшілік және қалалық олимпиадаларға қатысуға дайындық жүргізу	Қыркүйек - наурыз
	Оқушылардың қызығушылығын ескере отырып мектепшілік, қалалық сайыстарға ғылыми-зерттеушілік жобаларды дайындау	Қыркүйек - наурыз
	Ата-аналармен жұмыс	Үнемі
	Сыныптан тыс уақытта оқушылардың сұрақтары бойынша жеке кеңес өткізу	Жыл бойы
	Пән бойынша қосымша әдебиеттер қолдануға жеке сілтеме беру	Жыл бойы
	Басқа пән мұғалімдерімен дарынды балалармен жұмыс бойынша тәжірибе алмастыру	Үнемі
0	Түрлі тест пен деңгейлік тапсырмалар, презентациялар, жоба жұмыстарын құрастыру	Жыл бойы
1	Оқушыларға жазғы демалыс кезінде ізденуге арналған жұмыс түрлерін ұйымдастыру	Мамыр

VI бөлім. Жоспар бойынша тапсырмалар түрлері.

VII бөлім. Оқушылардың шығармашылық жұмыс (ғылыми жоба):

№	Оқушының аты-жөні	Сынып	Тақырып	Басталуы - аяқталуы
1	2	3	4	5

VIII бөлім. Дарындылық туралы ой-пікірлер. Мұғалімдерге сабақты жақсы оқитын, оқуда қиыншылық туғызбайтын, тәртіпті, ұйымшыл, білімді, тұрақты, ұғымтал, өз ойын нақты және түсінікті жеткізе алатын оқушылар көбірек ұнайды. Ал қисынсыз сұрақ қоятын, өз жұмысымен ғана айналыспайтын, тәуелсіз, көбіне түсініспеушілік туғызатын,

қияли, әр нәрсеге көзқарасы бөлек оқушылар ұнамайды. Белгілі ағылшын психологі П.Торренстің зерттеулері нақ осы қасиеттер оқушының шығармашылық дарындылығын көрсететін және оның нашар оқитын оқушылардың арасында да аз емес екендігін айқындаған [2]. Сондықтан мұғалімдер осы зерттеулердің нәтижесін есте ұстағаны жөн.

Ұлы ойшыл Плуларх кезінде былай депті: “...Көптеген табиғи талант дарынсыз ұстаздардың кесірінен жойылып кетеді [3]. Олар дарынның табиғи құбылысына терең бойлай алмай, тұлпарды есекке айналдырып құртып тынады”. Міне, ұстаз осындай келеңсіздікке жол бермеуі керек.

Сондай-ақ дарынды оқушылармен нәтижелі жұмыс жасайтын мұғалімнің кәсіби “бейнесі” мынадай қасиеттерден тұрады: жоғары кәсіби біліктілік, даралық қасиет, білімпаздық, ойлап табуға және ғылыми зерттеу жұмысына қабілеттілік, кәсіби қызметін өздігінен жетілдіруге ұмтылушылық. Дарынды оқушымен жұмыс мұғалімнің өзіне, қызметіне және кәсіби біліктілігіне жаңа, жоғары талаптар қояды [4]. Оқушылардың шығармашылық қабілетін арттырып, ынталандыру үшін сабақтарды мына жолдармен өткізуге болады: сабақта кең көлемде көрнекі құралдарды пайдалану; сабақты түрлендіріп өткізу; сабақта оқушылар өздері жасаған суреттер, схемаларды пайдалану; техникалық құралдарды тиімді қолдану; сабаққа қатысты бейнетаспалар, фильмдер көрсету.

IX бөлім. Жетістіктері.

Оқушылардың ғылыми жобасы үлгісі:

№	Оқушының аты-жөні	Саласы	Тақырыбы	Нәтиже
1	2	3	4	5

Қорыта келгенде “Ұдайы еңбек ету – өнердің де, өмірдің де заңы” дегендей, оқушылардың шығармашылық қабілеті мен белсенділігін арттыруда мұғалімге үнемі ізденуді, тұрақты еңбек етуді міндеттейді.

Әдебиеттер

- 1.Мадалиева Ж.Б. Психология одаренности. Методическое пособие, – Алматы, 1999 ж.
- 2.Torrance E. P. Rewarding creative behavior. Prentice-Hall. 1965.
- 3.Плуларх. Моралии. Изречения царей и полководцев. - Вестник древней истории, 1976-1980
4. «Дарын» Ақпарат-әдістемелік жинағы, №3-4, 2004. 24 б.

Э. Т. Какенова
Астана қ.
С. Т. Какенова
Арқалық қ.

АҚПАРАТТЫҚ-КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК – МҰҒАЛІМНІҢ БАСТЫ САПАСЫ

Бүгінгі өзгермелі әлемде Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі басты талаптар мен қажеттіліктерді қанағаттандыра отырып, әлемдік білім кеңістігіне бетбұрыс жасауда.

Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаев Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінде оқыған «Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына» атты лекциясында осы мәселені айқындай отырып, былай деп айтқан еді: «Жеке тұлғаны функционалдық әзірлеу тұжырымдамасынан жеке тұлғаны

дамыту тұжырымдамасына көшу жүріп жатыр. Жаңа тұжырымдама білім берудің даралық сипатын көздейді, ол әрбір нақты адамның мүмкіндіктерін және оның өзін-өзі іске асыруы мен өзін-өзі дамытуға қабілеттілігін ескеруге мүмкіндік береді» [1].

2011-2020 жылдарға арналған жалпы білім беруді дамыту бағдарламасында мектептерде интеллектісі жоғары, дене бітімі түзу, рухани жағынан дамыған ҚР-дың азаматын қалыптастыру, тез өзгертін әлемде оның табысты болуын қамтамасыз ететін білім алуудағы қажеттілігін қанағаттандыру, бәсекеге қабілетті адами капиталды дамыту мәселесі қарастырылады. Бұл тұжырымдамасында «бастауыш мектептің бағдарламасы баланың жеке тұлғасын қалыптастыруға, жеке қабілетін ашуға және дамытуға бағытталып, оның қарапайым тілдік қарым-қатынас тәжірибесін, шығармашылықпен өзін-өзі көрсетуін қалыптастыру қажеттігі» көрсетілген [2].

Білім берудің мазмұны оқушыларға тек белгілі бір білім, іскерлік, дағдылар жиынтығын меңгертіп қана қоймай, оқушы тұлғасын дамытуға, өмірлік проблемаларды өз бетімен және тиімді шешуге, тұлғаның өзін-өзі анықтауына, әлеуметтенуіне, яғни жеке тұлғаны дамытуға бағытталады.

Осылайша отандық білім беруді дамытудың негізгі бағыттары ізгіліктік, тұлғалық, тұлғалы-бағдарлы, іс-әрекеттік, құзыреттілік тұрғыдан білім беру ретінде айқындалып отыр.

Мұғалімдердің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың негізгі шарты өзін-өзі өзектендіру, жетілдіру болмақ. Педагогтың өзін-өзі жетілдіру, өзектендіру мәселесі классикалық педагогика өкілдері Дж.Дьюи, Я.А.Коменский, И.Г.Песталоцци, Макаренконың еңбектерінде, қазақ ағартушылары А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынов т.б., еңбектерінде орын алған. Ал педагогикадағы кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру мәселесі Г.В.Вайлер, Дж.Равен, А.К.Маркова, М.М.Чошанов, В.В.Сериков, Н.В.Кузьмина т.б., қазақстандық ғалымдар Ү.Б.Жексенбаева, К.С.Құдайбергенова, Г.Құлжанбекова, А.О.Серикова т.б. еңбектерінде қарастырылған. Жалпы құзыреттіліктің мәні және оның жіктелуі мәселелерін А.К.Маркова, Б.Т.Кенжебеков, Дж.Равен, Ю.Г.Татур, И.А.Зимняя, С.Е.Шишов, М.А.Ғалымжанова, М.А.Абсатова, Н.М.Аблязимова және т.б. өз еңбектерінде қарастырады.

Бүгінгі күнге дейін кәсіби құзыреттілік туралы ғылыми көзқарастар ішінде оның мәнін, құрылымын анықтау бойынша бірнеше бағыттар қалыптасты. Олардың ішінде негізгі екі бағытты: тұлғалық-профессиографиялық және тұлғалық іс-әрекеттік бағыттарды ерекше бөліп көрсетуге болады [3].

Ақпараттық құзыреттілік ең негізгі құзыреттілік болып табылады. Ақпараттық құзыреттілік – ақпараттық-байланыс технологиялар (АБТ) саласындағы білім мен біліктің жүйелі құрылымы және оларды қолдану тәжірибесі, сондай-ақ, компьютер, принтер, факс, модем т.б. жаңа технологиялық құралдарды пайдалана отырып, өз білімі мен білігін жетілдіру, өзгеріс үстіндегі жағдайларда немесе аяқ асты ахуалдарда жаңа шешім қабылдай алу қабілеті.

Ақпараттық құзыреттілік мұғалімдердің кәсіби іс-әрекетінің мынадай қосылғыштарынан тұрады:

- ғылыми пән ретінде информатиканың негізгі ұғымдары мен әдістері туралы теориялық білім;

- компьютердің көмегімен ақпаратты ұсыну, сақтау, өңдеу және тарату тәсілдері;

- операциялық жүйелерді, операциялық жүйелердің қондырмаларын және операциялық қабықтарды пайдалану арқылы жеке компьютерде жұмыс істей алу білігі мен дағдылары;

- ақпаратты Ғаламторда тарата алу;

- телекоммуникациялық технологияларды қолдану дағдыларына ие болу.

Ақпараттық құзыреттіліктің қалыптасуына мыналар қажет:

- болашақ іс-әрекеттің құндылық-мәндік бөлшектерінің дамуына жағдай жасау;

- өз мамандығын жүйелі әрі тұтас көре білуге ықпал ету;

- оқыту барысында білім мен дағдыларды игерумен қатар, «тудырушы» ойлауды дамытып, қабылдаған ақпаратты көп нұсқалы іс-әрекетте қолдана алу қабілетін қалыптастыруға мүмкіндік беретін технологияларды пайдалану.

Ақпараттық қоғамға өту адам өмірінің барлық саласына өзгерістер енгізеді. Бүгінде заманауи мұғалімдерге қойылатын талаптар бұрынғы талаптардан өзгеше. Олар:

- ақпараттық-байланыс технологиялары мен техникалық құралдарды шебер пайдалану арқылы ақпарат көздеріне кедергісіз қол жеткізе білу;

- ақпараттық-байланыс технологияларын тиімді таңдай отырып, кең көлемдегі ақпаратты дер кезінде, жылдам әрі сапалы түрде өңдей білу;

- реттелген байланыс ортасына ие болу;

- игерген білімі негізінде жаңа білімді тудырып, оны кез келген іс-әрекетте қолдана білу;

- кәсіби оңтайлық, әлеуметтік белсенділік таныта білу;

- аралас салада құзыреттіліктерге ие болу;

- жылдам әрі тиімді шешім қабылдай алу;

- өзін-өзі жетілдіруге, өзін-өзі көрсете білуге, өзін-өзі дамытуға қабілетті болу.

Ақпараттық құзыреттілік аса маңыздылардың бірі болып табылады, өйткені ақпарат адам өмірінің материалдық ортасын қалыптастырып, тұлғааралық қатынастарды жүзеге асырудың негізгі құралы қызметін атқарады [4].

И.Б. Бичева педагогикалық кадрлардың кәсіби құзыреттілігінің дамуын қарастыра отырып, кәсіби іс-әрекет субъектісінің кәсіби ортада өзін-өзі танытудың жеке тәсілдерінің қалыптасуын қамтамасыз ететін жеке-дара ерекшелігінің даму үрдісін анықтайды.

Білімділік қалыпты деңгей болып табылады, ал кәсіби құзыреттілік бір сәттілік талап деңгейінен жоғары, ол еңбекке деген шығармашылық қатынастың, қалыптың аясынан шығудың қажетті алғышарты болып табылады.

В.А.Исаев маманның бәсекеге қабілеттілігі мәселесін қарастыра келе, білім, білік, дағдылардан тұратын негізгі біліктілікті ғана емес, кәсіби қызметті жүзеге асыру барысында өз біліктілігін өзектендіре алатын шынайы дәлелденген қабілетті анықтайтын ұғымды енгізу қажеттігін дәлелдейді.

Ол үшін өз ісін, орындайтын жұмысының мәнін, алға қойған мақсатқа жетудің тәсілдері мен құралдарын жете аңғару қажет. «Құзыреттілік» ұғымы арқылы автор қызметкердің өзі қызмет ететін кәсіби іс-әрекетке және кәсіби өріске қатысты кәсіби біліктілігі мен тәжірибесін тиімді жүзеге асыра білу қабілетіне айналған білімінің тереңдігі мен сипатын анықтайды [5].

Жоғарыда айтылғандардан көретініміз, ақпараттық-кәсіби құзыреттіліктің қалыптасуын мұғалімнің кәсіби негізгі білім мен білікті игеруі деп қарастыру мүмкін емес. Педагогикалық үрдісті жоспарлағанда оны мұғалімнің дайындығының мақсатына байланысты күрделі әрі көп жоспарлы құбылыс ретінде қарастырған жөн, оның ішінде ең бастысы құндылық бағдарларды қалыптастыру мақсаты, өзін және кәсіби өрісін жете түсінуі, болашақ кәсіби қатынастар стилі, жалпы мәдениеті мен өзінің шығармашылық әлеуетін дамыта алу қабілеті дегенді білдіреді.

Осылайша, жалпы білім беру нәтижесінде мұғалімдердің бойында ақпаратты өз бетінше іздестіру, таңдау, ұйымдастыру, ұсыну, тарата алу, нысандар мен үрдістерді жобалай алу қабілетін көрсететін құзыреттің ең маңызды түрлерінің бірі – ақпараттық-кәсіби құзыреттілік қалыптасады.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2030. Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы.» – Алматы: Білім, 1997. – 176 б.

2. Қазақстан Республикасы 2011–2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы – Астана, 2010 ж.

3. Бидайбеков Е.Ы. Подготовка специалистов совмещенного и информационного профиля в Республике Казахстан. – Алматы: АГУ им. Абая, 1998. – 123 с.

4. Зимняя И.А. Компетентностный подход в образовании. Проблемы качества образования. – М., 2004. – С. 34-38.

5. Кенжебеков Б.Т. Маманның кәсіби құзыреттілігінің теориялық негізі //Бастауыш университет. – 2005, №3. – Б. 3-7.

А. Т. Кидирова
Астана қ.

ОҚУШЫЛАРДЫ САЛУ ЕСЕПТЕРІН ЖАЗЫҚТЫҚТАҒЫ ЖӘНЕ КЕҢІСТІКТЕГІ НҮКТЕЛЕРДІҢ ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ ОРНЫ ӘДІСІМЕН ШЕШУГЕ ҮЙРЕТУ

Геометриялық салу есептері оларды шешу әдістерінің көптігімен ерекшелінеді. Оқушы геометриялық салу есептерін шешу барысында түрлі геометриялық фигуралардың пайда болу және олардың түрлену жолдарын ұғынады; сонымен қатар, мұндай есептер оқушыларды өзіндік зерттеу жүргізуге итермелейді. Салу есептері мектеп геометрия курсының барлық бөлімдерімен байланысты болып келеді, яғни, салу есептерін шығару барысында оқушы жалпы геометрия курсынан алған білімдерін еске түсіріп, жүйелей түседі. Сондықтан да, геометриялық салу есептері көптеген жылдар бойы ғалым-әдіскерлердің қызығушылығын арттырып келеді.

Планиметрияны оқыту әдістемесінде салу есептерін геометриялық түрлендіру әдісімен шешуге арналған есептер жиі кездеседі, ал стереометрияны оқыту әдістемесінде – проективті сызба әдісі кездеседі. Мектеп оқулықтарында кездесетін нүктелердің геометриялық орны (НГО) әдісі жеткілікті зерттелмеген. Есептерді осындай әдіспен шығаруда туындайтын қиыншылықтар – ол тақырыпты оқыту уақытының жетіспеушілігінен, геометриялық оқулықтардағы есептер санының аздығынан және тиімді оқыту әдістемесінің болмағандығынан.

Геометриялық салу есептерін жазықтықтағы НГО әдісімен шешудің жалпы әдістемесін енгізе бастаған О.Б.Епишева мен В.И.Крупич болатын. Бұл авторлар салу есептерін шешудің екі сатысын – талдау және салуды қарастырады. Салу есептерін айтылған әдіспен шешудің толық әдістемесін анықтау үшін геометриялық салу есептерін НГО әдісімен шешудің әрбір сатысының ерекшеліктері, түрлі авторлардың осы тақырыпта қандай да бір нақты есептерді шешу жолдары талқыланды. Салуға арналған стереометриялық есептерді НГО әдісімен шешудің жазықтықтағы есептерді сол әдіспен шешуден айтарлықтай айырмашылығы жоқ. Біріншіден, стереометриялық есептердің шарты жазық фигуралар үшін берілген шарттардай болады, тек жауабында беттер (жазықтықтар, сфералар және т.б.) алынады; екіншіден, кәдімгі салу жұмыстары елестетумен алмастырылады. Сондықтан да, өзгерістер аталған әдіспен шешу жүйесінде емес, тек сол жүйеге кіретін кейбір ұғымдардың түсіндірмесінде: 1) «Фигура» деп жазық фигуралармен қатар, кеңістіктегі фигураларды да ұғамыз, яғни, есептің шарты бойынша кеңістіктегі фигура қарастырылуы мүмкін немесе салу нәтижесінде кеңістіктегі фигура алынуы мүмкін; 2) салуды қажет ететін әрекеттерде «фигура салу» деп келесіні түсінеміз: есепті шешу үшін салуды қандай ретпен және қандай салулар орындау керек, және қажет болса ұқсас сызбаны орындау (яғни, тура салынбаса).

Зерттеу нәтижесінде жазықтықтағы және кеңістіктегі салу есептерін НГО әдісімен шешу схемасын төмендегідей көрсетуге болады:

1. Есеп шарты бойынша қандай геометриялық фигура берілген және қандай фигураны салу қажеттігін анықтау керек; алдын-ала орындалатын сызба көмегімен оларға тән қатынасты орнату керек;

2. Изделінді фигураны салу үшін бірінші қай нүктенің орнын міндетті түрде білуіміз қажет және сол орынды анықтайтын шартты қалыптастыру;

3. Сол әрбір шартты қанағаттандыратын нүктелердің геометриялық орнын (немесе фигураны) атау; және оларды салу.

4. Аталған (салынған) фигураның ортақ нүктелерін табу, изделінді фигураны салу;

5. Салынған фигураның есептің барлық шарттарын қанағаттандыратынын дәлелдеу;

6. Зерттеу. Зерттеу нәтижесінде қандай жағдайда есептің шешімі болады және неше шешімі болатындығы анықталады.

Оқушы есептерді шешу алдында мынадай сатылардан өту керек: бірінші сатысы – дайындық. Салу есептерін аталған әдіспен шешуге қажетті білімді тексеру (яғни, алдын-ала алынған білімді еске түсіріп, қайталау). Оған геометриялық фигуралардың және жазықтықтағы (кеңістіктегі) нүктелердің геометриялық орны анықтамасын білу, белгілі геометриялық фигураларды және нүктелердің геометриялық орнын сыза білу қабілеттілігі (ойша елестету және олардың схемалық суретін салу) жатады.

Стереометриядағы салу есептерін НГО әдісімен шешу кеңістіктік ойлау қабілетінің жоғарылығын қажет етеді. Сондықтан да, осы сатыда фигураларды және беттерді кеңістікте ойлауды және олардың арасындағы байланыстарды жеңілдететін есептерді қарастыру керек. Сонымен қатар, салу есептерін шешу схемасын – талдау, салу және дәлелдеуді есте сақтау қажет.

Екінші саты – геометриялық салу есептерін НГО әдісін қолданып шешу жолы құрылымымен танысу. Әдіскерлердің зерттеуі бойынша оқырмандарды есепті шешудің дайын жолымен бірден таныстыру тиімсіз болып табылады. Олар есептерді шешу жолын өз беттерінше талдау жасай отырып ұйымдастыруы қажет. Оқырман игерілген теорияларды негізге алып, таныс әдістермен салыстыру жүргізе отырып салу есептерін аталған әдіспен шешу жолын құрастыруы керек.

Демек, салу есептері сол есепте берілген шарттарды қанағаттандыратын бір немесе бірнеше нүктелерді табу есептеріне алып келеді. Мысалы, үшбұрышты (немесе көпбұрышты) салу есебі олардың төбелерін табу есебіне келеді; шеңберді салу – оның центрін және шеңбер бойында жатқан бір нүктені табу және т.б. Сондай-ақ, біздің қолымыздағы сызба құралдары (сызғыш, циркуль, бұрыш және т.б.) сызық сызуға жарамды. Сондықтан да, салу есептерін шешуде әрбір нүкте, әдетте, екі сызықтың қиылысуымен анықталады. Мысалы, a, b және c қабырғалары арқылы берілген ABC үшбұрышын салуда біз C төбесін екі шеңбердің қиылысу нүктесі ретінде анықтаймыз: центрі A және радиусы $AC = b$ болатын шеңбер мен центрі B , ал радиусы $BC = a$ шеңбері.

Жоғарыда айтылғандарды нақтылай түсу мақсатында бірнеше мысалдарды қарастырайық.

1 – есеп. Берілген ABC бұрышының қабырғаларын жанайтын, сонымен қатар, бір қабырғасын берілген E нүктесінде жанайтын шеңбер жүргізіңіз.

Берілген есепті шешу үшін изделінді S шеңберінің центрін анықтасақ жеткілікті. S шеңбері берілген бұрыштың екі қабырғасын да жанайтын болғандықтан, оның центрі ABC бұрышының биссектрисасының бойында жатуы керек. Сонымен қатар S шеңбері AB қабырғасын берілген E нүктесінде жанайтындықтан, оның центрі AB қабырғасына E нүктесі арқылы жүргізілген перпендикуляр бойында жатуы тиіс. Осылайша, S шеңберінің центрі болатын изделінді O нүктесі – M және N екі түзуінің қиылысу нүктесі.

2 – есеп. Айталық, жазықтықта A, B және C үш нүктесі берілген. A нүктесінен қандай да бір a -аралықта жатқан және B және C нүктелерінен бірдей аралықта жатқан нүктені табыңыз.

Бұл есепте де ізделінді нүкте екі шартты қанағаттандырады. Біріншіден, ізделінді нүкте A нүктесінен қандай да бір a -аралықта жатыр. Осы шартты қанағаттандыратын барлық M нүктелер жиыны – центрі A нүктесі, радиусы a болатын шеңбер. Екіншіден, ізделінді нүкте B және C нүктелерінен бірдей аралықта жатыр. Бұл шартты қанағаттандыратын N нүктелер жиыны – BC кесіндісіне оның ортасы арқылы жүргізілген перпендикуляр түзу екендігі түсінікті. Ізделінді нүкте бірінші жиынға да, екінші жиынға да тиісті болуы керек, яғни, M және N сызықтарының қиылысу нүктелері. N – түзуі мен M – шеңберінің орналасуына байланысты есептің екі шешімі, бір шешімі болуы немесе мүлдем шешімі болмауы мүмкін.

Яғни, салу есептерін НГО әдісімен шешу оқырманға келесідей пайдалы септігін тигізеді: өтілген сабақтар (материал) нақтылана түседі; табылған НГО арқылы геометриялық фигураның формасы анықталады; оқырмандар геометриялық ұғымдардың жанама анықтамаларымен танысады; есептерді шығару нәтижесінде оқырмандар есептің шешімі болып табылатын маңызды тұжырымдармен, теоремалармен танысады.

Жоғарыда айтылған салу есептерін НГО әдісімен шешу схемасы және оқырманның есептерді шығару алдындағы көрсетілген дайындық сатылары оқырманды салу есептерін нүктелердің геометриялық орны әдісімен шешуге үйретуде қолдану тиімді болып табылады.

Әдебиеттер

1. Александров П.С., Маркушевич А.И., Хинчин А.Я. Энциклопедия элементарной математики. Книга четвертая. Геометрия. Часть I. М.: Просвещение, 1963.
2. Епишева О. Б., Крупич В. И. Учить школьников учиться математике: формирование приемов учебной деятельности: кн. для учителя. М.: Просвещение, 1990.
3. Погорелов А.В. Геометрия: Учебник для 7-9 классов общеобразовательных учреждений. – М.: Просвещение, 2000.
4. Савин А.П. Метод геометрических мест /Факультативный курс по математике: Учебное пособие для 7-9 классов средней школы. Сост. И.Л. Никольская. – М.: Просвещение, 1991.

Ж. И. Пахрутдинова
Астана қ.

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТТЕГІ БАСШЫ ЖӘНЕ БИЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

Басшылық пен көшбасшылық (лидерлік) жеке адамдар арасындағы басқару аспектісі болып саналады, сол арқылы бағыныштылар ұйымның мақсатын, әрі оған жету үшін неғұрлым тиімді және қолайлы ықпал етуді білуі мүмкін [1].

Басшылық – басқару қызметінің белгілі бір тұтастай мазмұнға ие болған оқшауланған бөлігі, яғни бұл басқару қызметінің мамандандырылған бөлігі. Басқарудың мамандандырылған қызметінің бірыңғай тұтас синтезделуін және интеграциялануын басшылық деп атайды.

Әдетте бейресми топтарға ұжым мүшелері арасында беделі бар, іске қабілетті адамдар көшбасшы етеді. Басшы өзіне негізгі екі міндетін жүктелетіндігін білуі тиіс: адамдармен жұмыс істеу және басқару жүйесін ұйымдастыру. Басшы еңбегін таңдауға түрткі болатын ықпалдардың болуы қажет. Екі түсініктің – «басқару» және «басшылық» түсініктерінің арақатынасын жеке қарастыру талап етіледі. Басқару бұл жүйеге немесе жекелеген үдерістерге бағытталған, оның күйіне немесе оған жаңа қасиеттер мен сапалар беру мақсатында ықпал етуді білдіретін кең түсінік болып

табылады. «Басқару» түсінігі техникалық («машина-машина»), әлеуметтік техникалық («адам-машина»), және әлеуметтік («адам-адам») жүйелерге жатады. Ал, басшылық – басқарудың жеке жағдайы. Басшылықтың негізгі айырмашылығына жататындар :

- адамдар мен олардың бірлігіне ықпал етуі шектеледі;
- басшының қарамағындағылармен өзара әрекетінің болуын білдіреді;
- әлдекімнің қызметін басшының ойына сәйкес болдыру [2].

Осыдан келіп, басшылық – басқарып отырған адамдарына және олардың жалпысына еркін (мақсатты бағытталған) ықпал ету, ол олардың саналы және белсенді мінез-құлқы мен қызмет етуіне алып келеді, және де басшының ойы да соған сәйкес келеді. Сондықтан да басшылықты басқару деп атауға болады, алайда кез келген басқару басшылық бола алмайды.

Көшбасшылық пен басқарушылықтың арасындағы негізгі айырмашылықтарға мына төмендегілер жатады:

- түсініктің мазмұны: басшылық топтың бүкіл қызметін ұйымдастыруды қарастырады, ал көшбасшылық топта «тігінен» пайда болған психологиялық қатынастарды сипаттайды, яғни, үстем болу мен бағыну қатынасы жағын білдіреді;

- пайда болу: басшылық ресми ұйымның пайда болу процесінің қажетті заңды атрибуты болып табылады, ал сол кезде көшбасшылық ретінде адамдардың өзара әрекеті салдары ретінде пайда болады; осыған сәйкес басшы әдетте ресми тағайындалады, не сайланады, ал көшбасшы күтпеген жағдайда ұсынылады;

- жұмыс істеу: басшылық ұйымның мүшелерінің біріккен қызметін басқару мен құқықтық ұйымдастыру процесі ретінде көрінеді, ал көшбасшылық – ішкі әлеуметтік-психологиялық ұйым мен қатынаспен қызметті басқару болып табылады;

- басшы мен көшбасшының әлеуметтік рөлі: басшы әлеуметтік бақылау мен биліктің делдалы болса, ал көшбасшы-тұлғааралық қатынастарда қалыптасатын топтық нормалар мен күтулердің субъектісі болып табылады;

- сыртқы байланыстар режимі: басшы топты сыртқы ұйымдастыру бойынша көрсетеді және одан тыс ресми қатынастарға байланысты мәселелерді шешеді;

- басшылық – барынша тұрақты құбылыс, ұйымның мүшелерінің көңіл-күйлері мен пікірлерінің құбылуына барынша аз ұшырайды [3].

Жоғарыда келтірілген айырмашылықтар бізге «басшылық» және көшбасшылық» түсініктеріне алып келеді. Басшылық – басшының мемлекет немесе топ берген билік негізінде жүзеге асыратын құқықтық процесі.

Басшылық топқа қатысты бәрінен бұрын басқару мен бағыну рөлін бөлу жағынан алып қарағанда, әлеуметтік сипаттама болып табылады. Басшылық құқықтық қатынастар, әлеуметтік бақылау мен тәртіптік тәжірибені қолдану принциптеріне негізделеді.

Өз кезегінде, көшбасшылық бір адамның басқаларға олардың біріккен өмір сүру мен қызметі кезіндегі психологиялық ықпалының процесі, ол бір-біріне еліктеу, сендіру, түсіну негізінде жүзеге асырылады. Көшбасшылық – топтың белгілі бір мүшелерінің мінез-құлқының таза психологиялық сипаттамасы. Көшбасшылық бағынудың еркін сөйлесу, өзара түсіністік пен еріктілік принциптеріне негізделеді.

Сонымен, басқарушылық қызметті кең сахнада басшы ғана емес, сонымен қатар көшбасшы да жүзеге асыра алады. Қазіргі жағдайда әлеуметтік мәні бар және тиімдісі көшбасшылық формасында жүзеге асырылатын адамдарды басқару болып табылады. Шын мәнісінде, бұл екі рөлді бір адам орындайды, бірақ та бұлай болу әрдайым бола бермейді.

Функциялар немесе қызметтер – бұл басқарудың негізгі категориясы, оларда басқарушылық қызметтің мазмұны мен әдістері, принциптері бірігеді. Жалпы және әмбебап функциялар кез келген саламен, кез келген қызметпен басқарылуға бейім болып келеді. Олар басқарушылық қызметті белгілі бір нәтижеге қол жеткізу мақсатында олардың уақыт ішінде орындалуының реттік белгілері бойынша жіктелетін жұмыс түрлері мен бірқатар кезендерге мүшелейді.

Мұндай жалпы қызметте мақсатты болжау, жоспарлау, ұйымдастыру, үйлестіру, ынталандыру мен бақылау жатады. Мақсатты болжау функциясы қызметтің негізгі, ағымдағы және алдағы мақсаттарын жасаудан көрінеді. Өмір бір орнында тұрмайды, сондықтан да әрбір сәтте басшы өзінің қызметін қоғамдағы, ұйымның бөлімшелеріндегі нақты жағдаймен, «көршілерімен», жоғары тұрған басшылардың шешімдерімен салыстыруы қажет. Бірақ та салыстыру аз. Ағымдағы әрекет пен стратегияны түзете білу мен мақсатты қайта қарап шығу, оларды мақсаттар жүйесіндегі орнын өзгерте білуі тиіс.

Билік – бұл басқалардың жүріс-тұрысына ықпал ету мүмкіндігі. Ұйымның әртүрлі бөлімшелеріндегі басшы өзінің шындығына келгенде осы топтар басшының маңайына топтасқан адамдардың бір бөлігі.

Көшбасшының екі түрі болады:

1. Құралдық (инструменттік) көшбасшы – адамдар тобына міндет пайда болғанда топ мүшелері осы жұмысты атқара алатын жетекшіні көрсетеді.

2. Эмоционалдық көшбасшы – бұл маңдай алды жақсы адам. Өмірде осы екі ерекшелікке ие болатын адамдар сирек кездеседі. Бейресми топтарда көшбасшы болу мүмкіндігінің айқындаушы факторы мынадай: жасы, лауазымдық орны, кәсіптік біліктілігі, жұмыс орнының орналасуы, жұмыс аймағында еркін әрекет ету және ықыластылығы [4].

Басқару үшін ықпал ету қажет, ал ықпал ету үшін билік керек. Билік орындаушылардың белсенді талаптарына Маслоу бойынша (физиологиялық талабы, қорғалу талабы, әлеуметтік талабы, құрметтеу талабы) ықпал етуге негізделген.

Сөйтіп, басшылық пен билік жеке адамдар арасындағы басқару аспектісі болып саналады, сол арқылы бағыныштылар кәсіпорынның мақсатын, әрі оған жету үшін неғұрлым тиімді және қолайлы ықпал етуді білуі мүмкін.

Басшы өзіне негізгі екі міндеттің жүктелетіндігін білуі тиіс: адамдармен жұмыс істеу және басқару жүйесін ұйымдастыру. Олар өзара байланысты, әрі күн өткен сайын күрделене түседі.

Басшы өз жұмысында ғылым мен техника жетістіктерін жаппай қолдану өндіріс технологиясына, еңбек құралдары мен заттарына, адамдардың еңбек әрекетінің сипатына сапалық өзгеріс енгізетіндігін ескеруі тиіс. Әрі мұның өзі жұмыскерлердің ынта-ықыласына, талап-тілегі мен мотивтеріне терең ықпал етеді. Мұның өзі оның жұмысын қиындата түседі, өйткені білімді, білікті жұмыскерлерді басқару едәуір күрделі. Сонымен қоса, басқару жұмысы біршама творчестволық тартымды, әрі нәтижелі болады.

Басшы еңбегін тыңдауға түрткі болатын ықпалдар келтірілген.

Басшының мақсаты – басқалардың өзіне бекітілген жұмысты орындауына ықпал ету. Осы қызметін орындауы үшін, оның өзінің формальды өкілеттідігімен қоса, билігі болуы қажет.

Әдебиеттер

1.Туксанбаев. Мектептегі білім беру сапасын арттырудағы мектеп басшыларының ролі.// Материалы международной научно-практической конференции “Качество школьного образования в Республике Казахстан: состояние, тенденции и перспективы”, – Алматы, 2000.-98 б.

2.Тейлор У. М.Вебер . Менеджмент / Пер. с англ. А.И.Зак.-М.: Журнал “Контролинг, 1992.-137 с.

3. Вендров Е.Е. Управление персоналом организации. М.: Инфра., 1997.- 451 с.

4. Зигерт В. Шиеленіссіз басқару / В.Зигерт, Л.Ланг – М., 1990).- 211 б.

А. С. Муликова

Астана қ.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗ БЕТІНШЕ ІЗДЕНІСТЕРІН АРТТЫРУ АРҚЫЛЫ ЭМОЦИЯ, СЕЗІМ ҰҒЫМДАРЫН ЗЕРДЕЛЕУ СУИЦИДТІҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАСЫ РЕТІНДЕ

Қазақстан Республикасының Ата заңында «Мемлекетіміздің ең қымбат қазынасы адам және оның өмірі» деп басталады. Ендеше, сол қымбат қазынаны көзіміздің қарашығындай етіп қорғау — әрбір азаматтың алдындағы, сондай-ақ жалпы қоғамның алдында тұрған жауапты да, өзекті мәселе. Осы орайда, қазіргі таңда қоғамдық деңгейде белең алған жастар арасындағы өз-өзіне қол салу мәселесі төңірегінде сөз етпекшіміз. XX ғасырда дүние жүзінің ғалымдарын толғандыратын түйткіл жасөспірімдер арасында жиі кездесетін – суицид болып отыр. БӘДСҰ-дың (*Бүкіл әлемдік денсаулықты сақтау ұйымы*) соңғы мәліметтері бойынша 15-24 жас аралығындағы жасөспірімдер арасында өзін-өзі өлтіру екі есе артып кетті.

Статистикалық деректерде, әлемде жыл сайын шамамен бір миллиондай адам өз-өзіне қол жұмсап, 20 миллиондай адам өзін-өзі өлтіруге әрекет жасайтын көрінеді. Алдыңғы қатарлы суицид жасаушылардың отаны ретінде, басқасын айтпағанда, көрші алпауыт мемлекеттер — Ресей мен Қытай, одан кейін Қазақстанды атауға болады. Қазіргі кезде Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымының дерегі бойынша Қазақстан елдегі азаматтарының өз өмірлерін қиюы бойынша әлемде үшінші орынды алады. Ол кезде орта есеппен 100 000 адамға шаққандағы суицид жасаушылардың саны 30 адамды құраған. ДДСҰ-ның соңғы мәліметіне сүйенсек, әлемде жыл сайын бір миллиондай адам өзін-өзі өлтірген болса, сол бір миллион адамның 8 мыңы қазақстандықтардан тұрады. Бұл дегеніміз әрбір сағат сайын бір қазақстандық суицид жасайды дегенді білдіреді. Дам қандай да бір жағдаяттарға бола қатты күйзелгенде және ол ұзаққа созылса, стресстік сезімдерге душар болады. Стресс, яғни күйзеліс адамға өте ауыр психологиялық жағдайда қауіп-қатер төнгенде, іс-әрекеттің ауыр да жауапты кезеңінде әл-қуатқа, онымен қоса ақыл-ойға салмақ түскенде пайда болады. Суицид терминін итальян психологі Г.Дэзен 1947 жылы енгізіп, оны “өзін-өзі өлтіруге әрекет ету” - деп түсіндіреді. XX ғасырдың басында З.Фрейд суицидтің алғашқы психологиялық теориясының негізін салды. Онда ғалым адамның өзін-өзі өлтіруіне бағытталған агрессияның рөлін атап көрсетті. Американдық психиатр К.Меннингер З. Фрейд идеяларын жалғастырды. Оның ойынша, барлық суицидтер үш өзара байланысты бейсаналы себептерден болады: кек-жек көрушілік (өлтіру тілегі), депрессия-үмітсіздік (өлу тілегі), өзін-өзі кінәлау сезімі (өліп қалу ниеті). Психологиялық тұжырымдамаларға сай суицидті үрдістердің қалыптасуында негізгі фактор ретінде психологиялық фактор саналады.

А.Г.Амбрумова, Е.М.Вроно жасөспірімдік шақтағы суицидті мінез-құлыққа тән тұлғалық ерекшеліктерді зерттей отырып, олардың көп бөлігіне импульсивтілік тән деген. И.П.Павлов өзіне-өзі қол салуды «мақсат рефлексін» жоғалту арқылы түсіндіреді. Ғалымның пайымдауынша: «Мақсат рефлексі үлкен өмірлік мәнге ие, ол әрбір адамның өмірлік энергиясының басты формасы. Мақсат жоғалған кезде өмірдің де қызықтылық деңгейі төмендейді. Әрине адамдардың өмірлік мақсаттары шексіз. Өзіне-өзі қол салу кезінде өмір рефлекстерінің тежелуі, тоқталысы орын алады...». Американдық психолог Карл Меннингер суицидтің себептерін 3-ке бөлген. Оның бірі – өш алу – жек көрушілік

(өлтіру ниеті), депрессия (тығырықтан шығатын жол таппағандықтан өлгісі келу) және кінәлі сезімнің күштілігі соншалықты, өзін-өзі өлтіруге бару. Психолог Едвин Шнейдман суицидтің өте маңызды себептерін жазған. Мұның ішінде, адам төзгісіз жан ауруы, қоғамға қажетсіз болып қалу қорқынышы, дәрменсіздік пен үмітсіздік және барлық күрделі мәселелерді шешетін ажал деп қалыптасқан пікір екеніне тоқталып өткен. Суициалдық мінез-құлық жасөспірімдік жаста көп жағдайда демонстративтік сипат, сонымен бірге байбаламдық сипат алады. Психолог-ғалым А.Е.Личконың көрсеткеніндей, тек қана жасөспірімдердің 10 пайызы шынайы өлгісі келетін ниет білдірсе, ал 90 пайызы көмекке шақырған жанайқайын білдіргісі келеді деп есептеледі. Дюркгеймнің суицид теориясына байланысты адам бір мәселеге тірелген кезде, немесе ол бейімделген орта немесе әлеуметтік топ одан бас тартқан кезде ол өзін-өзі өлтіруге барады деген. Әлеуметтік байланыстардың ерекшеліктерін ескере отырып, ол келесі суицид түрлерін бөліп көрсетті: эгоистік және альтруисттік. А.Г.Абрумова және В.А.Тихоненко суицидалды әрекеттің екі негізгі типін көрсетеді: шынайы әрекет және демонстративті-шантажды.

Демонстративті-шантажды әрекетте – өміріне сондай қауіпті емес әрекеттерге барады; денеде ірі веналар жоқ жерлерді кескілеу, онша қауіпті емес дәрілерді ішеді. А.Е.Личко мен А.А.Александров 14-18 жастағы жасөспірімдерді зерттей келе, олардағы суицид мінезі көбінесе аффект жағдайында және ол балалардың осы жаста өте сезімтал болатындығына байланысты жиі кездеседі деген тұжырымдарға келді.

Суицид (ағылшын тіліндегі «suicide» сөзінен шыққан, өзіне-өзі қол жұмсау) дегеніміз – бұл мақсатқа бағытталған өз бетімен өмірден кету, саналы түрде жоспарланып, іске асатын адамның өзіне-өзі қол жұмсау әрекеті. Суицидті мінез-құлық – тұлғаның маңызды қажеттіліктерін қанағаттандыру жолында кездесетін кедергілерге қарсылық көрсетуге қабілетсіздіктің нәтижесінде туындайтын әрекет. Күшті эмоционалды дағдарыс қарқынды сипат алғанда тұлға жағдайдан шығатын жолды дұрыс таба алмайды. Ол үшін өмір маңызын жояды.

Суицидент адамдардың ауруы бұл – депрессия. Депрессияға ұшыраған адамдардың 70%-ы суицид жасайды екен.

Нашақорлық, нарықтық экономика жағдайларына жасөспірімдердің бір бөлігінің бейімделмеуі, сана фрустрациясы және нақты белгіленген, қалыптасқан өмірлік позицияларының болмауы, тоталитарлық секталардың деструктивті ықпалы – осының барлығы жасөспірімдік ортада суицидтің деңгейінің көтерілуіне себеп болды. Ғалымдардың айтуынша, суицидтің 3 түрі бар.

Бірінші түрі – шынайы суицид, оған барған адам өмірден түңіледі, үнемі көңілсіз болып жүреді, өлгісі келеді, яғни өмірдің мәнін жоғалтады.

Екінші түрі – жариялық суицид, өзін-өзі өлтіргісі келгендердің көбі өлместен бұрын өзгелердің назарын өзіне аударғысы келеді. Мысалы біреумен ренжіссе, қолына суық қару алып, болмаса арқан, жіп ала жүгіріп, «өлем» деуі.

Үшінші түрі - жасырын суицид. Бұл түрінде адам өз-өзін өлтіру жақсы іс еместігін түсінеді. Бірақ қиындықтан шығар шара, жол жоқ болып көрінгендіктен, өлімге апаратын істерге бас тігеді. Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының мамандарының айтуы бойынша, адамдардың өз өміріне қол жұмсауына себеп болатын мынадай факторларды көрсетеді: денсаулығының нашарлығынан – 1,2 %; қаражат қиындығынан – 3 %; өмір сүрудің ауырлығынан – 1,4%; құмарлықтан — 6%; отбасы келіспеушілігінен -18%; рухани дерттен — 18%; жазасын өтеуден жалтарудан — 19% ; ал, өзін-өзі өлтіру фактілерінің — 4 1 %-і неден болатыны белгісіз күйде қалып отыр.

Қазіргі қоғамдағы суицидтің себептерін атап айтсақ:

1. Адамдардың иманының болмауы мен өмірдің қиыншылықтарын дұрыс түсінбеуі;
2. Қаржылық жағдайларының әсері;
3. Ренжу (бұл жасөспірімдер арасында ата-анасына ренжу, кектену салдарынан болады);

4. Қателік. Өмір болған соң қиындығы мен қызығы қатар жүреді. Қателік жасаған бала ата-анасынан қорқып, өлімге барады.

Негізі психологтер былай дейді: «Дерттің терең механизімін зерттегенде ағзамызда катехломин деп аталатын зат бар, бас миында болатын белгілі бір биохимиялық үрдіс кезінде көңіл-күйді көтеретін, теңестіретін зат. Осы заттың қосылысы кемиді. Кейбір жағдайларда жүйке жасушаларының бұл заттарды ұстап тұруы бұзылады. Бұл көңіл күйдің төмендеуіне әкеп соқтырады. Егер адам күйзеліс жағдайында болса, катехломинді көптеп шығарады да, біраз уақыт өткен соң оның деңгейі қайта қалпына келеді», - дейді. Бұдан басқа, суицидолог өмірдегі қиындықтарды уақытша деп қабылдауға, кез келген проблемадан оң ресурс, даму мүмкіндігін, өзіңді жетілдіру мүмкіндігін іздеуге кеңес береді.

Егер жан жарасы мазалап, оған шыдау мүмкін емес болса, маманның көмегіне жүгіну керек.

Кең мағынасында девиантты мінез-құлық (лат. *deviatio* - ауытқу) кез келген әлеуметтік ережелерден (мысалы, оның ішінде жағымды: батырлық, аса еңбекқорлық, альтруизм, өзін құрбан ету, аса үлкен рөл ойнау, жетістіктермен қатар, жағымсыз: қылмыс, қоғамдық тәртіпті бұзу, адамгершілік ережелерін, дәстүрді, әдет-ғұрыптарды аттап өту, өзіне-өзі қол жұмсау және т.б.) ауыт қушылықты білдіреді. Осы тұрғыда әдетте, «Өз-өзін өлтірушілер» кез-келген жағдайда аман қалу, мүгедекке айналу, туған-туыстары үшін масылға, жаулары үшін күлкіге айналу мүмкіндігі барын ойламайды. Девиантты мінез-құлықты балалармен тәрбиелік жұмыстарын жүргізуде римдік философ Сенеканың: «әрбір адам өмірінің тек кейбір жақтарын ойлап талдайды, бірақ ешкім жалпы өмір туралы ойланбайды» деген ой-пікіріне сүйене отырып, девиацияға коррекция жасаушы әрбір маман ұстаз, баланың тек кейбір мінездік кемшіліктерін түзетіп қана қоймай, оларды қоғамдық өмірдің талаптарымен ұштасқан дұрыс қарым-қатынас жолына қайтып әкеліп, ары қарай қалыптаса дамуына, әлеуметтенуіне көмектесуі қажет. Бұл педагогикалық іс-әрекеттер мазмұны, қоғам өмірінде бекіген адамгершілік қадір-қасиеттер мәнімен, талаптарымен тікелей байланыстыра, адамдар арасындағы қарым-қатынастар (достық, жолдастық, туыстық, сүйіспеншілік, махаббат т.б.) нормаларымен ұштастырыла жүзеге асырылғанда, балалар бойында девиантты мінез-құлықтың өріс алмауына және оларды мектеп қабырғасынан бастап әлеуметтендіруге мүмкіндік жасалады. Бұл үрдіс мектеп қабырғасында ғана шектелмей, жоғары оқу орындарында да жиі қолға алынса құба-құп болар еді. Жастарды өз-өзіне қол жұмсау мәселесі төңірегінде ашық әңгімеге тартып, оны тіпті ғылыми, діни, статистикалық тұрғыда талқылап, көздерін ашып біліммен қаруландыру қажет деп есептеймін. Сонда жасөспірім күйзеліске төтеп беруге психологиялық тұрғыда дайын болып, суицидтің салдары жақсылыққа апармайтынын түсініп, ең бастысы, алған білімі аз да болса, бұл жағдайдың алдын алар еді деген пікірдемін. Өйткені, суицидтік актке бару себептерінің бірі білімнің жетіспеуі, білместік, надандық па деген ой да бар.

Осы жайттарды орайластыра отырып, белгіленген мерзімге сәйкес 2013 жылдың қараша айында «Психология және адам дамуы» пәнінен «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 1-курс студенттерімен ашық сабақ өткізілді. «Сезім және эмоция» атты машықтандыру сабағында студенттердің ғылыми ізденістері шығармашылық жұмыстарымен өзара ұштастықта жүргізілді.

Сабақтың мақсаты: студенттердің дәріс бойынша меңгерген эмоция және сезім түсініктерінің психо-физиологиялық сипаты негізінде суицид мәселесін талқылау, алған білімдерін жалпылау, бекітуді қарастырды. Бүгінгі күндері әлеуметтік-қоғамдық өзекті деп саналатын жастардың өз-өзіне қол жұмсау мәселесін сезім, эмоция ұғымдары негізінде қарастыру тақырыптың теориялық қана емес, практикалық мәнділігін де жандандыра түскендей болды. Ашық сабақ барысында студенттермен тақырып бойынша мынандай негізгі түсініктердің мәні зерделенді, олар: сезім сапалары, эмоциялық

жағдайлар, жоғары сезімдер, күрделі эмоциялар, агрессия, аффект, фрустрация, стресс, депрессия, суицид.

Ашық сабақ жоспары былайша түзілді:

1. Сезім түсінігі: сезім теориялары, сезімнің физиологиялық негізі, ерекшеліктері мен қызметтері, сезім түрлері.

2. Эмоция түсінігі: эмоция теориялары, эмоцияның биологиялық мәні, эмоцияның сезімнен ерекшелігі мен қызметтері, эмоция түрлері.

3. Суицид әлеуметтік-қоғамдық мәселе ретінде: статистикалық сараптама, ғылыми-теориялық сипаттау, суицидтің өту кезеңдері, алдын алу және болдырмау шаралары.

4. Столяренко ұсынған студенттің өз-өзінің психологиялық қасиеттерін бағалау әдістемесімен жұмыс.

Жалпы ашық сабақ барысы студенттердің өз бетінше ғылыми ізденістерге талпыныстарын байқатып, 4 бағытта талқылауды қарастырды:

- Тақырыптың негізгі түсініктері бойынша ғылыми-теориялық шолу (презентациялар, көрнекіліктермен сүйемелдеу);

- Статистикалық деректерді сараптау, талдау (БАҚ-ақпараттары бойынша бейне түсірілім, слайд-шоулар);

- Адамның өз-өзіне қол жұмсау мәселесіне діни көзқарас(ислам, христиан, иудаизм-көрнекіліктер бойынша) тұрғысынан тоқталу;

- Адамның өз-өзіне қол салуы жөнінде қоғамдық пікір (сұхбат-бейнефильм, рөлдік қойылым), студенттер ойы сараланып, қорытынды жасалды.

Ашық сабақ студент жастарға сезім, эмоция негізінде суицид жөнінде мол ақпарат беріп, ғылыми-тәрбиелік мәнді болып қана қоймай, жастар арасындағы өз-өзіне қол жұмсамауға терең ой тастайтын, алдын алу шарасы болар деген сенімдемін.

Әдебиеттер

- 1.Жарықбаев Қ. Б. Жантану оқулығы. – Алматы, 2008
- 2.Жақыпов С. М. Жалпы психология негіздері. – Алматы, 2012
- 3.Намазбаева Ж. И. Психология. – Алматы, 2005
- 4.Сатиева Ш.С, Даму психологиясы. – Алматы, 2012
- 5.Калуев А.В. Проблемы изучения стрессорного поведения. – Киев,1999-134с.
- 6.Степанов А. Суицид. О мерах профилактики суицида среди детей и подростков. М.,2004
- 7.Алеев Р. Суицид среди подростков. СПб., 1996.
8. Елшібаева К.Ф. Суицидтің алдын алу. – Алматы Нұр-Принт- 2008
- 9.Кочубей Б.И., Новикова Е.В. Эмоциональная устойчивость школьника. – М., 1998.

А. С. Булатова
г. Петропавловск

ЗАДАЧНЫЙ ПОДХОД К ПОСТРОЕНИЮ СОДЕРЖАНИЯ САМОСТОЯТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ СТУДЕНТОВ

Анализ состояния организации самостоятельной работы студентов в вузе позволил сделать вывод о том, что на сегодняшний день остается неразрешенным противоречие между современными требованиями к профессиональной подготовке будущих специалистов, основанными на компетентностном подходе, и сложившейся практикой организации самостоятельной работы студентов в вузе, не учитывающей эти требования.

Согласно теоретическим исследованиям ученых РГПУ им. А.И. Герцена (А.П. Тряпицыной, Н.Ф. Радионовой и др.), компетентный подход - это подход, акцентирующий внимание на результате образования, причём в качестве результата рассматривается не сумма усвоенной информации, а способность человека действовать в различных проблемных ситуациях.

Этими же учеными под профессиональной компетентностью педагога понимается «интегральная характеристика, определяющая способность решать профессиональные проблемы и типичные профессиональные задачи, возникающие в реальных ситуациях профессиональной педагогической деятельности, с использованием знаний, профессионального и жизненного опыта, ценностей и наклонностей» [1: 8].

В исследованиях некоторых ученых наряду с понятием «компетентность» встречается и понятие «компетенция». По определению теоретика компетентного подхода А.В. Хуторского, компетенция - это готовность человека к мобилизации знаний, умений и внешних ресурсов для эффективной деятельности в конкретной жизненной ситуации. Компетентность же – это совокупность личностных качеств ученика (ценностных ориентаций, знаний, умений, навыков, способностей), это способность к деятельности в определенной личностно-значимой сфере [2: 43].

Итак, под профессиональной компетенцией будем понимать готовность и способность решать профессиональные проблемы и задачи, возникающие в реальных ситуациях профессиональной деятельности.

При проектировании содержания профессиональной подготовки в логике компетентного подхода, как утверждают ученые РГПУ [1: 10], единицей построения содержания становится профессиональная задача, а процесс профессиональной педагогической подготовки ориентирован на получение конкретных результатов решения профессиональных педагогических задач.

Таким образом, организация самостоятельной работы студентов на основе компетентного подхода должна быть ориентирована на решение профессиональных задач, а результат их решения позволит судить о сформированности компетенций выпускника.

Проектировать содержание самостоятельной работы студентов в педагогическом вузе следует на основе определения профессиональных задач, которые предстоит решать педагогу и выявления умений, которые требуются для их решения.

Для разработки содержания самостоятельной работы студентов-географов по дисциплине «Картография с основами топографии» нами использовались группы типичных задач учителя, которые установлены учеными РГПУ им. А.И. Герцена: понимание ученика в образовательном процессе; подготовка, планирование, организация образовательного процесса (среда, партнеры); поведенческие; самообразование (на основе рефлексии и самооценки); коммуникация; управление; работа с информацией [3: 71]. На основе данных групп задач были определены умения, формирование которых в самостоятельной работе студентов по картографии с основами топографии обеспечит успешность развития профессиональных компетенций.

Согласно рекомендациям исследователей компетентного подхода при составлении профессиональной задачи опирались на следующую структуру [4: 38]:

1. Обобщенная формулировка задачи - описание имеющегося в практике противоречия, трудностей, постановка вопроса.
2. Ключевое задание, в котором обозначен «продукт» решения задачи (Что требуется представить как результат решения).
3. Контекст решения задачи - имеющиеся условия (характеристика людей, ресурсов, конкретной ситуации и т. д.).
4. Задания, которые приведут к решению (к «продукту»).
5. Критерии оценки.

«Продукт» решения задачи может быть представлен в виде текста, методических рекомендаций, карты, таблицы, схемы, сценария и т.д.

Студенты могут решать предложенные преподавателем задачи и с обязательным изменением контекста задачи, а желающие сами попытаться конструировать их.

Ниже приведены примеры заданий для самостоятельной работы по дисциплине «Картография с основами топографии».

Задание 1:

1. *Обобщенная формулировка задачи.* В планы внеклассной работы учителя входит раздел о воспитании патриотической личности школьника через познание родного края. Это может осуществляться через проведение туристских походов на местности с целью изучения природных условий и ресурсов, социально-экономических объектов и экологии. Проведение похода по заданному маршруту позволит практически изучить школьникам ориентирование на местности. Любое мероприятие требует его планирования, в данном случае разработки туристского маршрута.

2. *Ключевое задание.* Разработать по топографической карте маршрут пешеходного похода школьников по родному краю и описать его.

3. *Контекст решения задачи.* Вы работаете в 9 классе. Для этого возраста возможны 3-5 дневные походы. Маршрут должен проходить по интересной и удобной для движения местности. Считая ежедневные переходы по 10-15 км для указанного возраста детей, необходимо подобрать места для ночлега, наметить экскурсии. В наличии имеется топографическая карта масштаба 1:100 000. Место жительства детей выбрать самостоятельно.

Задание 2:

1. *Обобщенная формулировка задачи.* Основной задачей, которая ставится при изучении вопросов картографии в 6 классе, является обучение чтению карты, которое затем совершенствуется во всех последующих курсах. Умением читать карту учащиеся овладевают постепенно, на всем протяжении курса географии, в связи с изучением определенного географического материала. Обучение чтению карты в школьном курсе географии имеет несколько стадий. Вначале учитель обучает учащихся чтению условных обозначений по общей физической карте. В дальнейшем чтение карты усложняется. Учащиеся могут дать простое описание географических объектов на основе условных обозначений. Затем учатся получать с помощью ассоциаций не обозначенные на карте данные.

Усложнение чтения карты идет и по линии все более широкого применения тематических карт. Эти карты начинают использовать с 7 класса. В старших классах их роль возрастает и они становятся основным пособием при изложении нового материала на уроках.

Владение определенным уровнем сложности чтения карт является показателем при диагностировании достижений учащихся работы с картой.

2. *Ключевое задание.* Провести чтение карт по трем уровням сложности, используя карты из школьных атласов.

Подготовка студентов в педагогическом вузе к решению профессиональных задач будет содействовать пониманию студентами сущности педагогической деятельности, ее особенностей в современных условиях, ее контекстов, а также содействовать развитию у студентов положительного отношения к этой деятельности.

На наш взгляд, такие условия организации самостоятельной работы студентов позволят осуществить планомерный переход от учебной деятельности студентов к их профессиональной деятельности, так как данные условия определены в соответствии с современными требованиями к качеству профессиональной подготовки будущих педагогов, основаны на принципах компетентностного подхода.

Литература

1. Перспективы развития педагогического образования: компетентностный подход. / Н.Ф. Радионова, А.П. Тряпицына. // Человек и образование. – 2006. - №№4,5
2. Хуторской А.В. Ключевые компетенции и образовательные стандарты // Интернет-журнал «Эйдос». 2002. 23 апреля [Электронный ресурс]. Режим доступа: <http://www.eidos.ru/journal/2002/0423.htm>.
3. Исследование процесса становления профессиональной компетентности будущих педагогов: Коллективная монография / Под ред. Г.А. Бордовского, Н.Ф. Радионовой, А.В. Тряпицына. – СПб.: Изд-во «Лема», 2011 – 197 с.
4. Оценка профессиональной компетентности бакалавров и магистров образования: методические рекомендации / Под ред. А. П. Тряпицыной. - СПб.: Изд-во РГПУ им. А. И. Герцена, 2008. - 183 с.

А. А. Курманова
Т. Р. Мусабаева
Семей қ.

ОҚУШЫЛАРДА ҰЛТТЫҚ ПАТРИОТИЗМДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Қазіргі таңдағы қоғамдық, саяси-экономикалық ахуалдың адам факторынан, рухани дамуымыздан аса қажетсініп отырған өзекті мәселелерінің бірі – патриотизм болып отыр. Белгілі бір аймақта әлеуметтік мәселелерді шешумен қатар, адамдардың рухани сұранысын қанағаттандыру – кезек күттірмес маңызды шаралардың бірі болып табылады. Елдің рухын көтеру, ұлттық мақтаныш сезімін оята білу, отансүйгіштік, ұлтжандылық, елжандылық қасиет қалыптастыру – тәуелсіз мемлекетіміздің айрықша маңызды мәселесі.

Қазіргі кезде жаһандану үрдісі жүріп жатқан жағдайда ұлттық мүдде, ұлттық тәрбие, ұлттық рухта тәрбиеленіп, ұлт мәдениетінен нәр алған, елін, жерін жанындай сүйетін саналы, білімді, іскер азамат тәрбиелеу – бүгінгі күннің басты міндеті.

Бүгінгідей демократиялық бағыт ұстанып отырған қоғамда, балалар мен жастардың тағдыры өздеріне, отбасының материалдық ахуалына байланысты болып отырған жағдайда патриотизмнің маңызын айқындау басты мәселелердің бірі. Қазақстан Республикасының орта білімді дамыту тұжырымдамасында «тәрбиелік жұмыстарды, қазақстандық патриотизмді азаматтық, ізгілікті интернационализм негізінде құру» керек екендігі көрсетілген.

Егемен еліміздің туын биікке көтерер жан-жақты білімді жаңа буынды қалыптастыруда олардың бойына адами қасиеттерді дарытып, патриоттық сезімді сіңіру ұлан-ғайыр туған жерін ғасырлар бойы жауға бермеген ержүрек, дана ата-бабаларымыз бен келешек ұрпақ алдында бізге жүктелген зор міндет.

Білім мен тәрбие егіз. Біз білім беріп қана қоймаймыз, сонымен бірге тәрбиелейміз де. Білім саласында қызмет ететін әрбір педагог жаңару үрдісін жатырқамай, оған патриоттық тәрбие өзегін байланыстыра отырып, өзінің іс-тәжірибесіне енгізуі тиіс. Білім парадигмасы өзгерді. Оның мақсаты – қоғамды гуманизациялау, оқытуды дифференциациялау арқылы білім алушылардың өз таңдауына жол ашу.

Білім беру жүйесі демократиялық, әлеуметтік мемлекет азаматтарын тәрбиелеуде олардың жеке тұлға құқықтары мен бостандықтарын құрметтейтін, адамгершілік қасиеті жоғары, ұлттық және діни төзімді бола отырып, өз тіліне, өз ұлтына, өз ісіне берілген Қазақстан Республикасының патриоттарын қалыптастыруға міндетті. Өз Отанының, өз өлкесінің тарихын, дәстүрлерін білмей тұрып бұл жүйені іске асыру мүмкін емес. Өзіне

дейін жиналған әрі сақталған мәдениетті тарихты сүйетін, бағалайтын, құрметтейтін адам ғана өз Отанын сүйіп, нағыз патриот бола алады.

Отбасында идеялық бірлік болмай, тірлік болмайтыны сияқты, мемлекетте де ұлттық тірлік болмай, бірлік болмайтын секілді. Ұлттық тірлік – ол өзінің осы мемлекеттің бір бөлшегі ретінде, адами құндылықтарының бағалануы, бірлесе қуанатын, бірлесе атқаратын жетістіктерінің болуы емес пе?

Тарихымызда қандай қиындықтар болғанын түсіну арқылы ғана болашақтың қалай болатынын ұғына аламыз. Ұлтсыздықпен күрес бір сәтке де тоқтамайтын, үздіксіз күрес екенін, ол ақырында мемлекеттің берік орнығуына әкелетінін түсінгенде, әрқайсысымыздың оны баянды ету үшін әлемдегі озық елу елдің қатарына кіру үшін саналы бел шеше еңбектенетіміз айдан анық.

Патриоттық тәрбие мәселесі – адамзат тарихының өн бойында ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы мақсат болғандықтан, мектеп оқушыларының бойында Отанға сүйіспеншілік қасиетін дарыту көкейкесті мәселе.

Жас ұрпаққа ұлттық мұралар негізінде патриоттық тәрбие беру ісі ғылыми тұрғыдан талданып, түрлі тарихи кезеңдегі философиялық, қоғамдық, әдеби, педагогикалық ой-пікірлерден бастау алып, бүгінгі ғылыми педагогика салаларының зерттеу нысанына айналып отыр.

Патриотизмді қазіргі көзқараспен ұлтжандылыққа, елжандылыққа сыйғызамыз. Олай болса, патриотизм – қоғамдық сананың бір формасы, ол тарихи және топтық категория бола отырып, қоғам дамуымен бірге дамып, жаңа мағынаға, мазмұнға толықтырылып отырады. Патриотизм – әлеуметтік тарихи қалыптасқан сезім. Ол Отанға деген сүйіспеншілік сезім, ол Отанға қызмет көрсетуден басталады.

Патриоттық тәрбие, ұлттық намыс, ұлттық сана-сезім рухани байлықтан көрініс табады. Олай болса, рухани байлыққа, ең алдымен, тілімізді, салт-дәстүрімізді жатқызсақ, тіл – қазақ болуымыз үшін, дін – адам болуымыз үшін, салт-дәстүр – ұлт болуымыз үшін қажет.

Патриоттық тәрбие – өлшемдер ретінде таңдап, алынған, бірнеше бөліктерден тұратын сабақтас сала. Оның құрамына келесі өлшемдер кіреді: өзін мемлекетінің азаматы ретінде сезіну. Бұл өлшемнің көрсеткіштері: мемлекет өмірінде өз рөлін түйсіну; Отанына сүйіспеншілік сезімі. Мемлекеттік рәміздер мен халықтық дәстүрлерді қастерлеу: мемлекеттік рәміздер мен халықтық дәстүрлерді білу; қазақ халқының дәстүрлерін білуге ықылас. Қазақ халқының тарихын бағалайтын көзқарас: қазақ халқының тарихын білу қажеттігі; қазақ халқының тарихынан жүйелі терең білім. Қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрлерін түсіну: қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрлерін зерделеу қажеттілігі; қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерін сақтай білу.

Ата-бабаларымыздың ерлік істерінен, аңыз-әңгімелерінен, батырлар жырынан мысал келтіре отырып, солардан үлгі алу, өздерін солардың ұрпағы екендігіне мақтаныш сезімін ұялата отырып, еліктету, болашақ ұрпақ алдындағы өз парызын өтеу міндетін жүктеу арқылы іске асыруға болады. Сондықтан, әр адамның бойында Отанға, халқына шын берілгендіктен, ата салтына, ел тарихына деген құрмет, ерлік рухы қалыптасуы шарт.

Әдебиеттер

1. Кенжалин Ж. Патриотизм и духовное обновление // Мысль. – № 11, 2003.
2. Мұхатаев С. Ұлттық идеология: мәні мен мазмұны // Ақиқат. – № 11, 2000.
3. Шарахымбай Б. Ұлттық патриотизм және екі жүзділік // Қазақ әдебиеті газеті. – № 9.2003.

ИНТЕРАКТИВНЫЕ МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА В КАЗАХСКОЙ ШКОЛЕ

Закон Республики Казахстан «Об образовании» в качестве основной задачи системы образования выдвигает «развитие системы обучения в течение жизни, обеспечивающей взаимосвязь между общим обучением, обучением по месту работы и потребностями рынка труда и помогающей каждому максимально использовать свой личный потенциал в обществе, основанный на знаниях».

Концепция развития образования РК до 2015 года и другие нормативные документы образовательного пространства на первый план выдвигают идеи индивидуализации, личностной направленности обучения.

Перемены в жизни нашего общества требуют и перемены в современном образовании. Улучшить его качество не значит в корне изменить процесс обучения. Инновационные процессы в сфере образования требуют переосмысления форм учебного процесса как управления познавательной деятельностью ученика. Это, в свою очередь, определяет необходимость использования новых технологий, позволяющих учитывать индивидуальные особенности учащихся. И сегодня объявляются нетрадиционными любые методы, способные разбудить мысль ученика.

Что же можно сделать для того, чтобы ученики не только усваивали программный материал, но и умели мыслить нестандартно, обладали способностью выдвигать гипотезы, развивали творческие способности?

Одна из серьезнейших проблем сегодняшней школы – падение интереса учащихся к учебной деятельности. Не все учащиеся умеют извлекать и перерабатывать учебную информацию, затрудняются выделять главную мысль. Для поддержания и развития интереса к предмету необходимо создание новизны на уроке. Современный урок часто называют педагогическим произведением. И это верно. Он оказывает воздействие на учеников лишь в том случае, если тщательно продуман весь ход занятий и заранее запрограммирован их результат. И чтобы урок был интересным, познавательным, можно осуществлять фрагментарный выбор технологии обучения, который должен способствовать активному творческому процессу.

Прежде чем переступить порог школы, учителю необходимо проанализировать предыдущие свои занятия, чтобы новую тему связать с пройденной. Он должен хорошо знать, что будут делать учащиеся, какую проблему разрешать и каким путем. К сожалению, не все формы работы дают должные результаты в этом направлении, поэтому необходимо использовать различные методы и приемы для активизации познавательного интереса к учебному предмету. Учитель всегда и всюду должен поддерживать стремление ученика что-либо познать.

Ученые предлагают изучать детские интересы, учитывать, а не игнорировать их в работе, а также так отбирать материал, чтобы он заинтересовал учеников, и находить такую форму сообщения фактов, чтобы они легко усваивались.

Интересная работа облегчает её выполнение, учит сознательному отношению к труду. Результаты психологических и педагогических исследований позволяют научно обосновать известные в практике и предложить новые методические приемы пробуждения и развития интереса школьников к конкретному предмету.

Можно выделить два источника, вызывающих интерес учащихся к предмету и тесно связанных между собой: содержание предмета и деятельность школьников, организуемая для познания этого предмета.

Перед учителями русского языка казахских школ каждодневной задачей является привитие интереса и любви к русскому языку. Обучать активно, творчески – значит использовать на уроках средства наглядности, элементы занимательности, которые глубоко воздействуют на сознание и чувства учащихся. Необходимо отметить, что к начинающему изучать русский язык надо подходить чутко и стремиться к тому, чтобы учащиеся не испугались тех трудностей и препятствий, которые встретятся им на первых уроках.

Над подготовкой к урокам приходится работать очень долго и обдуманно, нужно проявлять креативный подход, чтобы устный курс русского языка сделать живым, ярким и интересным.

Трудно представить себе современного учителя-словесника, не пользующегося в преподавании своего предмета элементами занимательности как средством оптимизации процесса обучения русскому языку. Развитие интереса к учению – это не только методическая, но и воспитательная работа. «В школьной скуке, - писал К.Д. Ушинский, - скрывается источник множества детских проступков и даже пороков».

Заинтересовать и активизировать учащихся помогает не только содержание, но и занимательная форма заданий. Активными формами работы следует считать те формы, которые требуют от выполняющих её учащихся напряжения, внимания, запоминания, применение анализа и синтеза, нахождения сходств и различий.

Использование интерактивных методов обучения дает свои определенные результаты, так как речевая направленность урока должна осуществляться через общение. Это означает практическую ориентацию урока, ведь научить языку можно только через постоянное говорение.

Чтобы стимулировать познавательную и творческую активность школьников и организовать индивидуальную работу с ними, учителю важно знать возможности каждого ученика и быть твердо убежденными в том, что все они способны справиться с теми задачами, которые педагог выдвигает перед ними.

Для активизации творческой и проблемно-поисковой деятельности учащихся можно использовать кроссворды, различные виды словарной работы, составление словаря «Говори и пиши правильно», лингвистические задачи, деловые игры, тестовые задания, сочинения, рефераты. По форме такие уроки могут быть путешествием, соревнованием, этюдом, исследованием. Интерактивное обучение представляет собой такую организацию учебного процесса, при которой практически все учащиеся оказываются вовлеченными в процесс познания.

Хотим предложить вашему вниманию разработанный урок русского языка с применением интерактивных методов обучения по учебнику Л.К. Жаналиной «Русский язык» для 11 класса естественно-математического направления общеобразовательных школ с казахским языком обучения, изд. «Мектеп» 2007 г. Учебник состоит из 8 лексических тем: 1. Язык и картина мира. 2. Казахстан – моя Родина. Состав слова. Синтаксис простого предложения. 3. Природа страны и планеты. и др.

Тема: «Республика Казахстан». Грамматическая тема: «Состав слова».

Проведение данного урока можно начать с мозгового штурма: Что вы можете рассказать о Республике Казахстан? Предоставление новой информации. Поскольку все понятия, которые мы изучаем, в той или иной мере уже знакомы учащимся, рекомендуется начинать этот этап с мозгового штурма: "Какие ассоциации вызывает у вас слово Республика Казахстан?", "Какие понятия связаны со словом Родина?" Представленные стержневые мысли записываем на доске в столбик и нумеруем. Этот вид работы помогает отобрать то, что уже известно учащимся. Эту же работу можно провести иначе: на обратной стороне доски заранее записать ключевое слово, например, Казахстан. Этот вариант работы эффективен тогда, когда у учащихся недостаточно представлений об изучаемом понятии. Следующий вариант организации этой работы: предлагаем учащимся

настроиться на тему размышления, взять ручки и записать те мысли, которые приходят в голову, при этом напоминаем, что не нужно стремиться к логике, последовательности.

После ответов учащихся нужно обобщить полученные сведения и приступить к работе над текстом. Предтекстовая работа включает словарную работу. Выяснить значения следующих слов и словосочетаний: *представительный орган, сенат, мажилис, независимость, полезные ископаемые, официальный, признать*. Придумать с ними словосочетания и предложения.

Затем образцовое чтение текста учителем, чтение текста учащимися с пометами (! – новая информация; ? – непонятная информация; + - знакомая информация; - незнакомая информация).

Республика Казахстан

Республика Казахстан – государство в центральной части Евразии. Столица – город Астана. Глава государства – президент. Высший представительный орган, осуществляющий законодательные функции, - парламент, который состоит из сената и Мажилиса. Исполнительная власть – правительство. Денежная единица – тенге.

Территория республики простирается от нижнего течения Волги на западе, до Алтая на востоке, от Западно-Сибирской равнины на севере, до Тянь-Шаньских горных хребтов на юге. Общая длина границ – 15 тысяч километров. На западе и севере Казахстан граничит с Российской Федерацией, на юге – с Туркменией, Узбекистаном и Кыргызстаном, на востоке – с Китаем. По площади Казахстан занимает девятое место в мире.

16 декабря 1991 года казахский народ обрел свою государственную независимость.


Республика располагает богатыми запасами полезных ископаемых. К числу ведущих отраслей промышленности относятся цветная и черная металлургия.

Казахстан – крупный производитель зерновых, кормовых и технических культур. Из зерновых преобладает пшеница, а из технических – подсолнечник, хлопчатник, лен-кудряш. Одной из основных отраслей сельского хозяйства является животноводство.

Республика Казахстан официально признана более чем 120 странами, является членом Организации Объединенных Наций и многих других международных организаций.

За годы независимости республика добилась значительных успехов в строительстве правового государства и гражданского общества. (По энциклопедическому справочнику «Республика Казахстан»)

Послетекстовая работа включает составление вопросов к тексту; выполнение упражнений; составление кластера с ключевым словом Казахстан.



Завершает урок работа в малых группах на тему «Республика Казахстан», от каждой группы выступает модератор.

После проведения уроков в интерактивном режиме предлагаются задания, требующие творческого переосмысления изученного материала: написать сочинение - миниатюру по теме, высказать свою точку зрения по проблеме, провести стилистический эксперимент. Считаем, что такое задание в большей степени соответствует природе интерактивного обучения.

Занятия, построенные в интерактивном режиме, вызывают заметный интерес у учащихся, прежде всего, потому, что нарушили привычный и несколько надоевший порядок работы на уроке, позволили каждому побыть не в роли пассивного слушателя, а в роли активного участника, организатора учебного процесса.

В традиционной системе учитель обычно опирается на сильного ученика, ведь он быстрее "схватывает" материал, быстрее его запоминает, а слабый "отсиживается" на уроке. Уроки, проведенные в интерактивном режиме, позволяют включить всех учащихся в активную работу, обеспечить каждому учащемуся посильное участие в решении проблем, в результате слабые обретают некоторую уверенность в собственных силах, сильные ощущают пользу, помогая товарищам понять материал.

Если при традиционной системе обучения учитель и учебник были основными и наиболее компетентными источниками знаний, то при новой парадигме учитель выступает в роли организатора самостоятельной познавательной деятельности учащихся, компетентным консультантом и помощником, знания же учащиеся получают в результате своей активной познавательной деятельности. В процессе работы в интерактивном режиме у учащихся формируются коммуникативные навыки, способность к сотрудничеству и взаимодействию, развивается критическое мышление, что является необходимым для их будущей профессиональной деятельности.

Д. Э. Усенова
Семей қ.

ОҚУШЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Қоғамдағы өзгерістерге сәйкес оқушыларға бүгінгі таңда тиянақты білім беріп, танымдық белсенділігін арттыру үшін олардың әр пәнге деген қызығушылығын қалыптастыру – мектептің басты міндеті. Сол себепті білім мазмұнын жетілдіреп, оқу әдістерін, түрлері мен құралдарын жаңа сапалық негізде қайта құру қажет.

Оқушылардың танымдық қызығушылықтарын анықтауда мына топтарды көрсетуге болады:

- білімге деген жағымды қатынас және оларды меңгеру процесі (танымдық қызығушылықтар);
- өзіне деген қатынас, яғни өзінің мүмкіндіктерін және жетістіктерін бағалау (өзін-өзі бағалау);
- білім берудің құндылығын сезіну, оның қоғамдық және жекелік мәнін түсіну.

Танымдық қызығушылық – тұлғалық тұрақты ұмтылысына, жаңа білімді игеру тәсілін меңгеруге және құбылыстардың мәнін түсінуге мүмкіндік береді. Басқа қызығушылықтардан танымдық қызығушылықтың ерекшелігі ол ақпаратты пайдаланумен қатар оны игеруге және өңдеуге мән береді.

Оқушылардың танымдық қызығушылықтарын өздерінің объектілері бойынша ажыратады: олар фактілік және теориялық білімге, әрбір әрекетті ереже бойынша орындауға, шығармашылық сипаттағы әрекеттеріне бағытталған.

Танымдық қызығушылықты тұрақтылыққа байланысты да ажыратады: олардың критерийін бағалаумен және сол жетістікке жету үшін қиыншылықтарды жеңе білумен байланысты. Оқыту процесінде осы аспектінің мағынасын мамандар дәлелдеген. А.И.Липкинаның айтуы бойынша, «баланың оқу процесінде интеллектуалдық санасы мен білім жүйесін игеру ерешеліктерін ғана емес, өзін-өзі бағалау формасындағы күрделі ақыл-ой жұмыстарын ескеру керек».

Оқыту және тәрбиелеу процесінде жетістікке жету үшін, оқушыларды өз жетістіктерін адекватты бағалауға, өз күштеріне сенімін арттыруға көмектесу керек. Тек осындай өзін-өзі бағалау арқылы ғана оқушы өз бетімен жұмыс істеуге ұмтылысын тудыру мүмкін. Осының барлығы үлгерімнің көрсеткіш жүйесін көрсетеді. Осы талаптарды орындау үлгерім туралы көп мәлімет береді: жаңа білім игеруде ептілік пен дағдыны, алынған білімді өңдеу, қорытынды шығару; жаңа жағдайда алынған білімді, ептілік пен дағдыны пайдалану, олардың керектісін таңдап алу және өңдеу; теориялық сипаттағы білімді өз бетімен игеруге ұмтылу; шығармашылық әрекет процесінде қиыншылықтарды белсенді түрде жеңе білу; танымдық әрекетте өз жетістіктерін бағалауға ұмтылу. Оқушыға белгілі бір көлемдегі білім, білік-дағдыларды меңгертумен бірге табиғат, қоршаған дүние туралы түсініктерін кеңейте отырып, оларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту бүгінгі күннің талабы. Шығармашылық қабілеттердің белгілері ретінде: мәселені қарастырудағы қырағылық көрегендікті, ақылдың икемдігі, ойдың орамдылығын, әрекетті бағалай білуді қарастырады.

Шығармашылықтың негізгі сипаты жаңалық ашуға, жаңа тәсілдер табуға ұмтылу деп айтуға толық негіз бар. Шығармашылыққа, жаңа, тың нәрсе жасау тән десек, ертеден белгілі нәрсені қайталауды немесе көшіруді шығармашылық деп айтуға болмайды, бірақ бұрыннан белгілі, таныс нәрселердің өзінен қандай да бір ерекшелік табу, оны жаңаша түрде жасау, ерекше қасиеттерін табу шығармашылыққа тән құбылыс деуге болады. Шығармашылық әрекетке оқушының проблеманы көре білуі, өз іс-әрекетінің бағдарламасын жасай білуі және ойды іске асыру үшін жаңа идеялар алуы жатады.

Оқыту сабақтарының шығармашылық сипаты оқушының танымдық белсенділігін оятып, шығармашылық қабілеттерінің дамуына, тәртіптілік пен жолдастыққа, адамгершілік қасиеттеріне әсер етеді. Ұжымдық сабақтарда өзінің сыныптасының кемшілігін көруге, оған достық қолын созуға, өзгелердің ісінен сабақ алуға, саналылыққа, танымдық, әлеуметтік ұстанымының қалыптасуына өз ортасының пікірінің әсері зор. Мұндай сабақтарда оқушылардың ұжымдық ой-пікірлері қалыптасып, сыныптағылардың пікірі бойынша ортақ тұжырым жасауға үйренеді: ортақ іске өз үлесін қосады, жолдасының жауабына пікір айтып, бағалауға үйренеді; оқушының өзіндік жұмысы талқыланады.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту проблемасын ұқыпты қадағалау, оқу процесінің тиімді болуында қандай көрініс табады? Жалпы үлгерім, яғни олардың шығармашылық қабілетін дамытуға және логикасын дамытуға бағытталған тапсырмалар тек білім мен ұқыптылығына ғана әсер етіп қана қоймай, оқушылардың ойлау қабілетін дамытады. Мұғалім – бұл жағдайда білімді түсіндіріп қоюшы, бақылаушы емес, бағалаушы емес, танымдық іс-әрекетін ұйымдастыратын ұжымдық шығармашылық істердің ұйытқысы. Тек осындай оқыту ғана оқушы интеллектісінің көзін ашып, шығармашылығын дамытады.

Мектепте білім мен тәрбие алу барысында бастауыш сынып оқушыларының ақыл-ойы дамиды, адамгершілік қасиеттері қалыптасады. Осы міндеттерді жүзеге асыруда әр пәннің өз орны бар. Соның бірі – ана тілі. Ана тілін оқытудағы негізгі мақсаты – оқушылардың танымдық қызығушылығын дамыту арқылы сөздік қорын, ауызша және жазбаша сөйлеу тілін, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру. Оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру үшін сабақ барысында мәтін мазмұнына сәйкес проблемалық сұрақ қойып отыру тиімді. Мысалы: «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесін өту кезеңінде мұғалім адам еңбегі және басқа жәндіктердің, құстың тіршілігі туралы сұрақ

қойып, оған оқушылар өз пікірін білдіреді. Сонымен қатар «Ойлап тап», «Мәтін мазмұнына қарап сурет сал», «Суретке қарап әңгіме құра» т.б. ойындар сөйлеуге төселдіріп, сөздік қорын молайтып, тілін дамытуға арналған. Күзге байланысты тарауда «Кім тапқыр?» ойынын өткен тақырып пен жаңа тақырыпты байланыстыру мақсатында қолдануға болады. Оқушылар топ бойынша: 1-топ күз ерекшеліктерін, 2-топ күзгі еңбекті, III-топ табиғаттағы өзгерістерді әңгімелеп беру тиіс. Әңгіме, ертегі, аңыз әңгімелер оқытуда жаңа сабақ тақырыбына байланысты мақал-мәтел, жұмбақ-жаңылтпаш пайдаланудың маңызы зор. Баланың танымдық қызығушылығын арттырып, тілін дамытады.

Ана тілі сабағында мақал-мәтелдерге мынадай жұмыс түрлерін жүргізуге болады: тақырып мазмұнына сай мақал-мәтелдер айтқызу, мәнін ашып өз ойын жетілдіру. Суретке қарап тақырыпқа сай жұмбақ-жаңылтпаш айту. Мақал-мәтелдердің жалғасын айтқызу. Топқа бөліп мақал-мәтелдер сайысын өткізу.

Қазақ тілі, Ана тілі сабағында уақыт тауып шығармашылық жұмыс жүргізу де баланың қызығушылығын арттырады. Ол үшін мұғалім мәтіннің, жаттығудың өн бойынан шығармашылық тақырыптарға лайықты жағдайларды іздеп табады. Оқушыны шығармашылық жұмысқа баулып, қызығушылығын арттыру үшін әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады.

1. Мәтін, ертегіні, әңгімені өз ойларымен аяқтау. Мысалы: Қайсар атасымен қыдырап жүр еді. Кенет қора жақтан түтін исі келді. Қараса қой қора өртеніп жатыр екен. Қайсар не істеді?

2. Ақын жазушылардың дайын мәтіндерін басқаша аяқтау. Мысалы: «Тәкаппар» Ш. Смаханұлы.

3. Белгілі мақал негізінде әңгіме жазғызу.

4. Мәтін бойынша мақал құрастыру.

5. Шығарма бойынша сурет салғызу, ауызша суреттеу, қиялдау арқылы суреттеу.

6. Логикалық ойлауды дамытатын ойындармен берілген тапсырмаларды шешкізу (анаграмма, сөзжұмбақ, ребус, құрастырмалы ойындар).

7. Белгілі ақын, жазушы шығармаларына еліктеп әңгіме, ертегілер жазғызу.

8. Қайталау сабақтарында оқыған мәтіндері бойынша өз бетінше тест тапсырмаларын құрастыру.

Қорыта айтсақ, бастауыш сыныптағы қай пәнде болсын оқушының танымдық, шығармашылық қабілетін дамыта оқыту олардың сабаққа деген қызығушылығын оятып, өз ойын ашық, қысылмай жеткізе білуін, ынтасын дамыта түседі.

Әдебиеттер

1. Сабыров Т.С. Оқушылардың оқу белсенділігін арттыру жолдары. – Алматы: 2006.
2. Талызина Н.Ф. Формирование познавательной деятельности младших школьников: книга для учителя, М., «Просвещение», 1998.
3. «Бастауыш сыныпта оқыту әдістемесі», 2008.

РАЗВИТИЕ ПРОСТРАНСТВЕННОГО ВООБРАЖЕНИЯ В ПРОЦЕССЕ ИЗУЧЕНИЯ МАТЕМАТИКИ

Человеческое сознание тесно переплетается с миром, который его окружает. При восприятии мира, как мы знаем, не маловажную роль играет воображение. Воображение является активным элементом в сознании человека. Он позволяет преодолеть границы обыденного и перейти на новый уровень понимания мира.

Существуют различные виды воображений, применяемые в различных сферах жизнедеятельности людей. Однако самым необходимым воображением является пространственное воображение, так как данное воображение формирует действительную картину мира. Именно пространственное воображение необходимо как в быту, так и в научных направлениях. Например, рассчитать количество обоев, необходимых для оклеивания помещения. Пространственное воображение мы используем для того, чтобы рассчитать маршрут своего движения: определить кратчайший путь с наименьшими затратами времени. Для организации чертежных проекций также требуется пространственное воображение. Пространственное воображение – основа пространственного мышления. Говоря точнее, пространственное воображение – способность мысленно представить пространственные объекты, а пространственное мышление – способность оперировать над пространственными объектами с применением геометрических и логических рассуждений. Исходя из этого, можно сказать, что для того чтобы мыслить необходимо представить. Значимость пространственного воображения у школьников неоднократно подчеркивал А.Н.Колмогоров: «Геометрическое воображение или, как говорят, «геометрическая интуиция» играет большую роль при исследовательской работе». Известно, что немногие учащиеся 10-11 классов средней школы, даже выпускники, окончив школу, не имеют достаточного пространственного воображения, что соответственно не может быть и речи о наличии пространственного мышления. Например, учащиеся могут сформулировать определение скрещивающихся прямых, а вот представить их в своем воображении и показать какие ребра комнаты являются скрещивающимися, затрудняются. Вот, что по этому поводу А.Н.Колмогоров пишет в своей книге «О профессии математика»: «В школе обычно с особым трудом дается наглядное представление пространственных фигур. Надо, например, быть очень хорошим математиком (по сравнению с обычным школьным уровнем), чтобы, закрыв глаза, без чертежа ясно представить себе, какой вид имеет пересечение поверхности куба с плоскостью, проходящей через центр куба и перпендикулярной одной из его диагоналей». Возникают следующие вопросы: «В чем причина недостаточной развитости или вообще отсутствия пространственного воображения у учащихся 10-11 классов? И как развить пространственное воображение учащихся в процессе обучения?». На эти вопросы многие учителя и методисты пытаются ответить, предлагая различные методы решения данной проблемы. Но как видимо, попытки преодоления этой проблемы в школе явно недостаточны, да и предпринимаются ли какие-нибудь меры?! Это можно судить по приведенным выше примерам. Причин недостаточной развитости пространственного воображения или же его отсутствия у учащихся средних школ огромное количество: нехватка времени по изучению тех или иных тем, которые связаны с развитием пространственного воображения, методическая неподготовленность учителей, преобладание однообразных задач, которые решаются путем использования формул или же шаблонным образом, что не развивают пространственное воображение и т.д. Методисты и педагоги предлагают множество вариантов решения данной проблемы. Перечислим некоторые из них:

1) На первых порах знакомства с какими-либо понятием, определением или же аксиомами вводить все это на интуитивной основе для того, чтобы учащиеся сами могли прочувствовать и понять суть вводимого нового определения, какого-то понятия, аксиомы.

2) Развитие пространственного воображения по принципу материально-ориентированного образования, т.е. освоение действий и предметов материального мира и переноса этих действий и этих предметов в пространственное воображение. К данному принципу можно отнести графы, узлы, многогранники, паркеты и т.п.

3) Применение в младших классах различных игр, таких как “Геометрическая мозаика”, “Танграм”, “Составь картинку”, “Колумбово яйцо”, “Волшебный круг”, “Головоломка Пифагора”, “Вьетнамская игра”, “Пентамино” и др. А также головоломки и геометрические конструкторы, которые применимы и в старших классах.

4) Применение прикладной и практической направленности геометрии. То есть в старших классах связать урок черчения и геометрии, в младших классах урок труда и математики. На уроке черчения оперируют основными методами, которые закладываются в геометрии – метод переноса, деление окружности на пять и шесть частей, деление отрезков и углов на равные части и т.д. Особенно данная взаимосвязь в содержании и методах прослеживается между стереометрией и черчением при изучении вопросов параллельного проектирования и изображения пространственных фигур. Также можно применить на уроке черчения сведения о косоугольных проекциях, которые были получены на уроке геометрии. Как на уроке черчения, так и на уроке труда, развитие пространственного воображения гарантирует выполнение развертки стереометрических фигур.

5) Применение на уроках геометрии различных наглядных пособий, компьютерных средств, технических средств обучения, таких как кинофильмы, диафильмы, диапозитивы, кодоскоп и др. способствует развитию пространственного воображения.

Наиболее значимы при формировании пространственных представлений первые уроки стереометрии. Именно на первых уроках стереометрии учащиеся переводят изучение понятий из двухмерного пространства в трехмерное пространство. Главная задача учителя состоит в том, чтобы, не разрывая связи между планиметрией и стереометрией, плавно перейти с изучения планиметрии на изучения стереометрии. То есть все знания и пространственные представления, полученные в пропедевтическом курсе геометрии и в систематическом курсе планиметрии, перенести на изучение стереометрии. На первом уроке стереометрии можно провести аналогию между планиметрией и стереометрией, ярким примером которого может служить изучение взаимных расположений прямых и плоскостей. Как известно, взаимное расположение прямых и плоскостей лежат в основе изучения свойств геометрических фигур как в планиметрии так и в стереометрии. На первых уроках стереометрии изучаются взаимное расположение плоскостей и прямых, которые вводятся на основании понятий и аксиом. Что требует от учителя творческого подхода к объяснению темы. Для усвоения учащимися аксиом одну и ту же аксиому можно озвучить по-разному, при этом дать понять учащимся о том, что смысл аксиом один и тот же. Например, «Через три точки, не лежащие на одной прямой, можно провести плоскость и притом только одну», «Если две различные прямые имеют общую точку, то через них можно провести плоскость и притом только одну». Для того чтобы учащиеся были заинтересованы в изучении стереометрии, и для того, чтобы учащиеся не задавались вопросом «Зачем и для чего нам это нужно?» лучше всего брать примеры и задачи, связанные с реальной жизнью, с исторической направленностью. А также для того, чтобы показать практическую значимость стереометрии. Например: «Инженер проектирует здание, на проектной работе обозначена плоскость и точка, которая лежит вне данной плоскости. Инженеру необходимо построить плоскость, проходящую через точку, которая будет параллельна исходной плоскости. Каким образом он это сделает?». Как мы видим, эта известная задача на построение.

Решение, которое не только развивает пространственное воображение, но и требует логической обоснованности.

Учитель математики - путеводитель в пространство математики. Он указывает, что истинно, а что ложно. И только от него зависит, какой путь изберут учащиеся в изучении математики.

Литература

1. Оганесян В.А., Колягин Ю.М., Луканкин Г.Л., Саннинский В.Я. Методика преподавания математики в средней школе: Общая методика. – Просвещение, 1980. – 368 с.

2. Блох А.Я., Гусев В.А., Дорофеев Г.В. и др.; Сост. Мишин В.И. Методика преподавания математики в средней школе: Частная методика. – М.: Просвещение, 1987. – 416 с.

3. Клопский В.М. Геометрия: Учебное пособие для 9 и 10 классов средней школы. – Просвещение, 1979. – 370 с.

4. Земляков А.Н. Геометрия в 10 классе: Метод. рекомендации к преподаванию курса геометрии по учеб. пособию А.В. Погорелова: Пособие для учителя. / А.Н. Земляков 1986г. – 400 с.

5. Каплунович И.Я. Развитие пространственного мышления школьников в процессе обучения математике. – Новгород, 1996. – 100 с.

М. К. Жайлауова
Г. С. Иманбердиева
Қызылорда қ.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ РЕФЛЕКСИВТІ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Педагогика мен мектеп практикасындағы өзекті мәселелердің бірі – бастауыш сынып оқушыларының оқу іс-әрекетінде рефлексивтік қабілеттерін қалыптастыру арқылы білім сапасын арттыру, білім беруде өзін-өзі жетілдіруге, өз ісіне деген жауапкершілікті сезінуге тәрбиелеу. Рефлексия оқу үдерісінде оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеруге, өзін-өзі бағалауда өз іс-әрекетінің нәтижесін анықтауға мүмкіндік береді.

Бастауыш сынып оқушыларының жеке дара ерекшеліктерін және мүмкіншіліктерін ескере отырып, оқу іс-әрекетінің барысын және нәтижесін бағалауға, бақылауға үйрету қажеттігі оқушыларда оқу іс-әрекетіне деген рефлексивтік қатынастарын бағытты қалыптастыруды талап етеді.

Психологияда рефлексия адам санасының ең маңызды ерекшелігі ретінде анықталады. Рефлексия термині латын тілінде «reflekto» – кері бұру; «refleksys» – кері қозғалу, кері бұрылу; «reflexio» – кері қарау деген мағынаны білдіреді. Рефлексия – субъектінің өзіндік ішкі психикалық күйін тану үдерісі.

Психолог-педагог ғалымдардың еңбектерінде рефлексия ұғымына берілген анықтамаларды төрт топқа бөлуге болады:

1-топ – әлеуметтік-психологиялық анықтамалар:

рефлексия – субъектінің ойлану, өз ойларын талдау, өзінің психикалық күйін саралау, өз әрекетін талдауға деген бейімділігі; рефлексия – ойлау мен іс-әрекетте – тұлғаның өзінің әрекет етуінің механизмі; кооперация мен коммуникацияда – «үстіне», «сыртқа» позициясына шығу механизмі; өзіндік танымда – ішкі бағыттылықта өзінің орнын анықтау механизмі мен «Мен» шекарасын белгілеудің әдісі;

2-топ – логикалық-гносеологиялық анықтама бойынша рефлексия – адам ойының қағидасы, өзіндік әрекеттердің алғышарттарын ұғыну, білімнің мазмұнына және оның танымдық әдістеріне талдау жасау;

3-топ – әлеуметтік-философиялық анықтамалар бойынша рефлексия – өзіндік сананың маңызды элементі, оны дамыту факторы; рефлексия – бұл ішкі қарама-қайшылықтардың өзектілігін тауып, оларды шешу жолдарын көрсететін, өзінің тәжірибиелік іс-әрекетін сезінуге бағытталған, адамның өзін-өзі тану қабілеті;

4-топ – педагогикалық анықтамалар бойынша рефлексия – өзін-өзі танудың, түсінудің, тексерудің, бағалаудың негізгі тәсілі және ойлаудың қажетті құралы [1].

Оқыту үдерісінде оқу іс-әрекетіндегі рефлексияны қалыптастырудың мақсаты – оқушылардың оқу іс-әрекетінің компоненттерін білуін, мәселелерді шешу жолын түсінуін, білімді меңгеруін, мәселені шешу жолында алынған нәтижені еске түсіруін, оқушының өзін-өзі тануын қамтамасыз ету. Мақсатқа қол жеткізуде рефлексиялық әрекеттерді, оларды жүзеге асыру жолдары мен түсінік деңгейлерін анықтау маңызды рөл атқарады.

Диагностикалық, ұйымдастырушылық, коммуникативтік, жобалық, шығармашылық, коррекциялық, мотивациялық рефлексия қызметтерін сабақтың барлық кезеңдерінде, бір тарау не тақырыпты аяқтағаннан кейін қолдануға болады.

Рефлексия қызметіне қарай төмендегідей жіктеледі:

- көңіл-күй жағдайының рефлексиясы
- оқу материалы мазмұнының рефлексиясы
- шығармашылық рефлексиясы.

Көңіл-күй жағдайының рефлексиясы бойынша пайдаланылатын әдістерге көңіл-күйді білдіретін смайликтер, әртүрлі түстер, көркем туындылар, музыка және көңіл-күй жағдайын бағалау жатады.

Оқу материалы мазмұнының рефлексиясы оқушының өтілген материал мазмұнын қаншалықты деңгейде меңгергенін білдіреді.

Шығармашылық рефлексия – берілген оқу материалын меңгеріп қана қоймай, пайдаланылған түрлі әдістер мен тәсілдерді игере отырып, өзіне қажеттісін таңдап алу. Мысалы, «Жұлдызшалар», «Жеңіс баспалдағы» т.б. әдістерді пайдалануға болады.

Рефлексия түрлері жеке және топтық: жеке рефлексияны қалыптастыруда сауалнама жүргізу, «Жауабын тап», «Егер, сен.....?» сияқты жұмыс түрлерін жүргізуге болады. Топтық рефлексияны қалыптастыруда «Миға шабуыл», «Қадам бас» сияқты тәсілдерді пайдаланады. Педагог өзіне «Мен қандай жұмыстар жүргізіп жатырмын?», «Қандай мақсатпен?», «Қай жерден қателік кетті?», «Әрі қарай қалай жұмыс жасаймын?» т.б сұрақтарды қою барысында рефлексиясы дамиды. Рефлексия – даму кілті, сабақтағы рефлексия – оқу үдерісінде жүзеге асырылатын мұғалім мен оқушының бірлескен шығармашылық іс-әрекеті.

Педагогтердің зерттеуінде рефлексивтік әдістерді мерзіміне қарай төмендегіше жіктейді:

- ретроспективті – осыған дейін жүргізілген оқу үдерісіндегі әдіс-тәсілдер мен нобайын қайта жасау.

- проспективті – болашақта жүргізілетін іс-әрекеттің мүмкін болатын құралы мен нобайын анықтау.

- интроспективті- іс-әрекетті жүзеге асыру барысында ойлау үдерісін қиындату мен түзетуді бақылау. Осындай қарапайым түрде жіктелуі рефлексияның оқу үдерісінде сапалы әрі мәнді берілуін көрсетеді [2].

С.С.Кашлевтың зерттеу жұмыстарында рефлексия технологиясының шексіз мүмкіндіктері көрсетілген. Автор рефлексияның қызметтерін қарастыра отырып, рефлексивтік практикасы қолданылмаған бірде-бір педагогикалық үдерістің нәтижелі болмайтындығын айтқан. Сондықтан рефлексивтік практика оқушы дамуының барлық саласында мониторингтің сенімді құралы болып табылады. Сонымен қатар барлық рефлексия аспектілерін пайдалану мұғалімнің жан-жақты дамуы үшін де өте маңызды.

Рефлексияның сауатты түрде жүргізілуі мұғалімнің психо-педагогикалық зерттеуінде мықты құрал бола алады [3].

Педагогикалық қызметте рефлексивтік практиканы қолдану барысында үш негізгі компонентті басшылыққа алған жөн. Біріншіден, дамудың қай саласында, сабақта не үшін рефлексияны қолдану керектігін және оның нәтижесі қандай болатынын диагностикалауды анықтау қажет. Екіншіден, ең тиімді жорамал ретінде болса да, рефлексия әдістемесін таңдау. Бұл таңдау оқушылардың қандай деңгейіне байланысты болуы керек? Әсіресе, «Рефлексивтік нысана» технологиясын қолданған тиімдірек. Бұл технологияны қолдануда оқушылардың рефлексивтік қабілеттерін дамыту бірнеше көрсеткіштер бойынша жүзеге асырылады. Үшінші компонент – педагогикалық үдерісте оқушылар мен мұғалімнің өзара әрекеттестігі арқылы дамуы нәтижесіне баға беру. Бұл компонент рефлексияны жүргізудің нақты жоспарланған өлшемдері мен бағыт-бағдарын болжайды. Мысалы, егер оқушының үлгірімінің балдық жүйедегі бағасы жоғарыласа, онда әрбір балдық шкалаға бөлінуде сапалы мінездеме берілуі қажет және бағалану кезінде өз деңгейін білуі шарт.

оқу іс-әрекетіндегі рефлексия – ойлау, қабылдау үдерісіндегі оқу іс-әрекетінің субъективтік сипаты. Оның мақсаты – оқу іс-әрекетінің компоненттерін, мәселені шешу жолындағы алынған нәтижені еске түсіру; оқушының өзін-өзі тануын қамтамасыз ету;

– рефлексия – өзін-өзі танудың, түсінудің, тексерудің, бақылаудың, бағалаудың негізгі тәсілі және ойлаудың қажетті құралы. Рефлексияны қалыптастыруда өзіндік бақылау, өзіндік бағалау, өзін-өзі реттеу бір-бірінен бөлінбейтін үдерістер болып табылады:

а) өзіндік бақылау – оқушыға оқу міндетінің шешімін дұрыс тауып, сапалы білім алуға, жетістікке жетуге негіз болатын, оқу іс-әрекетінің маңызды бөлігі, оның құрылымы: алдағы жұмыстың мақсатын анықтау → өз ойын дәлелдеу → алынған нәтижені талдау;

б) өзіндік бағалау – бұл тұлға әрекетінің дұрыс не бұрыстығын анықтайтын үрдіс.

Оқушылардың оқу материалдарын қабылдау мүмкіндіктерін барлық арнайы бейімделген тапсырмалар көмегімен жетілдіру мүмкіндіктері, оқушылардың оқу іс-әрекетіне рефлексивтік қатынастарын қалыптастыруды кезең бойынша жүзеге асыруға болатындығы теориялық және практикалық тұрғыдан негізделеді.

Күнделікті сабақта бастауыш сынып оқушыларының ойлау қабілетін дамытуға арналған тапсырмаларды қосымша орындатып отыру қажет. Бұл оқушылардың қызығушылығын, танымдық ізденімпаздығын, оқу белсенділігін арттырады, олардың оқу іс-әрекетіне рефлексивтік қатынастарын қалыптастыруды жеделдетеді.

Әдебиеттер

1. Давыдов В.В. Психологическая теория учебной деятельности и методов начального обучения, основанных на содержательном обобщении. Библиотека развивающего обучения. – Томск: 1992.

2. Оқу әрекетіне деген рефлексивті қатынасты қалыптастыруды зерттеу бағыттары // Қазақстан орта мектебі, 2008. - №11. - Б.3-7.

3. Кашлев С. С. Современные технологии педагогического процесса: Пособие для педагогов. [Текст] / С.С. Кашлев. – Мн.: Высшая школа, 2002. – 95 с.

ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІНДЕГІ МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Отбасы адам үшін ең жақын әлеуметтік орта саналады. Отбасы – белгілі дәстүрлердің, жағымды өнегелердің, мұралар мен салт-дәстүрлердің сақтаушысы. Алғаш рет отбасында бала өмірмен, қоршаған ортамен танысады, мінез-құлық нормаларын игереді, оның азамат болып қалыптасуының негізі қаланады.

Отбасының басты қызметі – бала тәрбиесімен айналысу. Отбасы тәрбиесі – бұл жалпы тәрбиенің ең басты бөлігі. Ата-ана және отбасы мүшелері жас нәресте дүниеге келген күннен бастап оның өміріне қамқорлық жасап, болашағын жоспарлайды және саналы азамат болып өсуі үшін қажетті барлық жағдайды жасайды. Бұған баланың қажеттігін толық қанағаттандыру, оны дене және ой еңбегіне үйрету, күн тәртібін дұрыс реттеуге, салауатты өмір сүруге, адал болуға тәрбиелеу, жақсылықтан үйренуге, жамандықтан жиренуге үйрету, бойында жастайынан мәдени құндылықтар мен адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру жатады [1].

«Мәдени құндылық» ұғымы – философиядағы, әлеуметтанудағы және педагогикадағы негізгі құбылыстардың бірі. Мәселен, философияда құндылық қоршаған дүниедегі объектілердің әлеуметтік ерекшеліктерін, олардың адам мен қоғам үшін, қоғамдық өмір мен табиғаттағы құбылыстардың мәнін көрсету, түсіндіру үшін қолданылады. Сондай-ақ мәдени құндылықты қоғамдық сана түрінде сипаттап қана қоймайды, сонымен бірге оларға баға береді, оларды мақұлдайды немесе айыптайды және олардың жүзеге асуын талап етеді, немесе кемшілікті жоюдың жолы деп есептейді. Философтар, прогресшіл ойшылдар мен педагогтар мәдени құндылықтардың арасында әрқашан бірінші орынға адамның құқығын, оның бостандығын және оған сәйкес келетін тәрбие мен білімді қояды. Кез келген халықтың өмірінде мәдени құндылықтардың орын алуы қоғамның тарихи дамуының заңды нәтижелері болып табылады. Адам құқығының адамгершілік мүмкіндігі басқа мәдени құндылықтар сияқты мыңдаған жылдар бойы жинақталады және адамның мінез-құлқын реттеуші ретінде қызмет етеді. Тұлғаның рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру үдерісі оларға адамзат баласының қолы жеткен қоғамдық-тарихи тәжірибесін, әлеуметтік-этикалық нормалар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды қатар игертуге болатынын дәлелдеп берді. Бұл өлшемдер халықтық дәстүрлерде, адамгершілік нормаларда әлеуметтік ойдың жақсы белгілері, тұлғаның қасиеттері, адамгершілік үлгілері шоғырландырылған, әдептіліктің қоғамда қабылданған үлгісі ретінде көрінеді.

Қазақ отбасы тәрбиесінің өзіне тән ерекшеліктері халықтық педагогика мұраларының мазмұны мен түрлерінде бейнеленген. Қазақ отбасында дене, еңбек, ақыл-ой, адамгершілік, экономикалық, экологиялық, құқықтық, сұлулық тәрбиесі жүзеге асырылған. Қазақ отбасында аталған тәрбие түрлерін жүзеге асырудың мақсаты – жан-жақты жетілген азамат тәрбиелеу.

«Бірінші байлық – денсаулық» деп есептеген қазақ халқы отбасындағы дене тәрбиесі арқылы бала денесін дамыту, денсаулығын нығайту, ағзасын шынықтыруды және күн тәртібін дұрыс ұйымдастыруды, оларда салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыруды жүзеге асырған.

Қазақ халқы еңбекті бүкіл тәрбие жүйесінің күретамыры ретінде қарастырды. Еңбекке асыл мұрат деңгейінде қарады. Еңбек тәрбиесі баланы еңбекке сүйіспеншілікке, еңбек адамдарына құрметпен қарауға, халық шаруашылығының салаларындағы еңбек түрлеріне баулуға, еңбек іс-әрекетінің барысында олардың дағдысы мен іскерлігін қалыптастыруға, болашақ мамандығын таңдауға дайындайды. Отбасында еңбекке тәрбиелеу, баулу мен кәсіптік бағдар беру баланың қоғамға пайдалы, өнімді еңбекке

тікелей қатысуы олардың оқуға деген саналы көзқарасын тәрбиелеудің, тұлғаны адамгершілік және зиялылық жағынан қалыптастырудың негізгі көзі болып табылады.

Қазақ отбасында баланы қоғамдағы моральдық норманы орындауға қатыстыру, олардың тәртібі мен мінез-құлық тәжірибесін қалыптастыру, Отанға, халқына, еңбек және қоғамдық іс-әрекетке жауапкершілік сезімін қалыптастыру арқылы адамгершілікке тәрбиелеу жүзеге асырылады.

Ұзақ ғасырлар бойы дамып, тарихи қалыптасқан халықтық тәрбие жүйесінде баланы ақыл-ой жағынан дамыту айрықша орын алады.

Қазақ халқы адам зиялылығының негізі – ақыл-ой тәрбиесі деп есептейді. Ақыл-ой тәрбиесі арқылы баланы білім қорымен қаруландыру, негізі ойлау операцияларын меңгерту, зиялылық біліктері мен дүниетанымын қалыптастыру міндеттері шешіледі. «Ақыл азбайды, білім тозбайды», - деп адам үшін ақылдың баға жетпес қазына екенін атап көрсетеді.

Қазақ халқы тәрбиенің басқа да салаларымен тығыз байланысты тәрбиенің бір түрі – экономикалық тәрбиеге де ерекше мән берген. Тәрбиенің бұл түрі отбасында мақал, өсиет айту, өнеге көрсету арқылы жүзеге асырылған. Бұған «Еңбегі қаттының өнбегі тәтті», «Еңбек – өмірдің тұтқасы, тіршіліктің көзі», «Еңбек түбі – береке», «Үнемшілдік – сараңдық емес», «Ескі киімді баптағаның – жаңа киімді сақтағаның», «Сараң дүниенің малын жиса да тоймайды» деген мақал-мәтелдер дәлел бола алады. Бұл арқылы ата-бабамыздың экономикалық тәрбиенің негізі – еңбек тәрбиесінде екенін жақсы түсінгенін байқауға болады. Экономикалық тәрбие арқылы қазақ отбасында айырбас, бөліс және табыс табу сияқты негізгі экономикалық қатынастарды тәжірибе жүзінде меңгеру жүзеге асты [2].

Қазақ халқы ежелден ұл бала мен қыз баланың тәрбиесіне айрықша көңіл бөлген. Ұлды мал бағуға, отын шабуға, қолөнер шеберлігіне, мал табуға, отбасын асырауға, ал қыз баланы ас пісіруге, кесте тігуге, өрмек тоқуға үйрету арқылы үнемшілдікке шақырып, сараңдыққа салынып кетуден сақтандырып отырған.

Қазақ халқының күнделікті кәсібінде, тұрмыс-тіршілігінде төрт-түлік мал бағу, аң аулап, кәсіп етуді ұйымдастыруында да экономикалық тәрбиенің нышандары айқын аңғарылады. Мәселен, «Мал өсірсен – қой өсір, өнімі оның көл-көсір» деп, қой малының пайдасының зор екенін ұғындырса, ешкінің өсімталдығы мен оның да пайдасы көп екендігін «Есің кетсе, ешкі жи, ешкі жи да, есің жи» деген нақты кеңестер арқылы білдірген.

Қазақ халқы балаларға ертегі арқылы да экономикалық тәрбие бере білген. Оған «Мақта қыз бен мысық», «Ақылды қыз бен тазша», т.с.с. ертегілер мен халық арасында кең тараған Қожанасыр туралы әзіл әңгімелер мысал бола алады.

«Жеті Жарғының» бір бабының «құн төлеуге» арналуы ата-бабаларымыздың экономикадан хабардар болғандығын көрсетеді.

Сол кезеңде қазақ теңгелерінің дүниеге келуі оның тек сауда айналымы үшін ғана емес, ел экономикасын дамыту үшін де қажет болғандығын дәлелдейді.

Қазақ халқы экономиканың жаңа табыс табуындағы мәнін балаға түсіндіре отырып, оның таза жолмен келгені дұрыс екендігін де ескертіп отырған. Табысқа жету үшін қабілетті, еңбексүйгіш болу керектігін, табыс табу пайда табудан да үлкен өнер екенін жақсы түсінген. Мәселен, «Артық олжа – басқа еңбек», «Оңай олжа – тұрмас қолға», «Шығын шықпай, кіріс кірмейді» т.б.

Сонымен, қазақ отбасында экономикалық тәрбие берудің мақсаты – баланы жастайынан еңбекті бағалауға, уақытты ұтымды пайдалануға, үнемшілікке, сараңдыққа салынбауға, ұқыптылыққа, ақша, қаражатқа дұрыс көзқарас қалыптастыру, олардың қалай келетінін немесе табысты да таза еңбекпен табуға үйрету.

Ата-бабаларымыздың қоршаған ортаны аялауы мен оған деген ізгі, мейірбан қарым-қатынасын мақтанышпен айтуға болады. Себебі қазақ халқы көшпенді өмір сүргендіктен,

әрдайым өздерін табиғаттың бір бөлігіміз деп есептеген. Ғасырлар бойы олардың санасында Жер-Анаға деген құрмет пен ізет қалыптасқан.

Сондықтан экологиялық нормалардың, ережелердің қажеттілігін жастардың мінез-құлқын да тәрбиелеу және экологиялық мәдениет дағдысын қалыптастыру әрекеттері қазақ отбасында бала аяғы шығып, апыл-тапыл жүре бастаған кезден-ақ қолға алынған. Мысалы, баланың тұсауын көк шөппен кесудің терең тәрбиелік мәнімен бірге ол арқылы тірі табиғатқа деген өз көзқарасын білдірген. Қазақ отбасындағы тәрбие құралдарының бірі болып саналатын тыйым сөздердің мазмұны ата-бабаларымыздың экологиялық тәрбиеге айрықша мән бергенінің айқын дәлелі болып табылады. Мәселен, «суға дәрет сындырма», «көк шөпті жұлма», «отқа түкірме», «құстың ұясын бұзба» және т.с.с. [3].

Қазақ халқы тұлға өмірінде адамның сұлулық сезімдерінің зор рөл атқаратынын жете түсінген. Әсемдікті көре, түсіне, жасай білу адамның рухани өмірін байытады. Қазақ отбасындағы сұлулық тәрбиесі баланы көркемдік пен сұлулықты тануға, оған баға бере білуге, күнделікті өмірдегі адамның жеке басының, қарым-қатынас, үй-тұрмыс және киім-кешек мәдениетін, сыртқы келбеті мен ішкі дүниесінің ұштасуын қалыптастыруды және талғампаздыққа тәрбиелеуді көздейді.

Сонымен, ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін:

- балалардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру;
- жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;
- ана тілі мен дінін, оның тарихын, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларды қастерлеу;
- жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездерді қалыптастыру қажет.

Әдебиеттер

1. Мұқанова Б., Ильясова Р. Этнопедагогика: Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2008. 440 б.
2. Қазақтың мақал-мәтелдері /Құраст. Ө.Тұрманжанов. – Алматы, 1980
3. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы: Санат, 1995

Н. Т. Сартаева
А. Т. Беркінбаева
Қызылорда қ.

ОҚУ ӘРЕКЕТІ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ КОНФЛИКТІЛЕР ЖӘНЕ ОНЫ ШЕШУДІҢ ЖОЛДАРЫ

Қазіргі заманғы мектеп мәселелері жөнінде сөз қозғайтын көптеген басылымдарда мектептің ең әлсіз тұсы – мұғалімде бала тұлғасына деген қызығушылықтың болмауы, баланың ішкі жан-дүниесін тануға ұмтылмаушылықтың орын алуына байланысты мұғалім мен оқушы, мектеп пен отбасы арасында конфликттің туындауы өзекті мәселе ретінде жариялануда [1].

Конфликт – екі немесе одан да көп субъектілер арасындағы тілек, мақсат-мұраттар мен қызығушылық, құндылықтардың сәйкес келмеуі себебінен туындайтын өзара әлеуметтік әрекет формасы.

Конфликттік жағдаят – әлеуметтік субъектілер арасындағы шынайы қайшылық тудыратын адами қызығушылықтың тоғысуы. Оның басты белгісі – ашық белсенді күрес орын ала қоймаған конфликттің туындауы [2].

Мектепке түрлі сипаттағы конфликттер тән. Педагогикалық орта тұлға қалыптастыруды мақсат еткен құндылықты байқатса, оның мазмұны әлеуметтік тәжірибені беру және игеруге бағытталған әрекет болып табылады. Сондықтан білім беру ордасы дәл осы кезеңде мұғалім, оқушы және ата-ана үшін рухани жайлылықты қамтамасыз ететін жағымды әлеуметтік-психологиялық жағдайды қажет етеді.

Халықтық білім беру ортасында 4 субъектінің әрекеті баса көрсетіледі: оқушы, мұғалім, ата-ана, әкімшілік. Осыған байланысты өзара әрекетке түсетін төмендегідей конфликт түрлерін бөліп көрсетуге болады: оқушы-оқушы, оқушы-мұғалім, оқушы-ата-ана, оқушы-әкімшілік, мұғалім-мұғалім, мұғалім-ата-ана, мұғалім-әкімшілік, ата-ана-әкімшілік [3].

Бастауыш сынып оқушыларының конфликттік тәртібіне мұғалім тұлғасы ерекше әсер етеді. Бұл түрлі аспектілерде көрініс табады.

Біріншіден, мұғалімнің басқа оқушылармен өзара әрекеті басқа қатарлас оқушылармен қарым-қатынасына үлгі болады. Зерттеулер бойынша, мұғалімнің алғашқы қарым-қатынасы мен педагогикалық тактикасы оқушының сыныптастарымен және ата-аналарымен тұлғааралық қарым-қатынасына елеулі әсер ететінін көрсетеді. Конфликттің көпшілігі сыныпта мұғалімнің «беделді» қарым-қатынасы, басқарушылық қызметі себебінен туындайды.

Екіншіден, мұғалім оқушылар конфликтісіне араласуы, оны реттей білуі тиіс. Бұл әкімшілік тарапынан жаза қолдану немесе жай ғана ақыл-кеңес беру түрінде жүргізіледі.

М.М.Рыбакованың пікірінше, оқушы мен мұғалім арасында төмендегідей конфликттер болуы мүмкін:

- оқушы үлгіріміне, сабақтан тыс тапсырмаларды орындауына байланысты;
- оқушының мектепте немесе мектептен тыс тәртіп бұзуына байланысты;
- оқушы мен мұғалім арасындағы эмоционалдық-тұлғалық қарым-қатынасқа байланысты [4].

Педагогикалық конфликт ерекшеліктері:

- педагогикалық проблемалық жағдаяттарды шешудегі мұғалім жауапкершілігі;
- конфликтіге қатысушылардың түрлі әлеуметтік статус иесі болуы (мұғалім, оқушы);
- конфликтке қатысушылардың өмірдік тәжірибесінің өзгеше болуы;
- оқиғалар мен оның себептерін түрліше түсіну («мұғалім көзімен», «оқушы көзімен»);
- өз эмоциясына қарамастан объективті болу;
- оқушы намысына тимеу;
- агрессияға агрессиямен жауап бермеу;
- нақты орын алған әрекеттерді ғана бағалау;
- қателесуге мүмкіндік беру («қателеспейтін адам жоқ»);
- баламен қарым-қатынасты бұзып алмауға тырысу.

Әдебиеттерде конфликттік жағдайларды шешудің төмендегідей жолдары көрсетілген:

- жағдаятты талдау, басты қарама-қайшылықты анықтау, тәрбие мақсатын қою, міндеттер иерархиясын түзу;
- жағдаятты мұғалім-оқушы, отбасы-оқушы, оқушы-сынып ұжымы әрекеттестігін талдау негізінде, мүмкін нұсқаларды ескере отырып шешу құралдары мен жолдарын анықтау;
- нәтижелерді талдау;
- педагогикалық әрекеттестік нәтижелерін түзу;
- сынып жетекшісінің өзіндік бағалауы.

Конфликтті жоюдың төмендегідей тәсілдері бар:

- қатысушылардың бірін конфликттен шеттету;
- қатысушылардың ұзақ мерзімді өзара әрекетін тоқтату;
- конфликт объектісін шығару [5].

Сонымен, жаңа заман талабына сай, бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамыған тұлға тәрбиелеуді мақсат етсек, мұғалімді кәсіби даярлауда болашақта оның педагогикалық шеберлігінің жоғары деңгейде болуына толық жағдай жасауға тиіспіз. Сонда ғана еліміздің ертеңі – жас ұрпақтың намысына тимей, оның пікірін жоғары тұтып, кез келген істе санаса шешім қабылдауға, оқуға қызығушылығын арттыра отырып, шығармашылық әрекет жасауға баулуға даяр мұғалім тұлғасын қалыптастыра алатынымыз сөзсіз.

Әдебиеттер

1. [Здравомыслов, А. Г.](#) Социология конфликта [Текст]: россия на путях преодоления кризиса: учеб. пособие / А.Г. Здравомыслов. – Москва: Аспект Пресс, 1994. – 317 с.
2. [Лобанов А.А.](#) Основы профессионально-педагогического общения [Текст]: учебное пособие / А. А. Лобанов. – 2-е изд., стер. – Москва: Академия, 2004. – 192 с.
3. Введение в педагогическую деятельность [Текст]: учебное пособие /А.С. Роботова [и др.]. - 3-е изд., стереотип. – Москва: Академия, 2006. – 208 с.
4. Проблемы формирования профессиональной культуры будущего специалиста [Текст] : материалы I Интернет-конференции студентовпедагогических колледжей и училищ России, XI студ.науч. конференции и VI междунар. пед. чтений. – Архангельск: КИРА, 2004.-444 с.
5. Психология и педагогика [Текст] : учебник /А.А. Реан, Н.В. Бордовская, С.И. Розум. – Санкт-Петербург: Питер, 2007. – 432 с

М. Н. Қойшыбаев
М. Төлеуова
Қызылорда қ.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫНЫҢ МАЗМҰНЫ ЖӘНЕ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Танымдық қызығушылық – оқушының белгілі бір іс-әрекетте (шығармашылық іс-әрекет) нәтижеге жетуге деген белсенді танымдық бағыттылығы.

Оқушылардың танымдық қызығушылығы саласында жарық көрген педагогикалық зерттеулер мектеп жылдарында жеке тұлғаның меңгерген білімі оқушылардың жалпы дамуының көрсеткіші бола алады деп тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

Болашақты жоспарлау оқушыға өзінің бос уақытын, әртүрлі іс-әрекетін өзінің мүддесін (оқып-білу, сыныптан тыс, мектептен тыс іс-шаралар) қанағаттандыруда мақсаттылықпен пайдалануға көмектеседі. Сабақ пен сабақтан тыс іс-әрекетіндегі белсенділігі танымдық мүмкіндіктерінің деңгейін және олардың қызығушылықты дамытудағы байланысын көрсетеді.

Психологтар мен педагогтар танымдық қызығушылық пен оның қалыптасуы оқушылардың жалпы дамуының көрсеткіші екенін атап көрсеткен болатын [1].

Адамның даму үдерісі өмір бойы жүзеге асады. Оның жасы есейген сайын танымдық қызығушылығы да толысып, жетіле түседі. Әрбір кезеңдегі адам жасына тән танымдық қызығушылықтың өзіндік мазмұндық сипаты, ерекшеліктері болады. Сондықтан бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын зерттеп, зерделемей тұрып, жүзеге асыруға болмайды, өйткені зерттеу міндеттерінің шешімі оқушылардың танымдық қызығушылығының мазмұндық сипаты мен өзіндік ерекшелігін білуге байланысты.

Бастауыш сынып оқушыларының танымдық іс-әрекеті оқыту үдерісінде жүзеге асады. Осы жаста қарым-қатынас шеңбері кеңеюінің маңызы зор. Оқушылар бойындағы өзгерістер мұғалімдерден оқу-тәрбие жұмысын нақты мақсатқа бағыттауды талап етеді. Іс-әрекеттің жетекші түрі – оқу. Оқу арқылы олардың таным процесі (қабылдау, зейін, ес, қиял, ойлау) дамиды.

Бастауыш сынып оқушыларының қабылдауы тұрақсыздығымен және бытыраңқылығымен, сонымен қатар өткірлігімен, «пайымдап, әуестенуімен» ерекшеленеді. Олар күнделікті жаңалықты, қоршаған ортадағы құбылыстарды қызығушылықпен қабылдайды.

Бастауыш сынып оқушыларының зейіні де айтарлықтай тұрақсыз, көлемі де шектеулі болып келеді. Сондықтан бастауыш мектептегі оқу үдерісі зейін мәдениетін тәрбиелеуге бағытталады. Мектеп өмірі баладан ырықты зейінді, ерік-күшін жаттықтыруды талап етеді. Балалардың ырықты зейіні басқа функциялармен, тілмен, әсіресе оқу мотивтерімен бірге дамиды.

Бастауыш сынып оқушыларының ойлау қабілеті эмоционалдық-бейнеліктен абстрактілі ойға қарай біртіндеп дамиды. Олардың ой-өрісі тілмен байланысты шапшаң толысып, жетіледі. Тілді дамытуда ертегіні пайдаланған жөн. Ертегі адамның ойлау қабілетін жетілдіреді, қиялына қанат бітіріп, ойын еркін жеткізе білуге үйретеді.

Балалардың танымдық іс-әрекетінде ес маңызды орынды алады. Балалардың есте сақтауы жас шамасына сәйкес біртіндеп жақсарады. Оның есте сақтауының көрнекі-бейнелі сипаты бар. Қызықты, түсінікті, нақты, ашық материалдар олардың есінде жақсы қалады. Алайда бастауыш сынып оқушыларының есте сақтауын дамыту жұмысы мұғалімнен үлкен күш-жігер мен еңбекті қажет етеді.

Кіші мектеп жасындағы оқушының жеке басының қалыптасуы әртүрлі жаңа қатынастардың (мұғалімдер, құрдастар тобы), іс-әрекеттің жаңа түрлерінің (оқу, қарым-қатынас) әсерімен, ұжымның тұтас жүйесіне енуімен (жалпы мектептік, сыныптық) жүзеге асады. Аталмыш жаста адамгершілік қасиеттері мен жеке бастың жағымды жақтарының қалыптасуы үшін көптеген мүмкіндіктер болады.

Бастауыш мектеп жасындағы оқушылардың дербестігі аз болғанымен, сенімі күшті болады. Сондықтан олар үшін мұғалімнің беделі, ата-ана мен үлкендердің беделі жоғары саналады. Баланың даму үдерісі өмір бойы жүріп жатады. Даму үдерісінде баланың танымдық белсенділігі артады. Бірінші сынып оқушылары заттарды түр-түсіне, көлеміне қарап ажырата бастайды, олардың құрылысын, пайдалану әдісін білгісі келеді, өмір шындығын, болмыстағы құбылыстар мен заттарды анықтап білуге, адамзаттың тарихи тәжірибесін меңгеруге талпынады [2].

Әдетте ертегі оқыған балалар ондағы өзіне түсініксіз оқиғалардың, құбылыстардың сырын білуге құмартады. Ертегіні оқыған сайын олардың алдында жаңа сұрақтар туындайды. Сол сұрақтың жауабын олар ересектерден күтеді, өйткені, олардың пайымдауынша, ересектердің білмейтіні болмайды. Балалар тарапынан қойылған сұрақтар олардың ақыл-ой еңбегімен шұғылданудағы ниетін, ықыласын сипаттайды. Сондықтан ересектер бала сұрағын жауапсыз қалдырмағаны жөн. Өйткені сұрағына жауап ала алмаған бала келешекте сұрақ қоюдан жасқаншақтайды, ал бұл оның қызығушылығын кемітіп, дүниетанымын шектеуі мүмкін.

Егер мектеп жасына дейінгі балалардың қызығушылығы ойын іс-әрекетімен байланысты болып келсе, бастауыш сынып жасында қызығушылықтың дамуы оқу іс-әрекетінде жүзеге асырылады. Психологтардың пайымдауынша, 6 жастағы оқушыны мектепке қатысты жағдайлардың барлығы қызықтырады: жаңа адамдар (мұғалім, сынып оқушылары, жаңа орын, мектеп, сынып, іс-әрекеттің жаңа түрі (оқу) және т.б.

Әртүрлі жастағы оқушылардың танымдық қызығушылығы мазмұнының өзіндік ерекшеліктері – зерттеушілер үшін қиындық туындататын жағдай. Өйткені танымдық қызығушылықтың қалыптасуы мен дамуы – жеке тұлғаның дамуы барысында жүзеге асатын өте күрделі үдеріс. Қызығушылықтың қалыптасуы бала айналысатын іс-әрекетке

және оның жеке өмір тәжірибесіне байланысты болады. Сондықтан да баладағы танымдық қызығушылықтың даму деңгейін тек нақты жасқа байланысты деп қарастыруға болмайды. Бұл жастағы балалардың қызығушылығы, тұрақтылығы, бағыттылығы, мазмұны жағынан әртүрлі болуы мүмкін.

Қызығушылық ерте жастан қалыптасады және оның алғашқы көрінісі әуестік, әуестену түрінде болады. Алғашында баланы ақ, ашық түсті заттар, қатты шыққан дыбыстар, заттардың қозғалысы өзіне тартады. Бала осы тітіркендіргіштерді үздіксіз қабылдайды және оларды қайтара қабылдауға тілек білдіреді. Алайда объектіге деген бұл бағыттылықты оның эмоциялық тартымдылығына сәйкес уақытша қызығушылық деп қабылдауға болады.

Мәселен, ертегімен әуестену – бала табиғатына тән қасиет, ол баланың көргендерін танып-білуге, оған терең бойлауына көмектеседі. Баланың мұндай әуестігі бұрын болған оқиғаны түсінуге, білуге, көруге деген қызығушылығынан байқалады. Балалардың ертегіні тыңдау барысында «қайдан?», «неге?», «бұл не?», «неліктен?» және т.б. сұрақтар қоюын оларда танымдық қызығушылықтың пайда болуымен байланыстыруға болады. Әрине, кішкентай баланың қойған мұндай сұрақтары белгілі дәрежеде, ертегі мазмұнына деген танымдық көзқарасты білуге деген әуестік көрсетеді. Дәлірек айтқанда, мұны танымдық қызығушылықтың бастауы деп есептеуге болады.

Балалардың қызығушылығы өз бетінше дербес пайда болмайды, ол әлеуметтік ортаның, ересектердің ықпалымен қалыптасады. Балалардың қызығушылығы олардың жас және жеке дара ерекшеліктеріне байланысты болғандықтан, мәселен, оқу-тәрбие үдерісінде ертегіні пайдалану барысында әртүрлі жастағы балалардың өздеріне тән қызығушылығы болатынын ескеру қажет.

Адамның мінез-құлқы, қызығушылық сезімдері іс-әрекет барысында дамиды. Балалар с-әрекет барысында әртүрлі заттардың қасиеттерін өзара байланыстыру арқылы бір шешімге келеді. Осылайша балада белгілі бір білім жүйесі қалыптасады.

Балада 5-6 жас шамасында үлкендердің әсерімен мектептегі оқуға қызығушылық қалыптаса бастайды. Олар не нәрсені болса да білуге құмар, қызыққыш, қолымен ұстап, көзбен көргенді ұнатады.

Осыған байланысты алғаш мектепке келген кезден бастап бастауыш сынып оқушыларын не қызықтыратынын, олардың танымдық қызығушылығының өзіндік ерекшеліктері қандай болатынын, сабаққа қалай қызығатынын жан-жақты білудің, оқу-тәрбие үдерісін дұрыс ұйымдастырып, жақсартудың, оқу үлгерімін арттырудың маңызы зор. Өйткені танымдық қызығушылық оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың басты шарттардың бірі болып табылады. Бала оқуға, жекелеген пәнге, жалпы білімге қызығып тұрса, онда оның оқу іс-әрекеті сәтті болады, білімді де сапалы меңгереді баланың оқу пәніне, тәрбие жұмысына қызығушылығы болмаса, оқу да, тәрбие де нәтиже бермейді. Сондықтан қызығушылықтың балалардың жақсы оқуы мен оқығанын ұғып алумен қатар оларды дұрыс тәрбиелеуге, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруда маңызы зор.

Әдебиеттер

1. Волкова С.И., Столярова Н.Н. Развитие познавательных способностей детей на уроках математики // Начальная школа. – 1993. – №7. – С.12-15.

2. Морозова Н.Г. Учителю о познавательном интересе. - М.: Знание, 1979. - С. 5-46

РАЗВИТИЕ КРЕАТИВНОСТИ СТУДЕНТОВ КАК ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ПРОБЛЕМА

Постоянный интерес психологической науки к развитию личности в период ранней юности обусловлен тем, что именно в этом возрасте формируются личностные новообразования, в значительной мере определяющие дальнейший жизненный путь человека.

Основной задачей развития юношей и девушек является необходимость самоопределения (личностного, профессионального, жизненного), осмысления путей и возможностей самореализации. Потребность в самореализации проявляется в стремлении к самосовершенствованию, к развитию.

Период юности называют последним временем детства и первым возрастом взрослости. В современном взгляде на процесс взросления человека, его вхождения в социальную жизнь юношеский возраст обозначен как ранняя юность (15–17 лет) и поздняя юность (18–21).

Ранний юношеский возраст – период подготовки к выбору будущей профессии и осуществления профессионального выбора, перехода к профессиональному обучению. Определенность выбора профессии и его устойчивость рассматривается М.Р. Гинзбургом как два параметра определенности будущего, которая является одним из основных показателей, характеризующих смысловое будущее обучающегося. Вторым является валентность, которая объединяет параметры ценностной насыщенности эмоциональной привлекательности и активности смыслового будущего [1].

Время учебы в вузе совпадает со вторым периодом юности или первым периодом зрелости, который отличается сложностью становления личностных черт. Этот процесс проанализирован в работах таких ученых, как И.С. Кон, Б.Г. Ананьев [2]. Характерной чертой нравственного развития в этом возрасте является усиление сознательных мотивов поведения. Заметно укрепляются те качества, которых не хватало в полной мере в старших классах, целеустремленность, решительность, настойчивость, самостоятельность, инициатива, умение владеть собой. Повышается интерес к моральным проблемам (цели, образу жизни, долгу, любви, верности и др.).

Юность – пора самоанализа и самооценок. Самооценка осуществляется путем сравнения идеального Я с реальным. Но идеальное Я еще не выверено и может быть случайным, а реальное Я еще всесторонне не оценено самой личностью. Это объективное противоречие в развитии личности молодого человека может вызвать у него внутреннюю неуверенность в себе и сопровождается иногда внешней агрессивностью, развязностью или чувством непонятности.

Юношеский возраст, по Эриксону, строится вокруг кризиса идентичности, состоящего из серии социальных и индивидуально-личностных выборов, идентификаций и самоопределений. Если юноше не удастся разрешить эти задачи, у него формируется неадекватная идентичность, развитие которой может идти по четырем основным линиям: 1) уход от психологической интимности, избегание тесных межличностных отношений; 2) размывание чувства времени, неспособность строить жизненные планы, страх взросления и перемен; 3) размывание продуктивных, творческих способностей, неумение мобилизовать свои внутренние ресурсы и сосредоточиться на какой-то главной деятельности; 4) формирование негативной идентичности, отказ от самоопределения и выбор отрицательных образов для подражания [3].

Студент как субъект учебной деятельности. Термин студент латинского происхождения, в переводе на русский язык означает усердно работающий, занимающийся, то есть овладевающий знаниями.

Столяренко Л.Д. рассматривает студенчество как особую социальную категорию, специфическую общность людей, организационно объединенных институтом высшего образования. Исторически эта социально-профессиональная категория сложилась со времени возникновения первых университетов в XI-XII вв. Студенчество включает людей, целенаправленно, систематически овладевающих знаниями и профессиональными умениями, занятых, как предполагается, усердным учебным трудом [4].

По мнению Б.Г. Ананьева студенческий возраст – это пора сложнейшего структурирования интеллекта, которое очень индивидуально и вариативно. Отношение к студенту как социально зрелой личности, носителю научного мировоззрения предполагает учитывать, что это не только система взглядов человека на мир, но и на свое место в мире. Другими словами, формирование мировоззрения студента означает развитие его рефлексии, осознание им себя субъектом деятельности, носителем определенных общественных ценностей, социально полезной личностью. Это в свою очередь означает для преподавателя необходимость усиления диалогичности обучения, специальной организации педагогического общения, создания для студентов условий возможности отстаивать свои взгляды, цели, жизненные позиции в учебно-воспитательной работе [2].

Таким образом, ориентация на личность обучаемого – главная задача преподавателя. На наш взгляд, преподаватель иностранного языка должен не только воспитать поликультурную, многоязычную личность, но и развить креативные способности у обучающихся в процессе совместной деятельности.

Каждый студент индивидуален, и эта индивидуальность различается по таким параметрам, как уровень обученности, потенциальная способность к обучению, способность к овладению языками, способность к общению на иностранном языке в группе, интеллектуальные способности, мотивация к изучению иностранного языка и другие. Кроме этого, каждый студент - личность, у которой свой характер, свои интересы, свое общее развитие.

Поэтому важная задача преподавателя состоит в том, чтобы разглядеть и раскрыть в обучаемом едва проявивший себя росток одаренности, не дать потускнеть, помочь ему освоить свой дар, сделать его достоянием своей индивидуальности, проявить заботу, так как именно его интеллектуальные и творческие достижения имеют не просто личностный, а социальный смысл. [5]. Поэтому при работе с высокомотивированными и одаренными студентами приходится быть терпеливым и бережным.

В период реформы высшего образования с увеличением доли самостоятельной учебной деятельности обучающихся особенно остро стоит сегодня проблема педагогического развития креативности студентов в период обучения в высших учебных заведениях.

В современном преподавании иностранных языков в число задач коммуникативного обучения стало постепенно входить развитие креативных способностей обучающихся.

Впервые термин "креативность" появился в конце 50-х годов в западной психологии, он обозначал способности индивида создавать новые понятия и формировать новые навыки.

Концепция креативности, как универсальной познавательной творческой способности, приобрела популярность после выхода в свет работ Дж. Гилфорда. В работах он указывает на основное различие между двумя типами мыслительных операций: конвергенцией и дивергенцией. Конвергентное мышление (схождение) действует тогда, когда человеку, решающему творческую задачу, надо на основе множества условий найти единственно правильное решение. В этом значении Дж. Гилфорд сравнивал способность к конвергентному мышлению с интеллектом, который измеряется высокоскоростными тестами IQ. [6].

Под дивергентным мышлением он предложил понимать тип мышления, который работает в различных направлениях, допускает изменение путей решения проблемы и приводит к неожиданным выводам и результатам.

Исходя из этого Дж. Гилфорд выделил шесть критериев креативности: способность к обнаружению и постановке проблем; способность к генерированию большого числа идей; способность к продуцированию разнообразных идей; способность не стандартно отвечать на раздражители; способность усовершенствовать объект, добавляя детали; способность решать проблемы, т.е. способность к анализу и синтезу [6].

Наиболее полное определение креативности, на наш взгляд, дал в 1974г. американский психолог Элис Пол Торренс: «Креативность – способность индивида к нестандартному, творческому мышлению, чувствительность индивида к проблемам и поиску путей их решения, способность к гибкому мышлению и выдвижению новых идей; чувствительность к дисгармонии имеющихся знаний»[7].

Карвасарский Б.Д. под креативностью понимает способность преобразовывать знания с участием воображения и фантазии. Креативность, считает он, один из 3-х факторов способностей. Креативность - творческие возможности, понимаемые как способность человека к нестандартному, нешаблонному решению задач. Креативность диагностировать очень трудно, т.к. творчество спонтанно и с помощью тестов можно выявить креативов, но нельзя точно определить некреативов. Креативность не всегда поддается развитию. Замечено, что в процессе обучения, связанного с рутинной и решением стандартных алгоритмизированных задач, количество высококреативных обучаемых уменьшается [8].

Американский психолог Абрахам Маслоу рассматривает креативность как творческую направленность, врожденно свойственную всем, но теряемая большинством под воздействием сложившейся системы воспитания, образования и социальной практики [9].

Некоторые зарубежные исследователи выделяют определённые категории людей, обладающих креативными способностями в зависимости от восприятия новшеств. Например, Е. Роджерс в 1962 г. весь континуум подразделил на пять основных категорий: 1) новаторы, 2) ранние реализаторы, 3) раннее большинство, 4) позднее большинство, 5) колеблющиеся [10].

К новаторам можно отнести обучающихся, обладающих авантурным духом, склонностью к риску; они готовы опробовать любое новшество; они стараются извлечь новое из любых контактов. Обладая авантурной природой, они могут быть решающим фактором для будущих новшеств в вузе. Работая над творческими проектами, такие студенты выдвигают самые неординарные пути решения поставленных задач.

Ранние реализаторы – это "лидеры" новаторских направлений, мнений, так как к ним чаще всего обращаются за советом и консультацией. Представители этой группы продумывают все свои действия, поэтому ценятся как разумные реализаторы.

Характеризуя раннее большинство, необходимо отметить, что представители этой группы свободно взаимодействуют с первыми группами, но редко выступают в роли лидеров. Им требуется больше времени для принятия решений, их устраивает положение "середнячка", хотя они охотно следуют за другими в процессе творческой работы.

Позднее большинство составляют обучающиеся, которые по складу характера являются скептиками. Они готовы к творческой деятельности и используют новшества, только соответствующие их потребностям или под давлением социальной среды и сильно подвержены мнению большинства.

Колеблющиеся – представители этой группы отличаются своей консервативностью, не воспринимают новшества, ориентируются на старое, сомневаются в принятии неординарных решений, им больше приемлемы традиционные рутинные задания.

Психологи утверждают: каждый психически нормальный человек обладает определенным творческим потенциалом, творческими способностями, которые надо

развивать, и как можно раньше. Основная цель креативной системы образования - «разбудить» в человеке творца и развить в нем заложенный творческий потенциал, воспитать смелость мысли, уверенность в своих творческих силах, воспитать потребность в творческом образе жизни.

Эффективность креативности студентов определяется не только особенностями мышления, но и такими чертами личности, как самодостаточность, эрудированность, наблюдательность, способность к риску и эксперименту. Готовясь к профессиональной деятельности, студенты проявляют способности к аналитическому мышлению, критическому осмыслению учебного материала. Развитию креативности студентов в процессе изучения иностранного языка способствует ряд факторов. Взаимосвязь дисциплин является одним из факторов, влияющих на развитие творческих способностей. Это способствует выработке у студентов умения комплексно применять знания в практической деятельности одной дисциплины во взаимосвязи с другой.

Творческая активность студентов проявляется при участии их в творческих видах деятельности: олимпиадах, конкурсах, конференциях. Самореализация творчества человека возможна только в процессе общения, дискуссии. Таким способом происходит не только процесс усвоения знаний, но и проявляется характер, формируются интеллектуальные и моральные качества специалиста.

Развитие креативности студентов в современной высшей школе в полной мере меняет подход к самой модели образования и изучения той или иной дисциплины. Сегодня имеются большие возможности получения студентами информации, ее переработки и передачи. В связи с этим задача преподавателя значительно усложнилась. Преподаватель сегодня не носитель информации, а организующий субъект, основная задача которого - развить творческие, исследовательские способности студентов. В связи с этим меняется сам подход к преподаванию.

Таким образом, цель обучения и образования состоит в формировании специалиста, способного мыслить творчески, обладающего твердостью моральных убеждений, необходимой волей и настойчивостью в исполнении решений, а этого можно достичь только путем развития универсальных способностей к творчеству в процессе использования соответствующих средств и методов.

Литература

1. Гинзбург М. Р. Личностное самоопределение как психологическая проблема // Вопросы психологии. - 1988. - №2. - С. 19-26
2. Ананьев Б. Г. Избранные психологические труды. - М: Институт практической психологии, 1996.
3. Эриксон Э. Идентичность: юность и кризис. М., 1996. 344с.
4. Столяренко Л.Д. Педагогическая психология. Учебное пособие.- Ростов- на- Дону, 2003. – 544с.
5. Вербицкий А.А., Бакшаева Н.А. Развитие мотивации студентов в контекстном обучении. Монография - М., 2000. - 200 с.
6. Guilford J.P. Cognitive Psychology's Ambiguities: Some Suggested Remedies. // Psychological Review 89 (1982), 48-59 pp.
7. Torrance E. P. Teaching creative and gifted learners // Handbook of research on teaching // Wittrock M.C. (ed). N.Y., 1986. 124 p.
8. Карвасарский Б.Д. Психотерапия: учебник для вузов. Изд. 2-е.-СПб.: Питер, 2002. 672с.
9. Маслоу А.Ф. Самоактуализирующаяся личность. М., 1968
10. Роджерс Д.Д. Творчество как усилие // Вопросы психологии. 1990. № 1. С.32-34

ШАҒЫН ЖИНАҚТАЛҒАН МЕКТЕПТЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢА БАҒЫТТАРЫ

Бүгінгі ғаламдану кезеңінде Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңестігінің даму тенденциясынан ажыратып қарастыру мүмкін емес. Әлемдік білім кеңістігіне толығымен кірігу, білім беру, даму жүйесін халықаралық деңгейге көтеруді талап ететіні сөзсіз.

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиясының бағыттарына сәйкес, халықаралық білім кеңістігіне кірігу және шағын жинақты мектептерде білім берудің мемлекеттік стандарттарын модернизациялау жалпы орта білімнің мазмұнды және процессуалды жақтарын ұйымдастырудың жаңа әдіснамалық негізіне көшуі нәтижеге бағдарланған білім моделі болып табылады.

Осыған орай, шағын жинақты мектепте білім мазмұнын жақсартудың алғышарттарының бірі – дарынды балаларды тәрбиелеп жетілдіру, бойындағы ерекше қасиеттерін дамытуға мүмкіндік туғызу. Баланы оқыту мен тәрбиелеуде психопедагогикалық жағдайды шешу үшін түрлі іздену жұмыстары арқылы дарындылығын анықтап және олардың жетілуіне тиімді жағдай жасау жолға қойылған.

Еліміздегі саяси-әлеуметтік, құқықтық-экономикалық өзгерістер, ақпараттық ағымның жедел қарқынмен артуы, әлем кеңістігіндегі білім беру үдерісі дамуының тенденциялары шағын жинақты мектептерде де инновациялық білім берудегі терең өзгерістерді талап етуде.

Ауыл мектебі оқушыларына білім беру деңгейін арттыру үшін жағдай жасауды қамтамасыз ететін қазіргі ауыл мектебінің моделін жетілдірудің және жоғары кәсіптік білім алу үшін олардың түлектерінің бастапқы мүмкіндіктерін теңестірудің қажеттілігі күмәнсіз. Ауылдық жердегі білім берудің мақсаты оқыту мен тәрбиелеу, мектеп оқушыларының білім сапасын арттыру, ауылдық және шағын жинақталған мектептердің қызметтерін жетілдіру үшін әлі де жағдай жасау қажет. Демек, ауыл мектебі оқушыларының ойлау белсенділігін дамытып, білімі мен біліктерін өмірдің жаңа жағдайында пайдалана білуге үйрету қажеттігі туындайды. Бұл міндеттердің жүзеге асуы ауыл мектебі оқушыларының педагогикалық инновацияға қызығушылығын арттырумен тікелей байланысты [1].

Инновациялық білім беру дегеніміз оқыту мен тәрбие процесіндегі жаңашыл тиімді әдіс-тәсілдердің жиынтығы. Оқытудың инновациялық технологияларына оқушының оқу процесіне деген ынтасын елеулі түрде арттыратын технологияларды жатқызуға болады:

- Тұлғалық бейімделген
- Интеграциялық
- Ұжымдық іс-әрекеттер
- Ақпараттық
- Қашықтық
- Дамытушы
- Модульді дамытушы

Бастауыш сынып мұғалімінен бастап мектеп басшысы да басқару инновациялық технологияларын іске асыру үшін ізденімпаз, шығармашыл тұлға, жақсы ұйымдастырушы, білім беру менеджменті болуы керек [2].

Қарастырылып отырған мәселені талдап қарасақ мектептегі бастауыш сынып мұғалімдерін ауыл мектептерінде педагогикалық инновацияны пайдалануға даярлаудың әлеуметтік педагогикалық алғышарттары анықталады. Ауыл мектебі ауыл шаруашылығы

өндірісі үшін кадрлар дайындайтын орынмен ауылдағы кәсіби дайындығы бар адамдармен жұмыс істейтін қауымдастықтың іс-әрекеттерімен анықталады. Ауыл мәселесі тек ауыл жұртшылығының ғана емес, бүкіл қоғамның көкейкесті мәселесіне айналуы қажет. Қоғамның дамуына ауыл мен қала қауымдастықтарын бір-бірімен тікелей қарым-қатынасымен байланыстыруға болады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ауыл мектептерінде педагогикалық инновацияны пайдалануға даярлаудың әлеуметтік-педагогикалық алғышарттарының анықталуы мен бүгінгі күні болашақ маманның ауыл мектебінде педагогикалық инновацияны пайдалануға даярлау мәселесі өзекті болып отырғандығын және оған даярлаудың ерекшеліктерін анықтап, қазіргі жағдайын сараптаудың маңыздылығын дәлелдеп, нәтижесін көрсетуде.

1. Жеке тұлғаның кәсіби бағыттылығы.
2. Өз мамандығының маңыздылығын түсінуі.
3. Мұғалімдерді даярлаудың қажеттілігін сезінуі.
4. Мұғалімнің инновациялық білім беруге сенімі, қызығушылығының болуы.
5. Оқытудың әдістемесі бойынша білімдерінің болуы.
6. Ауыл мектебінің ерекшеліктерін, ауылдың психологиясын білуі.
7. Теориялық білімдерінің болуы.
8. Оқытудың әдістемесі бойынша алған білімдерін пайдалану іскерлігі болуы.
9. Педагогикалық диагностика жасай білуі.

Бұл зерттеу ауыл мұғалімдерін педагогикалық инновацияны пайдалануға даярлау деген сөз. Ол – мұғалімдердің аталған мәселеге тұрақты қызығушылығын, педагогикалық инновация туралы теориялық білімдерін және оларды қолдану білігі мен дағдыларын қалыптастыратын процесс. Онда педагогикалық принциптерді басшылыққа ала отырып, оқу әдістемелік кешендермен, электронды оқу құралдармен, әр алуан әдістермен, формалармен, технологияларымен, интернет желісімен жұмыс жасау, интерактивті, мультимедиялық сабақтармен қамтамасыз етіледі [3].

Ауыл мектептерінде педагогикалық инновацияны пайдалану даярлығын өлшемдер мен көрсеткіштердің жиынтығы ретінде қарастырса, өзара байланысты мынадай 4 компонентпен белгілеуге болады: мотивациялық, мазмұндық, процессуалдық, бағалаушылық.

Критерийлер: 1. Көрсеткіштер. 2. Жоғары деңгей. 3. Орташа деңгей. 4. Төмен деңгей.

Мақсатында: мұғалімдердің ауыл мектептерінде педагогикалық инновацияны пайдалануға даярлау.

Міндеті: ауыл мектептерінде педагогикалық инновацияны

1. Пайдаланудың әлеуметтік қажеттілігіне сендіру.
2. Пайдаланудың ерекшеліктері туралы білім беру.
3. Пайдалану бойынша іскерліктерін қалыптастыру.
4. Пайдалануда өзін-өзі бағалау нәтижесін болжамдауға дағдыландыру.

Принциптері: Мақсаттылық, ғылымилық, жүйелік және бірізділік кешенді, пән аралық байланыс, үздіксіз және сабақтастық, дамытушылық және педагогикалық инновацияны пайдалануға байланысты арнайы принциптер (ескі мен жаңа, белгілі мен белгісіздің сабақтастығы, жаңашылдықтың теориялық дәйектілігі мен негізделуі, нәтиженің болжамдылығы мен өлшемділігі).

Мазмұны:

1. Ауыл мектептерінде педагогикалық инновацияны пайдалану бағыттылығы.
2. Оқыту әдістемесі бойынша педагогикалық инновациямен ауыл мектеп ерекшеліктерін білу.

3. Инновациялық пайдалану іскерліктері.

4. Инновацияны пайдаланудың нәтижесін болжамдау дағдылары.

Құралдар: курстар, семинарлар, оқу бағдарламалары, электронды оқулықтар.

Әдістер мен формалар: дәстүрлі, дәстүрлі емес жұмыс түрлері.

Нәтижесі: ауыл мектептерінде инновациялық білім беруге даярлығы 4 кезеңді қамтиды. Сыныптан тыс жұмыстар, үйірме жұмыстарын жүргізу, курстық, дипломдық жұмыстар жүргізіледі. Шағын жинақталған мектептерде білім беруде инновацияны пайдаланудың бүгінгі күні маңыздылығы басым болатындығы сөзсіз.

Бүгінгі таңда білім беру мен тәрбиелеу ісіндегі ұлттық үлгінің қалыптасуы, келешек 12 жылдық білім беруге көшу, оқу-тәрбие процесіне инновацияларды ендіру, білім беру мазмұнының, құрылымының түбегейлі өзгеруі мектептің жаңа типіне көшу, білім беру мекемелеріндегі басқару деңгейін жаңа сатыға көтеруді, оны дамытудың тиімді жолдарын қарастыруды талап етеді.

Қорыта келгенде, шағын жинақталған және жалпы орта білім беретін мектептерде әлемдік білім беру стандарттарына сәйкес келетін білім берудің жоғарғы сапасын қамтамасыз ете отырып, өзін-өзі тәрбиелеуге, өздігінен дербес білім алуға, өзін-өзі тануға, өзін-өзі дамытуға дайын жеке және қоғамдық мүдделерді үйлестіре білетін жан-жақты мәдениетті, шығармашыл тұлғаны қалыптастыра алады.

Әдебиеттер

1. Әмір.Ш.Қ. Педагогикалық инновацияны басқару негізінде ұлттық гимназияның үлгісін жетілдіру: педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты/ – Астана 2005 ж. – 26 б.

2. Нағымжанова Қ. Инновацияның педагогика ғылымында дамуының тарихи деректері // Каменогорск, 2006. - 57. - С. 57

3. Сарбасова, Қ. А. Инновациялық педагогикалық технологиялар негізінде бастауыш сынып мұғалімдерінің даярлығын жетілдіру. – Қарағанды, 2005. – 25 б.

А. Қ. Әбенова
Ақмола облысы

ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮРДІСІНДЕ ОҚУШЫНЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТҮРҒЫДАН ҚОЛДАУ ЖӘНЕ ЖЕТЕЛЕУ

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңының басты міндеті жеке тұлғаны қалыптастыру және дамыту болып табылады.

Іргелі мемлекет болашағы мен өркениет өзегі бастау-бұлағын мектептен, мектептің жүрегі – мұғалімнен алатындығы даусыз. Сондықтан да өресі биік шәкірт тәрбиелеу – мұғалім үшін өте маңызды да абыройлы міндет. Бүгінгі таңда әр оқушының адами қасиеттерін қалыптастырып, дамытуда, жан-жақты дамыған тұлға тәрбиелеуде түрлі педагогикалық технологиялар пайдаланылатынын білеміз.

«Оқыту технологиясы» – бір жағынан әдістер мен тәсілдердің жиынтығы, бір жағынан оқу-тәрбие үрдісін жүзеге асыру барысында мұғалімнің оқушыға ықпал жасауы туралы ғылым. Мұғалімнің шеберлігі бағдарлама мен мемлекеттік стандарттарда анықталған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес қажетті мазмұнды, тиімді әдістер мен тәсілдерді таңдауымен тығыз байланысты. Оқыту технологиясы – жүйелі категория болып табылады және оның құрамдас бөліктері төмендегідей:

- ✓ оқыту мақсаттары
- ✓ оқыту мазмұны
- ✓ педагогикалық өзара іс-қимылдың құралдары
- ✓ оқу үрдісін ұйымдастыру
- ✓ оқушы, мұғалім
- ✓ қызмет нәтижесі

«Педагогикалық технология» ұғымы үш аспектіге негізделеді:

- ғылыми
- процессуалды-суреттемелі
- процессуалды-қызметтік

Заманауи мектеп мұғалімдерінің алдында тұрған осындай келелі мақсат-міндеттерді шешу үшін мен психологиялық-педагогикалық қолдау технологиясын таңдадым.

Назаларыңызға осы педагогикалық технологияның теориялық-ғылыми негіздерін ұсынғым келеді.

Оқушының тұлға ретінде өзіне тән қабілеттерін дамытуға бағытталған тәрбие жүйесінің маңызды бөлігі мұғалімнің балаға психологиялық-педагогикалық қолдау жасап, баланың маңызды проблемаларын шешуде көмек көрсетуі болып табылады.

Оқушыларды педагогикалық-психологиялық қолдау және жетелеу технологиясының негізін Ресей педагогтары жасады. Педагогикалық-психологиялық қолдау технологиясының негізгі мақсаты балаларға жеке проблемаларын шешуде, психологиялық денсаулығын сақтауда, табысты әлеуметтендіруде, тұлғааралық қарым-қатынаста жедел, тиімді көмек көрсетуге негізделген.

Баланы білу – оның жан дүниесін тану. Баланы, оның жан дүниесін тану – тәрбиені жүйелі жүргізу болып табылады. Ал тәрбие көкейкесті мәселесіз жүзеге асырылмайды. Педагогикалық-психологиялық қолдау технологиясының көкейтестілігі ретінде мыналарды атар едім:

✓ біріншіден, баланың жеке қабілеттерін дамыту – өмір талабы; себебі күннен-күнге алға қарыштап дамыған заман өзіне лайықты тұлға талап етеді.

✓ екіншіден, өзіне-өзі сенімді, өзін-өзі бағалай алатын, тұрақты көзқарасы бар тұлға қалыптастыру – кез келген мұғалімнің маңызды проблемасы.

✓ үшіншіден, алдымызға келген бала қабілеттерін дер кезінде бағамдап, көмек көрсете білуімізден жеке тұлғаның дамуына бағытталған педагогикалық әсердің табыстылығы анықталады.

Педагогикалық-психологиялық қолдау технологиясының жүзеге асырылуына келетін болсақ, ол негізінен, оқушы мен мұғалімнің арасындағы өзара әрекетінің кезеңдері арқылы анықталады:

✓ диагностикалық кезең – баланың қызығушылығын, мінез-құлқын, жеке басында болатын проблемаларын зерделеу кезеңі;

✓ зерттеу кезеңі – оқушымен бірлесе отырып, анықталған проблеманы шешу жолдары қарастырылып, түрлі әдіс-тәсілдермен зерттеледі;

✓ келісім кезеңінде кез келген формада бала мен мұғалім арасында келісушілік, ортақ пікір, келісім жобасы жасалады;

✓ қызмет кезеңі – оқушы мен мұғалімнің өзара әрекетінің негізінде анықталған проблемаларды шешу, түзету, белсенді көмек көрсету, қолдау, яғни нағыз нәтижеге бағытталған жұмыс осы қызмет кезеңінде жүргізіледі;

✓ рефлексивтік кезеңде – баламен бірге қол жеткен табыстар мен сәтсіздіктер сараланады, өмірлік тәжірибеге қорытынды жасалады.

Педагогикалық-психологиялық қолдау технологиясы бойынша қызмет ұйымдастырудың өзіндік әдістері мен ерекше тәсілдері бар. Олар:

- анықталған проблема бойынша жұпта немесе шағын топта әңгімелесу, ойтолғау;

- «Сенің ойың» – әр оқушының проблеманы өз көзқарасы, түсінігі бойынша талқылауы;

- «Менің ойым» – көзқарастың, түсініктің әралуандылығы, бұл жерде проблема бойынша мұғалімнің көзқарасының да маңызы өте зор;

- «Белсенді тыңдау» әдісі: анықталған проблема бойынша тиімді жұмысқа қатысу, мұғалімнің ақылын, түзетулерін тыңдау.

Әрине, тәсілдер мен әдістер қолдану, жеке, бетпе-бет әңгімелесу негізінде балалар өз ойларын ашық айта алады, өмірге деген сенімділігі артады.

Оқушылардың белсенді іскерлігін қолдау, осындай әдістер мен тәсілдерді үнемі, әрі тиімді пайдалану негізінде педагогикалық-психологиялық қолдау технологиясының нәтижесін мынадай табыс формуласынан көруге болады. Олар:

- оқушыда өзін-өзі дамытуға деген қажеттілік пайда болады;
- өзін-өзі дамытуда бала қоршаған ортаның ерекшеліктеріне икемделеді, себебі, ол жалғыз емес, қоғамда өмір сүреді. Тұлға адамдар арасында түзелуге икемделеді;
- оқушы жеке шығармашылық қызметке қатысады;
- атқарылған жұмыс нәтижесінде тұлға өзін-өзі дамытады және жетілдіреді.

Үрдіс соңында жан-жақты дамыған, дені сау, шығармашыл, бәсекеге қабілетті, құзыретті, өзін бағалай алатын, дұрыс шешім қабылдай алатын, өзіне-өзі сенімді жеке тұлға қалыптасады деп сенемін.

Ол үшін мынадай негізгі талапты атап айтуға болады:

Тәрбие үрдісін ұйымдастыру арқылы тұлғаның біліктілігін, шыдамдылығын қалыптастыра отырып, оқушының алдағы өмірінде, қоғамда табысты болуына көмектесетін қасиеттерін дамытып, қалыптастыру, әлеуметтендіру болып табылады.

Бұл технология бойынша өзара іс-әрекеттің принциптері мен мақсаттары үш негіздің, яғни ата-ана, бала, ұстаз арасындағы ынтымақтастықты қалыптастыруға бағытталады. Ең қымбат өмір – бала өмірі, бала өмір жалғасы болғандықтан, оның қоршаған ортаға бейімделуі, өмірден өз орнын таба алуы осы үш бірліктің бірлесіп атқарған қызметіне байланысты болады. Ата-ана, бала, ұстаз арасындағы тығыз ынтымақтастық, тиімді байланыс болғанда ғана біз өзімізге жүктелген қиын да абыройлы міндеттерді шеше аламыз.

Жан Жак Руссоның сөзімен айтқанда: «Бала туғанда ақ қағаздай болып туады. Оның үстіне шимайды қалай салсаң, қағаз бетіне солай түседі, бала тәрбиесі де сол сияқты, өзің қалай тәрбиелесең, ол солай тәрбиеленеді».

Әдебиеттер

1. Сухомлинский В. А. Оптимизация учебного процесса.
http://ntfmfkonf.ucoz.ru/publ/10_optimizacija_obrazovatelno_processa/

Ж. О. Асылбекова
Г. Е. Тоқмырзаева
Қызылорда қ.

СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ БАҒЫТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ДАҒДЫЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ

Қазіргі уақытта Қазақстанда болып жатқан өндірістік қатынастардың түбірлі өзгерістері нарықтық экономика жағдайында жұмыс істейтін біліктілігі жоғары мамандар даярлауды қажет әрі мамандық деңгейіне жаңа, биік талап қояды. Педагогтың жеке тұлғалық сапалары теориялық білім мен практикалық тұрғыда қалыптасады. Оның ішінде кәсіби бағыттылығы педагогтің жеке тұлғасының негізгі сапалардың біріне жатады. Бүгінгі таңдағы жоғары білім берудегі реформалардың болуы, білім берудің екі тенденциясына фундаментальдық және кәсіптік тамырына көңіл бөлуді талап етіп отыр.

Бүгінгі таңға дейін педагогика ғылымында кәсіби-педагогикалық біліктіліктің бірнеше жүктемесі жүйеленген. Н.В.Кузьмина бір-бірімен тығыз байланысты коммуникативті, ұйымдастырушылық, жобалау, құрастырмалы, гностикалық біліктілік болу керек деген. А.И.Щербаков мұғалім әрекетінің психологиялық құрылымын жасай отырып, жоғарыда аталғандай басқа зерттеушілік біліктілікті қосады. И.Ф.Тесленко алты

қызметін атай келіп, ақпараттық, құрастырушылық, коммуникативтік, дамытушылық, ұйымдастырушылық, бағдарлаушылық біліктілікті жіктеген. Ф.Гоноболин негізгі педагогикалық біліктілікке дидактикалық, экспрессивтік, перцептивтік, суггестивтік және академиялық түрлерін енгізді [1].

Педагогикалық практиканы ұйымдастыруда студенттердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыру мақсатында төмендегі дағдыларды меңгеру тиіс.

1. Бағдарлана білу дағдысы. Тәрбиеленушілердің ғылыми дүниетанымы, экологиялық және жалпы мәдениетін, отанына деген сүйіспеншілігін қалыптастыру, белсенді өмірлік позициясын дамыту, қоғам алдындағы парызын, адамгершілік, шынайылығын, қайырымдылығы мен жомарттығын, әділеттілік пен адалдығын, өзін-өзі сынау, ашықтығын, еңбексүйгіштігін, ақыл-ой белсендігін мамандығына деген сүйіспеншілігін дамыту, еңбек адамдарына деген құрмет сезіміне тәрбиелеумен байланысты.

2. Академиялық дағдысына зейін қойып тыңдауы, ақпаратты адекватты қабылдау, зейін мен естің түрлі қырларын меңгеру, толық жоспар құрып үйрену, конспектілеп, тезис, аннотация, реферат жазып, психологиялық, педагогикалық ғылым негіздерін оқып үйренумен, библиография, каталогпен жұмыс жасауға байланысты.

3. Перцептивтік дағдысы тәрбиеленушіге жеке дара көңіл қоюы, қызығушылықтарын қолдап отыруымен ерекшеленеді.

4. Мобилизациялық дағдысы тәрбиеленушілердің танымдық іс-әрекетін жүйелі ұйымдастырып, жаңа оқу материалын игертуге бағытталады.

5. Ұйымдастырушылық – сыртқы белгілер бойынша балалардың психологиялық күшін анықтауға, жаңа пайдалы іс-әрекетін ұйымдастыра білуі.

6. Диагностикалық дағдысы балалардың бойынан әлеуметтік-психологиялық дағдыларды танып білуімен байланысты.

7. Дидактикалық дағдысы оқу-тәрбие жұмыстарында, әсіресе, ақыл-ой әдістеріне көбірек назар аударуға бағытталған.

8. Конструктивтік дағдысы педагогикалық іс-әрекеттерін жоспарлай білуі мен зерттеушілік шеберліктеріне бағытталады.

9. Коммуникативтік дағдысы жекелеген балалармен ерекше қарым-қатынас орнату мен түрліше жағдайда әртүрлі адамдармен ортақ келісім табуы. Кәсіби бағыттылығының құрамы мен құрылымын зерттеп, осы мәселеге және оның түсінігіне деген әртүрлі көзқарастарды талдау негізінде, біз өзіміздің студенттердің педагогикалық практикада кәсіби бағыттылығы ұғымының анықтамасын беруді қажет деп ойлаймыз. Біздіңше, жоғары сапалы маман болуын қамтамасыз ететін, оның негізін студенттердің кәсіби білімдерін жетілдіруге теориялық және практикалық тұрғыда оқу-тәрбие процесінде қалыптастырылатын қажеттіліктер, мотивтер, қызығулар мен білім, біліктіліктер, дағдылар, құзырлығы, кәсіби интеллектілігі жүйесін құрайды.

Студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру мәселесінде ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып қарым-қатынас дағдылар мен икемділігін жан-жақты дамыту маңызды проблемалардың бірі болып табылады. Болашақ мамандарды педагогика саласы бойынша даярлауда оның мәдениеттілігіне көңіл қою, бүгінгі мәдениеттілік дәрежесінде икемділік дағдыларының сапалық деңгейін жасау арқылы оны әлеуметтік өмірге енгізу көзделеді. Осы тұрғыда қарым-қатынас дағдылары мен икемділіктің маңызы педагогикалық тактиканы қолдану икемділігі, қарым-қатынас процесі кезінде шапшаң және жеңіл тіл табысу, барысында сенімділікті, қызметтестілікті, жолдастылық сезімді ояту, әңгімелесуші тұлғаның тақырыбына қызығушылықпен тыңдау, мимика, пантамимика қолдану, тақырып бойынша ойын-қалжыңды түсіну деңгейлерін ашып көрсету.

Қарым-қатынас дағдылары мен икемділігіне ие болған адамның тыныс-тіршілігі оның әрекетін ұйымдастыру тәсілінен, материалдық және рухани байлықты жасауынан

көрінетін қоғам мен адамның белгілі бір тарихи даму дәрежесі іспетті, яғни оқу-білім, ғылым, қажеттілік қызығушылық, мақсаттылыққа қол жеткізеді.

Қарым-қатынас тұлғаны қалыптастырудың маңызды факторы болып табылады. Ол адамның қылығын, басқа адамдармен қатынасын реттеуді қамтамасыз етеді. Қарым-қатынас сезімді, қылықты, бағытталғандықты, бағалауларда мақсатты бағытталған реттеуге жағдай жасайды. Қарым-қатынастың кез келген түрі адами тұлғаны қалыптастырады. Бірақта гуманизмге негізделген қарым-қатынастың формалары ғана оң адамдық белгілерді қалыптастырады. Тұлғаның мәдениетін адам ие болған білімдері, іскерліктері және дағдылары, басқа адамға деген қатынасында көрініс табатын жекелік белгілерін құрайды [2].

Студент педагогикалық практика барысында өз мамандығының ерекшелігіне байланысты педагогикалық біліктіліктерді меңгеруі қажет. Кәсіби бағыттылығының қарқындылығы жеке адамның қажеттіліктер, мотивтер және мақсаттарды түсіну деңгейімен анықталады. Ол көмескі әуестіктен, саналы ықылас пен белсенді ұмтылулардан толық сенімділікке дейін өзгере алады. Студенттердің саналы түрде мамандық таңдауын өз кәсіби қызығуларын түсінуі, мақсаттарды іске асыру үшін саналы мақсат қойып, іс-әрекетін жоспарлауы кәсіби бағыттылық қалыптасуының маңызды факторлары болып табылады.

Қорыта айтқанда, педагогикалық практика студенттерге теориялық білімдерді терең игеруге, болашақ мұғалімге қажетті кәсіби іскерлік пен дағдыларды қалыптастыруға, игерілген теориялық білімдердің практикамен байланысын қамтамасыз етуге игі әсерін тигізеді, педагогикалық тәжірибе элементтерін меңгертуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Елканов С.Б. Основы профессионального самовоспитания будущего учителя. Москва, 1989
2. Балабаева А.И. Педагогикалық практика барысында студенттердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыру., пед.ғыл. канд. дисс.13.00.01. – Алматы, 2005.

Т. А. Абдрашитова
г. Астана

СОВРЕМЕННАЯ ТЕНДЕНЦИЯ В РАЗВИТИИ ПСИХОЛОГИЧЕСКОГО КОНСУЛЬТИРОВАНИЯ

Психологическое консультирование является относительно молодой и быстро развивающейся прикладной отраслью современной психологии. Поэтому на сегодняшний день отсутствуют общие устоявшиеся определения ее целей, теоретической платформы, задач и даже четкие границы, разделяющие ее от психокоррекции и психотерапии.

Место и роль теории в практике консультирования зарубежные специалисты видят в том, что теория помогает консультантам сосредоточиться на поиске нужной информации, позволяет сформировать систему собственных взглядов через установление внутреннего единства и взаимосвязи разнообразных явлений и процессов, помогает консультанту фасилитировать изменения в поведенческих паттернах клиентов, служит критерием сравнительной оценки старых и новых подходов, содействует адекватной оценке консультантами себе как профессионалов.

Современное психологическое консультирование, по мнению Г.В. Бурменской, О.А. Карабановой и А.Г. Лидерс, хотя и представляет собой новый вид практической деятельности психолога, строится сегодня не на «пустом месте», а вызрела внутри

развитой системы психологической службы населению [1]. А.Н. Елизаров считает, что основы психологического консультирования исподволь складывались внутри психотерапии и развивающихся на Западе психотерапевтических направлений. Поскольку проблема разграничения возникла как факт, то для ее решения был определен термин «психологическое консультирование» в 1951 году [2-3]. Задачей психологического консультирования «стало не лечение расстройств, а их профилактика, работа с деструктивными формами общения, нерациональными способами организации деятельности – тем, что приводит к травмам, а впоследствии и к болезням». [4, с. 6]

Р. Кочюнас считает, что психологическое консультирование выделилось из психотерапии и возникло «в ответ на потребности людей, не имеющих клинических нарушений, однако ищущих психологическую помощь» [5, с. 9]. Спектр проблем, ищущих помощи, широкий: неустроенность личной жизни, трудности в самоопределении и межличностных взаимодействиях, проблемы воспитания и обучения детей, возрастные кризисы и т.д. Как и все специалисты, он отмечает неопределенность предмета психологического консультирования и связанные с ней разнообразные определения.

А между тем, дефинирование консультирования и его границ является проблемой и в западной психологии, где оно значительно раньше приобрело статус самостоятельной практической деятельности. Так, С. Глэддинг подчеркивает, что предпринимавшиеся в разные годы попытки дать определение консультированию не смогли устранить всех разногласий. В октябре 1997 года Советом Правления АСА было принято определение, согласно которому *профессиональное консультирование представляет собой применение принципов психической гигиены психологии, развития человека в ходе когнитивных, аффективных, бихевиоральных или системных воздействий и стратегий, которые направлены на достижение психологического комфорта, на личностный рост, на развитие карьеры, а также на лечение патологии* [6]. Таким образом, общепринятое определение доводило до осознания психологов и клиентов следующие *особенности консультирования*.

1. Консультирование, занимающееся решением и профилактикой личностно-значимых и жизненных проблем является профессией, в которой соблюдаются профессиональные и этические стандарты и требующая лицензирования.

2. Сфера консультирования – проблемы, связанные с благополучием, личностным развитием, карьерой и психическими расстройствами клиентов.

3. Клиентами консультаций являются как вполне благополучные люди, так и имеющие значительные проблемы.

4. Консультирование основано на теории. Ее могут представлять положения из различных теорий – когнитивных, аффективных, бихевиоральных или системных.

5. Консультирование может служить как средством развития личности, так и способом вмешательства, а иногда – репетицией будущей деятельности.

6. В соответствии с данным АСА определением профессионального консультирования, оно включает в себе разные специализации: супружеское и семейное консультирование, консультирование по вопросам карьеры, зависимого поведения и т.д.

Анализ определений имеет для нас значение прежде всего с точки зрения целей, предмета и задач психологического консультирования. Р. Кочюнас полагает, что *цель консультирования состоит в помощи по пониманию клиентом происходящих в жизненном пространстве событий и осмысленному достижению цели на основе осознанного выбора при разрешении эмоциональных и межличностных проблем*. По его мнению, общим моментом во всех ныне существующих определениях является то, что консультирование помогает клиенту осуществить свой выбор и действовать по личному усмотрению, усвоить новые поведенческие навыки и обучиться новой модели поведения, признает за клиентом его независимость и способность принять самостоятельное решение, а роль консультанта состоит в поощрении волевого поведения клиента и

создании условий поддержки, сердцевиной консультирования является взаимодействие, основанное на клиент-ориентированной терапии [7].

В западной практике ряд теорий консультирования традиционно относят к терапевтическим, и они могут использоваться как в психотерапии, так и в консультировании [3]. В целом, как полагает С. Глэддинг, при разграничении психотерапии и консультирования устойчивыми остаются два критерия. Во-первых, психотерапия предполагает длительные отношения терапевта с клиентом (от 20-ти до 40 сессий за период от шести месяцев до двух лет) для решения краткосрочных проблем и проблем развития. Во-вторых, если консультирование, как правило, проводят в амбулаторных условиях и учреждениях, не предусматривающих пребывания в них клиентов, то терапия может проводиться как в амбулаторных, так и в стационарных условиях, постоянных лечебных заведениях [6].

К. Джелсо и В. Фриц в качестве *особенностей консультирования, отличающих его от психотерапии, называют следующие*. Во-первых, оно ориентировано на сильные, здоровые аспекты личности клиента и его потенциальные ресурсы. Во-вторых, консультирование может осуществляться в отношении клиентов, не имеющих глубинных расстройств, а испытывающих временные трудности дезадапционного порядка и носящие невротический характер. Во всем остальном позиции авторов совпадают с предыдущими [8].

Таким образом, современную тенденцию в развитии консультирования можно охарактеризовать как эклектическую. До 60-х годов обязательное условие практического консультирования заключалось в идентифицировании с определенной теоретической ориентацией. С указанного времени ситуация начала изменяться. По данным А. Лазаруса и Л. Бутлера эклектиками себя считают до 60-70 % профессиональных консультантов [3]. Это означает не отсутствие устойчивости в их позициях, а упрочнение через активную гибкую отзывчивость к разнообразным потребностям клиента, которая требует непрерывной смены стиля деятельности. На эту тенденцию указывают и Р. Кочюнас, М. Гулина и Г. Бериулава и другие консультанты.

Однако *эклектический подход требует высокого уровня теоретической подготовки консультанта и прочной теоретической базы* как руководства к практической деятельности. А. Лазарус и Л. Бутлер подчеркивают, что высший профессиональный уровень эклектизма, определяемый ими как *теоретический интеграционализм*, возможен лишь в том случае, когда консультант в совершенстве знает хотя бы две теории личности.

Следовательно, эклектический подход эффективен, если консультант обладает прочными знаниями и пониманием используемых теорий консультирования.

Литература

- 1.Елизаров А.Н. Основы индивидуального и семейного психологического консультирования. – М.: «Ось – 89», 2003. – 336 с.
- 2.Кочюнас Р. – А.Б. Основы психологического консультирования и групповой психотерапии. – М.: Академический Проект, 2003. – 464 с
- 3.Глэддинг С. Психологическое консультирование. - СПб.: Питер, 1998. – 736 с.
- 4.Кочюнас Р. – А.Б. Основы психологического консультирования. - М.: Академический Проект, 1999. – 68 с.
- 5.Gelso C.J., Fretz V.C. Counseling Psychology. – N.Y.: Holt, Rinehart and Winston, 1992. – 487 p.
- 6.Меновщиков В.Ю. Введение в психологическое консультирование. – М.: Смысл, 1998. – 109 с.
- 7.Кочюнас Р. – А.Б. Основы психологического консультирования и групповой психотерапии. – М.: Академический Проект, 2003.– 464 с.
- 8.George R.L., Cristiani T.C. Counseling: Theory and Practice. – New Jersey: Prentice-Hall, 1990. – 321 p.

ДАРЫНДЫЛЫҚТЫ АНЫҚТАУ ЖӘНЕ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Қазақстан Республикасы Президенті: «Бүгінгі егеменді еліміздің болашағы – дарынды жастар. Бізге керегі – шын дарындар. Нарық қол-аяғымызды қалай қыспасын мемлекет өзінің талантты ұлдары мен қыздарын, тарланбоз жүйріктерін қолдауға, қорғауға міндетті», - деп еліміздің болашағы жастарға үлкен мән берген. Елбасымыз айтқандай, дарынды балалардың болашағы үшін білім беру саласында көптеген игілікті істер атқарылуда. Білім беру саласының алдында: қабілеті жоғары, дарынды оқушыларды анықтап, оларға қолдау жасау арқылы Қазақстан Республикасының интеллектуалды потенциалын қалыптастыруға үлес қосу міндеті тұр. Бұл – қоғам мүддесінен туындап отырған әлеуметтік сұраныс. Бұл сұраныс педагогикалық және психологиялық үрдістер арқылы жүзеге асады. «Әр оқушыны жан-жақты жетілдіру үшін оны жан-жақты зерттеу керек». Бұл – ұлы педагог К.Д.Ушинскийдің тұжырымды ойы. Зерттеу арқылы әр тұлғаның бойындағы ерекше психологиялық қасиеттері айқындалады.

Дарынды балалармен жұмыс істеу дарындылықты айқындаудан басталады. Ол үшін алдымен бала бойындағы қабілеттілікті, бейімділікті тани білуіміз қажет. Ғылыми зерттеулерде баланың әр кезіндегі қабілеті, белгілі бір іс-әрекетке бейімділігі жас кезінен белгілі бола бастайтыны дәлелденген. Бейімділік – бұл адамның белгілі бір іс-әрекетпен айналысуға бет бұрысы, оянып келе жатқан қабілетінің алғашқы белгісі. Ал қабілет – іс-әрекеттің белгілі бір түрін ойдағыдай нәтижелі етіп орындауда көрінетін адамның жеке қасиеті. Қабілет-дәреже әр адамда әртүрлі деңгейде болады. Іс-әрекетті шығармашылықпен орындау мүмкіншілігін қамтамасыз ететін қабілеттің түрін дарындылық деп атайды. Оқушылардың субъект ретінде дамуы және қалыптасуы үшін оның зерттеу – ізденушілік жұмыстарға үйренуі танымдық іс-әрекетінде маңызды орын алады. Адам өмірі үшін зерттеу – ізденушілік дағдылар тек ғалымдарға ғана емес, адамға кез келген салада жұмыс жасағанда керек. Жеке тұлға бойындағы негізгі дағды ретінде ізденушілік қасиеттің қалыптасуы қазіргі заман адамының стилі болуы қажет. Оқушыны зерттеу іс-әрекетіне үйрете отырып, оның субъектілігін қалыптастыратын қасиеттерін дамыту [1].

Дарындылық – табиғаттан берілетін ерекше қабілет. Өмір сүретін орта, берілетін білім мен тәрбие осы ерекше қабілеттің одан әрі дамуына көмектеседі немесе оны мүлде өшіреді. Дарындылық – көпқырлы. Ағылшын ғалымы Ж.Рензуллидің анықтамасы бойынша: «Дарындылық – бала бойындағы интеллектуалдық қабілеттің, шығармашылық қабілеттің және табандылықтың болуы». Дарынды деп өз қатарларынан ерекше дамыған немесе ерекше бір музыкалық, көркемдік, спорттық зейіні, қабілеті бар балалар, ғылыми тілде оларды вундеркиндтер деп те атайды.

Дарындылықты анықтау – өте күрделі үрдіс. Ол психологиялық-педагогикалық шаралар арқылы жеке тұлғаның болашақтағы табыстарын үздіксіз бақылау мақсатында жүргізіледі. Дарынды оқушыларды анықтау үшін өзара тәуелді үш көрсеткішке назар аударылады: дарынды оқушының ішкі сезімі жағынан ерекшелігі, дене бітімдік тұрғыдан ерекшелігі және әлеуметтік тұрғыдан ерекшелігі.

Дарынды оқушының ішкі сезімі жағынан өзгешелігі: дарынды оқушы толыққанды, аңғарлы болады; өзінің қабылдау мүмкіндігімен ерекшеленіп, өзін қоршаған ортаға өте сезімтал келеді. Ол бірнеше үрдісті қатар бақылап, қабылдауға бейім тұрады және оны белсенді түрде зерттеуге әуес болады; құбылыстар мен заттар арасындағы байланысты қабылдап, оған лайықты қорытынды жасай алады және оған өз қиялы арқылы балама жүйе жасауға қабілетті келеді; есте сақтау қабілеті жоғары болады; сөздік қоры мол, бұл

оның не нәрсені еркін де нақты баяндауына мүмкіндік береді; логикалық ойлау қабілеті жоғары; табандылық басым; қиялы кең болады.

Әлеуметтік тұрғыдан ерекшелігі: дарынды бала әділетсіздікке төзімсіз болады, жоғары моральдық қасиеттерге ие; алдына қойған мақсатқа ұмтылу белсенділігі жоғары болады; өзіне өзгелердің және қоршаған әлеуметтік ортаның назар аударуын қалайды; жағдайларға байланысты іскерлік қатынасы мен өз басы қажеттілігі, үлкендерден қалыспау, әлдебір нәрсені бірдей атқаруға деген күштарлығы басым келеді [2].

Дарындылықты анықтаудың 2 кезеңі бар. Оның 1-ші кезеңі – анимистикалық кезең. Бұл ата-ана мен мұғалім анықтаған, оқушының қандай да бір іс-әрекетке қабілеттілігі. Ол тесттер алу арқылы айқындалады. Дарынды оқушыны анықтау баланың даму динамикасымен байланысты екенін практикалық зерттеу кезеңінде ескерген жөн. Сауалнама беттерін толтырудағы ата-аналардың өз балаларының қабілеттерін асыра бағалауы негізгі фактор емес, ол нақты жауапқа нұқсан келтірмейді.

Психология ғылымы қабілеттілікті жалпы, арнаулы, практикалық деп үшке бөледі. Қабілеттің бұл түрлері бірін-бірі жоймайды, қайта бір-біріне байланысты дамиды. Жалпы қабілеттілік – жеке тұлғаның өз ойын жаңа мақсат, міндеттерді орындауға саналы түрде бағыттауы. Арнаулы қабілеттілік – белгілі бір бағытта ерекше дағды таныта білуі. Практикалық қабілеттілік – өмірден алған білімін шығармашылықпен пайдаланып, бір деңгейден екінші деңгейге көшірілуі. Баланың бойындағы осы қабілеттерді алдымен ата-анасы байқайды.

Ерекше қабілеттер жиынтығы – дарындылықты анықтаудың 2-кезеңі: диагностикалық кезең. Бұл – педагогикалық және психологиялық тесттер мен түрлі әдістемелер арқылы жүргізіледі. Ол баланың психологиялық ерекшеліктері мен шығармашылық мүмкіншілігін бағалаумен сипатталады [3].

Дарындылық үш бағытта анықталады: интеллектуалды дарындылық, шығармашылық дарындылық, лидерлік дарындылық. Интеллектуалды дарындылық баланың ойының ұшқырлығымен ерекше есте сақтау қабілетімен, байқағыштығымен айқындалады. Интеллектуалды дарындылығы бар бала қиналмай-ақ және талаптанып оқиды, өз ойын жүйелі жеткізе алады. Ол әр істе өз біліміне сенімді болады. Оны қиын тапсырмалар қызықтырады. Шығармашылық дарындылық баланың өз қызығушылығы, өмірлік ұстанымымен айқындалады. Ол көбіне тәуелсіз, өзі әрекет жасайды және ісінің нәтижесін көре алады. Нақты жағдайлардың шешімін таба біледі, көркем өнер оқулары мен ойындарға бейім келеді. Лидерлік дарындылыққа жана жағдайларға жылдам қалыптасу, өзге балалардың оны таңдауы, ойындар мен шараларды басқара алуы, үлкендермен және құрбыларымен қарым-қатынасқа оңай түсуі, жауапкершілік сезімнің басымдығы тән.

Көрнекті психолог Л. С. Выготский «баланың кешегі күнгі дамуына емес, ертеңгі күнгі дамуына қарау керек деп ескертеді». Бала дамуының дербестік, шығармашылық таным әрекеті, логикалық ойлау дәрежесі сияқты негізгі белгілерін біліп, жеке дара жұмыстар жүргізу арқылы белгілі бір нәтижелерге қол жеткізуге болады. Баланың оқуы мен психикалық дамуының бастапқы негіздері бастауыш сыныптарда қалыптасатындықтан, әр тұлғаның бойындағы қабілет, дарынды ашу арқылы оның мүмкіндігін дамыту керек [4].

Сонымен, дарындылықты дер кезінде анықтап, оны дамыту үшін және болашақта кездесетін проблемалардың алдын алу үшін балаларды еңбекке, уақытты бағалауға тәрбиелеуіміз керек.

Дарынды балалармен жүргізілетін жұмыс түрін жүйелі, орынды ұйымдастыру әр ұстаздың бала жанын дұрыс түсініп, үлкен педагогтік шеберлік көрсеткенінде ғана нәтиже береді. Сабақта, сабақтан тыс жұмыстарда оқушының белсенділігіне, тапқырлығына, түсіндірілген тапсырманы мұқият орындауы мен жауапкершілігіне, жанындағы жолдастарымен тез тіл табыса білуіне, сөйлеу шеберлігіне, сөздік қорының мөлшеріне баса назар аудару қажеттілігі туындайды.

Әдебиеттер:

- 1.Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. – Алматы: Рауан, 1998. - 415б.
- 2.Артемяева Т.И. Методологический аспект проблемы способностей. – Москва: Наука, 1977.-177 с.
- 3.Омарова Р.С. Білім берудің жаңа парадигмасы жағдайында оқушылардың шығармашылық қызығушылық қалыптастырудың дидактикалық негіздері // Педагогика ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін дайындаған авторефераты. – Түркістан, 2008. – 50 б.
- 4.Бабаева Ю.Д. Динамическая теория одаренности. Основные современные концепции творчества и одаренности. – Москва, 2009. –150 с.

С. В. Жунусова
Акмолинская область

ПОВЫШЕНИЕ МОТИВАЦИИ К ОБУЧЕНИЮ ЧЕРЕЗ ОРГАНИЗАЦИЮ ГРУППОВОЙ ФОРМЫ РАБОТЫ


Каждый учитель желает, чтобы его ученики хорошо учились, с интересом и желанием занимались в школе. В этом также заинтересованы и родители учащихся. Но проведенный мною анализ стартовых возможностей школы выявил тот факт, что наши дети не хотят учиться, что могли бы прекрасно заниматься, а желания нет. А это красноречиво говорит о том, что у ученика не сформировались потребности в знаниях, нет интереса к учению. Я думаю, что одной из основных задач, стоящих перед школой, должно быть формирование и развитие у ребёнка положительной мотивации к учебной деятельности. Известно, что школьника нельзя успешно учить, если он относится к учению и знаниям равнодушно, без интереса и не осознает потребности к ним. Для того чтобы учащийся по настоящему включился в работу, нужно, чтобы задачи, которые ставятся перед ним в ходе учебной деятельности, были не только понятны, но и внутренне приняты им, т.е. чтобы они приобрели значимость для учащегося и нашли, таким образом, отклик и опорную точку в его переживании. Основными факторами, влияющими на формирование положительной устойчивой мотивации к учебной деятельности, являются: содержание учебного материала, организация учебной деятельности, оценка учебной деятельности, стиль педагогической деятельности учителя. Что касается содержания обучения, то оно выступает для учащихся в первую очередь в виде той информации, которую они получают от учителя, из учебной литературы, учебных телевизионных передач. Однако сама по себе информация вне потребностей ребенка не имеет для него какого-либо значения, а, следовательно, не побуждает к учебной деятельности. Поэтому, предоставляя учебный материал, нужно учитывать имеющиеся у школьников данного возраста потребности. Таковыми являются потребность в постоянной деятельности, в упражнении различных функций, в том числе и памяти, мышления, воображения; потребность в новизне, в эмоциональном насыщении, потребность в рефлексии и самооценке. Учебный материал должен подаваться в такой форме, чтобы вызывать у школьников эмоциональный отклик, задевать их самолюбие, т.е. быть достаточно сложным, активизирующим познавательные психические процессы. Стремление некоторых учителей при низкой успеваемости учащихся до предела упрощать материал, «разжевывать» сложные вопросы и понятия, хотя и приводит к сиюминутному успеху, но делает изучение материала тягостным и нудным занятием, убивающим всякий интерес к учению. Вспомним «идею потокового состояния, при котором внимание, мотивация и

ситуация соединяются, вызывая нечто вроде продуктивной гармонии или обратной связи» (М. Чиксентмихай.) Знания, получаемые в рамках «традиционной», основанной на трансляции готовых знаний методики преподавания, не могут быть эффективно интегрированы в имеющуюся у ученика базу знаний, и, следовательно, в данной ситуации имеет место только механически запоминающееся, поверхностное обучение. Мое внимание привлекла групповая форма работы на уроке. Известно, что во многих случаях групповая форма учебной деятельности создает лучшую мотивацию, чем индивидуальная. Групповая форма «втягивает» в активную работу даже пассивных, слабо мотивированных учащихся. Кроме того, подсознательно возникает установка на соревнование, желание быть не хуже других. «Во всех случаях объединения субъектов в группы сотрудничество предлагает способ работы, основанный на взаимном уважении, выявлении способностей и определении личного вклада каждого члена группы. Кроме того, работа в сотрудничестве требует распределения полномочий и ответственности между всеми членами группы для достижения эффективности работы групп. Принцип набора учащихся при комплектовании групп имеет большое мотивационное значение. Если детей с нейтральной мотивацией к предмету объединить с детьми, которые не любят данный предмет, то после совместной работы первые существенно повышают свой интерес к этому предмету. Если же включить учеников с нейтральным отношением к данному предмету в группу любящих данный предмет, то отношение у первых не меняется. Так, например, на уроках иностранного языка созданы три - четыре постоянные группы, состав которых меняется время от времени. В каждой группе имеется консультант из числа хорошо успевающих учеников, который помогает своей группе. Каждая группа получает задание, на которое отводится определенное время. На уроке в пятом классе при развитии навыков и умений монологической речи перед группами ставлю речевые задачи: «Представьте, что вы обсуждаете план будущего путешествия. Каждый из вас предлагает свой способ путешествия. Пользуясь данными опорами докажите, что путешествовать пешком или на поезде очень интересно. Членам группы раздаю опорные слова и выражения: hiking, interesting places, useful, monuments, is good for smb's health, learn many things, not so dear, look out of the window, comfortable, pleasant, sit, read, sleep, meet. Каждая команда составляет флипчарт и защищает свой проект. В сочетании с другими формами работ групповая форма учебной деятельности очень эффективна в обучении иностранному языку: совершенствуется умения и навыки, расширяется словарный запас школьников, увеличивается время общения на уроке. Постепенно исчезает боязнь говорить у ребят, которые ранее испытывали робость, неуверенность в себе, застенчивость. Анализируя обратную связь, из наблюдений я определила положительные изменения в учебном процессе. Повысилась активность учащихся и мотивация к получению оценки. Учащиеся хотят быть оценены, учатся работать в коллективе, появились новые лидеры. Ребята, которые систематически не готовят домашнее задание, отвечают, так как помнят то, что обсуждали и готовили совместно в группах, ребятам нравится такой вид работы, так как незаметно проходит урок, «Даже, если что-то не выучил дома, то к концу урока все запомнил». Ребята пишут, что любят рисовать, некоторым нравится быть спикером, нравится ставить оценки, «в группе надо стараться; мне интересно, когда нас делят на другие группы, «Если один не знает, то знает другой, «Когда много людей, думать лучше», «помогаем друг другу, работаем с друзьями», «Мы всей группой работаем как один единый механизм».

Подводя итоги, на основе рефлексии, анализа входных данных и данных на выходе, определены критерии успеха при применении групповой формы работы, которые наглядно отражены в диаграмме и в результатах анкеты. Доказана актуальность и необходимость обучения в сотрудничестве. Организация учебного процесса с применением групповой формы работы позволит учитывать индивидуальные особенности школьников, их интересы и учебные стили. Учащиеся сами будут брать на себя ответственность за ход и результаты учебной работы, ее оценку. В желаемых результатах

я вижу переход учебной деятельности на новый, современный этап. Для него характерна творческая и результативная деятельность учителя и учащихся. Применение новых методов и технологий должно стать повседневным делом, что повысит эффективность работы всех членов образовательного сообщества. Чтобы стать успешными в современном информационном обществе, дети и молодые люди должны быть вовлечены в более эффективные формы активного, конструктивного обучения, обеспечивающего понимание и обретение независимости.

Диаграмма изменений при применении групповой формы работы



Данные анкетирования

№ п\п	Вопрос	Результат на входе	Результат на выходе
1	Я умею оценить свою работу	30%	85%
2	Я умею оценить работу товарища	55%	85%
3	Я получаю оценки на каждом уроке	30%	75%
4	Я оказываю помощь слабому	45%	70%
//////			
5	я могу выразить своё мнение об уроке,	30%	57%
6	Мне нравится урок английского	30%	100%

Литература

1. Руководство для учителя.
2. Глоссарий к уровневым программам курсов повышения квалификации педагогических работников республики Казахстан, разработанный центром педагогического мастерства совместно с факультетом образования Кембриджского университета.

МЕКТЕПКЕ БАЛАНЫ ДАЯРЛАУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Баланы мектепке оқуға даярлаудың мәселесі кейінгі 10 жылда ғалымдардың назарынан тыс қалмай жүрген мәселенің бірі. Осы мәселенің маңыздылығы күн өткен сайын біреуден екіншісіне, яғни тәрбиелеу мен оқытудан өткен сайын білінуде. Сабақ уақытының ұзақтығы, қозғалыстың аз болуы, статистикалық жүктемелер мен жаңа міндеттер, пәндерге қойылатын талаптар – осының бәрі бірінші сынып оқушысына қиындықтар әкеледі.

Мектепке бару – бала өміріндегі үлкен жаңалық, шешуші кезең, өмір мен іс-әрекеттің жаңа күйіне, қоғамдағы жаңа орнына көшуі және өсіп-жетілуінің бір сатысы. Мектеп жасына дейінгілердің көбінесе шұғылданатыны – ойын әрекеті. Ойын арқылы балалармен қарым-қатынас жасайды, алғашқы білім дағдыларына үйренеді. Ал, мектепке барысымен ол ұқыптылық пен зейінділікті талап ететін жүйелі оқу, еңбектену іс-әрекетін меңгеретін болады. Осындай елеулі өзгерістерде қиналмай еркін іс-әрекет жасай білу үшін 6-7 жасар баланың тиісті дайындығы болуы керек.

Мектепке келген бала физиологиялық және әлеуметтік жағынан да даярлығы болуы керек. Бала ойлау операцияларын орындай алуы тиіс, тіл табыса білуі, сабақтарға бейімделе және әр пәнді ажырата білуі, сыртқы ортаны ажырата білуі, өзінің іс-әрекетін бақылап, өз ісіне жауапкершілікпен қарай білуі керек. Сондықтан «баланың мектепке даярлығы» кешенді ұғым. Бұл мәселе әр қырынан және баланың жеке дара қасиеттерін негізге алу арқылы қарастырылуы тиіс [1].

Осы кезеңде баланың психикалық дамуы оның барлық психикалық қасиеттерінің жаңа өмірге, мектепке оқуға даярлыққа бағытталуымен айқындалады. Бұл уақыттағы баланың дамуы, оның «мектеп оқушысы атты әлеуметтік» рөлді иемденуінде. Баланың физиологиялық дамуы оның мектептегі үлгеріміне тікелей және психологиялық, әлеуметтік даярлығының қалыптасуына тікелей әсер етеді.

Атап көрсетілгендей, баланың психикалық дамуының әрбір кезеңі оның іс-әрекетінің негізгі жетекші түрімен сипатталады. Мектеп жасына дейінгі балалық шақта ойын іс-әрекеті жетекші болады.

7 жасар бала мектеп табалдырығынан аттасымен-ақ оқушы болады. Оның өмірінде ойын әлі маңызды орын алғанымен, осыдан бастап басымдылық рөлін жоғалта бастайды. Баланың мектеп өмірінің жаңа жағдайларына алғаш енуі айқын аңғарылады. Балалардың көпшілігі бұған психологиялық жағынан даярланады. Олар бұл жерден үймен немесе балабақшамен салыстырғанда, әдеттен тыс басқа кездестіруді күте отырып, мектепке қуана барады.

Баланың жеке басының дамуы, оқудың тиімділігінің жоғарлығы, мамандықтың қолайлы қалыптасуын сәтті шешу көбінесе балалардың мектептегі оқуға даярлық деңгейімен анықталады.

Қазіргі психологияда мектепке даярлық құрылымын бөлу әртүрлі шарт пен әртүрлі негізде жасалынады. Л.А.Венгер, А.Л.Венгер, Я.Л.Коломинский, Е.А.Панько сынды зерттеушілер мұны эмоционалды және интеллектуалды дайындық деп бөліп көрсетеді [2]. Басқа авторлар да баланың қоршаған ортамен өзара қатынас жүйесін зерттей келе, баланың қоршаған ортамен әртүрлі қатынас түрлерінің дамуымен байланысты мектепке психологиялық даярлық көрсеткіштерін бөліп қарастырады. Мұндай жағдайда мектепке балалардың психологиялық даярлығының негізгі түрі болып: үлкендермен еркін қарым-қатынас жасау; құрдастармен еркін қарым-қатынаста болу; өз-өзіне адекватты қалыптасқан қатынас табылады.

Мектеп жасына дейінгі жастың аяғында балалардың ақыл-ойының дамуының көрсеткіші – олардың бейнелі және сөздік-логикалық ойлауының қалыптасуынан айқындалады.

Мектеп жасына дейінгі балаларда көрнекі-бейнелі ойлауға негізделген сөздік-логикалық ойлаудың негізі дамиды және оның шынайы жалғасуы болып табылады. Алты жастағы бала қоршаған ортаны қарапайым талдауға қабілетті: жандыны жансыздан ажырата білу, күрделі емес пікірді талқылау, дұрыс қорытынды жасау.

5-6 жастағы балалар көпшілік өндірген сенсорлы үлгі жүйесін қолдану арқылы заттардың сыртқы қасиетін тиімді тексеру қабілетін меңгереді. Оларды қолдану балаға бөлек қабылдауды, қиын объектіні талқылауға мүмкіндік береді.

Бірақ, бұл қабілеттер балалар білімінің жан-жақтылығын шектейді. Бала себептік-салдар байланысын жақсы құрайды, ол оның сөзінде көрініс табады. Ол «егер», «онда», «сондықтан», «осыдан» және т.б. сөз тіркестерін қолданады, оның тұрмыстық пайымдауы толық логикалық негізделеді. Логикалық ойлаудың қалыптасуы заттарды топтастыру қабілетінде көрінеді және жалпы қабылдаған ұғымдарға сәйкес туындайды. 5-6 жасында бала ұғымды топтастыра алады, мәселен: «жиһаз», «ыдыс-аяқ», «киім» және т.б. [3].

Баланың танымдық саласының дамуының ерекшелігін ескере отырып, мектептегі оқуға интеллектуалды даярлықтың дамуы мектепте келесілерді ұсынады: дифференциалды қабылдау; аналитикалық ойлау (белгілерді және олардың байланысын ажырата білу); шынайылыққа тиімді әдіс (фантазиялық рөлдің төмендеуі); логикалық есте сақтау; білімге қызығушылық; дауыстап сөйлеуді меңгеру және белгілерді түсіну мен қолдану қабілеттілігі; қолдың нәзік қимылының дамуы.

Мектепке психологиялық даярлықты құрайтын жеке басты анықтауда мектеп жасына дейінгі балалардың мотивациясы маңызды болып табылады. Оқу мотиві екі топқа бөлінеді:

1. Оқудың кең әлеуметтік мотиві немесе «басқа адамдармен қарым-қатынастағы баланың қажеттілігімен, оқушының қоғамдық қатынас жүйесінде орын табу тілегімен» байланысты мотивтер.

2. Оқу іс-әрекетіне тікелей байланысты мотивтер немесе «балалардың танымдық қызығушылығы, интеллектуалды белсенділік пен жаңа дағды мен білімді игеру қажеттілігі. Сонымен қоса жеке бастық даярлық баланың эмоциялық сезімінің даму деңгейін жетілдіреді. Баланың іс-әрекетінде эмоцияның рөлі өзгереді, эмоциялық таңдану қалыптасады, сезім жоғары, парасатты болады. Әдепті, интеллектуалды, эстетикалық жоғары сезім қалыптасады. Сондықтан мектептегі оқудың басында балада жақсы эмоциялық тұрақтылық болу керек [4].

Көптеген авторлар мектепке жеке бастық даярлықта баланың еркінділігінің даму мәселесіне назарын аударды. Осы орайда, келесідей пайымдау бар, бала дербестігінің әлсіз болуы – бірінші сыныпта үлгермеудің негізгі себебі болып табылады.

Мектептегі оқуға әлеуметтік немесе жеке бастық даярлық бала үшін мектептегі оқу жағдайына сәйкес жаңа қарым-қатынастың түрін игеруге, яғни өз-өзіне және қоршаған ортаға жаңа қатынас жасауға тәрбиелейді.

«Біліктілік» сөзі қандайда бір нәрседен хабардар болу деген мағынаны білдіреді. Әлеуметтік біліктілік – бұл белгілі әлеуметтік-мәдени ортада қабылданған мінез-құлықтың ережесі мен қалпының білімі және оған қатынасы; оны практикада қолдануды білдіреді. Тілдік біліктілікте сөйлеудің даму деңгейі айқындалады. Бұл біліктіліктің екі түрін коммуникативті біліктіліктің элементі ретінде қарастыруға болады немесе кең мағынада – қарым-қатынастағы біліктілік өзімен бірге вербальды емес қарым-қатынас түсінігі мен білімділігін көрсетеді.

Мектепке дейінгі баланың жан-жақты қалыптасып, дамуы баланың мектеп жағдайына бейімделуінің, жүйелі оқуға кірісуінің алғышарттары болып табылады. Мұндай алғышарттарға оқушы болу, маңызды әрекетті орындау, оқуға деген тілегі жатады. Мұндай тілек 5-6 жаста балалардың басым көпшілігінде пайда болады.

Мектепке психологиялық дайындықтың маңызды жағы – баланың ерік-жігері дамуының жеткілікті дәрежеде болуы. Әртүрлі балаларда бұл даму түрліше көрініс береді. Бес-алты жастағыларға тән, оларды басқалардан ерекшелендіріп тұратын ортақ белгі – олардың бойында өз мінез-құлқын басқаруға әрі бірінші сыныпқа келген бойда жалпы әрекетке қосылып, мектеп пен мұғалім қоятын талаптар жүйесін қабылдауға мүмкіндік беретін қатар бағыну мотивтерінің дамуы болып табылады.

Әдебиеттер

- 1.Ұғланова Н. Баланың мектепке бейімделуі мен негізгі қиындықтарының сипаттамасы // Ұлағат. – №5, 2004.
- 2.Жұмантаева А.Д. Баланы мектепке дайындау мәселелері // Отбасы және балабақша. – №2, 2002.
- 3.Исмаилова Ж. 5-7 жастағы балалардың оқу-танымдық әрекетін дамытудың психологиялық-педагогикалық аспектілері // Ізденіс.- №2, 2001.
- 4.Рахимжанова М. С., Игманова Р. Т. Баланы мектепке даярлаймыз. – Семей, 2008. – 120 б.

Г. С. Қаленова
Р. К. Жүндібаева
Семей қ.

ҚАЗІРГІ ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮРДІСІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР

Еліміздің болашағы көркейіп өркениетті елдің қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесінен көрінеді. Қазіргі білім беру саласындағы мәселе – әлеуметтік-педагогикалық және ұйымдастыру тұрғысынан білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді жаңа әдістерін іздестіру, оны өмірде пайдалану. Қазіргі мектеп жағдайындағы білім берудің ұлттық үлгісіне көшу, оқыту мен тәрбие берудің соңғы әдіс-тәсілдерін, инновациялық технологияны игерген, психологиялық, педагогикалық жұмыста қалыптасқан ескі сүрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде, өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашылық педагогикалық зерттеуші болу, ал зерттеуші педагог өз кезінде ізденуші шәкіртті тәрбиелеуді талап етеді [1].

Мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқыту үдерісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны қолдануды қажет етеді. Қазіргі кезеңдегі педагогикалық инновация білім беру жүйесіндегі жаңалықтарды топтастырады. Кез келген елдің экономикалық қуаты, халқының өмір сүру деңгейінің жоғарылығы, дүние жүзілік қауымдастықтағы орны мен салмағы сол елдің технологиялық даму деңгейімен анықталмақ. Жалпы қоғам дамуы мен жаңа технологияны енгізу сапалылығы осы елдегі білім беру ісінің жолға қойылғандығы мен осы саланы ақпараттандыру деңгейіне байлаулы. Экономикасы күшті дамыған елдердің тәжірибесі білім беру жүйесін ақпараттандыру экономика, ғылым және мәдениеттің қарқынды дамуының негізгі кілті екендігін дәлелдеп отыр. Ендеше қазіргі заманның ақпараттық және телекоммуникациялық технологиясын игеруге міндеттіміз. Сондықтан әртүрлі оқыту технологияларын оқу мазмұны мен оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибеде кеңінен қолданудың маңызы зор. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа көптеген адами келбетінің

қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Жаңа технологияның мақсаты – оқытуды ізгілендіру, яғни оқу құралдары оқушылардың өздігінен танымдық іс-әрекетін жүргізе алатындай болуы керек. Жаңа педагогикалық технологиялар оқушының шығармашылық қабілеттерін арттыруға өз үлесін қосады.

Біз өзіміздің тәжірибемізде жаңа технологиялардың ішінде модульдік технологияны қолданамыз. Бұл технологиямен жұмыс барысында мұғалім структуралық бөлімдерді мазмұнмен байытады, тәжірибе жинақтайды. Жаңа технологияны қолданудың нұсқауы мен ережесін біліп, алгоритмін қалыптастырады. Бұл технологиямен жұмыс жаңашылдықты ендіру деңгейін көтеріп, мұғалімнің шығармашылық әлеуетін толықтырып, кәсіби шеберлігін шыңдайды. Жаңа технологиямен жұмыс, пәнді жоспарлау ісіне де өзгеріс енгізеді. Біріншіден, пәнді оқытуға бөлінген сағаттың жалпы санына ішінара өзгертулер мен топтастырулар болады. Екіншіден, жалпы педагогикалық қызметті ұйымдастырудың тиімділігін арттыруға бағытталған шаралар жүргізеді. Үшіншіден, білім беру нысандарын оқушы шығармашылығына негізделген түрлері таңдап алынады. Жеке тақырыпты модульдік оқыту жағдайында сабақтың ақпараттық-құрылымдық компоненттерінің мазмұны төмендегіше анықталады [2].

1. Сабақ мазмұнын оқу элементтеріне (блоктарына) бөліп оған мақсат қоя білу. Мақсат қоя білу бұл жаңа технология, бұл жаңаша басқару, оқу курсына жаңа структуралық құрылымға көшіру, мұғалім жаңаша оқыту әдістемесін игереді деген сөз. Білім стандарты талабын орындау оқу элементтеріндегі дидактикалық мақсаттардың анық айқын болуы, оны орындау механизмінің қарапайымдылығына байланысты.

2. Оқу мазмұнын оқу элементтері бойынша деңгейлеп беру. Оқу элементтеріне сәйкес жасалған үш деңгейдегі тапсырмалар жүйесінің дидактикалық мақсаттарға сәйкестігін қамтамасыз ету. Оқу элементтеріндегі жеке дидактикалық мақсатты орындау сынып оқушыларына міндетті.

Бақылаудың түрлі нысандарын мұғалім пайдалана алады. Олар: диктант, тест алу, өзіндік жұмыс, лабораториялық және практикалық жұмыс, ауызша сұрау, бақылау жұмысы т.б.

Деңгейлік тапсырмаларды орындау оқушының білік деңгейінің, оқу белсенділігі мен білімді сапалы игеруінің көрінісі. Деңгейлік тапсырмаға қойылатын дидактикалық талап:

Бірінші деңгей (міндетті) – оқушы белгілі бір объектіге ұқсас объектіні таниды, біледі, анықтайды, оны суреттей алады.

Екінші деңгей – оқушы меңгерген ақпаратына сүйене отырып, белгілі бір жаттығуларды орындайды.

Үшінші деңгей – оқушы өздігінше білім алуға қабілетті, алған білімін кез келген практикалық жұмыста қолдана алады.

Бірінші деңгей – оқушылық деңгей, оны орындаған оқушыға «3» қойылады. 1-2 деңгейді игерсе ол алгоритмдік деңгей деп аталып, «4» -ке бағаланады. 1-2-3 деңгейді игерсе, ол шығармашылық деңгейді игерген болып «5»-ке бағаланады. Оқу ісін ұйымдастыру оқушының оқу қызметіне қызығушылығын қалыптастырып, білімге деген сұранысы мен оған деген өзіндік қанағаттанушылығын оятады. Мұндай оқыту технологиясында бағалаудың объектілігі, анықтық бір мәнділік іске асады. Мұғалім мен оқушының бір-біріне түсіністігі орнығады. Оқушының сыныптан тыс қызметінің көлемі мен мазмұны ретке келтіріледі.

3. Оқушының сыныптан тыс қызметін ұйымдастыру. Оқушының сыныптан тыс қызметі – оқушының оқу мазмұнын оқу элементтері (блоктар) бойынша деңгейлеп оқытуға дайындығын тиімді ұйымдастыруға бағытталады [3]. Қазіргі жаңа буын оқулықтардың өзінде деңгейлік тапсырмалар мен сыныптан тыс жаттығу тапсырмалар жүйесі жеткілікті деңгейде берілмеген. Сондықтан деңгейлік тапсырмалар жүйесін мұғалімдердің өзіне жасауға тура келеді, ал оның оқу мазмұнына әдістемелік тұрғыдан

сай келе бермеуі де мүмкін. Оқу элементтерінің жеке дидактикалық мақсаттарына сай үй тапсырмаларының мазмұны мен көлемі әлі толық зерттелді деп айтуға болмайды.

4. Сабақтың логикалық структурасын белгілеу. Оның үш деңгейі болады. Атап айтқанда: а) оқу қызметінің жобасы; ә) дамудың әдістемелік бағдарламасының жобасы; б) оқу мазмұнын тусіндіру тетігінің жобасы.

5. Түзету – ескертпе жасау. Үй тапсырмасы үнемі түзету – ескертпелер арқылы жүзеге асырылады. Түзету ескертпелер негізінен алдын-ала қателікке ұрынбау үшін қажет. Қатемен жұмыс, оқу элементтеріне сәйкес деңгейлік тапсырманы түгел орындату арқылы бұл бөлімнің жұмысы ашыла түспек. Тесттік не рейтингтік жүйе арқылы оқушы шала орындаған деңгейлік тапсырманы қайта орындау, тіпті орындалмаған деңгейлік тапсырманы қайта тапсыруды іске асыратын болады. Оқу үдерісін тиімді ұйымдастыру оқу элементтеріндегі дидактикалық мақсаттардың қайталанып келмеуі, ұғымдарды түсіндіруде логикалық бірізділіктің сақталуы, уақыттың жеткілікті болуы, оқушының оқу мазмұнын толық, бүтіндей игеруін жете көңіл бөлініп үнемі мұғалім жадында болуына байланысты. Деңгейлік тапсырманың орындалу көрсеткіші оның дидактикалық тұрғыдан дұрыс жасалуына да байланысты болатыны түсінікті жағдай. Сондықтан да деңгейлік тапсырмалар үнемі түзету, толықтыру, қайта жасауға бейім болғаны жөн.

Жалпы оқу үдерісін бүтіндей модульдік оқытуға бейімдеу ісі оқу пәнінің бүтіндей курсына тақырыптың немесе тарау, бөлім бойынша модульдеуге, сабақтың ақпараттық-структуралық компоненттерін жасауға тікелей байланысты [4].

Модульдік оқыту технологиясының артықшылықтары: оқу мазмұнының мақсатының алдын-ала қойылуы, нақтылануы оқу нәтижесін бағалаудың объективтілігін арттырады; оқушының пәндер бойынша барлық сыныптағы оқу-танымдық қызметінің мазмұны мен структурасын анықтайтын оқу үдерісінің жобасы жасалады; дидактикалық процестің бүтіндей берілуі іске асырылады; педагогикалық қызметтегі мұғалім мен оқушының қарым-қатынасының, өзара түсіністігінің жаңа жүйесі қалыптасып, интерактивтік әдістеме жүзеге асырылады; инновациялық қызметтің ұйымдастыруының жаңа нысаны мен оның негізгі қағидалары жасалады; бұл жүйе оқушылардың білім алуға деген қызығушылығын арттырып, білім сапасын тұрақтандыруы, тіпті оны көтеруі де мүмкін; оқу пәнін танып-білу, оқушының танымдық-шығармашылық қызметінің белсенділігін арттыратын дидактикалық модуль жасалады; мұғалім шығармашылық жұмысқа – ақпараттық дамытушы модуль жасауға төселеді.

Қазіргі таңда елімізде оқулықтардың жаңа буынын жасау қажеттілігі күн тәртібінде қатаң қойылып отырған кезеңде ол оқулықтарды тұрақты етіп қайта жасамай-ақ өзгеріс пен жетілдіруді жеңіл енгізе алатындай (оқулықтың мобильді болуы) болуына қол жеткізу көзделуде. Ол оқулықтар блоктік түрде жасалуда. Демек, алда дүниеге келетін жаңа буын оқулықтар модульдік оқытуға бейім болып шығады деген сөз. Сондықтан да модульдік оқытуды мектеп практикасында қолдану тәжірибемізді байыта түсу қазіргі күнгі сұраныс деп қарастыруға да болады.

Әдебиеттер

1. Кенжебеков Б. Маманның кәсіби құзыреттілігінің теориялық негізі // Бастауыш мектеп. – № 7. – 2004. – Б. 7.

2. Инновациялық білім беру үрдістерінің мәні, түрлері және құрылымы // Ізденіс. – Алматы, 2005. – № 3 (2). – Б. 17.

3. Жұмабаев М. Педагогика Алматы: Рауан, 1993. – 154 б.; Білім берудегі менеджмент. Профессиональная компетентность учителя как условие развития системы образования. – № 1. – 2001. – Б. 8.

4. Инновациялық білім беру үрдістерін жүйелі басқару үлгісінің қызметтері, құрылымы және технологиялары // Ұлт тағылымы. – Алматы, 2005. – № 4. – Б. 35-38.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ – САПАЛЫ БІЛІМ НЕГІЗІ

Бүгінгі күні Қазақстан білім беру саласында жасалып жатқан реформалар республикалық орта білім беру саласына жаңа мақсаттар қояды. Ол алдымен, мектептегі білім беру сапасын арттыру, одан, әлемдік оқыту тәжірибесімен ұштастыра отырып, ұлттық білім беру жүйесін қалыптастыру. Сондай-ақ, еліміздің білім беру саласында жүргізіліп жатқан білім беру реформалары мемлекеттіміздің бұл салада да әлемдік деңгейге жетуге барынша мүмкіндіктер ашып отырғанын көрсетеді. Міне, осы мәселедегі мектептерге жүктелетін ең маңызды міндет, бұл – жаңа оқыту технологияларына көшу.

Сондықтан, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастырудағы және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу – білім беру жүйесінің басты міндеті.

Қазіргі уақытта елімізде білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасып келеді. Заман талабына сай технологияларды қолдану ауқымы, түрлері өзгеріп отырады. Бүгінде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Оқу-тәрбие үрдісінде білім беру жүйесі өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды.

Болашақ ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі болып отыр.

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында: «Жоғарғы білімді дамытудың негізгі үрдісі мамандар даярлау сапасын арттыру, қарқынды ғылыми-зерттеу қызметімен ықпалдастырылған инновациялық білімді дамыту, білім беру мен ақпараттық технологияларды жетілдіру болып табылады», - деп атап көрсетілген. Осыған орай, білім беру саласы қызметкерлерінің алдына – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру міндеті қойылып отыр.

Оқу үрдісін технологияландыру – оқушы мен оның оқу қызметін басты назарда ұстап отырып, бірізділікпен айқын белгіленген мақсаттарға бағытталуы. Оқыту технологиясы – бұл оқушылардың өнімді қызметін ұйымдастыруға мүмкіндік беретін оқыту жағдайларына, нысандарына, әдістеріне, тәсілдеріне, құралдарына басымдық береді.

Педагогикалық технология – білім беру жүйесіне қатысты субъект, объектілер арасындағы байланыс, оқу үрдісін технологияландыру ұғымы негізінде субъектілердің дамуын сипаттайтын мақсаттар айқындалады, ал оқыту технологиясы барысында білім беру жүйесінде айқындалған субъектілер арасындағы қарым-қатынас. Сонымен үш ұғым арасындағы байланыстың әдіснамалық үлгісін жобалау, олардың әрқайсысының дидактикалық үрдістегі алатын орны ерекше.

Оқыту технологиясы мұғалімдердің эмпирикалық – инновацияларын ескере отырып, оқыту үрдісін, дұрыс ұтымды басқаруды қарастырады. Оған өзара бір-бірімен байланысты екі үрдіс енеді: білім алушының іс-әрекетін ұйымдастыру және оқушы тұлғасын дамытудағы жоғары нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған іс-әрекеттерді бақылау. Бұл үрдістер өзара үздіксіз әрекетте болады. Осындай нәтижеге бағытталған білім белгілі бір жемісін беретіндігі анық. Оқытушы нәтижесі – білім берген шәкіртінің өмірден бүгінгі күн талабына сай орын табуы мен алған білімін өмірде пайдалана білу [1].

Қазіргі заманғы білім берудің даму бағыты мен технологияларын қамтитын елуден астам педагогикалық технология қолданып жүргендігі белгілі. Бүгінгі білім беру жүйесінде әртүрлі жаңашыл әдістерді пайдалану тәжірибеге еніп, нәтижелер беруде.

Қазіргі кезде инновация деп көбінесе жаңа технологияларды, әдістер мен құралдарды жасау және қолдануды айтса, сонымен бірге жаңа идеяларды үрдістерді біркелкі жетілдірудің жүйесі деп те есептейді. Сондықтан оқыту мен тәрбиедегі жаңа технология инновациялық идеяларды енгізу, жаңарту нысаны болып табылады.

«Инновация» ұғымына Э.Раджерс «Инновация – нақтылы бір адамға жаңа болып табылатын идея», - деп, ал Майлс «Инновация – арнайы жаңа өзгеріс. Біз одан жүйелі міндеттеріміздің жүзеге асуын, шешімдерін күтеміз», - деп әртүрлі анықтама береді [2].

Білім берудің инновациялық технологиясы – бірыңғай мақсатпен біріккен және оқыту мен тәрбиелеудегі инновациялық технологияларды қамтыған, оқыту, тәрбиелеу және басқару түрлерінің, әдістері мен оқу құралдарының жиынтығы, оқытудың инновациялық технологиялары – нәтижесінде оқу үрдісіне деген ішкі себептің оң қатынасы анағұрлым жақсаратын, тұлғалық бағытталған, кіріктірілген, ұжымдық іс-әрекеттік, ақпараттық, қашықтықтық, дамытушылық, модульді дамытушылық және т.б. технологиялар жетекші орын алады.

Инновациялық технологияны білім беру үрдісінде қолдану баланың жан-жақты дамуына, өз пікірін ашық жеткізе білуіне, табиғатынан берілген шығармашылық қабілетін толық іске асыруына ықпал ететін, өз келешегін айқындауға саналы дайын болуына, елінің саяси, экономикалық, мәдени өміріне белсенді араласуына мүмкіндік береді. Білім сапасы білім беру мазмұны, оқыту нысандары мен әдістері негізінде айқындалады.

Жаңа инновациялық технологияларды енгізу жүйелі әрі мақсатты түрде жүргізілгенде ғана жетістікке жетуге болады.

Инновациялық технологиялардың бастауыш сыныптарда қолдану, оқушылардың білім сапасын арттыруда, әр сабақта интерактивті әдістерін қолдануда, әр оқушының психологиялық ерекшеліктерін ескеруде, міндетті деңгейдегі білімді қалыптастыра отырып, мүмкіндік деңгейлерін ашуда, инновациялық технологияларды сынау арқылы тиімділігін арттыруда, мектеп жағдайына бейімдеуде атқаратын рөлі орасан зор.

Қорыта келгенде, сабақта инновациялық технологияны қолдану:

1. Түрлі әдістерді пайдалану сабақтың нақты мәнін терең ашуға көмектеседі.
2. Оқушылардың барлығын сабаққа қатыстыруға мүмкіндік туады.
3. Оқушылардың білім деңгейін анықтай алады.
4. Оқушылардың барлығын бағалауға мүмкіндік туады.
5. Оқушыларды ізденіске баулып, өз бетімен жұмыс істеуге үйретеді.
6. Оқушылардың қабілеттері, ұйымшылдығы, шығармашылық белсенділігі артады.
7. Жеке тұлғалық сипатын дамытуға, шығармашылығын шыңдауда, өзіне деген кәсіби сенімін қалыптастырады [3].

Инновациялық технологиялардың барлығы дерлік оқушының білімді меңгеруін ғана емес, оқу ақпаратын және білімді өңдеу амалын игеруін, олардың танымдық күштерін жетілдіреді. Инновациялық технологияны білім беру жүйесінде қолдану, жаңа мазмұнды ұйымдастыру, жаңалық енгізу, жаңа үлгілердің бағытындағы нақты әрекет, нақтыланған мөлшердің шегінен шығатын кәсіптік іс-әрекеттің, жаңа сапалы деңгейге көтерілуі, технологиялық және педагогикалық іс-әрекеттің біртұтас бағдарламасы болып табылады. Сондықтан да инновациялық технологияларды пайдалану – бұл өмір талабы. Өйткені, кез келген ұлттың дамып, өркендеуі үшін алдымен білім беру мәселесін шешу қажет. Тек қана білім беру жүйесін күшейту арқылы ғана мемлекет өрге басып, өркениетке жете алады. Ал қазіргі жаһандану жағдайында білім беру саласының, соның ішінде, әсіресе орта білім берудің маңызы тіптен бірнеше есе арта түсті. Себебі, бүгінде халықаралық білім беру тәжірибесін ескермей, қазіргі заманға сай білім алуға қол жеткізу мүмкін емес. Сондықтан бүгінгі күні біздің мемлекетіміздің тарапынан жалпы отандық білім беру жүйесінің жаңаша даму жолына қойылып, жылдан-жылға жетіліп отыруына

ерекше ден қойылып отыр. Осы мақсатта қазіргі кезде Қазақстан Республикасында білім беру саласында бірнеше кезеңді күрделі қайта құру бағдарламалары жүзеге асырылып келеді.

Әдебиеттер

1. Нұрлыбаева Ж.Н. Білім сапасын арттырудағы инновациялық технологиялардың ерекшелігі // Білім шапағаты. 19 тамыз, 2011 ж.

2. Валиева М. Жаңа педагогикалық технологиялар. Әдістемелік нұсқау. 2002. – 140 б.

3. Инновациялық білім беру үрдістерін жүйелі басқару үлгісінің қызметтері, құрылымы және технологиялары // Ұлт тағылымы. 2005. – № 4. – Б.35-38.

М. К. Төлеубекова
Ж. М. Уайданова
Семей қ.

ОЙЫН АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ӘРЕКЕТТЕРІН БЕЛСЕНДЕНДІРУ

Қазіргі өркениетті жаһанда білім беру саласының алдына қойылған басты мақсаттардың бірі – жас ұрпақтың барлық білім салаларында, ғылыми-техникалық және әлеуметтік үдерістерде тиісті дәрежеде әрекет жасауға даярлау болып отыр. Білім беру саласын реформалаудағы мақсат білім беру жүйесін қайта қарап, оқушылардың шығармашылық бейімделуіне қарай бағдарлы, сатылы білім алуларына жағдай жасау болып табылады. Бүгінгі таңда оқушының білім, білігі және дағдысымен өлшеу жеткіліксіз. Қазіргі талап білім сапасы оқушының алған білімін жеке басының әрі қарай дамуын, тұлға ретінде қоғамның өркендеуіне пайдалана білуімен өлшенеді деп айтылуда [1].

Қазіргі уақытта Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі балаға оқу қызметінің субъектісі ретінде, өзін-өзі өзектілендіруге, өзін танытуға ұмтылатын дамушы тұлға ретінде бағытталған. Мұндай жағдайда педагогикалық үдерістің маңызды құрамы оқу ісіндегі субъектілер – оқытушы мен оқушының тұлғалық бағытталған өзара әрекеті болып табылады.

Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын емес, оның тұлғасын, білім алу арқылы дамуын қойып отыр. Қазіргі таңда мектеп оқушыларына түрлі технологияларды пайдаланып білім мен тәрбие беру басты міндетіміз деп білеміз.

Ұстаздық мамандықтың жауапкершілігі мол, сондықтан өтілетін әр сабақ мұғалімнен көп ізденісті, шығармашылықты қажет етеді. Оқушылардың білімі мен дағдыларын жүйелі бақылау оқушылардың пәнге қызығушылығын, ынтасын көтерудің бірден-бір жолы.

Уақыт талабы оқу-тәрбие үрдісін батыл интенсифтендіру – оқушылардың білім жүйесін сапалық жаңа деңгейге көтеру үшін ұстаздан терең білімділікті, кәсіптік шеберлікті талап етеді. Осы талаптарға сай мұғалім қызметіндегі шығармашылық негіздерді нығайту – оқушыларға білімді игертуге бар мүмкіншілікті тиімді пайдалану, барлық әдіс-тәсілдерді жетілдіріп отырғанда ғана сапалы білім, дұрыс тәрбие жүзеге асады.

Адам баласы қоршаған орта туралы шындықты белсенді іс-әрекеттің нәтижесінде танып біледі. Ол іс - әрекеттер: ойын, оқу және еңбек. Балалар үшін ойын – ең маңызды іс -әрекеттің бірі.

Ойын – оқу үрдісіндегі оқытудың әрі нысаны, әрі әдісі ретінде дербес дидактикалық категория. Ойын арқылы оқыту технологиясы – дидактикалық, тәрбиелік, дамытушылық, әлеуметтендірушілік мақсатқа жетуді көздейді. Ойындық іс-әрекеттің психологиялық механизмі жеке бастың өзіндік талап-талғамдарына сүйенеді. Баланың бойындағы білімдік, танымдық, шығармашылық қасиеттерін аша түсуді көздейді [2].

Бастауыш сынып оқушыларының мектепке келгенге дейінгі негізгі әрекеті – ойын болса, оқу-тәрбие үрдісінде олар біртіндеп ойын әрекетінен оқу әрекетін орындауға бейімделуі тиіс.

Ол сабақ барысында пайдаланылатын дидактикалық ойындар арқылы жүзеге асады. Дидактикалық ойындар баланың таным (түйсік, қабылдау, ес, ой, қиял) үрдісін және тілін дамытады. Бала еліктеу, қабылдау арқылы әлеумет өмірінің, өндіріс қатынастарының мазмұнын түсінеді. Ойын әрекеті – психикалық қабілеттерін жетілдіріп, баланың жеке басын қалыптастырып, әлеуметтік өмір мен жанастыратын әрекеттің бірі. Баланың ойын тәжірибесінде ұжымдық өмір дағдылары қалыптасады.

Дидактикалық ойын баланың дүние танитын қабілетін, іс-әрекетін жетілдіреді. Ойын үстінде баланың сана-сезімі, еркі, өзін-өзі бақылауы, өзінің әрекетімен салыстыру қасиеттері жетіледі. Сондай-ақ зейін, ес, қиял сияқты психикалық қасиеттері қалыптасады, сөйлеу тілі дамиды.

Ойын – оқушылардың оқуға деген ынтасын арттыратын құрал. Сондықтан бастауыш, дайындық сыныптарында оқушылар сабақ үстінде ойынды көп қажет етеді. Оларға пайдаланылатын ойындар оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай күрделеніп отырады. Мысалы, дайындық сыныбында қарапайым ғана ойын түрлерін ойнатсақ, сыныбы үлкейген сайын баланың жас ерекшелігіне сай болып күрделенгені дұрыс. Мұндай ойынның көптеген түрлері бар. Сондықтан ойын балалардың жас ерекшеліктеріне және өтілетін сабақтың тақырыптарының мазмұнына сай таңдалып алынғаны дұрыс. Бала ойын іс-әрекеті үстінде білімді қалай игеріп жатқанын, ал оқу үдерісінің қалай ойынға ұласып кеткенін аңғармай қалуы тиіс. Сонда ғана ойын және іс-әрекеттері табиғи бірлікте болып, пәндік білім, білік және дағдыны игеруге толық ықпал жасайды. Ойын – бала әрекетінің негізгі бір түрі. Бала үшін ойын – өмір сүрудің белсенді түрі, сол арқылы ересектерге еліктейді, олардың іс-әрекеттерін, қарым-қатынастарын үйренеді, еңбектің мәнін түсіне алады, адамгершілік қасиеттерін игереді, әлеуметтік рөлдер атқарады.

Сабақ үстінде жүргізілетін жұмыс түрлері, тақырыпқа сай алынған тәрбиелік мәні бар ойын элементтерін кеңінен қолдану, бұл оқушылардың ойлау белсенділігін қажет етеді. Сондықтан әр сабақта ойын түрлерін орнымен қолданып, оны қызықты ету арқылы олардың білімге ынта-ықыласын, пәнге деген сүйіспеншілігін қалыптастырады.

Бала қоршаған ортадағының бәрін ойын әрекеті арқылы қабылдайды, одан керегін өзіне іріктеп алады. Сөйтіп, ол өзінің тілегін ғана іске асырады. Бірақ жасаған әрекетінің неден басталып, немен аяқталатынына, одан шыққан нәтижеге ой жібермейді. Бала ойын арқылы оқуға қызыға түседі. Сондықтан ойында шамалы еңбек, оқу көрінісі бар дей аламыз. Заттың сан алуан қасиеттерімен де бала, ең алдымен, ойын арқылы танысады. Өмірді әр қырынан көре бастайды. Ойлауға, әрекет жасауға ешкімнің қысымынсыз, күштеуісіз, еркін үйренеді.

Балалармен бірге сабақ үстінде жүргізілген қызықты ойындар оларды сабаққа қызықтырады, тәртіпке шақырады, дұрыс қорытындылауға, олардың бойында достық, ұйымшылдық қасиеттерін, ойлау қабілеттерін дарытады.

Сабақ үстінде жүргізілетін жұмыс түрлері, тақырыпқа сай алынған тәрбиелік мәні бар ойын элементтері оқушылардың ойлау белсенділігін керек етеді. Сондықтан мұғалім әр сабағында ойын түрлерін орнымен қолданып, оны қызықты ету арқылы олардың білімге ынта-ықыласын, пәнге деген сүйіспеншілігін қалыптастыруды мақсат етеді.

Мұғалім ойынды сабақтың басында қолданатын болса, онда ойын мақсаты оқушылардың ойын бір жерге жинақтау, жаңа сабаққа немесе сұралатын үй тапсырмасына оқушыларды түгел қатыстыру, сондай-ақ олардың белсенділігі мен қабілетін арттыру.

Егер ойын сабақтың ортасында қолданылатын болса, онда мұғалімнің мақсаты – оқушылардың шаршап-шалдығуына жол бермеу, көңіл-күйлерін көтеру, олардың шаршағанын ұмыттырып, білуге деген ынтасын үстемелеу болуға тиіс.

Ойын сабақтың соңында оқушылардың алған білімін тиянақтау ретінде де пайдаланылады. Ойын элементтері сабақты түрлендіріп, мазмұнын кеңейте түседі [3].

Жаңа технология жүйесінде мәнді ойындардың маңызы зор. Мәнді ойын сабағында оқушылар әртүрлі мәселелерді талдайды, оларды шешу жолдарын іздестіреді. Ондай дәстүрлі емес сабақтар оқушылардың ойлау қабілетін және оқуға деген қызығушылығын арттырады.

Ойын, сайыс түріндегі сабақтар – оқушылар білімін қорытындылайтын тиімді әдістің бірі.

Елдің ертеңі оқу-білімінің тереңдігімен өлшенеді. Үздіксіз өзгеріп тұрған әлем адамнан да қабілет пен қажеттіліктерді үздіксіз дамытуды талап етеді. Сондықтан білім беру саласының басты мақсаты: оқушыларды өзгермелі өмірге бейім болып, еркін өмір сүруге, білім мен білігіне сай келетін бағдар таңдап алатындай дәрежеге, өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға, ойлау және шығармашылық қабілеттерін дамыту және олардың шынайы өмірдегі дара тұлға болып қалыптасуына ықпал ету болып табылады.

Әдебиеттер

1.Қазақстан Республикасында 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы, 2004.

2.Кукушин В.С. Современные педагогические технологии. – Ростов-на-Дону, 2003. – 120 с.

3.Загренова Л.В. Теория и технология обучения. – Москва, 2004. –170 с.

Ж. М. Четпаева
Семей қ.

БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ОТБАСЫ РӨЛІ

Ұлы данышпан Абай Құнанбаевтың: Адамның адамшылдығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады», - деп айтқаны бар. Сондай-ақ, қазақ халқында: «Ел болам десең, бесігіңді түзе», - деп айтады. Ендеше, Ұлы Абайдың айтқан нақыл сөзі мен халық даналығы бала тәрбиесіндегі отбасы рөлінің қаншалықты маңызды екендігін анық айқындап тұр.

Отбасы мәселесі қай уақытта болсын әлеуметтік-гуманитарлық ғылым салаларының барлығы үшін дерлік жан-жақты қарастырып, терең зерттеуді қажет ететін ең бір маңызды мәселелердің бірі. Өйткені отбасы, алдымен, қоғамды құраушы негізгі әлеуметтік институт болып табылады. Екіншіден, отбасы кез келген жеке тұлғаның қалыптасуында басты рөл атқаратын әлеуметтік-мәдени орта. Тіптен отбасы ерекшеліктері қоғамның барлық салаларында, әсіресе, саясатта, экономикада, мәдениетте елеулі өзгерістер тудырады. Сондықтан отбасы қоғамдағы барлық институттардың тұрақты назар аударатын мәселесі, мұнсыз, яғни отбасынсыз ешқандай қоғам болуы мүмкін емес.

Сондықтан бүгінгі күні бұл мәселенің психологиялық, әлеуметтік және педагогикалық қырларынан қарастырылуы өте қажет-ақ.

Әрбір адамның жеке тұлға ретіндегі психологиясы мен мінез-құлқы қашан да болсын әлеуметтік ортаға тәуелді болып келеді. Әлеуметтік орта өз ретінен күрделі

құрылған қоғамды білдіреді. Оны мемлекеттер, ұлттар, халықтар, партиялар, таптар, сонымен қатар мамандық, экономикалық, діни, мәдени-ағарту, жас ерекшеліктері және басқа да белгілер бойынша бөлінетін әлеуметтік қауымдастықтармен білдірілетін үлкен және адамдардың онша үлкен емес бірлестіктері болып табылатын – шағын топтар құрайды.

Отбасы шағын топ ретінде оның мүшелерінің терең ішкі психологиялық және мінез-құлықтық міндеттерімен сипатталады. Отбасын табиғи шағын топқа жатқызуға болады. Өйткені ол тікелей оның мүшелерінің қажеттіліктерінен туындап, өмір сүреді.

Сонымен, отбасы, бұл – баланы қажетті аз дегендегі қарым-қатынаспен қамтамасыз ететін институт. Бұл қарым-қатынассыз баланың жеке тұлға болып қалыптасуы мүмкін емес. Осы орайда отбасы нақты қызметтер атқарады, атап айтқанда, олар: генеративті, тәрбиелік, экономикалық және шаруашылық-тұрмыстық, гедонистикалық, рекреациондық, фелицитологикалық, коммуникативті, регулятивті. Генеративті қызмет адамзат ұрпағын жалғастыру қажеттілігімен сипатталады. Отбасының бұл қызметінің жүзеге асуына тұрғындар денсаулығы сапасы және елдегі денсаулық сақтау даму деңгейі ықпал етеді. Ал, отбасының тәрбиелік қызметі, нақтылап айтқанда, баланың әлеуметтенуіндегі отбасының атқаратын рөлі аса зор екендігі еш даусыз. Оның маңыздылығын бұл қызметті бірнеше қырларын ашып көрсеткенде анық байқауға болады.

Баланың әлеуметтенуінде отбасы бірқатар қызметтер атқарады. Біріншіден, адамның физикалық және эмоционалдық дамуы. Нәрестелік және ерте сәбилік кезеңде бұл қызмет айқындалушы рөл атқарады. Сәбилік, мектеп және жеткіншектік жастарда отбасының ықпалы жетекші болып табылады, алайда, ол жалғыз ықпал етуші әлеуметтік орта болып табылмайтыны белгілі. Екіншіден, отбасы баланың ақыл-ойы дамуында шешуші рөл атқарады. Үшіншіден, адамның әлеуметтік нормаларды игеруінде де отбасының маңызы зор. Төртіншіден, отбасында адамның отбасылық және этникааралық қарым-қатынас саласындағы басты құндылық бағдарлары, сондай-ақ, оның өмір сүру салты, өмірлік ұстанымдары, мақсаттары және де оларға жетудің жоспары мен жолдары қалыптасады. Бесіншіден, отбасына адамның өзін-өзі бағалауы, өзін-өзі сыйлау деңгейі, өзін-өзі реализациялау қырлары мен тиімділігі тәуелді болып келетін әлеуметтік-психологиялық қолдау көрсету қызметі сипатты [1].

Отбасының экономикалық және шаруашылық-тұрмыстық қызметін жүзеге асырғанда, әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктер, құндылықтар бағдарлары мен ұстанымдар, өмірлік мақсаттар жүйесі, сондай-ақ, отбасы мүшелерінің субъективті ерекшеліктері, олардың мінез-құлқы, тұтынушылық сұраныстары, мәдени даму деңгейі, ұлттық және этникалық ерекшелігі әсер етеді. Сонымен бірге, отбасының экономикалық және шаруашылық-тұрмыстық қызметі, елдегі саяси, экономикалық өзгерістермен де байланысты болады. Мәселен, тауар бағасының өсуі, ақша инфляциясы, жалақының өмір сүру минимумына сай келмеуі сияқты мәселелер.

Отбасының рекреациондық немесе психотерапевтік қызметі, «менің үйім – менің қамалым» дегенмен түсіндіріледі, яғни іргесі мықты, қайшылықсыз отбасы – адам үшін ең сенімді тірек болатын орта.

Фелицитологикалық қызмет («фелиците» латынша – бақыт дегенді білдіреді) отбасында бақыт, үйлесім, өзара түсіністік орнату деп айқындалады. Ал отбасының регулятивтік қызметі дегенде, бұл арада отбасылы адам статусы негізге алынады. Отбасылы адам отбасын құрмаған адаммен салыстырмалы түрде алғанда өз іс-ірекеттеріне барынша жауапкершілікпен қарап, оларға есеп береді [2].

Адамның екі қарама-қарсы құбылыстарын – қарым-қатынасқа түсу және оңаша болу қажеттігін қанағаттандыруды отбасының коммуникативтік қызметі атқарады. Сондай-ақ, баланың жеке тұлға болып қалыптасуында ата-ананың білім деңгейі, олардың жастары және жалпы мәдениет, отбасының құрылымдық түрі да тікелей әсер етеді.

Отбасы түрлері үшке: авторитарлық, демократиялық және либералдық болып бөлінеді. Авторитарлық отбасы түрінде ата-ана балаға үнемі қатаң талаптар қойып,

бақылауға алады. Мұндай отбасында күш көрсету, агрессия, қатаңдылық көрініс табады. Балалардың пікірімен ата-ана санаспайды, олардың қажеттіліктері басылып тасталады. Ал егер отбасында либерализм болса, бұл керісінше авторитарлық отбасы түрінің барлық дерлік белгілеріне тұтастай қарама-қайшылықпен түсіндіріледі. Ашып айтқанда, аталған отбасы мүшелері арасында бір-біріне деген немқұрайлық болады. Баланың қажеттіліктері назардан тыс қалдырылады.

Демократиялық отбасы түрі өзара мүдделікке, жәрдем мен қолдау көрсетуге негізделеді. Баланың жан-жақты дамуына қолайлы жағдайлар жасалады. Әрине, отбасылық қарым-қатынас ата-аналардың балаға қатынасынан және баланың қалай қалыптасуына негізделіп құрылады. Бұл қарым-қатынас әртүрлі болып келетіні мәлім. Олардың кейбіреуіне тоқталып өтсек. Баланы өмірінің мәні деп білетін ата-аналар қарым-қатынасы. Мұндай жағдайда, әсіресе, баланың анасы барлық уақытын баламен өткізіп, оның кез келген тілектерін орындауға дайын болады. Баланың жеке тұлға болып қалыптасуында мұндай шамадан тыс қамқорлық кері ықпал жасайды. Ол үнемі сырттан көмек күтуге дағдыланады да, өздігінен әрекет жасауға қабілетсіз болады.

Өмірдегі құндылық бағдарлары өзгешелеу болып келетін отбасылар да кездеседі. Олар баланы өздерінің қоғамда өз орындарын табудағы басты кедергі деп қарайды.

Тұрмыстық қиыншылықтарға тап болған отбасыларында билік пен бедел бәсекелестігі болады. Көпшілік жағдайда, мұндай отбасында әкенің беделі ананың отбасындағы алатын орнынан төмен болады. Отбасында жиі дау-дамай, кикілжіндер туындайды. Бұл баланың тұйық, өзіне сенімсіз, қорғаншақ болып қалыптасуына ықпал етеді.

«Қазақстан–2030» стратегиялық бағдарламасында бала тәрбиесіндегі отбасы маңызы турасында: «Әкелер мен аналардың, аталар мен әжелердің өз балалары мен немерелері алдындағы жауапкершілігін күнделікті есте ұстауға тиіспіз. Біз өз балаларымыз бен немерелерімізді сонау алыс болашақта, олар біздің жасымызға жеткен кезде қандай күйде көргіміз келеді» [3] делінген.

Қорыта айтқанда, бала тәрбиесінде отбасының орны ерекше. Отбасы тәрбиесін қоғамдық тәрбиенің қандай саласы болса да алмастыра алмайды. Өйткені, отбасындағы жағдайлар баланың жалпы дамуына зор ықпал жасайды және ең бастысы отбасы баланың толыққанды жеке тұлға болып қалыптасуының көзі және кепілдігі болып табылады.

Әдебиеттер

- 1.Бердібайқызы Қ. Өнеге әуелі - отбасынан // Қазақ батырлары, 2005. – №4.- Б.22.
- 2.Миркенова Г. Отбасы тәрбиесінің маңызы //Бастауыш мектеп. 2005. – №7. – Б.56-57.
- 3.Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жылсайынғы жолдауы. «Қазақстан–2030» стратегиялық бағдарламасы, 1997.

Н. Т. Нығыманова
Астана қ.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗДЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ – ӘДЕТ-ҒҰРЫП МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ БҮГІНГІ КҮНДЕГІ РӨЛІ

Ұрпағымыздың ұлағатын асыратын, рухани нәр беретін қазақ халқының асыл қазыналары мен оны жинап, зерттеп, жастардың игілігіне асырған халық зиялыларының еңбегінің өлшеусіз екенін байқаймыз.

Адамзат дамуының барлық кезеңінде өскелең ұрпақ басында осындай ізгілік туғызатын халықтың ауыз әдебиеті үлгілері мен салт-дәстүрлер екеніне көзіміз жетті.

Халықтың ғасырлар бойы жинақталған тіршілік қағидасы әдет-ғұрыптарда да көрініс тапқан. Әдет-ғұрып жайлы сөз еткенде, оның экологиялық тәрбиеге қатысты бірнеше түрін анықтадық.

1. Қоршаған ортаны сақтау, аялау бағытындағы әдет-ғұрыптар. Бұл тұрғыда ең алдымен Наурыз тойын атауға болады. “Жыл басы” деп есептелетін бұл той қазақтарға күн мен түннің теңесетін астрологиялық болжамға сәйкестендірілген. Халық айтатын «жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер» шағына тұспа-тұс келетін күні, нақтылай айтсақ, көшпелі халықтың қыс құрсауынан шығып, жасыл көктемнің айқара ашылған құшағына енген елдің қуанышында шек болмаған. Сандықтарындағы қызылды-жасылды той киімін қағып-сілкіп киіп, үй жасауларын жайнатып, жадыраған табиғатпен жарасып, мәре-сәре болған. Наурыз тойының өзіндік ерекшеліктерінің бірі – наурыз көже. Халықтың ежелгі наным-сенімдерінен туған жеті санының негізінде жеті түрлі азықтан жасалатын бұл әдетте бидай, тары, күріш, сүт, су, тұз сияқты дәмдермен бірге сүр еттің де салынатыны белгілі. Бұл ескі (сүр ет) мен жаңаны тоқайластыра отырып, “Ескі есіркесін, жаңа жарылқасын” деген түсінік береді. Бұған қоса қаншама ақ тілектер айтылады. Ең бастысы, үй-жай, қора-қопсысын тазалап, босағаны аттайтын Қыдыр бабаны күтеді. Қазіргі кезде Наурыз күні “Бір тал кессең, он тал ек” деген нақыл да дәстүрге айналып, жасөспірімдердің жаппай ағаш егетіні дәстүрге айналды. Демек, наурыз тойлау балаларға экологиялық тәрбиені тікелей жүзеге асырады дей аламыз.

2. Ата дәстүрді ардақтау дәстүрі негізінде хайуанаттар әлеміне құрмет көрсету әдеті. Инабаттылықты қалыптастыру үшін жасалатын әлеуметтік ереженің бірі – ат терлету. Қазақ халқы жас келіннің, өзінен үлкен отбасындағы, ауыл-аймақтағы туған-туыстарының аттарын атамауын ең үздік әдет деп ұғынған және жас келіннің инабаттылығының көрінісі деп бағалаған. Ертеден аңызға айналған бір әңгіме бойынша, жас келін өзеннің арғы қабатындағы қамыста қойды қасқыр тартып кеткен жайлы ауылға хабарлағанда, төрт жан-жануарлардың аттары да қайын-қайнағаларының есімдері болғандықтан, өзенді – «сарқырама», «қамысты-сылдырама», қойды – «маңырама» және қасқырды – «ұлыма» деп айтқан екен. Бұл тапқырлықтың негізінде халықтың үлкендерге деген инабаттылықты уағыздағанын көрсек, аңды «киелі, қасиетті» деп, сөйлеу тілінде оның атын көтермелеп, дәріптей ағанын да ұшыратамыз. Мәселен, қасқырдың атын атамай «ит-құс», жолбарысты – «бай шұбар» деген.

3. Ел арасындағы ауыс-күйіс, бітімшілікте мал басымен қатынас жасау болған. Қазақтар ас бергенде, сауын айтқанда, айып төлегенде, құда түскенде қатынас түрін төрт түлік мал арқылы жасап отырған. Көркем әдебиетте белгілі Сағынайдың асында (І.Жансүгіров) сойылған, бәйгеге тігілген қыруар мал, қалың малға берілетін қырық жеті, Тәуке ханның «Жеті жарғысындағы» айыптың малмен төленуі т.б. әдет-ғұрыптар – халық өмірінің малмен тығыз байланысты болғанының дәлелі. Қазақ халқының осындай әдет-ғұрыптары арқылы біз, бүгінгі ұрпақ, игі дәстүрлерді айқындаймыз, жақсыларын үлгі тұтамыз. Бұған қоса, бабаларымыздың рухани байлығын табиғатты, жан-жануарларды, тіпті хайуанаттардың да әрқайсысының орнын лайықты бағалап, құрметтеуге, оларды сақтауға тырысқанына куә боламыз. Жас жеткіншектерге берілетін экологиялық тәрбие де осы ұлттық салт-санамыздың ерекшелігінен нәр алып, өзін қоршаған тіршілік атаулыға ұқыптылықпен қарауға үйренуде жатыр.

4. Еңбекке үйрету арқылы экологиялық тәрбиені жүзеге асыру. Этнопедагогикада бала бойынан талап ететін қасиет еңбек болып саналды. Қазақ айтқан:

«Еңбек етсең ерінбей,

Тояды қарнын тіленбей» – деген мақал осыдан туындайды [1].

Еңбекке баласын үйрете отырып, әр ата-ана аз істесең де сапалы істеуді, игілік үшін еңбек етуді, еңбекке аса құрметпен қарауды еңбектің тұла бойға сіңіретін асыл қасиеттерін айтып ұғындыра білген. Еңбек тәрбиесі арқылы жастарды экологиялық тұрғыда сапалы тәрбие беру де естен шығарылмаған. Қазақ халқы жасыл түсті шөпті – көк түске салыстырған. Оның себебі не? Көкшіл түс қол жеткізбес асқар таудан да биік

қасиетті, арайлап атқан әр таңы пендеге күш-қуат берген, жарық тудырушы – аспан түсі, сол себептен жердегі жасыл шөпті де пір, қадір тұтып, аспанмен теңестіріп көк деп атаған. «Күн күркіресе, көк дүркірер» деген мақалда осы ой анық байқалды.

Ел қазақтары бұрын малға азық жинап, шөп шауып, қысқа дайындалған. Бір жерден екінші жерге қоныс жасап жүріп, малға жайлы жерлерді тапқан. Осыдан ол жылдың төрт мезгілінде көшіп-қонып жүріп, «көшпенді халық» атауына ие болған. Жазда – жайлауға, күзде – күзеуге, қыста – қыстауға, көктемде – көктеуге көшіп жүрген. Абайдың мына бір сөзі есімізге түседі: «Ерте барсам, жерімді жеп қоям деп, ықтырмамен күзеуде отырар бай». Бұл бір жағынан, байдың сараңдығын сықақтаса, екінші жағынан мал жаятын жердің қатаң есептеулі екенін, жердің шөбін тиімді пайдаланудың қажеттілігін көрсетеді. Жерге, шөпке деген ықылас қазақтардың белгілі бір жолмен, белгілі уақытта көшуге, малды үйренген жерге жаюға қалыптастырған, үйреткен. Өйткені шөп тамырымен жойылса, ондай жерге ендігі жылы шөп шықпай қалатын болған. Жұртты тақырға айналдырып жіберу – табиғатты орынды пайдаланылмағанның, жерге жаны ашымағанның ісі. Ауыл маңайынан шөп ормау, ауыл айналасына мал жаймау сияқты бұрынғы қазақ ауылдарының дәстүрлі соңғы 15-20 жылда ұмыт бола бастаған. Бұл, әрине, өте өкінішті жай. Ұрпақтарымыздың тәрбиесінде бұл мәселе айрықша аталып отырғаны дұрыс.

Қазақ халқының атадан балаға қалдырған даналығы – «көкті жұлма», «өртеме», «таптама» деп, осындай табиғат ерекшеліктеріне көп көңіл бөлгені. Егер біз адамзатқа сый еткен табиғаттың көріністеріне үлкен жауапкершілікпен қарап, қастерлесек, онда туған жер табиғатының бұрынғыдан да жайнай беруіне кәміл сенеміз. Қазақтың «көкті жұлма, көктей соларсың» деген тыйым сөзі осыдан шыққан болар. Бұл сөздің мағынасында үлкен философиялық терең ой жатыр. Нақыл сөз өмірден туындап, жасыл шөп, өзен-көл, көкорай шалғынға, таулы орманға деген аяушылық, қамқорлық, жанашырлықтың белгісінен туындайды.

5. Отбасылық қарым-қатынас арқылы адамгершілікке тәрбиелеу қазақ этнопедагогикасының отбасы арасындағы қарым-қатынас ерекшелігі балаларға деген мейірімділік, қамқорлықтан байқаласа, сонымен бірге үлкен-кішіні, туған-туысты, ата-ананы сыйлап, құрметтеу ұлттық салт-дәстүрде үлкендердің де бойынан табылады. Бұл жағдай, яғни талап қою этнопедагогиканың негізі, іргетасын қалаушысы. Дәлірек айтсақ, қазақ этнопедагогикасы – тәрбие мәселесінде адамгершілік, туыстық, бауырмалдық қағидаларын басшылыққа ала отырып, үлкен мен кіші, ұстаз бен шәкірт, ата- ана мен бала, табиғат пен адам қатынасы арасындағы ынтымақтастықты дәлелдейтін ғылым. Этнопедагогиканың осы тағылымын алдымен оқу-тәрбие ісінде кеңінен енгізу – басты мақсат. Себебі ғасырлар бойы көңілге жатталған «Анасына қарап қыз өсер, әкесіне қарап ұл өсер», «Істегенің маған жақсы, үйренгенің өзіңе жақсы», «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер», «Шешесін көр де қызын ал» деген халық мақалдары жасөспірімдердің бойына, табиғат қорғаумен қоса, тәрбиелікті де сіңіреді, эстетикалық талғамды қалыптастырады.

Жалпы осы тұрғыдан алып қарағанда, этнопедагогикаға негізделген тәрбие дегеніміз – белгілі бір ұлттың өкілі болып табылатын халықтың өз ұрпағына қалдырып отыратын мәдениеті, салт-дәстүрі, жинақтаған білім, іскерлігі. Қазақтың этнопедагогикасы әрдайым ата-ананы, қарттарды, баланы, жалпы әлсізді құрметтеу, көмектесуге шақырады. Ата-анасын, қарияларды сыйламайтын, ар-намыс, қайырым деген түсініктерден мүлдем хабарсыз адамдармен аяусыз күрес жүргізіп отыру қазақ этнопедагогикасының негізгі қағидаларының бірі болып саналады.

Экологиялық мазмұндағы қазақ этнопедагогикасы оқушыларға түрлі әдіспен, яғни айтқанда, хабарлау қысқа қанатты сөздер, ойындар, адамгершілікке шақыру, тыйым салу жолдарымен беріледі. Этнопедагогика мұралары түрлі сабақтарда бірнеше рет қайталанып, оқушылардың оларды жадында сақтауына да мүмкіндіктер туып отырады. Көбіне олар тәжірибемен алмастырылып, еңбек ету үстінде, ойын, іс-шаралар барысында

жүргізіледі, сөйтіп, балалардың жеке басында ғана емес, олардың эмоционалдық, еріктік, әрекеттік жағдайларына да ықпал етеді. Табиғатпен байланыс жасаудағы көпжылдық тәжірибе көбінесе жерге, суға, нанға, орманға, өсімдік пен жануарлар әлеміне сақтықпен қарауға үйрету мәселелері бастауыш сынып оқушыларының санасына осылай сіңіріледі.

Табиғат сұлулығынан, әдемілігінен, әсемділігінен бойына қуат, жүрегіне шуақ алған адам баласы өзінің іңкәр сезімін өскелең ұрпаққа да беріп отырғаны жөн. Эколог-ғалым Нұрғали Сарыбековтің: «Айналайын ағайын, көп ұлтты Қазақстан Республикасының халқы! Ер азамат елі мен туған жерінің қамын ойламаса, елі мен жерінің келешегі үшін жанын пидә етпесе, оның адам аталып жер басып жүргені артық. Мәселені терең білетін, бірақ елге ашық айтудан қорқып, айтпай қалған су жүрек маман болғаннан – өлген артық...» деп өз жанайқайын паш еткен еді [2].

Республиканың 17 облысын аралап, табиғатымен танысып шыққан азамат адамның парықсыз іс-әрекетінен жасалған қастандықтан табиғаттың «өздігінен тазалануға шамасы жоқ» екендігін күйіне айтады. «Азғындықтың бірден-бір кінәсі біздер – адамдармыз» дей келіп, ғалым: «мен бұл жерде у мен ластың әкесін төгіп жатқан, су мен ауаға ешбір есепке бермейтін улы, былғаныш заттар жіберіп жатқан зауыт, фабрика, көлік, ауыл шаруашылық мекемелерін атап отырған жоқпын... Менің айтып отырғаным жай күнделікті тұрмыстан шығатын көң-қоқсықтың, адамның табиғаттағы парықсыз іс-әрекетінің арқасында табиғатқа, адамның тікелей өз басына әкеліп жатқан азабы... Кез келген есептік-статистикалық мәліметтерге, дәрігерлік, экология, биоресурстар басқармаларының мәліметтеріне көз салсақ, біздің ойланбай жасаған тікелей іс-әрекеттеріміздің табиғатқа, адамның тікелей өз өміріне зиянын көріп төбе шашың тік тұрады...» дейді [3]. Ғалым одан әрі қарай табиғатпен қарым-қатынас жасағанда, міндетті түрде орындалуы тиіс үш заңды ұсынады, олар: а/ табиғаттың тазалығы; ә/ табиғаттың мол қазыналығы; б/ табиғаттың көркемділігі.

«Егер әрбір адам баласы өмір сүру барысында осы заңдарды қатаң түрде орындамаса, бәрі бос сөз – келешек болмайды, өмір тоқталады». Ұрпақ келешегін, планетамыздың амандығын, мәңгілік өмір сүруін ойлаған әрбір азаматқа ғалым жанайқайының үлкен толқыныс тудыраы сөзсіз. «Еңбектеген бала мен еңкейген қарияға» дейін табиғат тазалағына жаны ауырып, оған өз үлесін қосқанда ғана біздің жер әлеміміздің мәңгі-бақи ұрпаққа қызмет етері даусыз. Аңыздардағы Қорқыт бабаның жерді бүлдіріп қаза беруден сақтандырып, «У шығып кетеді» деп безектеуі, Асан қайғы атамыздың халқына жайлы қоныс іздеп, желмаясымен жеті жыл жер кезуі, тіпті М.Әуезовтің Америкаға барған сапарында, сол жақтағы Әбілсәмед деген қазақтың жазушыны қонақ үйге іздеп келіп: «Сыр ағып жатыр ма?» деп сұрауы тегіннен-тегін емес, бұл – табиғатқа деген ұлы сүйспеншілік.

Бұрын отар-отар қой секілді, ауыл төңірегінде кездесе беретін қарақұйрық пен киіктер, тау етегіндегі қойларға араласып кететін арқарлар, жол бойында, ана бұтадан мына бұтаға секіріп тұра қашатын қояндар техниканың, адамның қастандығына төтеп бере алмай, тал бесігі – жер бетінен пана таппай, әбден азайып бітті.

Арал мен Балқаштың қасіретін бүкіл ел біледі. Көкшетаудың Сәкен жырлаған 80 көлінің 4-еуі ғана қалыпты. Осы апаттың бәрі адам қолымен жасалып отырған жоқ па?!

Қазақта «үш сауап» деген сөз бар. Олар: шөлден құдық қазу, өзенге көпір салу және жол жиегіне ағаш егу. Осыдан келіп, «Құдыққа түкірме» деген мақал шыққан. «Неге олай?» деп сұраған балаға үлкендер: «жаман болады, киелі» - деген.

Иә, табиғаттың қай түрін алсақ та, киелі, қасиетті. «Малды теппе», «Аңды артық қырма», «Аққуды атпа» деген ата сөзі осыдан қалған. Табиғат – өмір қазығы, тіршілік бастауы. Ұлтымыздың біртуар ұлы Нәзір Төреқұловтың: «Ұлттың бұған дейін жасағанын былайға итеріп тастауға болмайды. Халықтың өз жасағанын өзінен әсте аямаңыз», - деуі де жас ұрпақ тәрбиесіне әсер күші мол, аталы сөз.

Оқушылардың табиғатқа қатысын анықтау барысындағы мұғалім олардың жас ерекшелігіне, жеке басының ерекшелігіне мән беру мақсатымен өзіндік жұмысын жолға

қояды. Олар «Табиғатты, адамның еңбек әрекетін бақылау күнделігін» жүргізеді, табиғат тану, еңбек, сурет сабақтарында өздерінің көрген-білгенін, түсінгенін үнемі ортаға салып отырады. Оқу-тәрбие жұмысының барысында қазақ этнопедагогикасының ең танымал үлгілерін естеріне түсіріп, іс жүзінде көрсетіп, оларға ұлттық ойындар, экологиялық мазмұндағы түрлі жағдайлар (ситуациялар) жүргізілді.

Оқушыларға, сондай-ақ олардың қоршаған табиғатқа, өсімдіктер мен жануарлар әлеміне деген эмоционалды-эстетикалық қатысын білдіретін тапсырмалар беріледі, олар: табиғат қорғау тақырыбындағы фольклорлық материалдар (ауыз әдебиетінің үлгілерін) жинау, жылдың кез келген мерзімінің суретін салып, жанына оған арналған мақал-мәтелдерді жазу, өзі жақсы көретін жануар, өсімдік туралы әңгімелеу, жануарлар мен өсімдіктер жайлы жұмбақтарды еске түсіру т.с.с. Мұны оқу-тәрбие үрдісінде пайдаланудың деңгейлерін анықтап алдық.

Яғни, экологиялық бағытта жүргізілген кез келген мақсатты іс-шара, халықтың әлеуметтік-мәдени болмысын жетілдіріп, оңтайлы, әдіснамалық негіздер орнықтыруға мүмкіндік бермек.

Әдебиеттер

1. Ұзақбаева С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. А., 1992. 176 б.
2. Сарыбеков Н.С. Ұрпақты сақтаймыз десек.//Қазақ мектебі, №7-8,1992. 34 б.
3. Трусов Э.В. Основы социальной экологии. М.,1998. 224 б.

А. Б. Баймульдина
г. Астана

РАЗВИТИЕ СТРАТЕГИЙ ОЦЕНКИ ДОСТИЖЕНИЙ СТУДЕНТА НА ВСЕХ УРОВНЯХ ОБУЧЕНИЯ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ТАКСОНОМИИ БЛУМА

Процесс оценки является важным компонентом диагностики и мониторинга обучения. Проблемы субъективности оценки знаний усложняют проведение мониторинга качества обучения, искажая исходные данные, и требуют особого внимания к выбору критериев оценки, показателей качества обучения.

В литературе наиболее часто в качестве показателей качества обучения рассматриваются такие понятия, как "образованность", "обучаемость" и "обученность".

Попыткой оценить образованность качественно является выделением уровней образованности: элементарная грамотность, функциональная грамотность, компетентность. Анализируя использование категорий "обучаемость", "образованность" и "обученность", как критериев качества обучения, можно выделить три основных направления поиска решения проблемы оценки качества обучения - развитие личности, достижение полного усвоения эталона результата обучения и характеристика процесса обучения.

Анализируя опыт разработки и использования оценочных шкал, можно отметить, что в общеобразовательных учреждениях Казахстана традиционно качество обучения выражается в виде отметки по пятибалльной шкале, отражающей соответствие знаний обучаемого образовательным стандартам. Такая шкала оценок неточна, критерии, используемые различными преподавателями при соотнесении результатов диагностики с оценочной шкалой, неоднородны, поэтому выбор основы квалиметрического обеспечения остается открытым вопросом.

Одним из вариантов определения интегрированной оценки планируемых результатов (количественной и качественной) можно считать сопоставление отметкам трех уровней

усвоения учебного материала на основании теории поэтапного формирования умственных действий и типов решаемых учебных задач.

Есть различные подходы к выбору трех уровней усвоения учебного материала обучаемыми. Например, по Выготскому Л.С.

1 уровень - репродуктивная деятельность, т.е. запоминание и воспроизведение фактов;

2 уровень - реконструктивная деятельность (воспроизведение способов получения фактов);

3 уровень - вариативная деятельность (перенос способов получения фактов из одной области в другую)

Выделение трех уровней усвоения учебного материала упрощает преподавателю процесс выставления оценок. Но трехбалльная система оценки не позволяет детально фиксировать качественные изменения обученности, корректировать объем педагогической помощи, в связи с чем некоторые авторы определяли больше трех уровней усвоения. Одним из вариантов оценки качества обучения является оценка соответствия поставленных учебных целей результату обучения с помощью таксономии. Блум считал, что одной из основных задач учебных заведений является обучение решению проблем, с которыми придется столкнуться в жизни и умению применять полученные знания на практике к широкому кругу проблем, т.е. формирование функциональной грамотности. Одним из главных принципов таксономии является то, что она должна быть эффективным инструментом в руках педагога-практика как при обучении студентов решению проблем, так и при оценке результатов обучения. Б. Блум выделяет 6 категорий целей обучения: знание, понимание, применение, анализ, синтез, оценка.

На примере одного урока СРСП по теме «Производная функции» можно показать, как можно решить вопрос потребности точной фиксации планируемых результатов (~ целей) образовательного процесса, помочь студентам приобретать навыки во всех уровнях таксономии, заложив в основу развития высоких мыслительных навыков хорошее владение более низкими ступенями данной таксономии. На каждом этапе урока составляется ранжированный список всех оцениваемых учебных действий, за счет чего студент сможет набирать баллы. Далее определяется вес каждого учебного действия методом экспертных оценок. Преимущество данной системы состоит в независимости от межличностных отношений педагога и студента, самостоятельности студента при выборе стратегии своей познавательной деятельности.

Для обеспечения мониторинга качества обучения как шкалы оценок был разработан «Маршрутный лист» урока, на котором детально разработаны таксономии учебных задач каждого этапа обучения.

Знание является первой из категорий целей обучения. На этом этапе были предложены задания, требующие теоретические знания по данной теме и умения устанавливать соответствия между элементами (дописать глоссарий, найти пару в таблице пример-ответ и ответ записать в виде кода). На каждый вид индивидуальной работы отводилось по пять минут, и за эту работу можно было набрать максимально 30 баллов.

На этапе понимания студенты работали по карточкам синего цвета, где были предложены задания, требующие использования других терминов, символов, устанавливать внутренние связи, обобщать, переносить знания на новые условия. Студенты работали индивидуально, в паре, в группе. Это позволило проводить самопроверку, взаимопроверку. На данную работу отводилось 15 минут, можно было заработать максимально 30 баллов.

Если овладение знаниями на уровне "Понимания" обеспечивает использование обучаемым абстрактных понятий, правил, принципов по данной теме, то усвоение учебного материала на уровне "Применения" предполагает, что он будет применять их правильно в похожей ситуации.

Если "понимание", по мнению Б. Блума, ориентирует на "схватывание" учебного материала и погружение в него, "применение" - на установление связей данного материала с соответствующими обобщениями и принципами, то "анализ" направлен на выделение отдельных частей материала, определение их взаимосвязей и принципов организации, определение предположений, выводов, концепций, которых автор текста придерживается, хотя не высказывает явно.

На этапе анализа студенты на уроке выполняли программированный контроль. Каждому правильному ответу соответствовали буквы, из букв должно было получиться слово. Это позволяло и на данном этапе проводить самопроверку. На эту работу отводилось 15 минут, можно было заработать максимально 30 баллов. Карточки имели три уровня сложности, студенты сами выбирали свою траекторию обучения на данном этапе.

Категория "синтез" обозначает умение комбинировать элементы так, чтобы получить целое, обладающее новизной, собирая материал из разных источников вместе так, чтобы полученная модель или структура была более понятной, чем исходный материал. Понимание, применение знаний и анализ материала являются необходимым условием решения задачи "Синтеза", но задачи этих категорий не требуют оригинальности, уникальности решения.

На этапе "Синтеза" обучаемый пытается в своем выступлении, докладе, сочинении передать некоторые идеи и свой опыт другим с целью информировать, описать, выразиться, убедить, развлечь. На данном этапе урока студентам было предложено сочинить синквейн (пястишие) за 5 минут по теме урока и заработать еще 10 баллов. Это задание носило творческий характер и каждый студент мог выступить перед аудиторией.

"Оценка" как категория таксономии обозначает умение оценивать значение того или иного материала, утверждения, исследовательских данных, основывается на четких критериях, на адекватном понимании и анализе явлений, что принципиально отличает ее от субъективных "мнений".

Все этапы урока студенты фиксировали на своих маршрутных листах - записывали набранные баллы в течение урока, свое пястишие и вопросы, возникшие во время занятия. На уровне оценки каждый студент подсчитал количество набранных баллов на каждом этапе урока и на маршрутном листе поставил себе оценку за работу на уроке.

Принципиальная особенность таксономического подхода определяет основную задачу обучения как формирование основы, на которой базируется оценка, путем овладения знаниями на уровне всех категорий таксономии учебных целей. То есть "Оценка", являясь высшей категорией таксономии учебных целей и используя все другие категории, не обязательно становится последним этапом процесса решения задачи, а может быть прелюдией к приобретению новых знаний, новому пониманию или применению, анализу или синтезу.

Несмотря на некоторые недостатки таксономий учебных целей, они "дают возможность преподавателю обозначить стартовые позиции в процессе собственной целеобразующей деятельности, проявить инициативу и педагогическое творчество в разработке авторских таксономий, отражающих личный опыт, предпочтения, стиль преподавания".

Литература

1.Безвытная, В.А. Управление качеством обучения учащихся школы на основе мониторинга учебных достижений // Мониторинг учебных достижений. Вологда: Вологодский институт развития образования, 2003.-С. 36-42.

2.Выготский, Л.С. Избранные психологические исследования М.: Изд. Дом Шалвы Амонашвили, - 2002. - 224 с.

3. Гальперин, П.Я. Введение в психологию: учебное пособие для ВУЗов- М.: Книжный Дом 1999. - 332 с
4. Кальней, В.А. Технология мониторинга обучения в системе «учитель ученик». Методическое пособие для учителя / В.А. Кальней, С.Е. Шишов. - М.: Педагогическое общество России, 1999. - 86 с
5. Лернер, И.Я. Качества знаний учащихся. Какими они должны быть? -М.: Знание. Сер. «Педагогика и психология», 1978. 47 с.
6. Шишов, С.Е. // Стандарты и мониторинг. 1999. - №3 - С.33.
7. Шишов, С.Е. Мониторинг качества образования в школе / С.Е. Шишов, В.А. Кальней. М.: Российское педагогическое агентство, 1998. -354 с.

С. С. Бекбосынова
Астана қ.

КРЕДИТТІК ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ БОЙЫНША ҚҰҚЫҚ ПӘНДЕРІ САБАҚТАРЫНДА ӨЗДІК ЖҰМЫСТАРЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ САПАСЫН КӨТЕРУ

Бүгінгі күні студенттердің өзіндік жұмысы (әрі қарай СӨЖ) – ол тұлғаның бүкіл өмір бойына үздіксіз және өз бетімен білім алу барысындағы икемдік, дағды, белсенділік және құзыреттілік қабілеттерін жетілдіруге ықпал ететін, өмір ағынына сай өзгерістерге бейімділігін қалыптастыратын іс-әрекет.

Құқық пәндері сабақтарында СӨЖ жоғары оқу орнында және кәсіптік білім беру үрдісінде студенттердің өзіндік әрекетін ұйымдастыру мен басқарудың ерекше бір құралы. СӨЖ-ді белсендірудің тәсілдері ұйымдастырушылық және әдістемелік болып бөлінеді. Әдістемелік жағынан белсендіру қолданылған әдіс-тәсілдерге, СӨЖ формалары мен ұйымдастыру құралдарына байланысты болады. Студенттің өзінің танымдық әрекетін саналы түрде басқаруы, яғни өзіндік бақылау, өздік жұмыстар арқылы іске асады. Ол өзіндік іс-әрекеттерде студенттің түпкі нәтижені және болатын қиындықтарды болжай білуі, жоспарлауы, бақылауы, өзіне баға беруі, соның нәтижесінде түзетуі және реттеп отыруы.

Педагогикалық әдебиеттерде өздік жұмыс түрлерін әртүрлі тұрғыдан анықтаған, солардың ішінде құқық пәндерінде қолдануға болатыны төмендегідей:

1) ұйымдастыру түрлері байланысты: ұжымдық, топтық, жеке-дара жұмыс; 2) мақсатқа бағытталу сипатына байланысты: теориялық және практикалық.; 3) логикалық бағыттылығына байланысты фактілерді бақылау және ұғымның белгілерін айрықшалау, құбылыстар арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтату; өз бетімен игерген оқу материалындағы ұғымдарды анықтату және игергендерді жинақтау; кейбір типтес құбылыстарды айрықшалау; фактілер арасындағы байланысты анықтату; 4) іс-әрекеттің сипаты бойынша: репродуктивті, реконструктивті, вариативті, жартылай ізденісті және зерттеушілік (шығармашылық) өздік жұмыс, т.б.

Оқытушының берген оқу тапсырмаларын шығармашылықпен орындау СӨЖ-дің көп түрінде болады. Ол стандартты емес орындау, тың шешім шығару, дәстүрлі емес әдістерді қолдану арқылы жүзеге асады.

Құқық пәндерін оқыту барысында қолдануға болатын СӨЖ түрлері өте көп. Солардың кейбіреуіне тоқталсақ:

Эссе тақырыптың еркін дәлелдемесімен сипатталатын сын, публицистиканың жанры, оқу орнында жазбаша шығармашылық жұмыс формасы түрінде, оқу курсы немесе оның модулі аяқталғанда студенттердің алған білімін тексеру мақсатында қолданылады.

Пікірталас топпен бірге жұмыс істеуде шешім қабылдаудың қарқындылығын арттыру тәсілі; студенттің ұжыммен бірге әрекетін белсендіру арқылы оқу үрдісінің тиімділігі мен қарқындылығын арттыру әдісі; проблеманың шешімін топпен бірге іздеп, талқылап, шешу жолдары дәлелді түрде ұсыну үрдісі.

Коллоквиум а) белгілі бір тақырып бойынша білімін анықтау үшін оқытушының жүргізетін әңгімелесуіне студенттердің арнайы дайындығы; б) проблемалық тақырып бойынша баяндаманы талқылауға арналған ғылыми жиналыс.

Шығармашылық тапсырма проблемалық сұрақтарға жауап іздеу түрінде болады. Мұндай тапсырма студентке меңгерген білім, білік, дағдыны қолдану негізінде жаңа білім алуға мүмкіндік береді.


Ғылыми немесе проблемалық хабарламалар – теориялық талдаудың жаңа деңгейі, ол баспасөздегі жарияланымдардағы, ғылыми журналдардағы тың деректер мен проблемаға қатысты пікірталастарды хабарлау және т.б. хабарлау түрінде болады.

Жоба әдісі студенттің бірнеше пәннен алған білімдерін қолдана білуіне негізделіп, көбіне топпен орындалатын, пәнаралық сипатта болады. Жобаны студенттер өздері орындайды, оқытушы тек консультация беріп, бағыттап отырады. Дәстүрлі оқыту жүйесіндегі курстық жоба студенттің жекелей орындауына негізделген.

«Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясындағы болашақ заңгерлердің кәсібіне маңызды әрі тиімді болатын әдіс-тәсілдерді қолдануға болады. Ең маңыздысы, студенттердің тақырыпқа қызығушылығын ояту үшін, сабақ барысында белгілі бір әдісті қолданбас бұрын, бұл әдістің олардың қандай қабілетін дамытуға бағытталғанын және болашақта оның қаншалықты қажетті, тиімді әрі маңызды екенін көрсеткен жөн. Мысалы: Венн диаграммасын екі немесе одан да көп ұқсас қылмыстардың құрамындағы элементтердің айырмашылығы мен ортақ белгілерін анықтауға немесе болашақ тергеушілерге бірнеше күдіктінің берген жауаптарын салыстыру үшін қолдануға болады. Венн диаграммасынан кейін «Бұрыннан білемін. Білгім келеді. Жаңа білдім.» әдісін қолдануға болады: үш бағанның біріншісіне («Бұрыннан білемін») бұрыннан өзіне белгілі мәліметті жазса, екінші бағанға («Білгім келеді») өзіне түсініксіз жағдайларды, сұрақтарды белгілейді. Күдіктілермен келесі жолы кездескенде тергеу барысында барлығын анықтап алған соң, жаңа білімін үшінші бағанға (Жаңа білдім) жазып, қылмысқа қатысты анализ бен синтез жүргізіп, бір қорытындыға келеді.

«Insert» әдісі кеңесші-заңгерлерге, нотариустарға келісімшарттарды, не болмаса басқа да мәмілелерді тексеру барысында өте тиімді. Болашақта әртүрлі есептер жазу барысында кез келген қызметкерге өз ойын жазбаша жеткізу білу әсіресе маңызды. Бұл қабілетті дамыту үшін студенттерге әртүрлі тақырыптарға ғылыми тұрғыдан эссе, мақала жазу сияқты өздік жұмыстарын беруге болады. Болашақ кеңесші-заңгерлер заң саласынан бәрін білумен қатар, білгенін қарапайым халыққа ғылыми тілде дұрыс әрі түсінікті жеткізе де білуі керек. Сондықтан құқық пәндері сабақтарында дебат, диспуттар сияқты пікір-алмасу әдістерін көптеп қолданған жөн.

Сабақ қызықты өткен сайын, студенттердің де оқуға ынталары көтеріле бастайтыны белгілі. Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқытушы студенттің орындаған әрбір өздік жұмысын бағалап, тиісті пайызын (50-100%) беруі тиіс, осы орайда студенттердің де пайыздарды көбірек жинауға ұмтылысы артады, соған сәйкес студенттердің оқу үлгерімі мен сапасы да жылдан-жылға көтеріледі:



Бітіруші топтар студенттері кәсіптік дайындық деңгейін бағалаудан (КДДБ) сәтті өтіп, таңдалған мамандықтың негізін жақсы меңгергендіктерін дәлелдеді:



Оқытушының қатысуынсыз жүретін СӨЖ – жоғары оқу орнында және кәсіптік білім беру мекемелерінде оқу үрдісінің басты бір бөлігі. Құқық пәндері сабақтарында СӨЖ-дің дұрыс ұйымдастырылуы студенттің өз бетімен игеруі арқылы алатын білімінің сапасына тікелей ықпал етеді. Сондықтан да еліміздің барлық оқу орындарында құқық пәндерін оқыту бойынша СӨЖ-ді жаңаша, тиімді ұйымдастырудың мәселелерін әлі де тереңірек зерттеу қажет деп ойлаймын.

Әдебиеттер

1. Коханец А.И. «Условия эффективности кредитной системы обучения в Казастане: – Астана, 2007. Стр. 188».
2. Бабаев С.Б., Оразов Ш.Б., Бабаева Қ.С. «Педагогика: жалпы негіздері және тәрбие теориясы» - Оқу құралы. – Алматы: Заң әдебиеті, 2008. – 124 б.
3. Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу жүйесін ұйымдастыру ережесі (ҚРБҒМ 22.11.2007ж. № 566, ҚРБҒМ 20.04.2011ж. № 152 бұйрығы бойынша бекітілген).

Г. К. Дошанова
г. Астана

СТРУКТУРА РЕЙТИНГОВОЙ ОЦЕНКИ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПРЕПОДАВАТЕЛЯ

В последнее время, в условиях происходящих в РК социально-экономических перемен, связанных с модернизацией образования, вопросы функционирования и контроля системы колледжа ЕАГИ приобретают все большее значение. Основой решения проблемы качества образования и контроля на уровне образовательного учреждения как многоаспектной, комплексной социальной и педагогической проблемы является проектирование и внедрение системы обеспечения контроля и качества образовательного процесса.

Большую роль в обеспечении удовлетворения образовательных потребностей играет подготовка специалистов в колледжах, представляющих собой учебные заведения повышенного уровня, имеющие более высокие качественные характеристики реализации

образовательных программ, такие как многоуровневая подготовка, многофункциональность, многопрофильность. Главной целью развития колледжа является обеспечение качества педагогического образования, адекватного изменяющейся социально-образовательной ситуации и подготовка специалиста, готового к образовательно-воспитательной, учебно-методической, социально-педагогической деятельности, подготовленного к освоению профессиональной образовательной программы высшего образования [1, с. 6].

Интенсивно обновляется содержание среднего профессионального образования, технологии обучения, формы организации учебного процесса. Значительно возрос интерес педагогической общественности к проблеме комплексного учебно-методического обеспечения образовательного процесса. Накоплен немалый опыт теоретического и практического решения этой проблемы. Таким образом, возникла необходимость в разработке рейтинговой системы оценки деятельности преподавателя и деятельности образовательного учреждения в целом.

Рейтинговая система оценки деятельности преподавателей была создана с целью оценки качества образования в колледже:

Оценка деятельности преподавателей для совершенствования процесса управления колледжа;

Стимулирование видов деятельности преподавательского состава, способствующих повышению рейтинга университета в целом;

Повышение мотивации преподавателей к профессиональному совершенствованию;

Показатели, используемые при рейтинговой оценке, ориентируют преподавательский состав на решение основных задач развития учебного заведения в целом. Полученные результаты позволяют каждому преподавателю объективно оценить свою работу, определить узкие места и недоработки по каким-либо направлениям деятельности и, с учетом этого, правильно спланировать работу на будущий год. Такая оценка, несомненно, положительно отразится на стремлении преподавателей к повышению научного потенциала, профессионализма, росту педагогического мастерства, а это будет способствовать повышению качества подготовки специалистов и росту рейтинга учебного заведения.

Дегенмен осы кезде өлкенің қала тұрғындары қазақстандық және ресейлік баспасөз басылымдарынан қол үзбеуге тырысқан. Солтүстік Қазақстан мемлекеттік мұрағатының деректерінде 1912-1913 жылдар аралығында Петропавл қаласының тұрғындары киоскіде сатылатын газеттер санын қоспағанда 1500 данамен 200-ге жуық әртүрлі газет, журналдар алып тұрған. Мәселен, «Нива» атты басылымға 127 оқырман, «Русское слово» - 115, «Биржевые ведомости» - 73, «Новое слово» - 65, «Родина» - 51, «Копейки» - 42, «Природа и люди» - 25, «Известия по народному образованию» - 22, «Раннее утро» - 18, «Утро России» - 12, «Речь» - 10, «Колокол» - 10, «Россия» - 10, «Русское богатство» - 9, «Сибирская жизнь» - 7, «Сибирские вопросы» - 6 және «Новое время» - 1 оқырман жазылған [2, 58-п.]. Ал мұсылман газеттеріне 76 ғана оқырман жазылған.

XX ғасырдың басында қазақ халқының ой-санасын оятуға ұран салған ресми емес, қазақ мерзімді баспасөзінің қалыптасуы 1905-1907 жылдардағы жалпы азаттық қозғалыспен байланысты болды. Бірақ та бұл басылымдардың жарық көруі көптеген қиындықпен келді. Мысалы, 1907 жылғы 28 наурызда II Мемлекеттік Думаның депутаты Шаймерден Қосшығұловтың бастамасымен «Улфат» газетіне қосымша ретінде «Серке» газетінің бірінші саны жарық көрген болатын [4, 21 б.].

«Серке» газетінің негізгі бағытын оның «Біздің мақсатымыз» деген мақаласы айқындап береді. Бұл мақалада елден жиналған салық қаражатының көбісі халыққа керек емес нәрселерге жұмсалатыны, ал орыс шенеуніктерінің әбден дандайсып, кедей қазақтарды ұрып-соғып, мал-мүлкін тартып алатыны, енді оның тілі мен дініне, әдет-ғұрпына қол сала бастағаны, бұқараның бұндай теңсіздігі мен құқықсыздығы халықтың ыза-кегін туғызып отырғаны айтылып, «Қазақ жеріне бұл мұжықтарды не үшін көшіреді? Әлде Ресейде жер аз ба? Жок, аз емес. Ресей патшасы ұлан-байтақ қазақ жерінің үстіндегі малға, астындағы кенге қызығады. Қару жұмсамайды, оқ шығармай, білдірмей алдап алу

саясатын көздеп отыр», - деп көрсетеді. Үкімет цензурасы бұны «қазақ халқына үндеу ретінде айтылып, үкіметке қарсы қоюға бағытталған әрекет» деп танып, газеттің үшінші санын жапқызып тастады [4,100, 21 б.].

XX ғасырдың бас кезінде қазақ халқының мәдени-саяси өмірінде болған елеулі оқиғалардың бірі – «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналының шығуы еді.

Қорыта айтсақ, ұлттық баспасөздің дүниеге келуі, қазақ халқының қоғамдық-саяси мәдени өмірінде және даму тарихында елеулі оқиғалардың бірі болды. Өйткені баспасөз беттері, оның ішінде газет, журналдар негізгі ақпарат көзі ретінде сол кездің өзінде сауатын енді аша бастаған қазақ халқы үшін жалпы дүниежүзінің ғылым-білімінен, мәдениетінен хабар алу мүмкіндігін берді. Сол ұлттық баспасөздер бетінде жазылғандай, қараңғылықта жатқан елді оятуды басты мақсат етіп, қазақ халқына жол сілтейтін, болашақ күнін болжауға тырыстыратын, қазақтың ең үлкен қорғаушысы, әлем, біліммен таныс қылатын дүниенің өткен істері мен қазіргі істерін жұртқа түсінікті тілмен жеткізетін құрал ретінде болды.

Әдебиеттер

- 1.Субханбердина Ү. Қазақтың революциядан бұрынғы мерзімді баспасөзіндегі материалдар. А: Қазақ ғылым академиясының баспасы, 1963. -292 б. 271-272 бб
- 2.СҚО ММ 158-қор, 1-тізбе, 16-іс, 139-п.
- 3.Воробьев В.В. Периодическая печать Омска в 1905-1907 гг. Омск, 2005. - 172-176 б.
4. Айқап. А.У.Суханбердинаның кіріспе мақаласы. Қазақ баспасөзі тарихынан. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1995. - 367 б.

Ф. Қ. Ильясова
Астана қ.

ӘЛЕУМЕТТІК КЕҢІСТІК: АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ТҰТЫНУ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Адамдар өмірдегі мақсатын, іс-әрекет үлгісін өздері таңдадық деген жалған оймен өмір сүреді. Бір елде және бір заманда өмір сүріп жатқан сан алуан мәдениет өкілдерінің қажеттіліктері және сол қажеттілікті тұтыну мәдениетінен ерекшеліктерді байқауға болады. Себебі, мәдениет – әлеуметтік әрекетті алдын-ала анықтайтын орта. Әр мәдениет – микроәлем. Тұлғаның қалыптасуында мәдениет маңызды рөл атқарады, адамдар арасындағы ынтымақтастықты сақтайды және өзара түсіністікті орнатады.

Ақпараттық технология арқылы алыстағы достармен, туыстармен байланыс орнатуға болады. Яғни, Л.Витгенштейн атап өткендей, қазіргі қоғамда қарым-қатынастың вербалды және вербалды емес түрлері пайда болды. «Адам және адам» жүйесіндегі қарым-қатынас «адам және технология» жүйесіндегі қарым-қатынасқа айналды [1, 85-102 бет.] .

Осы мақаладағы мақсатымыз – ақпараттық технологияның тұтыну әрекетіне ықпалы және ақпараттанған қоғамдағы тұтыну мәдениетінің өзгеріске ұшырауы. Мақалада заманауи адам қалай және қандай ақпараттық технологияны тұтынады, кірістің әртүрлі деңгейіне қарай ақпараттық технологияны тұтытуда ерекшеліктер бар ма, қолдан келгенше барлық технологияны иеленуге не себеп, қоғамдағы ақпараттық теңсіздіктің салдары неде, неге кейбір әлеуметтік кеңістіктерде қымбат ақпараттық технологиялар қол жетімсіз болып табылады деген сұрақтарға жауап беріледі.

Зерттеуде визуалды бақылау әдісін қолданудың басты себебі – оның заманауи ғылымда кеңінен пайдаланылып келе жатқан жаңа әдіс. Қабылдауға мүмкіндік беретін визуалды аспектілер қазіргі таңда аса қызығушылық тудырып отыр. Қазақстанда осы бағыттағы зерттеулер аз және бұл зерттеу әдісі сапалы мәлімет алуға зор мүмкіндік береді. Зерттеу барысында визуалды бақылау жүргізіліп, суретке түсірілді. Зерттеудің мақсаты – ақпараттық технологияның тұтыну мәдениетінің кеңістікке сай ерекше мазмұнға ие болуын көрсету.

Адам төменгі деңгейдегі қажеттіліктерге қол жеткізген соң, жоғарғы деңгейдегі қажеттіліктерін қанағаттандыруға ынталанады. Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізген сәттен бастап, елімізде біршама өзгерістер болды. Яғни, «тұтынушы қоғам» бейнесі қалыптаса бастады. Зерттеу барысын айтпас бұрын «тұтыну қоғамы» ұғымына анықтама беріп өтелік.

Тұтыну қоғамы – (ағылшын. consumer society) жеке тұтыну принципі негізінде ұйымдастырылған қоғамдық қарым-қатынастың жиынтығын білдіретін саяси метафора. [2, 3 бет].

Қоғамдағы ақпараттық технологияны тұтыну ерекшеліктерін анықтау мақсатында Астана қаласында екі әлеуметтік кеңістікте визуалды бақылау жүргізілген болатын. Жалпы [әлеуметтік](#) кеңістік адамның өмір сүретін, табиғи және әлеуметтенген ортасы, табиғи ортаны игеру барысында адамдар, әлеуметтік топтар өзара қарым-қатынаста болады. Біріншісі, мәртебесі жоғары, беделді әлеуметтік кеңістік ретінде ««Керуен» ойын-сауық орталығы» алынды. Екінші, көбінесе статистикалық орташа тұтынушыларға негізделген, мәртебесі төмен әлеуметтік кеңістік ретінде белгілі «Астаналық базар» алынды. Бір-біріне қарама-қайшы екі әлеуметтік кеңістікті салыстыра отырып, ақпараттық құралдарды тұтыну мәдениетіндегі ерекшеліктер, екі кеңістік арасындағы ақпараттық теңсіздік деңгейі анықталды.

Визуалды бақылау жүргізу барысында негізгі индикаторлар ретінде: ұялы телефон маркасы, ақпараттық технологияны тұтынудағы жиілік, уақытты өткізу, байланыс типі, киіну ерекшеліктері назарға алынды. Бақылау 2013 жыл, 9 қараша, сағат 15:00-17:00 аралығында «Керуен» ойын-сауық орталығында және 10 қараша, сағат 16:00-18:00 аралығында «Астаналық базарда» жүргізілді.

«Керуен» ойын-сауық орталығында ауқатты, қымбат киінген, қымбат ұялы телефон немесе планшет ұстаған тұтынушыларды жиі кездестіруге болады. Сонымен қатар, «Астаналық базары» тұтынушыларына қарағанда «Керуен» ойын-сауық орталығы тұтынушылары сауда жасауды белгілі бір демалыс ретінде қабылдайды. Асығыссыз, баяу қимылдайды және қай зат ұнаса, соны сатып алуға келгендей. Яғни, қаражат жағынан шектеу жоқ. Тұтынушылар қымбат маркалы киім киген және қала тұрғындары екені байқалып тұр. Ең бір ерекше жағдай, «Астаналық базар» тұтынушыларына қарағанда өздерін еркін, қауіпсіз сезінетінде. Ұялы телефонмен еркін сөйлеседі, сөмкелерін бос ұстайды, яғни, ұрлықтан қауіп жоқ.

«Астаналық базар» әлеуметтік кеңістігіндегі жағдай «Керуен» ойын-сауық орталығынан мүлде ерекше екені айқын байқалады. Біріншіден, тұтынушылар қарапайым, арзан киінген. Екіншіден, қымбат телефон тұтынушылар саны сирек кездеседі. Үшіншіден, тұтынушылар сауданы демалыс ретінде емес, жұмыс ретінде қабылдайды. Төртіншіден, жүру және қимылдау жылдамдығы тез, асығыстық байқалады. Бесіншіден, ұялы телефонмен сөйлескен соң қалталарына немесе сөмкелеріне салып, тықпалау байқалады, яғни, ұрлықтан қауіптенеді. Алтыншыдан, тұтынушылардың басым көпшілігі – ауылдан қоныс аударғандар. Мұның айғағы ретінде ауылдан қалаға жұмыс іздеп келушілердің басым бөлігі Астаналық базар маңынан ең арзан пәтер жалдайды және сауданы сол маңнан жасайды.

Бақылау ауылдан келген тұтынушыларға қарағанда, қала тұрғындары бір-бірінен арта түсуге тырысатынын көрсетеді. Мұның барлығы қала тұрғындарының салыстырмалы түрде көп шығын жұмсауына, қымбат ақпараттық технологияны иеленуге банктен кредит

немесе қарызға ақша алуына алып келеді. Осындай әрекетке барудың бірден-бір себебі – жоғарғы сапалы тауарды тұтыну материалдық жағдайының жоғары екенін көрсетеді және өз ортасында құрметке ие болады немесе керісінше төменгі сапалы тауарды тұтыну материалдық жағдайының төмендігін көрсетеді. Өзінің дәрежесін түсіріп алу қорқынышынан қоғам талабына сай өмір сүруге тырысады. Әлеуметтану ғылымының тілімен айтқанда, бұл – демонстрациялық тұтыну. Т.Веблен көрсеткендей, «Демонстрациялық тұтыну – (мәртебелі тұтыну) жеке байлығын көрсету немесе белгілі әлеуметтік мәртебені ұстап тұру мақсатында тауарларды бейберекет тұтыну». Ағылшын тілінде «keeping up with the Joneses» («басқалардан кем болмау») сөйлемі қолданылады немесе ғылыми тұрғыда «Invidious consumption» термині бар, яғни, қызғану сезімін ояту мақсатында бейберекет тұтыну [3, 12-14 бет].

Зерттеу барысында тек ұялы телефон немесе планшет сынды қолда жүретін ақпараттық технологиялар емес, сонымен қатар, кеңістіктің ақпараттық технологиямен жабдықталуына да назар аударылды. Екі әлеуметтік ортада ақпаратқа қол жетімділік деңгейі ерекше. Себебі, екі орталықтың сол жағалау мен оң жағалауда орналасуында. «Керуен» ойын-сауық орталығы ақпараттық технологиямен толық қамтамасыз етілген. Мысалы, ғимаратта видеокамералар, теледидарлар, банкоматтар, терминалдар және ғимарат сызбасын көрсететін электронды карта орналасқан. Келген тұтынушылардың сұрақтарына жауап беріп, ақпараттандыратын арнайы анықтама орталығы да бар. Ғимараттың төртінші қабатында кинотеатр орналасқан. Жеті залдан тұратын кинотеатр соңғы үлгідегі ақпараттық технологиямен қамтамасыз етілген. Ал, «Астаналық базар» кеңістігіне келетін болсақ, ғимараттың бірінші қабатында банкоматтар мен терминалдар орналасқан. Әр қабатта қолданыстан шыққан, сөнулі бір теледидардан орналасқан. Ғимарат сызбасын көрсететін электронды карта мүлде жоқ. Әр қабаттын жоғарғы жағында ақпарат беруші қысқа мәтінді плакат ілінген. Технологиялық құралдар арқылы емес, қарапайым сызба арқылы ақпараттандырып, келушілердің бағытын плакат арқылы реттеп тұр. Екі түрлі әлеуметтік кеңістіктің ақпараттық технологиямен қамтамасыз етілу сипаты әртүрлі болуы тікелей сол орта мүшелерінің тұтыну мәдениетіне әсер етеді.

Жалпы зерттеу барысын қорытындылайтын болсақ, Астана қаласындағы әртүрлі әлеуметтік кеңістіктерде жүргізілген зерттеу жұмысы барысында алынған әлеуметтанулық мәліметтер келесі нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берді. Біріншіден, ақпараттық технологияның тұтыну мәдениетіне ықпал етуде ерекшелігі бар, әртүрлі. Тіптен кей қоғам мүшелері үшін ақпараттық технологияның еш маңызы жоқ. Мысалға, «Астаналық базар» маңындағы өмір сүру деңгейі өте төмен қоғам мүшелері үшін технологияның ықпалы жоқ. Екіншіден, кеңістіктің статусы жоғары болған сайын, сол кеңістік мүшелерінің ақпараттық технологияны демонстрациялық тұтынуларына тікелей әсер етеді. Үшіншіден, ұялы телефон арқылы сөйлесу барысында өзін-өзі ұстау, дауыс ырғағы, жест, қимыл тікелей сол адам туралы бірнеше ақпарат береді. Мысалы, «Астаналық базар» тұтынушылары ұялы телефонмен эмоцияға беріліп, қатты сөйлейді. Ал, «Керуен» ойын-сауық орталығындағы тұтынушыларынан белгілі бір ұстаным, ақырын мәдениетті сөйлеу байқалады. Сонымен, тек ұялы телефон маркасы арқылы ғана емес, адам іс-әрекеті арқылы да бірнеше мәлімет алуға болады.

Адамдардың ақпараттық технологияны жиі қолдануы, жиі қоңырау шалып жатқандары «адам және технология» тұжырымын дәлелдей түскендей. Қазақстан қоғамындағы ақпараттық революция немесе коммуникациялық революция (интернеттің, ұялы телефон байланысының кең тарауы) жаңа ақпараттық кеңістіктің пайда болуына, байланыс аясының кеңеюіне алып келді және бұл кеңістікке кіру үнемі байланыста болуға, яғни, қоғамнан тысқары қалмай, заман талабына сай жаңашылдықпен өмір сүруді талап етеді.

Әдебиеттер

- 1.Марков Б.В. История философии, культура и мировоззрение. Л. Витгенштейн: язык — это «форма жизни» Санкт-Петербургское философское общество, 2000. с.85-102
- 2.Baudrillard, J. The Consumer Society. Myths & Structures. — L., Thousand Oaks, N.Y., Delhi: SAGE Publications, 1998. — ISBN 0-7619-5691-3
- 3.Т. Веблен. Теория праздного класса. М.: Прогресс, 1984. стр.12-14

Т. Н. Лысакова
г. Петропавловск

ПЕРСПЕКТИВЫ СОЗДАНИЯ ИНДУСТРИИ ЭКОЛОГИЧЕСКИ ЧИСТОЙ ПРОДУКЦИИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Учитывая, что в последнее время интенсивность химического, радиационного и других видов антропогенного влияния на окружающую среду существенно возросла, а это отрицательно сказывается на здоровье людей, вопрос производства экологически чистой продукции приобретает повышенную актуальность.

Условия и порядок включения предприятий и продукции в реестр экологически чистой продукции установлены законодательно в нормативно-правовых актах Республики Казахстан. Задача производителей – гарантированно обеспечить её экологическую безопасность. Приоритетным направлением этой работы является внедрение и эффективное функционирование систем менеджмента качества и менеджмента безопасности, соответствующих международным стандартам [3].

Конкурентоспособность национальной продукции – основа рыночной экономики современного государства. Производство конкурентоспособных товаров, а также их умелое продвижение на внутреннем и внешнем рынках способствует стабильности национальной экономики, занятости населения и, кроме того, повышает престиж страны на международной арене.

Особенное значение приобретает выращивание экологически чистой продукции, поскольку продукты питания имеют ярко выраженные диетические, полезные и здоровые свойства. При сравнительно низкой энергетической ценности эти продукты в большом количестве содержат витамины, минеральные вещества, ферменты, фитонциды и другие важные для поддержания и сохранения здоровья людей элементы. Продукция, выращенная в Казахстане по экологически чистым технологиям, может стать важным стимулом для оздоровления жителей не только больших городов, но и сельского населения [1].

Органическое (экологическое или биологическое) сельское хозяйство - это форма ведения сельского хозяйства, при котором не используются синтетические удобрения, пестициды, регуляторы роста, кормовые добавки, генетически модифицированные организмы и т.п. По оценкам экспертов объем торговли и спрос на органические продукты питания увеличивается во всем мире, что объясняется повышением уровня экологической культуры потребителей и заботой о своем здоровье.

Главное конкурентное преимущество казахстанского сельхозпроизводства заключается в экологической чистоте производимой продукции, которую отечественные фермеры не могут ничем подтвердить. В Казахстане понятие «экологически чистый продукт» законодательно не закреплено и не регулируется. Между тем, по оценке экспертов, в настоящее время большинство произведенной продукции на сельскохозяйственных участках страны по своим свойствам близко к органическим продуктам [1].

В ст. 32 Экологического кодекса Республики Казахстан определены задачи и объекты экологической маркировки. Целью экологической маркировки продукции является доведение до потребителя надёжной, точной и достоверной информации об экологических аспектах продукции и услугах, способствующие удовлетворению потребностей в такой продукции и услугах, которые оказывают меньшее отрицательное воздействие на окружающую среду. Тем самым стимулируется воздействие рынка на непрерывное улучшение окружающей среды [4].

Первичными источниками товарной информации и одновременно исполнителями услуг по информированию продавцов и потребителей о продаваемых товарах являются производители. От того, насколько качественны эти информационные услуги, зависят скорость продвижения товаров по каналам распределения, интенсивность сбыта, стимулирование продаж, создание потребительских предпочтений и, в конечном счете, жизненный цикл товара. В то же время изготовитель не является единственным источником информации. Производственную информацию может дополнять продавец.

Для того чтобы узнать насколько осведомлены жители нашего региона по вопросам экологической маркировки, было проведено анкетирование у различных социальных групп: пенсионеров, госслужащих, студентов и учащихся средних школ.

При анализе результатов анкетирования было выявлено следующее: 56 человек из 100 респондентов ответили положительно на вопрос «Знаете ли Вы что такое экологическая маркировка?».

Среди знаков экологической маркировки наиболее знакомыми для опрошенных оказались знаки Казахстанского и Российского стандарта качества. Только 17% опрошенных верно определили знак вторичной переработки, 22% - знак Германской программы по переработке отходов. Знак Международного экологического фонда знают 52% опрошенных.

При ответе на вопрос «Обращаете ли Вы внимание на маркировку товара при покупке» «да» ответили 67% опрошиваемых, среди которых преобладают госслужащие и учащиеся школ.

Готовы ли Вы покупать экологически безопасные продукты по более высокой цене? На данный вопрос «да» ответили 50% опрошенных пенсионеров, 90-100% госслужащих, студентов и учащихся.

На вопрос, «Какие факторы имеют для Вас наибольшую значимость при выборе продукции?» были предложены следующие варианты ответов: информация о составе; удобство использования; цена; наличие экомаркировки; внешний вид; известность бренда; реклама в СМИ. 75% респондентов интересуется информация о составе, 70% отдают предпочтение цене и 60% обращают внимание на внешний вид продукции. На наличии маркировки на продукции обращают внимание 35% опрошенных.

При ответе на вопрос «Ассоциативные характеристики понятия «экологическое качество продукции?»», были предложены следующие варианты ответов: вкуснее чем другие виды продукции; отсутствие генетически модифицированных продуктов; отсутствие консервантов и искусственных добавок; полезно для здоровья; отсутствие токсичных материалов в процессе производства; безопасность для здоровья; отсутствие вредных веществ в процессе производства. Среди пенсионеров, госслужащих и учащихся школ ассоциативные характеристики вызываются с такими ответами, как: отсутствие консервантов, полезно для здоровья и безопасность для здоровья. Среди студентов, отсутствие генетически модифицированных продуктов и отсутствие токсичных материалов.

Таким образом, среди опрошенных социальных групп наименьшей осведомленностью в области экологической маркировки владеют пенсионеры, затем учащиеся школ. По результатам проведенного опроса, видно, что люди хотят заботиться о своем здоровье и здоровье своих близких, для этого они обращают внимание на маркировку при покупке, готовы покупать экологически безопасные продукты по высокой

цене. Различные знаки маркировки продукции знают слабо, так как экологическая маркировка молодая отрасль в экологическом законодательстве.

Основные принципы экологической маркировки заложены в международном стандарте ISO 14020. В Казахстане экомаркировка – добровольный маркетинговый инструмент, свидетельствующей о том, что товар протестирован и документирован на соответствие критериям.

Правительства развитых стран активно поддерживают экопроизводство, так как оно способствует укреплению внутреннего рынка, увеличению экспорта и помогает решить экономические и экологические проблемы. Но мировой опыт показывает, что государство поддерживает тот или иной проект только тогда, когда он начинает приносить деньги, становится частью экономики.

Одним из инструментов обеспечения достойного места отечественной продукции в конкурентной среде свободного рынка, большего доверия потребителей является производство и поставка населению Казахстана экологически чистой продукции [2].

В реестр «Экологически чистая продукция» уже введены более 70 предприятий по республике Казахстан, это молокоперерабатывающие, предприятия по производству мяса и колбасных изделий и др. А также производства плодоовощной, цветочной и других видов продукции.

Основной задачей формирования Казахстанского рынка экологически чистой продукции является обеспечение охраны окружающей среды и экологической безопасности в соответствии с международными стандартами. Для этого необходимо создание и реализация специальных программ, ориентированных на выпуск качественной и безопасной продукции.

Литература

1. Архипов В. Экологически чистые продукты питания. // Казахстанская правда, 2009. - №33.
2. Иевлев В. Товарный знак и продвижение товара на рынке. // Эксперт, 2010. - №3. - С. 9.
3. Фомин В.Н. Качество продукции и маркетинг. // Стандарты и качество, 2010. - №2. - С. 12.
4. Экологический кодекс Республики Казахстан от 9 января 2007 года № 212-III.

К. О. Өмірбаева
Ақтөбе қ.

ТҰЛҒАНЫҢ ӨМІРГЕ ҮЙЛЕСІМДІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстан – 2030» стратегиялық бағдарламасында «Жастарды қазақстандық патриотизм мен шығармашылық жағынан дамыған жеке тұлға ретінде тәрбиелеу аса қажет...Ұлттық мінез-құлық, тектілік, білімділік, биік талғам, ұлттық намыс қасиеттерін сіңіріп қалыптастыруымыз керек» дегені мәлім. ХХІ ғасыр шәкірті өзінің бар болмысымен адамзат проблемасын шешетін, жауапкершілігі мол, шығармашыл, жаңаша ойлай білетін, мәдениетті тұлға болмақ.(1,7).

Қазіргі уақытта Қазақстанда заманауи білім берудің ұлттық үлгісі қалыптасуда. Бұл процесс білім парадигмасының өзгеруімен қатар жүреді. Я.А.Коменскийдің, И.Герbartтың дәстүрлі педагогикасының орнын басқасы басты, ол тәрбиеленуші оқу қызметінің субъектісі ретінде өзін-өзі өзектілендіруге, өзін танытуға, және өзін-өзі жүзеге асыруға ұмтылатын дамушы жеке тұлға ретінде бағытталған.

Егер «жеке тұлға» ұғымына тоқталатын болсақ: «жеке тұлға – бұл адамның психикалық, рухани мәні, ол әртүрлі жинақталған қасиеттер жүйесіне тән: адамның

әлеуметтік маңызды қасиеттерінің жиынтығы; дүниемен, қоғаммен қатынастарының жиынтығы; шығармашылық мүмкіншілігі мен қабілеттерінің жиынтығы; қоршаған әлемді және өзін-өзі түсінуі.

Әлемнің оқыту технологиялары жоғары дамыған елдерінің (Жапония, Германия, Голландия) тәжірибесіне назар аударсақ, олар жас маманның сапалы білім алу арқылы тұлғалық қалыптасуын, дамуын бірінші орынға қойып отыр. Білімі қаншалықты жоғары мемлекеттің бүгінгі әлемдік қауымдастыққа бәсекелестікке қабілеттілігі де соншалықты биік болмақ (2,34).

Білім сапасын арттыру, оның деңгейін әлемдік білім кеңістігіндегі стандарттарға сай келтіру ұстаздардың кәсіби құзырлығына, әдістемелік біліктілігі мен шеберлігіне байланысты. Білім беру саласын ізгілендірудің басты бағыттарының бірі – белсенді оқыту түрлері мен әдістерін жетілдіру.

XXI ғасырда адам санасы шарықтап дамып, техниканың жедел қарқынымен жетілуі осы заманның сұранысы мен талабына сай білімді, мәдениетті, өзгермелі уақыттың түрлі жаңалығымен тең басатын өмірге үйлесімді маман дайындау барлық оқу орындарының өзекті мәселесі болып отыр. 2002 жылдан бастап «Өзін-өзі тану» пәні жеке тұлғаның жан дүниесін байытуда өмір әдебінің биік шыңдарына жеткізіп, өз жетістіктерін көрсетуде. «Өзін-өзі тану» пәні – жастардың білікті маман ретінде өмірге үйлесімді дамуын қалыптастыратын пән.

Жоғары оқу орындарында «Өзін-өзі тану» пәні – өз алдына жеке ғылыми пән. Бұл пән басқа пәндермен өзара байланыста оқытылып, студенттердің рухани-адамгершілік құндылықтарын, өмірге үйлесімді мінез-құлқын қалыптастырады. «Өзін-өзі тану» пәні – тұлғаның шығармашылық және кәсіби дербестігін дамыту туралы отандық және шетелдік оқыту теориясындағы, педагогика мен психология саласындағы ізгілікті дәстүрлері мен ой-пікірлерін үйретуге арналған.

«Өзін-өзі тану» адамгершілік-рухани білім беру бағдарламасынан дәріс берушілерге С.А.Назарбаева өзінің тілегін былай жеткізеді: «Баланың бойындағы қабілеттерін ашып, оның жан дүниесіне үңіліп, өзінің болашағына деген сенімін ояту, өзін-өзі құрметтеп, өз ар-ұжданымен өмір сүруі қандай маңызды десеңізші! Мейірбандық пен сүйіспеншілік жүректен-жүрекке жетіп, әлемге шапағат нұрын төге берсін!».

Бұл пән «Мен қандаймын?», «Мен қандай болуым керек?», «Адамдармен қалай қарым-қатынас жасап, қалай өмір сүруім керек?» деген сұрақтарға жауап береді. «Өзін-өзі тану» деген сөз – адамның өзінің жан дүниесін өзі тануы, еңбектенуі, өз күшімен өз бақытын жасауы, мақсаты, ізденісі, ел үмітін ақтай білуі. Студенттердің білікті маман ретінде үйлесімді қалыптасуы мен дамуы өзін-өзі тани білгенде ғана жүзеге аспақшы.

«Өзін-өзі тану» адамгершілік-рухани білім беру бағдарламасының басқа бағдарламалардан айырмашылығы Қазақстанның білім жүйесінде педагогтарды жеке тұлға тәрбиесін ізгілендіруге бағыттап, өскелең ұрпақтың өзіндік «Менін» қалыптастыруды көздеуінде болып отыр. Студенттердің бойындағы ізгілікті мақсат, көтеріңкі көңіл-күй, өзіндік ерекшелігі арқылы өз ортасына деген сүйіспеншілік, сыйластық, бауырмалдық, жауапкершілік, кішіпейілдік секілді асыл қасиеттері шыңдалады. Өмірге үйлесімділігі дамытылып, олардың дене, интеллектуалдық, эмоционалдық, психикалық және рухани дамуы қамтамасыз етіледі (3,87).

Жастар жүрегіндегі отты сөндірмей, өмір талабына сай үлкен талант иесі, тұғыры биік маман ретінде жоғары оқу орындарында дайындауда «Өзін-өзі тану» пәнінің рөлі зор. Студенттердің өзіндік мүмкіндіктерін ашу арқылы адамгершілік –рухани жан дүниесі дамытылады. Рухы күшті ел озады. Осы тұрғыдан алғанда еліміздің болашағы – оның білімді, талантты, адамгершілік асыл қасиеттерді бойына сіңірген тәрбиелі ұрпақ қолында. Мұғалім мамандығы – ең қиын да маңызды, жауапкершілікті әрі

қызықты мамандық. Сондықтан да болашақ педагогтар ерік-қайраты күшті, мінезге бай, адамгершілік пен кәсіби тұрғыда өз ісінің шебері болуы тиіс. (4,65)

Қазіргі заманауи білім беру жүйесінде педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіне нақты өзгерістер енгізу арқылы Бүкіл дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіру көзделіп отыр. «Болашақ энергиясы» айдарымен Бүкіләлемдік ЭКСПО–2017 көрмесінің Астанада өткізілу дайындығына жоғары оқу орындарында тәрбиеленіп отырған болашақ мамандардың үздік тәжірибелік жұмыстары мен өнертабыстары экспонатталып, білім жетістіктері еңбек майданына енгізілуі жоспарланып отыр.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінде студенттер оқытудың вариативті элементтерін өз еркімен таңдап, өз қабілеттеріне бағыттайды. Дәрістер мен практикалық сабақтарда интерактивті тақтада бір мезетте мәтіндік, аудио, бейне құжаттарды DVD, CD-ROM және Интернет ресурстарын қосып, ақпарат сақтау, белгі жасау т.б. компьютердің қосымша құрылғыларын және бұқаралық ақпарат құралдарын пайдаланады. Студенттер іздену мен зерттеу жұмыстары арқылы өзіндік жұмыстарының нәтижесіне жетеді. Кәсіптік бағдар «Өнертапқыштық тапсырмаларды шешу теориясы» әдістемесін пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

2013 жылы 28 қазанда Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің оқытушылары Краков қаласындағы (Польша) Ғылым және технология университетінің профессоры, РнД докторы Марек Бергандердің «Professional skills of public speaking and presentations in the educational process» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-әдістемелік семинар жұмысына қатынасып, өз білімдерін көтерді.

Жақында бір топ ғалымдар мен әдіскерлер Шалқар қалалық білім бөлімінде іссапармен болып, «Әлемдегі адам және адам әлемі: өзін-өзі тану теориясы мен практикасы» тақырыбындағы Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығының әдіскері М.К.Жұбандықованың ұйымдастыруымен үш күндік облыстық семинар-практикум жұмысын өткізіп, «Өзін-өзі тану» адамгершілік-рухани білім беру бағдарламасы бойынша тұлғаның өмірге үйлесімді дамуын қалыптастыру туралы тәжірибелерін ортаға салды. Баяндамалар жасалып, понорамалық сабақтар көрсетіліп, әдістемелер слайд материалдары арқылы түсіндірілді. Сөз соңында айтарымыз – ұлттық білім беру жүйесін жаңа арнаға бұру, нәтиже мен сапаға бағыттау, бәсекеге қабілетті маман тәрбиелеу өзекті мәселе, заман талабы.

Әдебиеттер

1. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан – 2030» стратегиясы.
2. А.Савельев. Технология обучения и их роль в реформе высшего образования.М., – № 2, 2010.
3. Жоғары оқу орындарында өзін-өзі тану пәнін оқыту әдістемесі. Алматы, Бөбек – ҰҒПББСО -2007 – 96 б.
4. Толыбаев Қ. Бабадан қалған бар байлық. – Алматы: Қазақстан, 2000.

АРАЛ ӨҢІРІНДЕГІ ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ОРТАҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЛА МӘДЕНИЕТІНІҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ассириялықтардың, парсылардың, гректердің, римдіктердің, қытайлықтардың жазба деректері қазақ халқының тарихын зерттеп, зерделеуге өлшеусіз үлес қосып отыр. Б.з.д. VIII–IV ғасырлардағы жазба деректерде Арал-Каспий және Сырдария аймақтарын алғаш мекендеген массагеттер, савроматтар туралы мәліметтер бар. Әлем авторларының мәліметтеріне сүйенсек, Каспийдің және Сырдария бойында өмір сүрген дайлар (дахи, даги) бірнеше туыстас ру, тайпалық топтарға – апарналарға (карпов), ксанфийлерге және писсурларға бөлінгенін көреміз. Демек, бұл – Арал аймағында ерте кезден материалдық және рухани мәдениеті, тұрмыстық жағдайы мен этникалық ерекшеліктері өте ұқсас, күшті тайпалары болды деген сөз.

Соңғы кездегі зерттеулер нәтижесінде жүздеген тұрақты қоныстар мен қалалардың көне жұрты табылып отыр. Бұл қалалардың пайда болуы және даму тарихы бізге археологиялық және жазба деректерден мәлім болуда. Осы қазба жұмыстары барысында сол қалалардың терең тамырлы материалдық, мәдени дәстүрлері болғаны анықталып отыр. Арал маңындағы Шірік-Рабат және Баланды қалаларын зерттеу, олардың бірнеше бөліктен тұратынын, қаланың ішкі бекіністі бөлігі – цитадельге билеушінің ордасына және сыртқы бөлікке бөлінгенін көрсетуде. Билеуші ордасы маңында ақсүйектер мен оларға қызмет етушілердің тұрақтары орналасқан. Орталық бекініс пен оларға қызмет етушілер айналасына біртіндеп сауда-кәсіпшілік қалашығы өсіп, көп ұзамай осы қалашық шаруашылық орталығына айналғаны байқалды. Қалада әскери-инженерлік, әсем архитектуралық құрылыстардың және өте жоғары дамыған құрылыс техникаларының болғандығын зерттеу барысында айқындалып отыр.

Қазба кезінде табылған материалдың мәдениет деректері – көптеген бұйымдар мен түрлі заттар б.з.д. VIII–IV ғасырларда Аралдың шығыс өңірін мекендеушілердің тұрмыс-тіршілігі мен мәдениеті бейнесін толық сипаттайды. Көнеден сыр тартар табылған заттар қатарында жергілікті шеберлер жасалған қолөнер бұйымдары, ыдыстар, пышақтар, әшекей-сәндік бұйымдар, түрлі құралдар, ат әбзелдері мен қару-жарақтар бар. Археологтар жинаған осы орасан көп материалдар бағзы замандардағы қолөнер түрлерінің қалай туып, қалай дамып, қандай дәрежеге жеткенін шамалауға мүмкіндік береді.

Аралдың солтүстік батысынан табылған Тоқсанбай, Айтман және Манайсор I, II, III тұрақтары мұнда елдің ұзақ уақыт мекендегенін аңғартады. Ең ерте салынған Тоқсанбай қонысынан табылған материалдардың б.з.д. IV мыңжылдықта жасалғандығы белгілі болып отыр.

Тұрғындардың бұл жерді таңдауына бірнеше себеп бар сияқты: ең бастысы сыртқы жаудан қорғануға тиімділігі, тұщы судың жақын болуы, аң мен құстың мол болуы. Тұрғын үй мен шаруашылық құрылыстарын салуға тиімділігі де ескерілсе керек, өйткені үй салушының құрылыс материалы ретінде улытас плиталары мен ізбіс қолданылған, үй еден пеші арқылы жылытылған.

Қазба жұмыстары ежелгі Арал аймағы тұрғындарының үй салуға ерекше мән бергендігін байқатады. Үй салу үшін тас кірпіш, шикі кірпіш, күйдірілген кірпіш, пайдаланылған. Қыш өндірісінің дамуы жергілікті саздың, топырақтың қасиетіне байланысты болған. Бұл аймақта қыш өндірісі – қаштан ыдыс жасау ерекше дамыған. Саз балшықтан ерекше сойынды, бүйірлі құмыралар және түрлі ыдыстар жасалған, олардың көбісінің сыртындағы ирек, шаршы, шырша тәрізді сызықтар сол кездегі қол өнершілердің өзіндік ерекшеліктерінен де хабар бергендей. Арал маңы тұрғындары Орта Азия отырықшы-егінші өркениетімен тығыз байланыста болған, сол жақтағы кейбір

құрылыс әдістерін өздерінің жұмысына қолданған. Бұл әсіресе, мавзолейлер, кесенелер салу үшін шикі кірпіштер дайындау тәсілдерінен аңғарылады.

Осындай көп жәдігерлердің бірі Сырдарияның төменгі ағысында б.з.д. 1 мыңжылдықтың басынан бастап қалыптасқан Жетіасар мәдениеті еді. Қазір бізге Жетіасарға енетін ондаған қалалардың ескі жұрттары мен көне қоныстар іздері, солардың маңына орналасқан обалар белгілі болып отыр. Осылардың ішіндегі ең ескі жұрттардың бірі – Алтынасар. Мұндағы «Үлкен үй» және «Кіші үй» деп аталатын ғимараттардың ашылуы нәтижесінде қыштан жасалған заттарға, ыдыстарға салынған күннің символы (күннің таралу сәулелері) түріндегі тақталар сол кездегі адамдардың табиғат күштеріне, күнге, күн құдайына табынғандығын көрсетеді. Алтынасар – көне қалалардың ең ірісі, көлемі 6 гектарға жуық жерді қамтиды, үйлер орама тәрізді болып орналасқан. Алтынасардан табылған көптеген заттар сол замандағы шаруашылық пен қолөнердің дамуы жайлы көптеген мәліметтер береді.

Жетіасар мәдениетіне жататын өңір суландыру құрылыстарының дамуымен ерекшеленеді. Осылардың ішінен зерттелгендері: Бидайықасар, Томпақасар, Үңгірліасар, Жетіасар мәдениетіне жататын бейіттер обаларға жинақталған, бұлардың ішіндегі монументті ғимараттар-мавзолейлер түріндегі бейіттер назар аудартады.

Бұл өңірдегі қазбалар ежелгі адамдардың темір қорыту кәсібін жете игергенін байқатады. Мәселен, Арал маңы тұрғындары өмірінде металлургия және тау ісі маңызды роль атқарған. Тоқсанбай қонысы арнайы мамандандырылған металлургия орталығына айналып, қоладан және темірден көптеген бұйымдар жасалған. Бұған қазба кезінде табылған қанжар, пышақ, жүгеннің темір бөлшектері мен көптеген бұйымдар, кен орындары мен металлургия өндірісі қалдықтары – шлактар, қорытпа қалдықтары, металл қорытуға арналған ыдыстар, рудаларды ұнтақтайтын құралдар дәлел бола алды.

Бейіттерден табылған заттар Арал маңы тұрғындарының, материалдық мәдениетінің кейбір белгілерін анықтауға мүмкіндік береді. Арал теңізінің солтүстік батысында, Жем өзенінің солтүстік жағалауына Аралтөбе обалар топтары орналасқан. Бұл жерде табылған қолданбалы өнер шығармалары жергілікті тұрғындардың көркемдік талғамынан хабар беріп аңстилі деп аталатын ерекшелікті шебер игергенін көрсетеді. Сол сияқты зергерлік өнерде бұғының, жылқының, арқардың, барыстың, арыстанның, самұрық құстың бейнелерін салу әдісі көп тараған. Оған 2 обадан табылған заттар дәлел бола алады. Олардың ішінде қару-жарақ, ер-тұрман, тұрмысқа қажетті бұйымдар да бар. Б.з.д. II ғасырларда өмір сүрген тайпалардың тәңір діні мен күнге, айға, жерге, отқа табыну наным-сенімі болғанын байқаймыз. 2-обада жерленген ер және әйел адамдар 45-55 жаста, бұлар ерекше құрметпен жерленген, себебі, олардың жанынан екі ат, қылыш, қанжар, найза, жебе, теріден жасалған ыдыстар табылып отыр. Қабір бірнеше рет тоналса да, одан әртүрлі алтыннан жасалған 400 -ге жуық бұйым табылды. Осы жерден бүркіттің скелеті мен аң стилінде денесі арыстан, басы самұрық құс түрінде жасалған алтынмен қалталған сабы бар, темірден жасалған асатаяқ табылуы ғалымдар назарын аударуда.

VIII ғасырдың ортасында оғыз тайпалары Жетісу жерінен Сырдарияның орта және төменгі ағысына қоныс аударған және оған таяу Батыс Қазақстан жерінде IX-XI ғасырлар аралығында өмір сүрген. Сол сияқты олардың бір бөлігі Қаратау бөктерін мекен еткен. Олар Кенгар пегекектің бірлестігімен ұзақ жылдар (IX-Xғғ) бойы соғысып, Арал теңізінің батысы мен Каспий теңізінің солтүстігіндегі жерлерді басып алады. Бұл соғыстар оғыз тайпаларының, саяси жағынан топтасып қалыптасуына жағдай жасайды. Оғыз тайпалары IX-XI ғасырларда Батыс Қазақстан мен Сыр бойына мекен етті. Бұл өңір сол тұста Сүткент, Сығанак, Қарнақ сияқты сауда-саттығы өркендеген қалалармен белгілі еді. Ол дәуірдегі оғыздар астанасы – сыр бойындағы Жанкент шаһары. Оғыздардың Жент, Жанкент, Қора қалалары, кыпшақ мемлекеттік бірлестігінің астанасы болған Сығанак шаһары қазақ елі мен мәдениетінің қалыптасуына, өсіп-өнуіне, дамуына негіз болды. Кейіннен түрлі себептерге, оқиғалар мен жағдайларға байланысты қирап, жойылып кетті. Бұл күнде аталған қалалар мәдени мұра, өткеннің ізі ретінде еліміздің тарихын

таразылауға үлкен мәнге ие болып отыр. Көне тарихқа көз салсақ бұл қалалардан аты әлемге әйгілі ғұлама ғалымдар, ақын-жыршылар, өнер адамдары көп шыққаны белгілі. Солардың бірі – бүкіл түркі дүниесіне абыз ретінде танылған, әлем халқы күй атасы ретінде мойындаған Қорқыт екендігі анық.

Жанкентте өмірге келген Қорқыт – күйі мен жыр атасы болуымен қатар қасиетті мекенді қорғауға, ел арасындағы жанжалды тыюда, халықтың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін дамытуда ақылгөй болған адам. Бұл туралы деректерді «Қорқыт ата кітабынан», «Оғызнамадан» көреміз. Жалпы алғанда, бұл құндылықтар көне түркі мұралары болумен қатар, сол тұстағы түріктестес халықтардың, оның ішінде қазақ халқының мәдени келбетін, ұлттық психологиясын қалыптастыруға елеулі үлес қосқан дүниелер. Мұнымен қатар, Арал теңізінің, шығысынан Хорезм өлкесіне дейінгі аралықта, сыр өзенінің сол жағалауларын мекендеген бабаларымыз қазақ тарихы мен мәдениетінде өзіндік орны бар, сәулет өнерінің үздік үлгісі болып табылатын Жанкент, Сырлытам қала, Жент, Қабылқала, Аркөк, Өзгент, Қапалақ сияқты қалаларды салғаны белгілі. Бұл қалалардан дәуірінің озат ғалымдары, ақын әдебиетшілері, тарихшылары, діндарлары шықты. Атап айтар болсақ, олар: Жент қаласынан шыққан – Інас ад-Дин Әбу-л Мадж Мухамед – әдебиетші ақын, Баршынкенттен шыққан Хусам ад-Дин әл Баршыңлығы пайғамбарлар туралы қызықты шығарма жазған. Сол сияқты ежелгі қазақ жерінен шыққан ортағасырлық ғұламалар Мухаммед Әл-Женди, Сирадж Баршкенти, молда Ахмет Әл-Женди оқымыстылардың болуы бүгінгі қазақ мәдениетінің тақыр жерде пайда болғанын ықылым (атам заманнан) заманнан келе жатқан сарқылмас мол қайнарлы болғанын көрсетеді. Бұл оқымыстылардың шығармалары парсы, араб, түркі тілдерінде жазылған. Оларды қазақтың қазіргі қолданып жүрген тіліне аударып, жұртшылық игілігіне айналдыру – күн тәртібіндегі іс. Қорыта айтқанда, орта ғасырдағы Арал маңы жерінен шыққан ғұлама ғалымдар қазақ халқының мәдениетіне, дүниетанымына, салт-дәстүріне, жол-жоралығына негіз қалады. Олардың бәрі де адамгершіліктің асыл қасиеттерін орнықтырушы болды.

Арал аймағындағы қалалар қазақ халқының мәдениетін, салт-дәстүрін қалыптастыруға өнерін өркендетуге үлкен үлес қосты. (Оған дәлел ретінде Арал теңізінен кепкен табанынан табылған орта ғасыр қала мәдениетінің ерекшеліктері көптеген ғасырлар бойы даламызда қалалық мәдениеттің болғанын айқындай түседі. Археологиялық ескерткіштерден, ортағасырлық қалалардың, қалдықтары, оның жанындағы тастардан, күйдірілген қыштардан қаланған күрделі құрылыс – мавзолейлердің қираған орны екені анықталды. Олар шартты түрде «Араласар» қалдықтары, ал мавзолей «Күрделі-2» аталды.

Араласар қалашығының жалпы көлемі 6-ға шамасында, жоғарғы жағы, шаруашылық, тіршіліктің, қайнаған көзі болған диірменнің үстінгі тасы, керамикалық тастар, темір және қола бұйымдары осының, айғағы. Кердері-2 мавзолейі жанында екі мемориалдық құрылыс және үш күйдіретін пештер бар. Пеш табылған орынды қазғанда, алуан түрлі бұйымдар: ас үй құмыралары, қақпақтар, тандырдың сынықтары су құятын көзге және аса әдемі құмыра табылды.

Арал өңірі қалаларының саяси-экономикалық деңгейі археологиялық қазбадан табылған нумизматикалық деректер барысында одан әрі анықтала түсуде. Осыған байланысты Арал өңірі қалаларының тарихындағы ақша айналымындағы көрініс – саяси және әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуде ерекше орын алған, сондықтан да Жент пен Баршынкент, Өзгент, Күмқала және Сығанақ қалаларынан табылған теңге ақшалар олардың сауда-тауар айналымы қатынастарын көрсетеді.

Жендтегі теңгелер Жәнібек Хан (XIV-Пжартысы), мың теңгелер XV–XVI ғасырларда Шайбанилер әулетінің атынан Ташкентте соғылған, Баршкент мыс, күміс теңгелерінде Жошы әулеттерінің және Әмір Темірдің есімдері қашалған. Сөйтіп, Арал аймағында ақша айналымында Сығанақ, әл-Жәдид сарайында, Хорезмде соғылған күміс және мыс теңгелер көп тараған. Орта және кейінгі орта ғасырларда Қазақстан, Алтын орда, Ираннан «әкелінген», әсіресе орта Азиялық ақшалар және XVII ғасырлардағы орыс мыс тиындары,

теңгелер, Арал өңіріндегі қалалардың ақша айналымында жүрген.

Арал өңірі қалаларының нумизматикалық деректерін тұжырымдай келгенде, Жезд пен Баршынкент қалалары XIII-XV ғасырларда Хорезмнің ықпалында болып, іс жүзінде Поволжьеңің, Алтын орданың, Түркістан қалаларының сауда аймағында өмір сүрген. Олардың соңғы XVI ғасырдағы нумизматикалық деректері Орта Азия мен Түркістан ақша айналымының қала мен дала арасындағы дәнекер болғанын, бұл тұста олардың экономикалық жағынан дамыған қалалар екенін көрсетеді.

Қорыта келе, Арал өңіріндегі қалалардың халқымыздың көшпелі тайпалардың рухани, мәдени дамуына тигізген әсері зор болды деген тұжырым жасаймыз. Көшпелілер қалаларға азық-түлік, мал өнімдерін апарып, олардан киім-кешек, әбзел, құрал-сайман, қару-жарақ, сондай-ақ темірден, қоладан, қыштан, фарфор мен фаянстан, шыныдан жасалған ыдыс, аяқ-табақ, сәндік бұйымдар алып тұрған. Қала қолөнершілері егіншілік, диханшылықпен айналысатын отырықшы тайпалармен тығыз байланыстар жасап тұрған.

Әдебиеттер

1. Археология. Қазақстана. – Алматы: Өнер, 2006. -С. 6-59
2. Мәмиев Т. Ертедегі Асанас қаласы. – Қызылорда, 2006. -51 б.
3. Мәмиев Т. Археология. – Қызылорда, 2004. -50б.
4. Археология Қазақстана. – Алматы: Өне», 2006. - 46с.
5. Айдосов А.Х. Арал өңірінің әлеуметтік-экономикалық проблемасы және нарықтық экономика жағдайында тұрғындардың тіршілік ету процестері. – Қызылорда, 2006. -128 б.
6. Мәмиев Т. Археология. – Қызылорда, 2004. -88 б.

А. Ғ. Ибраева
Астана қ.

ЗАМАНАУИ УАҚЫТ ТАЛАБЫ ЖЕЛІСІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ТАРИХ

Отан тарихын зерделеу Ұлы даланың қай дәуіріндегі болмасын маңызды оқиғаларымен байланысты жүзеге асырылуға тиісті. Тәуелсіздік алғалы Қазақстан тарихы жан-жақты ғалымдар тарапынан жан-жақты зерттелуде. Тарихи кезеңдердің бейтаныс беттері ашылып, дара тұлғаларымыздың есімдері мен ерен еңбектері, халқымыздың тарихында алатын өзіндік рөлі көпшілік назарына ұсынылды. Мұндай игі бастама Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Тарих толқынында» кітабының жарық көруімен, қатпарланған тарихымыздың келелі мәселелерін әлемдік және ұлттық зерделеудің, жаңаша әдіснамалық ізденістің тамаша үлгісі болып табылады.

Бұл бастаманың лайықты жалғасы ретінде ұлт тарихын зерттеуге жаңа серпін берген маңызды іс-шара Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы М.М.Тәжиннің төрағалық етуімен болған алқалы кеңес. Ұлттық тарихтың құндылықтары «Нағыз ұлттық қадір-қасиет ұлттық тарихтан басталады» – деген қағидалы көзқарас пен түйінді тұжырым батыл білдірілді. Сонымен қатар, тарих ғылымының рөлінің өзгергендігі баса айтылып: «Біздің тарихнамамыз өзінің әдістемелік және тілдік құралын қатты өзгертуге тиіс. Қазақстанның тарих ғылымының алдында нақты сынақ тұр, ол сынақтың жауабын табуға әбден-ақ болады», – деген Марат Мұхамбетқазыұлы ұлттық тарих мәселелерін танымдық ұстанымдардың биігінен қарастыру қажеттігін жиылған қауымға жеткізді. Бұл қағиданың өзі Елбасының «Біз ұлттың тарихи санасын қалыптастыру жұмысын жалғастыруымыз керек» деген дәйегінен туындап отырғандығын аңғару қиын емес. Ендігі мақсат

ғалымдарымыз ұлттық тарихымыздың шынайы беттерін ашу арқылы «Қазақстан-2050» стратегиясын жүзеге асыруға баға жетпес үлестің қосылатынына сенімдіміз.

Осы уақытқа дейін біздің ғылыми тарихымыз бірнеше рет талқыға салынып, үнемі басқа біреулер тарапынан жазылып келді. Осыншама талқыға салынатындай тарихымыз соншалықты біреулерді қызықтырды ма? Әрине, мұның бәрі отарланған халықтың санасын улап, дүбәрә ету, түп-тамырымен жойып жіберудің амалы болатын. Сондықтан, бүгінгі күнге дейінгі жазылған тарихымызға қайта қарау, ғылыми танымның заңдылықтарымен дәйектелген, деректік негізі тыңғылықты тарихты жазу күн тәртібіне қойылып отырған маңызды мәселе. Осы тұрғыда Мемлекеттік хатшы М.Тәжиннің баяндамасында: «Тарих ғылымына феноменология мен герменевтика әдістерінің енуі тарихи зерттеулердің сипатының өзін едәуір өзгертіп жіберді. Ендігі жерде тарихшы фактілерді тізбелеп, суреттеп отырушы, оқиғаларды тек «тіркеуші» емес. Ендігі жерде тарихшы «пайымдаушыға» – зерттелетін уақыттың ішкі мағынасына ой жіберетін ғалымға, фактілерді жай зерттеп қана қоймайтын, нақты қоғамның құндылықтарын, жөн-жосықтарын, моралін «түсінуге» қол жеткізетін ғалымға айналуға тиісті», – деп ерекше атап көрсетілді.

Ұлттық идеялар мен этникалық ұқсастықтың даму жағдайы мемлекеттігіміздің даму ырғағы мен тарихын зерттеуге, терең жан-жақты, саудаға салынбаған, абстрактілі және қарапайым қадамдарды қолдануды талап етіп отыр. Сонымен қатар, тарихшыларымыздың көпшілігі әлі де өзінің зерттеу ғылыми қызығушылығынан шыға алмай, тек сол тақырыптың көлемінде айналшықтап, тарихи таным теориялары мен әлемдік және аймақтық тарихтың аралас мәселелерінен тыс қалғандығын да баса айтып кетуге болады. Осыған орай, ұлттық тарихты зерделеудің теориялық негіздері ретінде мына бір мәселелер зерттеушілердің назарынан тыс қалмауы керек деп ойлаймыз.

Біріншіден, тарихшының зерттеу тақырыбының нақты таңдалуы. Тақырыптың дұрыс таңдалуы бүкіл зерттеу жұмысының барысында маңызды болып табылады. Тақырыптың аясы кең, тың мәселені қамтуы қажет. Бүгінгі магистрлік, PhD докторлық диссертациялардың тақырыптарының маңыздылығын, қайталанбауын қадағалап отыратын ҚР БЖҒМ-і жанындағы Ғылым комитетінің құзырында болатын үйлестіруші Кеңес қажет деп ойлаймыз. Себебі, бұл диссертациялар ғалымдар тарапынан талқыға түсіп, көпшілік алдында қорғалатындықтан, таңдалған тақырып тың, терең әрі маңызды болуы қажет. Сондықтан, бұл мәселеге министрлік және ЖОО-ы тарапынан ерекше мән берілген жөн.

Екіншіден, өзектілігі – кез келген тарихи зерттеу өзектілігінің теоретикалық негіздемесі терең әрі толық ашылған мазмұнды болуы тиіс. Өйткені таңдалған тақырыптың өзектілігін неғұрлым терең түсіну, әрі пайымдау негізінде оның мазмұны толық дәйектеледі.

Үшіншіден, мәселелігі жоғарыда айтылған ұлт тарихының тарихи-мәдени құндылықтары ескеріле отырып, этномәдени ерекшеліктеріне сай жан-жақты пайымдалған, Ұлы даланың тарихи оқиғалары қазақ мемлекеттілігінің даму эволюциясы көшпелілер өркениетінің даму заңдылықтарына сай сараланған мәселелі тарих жазылуы тиіс.

Төртіншіден, шынайылығы – тарихи зерттеуде мәселенің қойылуына байланысты, соның ішінде Отан тарихының уақыт өлшеміне, яғни, ежелгі дәуірден қазіргі кезеңге дейінгі тарихи межемен байланысты жекелеген мәселелерімен (қоғамтану, түркітану, исламтану, қыпшақтану, алаштану, қазақтану, тұлғатану) байланысты пайымдалған жөн.

Бесіншіден, әдіснамасы. Ұзақ жылдар бойы тарихымызды зерделеуде кеңестік идеологияның шеңберімен құрсауланған формациялық методология қолданылып келді. Осыған орай, ұлт тарихының этномәдени ерекшеліктері мүлдем ескерілмей, жалпылама әмбебап тарих түрінде түсіндірілді. Онда қазақ мемлекеттілігі генезиссіз, эволюциясыз, мемлекеттік құрылымдар типологиясының дамуынсыз, жанамалай сипатталды. Ежелгі

дәуірден бүгінгі тәуелсіз тарихымыздың баяндалуына үнілсек, үзілді-кесілді тарихи оқиғалар желісі баяндалады.

Бүгінгі Отан тарихын зерделеу мәселесінде дүниежүзілік ғылым оның өркениеттік, ментальдық, логикалық, реконструктивтік әдістердің тиімді қолданылып, жоғарыда айтылған мәселелерді жаңаша көзқараспен, жан-жақты, терең, мазмұнды пайымдау Ұлт тарихына деген қызығушылықты арттырып, болашақ ұрпақтың бойында патриоттық сезімді сіңіру мақсатында жұмыс істеуге мүмкіндік беріліп отыр.

Осы тұста айта кететін бір маңызды мәселе кезінде Елбасының атсалысуымен қолға алынған «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында бұрын соңды беймәлім болған жаңа шығыс және батыс еуропалық жазбаша, мұрағаттық, ауызша дереккөздер мен материалдар, артефактлер ғылыми айналымға енгізілді. Осындай көлемді жұмыстың нәтижесінде Қазақстан тарихы, этнографиясы мен өнеріне тиесілі 5 мыңға жуық жаңа қолжазбалар мен баспалық басылымдар анықталған екен. Енді елімізге жеткізілген жазба деректерді ғылыми айналымға енгізіп, болашақ ұрпаққа құнды Отан тарихының құнды оқулықтары мен ғылыми еңбектерін жазу қажет.

Көңілге қонымды жайт биылғы оқу жылынан бастап Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде тарих факультеті ашылып, көпшілікке арналған тарихи-ғылыми журнал жарыққа шығатын болады. Әлемдік ғылым шеңберінде өзіндік лайықты орны бар классикалық мамандық болып келген тарихымыз біраз уақыт бойы біресе филологияның, біресе әлеуметтік ғылымдардың құрамына енгізіліп, өзінің атын жоғалтып ала жаздаған еді. Тарих факультетінің ашылуы алдағы уақытта тарихшы мамандардың көбеюіне, арнайы жаңа кафедралардың ашылуына, кәсіби мамандардың қалыптасуына, Отан тарихының іргелі мәселелерін зерттеумен тыңғылықты айналысуға зор ықпал ететіні сөзсіз.

Бүгінгі таңда қоғамды оқулық мәселесі алаңдатады. Тұтастай алғанда, отандық оқулықтар қалай жазылады, оны кімдер жазуы тиіс? – деген сұрақтар әрбіреуімізді толғандырмай қоймайды. Біздіңше, қалай жазылу керек дегенде отандық оқулықта ұлттық мұрат, елдік мүдде алдында тұруы тиіс. Онда арғы-бергі тарихымыз шынайы тарихи заңдылықтарға негізделіп, танымал тұлғалардың тағдыры мен тағылым, қозғалыс-көтерілістердің себеп-салдары анықталған шынайы шындығы, империялық-отаршылдық, әкімшіл-әміршіл жүйенің түп-төркіні кеңінен ғылыми тұрғыда дәйектелуі қажет. Осы тұрғыда, осы ұлан-ғайыр территорияда өзінің мемлекетін құрған рухы биік қазақ халқының дәріптелуі, қазақ қоғамындағы гуманизм мен демократиялық ерекшеліктер ескерілуі керек. Оқулықтар жазу барысында бүгінгі таңда ашылып жатқан деректік материалдар орынды пайдаланылып, кез келген тарихи кезеңдер мен оқиғалар желісі терең, әрі мазмұнды берілуге тиіс. Оқиғалар желісі үзілген, жұлмаланған тарихымызды толық, тыңғылықты баяндау оқулық жазушыларға үлкен жауапкершілікті жүктеп отыр. Сырттағы Отан тарихына қатысты талай деректер аударылды. Енді сол деректерді ғылыми айналымға енгізіп, тарих тілімен сөйлету тарихшылардың міндеті.

Ойымызды жинақтай келсек, бүгінгі тәуелсіз елімізде ешкімге жалтақтамай беріліп отырған мүмкіндікті пайдаланып, болашақ ұрпақтарымызға ұлтымыздың тұңғығы терең, қатпарланған шынайы тарихын жеткізуіміз қажет. Осы бағытта жұмыла еңбек етсек, зор нәтижелерге қол жеткізерміз деген сенім мол.

ХІХ ҒАСЫРДЫҢ ІІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ДЕМОКРАТИЯШЫЛ ОРЫС ЖӘНЕ XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ САЯСИ КӨЗҚАРАСТАРЫ

ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы революциялық жағдай Ресейдегі әршенділер азаттық қозғалысының жаңа кезеңінің басталуына негіз болды. Бұл әлеуметтік топтың өкілдері самодержавиеге қарсы шығып, оның ең басты қатысушыларына айналды. Әршенділер кезеңі азаттық қозғалыс территориясы аясының кеңеюімен сипатталады. Революциялық-демократиялық қозғалыстар тек Петербург, Мәскеуде ғана емес, сонымен қатар Украина, Прибалтикада етек ала бастады. Революциялық демократия идеологиясының Сібірге енуіне қолайлы жағдай туындады. Жергілікті жастардың азаттық қозғалысқа араласуы екі жолмен: революциялық-демократиялық ұйымдарға кіру (И.А.Худяков, П.З.Елисеев, М.Н.Загибалов, С.Я.Капустин, И.Н.Орлов, В.В.Чуйко) және сібір облысшылары секілді қоғамдық пікірдің спецификалық ағымында болумен жүрді. Бұл екі топтың арасында ешқандай да шекара болмады. 60-шы жылдардағы облысшылар, атап айтқанда, Г.Н.Потанин мен Н.М.Ядринцев қозғалыстың бағдарламасын жасап шығу үшін А.П. Щаповтың облысшылдық-федералистік теориясын қолданды. Қозғалыстың ең белсенді жақтастары Г.Н.Потанин, А.П.Щапов, Н.С.Щукин, М.В.Загоскин, И.М.Федоров – Омулевский, В.И.Вагин, Ф.Н.Усов, А.Нестеров, А.Д.Шайтанов, С.С.Попов, Н.Н.Пестерев, Е.Я.Колосовтар болы. Әлеуметтік жағдайлары бойынша бұлардың арасында тумасынан дворян ешкім жоқ, барлығы әршенділер еді. Өздерінің мүмкіндіктері мен қажырлы еңбектеріне қарамастан олардың көпшілігі жоғары білім ала алмады, басты себеп қаржы жетіспеді. Олардың биографиясымен танысу барысында көзге ілінетіні – олардың дарындылығы, жазу ісіне, әдебиетке бейімділіктері. 60-шы жылдардың ортасында Г.Н.Потанин, А.П.Щапов, Н.С.Щукин, М.В.Загоскин, И.М.Федоров – Омулевский, В.И. Вагин демократиялық басылымдарда өздерінің шығармаларын жарыққа шығарды.

Облысшылардың қоғамдық-саяси көзқарастары мен пікірлері бірінші революция жылдарында қалыптасты. Сонымен қатар қозғалыс бағдарламасының жасалуына декабристер, петрашевшілер, поляк саяси қуғындары мен П.А.Словцовтың жұмыстары әсерін тигізді. Облысшылардың идеологиялары мен бағдарламаларының қалыптасуына себепкер болған алғашқы орыс утопистік социалист-петрашевшілердің ықпалын айта кету керек. Сібірде айдауда болған (М.В.Буташевич-Петрашевский, Н.А.Спешнев, С.Ф.Дуров, Ф.Н.Львов) олар облысшыларға ықпал жасады.

Біріншіден, петрашевшілер Ресейдегі азаттық қозғалыс тарихында алғашқы болып социалистік революция жеңісінен кейін өзін-өзі басқару мен федерализм принциптерін қалыптастырды. Теориялық тұрғыдан олар бірнеше республикалардың өз еркімен бірігуіне жол берді.

Екіншіден, алғаш рет Р.А. Чернословитов Шығыс Сібірдің Ресейден бөлініп, болашақта өз алдына бөлек мемлекет болып шығуы туралы пікірді айтты.

Үшіншіден, Р.А. Чернословитов басты рөлге Сібір ие болған қарулы көтерілістің жоспарын жасап, дайындады.

Төртіншіден, алғаш рет петрашевшілердің жоспарында облысшылар атап көрсеткендей, қозғалыстың негізгі күшіне айналу керек болған аймақтағы әлеуметтік топтар пайда болды.

Аймақтың әлеуметтік-экономикалық мәселелерінің дамуын көрсеткен П.А. Словцов "Сібірге тарихи шолу" еңбегі арқылы облысшылардың Сібір аймағын зерттеуге деген қызығушылықтарын арттырды. Осындай қоғамдық-саяси ағымдардың әсерінің арқасында 50-ші жылдардың соңында декабристер мен петрашевшілердің революциялық және

ағартушылық тәрбиесін көрген, қарапайым халық пен патша әкімшілігінің қызметін бақылаған облысшылардың көзқарасы нақты түрде революциялық-демократиялық болып қалыптасты. Одан әрі қарай көзқарастарының дамуына себеп болған XIX ғасырдың 50-ші жылдарының соңы – 60 жылдардың басындағы сібір жастарының Петербург, Мәскеу, Қазандағы жоғары оқу орнына келуі [1].

Еуропалық Ресейдегі сібір жастарының қоғамдық қызметі Г.Н.Потанин мен Н.М.Ядринцев дайындаған Петербургтегі сібір жерлестері ұйымы арқылы жалғасын тапты. Дәл осындай ұйымдар Қазан мен Петербургте 1859 жылға дейін жұмыс жасады. Қатысушы жастардың идеясын дамыту мақсатында өз кітапханаларын ашты және пәтерлерде бас қосып Сібірдің өзекті мәселелерін талқылады. Осылайша, 1861 жылы қыркүйекте А.Н.Балакшин мен А.Н. Урбановский студенттер толқуларына қатысқандары үшін университеттен шеттетілді.

1860 жылдың соңына қарай Г.Н.Потанин мен Н.М.Ядринцев ұйымды қайта ашып, 20 шақты студентті жинады. Г.Н.Потанин, Н.М.Ядринцев, Ф.Н.Усов, Н.И. Наумов, С.С.Шашков демократиялық журналдармен бірігіп жұмыс жасай бастады. 1860-1861 жылдары Г.Н. Потаниннің, 1863 жылы "Искра" газетінде Н.М.Ядринцевтің мақалалары жарық көрді. 60 жылдардағы буржуазиялық реформаларға революциялық-демократиялық көзқараста болды.

1861 жылдың күзіндегі студенттер көтерілісінде Г.Н.Потанин ұсталып Петропавл бекінісіндегі түрмеде 2 желтоқсанға дейін қамауда болды. Жалпы алғанда, 1861 жылғы студенттер толқулары революциялық бағытта болды. Бірақ бұл студенттердің үкіметпен алғаш соқтығысуы еді. Қозғалыс жақтастарының көпшілігі федерализмді революциялық-демократиялық позицияда қабылдады. Студенттердің Петербургтегі кезеңі олардың қоғамдық-саяси өмірмен танысуына алып келді. Г.Н.Потанин өз естелігінде: «Петербургте Н.М.Ядринцевпен өткізген 3 жыл біздің саяси тәрбиеленген жылдарымыз болды. Бұл жылдары біздің жеке тұлғамыз айқындалып, саяси көзқарастарымызға бағыт берілді, қоғамдық қызметтегі орнымыз айқындалды», - деп көрсетті [2].

Жиырмамыншы ғасырдың басында Қазақ елі Ресей империясының аграрлық-отарлық шет аймағы еді. Отарлаушылар қазақ халқының жері мен оның табиғи байлығының айтарлықтай бөлігіне иелік етіп қана қойған жоқ, олар қазақтарды рухани жағынан да отарлады: халықты тілінен, дінінен, ділінен айыру бағытында қатыгездікпен ойластырылған шаралар жүйесін жүзеге асырды. Қазақстан тарихынан Ресейдің отарлық езгісіне қарсы жүргізілген сан түрлі ұлт-азаттық қозғалыстар мен күрестер белгілі. Алайда, XX ғасырдың басында саяси сахнаға шыққан Алаш қозғалысы өзінің саяси топ басшылары, қозғаушы күші мен алдына қойған мақсаты және қамтыған аумағы жағынан қазақ тарихындағы қозғалыстардың ең маңыздысы әрі жоғары деңгейде ұйымдастырылғаны еді. Бұл қозғалыстың басқа ұлт-азаттық қозғалыстардан ерекшелігі - жер және билік мәселесімен қатар ұлттық болмыс пен құндылықтарды сақтау және оларды заман талабына сай етіп бейімдеу мәселесін көтеру болды.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қалыптасқан қазақ зиялыларының көпшілігі әртүрлі мамандық иелері ретінде қызмет етті: олар оқу-ағарту ісімен, қазақ тілінде басылымдар (кітап, газет, журнал) шығару әрекетімен де, жан-жақты шығармашылық жұмыспен де қатар айналысты. Ұлт зиялыларының басшылары бірінші орыс революциясы жылдарында империяда, оның ішінде, Қазақстанда да қалыптасқан қоғамдық-саяси жағдайда орталықтық (центристік) көзқарасты ұстануға тырысты. Бірақ өз бастамаларын халыққа түсіндіру барысында сол және оң саяси күштердің тарапынан сынға ұшырап, қарсылыққа кездесті. 14,5 мың адам қол қойған Қарақаралы петициясын Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Жақып Ақбаев сияқты ұлттық-демократиялық қазақ зиялылары дайындағаны белгілі. Зиялылар петицияда қазақ өлкесінің жер жағдайының әділ шешілуін, қазақтарға өзін-өзі басқару құқығын беруді, жеке муфтият құру, жергілікті чиновниктерді алыстатуды, қазақ тілінде ұлттық басылымдар шығаруды талап етті. XX ғасырдың басында зиялылар I және II мемлекеттік думаға сайлауға

дайындалып, белсенділік танытты. II мемлекеттік думаға сайланған депутаттардың бірі Б.Қаратаев 1907 жылы 16 мамырдағы мәжілісте сөйлеген сөзінде столыпиндік аграрлық реформаны айыптап, орыс шаруаларының Қазақстанның далалық облыстарына көшірілуін халықтарды тонау және отарлау деп көрсетті [3].

1907 жылы 3 маусымдағы II Мемлекеттік думаны тарату және сайлаулардың жаңа жүйесін енгізу жөніндегі Заң бойынша қазақтар мен өлкені мекендеген басқа шағын халықтар сайлау құқығынан айырылды. Патшалық әкімшілік тарапынан қудалау мен тұтқындау әрекеттеріне қарсы саяси күрес толастаған жоқ. Дегенмен Алаш басшылары империялық саясатқа қарсылықты жүйелі етіп көрсету мақсатында ұлт мәселесін батылырақ көтеру үшін газет-журнал шығару, азаттыққа үндеген кітаптар бастыруды қолға алды. Зиялылардың еңбектерінен Қазақстанда сипат алған оқиғаларға қоғамдық-саяси көзқарастары көрініс тауып отырды. Мәселен, 1909 жылы Уфада жарық көрген М.Дулатұлының "Оян, қазақ" атты өлеңдер жинағы Ресейдің отаршыл саясатынан қысым көрген қазақ халқының сана-сезімін оятуға бағытталды. Жаңадан өріс ала бастаған ұлт-азаттық қозғалысқа бұқаралық сипат беріп, міндеттерін айқындау мақсатымен Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы газеттерге ерекше көңіл бөлді. Осылайша, 1911 жылдан бастап "Айқап" журналы және 1913 жыл мен 1918 жыл аралығында "Қазақ" газеті шығарыла бастады. 1914 жылы басталған I дүниежүзілік соғыс пен 1916 жылы 25 маусымдағы "Қазақтарды тыл жұмысына алу туралы" жарлығы қазақ даласын қамтыған ұлт-азаттық көтерілісті туғызып, алаш қозғалысын жаңа белеңге шығарды. Алайда, бұл көтеріліс жөнінде партиялар пен топтардың көзқарастары әртүрлі болды. "Айқап" журналының редакциясы қазақтардың әскерге алынуына қарсы шығып, халықты қарулы қарсылыққа үндесе, "Қазақ" газетінің маңайына топтасқан Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы жарлыққа қарсы шығу қантөгіске апаратынын айтып, екі жақтың күші тең емес деп көрсетті.

Ә. Бөкейханов бастаған қазақ зиялылары 1905 жылы кадеттер үлгісіндегі қазақтың ұлттық-либералдық саяси партиясын құруға әрекеттенсе, олардың 1905-1917 жылдардағы көзқарастарының эволюциясы 1917 жылғы Ақпан революциясы жеңісінен кейін ұлттық-демократиялық мүдделерді көздейтін "Алаш" саяси ұйымын (партиясын) құруға алып келді. Алаш зиялыларының құлатылған патша үкіметінің саясатын жүргізумен болған Уақытша үкіметке деген сенімдері әлсіреді. Қазақстанның өз алдына ұлттық-территориялық автономия болу, ұлт және аграрлық мәселелерді Уақытша үкімет шешпеді, талпыныс та жасамады. Осыдан соң Уақытша үкіметтегі кадеттерге деген Ә.Бөкейхановтың көзқарасы өзгеріп, кадет партиясынан ат құйрығын үзісті. Мұның себебін Ә.Бөкейханов "Мен кадет партиясынан неге шықтым?" деген ашық хатында негіздеді.

Атап айтқанда, ол қазақ қауымы үшін маңызды болған үш мәселе бойынша – аграрлық, ұлттық-мемлекеттік құрылыс және дін мәселесі бойынша келіспегендіктен деп түсіндірді. Сондықтан ол осы мәселелерді талқылау үшін бүкілқазақтық съезд шақыруды дұрыс деп тапқанын мәлімдеді. Бұл оның көзқарасының либералдық-демократиялықтан ұлттық-демократиялыққа өзгергенін көрсетті. Бірінші бүкілқазақтық съезд 1917 жылы 21-26 шілдеде Орынборда болып өтті. Күн тәртібінде қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайларға қатысты 14 мәселе қаралды: мемлекеттің билеу түрі; қазақ облыстарының автономиясы; жер мәселесі, халық милициясы, земство; оқу мәселесі; сот мәселесі, дін мәселесі, әйел мәселесі; Бүкілресейлік Құрылтай сайлауына дайындық; Ресей мұсылмандарының кеңесі (шураислам); қазақ саяси партиясын құру; Жетісу облысындағы оқиғалар; Киев қаласында болатын Ресей федералистерінің съезіне және Петроградта болатын оқу комиссиясына қазақтардан өкіл жіберу.

Съезде А.Байтұрсынұлы пен М.Дулатов "автономиялы тәуелсіз қазақ мемлекетін құру" идеясын ұсынды, ал Ә.Бөкейханов "демократиялық, федеративтік және парламенттік Ресей республикасының құрамындағы" қазақтың ұлттық-территориялық автономиясы болуды қолдады. Сонымен съезд басым көпшілікпен Ә. Бөкейхановтың

ұсынысымен келісті. Съездің күн тәртібіндегі 14 мәселе кейіннен Алаш партиясының 10 баптан тұратын бағдарламасына айналып, 1917 жылғы 5 – 12 желтоқсанда Орынбор қаласында өткен Бүкілқазақстандық екінші съезде қазақ халқының әртүрлі әлеуметтік топтары өкілдерінің бірігуіне саяси негіз болды. Съезд қазақ авиономиясы мен милиция туралы Халел Ғаббасов жасаған баяндаманы тыңдап, "Алашорда" деп аталатын Уақытша Ұлттық Кеңес құрып, уақытша тұратын орны - Семей қаласы болып, Алашорда қырғыз-қазақ халқының билігін қолға алады деп қаулы қабылдады. Алаш автономиясының Алашорда деп аталатын ұлт кеңесінің құрамына 15 адам сайланып, Ә. Бөкейханов Алашорданың төрағасы болып сайланды. Алайда, Алашорданың Дутовпен жақындасуы салдарынан Алашорда үкіметі бірлігінен айырылып, Кеңес өкіметі Қазақстанның барлық облыстарында күшейіп жатқан уақытында кеңес өкіметімен байланыс орнатуға мәжбүр болды. Жаһанша және Халел Досмұхамедовтер мен Халел Ғаббасовтың В.И. Ленин және И. Сталинмен жасаған келіссөздерінен байқалғаны – Кеңес үкіметі ұлттық тұтастық негізіндегі қазақ мемлекетін мойындамайтындығы және керісінше кеңестік тұрпаттағы автономия беруге дайын екендігінде еді [4].

Осылайша XIX ғасырдың екінші жартысында Сібірде және XX ғасырдың басында Қазақстанда орын алған жағдайлар орыс және қазақ зиялыларын айналып өтпеді. Өз кезегінде Н.М. Ядринцев империяның ықпалындағы Қазақстан мен Сібірде тәуелсіз экономиканы нығайту, аз халықтардың құқықтық статусы, білім беру саясаты, Қазақстан мен Сібірдің жер қорын басқару мәселелерін қозғау арқылы зиялылардың саяси-құқықтық көзқарастарына әсер етті. Ол Патша үкіметінің енгізген (1822, 1867-1868 жылдардағы) әкімшілік-құқықтық реформалары Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына кері әсерін тигізді деп баға берді. XIX ғасырдың 60-шы жылдарында Қазақстан пен Сібірді серпілтіп өткен "облысшылар" қозғалысының замандастары болған Ш.Уәлиханов, А.Құнанбаев, Ы.Алтынсариндер Қазақстандағы демократияның жақтастары, әрі қазақ интеллигенциясын қалыптастырушы, саяси партиялар мен қозғалыстарды дамытушы фактор бола отырып, саяси-құқықтық көзқарастарында бір-біріне жақын екендерін көрсетті.

Әдебиеттер

- 1.Шиловский М.В. Сибирское областничество во второй половине XIX – начале XX в. Новосибирск, 1992 г. 446 с. 57-79 б.
- 2.Таңатарова Ж.С. Г.Н. Потанин және қазақ зиялылары: саяси және рухани көзқарастарды талдау. Автореферат. – Алматы, 2008. 13-23 б.
- 3.Біләл Ә.Қ. Алаш қозғалысы топ басшыларының әлеуметтік көзқарастары. –Астана, 2008. - 156 б. 14-21 б.
- 4.К. Нұрпейісов. Жұлдыз. - 2007. №12. 149-161 б.

М. Оспанова
Астана қ.

«АЛАШ» АТАУЫ ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫ ЕҢБЕКТЕРІНДЕ (XX ғ. 20-30 ж.)

Кеңес үкіметінің әкімшіл-әмір жүйесі қуғындаған ұлт зиялыларының қазақтың көне және ортағасырлардағы тарихына тереңдеп баруларына, осы кезеңнің күрделі мәселелері төңірегінде жан-жақты зерттеулер жүргізулеріне олар өмір сүрген кезеңдегі қайшылықты да ауыр саяси-әлеуметтік ахуал мүмкіндік бере қоймады. Сондықтан да аталмыш кезең тарихына қалам тартқан қазақ зиялылары көп емес. Осы тұрғыдан тіптен оларды саусақпен санап беруге де болады. Олар – М.Тынышбаев, Ә.Бөкейханов, С.Асфендияров,

Ш.Құдайбердіұлы, М.Дулатов және т.б. Бұларды қызықтырған мәселелер тарихнамалық тұрғыдан алғанда мыналар болады:

- Қазақтың тегі және қашаннан бері жұрт, яғни ұлт болып қалыптаса бастағаны;
- Қазақ жеріндегі ежелгі түркілік, тайпалық одақтардың және мемлекеттердің қазақ ұлтын қалыптастырудағы рөлі.

Қазақтың ежелгі тарихын зерттеу туралы алғаш мәселе көтерген «Айқап» журналы деп айтуға негіз бар. 1911 жылы «Айқап» өзінің 1 нөмірінде К.Бәтешұлы дегенге сөз беріп, ол «Қазақ шежіресі» деген атпен мақала жариялады. Онда автор қазақтың тегін «түрік нәсілінен шыққан «Алаш» есімді бай һәм балалары көп, бақытты бір адамнан таратып, қазақтың үш жүзіндегі руларын талдаумен аяқтайды және өзінің ойын төмендегідей тұжырыммен бітіреді: «Бұл сөздер – біздің бұрынғы кәрілерден естіген сөздер. Қадірі хал білгенімізді жаздық. Мұнан артық білушілер болса, білгенін ішіне сақтамас, халыққа жазып білдірер деп үміт етеміз» (1).

Қазақ шежіресін зерттеу туралы «Айқаптағы» бұл пікір барлық қазақ зиялылары тарапынан қолдау таба қойған жоқ. Арада бір жылдан кейін Е.Дүйсенбайұлы деген кісі «Айқапта» былай деп жазды: «Біздің қазақ-өзбек халқына бірлік кіріп, басы қосылмай, «алты ауызды алаш» аталғаны сол ұру-ұруға бөлініп, ұран шақырып партия болғаннан еді. Сіз журналыңызға жазып оны не қыласыз? Ұмытқан кісілер бола қалса есіне түсіп, қайтадан бір ел бір елді, бір ауыл бір ауылды шауып алып, бірлігі кете түссін деген жұмыс па?...» (2).

Мұхамеджан Сералин бұл пікірге қарсы мынадай жауап береді: «...қазақтың ұру-ұруға бөлінгендігі болса, сол ұру-ұру болып бөлінуге түп себеп не болған? Сол ұру-ұрудан қазақ қанша залал көрген, асылында ұру деген не нәрсе, жасыл кілем, бұрынғы ата-бабамыздың қалпын, жайын

Біліп істеген, білмей жаңылып істеген нәрселерін жазып, айтып халыққа түсіндіру керек дейміз. Тарих жазу, оқудан мақсат осы емес пе?!...» (3).

Қазақ шежіресін тәртіпке келтіруде Шәкәрім Құдайбердіұлының 1911 жылы Орынборда басылып шыққан «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» деген еңбегі маңызды рөл атқарды. «Айқап» журналы еңбекпен өзінің оқырмандарын таныстырды.

«Қазақтың түпкі атасының жайын білмек болып,- деп жазды Шәкәрім, -Көп уақыттан бері сол туралы естіген білгенімді жазып алып және әртүрлі жұрттың шежіре кітаптарын оқыдым» (4).

Шәкәрім Құдайбердіұлы өзі оқыған кітаптар қатарында «мұсылманша»: «Тәбірі», «Тарих ғумуми», «Тарих антшараласлам», Нәжип Қасымбектің Түрік тарихы, Әбілғазы Баһадүр ханның «Шежіре түрік» тәрізді еңбектерді орыс тіліндегі кітаптардан Радловтың, Аристовтың шығармаларын, «түріктің ең ескі замандағы шежіре кітаптары» «Құдатқу білік», «Кошочидам», қытайдың Юән-шау-Ми-ши деген жазушының еңбегін және т.б атап көрсетеді.(5)

Шәкәрім Құдайбердіұлының бұл еңбегі қазақ ұлттық интеллегенциясы арасында жаңа серпін туғызды. Бұл еңбек туралы алғашқылардың бірі болып Ә.Бөкейханов өзінің пікірін білдірді: «Мұнан бұрын, - деп жазды ол – қазақ шежіресі қазақ тілінде кітап болып басылған жоқ. Шахкерім бұл кітабы – қазақ шежіресінің тұңғышы...қазақ шежіресін білмек болған аға-іні, іздегенді осы кітаптан табасын. Енді мұнан былай қазақ шежіресін жазбақ болған кісі Шахкерім кітабын әбден білмей қадам баспа. Кітап жиған жері жоқ, көшпелі далада жүріп, Шахкерім шежіресіндей кітап жазбақ оңай жұмыс емес» (6).

Ә.Бөкейханов Ш.Құдайбердіұлының :

«Бітірдім түрік, қазақ шежіресін,

Босада кемшілікті, қисық-бүкір...» – деген сөзін (7) келтіре отырып бұл еңбекті «қалай десе де «бала оқытқан молданың қолында болатын кітап» екенін ескерте кетеді (8).Ә. Бөкейханов Ш.Құдайбердіұлының «600 жылдан бері мұсылман жұртына кірген» керейлер тайпасының ескі заманда крест таңбасының салғаны туралы пікірі қызықтырған. Мұның себебі Ә. Бөкейхановтың ойынша « Жетісуда көшіп жүрген керейлерді несториан

сектасы сопыларының христиан дініне қаратуынан көрінеді(9). Әрине, Ә.Бөкейхановтың бұл пікіріне қарсы бүгінгі тарих ғылымының жетістіктеріне сүйене отырып дау айтуға болады. Бірақ бұл біздің зерттеу жұмысының міндетіне жатпайтын арнайы зерттелетін үлкен мәселе деп ойлаймыз.

Ә.Бөкейханов Ш.Құдайбердіұлының шежіресіне байланысты және онда көтерілген мәселелер жөнінде ой тастай отырып, оқырмандардан осы мәселелерге байланысты пікірлер сұрайды. Ол Шәкәрімнің қырғыздың Енесей бойында тұрғаны туралы орыс ғалымы Аристовша жазғанын атап көрсете келе, ол ойынша «қос көлдің күнбатысында қырғыз елі бар еді» деген пікіріне тоқталып: «біздің қазақ бұл жерді білмейді ғой...Осы күнде бұл шежіреде аталған жерлер қай патша қол астында, қай губернеде Шәкәрім жазып өту керек еді. Шежіресін қайта басқанда Шәкәрім бұл кемшілікті толтырар», - деп ұсыныс жасайды(10).

Ә.Бөкейхановтың Шәкәрім шежіресінде тағы бір назар аударған мәселесі «Алаш» ұғымының шығуының туралы. Ол шежіредегі мына жолдарды өз еңбегінде келтіреді:«...қалмақты шаба берген соң, қалмақтар Ахметханды Алашы қойыпты. Мағынасы «жан алғыш» дегені, оны есіткен соң Ахметхан қалмақ бұл атты қорыққан соң қойды. Енді қалмақты шапқанда «алашылап» шабындар деген соң, қазақтар алашы деп шауып, сол қазаққа ұран болыпты. «Алаш – алаш болғанда, Алашы хан болғанда, қалмаққа не қылмадық», - деп қазақтың мақтанатұғыны сол» (11).

Осы үзіндіні келтіре отырып Ә. Бөкейханов қалмақтың қазақты «Алаш» атағына күдік білдіріп: «Бұл қалай? Алаш деген – біздің қазақ сөзі. Алаш қалмақ қойған ат болса, қалмақ өз тілімен қоятын жөні бар емес пе?... Қалмақша Алаш не сөз?Мұны біздің «Қазаққа» жазатын аға-іні табылар ма?- деп «Қазақ» газетінің оқымандарына сауал тастайды (12).

Айта кеткен жөн, Ә.Бөкейхановтың бұл сауалы аяқсыз қалған жоқ. Оған «Қазақ» газеті арқылы Халел Досмұхамедов жауап қайтарды: «Орал облысында, - деп жазды ол, - Уральские казахи воинкаға қараған қалмақтар бар, «Қыр баласының өтініші бойынша, «Алаш» деген қалмақ тілінде сөз бар ма? Мағынасы қазақша не болады?» дегенімде қалмақтар айтты. «Қалмақ тілінде «Алаш» -деген сөз бар, қазақша мағынасы – өлтіргіш, аямаушы, жаугер» деп.

Алаш деп қалмақтар жақтырмаған орында айтады. Жаны ашымай хайуанатты көп өлтіре беретін аңшыларды да қалмақтар «Алаш» деп атайды» (13).

Х. Досмұхамедовтың осы пікірін өзінің «Қазақ, қырғыздың аты, тегі туралы» деп аталатын көлемді зерттеу еңбегінде Міржақып Дулатов қайталап келтіріп, мынандай пікір айтады: «Жоғарыда айтылғандай: «алаш» қазаққа ұран болып қалған мәнісі ақылға қонып тұр. Қазақ «алаш», яки «алашы» деген сөздің мағынасы қазақтың бұрыннан ұғынып жүргеніне дәл келуі – бұл ертегінің қисыны барлығын көрсетеді» (14).

Осылайша М.Дулатов та Ахмедханды қалмақтардың «Алаш» атап кеткені туралы қазақ арасында таралған аңызды негізінен шындыққа жақын дерек ретінде мақұлдайды. Сонымен бірге ол, қырғыздардың да өздерін «Алаш» атайтындарын ескерте кетеді (15).

Айта кеткен жөн, ХҮ ғасыр мен ХҮІ ғасырлар тоғысындағы күрделі оқиғаларды баяндайтын әйгілі «Бабур намеде» Сұлтан Ахмедханның Алаша аталған себебі, анық жазылған. Онда «қалмақтардың және моңғолдардың тілінде кісі өлтірушіні «алаш» деп атайтыны атап көрсетілген.(16)

Мұндағы «моғол» ұғымы Жетісу және Қашқар өңірін мекендеген жергілікті халық атауы екені белгілі. Осыны ұлы тарихшы Мұхаммед Хайдар Дулати да атап көрсетеді. Мәселе түсінікті болу үшін Тәшкентте шыққан оның еңбегінің алғашқы орыс тіліндегі аудармасынан үзіндіні қаз-қалпында келтірейік: «Кальмаки чрезвычайно боялись его и называли Алачи хан; по монгольски «алачи- «убийца» т.е. «хан-убийца».Это произвише осталось за ханом, люди называли его Алача ханом. Сейчас среди моголов его называют Султан Ахмад хан, а все другие племена говорят «Алача хан». В историях Мирхонда и Хондамирос Харави и в других также написано «Алача хан».

Жалпы алғанда, Ахмедханның осылай аталуы көзқарасты қазақ зиялылары теріске шығара қоймайды. Мұхамеджан Тынышбаев «алаш» сөзінің айналасында біраз пікірлер айта келе, бұл ұғымның «алшын», «ноғай», «қазақ» және т.б. атаулармен қатар кездесетініне, сондай «алаш» ұранының көптеген түркі руларына тән екенінін айтады. Ол моңғолша бұл «кісі өлтіруші» деген ұғымды білдіретінін баса айтқан еді. Осы негізде ол «Алаш алаш болғанда, Алаша хан болғанда» және «Алты алаш» деген түсініктердің бар екендігін де көрсете келіп, олардың мазмұнын түсіндіруге арнайы назар аударады. Сөз соңында М.Тынышбаев «алаш» ұғымының «Алашадан» бұрын пайда болғанына еш күмән келтірмейді. Бұлардан басқа тарихымызда «Алаш мыңның туралы дерек» Қадырғали Жалайридың «Шежірелер жинағында» кездеседі. Бұл арнаулы зерттеуді қажет ететін мәселе.

Қазақ зиялыларының «Алаш» ұғымы төңірегіндегі көзқарастарына біздің нақты баға беруіміздің қиындата түсетін тағы бір мәселе – осы ұғымдар айналасында бүгінгі қазақ тарихшылары пікірлерінің де әртүрлілігі дер едік. Жаңаша көзқараспен жазылған «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясында Алаша хан және Алаш Бахадүр есімдері үш ханға тән екенін көрсетсе (20), ал тарихшы Нығмет Мыңжан мұндай ханның өмір сүру кезеңін 6-12 ғасырлармен, зерттеуші Әбдікәрім Хасенов б.з.б. 116-1072 жылдармен байланыстырады (21).

Қуғындалған қазақ интеллигенциясының тарихи көзқарасында жеткілікті деңгейде назар аударылмаған нәрсе – қазақ жерін ежелде мекендеген сақтардың, ғұндардың, үйсіндердің және қаңлылардың тарихы. Мұның біздің ойымызша басты себептер екеуі: а) бұл тайпалардың тарихына байланысты деректер, әсіресе шығыс деректері 20-30 жылдарға дейін әліде жеткілікті зерттеле қойған жоқ еді; б) осы кезеңде азиялық көшпелі тайпалар тарихына маркстік-таптық көзқарастың орныға бастауы – зиялыларды бұл мәселеге аса сақтықпен қарауға мәжбүр етті. Осының нақты көрінісі Санжар Асфендияровтың тарихи көзқарасы дер едік. Ол ежелгі көшпелілері туралы еңбек жазушыларды екі топқа бөліп тастады және оларды өткір сынға алды. Алғашқы топтағы зерттеушілер оның ойынша, ұлы-державалық, шовинистік көзқарастарды ұстанды және көшпелілерді варварлар ретінде сипаттады, ал екінші топқа ол керісінше, «Азия халықтарының «ұлы» рөлін атап көрсететін «ұлтшыл» зерттеушілерді жатқызды. Өкінішке орай соңғы топқа оның ұйғарымымен Заки Валидовпен, Ғұбайдуллинмен бірге, қазақ тарихының көне дәуіріне алғашқылардың бірі болып қалам тартқан М.Тынышбаев та жатқзылды. Соңғылардың «ұлттық буржуазиялық идеология шындаған» көзқарастарын С.Асфендияров «жаңарған панисламизм және пантюркизм» деуге дейін барды.

Қазақтың ежелгі түріктік тегін Шәкәрім Құдайбердіұлы да дәлелдеуге күш салған. Қазақтың шығу тегін анықтау үшін М. Тынышбаев әрбір қазақ руларының өткендегі тарихи тамырына жеке-жеке талдау жасағаны және белгілі. Бүгінгі тәуелсіз Қазақстан жағдайында жаңа тарихшылар бұл мәселеге үлкен түсініктікпен қарап, «шежіре – халықтың тарихын зерттеудің ең басты қайнар көзі екендігі М.Тынышбаев сол кезде-ақ түсіне білген еді», деп әділ қорытынды жасасак болады. М.Тынышбаевтың өзі өмір сүрген заманда өкінішке орай, оның тарихи көзқарасын қолдаушылар азайып кетті. Басқаны былай қойғанда таптық көзқарасты ұстанған қандас бауырларының өзі оны айыптап сөйлеуді әдетке айналдырды.

Әдебиеттер

- 1.Бәтiшұлы К. Қазақ шежіресi. «Айқап», – Алматы. 1995. 367 б.
- 2.Дүйсенбайұлы Е. Қазақша тарих керек пе? «Айқап» 128 б.
- 3.М.С (Мұхамеджан Сералин –Ш.О.) сонда
- 4.Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. Таңдамалы. – Алматы 1991. 80 б.
- 5.Сонда.6-7 б.

6. Бөкейханов Ә. Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі. Таңдамалы. – Алматы. 477 б.
7. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. Таңдамалы.
8. Бөкейханов Ә. Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі. Таңдамалы. – Алматы. 332 б.
9. Сонда.
10. Сонда. 333 б.
11. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. Таңдамалы. – Алматы 1991. 23 б.
12. Бөкейханов Ә. Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі. Таңдамалы. Алматы. 333б
13. Досмұхамедов Х. «Алаш» не сөз? «Қазақ» газеті. – Алматы. 1998. 560 б.
14. Дулатов М. Қазақ, қырғыздың аты, тегі туралы. Шығармалары: өлеңдер, қара сөздер, көсем сөз. Алматы. 1991. 384 б.
15. Сонда. 318-319 б.
16. Бабур-наме. Записки Бабур. Ташкент: Главная редакция энциклопедий. 1992. 463 б.
17. Дулати Мухамед Хайдар. Тарих-и-рашиди. – Алматы. 1999. 656 б.
18. Тынышбаев М. История казахского народа. – Алматы. 1993. 224 б.
19. Жалайыр К. Шежірелер жинағы. – Алматы. «Қазақстан» 1997. 128 б.
20. «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы. – Алматы. 1998. 720 б.
21. Нығмет Мыңжан. Қазақтың қысқаша тарихы. А–лматы: Жалын. 1994. 400 б

К. Г. Нигметжанов
г. Павлодар

ДИАЛОГ КУЛЬТУР КАК ФИЛОСОФСКАЯ ПРОБЛЕМА В АНТИЧНОСТИ

Для философии проблема диалога культур предстает в качестве различных проблем: как проблема осмысления и описания диалога культур, как проблема участия в диалоге культур и, наконец, как осмысление самой философии как диалогической культуры. В нашей работе мы больше касаемся первой проблемы, не игнорируя, впрочем, и иные аспекты этой проблемы.

Уже в античности рефлексия на диалог культур была в центре философских стратегий. Одной из моделей культуры являлась диалогическая, которая предполагала, с одной стороны, признание субъективной точки зрения «Я» или позиция «Я», а с другой, признание субъективной позиции «Ты». В этой связи античный диалог культур представляется как диалог, сформировавшийся в традиционной и новаторской концепциях культуры.

Античная культура, как и другие типы культур, являлась незамкнутой системой, а развивающейся в диалоге с различными культурами, и в последующем, она трансформировалась в диалогах со средневековой, ренессансной, и даже с современной культурой.

Диалог культур в античности можно рассматривать с двух основных культурфилософских позиций: пайдейя (образование) как диалог и эпистема (знание) как диалог.

Образовательная концепция античного общества и её установка как диалог культур получила новое дыхание в последующих философских и культурологических исследованиях И. Канта, Н. Бердяева, В. Соловьева, М. Бубера, М. Бахтина, Э. Левинаса, М. Кагана и других.

В культурно-философских и социально-философских исследованиях двадцатого века прояснялись вопросы парадигмальных контекстов античной философской школы диалога. Заложённая в античности парадигма диалогического мышления, способствующая формированию диалогического мировоззрения и мироотношения, послужила отправной точкой для постановки проблемы диалога культур Востока и Запада, диалога национальных и мировой культур.

В античности философия формировалась как диалогическая философия или философский диалог. Диалог и его структура не так вроде бы и сложны на первый взгляд. В нём участвуют два субъекта, формы и модели самого диалога разнообразны: спор, разговор, беседа, полемика. В античности под диалогом понимался в начале только спор.

Сегодня под диалогом понимается «информативное и экзистенциальное взаимодействие между коммуницирующими сторонами, посредством которого происходит понимание» [1, с. 320].

Начиная с Сократа, в античной философии диалог не просто должен был вести к пониманию, а к признанию и уважению альтернативной позиции. Сократ стремился в диалоге осуществить коммуникативный диалог различных точек зрения, мнений, знаний и т.д. И когда Сократа обвиняли в расшатывании представлений о добре и зле, о добродетели, о нравственности, то, по сути дела, его обвиняли за попытку отойти от жестких, запрограммированных тоталитарных установок мышления и сознания.

Сократ учил не незнанию, а учил методу плюрального диалога, который необходимо считать единственно возможным способом взаимодействия людей. В диалогах Платона, где главным действующим лицом почти всегда был его учитель Сократ, раскрываются социально-философские контексты диалога.

В античности диалог осуществлялся как логический диалог, то есть диалог выстраивался по принципам и законам логики. Подчиненность индивидуального всеобщему понималась как закон. Следовательно, так или иначе, в диалоге античном понимание достигается посредством абсолютизации всеобщего, поскольку античное общество было классическим образцом универсальной модели государства.

В самой греческой культуре прослеживается рецепция не только других культур, но и других идеологий. Влияние египетских стилей в архитектуре, музыкальном искусстве можно обнаружить даже в позднеклассических образцах, в эпоху эллинизма, включенность греческих, римских и египетских традиций была ярко выраженной не только в духовной, но и обыденной жизни.

Диалог всех этих традиций приводил, как к постановке проблемы эллинистической идентичности, так и к постановке вопроса о кризисе самоидентичности. В этой связи необходимо отметить, что эллинизм представлял собой диалогическую форму соотнесенности с миром посредством образования пайдей. Эллин отличал себя от варвара по уровню своего образования. Вопрос об образовании, как коммуникативном диалоге с миром, был поставлен многими мыслителями античного мира.

Образовательный процесс в античности был устроен по принципу диалога. В этом процессе осуществлялась не только задача «овладения» и освоения знаний, но и умение эффективно их использовать для развития культурного диалога с теми культурными традициями, которые базировались на иных ценностях, иных образцах, других эстетическо-этических нормах. Одним из очень важных понятий античной культуры является калокагатия, сущностью которой было единство физического и духовного совершенства в человеке. Естественно, что в процессе образования человек должен был достичь этого совершенства, эксплицированного в красоте, олицетворяющей одновременно мужество, целомудрие, разумность, справедливость, добродетель. А красота понималась как гармония космоса. Следовательно, пайдейя, как образовательная система, занималась не только профессиональным обучением, её задача была более фундаментальной – образование и формирование в человеке личностного начала,

созиданием человека-гражданина, человека, ответственного за свои поступки, имеющего собственную позицию, способность к творчеству, к деятельности.

В диалоге античности формировались основные понятия и принципы культурного диалога: гуманизм, толерантность, культурная парадигмальная установка, культурная идентичность, проблемы взаимодействия культур.

Принципы идентификации, самоидентификации человека в античном обществе основывались именно на образовании. Чем выше было образование человека, тем гармоничнее и уверенней чувствовал он себя в этой жизни, говоря современным языком, кризис самоидентификации ему не угрожал.

Дисциплины, которые необходимо было усвоить в образовательном процессе, несли в себе интертекстуальный коммуникативный потенциал. Тексты, по которым обучались логике, риторике, диалектике, философии были сами по себе уже диалогическими, готовыми к конструктивному сотрудничеству с обучающимися.

Школы античного общества были школами диалога. Совершенствование и гуманизация античного образования способствовали развитию в человеке свободы творчества. Творческий процесс предполагает открытость другим культурам. В практике античного мира было обучение за пределами своих полисов. Необходимость обучения в других государствах была продиктована стремлением, не просто изучить чужие нравы, обычаи, культурные и философские традиции, но и увидеть в них в результате сопоставления в различных культурах сходство. Заимствование традиций в науке, философии, искусстве не было односторонним, оно перерабатывалось на античной культурной почве и в свою очередь, уже измененные традиции возвращались на «круги своя», растворяясь в феноменах другой культуры.

Обучение за пределами античных полисов способствовало формированию толерантных принципов сознания, открытости другим культурам, что, в конечном итоге, развивало в человеке настроенность к коммуникативному диалогу.

С приходом в философию Сократа начинается, если и не радикальный поворот к диалогическому способу познания, то уже наметившийся антропологический подход в понимании других позиций, точек зрения, мнений на общую универсальную идею.

В философии Платона диалог представлен как развернутое восхождение к пониманию и утверждению целого, универсального, эксплицированного в эйдосе. Именно здесь и раскрывался простор для коммуникации.

В сократических диалогах Платон поднимает проблемы, важные с точки зрения общечеловеческих, общекультурных ценностей. Антиковеды считают, что «именно Сократ первый отошел от изучения внешней природы и обратился к изучению человека как разумного и морально-общественного существа. А для этого ему пришлось анализировать множество разных понятий, которые раньше выступали у философов в наивном и некритическом виде. Сократ впервые столкнулся с тем, что слова и понятия, которые мы обычно употребляем в повседневной жизни, требуют глубокого анализа, что в них есть и существенная и несущественная сторона, что имеются более общие и более частные понятия и что для философа интереснее всего находить в определенных человеческих представлениях как раз более общие и существенные корни» [2, с. 3].

Таким образом, еще в период античности диалог культур как философская проблема, приобретает логическую завершенность, что создало основу для его дальнейшего исследования в последующие исторические эпохи.

Литература

- 1 Новейший философский словарь. - Минск: Книжный дом, 2003.- 1280 с.
- 2 Платон. Диалоги. - М: Мысль, 1986. (А.Ф. Лосев. Введение).- 607 с.

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ АЙМАҚТАРЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ғылым мен техникалық прогрестің даму барысында қоршаған орта мен қоғам арасындағы қарым-қатынастың қарама-қайшылықтары айқын байқалады. Біз өмір сүріп отырған ғасыр адамзат баласының мекен ортасында іс-әрекеттің ерекшелігімен сипатталуда. Елбасының «2030» бағдарламасында қазіргі адам өлімінің 20 пайызы экологиялық жағдайға байланысты екендігі анықталды. Уақыт талабын жүзеге асырудың тиімді жолы экологияға жақын пәндерді экологияландыру. Осы орайда география пәнінің мүмкіндігі мол. Орта мектептегі география пәнінің бағдарламасында экологиялық мәліметтер болғанмен, оны пән ретінде оқытудың мақсаты мен міндеттері енгізілмеген. Сондықтан да әрбір сабақтарымда тақырыпқа сәйкес экологиялық тәрбие беруді басты назарда ұстаудамын. Осыған орай Ақмола облысының рекреациялық аудандарының экологиялық мәселерін зерттей отырып, оны сабаққа пайдалану негізгі бағыты. Ақмола облысының «Бурабай» және «Көкшетау» ұлттық парктерінің рекреациялық мақсаттарға қолайлы территориялар көбіне жоғары салмақты сезінеді. Ең үлкен қауіп тудыратын адамдардың әсерінен туындайтын орман өрттері, яғни, курорттық зонаның қонақтарымен және көптеген туристердің салдарынан туындайтын өрттер.

ҚР Президентінің Жарлығын жүзеге асыру мақсатымен №474 2004 жылдың 11 маусымынан "Қазақстан Республикасының аумағындағы бірегей және сирек кездесетін ландшафтарды қорғау шаралары" 2006-2008 Шортан-Бурабай курорттық зонасын дамыту Программасы құрылды. Ғылым аясында облыстардың жеке-жеке аудандарында көңіл бөлініп зерттелуі жаңа бетбұрыс. Осындай жаналықтардың бір өкілі яғни табиғи ресурстарының, агрожүйесінің, территорияларының қарастырылуы жаңа бағыттағы еңбек.


Жалпы мемлекетімізде орны ерекше болып табылатын табиғи объектіміздің жағдайының мәселесі өсуде. Ормандарды рекреациялық мақсаттарда кеңінен қолдану, әсіресе, табиғи ұлттық парктердің өртке орану қаупін туғызады. Жалпы өрттенген аумақтың 70 %-ын алатын жерлер туристер демалатын, жол жиектерінде және рекреациялық мақсаттарда қолданылып жатқан жерлердің еншілерінде. Бұл осындай адам көп жүретін жерлердегі ормандар жиі өртенеді, бірақ оны өрт сөндірушілер тез тауып өртті сөндіретінін түсінуге болады. Ал адамдар сирек жүретін орман аумақтарында өрт өте аз болады және олар жалпы орман өртінің жанған аумағының 5%- ын ғана құрайды. Ал адамдар өте көп немесе аз болатын аумақтарда жалпы өрт болған аумақтың 1,7 га мөлшеріндегі орташа деңгейін алады. Ұлттық парктердің территорияларының ауасы басқа ауданаралық аумақтар сияқты өндірістік қалдықтар мен жергілікті қоқыстардың салдарынан ластанады [10]. Ауаның лас бөліктерінің көбі еуропалық аймақтардан және Оралдан - 32% , Қарағанды-Теміртау ТПК - 28% жақтарынан келеді. Ал лас ауалардың 20%-ы Павлодар-Екібастұз ТПК және 20% - ы Омбы-Түмен жақтарынан келеді екен. Ұлттық парктердің ауасының ластануы ауданаралық ауа ауысуы әсіресе, суық жыл мезгілдерінің тұсында болады екен. Ауаның қалдықтармен ластануының көлемін тексергенде ауаның жалпы ластануының 78, 8%-ы жаз айларында автокөліктермен көп ластанады деген қорытынды жасалды. Ал, егістіктерде жүргізілген зерттеулердің нәтижесі ауаның ластануы көбіне қалалардың өндірістік қалдықтар төккен кездегі қыс айларына келеді деп көрсетті.

"Бурабай" және "Көкшетау" МҰТП-нің атмосфералық ауасын ластаушылардың басқа көздері Бурабай поселкісіне жақын маңда орналасқан Қотыркөл, Зеренді, Саумалкөл және тағы да сол сияқты пештері бар ауылдар болып табылады. Сонымен қатар, жақын жерлердегі демалу мекемелері де атмосфералық ауаның ластаушы көздері болып саналады. Мысалға, "Бурабай" МҰТП-нің курорттық зонасының аумағында орналасқан

котелдердің жалпы саны 51 бірлікті құрайды. Оның жалпы санының ішіндегі 36 котел қатты ерітулер саласында жұмыс жасайды және солардың арасындағы 18 котелге ғана шаң газ тазарту құрылғылары орнатылған.

Қалған атмосфералық ауаны ластау көздерінің 15-нің 14-і сұйық ерітінділермен, тек біреуі ғана газбен жұмыс жасайды.


Айтылғандай, атмосфералық ауа көбіне жаз мезгілдерінде ластанады және оның өсу көрсеткіші мына суретте көрінеді.




Сурет 1. "Бурабай" және "Кокшетау" ұлттық парктерінің автотұрақтарындағы көліктердің саны

Қатты қалдықтардың қалыптасуы топырақ деградациясының ластаушы көзі болып табылады. Бұл жағдайда топырақтың ластану көрсеткіші өте жоғары болады және қайта қалпына келтіру мүмкіндігі болмайды. Төгілетін қалдықтарды қайта қалпына келтіру немесе оларды көму үшін үлкен көлемде материалдарға қаржы бөлінуі тиіс. Қатты қалдықтарды көму барысында қажетті технологияларды сақтамаса, уақыт өте келе қатты қалдықтар көмілген жерлер қоршаған ортаға үлкен кері әсерін тигізуі мүмкін.

Қалдық полигондарын тазалау үшін арнайы техникалар жұмыс жасайды. ҚТҚ полигондары 1,5 биіктікпен және 3-4 м ұзындықпен орын алады. Бұл қоршау қалдықтардың басқа территорияларға түсіп кетпеуі үшін. ҚТҚ полигондарында жиналатын қалдықтарды сұрыптау өтетіні айта кеткен жөн және сұрыптау күні-түні орындалады.



Сурет 2. Зеренді ауданының ҚТҚ қалыптасуының динамикасы мыңдық тоннамен



Сурет 3. Щучье ауданындағы ҚТҚ қалыптасу динамикасы мыңдық тоннамен

Щучье, Бурабай, Саумалкөл және Зеренді аудандарының қатты қалдықтарды қабылдауы негізінен негізгі үш жұмыс жасайтын аумақтарға бөлінген. Біріншісі – аумақ қарапайым тұрмыстық қалдықтарды жинау үшін, екіншісі – құрылыс қалдықтарын жинау үшін, ал үшіншісі – мал өліктері үшін. Бірақ Зеренді ауданында төртінші аумақ бар.

Оған сұйық тұрмыстық қалдықтар жиналады (суреттер 4).

Зеренді ауылына төгілетін қатты қалдықтардың мөлшерінің жылдық көрсеткіші 5300 м³ құрайды.

Оның ішіндегі ең көбі сұйық қалдықтар 2700 м³ құрайды. Келесісі қатты тұрмыстық қалдықтар 1600 м³ және де ең азы құрылыс материалдарын жинайтын аумақ – 1000 м³.



Сурет 4. Зеренді ауылының қатты тұрмыстық қалдықтар полигоны

Өрт көбіне тұрмыс үйлерінің отын-көмір ұшқын шоқтарынан, өздігінен жанудан және кейбір қалдықтардың күнге қызуларынан туындайтыны айта кеткен жөн. Аумаққа қарапайым адамдар өз беттерімен кіре алмайды. Сондықтан қалдықтардың өздігінен жанып кетпеулерін болдырмау үшін күнделікті қалдықтардың беттерін топырақпен жауып отыру қажет.

Мұндай қатты қалдықтарды залалсыздандырудың қиындығы ұлттық парктердің экологиялық жағдайының нашарлауына алып келуі мүмкін: ол біріншіден, ауылшаруашылығына қолданылатын жерлерді қоқыс үшін бөлу. Екіншіден, ластанған суларды шаю барысында жер үсті және жер асты сулары лайланады. Үшіншіден, ҚТҚ полигондары сырттарынан ауаны қорғау және де сол сияқты тағы басқа заттармен жабдықталмағаны атмосфераны желдің болуынан ластайды. Сонымен қар, сыртқы заттармен жабдықталмаған полигондардың маңында тіршілік ететін жануарлардың жұқпалы және эпидемиялық ауыруларына алып келеді.

Ақмола облысының рекреациялық территорияларындағы комплекстік геохимиялық аномалиялар көбінесе автотұрақтардың қастарына орнатылған. Топырақты ластайтын элементтерінің комплексі жалпы құрамымен де және интенсивтілігімен де бірдей. Зерттеу барысында топырақтың қалың қабатына дейін зерттелді, себебі, ол топырақтың құрамында ауыр металдардың қалдықтары көптеген жылдардан бері жиналған.

1. Қатты қалдықтарды залалсыздандырудың қиындығы ұлттық парктердің экологиялық жағдайының нашарлауына алып келуі мүмкін.

2. Ақмола облысының рекреациялық территориясындағы антропогендік әсерлерге әсіресе, көбіне су ресурстары, яғни көлдер және көл маңы ұшырайды. Сонымен қатар, су мөлшерінің азаюы және су балансының бұзылуы көлдердің жағаларына асфальтті жолдардың салынуы әне де көпірлер мен трубалардың қойылуларына да байланысты.

3. Табиғи-антропогендік генезис проблемасына көлдердің гидрологиялық режимінің бұзылуын, табиғи ортаның ластануын, өсімдік жамылғысының деградациясын және де геологиялық ортаның бұзылуын жатқызуға болады.

Әдебиеттер

1. «Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

2. Қазақстан туризмі 2004 жылы. – Алматы, ҚР Статистика агенттігі, 2005.
3. ҚР Президент Жарлығы 27 ақпан 1998, № 3859 «Мемлекеттік бағдарламасы».
4. ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы № 49
5. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтің қазақ халқына жолдауы, 2003.
6. ҚР Үкіметі бекіткен «туризм» кластерін ұйымдастыру және дамыту жоспары
7. ҚР-да туризмді дамытудың 2007-2011 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы.
8. Об утверждении Программы развития системы особо охраняемых природных территорий
9. Программа развития туристской отрасли в Акмолинской области на
10. Программа развития Щучинско-Боровской курортной зоны на 2007-2010 гг.
11. Балабанов И.Т., Балабанов А.И. Экономика туризма. Учебное пособие. Москва,
12. Букина Ж.А. Не вырубишь топором//Литер, №59 (154), 04.04.06., стр 1.
13. Концепция создания специальной – экономической зоны Бурабай в Щученско
14. Кочалов В.А., Зарубежный опыт проведения самооценки деятельности в области
15. Л. Еділқызы. Экологиялық туризм.//Егемен Қазақстан, №18, 14,04,06., 8-бет.
16. Мироненко Н.С. Рекреационная география. Москва, 1981.
17. Моисеева Н.К., Стратегическое управление туристской фирмой. Москва. «Финансы и Портер М.А., Международная конкуренция/Пер. с англ.- Москва.:Международные отношения,1993.
18. Раева. Р.А Табысты тежемейік //Дала мен қала, №35 (60),
19. Сенин В.С. Организация международного туризма. Москва, «Финансы и статистика»,
20. Титова М.А., Оценка развития иностранного туризма Республики Казахстан//Туризм.
21. Титова М.А. Проблемы и перспективы развития и территориальной
22. Титова М.А. Перспективы развития туризма Акмолинской области//V-Сатпаевские чтения: Сб.

С. А. Канапин
Ақмола облысы

ГУМАНИТАРЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазіргі кезде білім беру стандарты талаптарына сай қоғамдық пәндерді оқытуда ерекше жауапкершілік пен міндет жүктеледі. Жаңа педагогикалық және ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыруда басты рөл атқарады.

Оның басты міндеттері мынандай:

- оқушылардың ежелгі адамзат қоғамының дамуынан, бүгінгі күнге дейінгі дамуынан жүйелі білім негіздерін қалыптастыру;
- оқушылардың дүниеге ғылыми көзқарасын қалыптастыру;
- оқушылардың басты назарын қоғам тарихына аудару;
- тұлғаның жеке мүддесі, мүмкіншілігін ескере отырып, бүкіл адамзаттың мәдени тұлғасын сақтауға және байытуға үлес қосуға тәрбиелеу;

Осы міндеттерді орындау үшін гуманитарлық білім саласы маңызды орын алады. Сондықтан, қоғамдық пәндерді оқытуда оқушылардың айрықша белсендігін, ойлау қабілетін, ізденісін дамыту үшін сабақтың әртүрлі типтерін ұйымдастыру қажет. Қазіргі

еліміздің даму қарқыны мемлекет құрылысының барлық салаларына әсер етуде. Жаңа заман талабына сай теориялық білімді игеру мен жаңғырту, технологиялық процестерді үздіксіз қолдану оқушылардың алған білімін жаңаша, шынайы қалыптастырады.

Елбасы Жолдауындағы мемлекет мәртебесінің дүниежүзілік додада көш ілгері болып, мемлекеттік басқарудың электрондық жүйесін біртіндеп іске асыру өмір талабы деп түсінсек, тарих пәнін оқытуда ақпараттандыру құралдарының орны ерекше. Қазіргі кезеңде оқыту әдістері проблемасы тек қана педагогикалық мәселе болып қоймай, маңызды саяси-әлеуметтік проблемаға айналып отыр.

Оқушыларды қоғамдық-гуманитарлық бағытта оқытудың басты мақсаты: шәкірттердің ойлануына, толғануына, пікір таластыруына ықпал ету, дүниеге деген көзқарасын қалыптастыру, эстетикалық талғамын тәрбиелеу, оларды өз еңбегімен ізденуші, білім алушы дәрежесіне жеткізу.

Заманымыздың заңғар жазушысы, ұлы педагог Мұхтар Әуезов – өмірдің диалектикасы өсу, даму, жетілу деп түсінген ойшыл-ғалым.

Өмірдің бүгін өсіп-жетілді деген бір шындығы ертеңгі күні олқы болып қалады да, өскелең өмір шындықты ілгері қарай дамыта береді.

Сондықтан ұрпақ тәрбиесінде, оларды оқытуда адам баласы тұтынған білім мен ғылым, өнер саласынан жан-жақты мағлұмат беріп, оны өздерінің алға алып кетуіне жағдай жасау.

Ал бұл оңай шаруа емес, ол мұғалімдерден тек терең білімді ғана емес, үлкен психолог болуды талап етеді.

Мұғалім мамандығы көптеген компоненттен құралатын синтездік мамандық екендігі белгілі. Олай болса, ұстаз ойынша бұл үшін адам тұла бойындағы потенциалдық мүмкіншіліктің барлық ресурстарын сарқа пайдалануға тиіс.

Осыған орай, әр ұстаз өзін-өзі басқару, өзін-өзі тәрбиелеу, әсіресе, өзінде темірдей ерік-жігер мен қажыр-қайрат, табандылық, мақсаткерлік, төзімділік, еңбек сүйгіштік, жинақылық, тәртіптілік, тағы басқа қалыптасатын, өзін-өзі меңгере алатын күйге жетпесе болмайды.

Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдардың қазіргі мәселелері мектепте нәтижелі жұмыс жасауы үшін оқытушылардың бойында білім мен біліктен басқа, педагогикалық қызметке деген табиғи бейімділік, зор талап, терең талғам мен ұғымдылық, ынталылық қажет екендігі белгілі.

Ал, ықылассыздық пен енжарлық, дөрекілік пен менмендік – бірімен-бірі жақын тұрған адамгершіліктің кәпескі жақтары ғана емес, тәрбиенің де жауы.

Тағы да бір айта кетер нәрсе ұстаз ойының жүйелі әрі дәйекті болуы, ой мен тіл бірлікте болса, ұлттық мәнге ие болады.

М.Әуезовтің Шығыс халықтарының ойлау жүйелері, сөйлеу мәнерлері туралы пікірлері гуманитарлық және әлеуметтік ғылым үшін өте құнды.

Шығыстық философияның, ойлау жүйесінің биік шыңы бәрімізге де белгілі. Жапон елінде мектеп оқушыларына 12 жасқа дейін әуелі гуманитарлық төрт пән, тіл, әдебиет, тарих және өнерді оқытуы, содан кейін ғана басқа пәндерді игертуі оларды әлемнің дамыған елдер қатарында болуына бөгет бола алмады.

Логика мен психология ғылымдарының өзара қарым-қатынасын, әрбір оқытушы, жастар тәрбиесіне қатысты барлық адамдар білуі парыз.

Оны терең игерудің негізгі жолы мұғалімнің қазақтың халық педагогикасының негізін білуде.

Ал, оның қайнар көздері халықтың аңыз әдебиетінде, тарихында.

Қазіргі мәселе, әр адам өзінің идеялық сенімін шыңдауы тиіс. Осы дәуірде өмір сүріп, еңбек етіп жүрген адамзаттың прогресшіл өкілінің патриотизм ұғымын, өзі туып-өскен жеріне, өз республикасына, жалпы еліне, халқына деген сүйіспеншілік сезіммен байланыстыруы қажет. Кеңестік жүйе кезеңінде қазақ халқының өзіне тән фольклоры,

музыка, мәдениеті, әдебиеті, тарихы қоғамдық сананың назарынан тыс қалды. Бұл гуманитарлық мәдениетті қалыптастырудың өзекті мәселесіне айналды.

Ал, қазіргі білім беру жүйесіндегі қайта құру процесі осы кемшіліктерді жойып, жаңа типтегі мамандарды дайындауға бағыттталып отыр.

Қазіргі кезең адамның ерекше биосфералық қызметі, жер бетінің түкпір-түкпіріндегі экологиялық жағдайдың нашарлауы, барлық мемлекеттердегі одан шығу жолдарын іздеуге мәжбүр етуде.

Ал, экологиялық мәселелердің алдын-алу үшін адам ретсіз дамудан тиімді, реттелген, табиғат пен қоғамның даму заңдарына негізделген дамуға өтуі қажет. Тек сонда ғана адамзат қоғамының дамуы үздіксіз, ұзақ уақытқа, бірқалыпты жағдайда, табиғи және әлеуметтік дағдарыссыз дамуы мүмкін болады. Мұндай дамуды тұрақты даму дейді. Ол үшін адамдардың сана-сезімі, олардың мақсаты мен адамгершілік бағыттылығы өзгеруі керек.

Бұл тұрғыдан алғанда жас ұрпаққа бала-бақшадан, орта мектепте, лицей, колледждерде, жоғарғы оқу орындарында үздіксіз экологиялық білім беру жүйесін жетілдіру мен ұйымдастыру мемлекеттік мәселе болып табылады. Сондықтан кез-келген мемлекеттің экологиялық саясатының негізгі компоненті жоғарғы оқу орындары даярлайтын мамандар болатыны белгілі. Ол мамандар барлық деңгейдегі экологиялық мәселелерді шешуге қауқарлы, білімді болу қажет. Ал, экологиялық білім-қоршаған ортаны қорғау үшін қажетті білімді, ептілікті, әдетті, икемдікті қамтиды. Жаңа форматтағы экология мамандарын даярлауға жоғарыда аталғандар кадрлар даярлаудың ажырамас бөлігі болуы керек.

Сондықтан 1992 жылдың маусым айында Рио-де Жанейро қаласында өткен БҰҰ-ның қоршаған орта мен оның дамуы бойынша өткен конференциясы «Тұрақты даму»

концепциясын және «XXI ғасырдың күн тәртібі» атты ауқымды бағдарламасын қабылдады және барлық елдердің үкіметтерін тұрақты дамудың ұлттық концепциясын қабылдауға шақырды. Сөйтіп, Қазақстанда да «Тұрақты даму» концепциясы 1992 ж. «Біздің жалпы болашағымыз» атты айдармен жарияланды. Бұл құжатта алғаш рет негізгі принциптер жинақталды. Кез келген мемлекет стратегиялық жоспар жасауда осы принциптерді ұстануы қажет болды.

Қазақстан үшін үлкен мәні бар принциптар мыналар болуы керек:

- қазіргі және болашақтағы ұрпақтарды өмір сүруіне қажетті өнімдермен қамтамасыз ету және оның қорын сақтау,

- биотехнологиялық тұрғыдан ойластырылған, қалдықтан-қалдықсыз өнім шығаруға көшу;

- біртіндеп органикалық отынмен жұмыс істейтін энергетика өнеркәсібінен қолайлы немесе дәстүрлі емес энергия алу көздеріне өту.

1972 жылы өзінің «Өсудің шектілігі» деген кітабін қорытындылай отырып профессор Д.Медоуз «Экологиялық дағдарыс болады деген».

XX ғасырдың екінші жартысында адамзат өзін планетарлық күш ретінде сезіне бастады. Дегенмен, осы кезеңде ресурстардың жетіспеушілігі, табиғи орта сапасының төмендеуі секілді мәселелерді әлеуметтік-саяси жанжал, көші-қон есебінен шешуге мүлдем болмайтындығы айқындалады. Бұл әдістер тәжірибеде өткен кезеңдерде кеңінен қолданылған, бірақ қазіргі жағдайда оларды қолдану мүмкін емес және олар дағдарыс жағдайын одан әрі күрделендіреді. Жерді, биоресурстарды, минералдық шикізаттарды кеңінен пайдалану, планетаның табиғи мүмкіндігін шектеп, адам мен табиғи орта арасындағы қарама-қайшылықты туындатуда. Қазіргідей адам санының тез қарқынмен артуы бұрын-соңды тарихта болмаған. Жер бетінде халық саны 2,5 есеге артты, мұндай жағдайда экожүйе жер бетіндегі халықтың барлық қажеттіліктерін қанағаттандыра алмайды. Сонымен қатар, адамның табиғатқа ықпалы ғаламдық сипат алды. Осы кезеңде жер, су, орман, пайдалы қазбалар секілді табиғи ресурстар шаруашылық айналымға кеңінен тартылып, осының салдарынан қоршаған ортаға келетін антропогендік жүктеме көбейді. Техносфера қарқынды түрде қалыптаса бастады. Қоршаған ортадағы өзгеріс алғашқы кезеңдерде табиғи ландшафтардың өзгеруі есебінен болса, кейіннен қоғамның индустриялануы барысында өнеркәсіптік және тұтыну қалдықтарының ықпалы жоғарылады. Яғни, ортаның техногендік ластану үдерісі қарқынды сипат алды. Адам қолымен пайда болған экологиялық мәселелер кең ауқымда таралып, күрделі, төтенше, аса қауіпті сипат ала бастады.

Батыс Қазақстан мен Астрахань облыстарының шекарасында орналасқан «Азғыр», «Капустин Яр» әскери полигондарының адамдар мен тірі табиғатқа тигізген зияндары, белгілі Семей полигонынан асып түседі. Полигондар онкологиялық, жүрек тамыр және басқа ауруларды қоздырып, жануарлар мен өсімдіктер дүниесіне зиянын тигізеді. Озон қабатының жұқаруы, қышқылды жаңбыр, жер ғаламшарларындағы климаттың жылына бастауы жер биосферасындағы тіршілікке тікелей қауіп төндіруде. Ойықтардың пайда болуына өнеркәсіптерден бөлінетін М, Си, Fe, Mn, Cl, P оксидтері әсер етеді. Сондықтан, экологиялық тәрбие мен ағарту жұмыстары-адамдарды қоршаған табиғи ортаны ұғынып қабылдауға, табиғатты ұқыпты қараудың қажеттілігіне сендіруге, оның байлықтарын саналықпен пайдалануға дағдыландыру болуы керек. Экологиялық білімсіз қоғамдық экологиялық сана қалыптастыру мүмкін емес. Экологиялық тәрбие қоғамдық өмірдің барлық салаларын қалыпты бірнеше деңгейлерінде жүргізілуі керек. Ал жеке тұлғаның экологиялық мәдениеті от басынан қалыптасады. Сондықтан ата-ана баланың қоғамдағы негізгі мінез-құлық нормаларымен қатар, экологиялық мәдениеттің негіздерін үйрете бастауы керек.

Қазіргі даму кезеңіндегі адам экологиясын оқытудың актуалдылығына себеп болатын тағы бір экологиялық жағдай біздің Қазақстандағы Байқоңыр ұшыру алаңына да байланысты болып отыр. Мысалы, соңғы кезде әрбір ұшырылған «протонның» қоршаған

ортаға үлкен зиян әкелетіндігі анықталды. Гептильдің әсерінен уланған аумақтың көлемін анықтап, кінәлі жаққа толық мағлұмат беріп, олардың шығынын өтеп алу қажет. Бұл келтірілген оқиғаларды дәлелдейтін екі факт ғана бар. Экология мамандарының қажет екендігін, мемлекетті экологиялық жағынан қоршаған ортаны қорғау керектігін республика президенті Н.А. Назарбаев Қазақстан инженерлері съезінде атап өтті.

Жалпы планетадағы тіршілікті қорғау бүкіл адамзаттың бірігуін талап етеді. 1987 жылы БҰҰ-ның Дүниежүзілік қоршаған орта мен даму комиссиясы «Біздің жалпы болашағымыз» атты есебінде «қоршаған орта үшін қауіпсіз жолда экономикалық дәуірге» аяқ басуға шақырды. Сондықтан, алғаш реет «тұрақты даму» концепциясы ұсынылды. Ал, «трақты даму» дегенде қазіргі уақыттың қажеттілігін қамтамасыз ете отырып, болашақ ұрпақтардың өзінің қажеттіліктерін қамтамасыз етуіне қауіп туғызбайтын даму деп түсіну керек. «Біз ата-бабаларымыздың Жерін мұраға алған жоқпыз. Біз оны өзіміздің бабаларымыздан қарызға алдық» (БҰҰ материалынан).

Сондықтан мемлекеттік деңгейде адамдардың санасына, көзқарасына әсер ететін, табиғи ресурстарды ұқыптылықпен, үнемділікпен пайдалануға, жанашарлықпен қарайтын, табиғатты қорғауға өзінің әр қашан үлесін қосуға дайын адамдарды, жас ұрпақты, экологиялық білімді мамандар даярлаудың қаншалықты маңызды екені ешқандай күмән туғызбайды. Осы тұрғыда мемлекет 2002 жылы мынадай нормативтік құжаттар даярлап жариялады: «Қазақстан Республикасындағы халыққа экологиялық білім және экологиялық тәрбие беру», «Тұрақты даму стратегиясы және Қазақстанның тұрақты дамуын қамтамасыз ету механизмі», «Қоршаған ортаны қорғаудың принциптері мен әдістері», «Ерекше қорғалатын табиғи территориялар-қоршаған ортаны қорғау шараларының бір түрі» тәрізді бағдарламалар мен заңдар.

Жоғарыда келтірілген құжаттар, экологиялық білім беруге бағытталған пәндердің негізі болып, оқу орындарына міндеттеліп, оқу орындарының мемлекеттік стандарттарына сәйкес көңіл бөлініп, белгіленген мөлшерде сағат бөлінуі тиіс.

Бұл мәселелерді кешенді ғылыми тұрғыда шешу үшін экология, экономика және әлеуметтік дамудың барлық негізгі топтарын біртұтас кешен түрінде қарастыру қажет.

Қазіргі уақытта экологиялық, экономикалық, әлеуметтік мәселелерді интеграциялау жолдары іздестірілуде. Олар:

- бұзылған экожүйелерді қалпына келтіруді қамтамасыз ету;
- суды тиімді пайдаланудың нақты шараларын анықтау;
- ауыл шаруашылығының тұрақты дамуын жүзеге асыруға, биологиялық алуантүрлілікті сақтауға бағытталған іс-шараларды қабылдау.

Қорыта айтқанда, экологиялық тәрбие мен білім беру қоғам мен мемлекеттің қоршаған табиғи ортаны қорғауға, экологиялық мәдениеттің деңгейіне қаншалықты көңіл бөлетініне тікелей байланысты. Ал, экологиялық тәрбие мен білім беру заң бойынша, кешенді түрде, үздіксіз, барлық адамдарға ортақ болу қажет.

Экологиялық тәрбиенің негізгі мақсаты- жастардың экологиялық көзқарасын, санасын, табиғатқа үлкен парасаттылық, жауапкершілік, қарым-қатынасын қалыптастыру. Осы тәрбие арқылы адамның экологиялық санасын мәдениеттілік сезімін, жоғарлату.

Әдебиеттер

1. Охрана окружающей среды: Сборник нормативных правовых актов. Алматы: Юрист, 2005.-220 С.
2. Медоуз Д.Х., Медоуз Д.Л. За пределами роста. – М.Прогресс, 1994. - 302 С.
3. ҚР экологиялық білім беру концепциясы// 2005 жылы Қазақстандағы экологиялық білім беру. №1, С.3-6.
4. Алексеев С.В. От экологического образования к образованию для устойчивого развития: поиск стратегии, подходов, технологий, СПб2001.- С.7-9
5. Урсул А.Д. Экологическое образование и устойчивое развитие// под ред. А.Д.Урсула, М., РАГС, 1996.

6. Урсул А.Д. Модель опережающего образования и переход России к устойчивому развитию ВИНТИ. Устойчивое развитие, Информационный сборник, Вып. 1, М.-1998.- С.78-135.

7. Доклад министра охраны окружающей среды и природопользования Республики Казахстан А.Сомаковой, Экология и устойчивое развитие, №4, 2003г.

8. ҚР экологиялық білім беру концепциясы, Экология және тұрақты даму, №7, 2003 ж.

Шорманова А. Қ.

Алматы қ.

XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МЕРЗІМДІ БАСЫЛЫМДАР ҚЫЗ БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУ ТУРАЛЫ

Бұрынғы Ресей империясы құрамындағы басқа да халықтар тарихы сияқты, қазақтар тарихының белгілі бір кезеңінің аяқталып, екінші бір жаңа, түбірімен өзгеше кезеңінің басталуы қазан төңкерісімен байланысты болғандығы белгілі. Сол қазақ халқының тағдырында терең із қалдырған аласапыран басталар қарсаңындағы, яғни XX ғасырдың басындағы ел тарихының теңдесі жоқ дереккөздерін 1907 жылдың наурыз айынан бастап шыға бастаған бейресми ұлттық басылымдар құрайды. Өйткені, оларда ұлт өмірінің барлық қырлары ұлттық мүдде тұрғысынан бейнеленген. Демек, ұлттық бейресми басылымдарды халқымыз тарихының жазбаша дереккөздері ретінде пайдалана білмей, XX ғасыр басындағы еліміз тарихын толық ашып көрсету мүмкін емес. Бұл қағида, әрине, оқу-ағарту және білім беру тарихына да қатысты.

Дегенмен, көрсетілген кезеңдегі оқу-ағарту тарихының дереккөздері ретінде ұлттық бейресми басылымдардың бәрін бірдей емес, тек 1911 жылдың қаңтар айынан бастап 1915 жылдың қыркүйегіне дейін шығып тұрған "Айқап" журналы мен 1913 жылдың 2 ақпанынан 1918 жылдың қазанына дейін шығып тұрған "Қазақ" газеті апталығын ғана алып отырмыз. Себебі бірнеше жылдар бойы бейбіт кезеңде белгілі бір мерзімділікпен шығып тұрған ұлттық басылым тек осы екеуі ғана еді. Сондықтан, халқымыздың рухани өмірінің көрінісі болып табылатын оқу-ағарту сияқты саланың тарихы да осы басылымдарда ғана жүйелі бейнеленген. Газеттерде қазақтардың оқудың, ғылымның қажеттілігін түсіне бастағандары, мектеп-медреселер салу және ашу, ол үшін қаражат жинау, оқыту жолдары мен тәсілдері, оқытушы мұғалімдер мәселесі, олардың тұрмыс-жағдайы мен айлықтары, әр облыстардағы оқыту жағдайлары, орысша оқыған қазақ шәкірттері, көшпелі медреселер ашу мәселесі, қыз балаларды оқыту, қазақша әріп мәселесі, медреселер туралы деректер, т.б. туралы мақалалар жарияланған. Міне, осыларға дереккөздері ретінде қарап, оларға деректанулық талдау жасау XIX ғасырдың соңындағы еліміздегі оқу-ағарту тарихына қатысты құнды мәліметтер алуға көмектесері анық.

Ұлттық бейресми басылымдар көшбасшылары "Айқап" журналы мен "Қазақ" газетінің оқу-ағарту және білім беру саласындағы ерекше көңіл бөлген мәселелерінің бірі қазақ жерінде мектеп-медресе салу, оларды ашу, сол мектеп-медреселерде жастарды, әсіресе қыздарды оқыту мәселесі болған.

Қыз балаларға оқу үшін ел болып көмек көрсетудің маңызы ерекше. Ол бүгін қазақ ұл балаларын оқытпаса да, барын салып қыз баласын оқытуға тырысады. Бұл кеңес өкіметінің халқымызға тигізген пайдаларының бірі. Ал, XX ғасыр басында қыз балаларды оқыту үлкен ұлттық проблемалардың бірін құраған. Оның айқын дәлелі – ұлттық мерзімді басылымдар "Айқап" журналы мен "Қазақ" газетінің жеткізіп отырған деректері. Егер, "Айқап" бұл мәселеге 8 мақала арнаса, "Қазақ" газеті 12 мақала арнаған.

Демек, қыз балаларды оқыту мәселесі сол кездегі жалпы қазақ даласындағы аса өткір тұрған әлеуметтік проблемалардың бірі – әйел теңдігі мәселесімен тығыз байланысты.

Сондықтан, қыздарды оқыту мәселесі қазақ әйелдерінің қоғамдағы орны мен құқықтары, жалпы жағдайлары төнірегінде қарастырылуы керек. Ал, «Айқап» пен «Қазақ» газетінің материалдары осы мәселенің маңызды дереккөздері міндетін атқара алатындығын үлкен сеніммен айта аламыз. Өз кезінде «Айқапты» шығарушылар әйел теңдігі мәселесіне қазақ қоғамының өзекті мәселелерінің бірі ретінде қарап, журнал бетінде отыздан астам мақалалар жариялаған. Оларға деректанулық талдау жасау, өткен ғасыр басында өмір сүрген аталарымыз бен апаларымыздың өзара қарым-қатынастары тарихынан құнды мәліметтер алуға көмектесері анық. Сонымен қатар, әйелдердің ауыр жағдайы, әйел теңдігі туралы А.Бадықов, Ә.Ғалимов, С.Торайғыров т. б. ондаған авторлар мақалалар жариялаған. Олардың бәрі дерлік әйел теңсіздігінің қайнар көзі надандықта екендігін атап айтып, қазақ әйелдерінің қоғамдағы өз орнын алуларының бірден-бір жолы қыз балаларды оқыту қажеттігі туралы жазған. Мысалы, Тілеубергенов Жұбакен "Айқап" журналының 1912 жылғы 8 нөміріндегі "Қыз балалар қақында бір-екі сөз" деген мақаласында әйел теңдігін, қыз балаларды оқыту мәселесін көтерген. Қыз балаларды оқыту керектігі туралы Кәшімов Мұхамедсәлім /"Айқап", 1913, №2/, Ғаббасов Сабыржан /"Айқап", 1915, №3/ т.б. арнайы мақалалар жазған. Бұл қыз балаларды оқыту не оқытпау туралы мәселенің сол уақытта ұлт алдында тұрған маңызды мәселелердің бірі болғандығын көрсетеді.

Қыз балаларды оқытудың ұрпақ тәрбиесіндегі зор маңызы барлығын халқына насихаттаған "Айқап" журналы, оқып білім алған қазақ қыздары туралы қуана жазған. Мысалы, журналдың 1913 жылғы 15 нөміріндегі "Ішкі хабарларда" оқу арқылы үлкен дәрежеге қолы жеткен Асфендиярова Мәриям туралы "Тәшкенде тәржімән болып тұрушы Сейітжағыпар Асфендияровтың қызы Мәриям Асфендиярова Петербордағы ғали әйелдер курсы /Высшие женские курсы/ 1908 жылдар шамасында бітіріп, докторлыққа /дәрігерлікке/ куәлік /диплом/ алып, әуелгі кездерде "Темірлан" деген жерде дәрігер болып тұрушы еді. Осы күнде сол арыстан жүрек бикешіміз Хиуаға хан сарайына дәрігерлікке тағайындалыпты. Жалование жылына алты мың теңге. Жыл сайын төрт ай бостандықпен пайдаланады. Жігіттеріміздің қолы жетіспеген жерге қыздарымыздың қолы жетісушілікке қазақ үшін зор шаттық деуге болмай ма?!" - деп жазса, келесі 16 нөмірдегі "Ішкі хабарларда" берілген "Досжанқызы Аққағаз" деген хабарда: "Биыл Орынбор гимназиясын бітіріп шыққан Аққағаз Досжанқызы Мәскеудегі қыздарға арналған жоғары курстың дәрігерлік бөліміне кетті. Өзіне Торғай облысының Земский сомасынан степендия берілген екен", - деп жазылған.

Жоғарыда айтылғандай, қыз балаларды оқыту туралы және оқыған қазақ қыздары туралы өз кезегінде "Қазақ" газетінде де мақалалар жарияланып тұрған. Мысалы, газеттің 1915 жылғы 30 сентябрьдегі 151 нөмірінде Ж.Ж. деп қол қойған автор /Қ.Атабаевтың дәлелдеуінше, ол Жанұзақ Жәнібековтың бүркеншек аты. "Қазақ баспасөзі Қазақстан тарихының дереккөзі/ [1] өзінің "Талапкер қазақ қызы" деген мақаласында Орынбордағы "Бағбыстан мектебіне" оқуға түскен қазақ қызы Сара Есова туралы жазса [2], газеттің 1917 жылғы 240-шы және 249 нөмірлерінде басылған "Қазақ мұғалімі" және "Мұғалима қазақ қызы" атты редакциялық мақалаларда, кеңес өкіметі кезінде көрнекті қоғам қайраткері дәрежесіне дейін жеткен Сара Есованың Орынбордағы "Бағбастан ханым" атты мұсылман қыздары мектебін бітіріп, мұғалима болғандығы туралы жазған.

Осылай, ұлттық мерзімді басылымдар "Айқап" журналы мен "Қазақ" газеті ХХ ғасыр басында ұлт алдында тұрған әлеуметтік мәселелердің ең өткірі де, маңыздыларының бірі – қазақ қыздарын оқыту мәселесіне ерекше көңіл бөліп, оқыған қазақ қыздарының тағдыры туралы өз оқырмандарына жеткізіп отырған. Бүгінгі күні ол мақалалар әлеуметтік тарихымыздың баға жетпес құнды дереккөздеріне айналып отыр.

Жоғарыда айтылғандарға қорытынды жасасақ, онда ХХ ғасыр басында қазақ жастарын оқыту мәселесіндегі ең өзекті проблемалардың бірі – жағдайы төмен отбасыларынан шыққан мұқтаж оқушыларға ақшалай көмек көрсету болғандығын "Айқап" пен "Қазақ" дереккөздері ретінде дәлелдеп отыр. Журнал мен газет мәліметтеріне деректанулықты талдау жасау бұл мәселенің ұлттық деңгейге дейін көтерілген маңызды

мәселе екендігін және аталарымыздың ол мәселені шеше білгендігін көрсетеді. Ондаған, жүздеген талантты жастар өз халқы көрсеткен көмектері арқасында оқуға мүмкіндік алған. Сондықтан олардың көбі туған халқына адал қызмет еткен. Сонымен қатар, қазақ қоғамындағы ең өткір әлеуметтік мәселелердің бірі – әйел теңсіздігі, қыз балаларды оқыту маңызды мәселелердің бірі ретінде қарастырылған. Журнал мен газет материалдары дереккөздері ретінде қазақтардың өз қыздарын ер балалармен қатар оқытуға бет алғандығын да көрсетеді.

Әдебиеттер

1. Атабаев Қ.М., Қазақ баспасөзі Қазақстан тарихының дерек көзі. /1870-1918/. – Алматы: Қазақ университеті. 2000 ж.
2. Ж. Ж. (Жанұзақ Жәнібеков), Талапкер қазақ қызы //Қазақ, 1915, № 151, 30 сентябрь.
3. Малдыбаев М. Қайырлы ниет, жақсы ырым.// Айқап, 1912, № 3
4. Тілеубайқызы С. Қазақ қыздарының аталарына. //Айқап, 1911, № 7, 11-12 бб. Жинақ, 70 б.

III СЕКЦИЯ. ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ОРЫС ФИЛОЛОГИЯСЫ

КАЗАХСКАЯ И РУССКАЯ ФИЛОЛОГИЯ

Н. К. Кажекенова
г. Астана

КОММУНИКАТИВНАЯ КОМПЕТЕНЦИЯ НОСИТЕЛЕЙ РУССКОГО ЯЗЫКА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Становление речевой культуры любого человека обусловлено двумя факторами:

- 1) это языковая среда;
- 2) специальное обучение литературному, в частности, русскому языку.

В настоящее время в социум вливается поколение, родившееся в постсоветский период. При всей возможной преемственности речевых культур речь нашей молодежи существенно отличается от той русской речи, которую привыкли анализировать лингвисты, поскольку существенно изменилась речевая ситуация в целом. На нее повлияли в 50-60-е годы 20 в. такие внешние социальные факторы, как изменение круга носителей языка, распространение просвещения, территориальные перемещения народных масс, создание новой государственности, по-новому влияющей на некоторые сферы языка, развитие науки и т.д. [1, с. 34-35].

Конец 20 века ознаменовался такими социальными потрясениями, как перестройка, распад СССР, крушение тоталитарной системы, гласность, создание единого информационного пространства, всемирная глобализация, открытие границ, формирование основ этнической и национальной идентичности, рост самосознания этносов и т.д. При этом социокультурные изменения в обществе породили «дух отрицания» проявлений предыдущей эпохи, в речевой же практике это проявилось в ее значительной демократизации и явном отторжении от речевой практики советского времени с ее избыточной нормализованностью и подцензурностью.

В 80-ые годы 20 века проявились более новые тенденции в русской речевой практике:

- 1) расширяется круг участников массовой коммуникации: новые слои населения приобщаются к ораторскому искусству, пишут в СМИ;
- 2) нет цензуры – люди начинают говорить свободно и в любой ситуации;
- 3) возрастает личностное начало, диалогичность устного и письменного общения;
- 4) расширяется сфера устного публичного общения;
- 5) меняется форма массовой коммуникации: появляется обратная связь;
- 6) расширяются жанры публичной коммуникации;
- 7) появляется чувство открытости при общении даже между незнакомыми людьми;
- 8) психологическое неприятие бюрократического языка прошлого [2, с. 12].

Эти социокультурные изменения на рубеже веков вносят существенные изменения в понимание того, какая речь является правильной и хорошей, эталонной, допустимой и недопустимой.

Ученые-лингвисты выделяют 4 типа речевой культуры:

- 1) элитарный – носители этого типа владеют всеми нормами литературного языка и речевого этикета, а также функционально-стилевой дифференциацией русского языка;
- 2) средне-литературный – носители данного типа воплощают общую культуру человека в ее упрощенном и далеко не полном варианте, т.е. авторитетом и источником прецедентных текстов для них являются СМИ и массовая литература;

3) 3-ий и 4-ый типы речевой культуры – литературно-разговорный и фамильярно-разговорный, по мнению ученых, сформировались как самостоятельные только в 90-ые г.г. 20 в., и для них характерно владение только одной функциональной разновидностью русского языка - разговорная речь [3, с. 22-24].

Исследователи отмечают все большее распространение разговорной речи на все сферы деятельности, размывание стилевых границ, изменение эталона «хорошей речи», преобладание жаргонов в речи молодежи, снижается доля грамотно говорящих и пишущих людей. Среди людей старшего и среднего поколения есть представление о допустимой степени безграмотности, чего, к сожалению, нельзя сказать о большей части молодежи.

Проблема ухудшения коммуникативной компетенции носителей русского языка, вульгаризация его уже признаны в обществе не только лингвистами, но и государственными деятелями. Этим обстоятельством, вероятно, и обусловлено введение экзамена по тому или иному языку для госслужащих.

Многие ученые склонны видеть причины ухудшения коммуникативной компетенции носителей языка преимущественно в следующих реалиях современной языковой политики в постсоветском пространстве, в частности:

- 1) язык СМИ, снижение литературности в нем;
- 2) интернет со всей совокупностью его возможностей и доступности;
- 3) рунет (русскоязычный сектор Интернета) и чат (разговор в режиме реального времени (on-line), с их специфическими особенностями общения;
- 4) СМС – сообщения, синтаксис которых еще более разговорен, чем в интернет-жанрах письменной речи;
- 5) и наконец-прагматизм молодежи во всем, в том числе и в отношении к языку.

Таким образом, анализ языковой ситуации рубежа веков позволяет представить некоторые прогнозы ближайшего развития и функционирования русского языка в странах СНГ, где он и по сей день является одним из значимых средств коммуникации. По мнению большинства ученых, еще не пройдена точка невозврата, еще можно что-то сделать, чтобы «негативное возможное не превратилось в реальную судьбу языка» [3, с.34].

Е.Я. Шмелева на основе анализа языковой ситуации и оценки общей динамики прогнозирует [4]:

- 1) активный словарь русского языка обновится на 30%;
- 2) кодифицированные орфографические, орфоэпические и грамматические нормы станут менее строгими;
- 3) из-за массового распространения интернета синтаксис русской письменной речи существенно сблизится с синтаксисом разговорной речи;
- 4) окончательно исчезнет высокий стиль русской речи.

Что же реально происходит у нас в стране? С одной стороны, солидная академическая школа крупных лингвистов, которые своими исследованиями в определенной степени иногда даже превосходят идеи российских ученых в силу того, что дву – и полиязычны. С другой стороны - студенты, (к примеру, на казахское отделение в прошлом учебном году поступили 72% абитуриентов), в большинстве своем плохо владеющие и практически не владеющие русским языком, в том числе студенты-оралманы. На наш взгляд, наряду с пробелами языкового образования в школе, МОН РК учебно-методическому оснащению преподавания языков в вузе не уделяет должное внимание: по типовой программе мы должны первокурсников обучать научному стилю русского языка естественно, если эта программа доступна для подготовленных студентов, обучающихся на специальностях международного цикла, то практически непреодолима для студентов, обучающихся на технических и др. специальностях.

Итак, на наш взгляд, для реального внедрения желаемого полиязычия, необходимо учебно-методическое оснащение языков в вузах, составляемое коллективом ученых, методистов-практиков.

В погоне за мнимым полиязычием нам следует задуматься в первую очередь о качестве преподавания языков в начальной, средней и высшей школе; по мнению практиков, для эффективного внедрения полиязычия в РК в вузах необходимо готовить дву- , трехязычных специалистов, а также по узко-специальным отраслям- со знанием 2-3 языков, например, математик со знанием казахского, русского и английского языков.

Вместо этого в вузах сведена до минимума подготовка педагогических кадров, по специальности «Педагогика и методика начального обучения» ведущие вузы Казахстана практически уже не готовят кадры, а ведь и становление личности, формирование ее приоритетов, интересов к той или иной дисциплине происходят в начальном звене. Лет через 10 в начальной школе некому будет работать, и тогда вряд ли можно достичь реального полиязычия.

Таким образом, речевая и языковая компетенция человека обусловлены факторами, связанными с последовательным его обучением определенным навыкам и умениям. Казахстану нужны грамотные, высококвалифицированные специалисты, умеющие донести информацию носителю другого языка на его языке, и, более того, владеющие 3-4 языками в его письменной и устной формах.

Литература

- 1.Русский язык и советское общество: Социолого-лингвистическое исследование. Лексика СРЛЯ. М.: Наука, 1968.
- 2.Русский язык конца 20-го столетия (1985-1995) /Ред. Е.А. Земская. М: Языки русской культуры, 2000.
- 3.Хорошая речь /Под ред. М.А. Кормилициной и О.Б. Сиротининой. Изд. 2-е, испр. М: Издат-во ЛКИ, 2007.
- 4.Шмелева Е.Я. Русский язык 21 века: воспоминания о будущем//Доклад на II международной конференции «Культура русской речи». М.: ИРЯ РАН, 4-6 октября 2010.

Қ. А. Мамаділ
Астана қ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МОРФОЛОГИЯСЫНДАҒЫ А.ЫСҚАҚОВ ҰСТАНЫМЫ

Бірқатар тіл ғалымдары түркі тілдерінің грамматикалық жүйесінің зерттелуі ХҮІІІ ғасырдың екінші жартысында басталғандығын айтып жүр. Бұған дәлел ретінде чуваш тіліне (Сочинения, пренадлежащие к грамматике чувашского языка (1769), татар тіліне («Азбука татарского языка» (1778) түрік тіліне («Турецкая грамматика» (1778) және т.б. сияқты (алғашқы) түркі тіліне қатысты еңбектер айтылып жүр. Мұның өзі түркі тілдері грамматикасының Ресей ғалымдарының тарапынан ғана зерттелуіне екі жарым ғасырға жуық уақыт өткенін білдіреді. Шындығында, түркітанудағы грамматикалық ілімнің қалыптасуына он ғасырдан астам уақыт болыпты. Бұған Махмұд Қашқаридің ХІ ғ. жазылған «Диуани лұғат ит-түрк» атты еңбегі [1] дәлел. Өйткені ол еңбекте сол кездің өзінде бір-бірінен ерекшелене бастаған түркі тілдеріндегі сөздердің құрамы, тұлғасы, кейбір жұрнақтардың мағыналық қызметі, т.б. мәселелер жөнінде құнды пікірлер айтылды. Мәселен, -лық/-лік қосымшасы тұлғасындағы сөздердің білдіретін мағыналары, егістіктің райы мен шағы жөніндегі айтқандары және т.б. ойлары түркологияға араға көп ғасырлар салып белгілі болғанымен, қазіргі түркітанудағы морфологиялық теорияда өз

құндылығын әлі жоя қойған жоқ. Түркі тілдерінің, оның ішінде, қазақ тілінің төл табиғатын нақты таныта алатын тұжырымдар қазір де керек-ақ. Профессор Ахмеди Ысқақұлының қазақ тілін болашақта қай бағытта, қалай, қандай принциптерге, теориялық тұжырымдарға сүйене зерттеу қажеттілігі жөніндегі ғылыми мәні терең сөзі бар, ол түркі тілдерінің ең көне қабаттарын сөз құрамын жаңаша зерттей отырып тану қажеттілігін айтқан болатын. Ғалымның қазақ тіліндегі фономорфологиялық құбылыс жөніндегі пікірлері морфология теориясын жаңа бір белеске көтерері сөзсіз еді.

Профессор Ахмеди Ысқақұлының қазақ тілі морфологиясын дамытудағы ізденістері оның тіл теориясының терең білгірі екендігін танытады. Бұл үшін қазақ тіліндегі морфологиялық теорияның даму деңгейін талдап, түйіндеп, жетілдіріп отыратын 1964, 1974, 1991 жылдары шыққан «Қазіргі қазақ тілі (морфология)» [2] оқулығын айтсақ та жеткілікті. Қазақ тілінің морфологиялық табиғатына алғаш рет түрен салып, терминдерін қалыптастырған Ахмет Байтұрсынұлы екенін бүгінде ғылыми орта жақсы біледі. Ахаңның сөз тұлғасының түрлері (түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, қосалқы, қосымшалар), сөз таптары т.б. жөніндегі тілдік деректерге негізделген тұжырымды пікірлері кейін Қ.Жұбановтың 1936 жылы жарық көрген орталау, орта мектептерге арналған «Қазақ тілінің грамматикасында» (морфология), М.Балақаевтың 1941 ж. жарық көрген «Қазақ тілі грамматикасының» кейбір мәселелері» [3] және т.б. еңбектерде жалғасын тапты немесе теориялық жетістіктер негізінде толықтырыла тұжырымдалды.

Қазақ ғалымдары бір ғасырға жуық уақыт ішінде грамматиканың морфология саласында айтарлықтай табыстарға жетті. Қазақ тілінің морфологиясы түрлі қырынан зерттелді. Ғалымның үстеу, рай жөніндегі зерттеулері солардың қатарынан орын алады.

Ғылым - үнемі дамып, толығып отыратын құбылыс. Онда кемшілік пен жетістік қатар жүреді. Ал осындай тұтас ғылыми үдерісті жіті бақылап, талдап, оқулық түрінде жинақтап, түйіндеп беруде Ахмеди Ысқақұлының дарын табиғаты ерекше. Оның «Қазіргі қазақ тілі» («Морфология» атты еңбегінің оқулықтан гөрі монографиялық сипатының басым болу сыры сонда жатыр. Мәселен, белгілі ғалым Кәкен Аханов «Грамматика теориясының негіздері» [4] деген еңбегінде сөз формаларын грамматикалық және туынды деп екіге бөле қараса, А.Ысқақов сөз формалары жөнінде тың концепцияны ұсынады. Яғни бір ғана синтетикалық тәсіл арқылы туатын сөз формаларын категориялық маңыздары мен қызметтеріне қарай сөз жалғастыратын, сөз түрлендіретін және сөз тудыратын формалар деп үшке бөліп, қазақ тілінде сөз формалары морфологиялық тәсіл арқылы да, синтаксистік тәсіл арқылы да жасалатынын айтады. Бұл пікір кейіннен профессор Н.Оралбаеваның етістіктің аналитикалық формалары мен форманттары жөніндегі зерттеулерінде дамытылды [5], С.Исаевтың «Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар» [6] деген оқу құралында қолдау тапты. Ал К.Қарымбаева, Г.Абдирасилова, Қ.Бибекөв т.б. сынды ғалымдар тереңдете зерттеді [10].

Қазақ тіл білімінде күрделі етістіктер теориясының негізін Қ.Жұбанов қалыптастырды. Бұл проблема жан-жақты зерттеліп келе жатқанымен, әлі де толық шешімін тапты деуге болмайды. Ғалым бұл тараптағы теориялық ізденіс нәтижелерін үнемі назарда ұстап, оқулықты ғылыми жағынан үнемі жетілдіріп отырған. Бұған 1991 жылғы басылымдағы «Аналитикалық етістіктер», «Аналитикалық формалар» деген тақырыпшалар дәлел. Мәселен, 1974 жылғы оқулықта «Көмекші етістік және аналитикалық форма» деп берілсе, 1991 жылғы еңбекте «Көмекші етістік пен аналитикалық форманттар» деп берілген. Бұл өзгерісті аналитикалық форма мен аналитикалық формант ұғымдарының ара жігінің түркологияда сондай-ақ қазақ тіл білімінде анықталуынан деп түсіну керек. Мұның өзі соңғы еңбектің тіл ғылымындағы соңғы теориялық жетістіктермен толықтырылғанын көрсетеді. Ғалым морфология саласындағы ғылыми жетістіктерге сын көзбен қарап, кейбір проблемаларды қайыра зерттеп, тың түйіндер жасап отырғанға ұқсайды. Етіс категориясындағы субъекті мен объектінің амалға қатысы, керісінше, амалдың субъекті мен объектіге қатысы жөніндегі тың түйіндеулері сыны аңғартса керек. Мұндай пікірді етістіктің рай категориясына

қатысты да айтуға болады. Қазақ тілінде функционалдық өрісі кең етістіктердің бірі *де* етістігі. *Де* етістігін арнайы зерттеген ғалым Асхат Әбілқаев оны семантикалық жағынан сөйлеу етістігіне жатқызады [7]. Ал А. Ысқақов *де* етістігін сөйлеу және ойлау етістіктері деген топқа жатқызып, семантикасы мен функциясының жан-жақтылығы жағынан өзге сөйлеу етістіктерінің *де* етістігіне барабар бола алмайтынын айтады.

Профессор Ахмеди Ысқақұлы қазақ тіліндегі үстеулерді дербес сөз табы ретінде арнайы зерттеді. Зерттеу нәтижесі «Наречие в современном казахском языке» деген атпен 1950 жылы жарық көрді. Әрине, үстеу бұған дейін де түрлі еңбектерде берілді. Дегенмен А.Ысқақовтың зерттеуінде үстеу морфологиялық жағынан тереңдетіле, кейбір аспектілері ғылыми тұрғыдан нақтылана түсті. Сондықтан жоғары оқу орындарына, мектепке арналған оқулықтардың, академиялық грамматиканың морфология бөлімінде сол жетістіктер назарға алынды. Бұл процес күні бүгінге дейін жалғасуда. Бұған Ә.Төлеуовтің «Сөз таптары», Ә.Нұрмаханованың «Қазіргі қазақ тілі», С.Исаевтің «Қазақ тілі», «Қазіргі қазақ тілі» және т.б. авторлардың еңбектері дәлел. Дегенмен сәйкессіздіктер де жоқ емес. Мәселен, академик Н.Сауранбаевтың 1953 жылы жарық көрген педучилищеге арналған еңбегінде *Үстеу* мағыналық жағынан бес топқа бөлінген: амал, мезгіл, мекен, сан-мөлшер, күшейткіш [8]. Ал А.Ысқақов болса *Үстеуді* 8 мағыналық топқа бөлген. Ол сондай-ақ Үстеулердің морфологиялық белгілерін, тұлғалық түрлері мен жасалу жолдарын анықтады. Тек туынды үстеулер ғана сөзжасамның жеке сала болып қалыптасуына байланысты дамытыла зерттелді. Мәселен, ғалым Қ.Есенов үстеуге қазіргі сөзжасам теориясы тұрғысынан қарады [8,3-13]. Алайда сөзжасам мен морфологияның сөз құрамы, сөз табы мәселесінде тығыз байланысты екенін болсақ, бұл мәселеде А.Ысқақов тұжырымдарының үстеу сөзжасамының дамуына тигізер ықпалы мол екенін аңдаймыз.

Әдебиеттер

1. Махмуд Қашқари. Түбі бір түркі тілі. – А., 1993.
2. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – А., 1964; Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. А., 1974; Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – А., 1991.
3. Балақаев М. Қазақ тілі грамматикасының кейбір мәселелері. – А., 1941.
4. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. – А., 1996.
5. Оралбаева Н. Қазақ тіліндегі етістіктің категориялары. Тіркесімі, сөздегі орны. – А., 1980.
6. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы, 1999.
7. Әбілқаев А. «Де» етістігінің мағыналық қызметі. – А., 1958.
8. Сауранбаев Н. Қазақ тілі (педучилищеге арналған). – А., 1953.
9. Есенов Қ. «Словообразования наречии в казахском языке» // Известия НАН РК. Серия филологическая. 1994. №2.
10. Бибекөв Қ.Т. Қимылдың соңғы кезеңінің көрсеткіштері мен қолданыстағы мағыналық ерекшеліктері. Филол.ғ.к. дисс. авторефераты. – Астана, 2003; Қарымбаева К.М. Қазақ тіліндегі күрделенген аналитикалық форманттардың мағынасы мен қолданысы. Филол.ғ.к. дисс. авторефераты. – Астана, 2003; Абдрасилова Г.Қ. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің аналитикалық тәсіл (бірігу, қосарлану, тіркесу) арқылы жасалуы. Филол.ғ.к. дисс. авторефераты. – Астана, 2003.

ДИСКУРС ИДЕНТИЧНОСТИ В СОВРЕМЕННОМ КАЗАХСКОМ КИНО

Дискурс идентичности сегодня представляет собой сложную дискурсивную формацию, язык которой неоднозначен, мифологизирован и идеологизирован. Речь идет о сложном процессе взаимодействия традиции, идеологии и повседневности. В этой ситуации важно адекватно понять и описать самих себя, свои идеи, возможности. Это проблема, по существу, проблема осознания своей национально-культурной идентичности, которая, так или иначе, опосредуется религиозной идентичностью. Она явно или неявно задает определенные параметры социальных изменений в секулярном мире. «Культурная идентичность – это достаточно сложный процесс, который не терпит механического или императивного переноса этничности в культуру: она должна быть сопряжена с жизнью общества, с его культурными и духовными потребностями, которые, в свою очередь, имеют свойства быть воспитываемыми и направляемыми. Тем самым необходимо нарабатывать свой культурный капитал»[1,с.24].

Полагаем, что кинематограф, как наиболее современный и массовый вид искусства, принимает активное участие в формировании нравственных ценностей, культурной и национальной идентичности человека. Более того, кино сегодня становится важной частью повседневной жизни казахстанской молодежи. Кино - это и культурный текст, требующий прочтения, однако, за всей риторикой важно видеть и социальные практики.

Для кинематографа Казахстана и Центральной Азии характерным является возврат утерянной идентичности с помощью этномифов, то есть, по существу, реконструкция прошлого. В казахском кино начинает проявляться национальный хронотоп, режиссеры начали восстанавливать в фильмах уникальный мир традиционной культуры. Фильм Серика Апрымова «Охотник» стали называть «новым национальным мифом», но возможно это и прощание с мифом.

Казахстанский киновед Гульнара Абикеева, написавшая такие работы как «Новое казахское кино», «Нациостроительство в Казахстане и Центральной Азии и как этот процесс отражается в кинематографе» часто пишет о трех стадиях развития кино. Сначала культура бросает камни в свое колониальное прошлое, далее художники возвращаются к своей культуре и испытывают некий контакт с ней и, наконец, на новейшей стадии уже создается принципиально новое искусство.

В связи с поставленной проблемой, обратимся к лучшему казахстанскому фильму 2012 года режиссера Ермека Турсунова «Шал», который сочетает в себе две последние стадии. Выбор не случаен. Этот фильм заставляет задуматься о том, кто мы, откуда, куда идем. Эти вечные экзистенциальные вопросы, наиболее актуальны сегодня для нашего общества. Фильм «замешанный на тенгрианской почве (мистике земли), он способен стать, и уже стал, нравственным кодом и шифром нации» [2].

Фильм создан по мотивам повести Э.Хемингуэя «Старик и море». Коротко о сюжете. Действие фильма происходит в наше время в отдаленном ауле, где живут старик с невесткой и внуком. Приезжим охотникам старик указывает дорогу к логову волков, но предупреждает их, что еще не время охоты. Охотникам это безразлично. Шал отправляется на кочевье, но неожиданно попадает в туман, теряется в родной степи. Преследуемый волками, спасая отару овец, старик чуть не погибает. Внук спасает деда. Заметим, что образ «старика» - это особый образ в казахском кино. Вспомним, в частности фильм «Земля отцов» Шакена Айманова. В фильме старый казах «поглощен единственным», «неуязвим до мелочей», что археолога «покоряет и пугает». Образ шала важен у Е.Турсунова для понимания и рефлексии над поставленными экзистенциальными вопросами.

Полагаем, что в фильме религиозно-культурная идентичность представляет собой поле напряженности. Об этом свидетельствуют проанализированные нами высказывания зрителей. А поскольку кино – это культурный текст, важно как его прочитывают, какие смыслы в нем усматривают, вообще, какое воздействие он оказывает на зрителя. Предлагаем некоторые высказывания молодых людей, взятые из разных интернет-сайтов. «Фильм не просто о наших дедах, он о нас, людях, молодых и не очень, бредущих в тумане, каждый в своем, встречающих иногда свои священные деревья, которое показывают нам, где мы есть»; «заставляет задуматься - что значит быть Человеком? и куда мы все идем? Когда мы уже выберемся из тумана?»; «Для меня так и остается загадкой, что дает им эту силу – степь со своей суровой философией, вера, дух предков».

Итак, поскольку кино, это, прежде всего модус восприятия, важно понять какие дискурсы конституируются в процессе просмотра фильма. С одной стороны, это идеи и смыслы, заложенные режиссером, но и зритель определяет для себя, что есть главное. Сегодняшний поиск молодежью своей идентичности во многом объясняет, что в данном случае идеи фильма оказались созвучны настроениям молодежи. Для того чтобы понять как молодые люди разрабатывают свои моральные идеи, мы провели фокус-групповое исследование в формате киносеминара, в котором сам опыт смотрения кино служит для этого контекстом[3]. Как конструируются смыслы в пространстве дискуссий, чем они детерминированы, позволяет понять выбранная методология.

При обсуждении фильма «Шал», прежде всего, молодые люди подняли проблему религиозно-культурной идентичности. В своих высказываниях студенты часто акцентировали внимание на таких образах в фильме, которые они интерпретируют как традиционные для казахов, тенгрианские: волчица, степь, природа, дерево с завязанными лоскутками, мазары, огонь, аруахи.

Высказанные суждения на киносеминарах позволяют выстроить следующие позиции. Выраженный тенгрианский дискурс, утверждающий значимость локальных традиций. «Казахам нужно стремиться к истокам, тенгрианству. У арабов – ислам, у казахов – своя религия. Не случайно, старик говорит, что мой Бог – это степь» (Камилла).

Во второй позиции утверждается отсутствие конфликта внутри одного нравственного мира. Герой обращается и к Аллаху, и степь называет Богом. Это не есть ситуация выбора «или/ или». В частности, молодежь говорит, что сегодня она практикует древнюю традицию – завязывание тряпочек на дереве. Они вопрошают «что в этом плохого?». «А почему сегодня говорят, что ислам запрещает поклонение аруахам, посещение могил?». Здесь желание части студентов видеть в единстве традиционные верования с исламом. Это соответствует тенденции понимания ислама в обществе как «народного», «национального».

Позиция, в которой выражена неудовлетворенность религиозной неопределенностью казахов. Студент Марат противопоставляет традиционные верования как язычество монотеизму ислама. В этом усматривается ценностный конфликт и желание отказаться от своего «язычества». «Он (шал) не мусульманин и казахам, в конце концов, нужно становиться настоящими мусульманами, должна быть чистота веры. Даже стыдно за нас, то мы суфисты, то тенгрианцы, то мусульмане. В мире нас называют мусульманским народом». В суждении прозвучал мотив стыда за религиозный синкретизм.

Подобный дискурс не случаен в молодежной среде. Часть современной молодежи стремится к утверждению новой идентичности, делая акцент на «более чистом исламе», что дает, по их мнению, «нравственное превосходство» и «чистоту веры».

Противопоставление религиозного этническому. Эта позиция выражена студенткой Фаридой. Она одна в группе была в хиджабе. «Я татарка... Хочу сказать, что у родителей больше стремление к национальному, а у меня национальное не вызывает трепета, мне ближе религиозное». В этом она усматривает конфликт поколений. Данная позиция оказалась маргинальной.

Следующую позицию условно назовем секулярной. В нем сочетаются атеистический подход и подход, делающий акцент на индивидуальном восприятии религии. «Можно быть нравственным и без религии» (Санжар). «Лучше жить в светском обществе, а во что веришь – личное дело каждого. Меня все считают атеистом, а я может быть мусульманин в душе» (Алибек). Этот дискурс основан на индивидуальном восприятии ислама.

Итак, дискуссии о религиозно-культурной идентичности, вызванные фильмом «Шал», показали многообразие позиций молодежи, отражающие в целом неоднозначную ситуацию в казахстанском обществе. Формирование религиозно-культурной идентичности происходит в сложном взаимодействии традиций, идеологий, культурных воздействий и повседневности. Идентичность это сегодня всегда беспокойство и фильм «Шал»- это иллюстрация того, что идентичность сегодня связана, прежде всего, с экзистенциальными вопросами.

Литература

1. Наурызбаева А. Культурно-цивилизационная идентичность Центральной Азии: аспекты формирования новой модели //Материалы регионального форума «Культурное пространство Центральной Азии.- Душанбе, 2010 г.

2. Борецкий О. «Шал» Еркека Турсунова – лучший казахстанский фильм 2012 года <http://www.kino.kz/club/shal.asp>

3. Сандыбаева У.М., Толгамбаева Д.Т. Social Ethics of Film-Viewing among Kazakhstanian Youth .- ESCAS: Astana, 2013.

А. У. Джаманбаева
Р. Т. Султанбекова
г. Тараз

Ч. АЙТМАТОВ И РУССКИЙ ЯЗЫК (к 85-летию со дня рождения)

Ч. Т. Айтматов вырос в среде многоязычной и многокультурной, где доминирующее положение начал занимать русский язык. В «Заметках о себе» великий писатель, один из «властителей дум» нашей эпохи, писал: «Моя мать – Нагима Хамзеевна Айтматова – тоже была грамотной, вполне современной женщиной, что позволило им сразу приобщить меня к русской литературе, русскому языку и, стало быть, к русской литературе, - разумеется, детской литературе».

Если для Пушкина транслятором родной речи была его няня – Арина Родионовна, то для Айтматова – была бабушка Айымхан Сатан-кызы. Считаю уместным привести в этой связи его размышления, обрамленные глубоким философским обобщением: «... сама того не подозревая, бабушка привила мне любовь к родному языку. Родной язык! Сколько об этом сказано! Только родное слово, познанное и постигнутое в детстве, может напоить душу поэзией, рожденной опытом народа, пробудить в человеке первые потоки национальной гордости, доставить эстетическое наслаждение многомерностью и многозначностью языка предков. Именно в детстве закладывается подлинное знание родной речи, ощущение причастности своей к определенной культуре».

Исходя из своего речевого опыта, он дал корректную трактовку о возможности в раннем детстве стать бы и мультилингвом, подкрепил научные выводы выдающихся психологов-психолингвистов Л.С. Выготского, Ж.Пиаже, А.А Леонтьева. Вспомним его слова о том, что ему было пять лет, когда он впервые оказался в роли синхронного переводчика с киргизского на русский, с русского на киргизский, а первым его

«гонораром» был кусок вареного мяса. Об этом сам писатель писал так «... должен сказать, по крайней мере, исходя из собственного опыта, что в детстве человек может органически усвоить два параллельно пришедших языка, а может быть и больше, если же языки были равнодействующими с детства».

Мы можем смело утверждать, что с этого далеко не случайного эпизода, детерминированного закономерным ходом родительского и общественного языкового воспитания, Чингиз Айтматов обретает крылья литературно-художественного взлета в пространство и над пространством национальной и мировой культуры. Его крылья – это киргизский и русский языки, заложенные еще в детские годы.

Запомним слова человека, благодаря перу которого, мир узнал о киргизах, о киргизской истории и культуре, о радостях и бедах киргизского народа в этом сложном, порою враждебном, мире: «Для меня русский язык не в меньшей степени родной, чем киргизский, родной с детства, родной на всю жизнь».

Эту же мысль в том или ином оформлении мы находим во многих его публицистических работах, выступлениях и интервью. Это как мы поняли, его кредо, *modus Vivendi* его творческой и социальной жизни. Приведем лишь некоторые из них, по которым можно проследить роль русского и киргизского языков, как источника самовыражения писателя. Вот они: «Человек между двумя языками» (1967), «Ответственность перед будущим» (1967), «Равные среди равных» (1972), «Родной с детства, родной на всю жизнь», «По-русски и по-киргизски», «Орбита взаимодействия» (1973), «Кто полюбит Пушкина, тот полюбит и русский язык» (1974), «Языковой космос» (1976), «Точка присоединения», «Чудо родной речи» (1998), «И слово это вместо моей души» (1982), «Цена прозрения» (1987), «Великий собор культур» (1989), «На пути Восток-Запад Россию никто не заменит» (1996), «Язык-энергоноситель» (2000), «Наступает время душевного выздоровления» (2001).

Для Айтматова писать, а стало быть, и думать на русском языке означало изображать жизнь масштабно; опыт русского языка с богатой литературной традицией и стоящей за ним культурой, как он сам говорит, постепенно присутствует и помогает раздвигать рамки видения. С другой стороны, мы понимаем, что его произведения, написанные на русском языке, одном из широко распространенных мировых языков, объективно расширяют границы его таланта в планетарном измерении.

«И тут я хочу сказать о роли русского языка, ставшего посредником, языком-мостом, соединившим впервые в истории художественные берега народов, незадолго до этого не знавших даже о существовании друг друга, значительно отстоявших друг от друга по степени цивилизации, по культурному и социальному опыту, придерживавшихся самых различных обычаев и традиций, говорящих на непонятных друг другу языках» (Ч.А. 1982).

Ч. Айтматов – явление необычайное в советской литературе. Талантливых писателей множество, но одинаково знающих два языка и культуру двух народов, русского и киргизского, обладающий такой глубиной и широтой мышления, и художественного воображения – больше нет. И вряд ли скоро появится. И самая высокая награда – это наша Айтматову любовь, любовь России, любовь всего мира и к Айтматову – писателю, «властителю дум» и «сыну Земли киргизской».

Литература

1. Айтматов Ч. Повести. Рассказы. Публицистика. Сост. В.Ф. Коркин. – М., 1985
2. Бульвер-Литтон Э. Кеннели Чиллингин, его приключения и взгляды на жизнь – М., 1985

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМНЫҢ ТІЛДІК СУРЕТІ

Қазіргі тіл білімінде тілтанымдық зерттеулер негізінде көркем шығарманың тілдік ерекшеліктерімен қоса дүниетанымдық ерекшеліктерін де зерттеу қолға алынды. Бұл көркем шығарма авторының тілі мен дүниетанымдық ой-пікірін, көзқарасын тұтас ұлт тілі, ұлттық ерекшелік ретінде танып білуге әкелді.

Шешендік сөздердегі дүниетанымды зерттеген Г.Қосымова: “Адамзат, тіршілік, өмір т.б. туралы адамдардың алған білімдерінің көпшілігі абстрактылы ойлаудың маңызды бір формасы – ойқорытындының көмегімен алған білімдер. Олар тіл арқылы біреуден біреуге жетіп отырады. Біз өзімізді қоршаған дүние туралы білімді ұғым, пайымдау, пікір, ойқорытынды формасында тұжырымдаймыз” [1, 213] түрінде жететіндігін айтады.

“Тіл – қандай да бір ұлттың дүниетанымының, тарихының, барлық бітім-болмысының көрінісі. Сондықтан ұлттық үрдіс пен ұлт тілінде жазылған кез келген шығарманың негізінде аталған дүниетаным, тарих, бітім-болмыс ұғымдарымен қатар сол ұлттың өмірі, өмір сүру сипаты, ұлт қоғамында болған оқиғалардың ізі, ерекшеліктері жатады” [2, 77].

“Жалпы дүниетаным ұғымы объективті және субъективті факторларға тікелей байланысты. Шығарма авторының қиял дүниесі субъективтік факторға жатады. Дегенмен біз жазушы дүниетанымын абсолютті субъективтік деп айта алмаймыз, себебі ол оны ақиқат дүниеге негізделген объективтік факторларға, ұлт тәжірибесіне сүйене отырып қалыптастырады. Яғни жазушы дүниетанымының қалыптасуына белгілі бір тарихи кезең, қоғамдағы әлеуметтік орта, ұлттық дүние бейнесі өз әсерін тигізеді” [3, 75]. Ұлттық дүниетаным мен жазушының қиял дүниесі, яғни автор дүниетанымы астасып жатады.

Көркем шығармалардың ішінде тарихи тақырыпқа жазылған шығармалар ұлттық дүниетанымдық лексемаларды молынан қамтиды. Біз Т.Ахтановтың соғыс тақырыбында жазған шығармаларын тарихи шығарма ретінде ұлттық дүниетанымдық түсінікті толық бере алатын, дүниетанымдық лексеманы молынан қамтыған көркем шығарма деп санаймыз.

Т.Ахтанов романдары ұлт табиғатын, болмысын, таным-түсінігін тарихын, әдет-ғұрып, салт-дәстүрін, ұлт мәдениеті мен рухани қазынасын жан-жақты, әр қырынан танытатын көркем туындылар болып табылады. Жазушы романдары өткен ғасырдағы ұлттық дүние бейнесін көз алдымызға әкеліп, ұлттық менталитеттен хабар береді. Шығарма кейіпкерлерінің жай-күйін, заттар мен құбылыстарды сипаттау түрлі тілдік тәсілдер арқылы ерекше бір қайталанбас ұлттық нақышпен өрнектелген.

Ұлттық психологияның тілдік көрінісі: Т.Ахтанов өз шығармаларында қазақ халқына тән психологиялық ерекшеліктерді ұлттық ерекшеліктердің тілдік көрінісі ретінде қолданған. Айталық, “Қаһарлы күндер” романында қазақ командирі Мұраттың өткір, тік, қайсар мінезін жалғыз Мұратқа ғана тән емес, жалпы қазақ халқының ұлттық мінез ерекшелігі ретінде көрсетеді. Мысалы, “Мұрат қарсы дау айтпай үнсіз тыңдады. Қарсыласқан адамына ұқтырғанына, өз дәлелінің бұлтартпас дәлдігіне елігіп Купцианов ұзақ та, ықласты да сөйледі...Мұрат әдемі дәлелдеген ойдың астарын ұнатпаса да Купцианов сөзінің аяғын сабырмен тосты. Бірақ дау десе делебесі қозатын қазақтың баласы өз пікірін де айтпай кете алмады (“Қаһарлы күндер”, 104-б). Бұл мәтінде қазақы ұлттық ерекшелік “дау десе делебесі қозатын қазақтың баласы” деген жолдарда айқын көрініс тапқан. Автор ұлттық мінез ерекшелігін өз (автор сөзі) сөзімен қыстырма түрінде берген.

Қазақ ұлтына тән қызбалық мінез-құлық төмендегі мәтінде де көрініс тапқан. Мысалы, “Қым-қиғаш табан тірескен кескілесте оның бойындағы қызба қазақтың ыстық қаны оянып қорқуды да, тіпті өзін де ұмытты” (“Қаһарлы күндер”, 127-б).

Автор ұлттық психология жайлы хабар беруде көбінесе “қазақта” сөзін қолданады. Мысалы, “Қазақта баланың нағашысын сұрайды, нағашысы мықты болса “тегіне тартса осыдан бірнәрсе шығады” деп үміт артады” (Шырағың сөнбесін, 217-б). “Әуелгі ұрлығымның бойыма сіңгеніне шүкірлік етіп, мен бірден тыйыла алмадым, бір күн шыдап-ақ бағып едім, келесі күні дәндеп алған құлқыным тіпті маза бермеді. Және әкем “есі бар” деп менен онша күдік алмайды, оның үстіне қазақта қыз балаға әкесі ұрыспайды, шешесі ұрысады, шеше менде болған жоқ. Кемпірлер ер бала аңқау, қыз бала залым болады деуші еді, сол залымдығым ба, әлде аштықтың адамды не бір пәлеге үйрететін сұмдығы бар ма, әйтеуір өзімді ақтап алатын дәлелдер басыма қаптап келе береді” («Шырағың сөнбесін», 180-б).

Жоғарыдағы мәтіндерде баланың нағашыға ұқсауы, қыз балаға әкенің ұрыспауы сияқты қазақы түсініктер көрініс тапқан.

Т.Ахтанов шығармаларында ер адамның болашақ жарының адал болуы, жаңа түскен келіннің пәктігін жоғалтпай келу қажеттігі жайлы ұлттық дүниетанымдық түсініктері де көрініс тапқан. Мысалы, “Ержан өзін қанша қайраса да көңілі әл бермей барады: Раушанды әлпештеп, алақанына салып көтеріп алғысы келеді. Көз алмай сүйсініп қарай бергісі келеді. Кенет суық ой жүрегін шаншып өтті. “Ол... ол... маған арам болды ғой!” Ержан басын кейін тартып қалды (“Қаһарлы күндер”, 216-б).

Жоғарыдағы мәтінде “Қаһарлы күндер” романының кейіпкері Ержанның сүйген қызы Раушанның Уәлимен оңаша қалғаны есіне түсіп, қайта жиі алмау сәті берілген.

Т.Ахтанов шығармаларында қазақ қыздарына тән құбылыстар мен мінез ерекшеліктерін нанымды берген. Мысалы, “Көзге көрінбес көңілмен танитын бір ұқсастық бар. Иә, иә... Алғашқы әнді бітірердегі жас мөлтілдеген көзқарасы... Сол кездегі бүкіл ұяң тұлғасы. Ол баланың да көңілі жүдеп қалыпты ғой. Қазақ қыздарының қасіреті қандай ұқсас еді. Мұрат кенет тосын бір сыр ашқандай қайран болды. “Раушанның көзіндегі әйел қасіреті ғой” деп тіксініп қалды” (“Қаһарлы күндер”, 329-б).

Автор жоғарыдағы мәтінде “қазақ қыздарының ортақ қасіреті – сүйгеніне қосыла алмай, қазақы ұяңдығын сақтап, іштей күйзелуі” деп көрсетеді. Көнбісті қазақ әйелінің мінезі төмендегі мәтінде де көрініс тапқан.

“Ақыл кіріп, өзін-өзі билеген шағында Айша еркін алып кетті. Айшаға шын ғашық еді. Онсыз тұра алмайтын күндері де болды. Бірақ Айша өзінің кеш оянып, тереңдеп кеткен махаббатынан шошып оқыс тоқтады. Бел шешіп шыға алмады. Өз тағдырына мойынсынған, көнбісті қазақ әйелінің мінезін көрсетті (“Қаһарлы күндер”, 328-б).

Т.Ахтанов романдарында ұлттық танымдағы “он үште отау иесі” мақалын растайтын мәтіндер де бар. Мысалы, “Кішілеу кезінде кейбір үлкендер сені баласынып, кішірейте сөйлесе – дүниеде қор қылатын нәрсе сол болушы еді. Бірақ қазекеннің бір жақсы жері қыз баланы онша кішірейте бермейді, қайта ертерек есейтеді. Он төрт, он бестен былай қарай-ақ болашағыңды ойлатады. Өйткені он сегізден асса-ақ өтпей отырған кәрі қыз деген жаман атақ бар. Ондай атақтан қыздың өзі ғана емес, ата-анасы, аға-жеңгесі, төңірегі түгел қорқады” («Шырағың сөнбесін», 22-б).

Жоғарыдағы мәтінде қазақ халқының он үштен асқан қыз баланы күйеуге беруге әрекет етуі, ал он сегізден асып кеткен қыздың “оң жақта отырған қыз”, “кәрі қыз” атануы сияқты ұлттық психология берілген.

Т.Ахтанов шығармаларында күйеуге шыққан қыз баланы “судай сіңіп, тастай бат” деп бата беретін әке-шешенің барған жерде абыройлы болғанын қалайтын тілегі көрініс тапқан. Мысалы, “Қиын жерде жүрген көрінесің, шырағым, жаман айтпай, жақсы жоқ. Ер басына іс түсетін де кез болады. Шетте жүрген жалғыздың жұбайынан басқа серігі бар ма, қызым мені жерге қаратпайды, серігіңе жарайды, шырағым. Қарның ашса қуырып же, шөлдесең қайнатып іш, бәріне шыдайды. Тек қорлық көрсетуші болма” деді “ («Шырағың сөнбесін», 41-б).

Автор “Қаһарлы күндер” романының басты кейіпкері Нәзіраның әжесі – Қамқа әженің алыс сапарға аттанып бара жатқан күйеу баласына жол сапар батасын беру

кезіндегі кейіпкер сөзінен тағы да бір ұлттық дүниетанымдық нышанды байқатады. Ол қазақ халқының ұзатқан қызын “барған жерінде бағың ашылсын” деп, “барған үйіннің отымен кіріп, күлімен шық”, “судай сіңіп, тастай бат” дейтін ұлттық психологиясымен байланысты. Сондықтан да шығарма кейіпкері Қамқа әже күйеу баласына “қарның ашса қуырып же, шөлдесең қайнатып іш, бәріне шыдайды” деп қызына зор сенім білдіреді. Бұл – тек шығармадағы жекелеген кейіпкердің ғана емес, жалпы қазақ халқының ұлттық психологиясы.

Қорыта айтқанда, автор көркем шығармаларында сөз маржандарын қазақ ұлтының дүниетанымын суреттеуде ұтымды пайдаланған.

Әдебиеттер

1. Қосымова Г. Қазақ шешендік өнерінің негіздері және тілдік танымы. – Алматы: Ғылым, 2005. – 296 б.

2. Османова З. І. Жансүгіров поэзиясы тілінің көркемдік ерекшеліктері: филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2004. – 131 б.

3. Қожахметова Ф. Тұрмағамбет Ізтілеуов тілдік тұлғасының дискурстық сипаты: филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы: Тіл білімі институты, 2004. – 110 б.

С. Н. Жұматаева
Түркістан қ.

НӨЛДІК ТҰЛҒАЛЫ САН ЕСІМДІ ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕР

Жалпы тіл білімінде, орыс тіл білімінде, түркологияда және қазақ тіл білімінде қазір нөлдік морфема, нөлдік форма танылған. Оларға ғылымда төмендегідей анықтама берілді: Нөлдік морфема деп сырттай дыбыссыз бейнесіз, бірақ белгілі мағынасы бар тілдік бірлік аталды. Нөлдік морфема арқылы грамматикалық категориялардың мағынасын білдіретін сөзді нөлдік формалы сөз, яғни, нөлдік форма деп атайды. Мысалы, атау септіктің нөлдік формасы, 3-жақтың нөлдік формасы, бұйрық райдың 2-жақ, жекеше түрінің нөлдік формасы т. б.

Қазіргі тіл білімінде нөлдік морфема, нөлдік форма мәселесін қалай түсіну, тану керек, оның қандай белгілері бар деген мәселелерді ашып алуымыз қажет. Сондықтан нөлдік морфема, нөлдік форманың белгілеріне тоқталайық.

Нөлдік морфема тілдік таңба болғандықтан, оның тілдік бірлік атаулының бәріне ортақ белгілері де жоғарыда көрсетілген, олар:

- 1) дыбыстық құрамнан тұратын сыртқы бейнесінің жоқтығы;
- 2) сыртқы дыбыстық бейнесі болмаса да, мағынасының бары.

Нөлдік морфема мен нөлдік форманың грамматикалық мағына, нөлдік морфеманың мағынасының категорияларға қатысы, нөлдік флексия (окончания), нөлдік көмекші сөз, нөлдік форманың сөз түрлендіру парадигмасындағы орны, оның мүшесі болу, синтагмадағы орны, қосымшаның сөзге бірде жалғану, бірде жалғанбауы сияқты т. б. көптеген белгілері нөлдік морфеманың грамматикаға қатысты белгілеріне жатады. Ал сондай-ақ нөлдік морфеманың ғалымдар көрсеткен сөзжасамдық қызметі мен белгілері грамматикалық белгілерден мүлдем басқа. Сондықтан оларды бөліп қарап, оларды сөзжасамдық нөлдік морфемалардың белгілері деп таптық.

Қазақ тіл білімінде ешбір грамматикалық тұлғаларсыз да грамматикалық мағына берілу құбылысы кездеседі. Бірақ бұл мәселені сөздің атау және түбір тұлғасымен шатастыруға болмайды. Тілдегі белгілі грамматикалық мағынасы бар, бірақ арнайы

грамматикалық көрсеткіші жоқ тілдік құбылыс нөлдік тұлға деп аталынады. Нөлдік тұлға қазақ тіл білімінде профессор С.Исаев еңбектерінде арнайы сөз болады. Ғалым мынадай мысалдарға назар аудартады [1, 33]. Мәскеу бардым, не көрдім (Жамбыл). Кел, балалар, оқылық (Ы.Алтынсарин). Ғылым таппай мақтанба (Абай). Интернатта оқып жүр талай қазақ баласы (Абай). Иығымда сіздің шаш, Айқайласып тайталас (Абай). Осы көрсетілген сөйлемдердегі бөлінген сөздердің арнайы грамматикалық тұлғалары болмағанымен, белгілі грамматикалық мағынаны білдіреді. Мәскеу сөзінің бардым сөзімен тіркесуі арқылы бағыттық, мекендік мағынаның бойында барлығы көрінеді, яғни Мәскеуге бардым т.с.с.

Қазақ тіл білімінде И.Е.Маманов нөлдік формаға ілік, табыс, барыс септік тұлғаларының түсіріліп айтылуы мен бұйрық райдың екінші жақ жекеше түрін ғана жатқызады [2, 73-79]. Нөлдік тұлғалары тек сөйлемде ғана белгілі болып, грамматикалық мағынасы анықталады.

Ғалым С.Исаев нөлдік тұлғада жұмсалатын грамматикалық тұлғаларды екі топқа бөліп қарастырады. Олар, біріншіден, бірде нөлдік форма ретінде ешбір морфологиялық көрсеткішсіз, бірде нөлдік форма болмай, арнайы морфологиялық көрсеткіштері сөзге қосылып, жарыса қолданылады. Оған ілік, барыс, табыс, шығыс септіктері мен тәуелдік жалғауы жатқызылады. Екіншіден, грамматикалық нөлдік тұлға болу үшін ол тұлға түбір күйіндегіден өзгеше грамматикалық мағына білдіріп, белгілі бір топтағы түрлену жүйесінің бір түрі болып саналып, сөйлеу процесінде белгілі бір тұрақты өзіне тән қызмет атқаруға тиіс [1, 34].

Нөлдік тұлғаның қазақ тілінде сан есімді тұрақты тіркестерге де тән, өйткені тұрақты тіркестер де – сөйлеу кезінде белгілі бір дәнекерлер арқылы сөйлемнің басқа мүшелерімен байланысқа түсіп, нақты грамматикалық мағынада жұмсалатын тілдің бір бөлшегі. Әрине, тұрақты тіркестердің тілдік бөлшек ретінде дамып, қалыптасуы заңды құбылыс. Олардың біреулері қолданыста еркін болса, енді біреулері қолданыс барысында тұрақтанады, біреулері ажырамас біртұтас бірлікке айналса, тағы біреулері бейне, образ төңірегінде қалыптасқан клише, штамп түрінде кездеседі. Ал түптеп келгенде, олардың барлығының да табиғаты бір, белгілі бір ұғым, түсінік, мән-мағына төңірегінде шоғырлануы арқасында қалыптасатын мағыналық единицалар екендігі анық. Тұрақты тіркестердің сөйлемдегі морфологиялық, синтаксистік қасиеттерін ескеруде басшылыққа алынған ұстанымдар, біріншіден, құрамындағы сөздердің бір ғана мағынаны білдіруі, екіншіден, орын тәртібінің тұрақтылығы, үшіншіден, сөйлемнің бір ғана мүшесі ретінде жұмсалыуы болып табылады. Сайып келгенде, тұрақты тіркестердің синтаксистік қызметі сөйлем ішіндегі синтаксистік шартты мағына тұтастығына сүйенеді. Сан есімді тұрақты тіркестер сөйлем ішінде сөйлемнің өзге мүшелерімен синтаксистік қатынасқа түсіп, грамматикалық байланысқа түсуі үшін грамматикалық амал-тәсілдерді қажет етеді. Соның бірі – септік тұлғалары. Септік тұлғаларының жасырын күйінде (нөлдік тұлғада) тұрақты тіркестерді сөйлемнің басқа мүшелерімен байланыстырып, белгілі бір грамматикалық мағынада жұмсалыуына тоқталайық.

Қазақ тілінде барыс, шығыс септіктерінің нөлдік тұлғада жұмсалыуы сирек. Мысалы, бір майдан сан есімді тұрақты тіркесі мына сөйлемде – Бір майдан біздің ауылға келіп кетсең не қылады? (Қ.Ком.). Бір майдан тұрақты тіркесі келіп кетсең не қылады? баяндауышымен нөлдік тұлға арқылы пысықтауыштық мағынаны білдіріп тұр. Профессор С.Исаев нөлдік тұлғаның сөйлем ішіндегі тұрақты тіркестерге тән екендігін айтпағанымен, мына тұрақты тіркестер құрамында барыс септігінің нөлдік тұлғалары кездесетінін салыстырмалы-тарихи фактілер негізінде айқындалады деп көрсетеді [3, 34]: бой(ға) жету, ер(ге) жету, ірбіт(ке) шабу, т.б. Сол сияқты бір майдан тұрақты тіркесінде де барыс септігі нөлдік тұлғалық мағына бар.

Тілімізде ілік пен табыс септік формаларының түсіп қалуы жиі кездеседі, бірақ сан есімді тұрақты тіркестер табиғатында ілік септік формаларының түсіп қалуы табыс септігіне қарағанда, сирек кездесетінін зерттеу барысы айқындады. Мысалы: Бір күні

үлкен баласы басқа жерден пайда-кәсіп қылуға талап етіп, өзіне тиген ешкісін сойып алып, кемпір мен шалға бір түйір де берместен, арқалап кетіпті (Ы.А.). Білемін алдым азап алты батпан, Мен емес арам істе арын сатқан. Сұм заман сыбағама сені берді, Талап бақ, жауың болсам, тағы тапқан (М.Ә.). Түнеу күні бір қатты ауырғанымда зындандағы пәнделерге жеті нан құдайы айтып едім, сол нанымды әкелемін (ҚЕ). Әбілезден бір тоғыз келдім алып, Сені құдай ұрып па сонан қалып, Сенен кіші төреден тоғыз алдым, Екі тоғыз бересің намыстанып (Айтыс).

Жоғарыдағы сөйлемдердегідей сан есімді тұрақты тіркестердің нөлдік тұлғада тура объектілік мағынада жұмсалудың өзіндік ерекшелігі де жоқ емес. Тұрақты тіркестер септік тұлғаларының нөлдік тұлғада келуінен қорытар бір мәселе – нөлдік тұлғаның да сан есімді тұрақты тіркестерге тән құбылыс екендігі. Қазақ тілінде тұрақты тіркестердің сөйлемдегі грамматикалық мағынасының нөлдік тұлға арқылы берілуінің бір жолы – бұйрық райдың екінші жақ жекеше түрі мен жіктік жалғауларының түсіріліп қолданылуы грамматикалық көрсеткіші жоқ үшінші жағы, яғни сөздердің түбір күйінде лексикалық мағына білдірумен бірге грамматикалық мағынаға ие болуы. Мысалы: – Адам баласы біздің дұшпанымыз, сақ бол, екі шоқып, бір қара, - деген (ҚЕ). Жүзге жет, жүзге жет те мүрдем кет, кетпен-шотты әуре етпей, өзің барып, кір де кет (алғыс). Ащы терің жерге төгілсе, төгілер, менің дәулетім төгілмес, бардан ауысады, балдан жұғысады, жүзді айдап, бірді жетеле (ҚЕ). Қырық бір шөптің басы болсаң, ақ басты қара қойдың құмалағы болсаң, ақ сөйле! Балам, мына кісінің жұмысын бір жақты қыл, тезірек риза болсын (АТ) – етістікті тұрақты тіркестердің бұйрық райдың екінші жағының мағынасын білдіруін тек сөйлем ішінде ғана ажыратуға болады.

Сегіз ұлым – бір төбе, Ер Төстігім – бір төбе (ҚЕ). Жамандық жақсылық пен оған бір бәс, Дін ісін, құдай ісін айыра алмас. Арын сатып, ант ұрып іздегені – Бір семіз ат, аяғы бір табақ ас (Абай). Бүркіттің қоясын мұсатыр әрі құстыруға, әрі ішін тазалауға мың да бір ем (С.Қ.). Қозғалған дертке, Өршіген өртке, Мың да бір дауа жазды шөп (Б.К.). – бұл сөйлемдердегі бір төбе, бір бәс, мың да бір ем, мың да бір дауа тұрақты тіркестері ешбір грамматикалық көрсеткішсіз жіктік жалғауының үшінші жағы мағынасын білдіріп тұр.

Септік тұлғадағы сан есімді тұрақты тіркестердің ерекшеліктері. Сан есімді тұрақты тіркестер септік жалғауында әдеттегі сөз таптары секілді табиғи түрде септеліп, яғни сан есімді тұрақты тіркестердің қалыптасқан көрсеткішіне айналады. Ондай кезде тұрақты тіркестер көбіне барыс, жатыс, шығыс, кейде көмектес жалғауында ғана жұмсалады. Мұндай көнеленген септік жалғаулы тұрақты тіркестер екі бағытта кездеседі: таза септік жалғауында келуі және негізгі сөз бен көмекші сөздердің түйдектелуі арқылы келуі. Соңғысы көбіне шылау, көмекші есім және көмекші етістіктер арқылы жасалады. Олардың әрбір септік жалғаулары арқылы келуі мына дәрежеде: тұрақты тіркестердің бір тобы үнемі көнеленген септік жалғауларымен келеді [4]. Сондай кезде олар әдеттегі көнеленген үстеулер, т.б. сөз таптары сияқты, барыс, жатыс, шығыс және көмектес жалғауларында келеді.

Барыс септігінде: бір көрмеге, бірдің кесірі мыңға, мыңның кесірі түменге, т.б.

Жатыс септігінде: баяғы бір заманда, дін мұсылман аманда; бір аяғым көрде, бір аяғым жерде; ақыретте екі қолым жағанда, бір қайнауы ішінде, бір қалыпта, алты қабат аспанның ар жағында, екі езуі екі құлағында, екі талайда, екі оттың арасында, екі ортада, екі кештің арасында, т.б.

Шығыс септігінде: бір ауыздан, бір есептен, бір кіндіктен, жеті жасынан, жеті ата, жеті түптен бері қарай, алты қырдың астынан, екі бастан, т.б.

Осы тіркестердің сөйлем ішінде келуіне көңіл бөлек. Бекболаттың жер суым болса деген ойы бар. Бір есептен бұл ойының іс болып қалуы да қисынды (С.Шәріпов). Алты қырдың ар жағында жүрсе де, аман жүрсін, өлтірмей оны өтірікші әйелге беріңіз, мен баламның тірілігін тілеймін (ШС). Мен Біржан болғалы биыл емес, Өлең шіркін біздерге қиын емес. Алты қырдың астынан ән шырқасам, Дауысым отарбадан кейін емес (Б.Қож.). Еламан бір кіндіктен жалғыз, әке-шешесінен ерте айрылды, әкесімен бірге туған Есбол

деген ағасы бар, бірақ бұл арадан бір күншілік жерде тұратын (Ә.Н.). *Бір көрмеге* тәп-тәтті, Қазаны мен қалбаңы. Дөң айналмай ант атты, Бүкіп, бықсып ар жағы (Абай).

Көнеленген септік жалғаулы тұрақты тіркестер көбіне сөйлемде қимылдың мезгілі, амалын, т.б. белгілерін білдіріп, пысықтауыш қызметінде жұмсалады. Әйтсе де жоғырыдағы мысалдарда *бір кіндіктен*, *бір көрмеге* – тұрақты тіркестері толықтауыш болып жұмсалған. Тұрақты тіркестердің енді бір екінші тобы сөйлемде арнайы септеліп те жұмсала береді, ондай кезде барлық септік жалғауларын қабылдайды. Сан есімді тұрақты тіркестердің басыңқы сыңарының септік жалғаулар арқылы келуінде соңғы сөздерінің зат есімдерден болуының үлкен маңызы бар. Егер тұрақты тіркестердің соңғы сөздері зат есім, есімдіктен болып, септік жалғауларында мол жұмсалса, ал сын есімдердің заттық мағына алып барып қана жұмсалатындығын көруге болады. Септелетін тұрақты тіркестер тек бұл қалыптағы сөздер ғана емес, есімше тұлғалы етістікті тұрақты тіркестер әдеттегі есімшелердің септеліп келуі сияқты мол жұмсалады.

Сауын айтып жиылған Төрт арыстың баласы. Бақанас пен Көксала халыққа толды арасы (Д.Б.) – төрт арыстың баласы сөйлемде атау септігінде бастауыш қызметінде жұмсалып тұр.

Осындай кітабы бар байды көрдім, Дәулеті, қасиеті, шені де бар, Түп-түгел төрт құбыласы сайды көрдім (С.Т.) Өрмекшінің әкесіне ас бергенін, сол асқа жеті дуан елді шақырып, шұжықтай семіз шіркейді шалып, сайдан ақ май ағызғанын жырлапты (КЕ). Көлденең шөп бір құлақ суды байлайды (мақал) - төрт құбыласы сайды, жеті дуан елді, бір құлақ суды – табыс септігімен толықтауыш қызметін атқарып тұр.

Төрт аяқтыда – бота тату, Екі аяқтыда – бажа тату – төрт аяқтыда, екі аяқтыда – неде? сұрағына жауап беріп, толықтауыштық қызметте.

Дәмі қайтпас, бұзылмас тәтті бар ма, Бір бес күннің орны жоқ патығарға! Қай қызығы татиды ку өмірдің, Татуды араз, жақынды жат қыларға (Абай). Он сегіз мың ғаламның бар тынысы сенде тұр. Мен сықылды сорлы адамның Ықтияры сенде тұр (Абай) - бір бес күннің, он сегіз мың ғаламның – тұрақты тіркестері ілік септік тұлғасы арқылы сөйлемде матаса байланысқан анықтауыштық қатынаста жұмсалып тұр.

Қорыта айтқанда, сан есімді тұрақты тіркестер – өзіндік лексика-семантикалық, грамматикалық ерекшеліктерімен арнайы зерттеуді қажет ететін күрделі мәселе.

Әдебиеттер

1. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар. А., 1992.
2. Маманов И.Е. Қазіргі қазақ тілі. Етістік. А., 1966.
3. Томанов М. Сан есімдер тарихынан. Жинақта: Қазақ тілі мен әдебиеті. 1973, 3-шығуы.
4. Rasonyi L. Sur quelques categories de nomes de personnes en ture//ALH, 1953.
5. Ысқақов М. Түркі тілдес халықтардың ежелгі арифметикасы. Кітапта: Ежелгі мәдениет куәлары. – Алматы, 1966
6. Жәутіков О.А. Ақиқатты танып-білудегі математиканың ролі. Алматы, 1975
7. Томанов М. Сан есімдер тарихынан. Жинақта: Қазақ тілі мен әдебиеті, – Алматы, 1973, 3-шығуы
8. Жанпейісов Е. М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының тілі. – Алматы: Ғылым баспасы, 1976
9. Сәтенова С.К. Қазақ тіліндегі қос тағанды фразеологизмдердің тілдік және поэтикалық табиғаты. – Алматы, 1997
10. Смағұлова Г.Н. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы, 1998

НЕМОЛКНУЩАЯ МУЗЫКА В ПОЭЗИИ Г. ИВАНОВА

У Иванова почти нет звукописи в традиционном понимании, его «музыкальное ухо» впитывает естественные звуки окружающего мира всегда и везде, и этот фон, казалось, слышимый и знакомый всем, предстает в стихах не столько как открытие, сколько как напоминание о сущем в его первозданной тихой красоте, красоте обыденного.

Поэзия для Иванова – особая музыка, у каждого поэта – своя, слышимая ему и выражающаяся только им: «Все в этом мире по-прежнему. / Месяц встает как вставал, / Пушкин именье закладывал / Или жену ревновал / И ничего не исправила, / Не помогла ничему / Смутная, чудная музыка, / Слышная только ему» [1, 86].

Эта музыка таланта, дар небес, лишённая сил в мире реальном, жестоком.

Для поэта музыка обладает особой формой пластичности, как в том, что Офелия «музыкальной спиралью плыла» [1, 122]. В его представлении поэта музыка способна управлять пространством произведения, как и создавать зримый образ. Так в стихотворении «Если бы жить... Только бы жить» введены строки из «Дубинушки»: «Если бы жить... Только бы жить... / Хоть на литейном заводе служить. / Хоть углекопом с тяжелой киркой, / Хоть бурлаком над Великой рекой. / «Ухнем, дубинушка!..» [1, 142].

Рефрен из народной песни не только завершает цепь градаций картин, при этом напоминая нам, по ассоциации, и полотно И.Репина «Бурлаки на Волге», он как бы предшествует затуханию звуковой волны, сменяющейся на вершине смысла отрезвляющим в своей трагичности: «Все это сны».

О своеобразном синкретизме поэзии и музыки поэт размышляет в стихотворении «Желтофиоль – похоже на фиолетовую»: «Поэзия – точнейшая наука: / Друг друга отражают зеркала, / Срывается с натянутого лука / Отравленная музыкой стрела / И в пустоту летит быстрее звука...» [1, 163].

Основа и поэзии, и музыки – звук: звучащее слово – нота, хотя поэт и оговаривается о «произволе рифмы». Чуть позже он напишет: «Подвернулась музыка: ее и запишу,» - при этом имея ввиду именно поэзию [1, 240].

Г.Иванов описывает метаморфозы жизни – «все образует в жизни круг»: «Мелодия становится цветком, / Он распускается и осыпается, / Он делается ветром и песком...» [1, 165].

Г.Иванов не стремится осмыслить логику озвучивания мира, он признает ее существование, а как поэт чувствует ее воплощение и носителей: «... перевоплощается мелодия / В тяжелый взгляд, в сиянье эпоса / ...» И вот «Лермонтов один выходит на дорогу, / Серебряными шпорами звеня» [1, 165].

Мелодия получает имя поэта, и одновременно включает напоминание об одном из лучших романсов XIX века на стихи Лермонтова – «Выхожу один я на дорогу».

Для поэта нет парадокса в «тишине безымянных могил», так же как в упоминаемых им «Песнях без слов», поскольку речь идет не об отчуждении, а об умиротворении.

Музыка времени бесконечна, хотя и кажется разным поколениям анахронизмом, смешной или нелепой, но она принадлежит одинаково всем, поскольку есть их выражение: «В упряжке скифской трепетные лани – / Мелодия, элегия, эвлега... / Скрипящая в трансцендентальном плане / Незапанная катится телега» [1, 166].

Поэт признается, что «в сердце много музыки» [1, 167], выросшей на – и в чем-то созвучной музыке поэзии Лермонтова, Блока, Гумилева, Анненского, а метаморфозы, подобные указанной выше, есть у каждого из них: « - о, почему бы нет?.. »

Постепенно, с возрастом, контраст многозвучия становится господствующим, поскольку наполняется смыслом каждый аккорд, в основе – факты бытия: «Тишина

благодатного юга, / Шорох волн, золотое вино... / Но поет петербургская вьюга / В занесенное снегом окно...» [1, 184].

Ненавистная «тишина благополучия» уже никогда не сменится в реальности другим – близким, родным, но утраченным, разве только «времени утечка / Явственно слышна» [1, 187]. «Туземный говор. Лай собак» (1, 204) могут сосуществовать с «Тишиной всемирной» войны [1, 130]. И так, «то, что было, и то, чего не было... / Прошумело коротким дождем» [1, 212].

Вводится Ивановым музыка, соответствующая творчеству и в его представлении о жизни великих писателей и художников. Так, о Тургеневе он предполагает: «И ему казалась / Жизнь стихотвореньем, музыкой, пастелью» [1, 223], и «Как будто вспоминает Врубель / Обрывки творческого сна / И царственно идет на убыль / Лиловой музыки волна...» [1, 226]. В посвящении жене он проводит очень важную для него параллель: «Так беззаботна ты и так грустна. / Как музыка, ты можешь все простить» [1, 233].

Даже предупреждая о завершении «земного хождения по мукам» [1, 248], он «фиксирует» и «в ветвях олеандровых трель соловья», и «жалобный стук захлопнувшейся калитки», и «пустозвонный вечер», и «звук трости» по «звонкой мостовой», «сирены долгий вой». И в конце концов констатирует: «Я не стал ни лучше и ни хуже. / Под ногами тот же прах земной, / Только расстоянье стало уже / Между вечной музыкой и мной» [1, 301].

Если мы попытаемся определить, с каким же музыкальным направлением ассоциирует себя поэт: классик, романтик, авангардист, то окажемся в сложном положении, поскольку сам поэт в этом плане себя не ограничивал.

Так, в ранней лирике он утверждает, что «мне страшно стало в тишине / Биенья сердца моего» [1, 123]; позже он замечает, что «за ритмическую скуку, / Дождик, я тебя люблю» [1, 140]; и, наконец, с позиций возраста, всего пережитого и утраченного, явно с иронией, а может и с грустью: «И шумит чепуха мировая, / Ударяясь в гранит мировой» [1, 318].

Еще в 1922 г. Иванов написал стихотворение «Мы из каменных глыб создаем города», где отрицает «унылую песню без смысла» природы, а поэта считает не Орфеем, а «укротителем зверей. / На залитой искусственным светом арене» [1, 309].

Отказался ли поэт от этой позиции? Трудно ответить однозначно. Наверно, как и определить, о какой музыке идет речь в следующих строках: «С пышно развевающимся флагом, / Точно броненосец по волнам, / Точно робот отвлеченным шагом, / Музыка пошла навстречу нам» [1, 331].

В письме Роману Гулю (март 1955 г.) поэт в шутивно-грубоватой форме точно определил суть, «нерв» своей поздней манеры: «Видите ли, «музыка» становится все более и более невозможной, Я ли ею не пользовался, и подчас хорошо <...>» [1, 18-19].

Осознавая условность одушевления мира природы, как один из возможных способов доступности его познания, поэт однако именно в нем находит достойного собеседника, к мнению которого он прислушивается. А выражается это на языке, свойственном ему. Так о месте и роли поэта: «... кому это надо – / Просиять сквозь холодную тьму... / И деревья пустынного сада / Широко шелестят: «Никому» [1, 70].

Сохраняя до конца жизни твердое убеждение в том, что, по словам Д.С.Лихачева: «Произведение литературы – постоянно меняющаяся ценность», – (2, 121), Иванов в естественности звучания мира видит больше смысла и гармонии, чем в усилиях преследующею свои цели человека: «Художников развязная мазня, / Поэтов выпренная болтовня... / Гляжу на это рабское старанье, / Испытывая жалость и точку: / Насколько лучше – блянье баранье, / Мычанье, кваканье, кука-реку» [1, 157].

В конце жизни у поэта изменилось отношение к тишине: «Тише... Это жизнь уходит, / Все любя и все губя. / Слышишь? Это ночь уводит / В вечность звездную тебя» [1, 317].

Это та тишина, которая оставляет за ним право и возможность: «... в романтическом Летнем саду, / В голубой белизне петербургского мая, / По пустынным аллеям неслышно пройду, / Драгоценные плечи твои обнимая» [1, 228].

Будущая вечная музыка порождается тишиной в настоящем, связанной с прощением и воспоминаниями, построенными на том, что уже «не слышны голоса и шаги / Или почти не слышны» [1, 128]; «и стоит заколоченный дом, / И молчит заболоченный пруд...» [1, 129]; и «слабеет музыки волна...» [1, 298]; а там, в самых глухих уголках памяти: «Еще не глохнул улиц водопад, / Еще шумел адмиралтейский тополь» [1, 285].

Звуковое пространство поэзии Г.Иванова – особая отличительная черта его мировосприятия, формирующая стилевую самодостаточность, то, что мы вкладываем в понятия символического языка. В свою очередь, по определению Р.Барта, «символический язык, к которому принадлежит литературное произведение (по самой своей структуре) является языком множественным, код которого составлен таким образом, что «всякое слово (всякое произведение)», им порожденное, обладает многочисленными смыслами» [3, 92].

Литература

- 1.Иванов Г. Стихотворения. М.: Эксмо, 2002.
- 2.Лихачев Д.С. Очерки по философии художественного творчества. СПб: БЛИЦ, 1999.
- 3.Семенов А.Н., Семенова В.В. Теория литературы. Вопросы и задания. М.: Классик Стиль. 2003.

А. Мұратбекқызы
Астана қ.

М. ӘУЕЗОВ ПОВЕСТЕРІНДЕГІ ПСИХОТРАГИЗМ ЭЛЕМЕНТТЕРІ

М.Әуезовтің «Көксерек», «Қараш-қараш» және «Қилы заман» хикаяттары – жазушыны биік белеске көтерді. Бұл повестерде үш кезеңді, үш уақытты, үш жағдайды әңгімелеген болса да, жазылу тәсілі, баяндау әдісі жөнінен бір-біріне жақын туындылар.

Әлемдік әдебиетте тұз тағысы – көкшулан қасқыр туралы жазылған көркем туындылар аз емес. Десек те, М.Әуезовтің «Көксерегі» қайсыбір классикалық шығармалармен таласа алатыны анық.

«Көксерек» повесі – Ә.Хемэнгуэй, Дж.Лондон, Сетон-Томсон сияқты аты шулы әлем әдебиетінің белді өкілдерінің шығармаларымен тең түсе алады. Өзі бес саусағындай білетін, күнделікті болып жататын тірлік суретін көрсеткен шығарманың жоғары бағаға ие болып, оқырман үшін жаңалық болу себебі неде? Әрине, өзі төсінде туып-өскен табиғатты, өз елінің тұрмыс-тіршілігін жан-жақты көрсету кез келген жазушының қолынан келуі тиіс.

Жазушы шеберлігінің, суреткер дарынының бір сыналар тұсы – кейіпкер образын жасауы. Шындығында да, кейіпкердің бүкіл жан-дүниесін, мінез-құлқын көркем сөз арқылы суреттеу, оны қайткен күнде де дара тұлға, типтік бейнесін көрсету жазушы үшін үлкен сын. Жазушы осы мақсатта теңеу, салыстыру, айналадағы заттар мен құбылыстарды адам образына балау сияқты түрлі-түрлі тәсілдерді ұтымды қолданады. Адам өзі жер бетіндегі құдірет, бүкіл тіршіліктің иесі, пірі бола тұрса да, жазушы оның бейнесін ашуда жер бетіндегі барлық жан-жануарлармен салыстыруға жол табады.

Озбыр, қорқау адам қасқырмен, қу адам түлкімен, айбатты адам арыстанмен, жуас адам қоймен, тұрпайы адам шошқамен, қылықсыз адам итпен т.т. салыстырыла

суреттеледі. Адам бейнесін шығармада бақа-шаян, құрт-құмырсқамен де салыстырып жатады. Мұның бәрі де бізге ертеден таныс шығармалардағы көрінетін адам мен табиғат өкілдері, тіршілік иелері арасындағы қатынас, байланыс. Ғалым Ә.Хайдаров сөзімен айтқанда; «Бұл адам баласының табиғатпен бірге туып, біте қайнасқан сонау балаң дәуірінен қалған әсер, көркем сөз дәстүріне айналған ұғым, түсінік, шынайы өмір шындығы» [6, 48].

Міне, осындай жан-жануарлардың бір қырынан ғана бейнеленетін бұрыннан келе жатқан ескі соқпағын М.Әуезов бұзды. Реалистік әдебиеттің жақсы сабақтарына ден қойған жазушының шығармаларының басқалардан артықшылығы да, ерекшелігі де, жанашылдығы да осында. Бұл туралы белгілі әдебиетші-ғалым Р.Нұрғали: «Әлемдік мәдениетке қазақ халқы қандай көркемдік игіліктер қосты дегенде, ауызға алынар есімнің бірі – М.Әуезов. Ол – әлемдік құбылыс. Әуезов ғасырлар бойы жиналып келген қазақ топырағындағы асыл құнарлардың жарқырап қайта көрінуінің үлгісі. Ауыз әдебиетіндегі сарындар, мотив, идея, тіл өрнектері, бояулар Әуезов дүкенінде қайта жаңғырды. Қазақтың реалистік әдебиетіндегі халықтық арнадан, ұлы Абай алдынан нәр алған М.Әуезов қазақ әдебиетіне реалистік дәстүрлердің тереңдеп сіңгенін танытты», - дейді [7, 36].

Кезінде дау туғызып, теріс сарындар басым деген пікірлер айтылып, өз бағасын ала алмаған «Көксерек» жазушы талантының, шеберлігінің қаншалықты жоғары екенін танытады. Шығарма көп ізденістің жемісі екені көрініп тұр. Бұл – көлемі шағын болса да, повестің қатарына қосуға әбден болатын терең мағыналы, айтар ойы жан-жақты философиялық шығарма. Шығармада қысқа да болса түгелдей бір өмір қамтылады. Соның барлық жай-жапсары, даму желісі, шыңына жетіп барып күрт аяқталуы тартымды да шебер суреттелген. Даланың әсемдігі мен азабын, ыстығы мен суығын, қуанышы мен қайғысын көрген қазақ ауылының тіршілігі тізбектеліп көз алдыңнан өтіп жатады. Десек те, әдебиетімізде М.Әуезовтің бірде-бір әңгімесіне немесе повесіне «Көксерек» сияқты көп еңбек жазылған жоқ деуге болады. Кезінде бұл шығармаға қатысты қарама-қайшы пікірлерде болған. Сондай пікірлердің бірі белгілі жазушы С.Мұқановтың «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» деп аталатын кітабында айтылған. Кітаптың «Ұлтшыл, байшыл дәуірдің ақын-жазушылары» деген тарауында ол «Көксеректі» жан-жақты сынға алады.

«Әңгіме өте терең астармен жазылған. Қанша қазғанмен ішінен айқын мағынаны ашу қиын. Біздің айтарымыз жалғыз-ақ. Мұхтар мұны жазғанда қасқырды аң қып алып отырған жоқ, адам қып алып отыр. Өйткені, Көксеректе мақсат бар. Сол мақсатқа ұмтылушылық, өз мақсатын ұмытпаушылық, түптеушілік бар. Қасқыр атаулының малға шабатыны, шаруаға зиян істейтіні анық. Бірақ ол адам емес, аң» [8, 7] дей келе, жазушының қасқырды саналы түрде көрсетуін теріс санайды. Оның ойынша, М.Әуезов қасқыр арқылы қара ниет, қоғамға қарсы адамды көрсеткен.

Жазушының өз қоғамындағы көрген шындығын, тебіrentкен жайды көркем шығармасында беруі заңды құбылыс. Сол шындықты жеткізуде түрлі көркемдік әдістер қолданатыны белгілі. Сондықтан да жазушының өз ойын хайуанға сезім, ақыл-ой бере отырып жеткізуі өзіне тән стильдік ерекшелік болуы мүмкін. Әдебиетте бұған дейін мұндай құбылыс болмаса, осы тәсілі арқылы өзгеше бір жаңалық қосып, оқиғаны жай сипаттап қоймай, үлкен философиялық мағынамен беруге ұмтылғаны байқалады. Өз ойын қалай жеткізу әр жазушының өз еркі деп ойлаймыз. Сол себепті бұл жерде суреткерді аңға сана бердің деп айыптау орынсыз.

С.Мұқанов шығарманы теріс сарында жазылған деп түсіндіреді. Көксеректің әр іс-әрекетін ашып көрсете білген. Ол мына жолдардан көрінеді: «Мұхтардың саяси бағытымен қарағанда бұл қара ниет (Көксерек), ескі заманша айтсақ, отаршыл үкімет болар еді. Бірақ ол үкімет қазақтан тәрбие алып, қазақтың қолында өскен жоқ. Мұхтардың бір дұшпаны осы еді.

Мұхтардың екінші дұшпаны бәлшебектер, бәлшебек басқарған еңбекші тап. Біз Көксеректі осыған келе ме дей береміз. Өйткені еңбекші тапқа қазақтың еңбекшілері де

қосылады ғой. Мұхтарша, еңбекшілерді тәрбиелеген «ел» еді. Сол өзін тәрбиелегенді «қасқырлар» (бәлшебектер) ақырында өзі жеді».

Көксерек өлді, бәлшебек өлі тірі. Көксеректі Мұхтар, егер еңбекші тап деп ойласа, оны өлтіруі алдағы мақсатының елесі болуға тиіс.

Мұхтарша Көксеректі асырағанмен дос болмады. Ол дұшпандығын істейді. Мұхтардың адамнан дұшпаны еңбекші тап болса, еңбекші таптың тап тартысын Мұхтарлар аңшылық деп түсінсе, еңбекші тап та Мұхтарша қанша асырағанмен ел болмайды. Жобамен айтқанда Көксеректе осындай сыр болуы керек.

Осы «Қараш-қараш» пен «Көксерек» арасында ұқсастық бар ма? Әрине, бар. Бұл екі шығармада да жазушы мейірімділік пен қатыгездікті қатар қоя отырып суреттейді. Ол Көксерек пен Құрмаш болып, Бақтығұл мен Жарасбай болып көрінеді. Тек айырмасы – «Көксеректе» қанша жақсылық етсең де бәрі өзіңе қарсы шабады дейді суреткер, сол ойын іске асырады да. Бала Құрмаш – сол қатігез құрбаны. Ал «Қараш-қарашта» олай емес. Қатыгез Жарасбай момын Бақтығұл қолынан қаза болады. Біріншісінде – адалдық аяқасты болса, екіншісінде сол адал жан өзінің кеткен есесін қайтаруға қайрат қылады.

Екі шығарманың лейтмотиві - бұл дүниеде қаталдық пен мейірімділік, ізгілік пен кекшілдік, адалдық пен арамдық бәрібір өмір сүре береді деген ой. Ең ерекше айтып өтерлігі – екі туындыда да өмір маңызы арқылы трагедия, көркем психотрагизм сабақталады. Ол кейіпкерлердің ішкі ой арпалысы дейміз бе, жоқ жас дүниесіндегі жарылыс дейміз бе, әйтеуір анық, ашық көрініс тапқан.

Жазушының осы кезеңде жазылған тағы бір туындысы – «Қилы заман». Бұл шығарма 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс кезеңін қамтиды. Ұлт-азаттық көтеріліс кезеңі - жалпы қазақ үшін үлкен сын болған тұс. Осы уақытта кімнің кім екені белгілі болады. Намысы бар еркектер өз жұртының, өз әулетінің сойылын соқты, ал екі жүзді жылпостар патша саясатының сойылын соғып кетті. Хикаятта сондай кезең сөз болады да, өз кейіпкерлері арқылы сол тарихи кезеңді өз бояуымен, өз суретімен беруге тырысады. Осындағы Жәмеңке, Ұзақ бастаған арлы, намысты топ ана Ақжелке, Жебірбаевтарға қарсы қойылады. Осы екі арадағы талас-тартыс барынша сенімді суреттеледі. Тағы да ақ пен қара. Тағы да әлді мен әлсіз. Тағы да қатыгездік пен мейірімділік. Тек бұл шығармада осы идея жеке кісі ретінде емес, екі топ болып көрініс береді. Намысқа мінген топ және оларды басып-жалмамақ болған озбыр топ.

Міне, М.Әуезов – өз туындыларын осылайша үнемі жетілдіріп, дамытып, кемелдендіріп отырған суреткер. Ең алғашқысы «Көксеректе» тек бала Құрмаш пен Көксерек болса, «Қараш-Қарашта» Бақтығұл мен Жарасбай... Ал енді міне, «Қилы заманда» сол озбырлық, сол қатыгездік үлкен топқа айналған. Оған қарсы күресетіндер де өздерінше топтаса бастаған. Олар: Жәмеңке қарт, Ұзақ батыр, т.б.

Суреткер Әуезов осы үш хикаятында да сол кезеңдегі жаңа әдіс – психотрагизм элементтерін барынша көбірек пайдалануға тырысқан. Оны әр шығармаларында өзінше өрнектеп, жетілдіріп отырған.

Әдебиеттер

1. Әуезов М. Әңгімелер. – Алматы: Жалын, 1987.
2. Әуезов М. Қорғансыздың күні. – Алматы: Атамұра, 2002.
3. Қабдолов З. Тандамалы шығармалар. (Екі томдық тандамалы шығармалар) 1-том. – Алматы: Жазушы, 1983.
4. Қабдолов З. Әуезов. – Алматы: Санат, 1997.
5. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Астана: Күлтегін, 2002.
6. Хайдаров Ә. Өнер алды – қызыл тіл. Мақалалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1986.
7. Нұрғали Р. Әуезов және Алаш. – Алматы: Санат, 1997.
8. Мұқанов С. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. – Қызылорда, 1932.

ТІЛДІҢ ЗАҢДЫҚ АСПЕКТІСІ ТУРАЛЫ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР

Қоғамда соңғы уақыттарда тілдің заңдық аспектісін зерттеуге деген әлеуметтік сұраныс қалыптасты. Сөз либерализациясы қоғамда көптеген конфликтілі тілдік ситуацияларды туғызды. Ал отандық лингвистика және юриспруденция салалары әлеуметтік конфликтілі тілдік ситуацияларды шешіп беруге дайын еместігін көрсетті.

Отандық ғылымда бүгінге дейін тілдің заңдық аспектісі және тіл білімінің юриспруденциямен байланысты мәселелері зерттеу объектісіне айналмай келеді. Кейбір дереккөздерде ғана бұндай аспектінің объективті түрде бар екендігі және лингвистика ғылымындағы мәнінің маңызды екендігі айтылады. Қазақстан үшін жаңа ғылым – юрислингвистиканың бұл контекстегі теориялық және практикалық мәселелерін зерттеу, оның фундаментальды және қолданбалы аспектілерін қарастыру келесідей негізгі факторлармен түсіндіріледі: юрислингвистиканы жасаудың әлеуметтік, саяси және коммуникативті-тілдік өзектілігімен; юриспруденцияның даму процесінде құқықтың түрлі лингвистикалық аспектілерінің жасалуымен.

Проблеманың теориялық және практикалық маңыздылығына қарамастан, өкінішке орай, юрислингвистика отандық лингвистика ғылымында қазіргі күнге дейін дербес зерттеу объектісіне айналған жоқ. Отандық юрислингвистиканың осындай жағдайы мемлекеттік тіл мәртебесіндегі қазақ тілі мен қазақстандық құқықтың өзара байланысын зерттеушілердің алдына тиісті сипаттағы проблемалар қояды: жаңа ғылым – юрислингвистиканың объектісі мен пәнін тану, тіл мен құқықтың тоғысындағы құбылыстардың заңдық және лингвистикалық аспектілерін ажырату.

Проблеманың теориялық және практикалық маңыздылығына қарамастан, өкінішке орай, юрислингвистика отандық лингвистика ғылымында қазіргі күнге дейін дербес зерттеу объектісіне айналған жоқ. Бұл тақырыпқа негізінен заңгерлер тарапынан жазылған азғана мақалалар ғана бар. Отандық юрислингвистиканың осындай жағдайы мемлекеттік тіл мәртебесіндегі қазақ тілі мен қазақстандық құқықтың өзара байланысын зерттеушілердің алдына тиісті сипаттағы проблемалар қояды: жаңа ғылым – юрислингвистиканың объектісі мен пәнін тану, тіл мен құқықтың тоғысындағы құбылыстардың заңдық және лингвистикалық аспектілерін ажырату.

Лингвистика және юриспруденцияның тоғысындағы юрислингвистика мәселелерін қарастырумен қазір юриспруденция мамандары айналысып келеді. Әрине, олар өз зерттеулерінде маман ретінде юриспруденцияның басым бағыттарын атап көрсетеді де, лингвистика қағидаларының ерекшеліктерін көрсетуді айналып өтеді немесе юриспруденциядағы лингвистиканың «тәуелді» мәселелерін сөз етумен ғана шектеледі. Лингвистиканың әлеуметтік, саяси және коммуникативтік мәселелерінің теориялық және практикалық өзектілігі юриспруденцияда, бұқаралық-ақпарат құралдарында және саяси салаларда ғылыми айналымға түсуге сұраныс туғызады. Тілдің заңдық аспектісінің әмбебап қажеттілігімен қатар тарихи маңыздылығы да бар. Тілдік қатынас – «юридизацияны» қажет ететін әлеуметтік әрекеттесу құралдарының бір формасы. Әлеуметтік әрекеттесу арқылы пайда болған тілдік қатынастың кейбір даулы мәселелерін «юридизациямен» шешу көзделеді. Бұл юрислингвистиканың, яғни тілдің заңдық аспектісінің теориялық және практикалық мәселелерін қарастыру қажеттілігін алдымызға тартады.

Әлеуметтік ортаның кез келген саласында қоғамдық қатынас құралы тіл табиғатының бұзылып жатқандығы байқалып тұрады. Ондай жағдайларда азаматтардың ар-ожданы заң алдында қорғалуы тиіс. Лингвистикалық сараптама азаматтардың ар-намыс, қадір-қасиеттері мен іскери бедел, жала жабу, балағаттау және т.б. жөніндегі

қылмыстық істер бойынша сот процесіндегі даулы мәселелерді шешуге көмектеседі. Лингвистикалық сараптама – тіл қызметінің өнімін зерттеу жолымен фактілерді анықтауға бағытталған сот сараптамасының бір түрі. Сот сараптамасының бұл түрі газет-журналдар, кітап, электронды материалдар, жарнамалық хабарландырулар, ауызша сөйленімдер мен әңгімелер, интернет-коммуникациялық өнімдер (форумдар, блоктар т.б.), түрлі құжаттар мен нормативті актілер, тауар белгілері мен фирмалық атаулар және т.б. мәтіндеріне жасалады, сонымен бірге азаматтардың авторлық құқықтарын қорғауға қызмет етеді. Бұл проблемалар Ресейде де өзекті мәселе ретінде юрислингвистика саласындағы мамандар өз еңбектерінде қарастыруда: «К объектам, направляемым для лингвистического исследования, относятся следующие: это текстовые объекты, товарные знаки, фирменные наименования, доменные имена, иные коммерческие обозначения, произведения рекламы, литературы, науки, которые незаконно копируются, тиражируются, воспроизводятся без ссылок на автора или издаются под чужой фамилией» [1].

Сот қызметінде сараптаманың бұл түрі келесідей: азаматтардың ар-намыс, қадір-қасиет және қызметтік репутациясына нұқсан келтіру жағдайларында; тауар белгілері, фирмалық атаулар және т.б. интеллектуалды меншік, авторлық құқық нысандарының сәйкестігін бекіту үшін; авторлық құқықты бұзуға байланысты (плагиат) жағдайларды анықтауға; құжаттардың, нормативті актілердің, келісім-шарттардың және т.б. ауызша, жазбаша мәтіндердің мағыналарын анықтауға, сондай-ақ сөз формалары арқылы күш көрсету немесе мәжбүрлеуге байланысты жағдайларда қажет болады.

Кейбір сараптамалық ситуацияларда жан-жақты зерттеулер жүргізу үшін басқа салалардың мамандары да (психолог, мәдениеттанушы, саясаттанушы, тарихшы, және т.б.) тартылады. Бұндай жағдайда сот процесі кешенді сараптама қызметімен қамтамасыз етіледі. Сот қызметі жүйесінде сараптама өндірісіне қажетті материалдар ұсынылуы қажет. Атап айтқанда, лингвистикалық сараптама қызметі үшін ауызша немесе жазбаша мәтін, сонымен бірге, тілдік ситуация туралы мәліметтер (даулы мәтіннің пайда болуына себепкерлер туралы, мәтіннің пайда болу орны немесе аталмыш ситуацияның өту орны мен мерзімі туралы). Егер сараптаманың нысаны ауызша мәтін болған жағдайда, лингвист-сарапшыға әңгіменің аудиотаспасы немесе тілдік ситуацияның куәландырылған жазбаша мәтіні беріледі. Сондай-ақ, сот қызметінде лингвист-сарапшыға даулы мәтінге байланысты нақты сұрақтар ұсынылады. Лингвист-сарапшы мәтін бойынша сот қызметі ұсынған сұрақтарға зерттеу жұмыстарын жүргізу арқылы дәлелді жауап әзірлеуі қажет. Заманауи мәтінге лингвистикалық талдау жасау үшін қазіргі қазақ әдеби тілінің лексикасы мен фразеологиясын қамтитын сөздіктер мен теориялық лингвистикалық әдебиеттерді қолдану қажет дейміз және де бұл пікіріміз аталмыш проблемаларды зерттеуші ғалымдардың тұжырымдарымен сәйкес келеді: «Для лингвистического анализа современного текста, отдельных слов и выражений, употребляемых в современном тексте, необходимо использовать те словари, в которых находит отражение современное состояние лексики и фразеологии русского литературного языка, современное словоупотребление, а также активная, актуальная часть той лексики и фразеологии, которая – за рамками литературного языка» [2].

Лингвистикалық сараптама қызметінің мақсаты - сот қызметінде лингвист-сарапшы қызметін талап ететін даулы мәтіндік ситуацияларға байланысты ұсынылған сұрақтарға нақты да дәлелді жауаптар ұсыну. Кез келген мәтіндік ситуацияларды талдауда сарапшы-лингвист теориялық лингвистика негіздеріне сүйенуі тиіс. Біздің бұл пікіріміз Ресей юрислингвистика саласын зерттеушілердің пікірлерімен сәйкес келеді: «Любая лингвистическая теория решает какие-то дескриптивные проблемы и описывает какие-либо факты, эффективность решения этих проблем и описания фактов является одним из критериев принятия и отбрасывания теории. Любое прикладное исследование основано на какой-либо теории, при этом прикладное исследование может не быть основано на теоретических принципах, находящихся в ядре теоретической лингвистики» [3].

Лингвистикалық сараптаманың мақсаты – белгілі бір іске қатысты деректерді шындыққа қатысты филологиялық негізде дәлелдеу. Сарапшы-лингвист ұсынылған сұрақтарға ғана жауап береді және өз құзыреттілігі шеңберінде ғана әрекет етеді және заң терминдерін қолдануға құқығы жоқ. Лингвист-сарапшының ұсынылған сұрақтарға сараптама нәтижесінде нақты да дәлелді жауаптар ұсынуы оның кәсіби біліктілігін қажет етеді. Лингвистикалық сараптама – сарапшының лингвистикалық теориялық терең білімін қажет етеді.

Отандық юрислингвистиканы қалыптастыруда және оны ғылыми айналымға енгізуде мемлекеттік тілдің ролі ерекше болуы қажет. Бұл мақсаттағы басты бағыттардың бірі – мемлекеттік тілдегі юрислингвистиканың қазақстандық үлгісін қалыптастыру болып табылады.

Әдебиеттер

1. Галяшина, Е.И. Возможности судебных речеведческих экспертиз по делам о защите прав интеллектуальной собственности // Интеллектуальная собственность. Авторское право и смежные права. 2005. - № 9.
2. Бринев, К. И. О презумпциях лингвистической экспертизы: конфликтные высказывания на шкале сведения / мнение // Юрислингвистика –7: язык как феномен правовой коммуникации. – Барнаул, 2006.
3. Бельчиков, Ю. А. Инвективная лексика в контексте некоторых тенденций в современной русской языковой коммуникации // Филологические науки. 2002. - № 4.

Б. Е. Сарсембаева
Акмолинская область

АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ПРЕПОДАВАНИЯ РУССКОГО ЯЗЫКА В ШКОЛЕ С КАЗАХСКИМ ЯЗЫКОМ ОБУЧЕНИЯ В СЕЛЬСКОЙ МЕСТНОСТИ

Раздел 1. В Казахстане билингвизм сложился исторически давно. Существует узкое и широкое понимание билингвизма: в узком смысле - это более или менее свободное владение двумя языками: родным и неродным, а в широком смысле - относительное владение вторым языком, способность пользоваться им в определенных сферах общения. С этой точки зрения минимальным уровнем владения вторым языком можно считать уровень, достаточный для выполнения индивидом речевых действий, в процессе которых реализуются те или иные функции второго языка. Если владение языком ниже этого уровня, то нет достаточных оснований считать такое владение признаком билингвизма. С позиций психолингвистики, билингвизм - способность употреблять для общения две языковые системы.

В связи с билингвизмом в стране, актуальность преподавания русского языка очевидна. Преподавание родного языка, казахского, отличается от преподавания второго неродного языка, но общеупотребительного.

Преподавание неродного языка требует развития у учащихся навыка пользования языком. Задача педагога - развить эти навыки во всех видах речевой деятельности и на письме. Педагог должен учитывать, что у детей языковые навыки недостаточно развиты, лексический запас ограничен, в речи может быть слышен акцент, а письмо зачастую и вовсе хромает. Так что работа педагогов многоплановая и ответственная.

Современный учитель – это, прежде всего, творческая личность. Учитель, творческий и созидательный, может слышать биение человеческого сердца-живого, горячего... детского. Вот уже десятилетия школа и научно-педагогическая мысль охвачены поиском путей

повышения эффективности учебного процесса. Перед современной школой встала задача формирования творческой личности. Творческий человек умеет видеть необыкновенное в обычном, знакомые явление и объекты рассматривает под новым углом зрения и обнаруживает в них новые свойства или применение их в новом качестве. Для творческой личности характерно и то, что она способна порождать, казалось бы, неожиданные идеи и решение проблем в самых неопределенных и тупиковых ситуациях. Изучив классификацию педагогических технологий, разработанных российскими и казахстанскими учеными, я остановила свой выбор на технологии «Творческое развитие», автором которого является Ахмет Закиевич Рахимов.

В течение предыдущих лет работала, используя модульную технологию, игровую технологию. Проанализировав свою трудовую деятельность, я поняла, что к моей позиции ближе технология «Творческое развитие» (Разработка А.З. Рахимова).

В наше время люди всё в большей мере осознают, что именно творчество – одно из самых важных составляющих личного счастья и профессионального успеха. В США например, существует институт по вопросам творческого решения проблем (Нью-Йоркский университет в Буффало), созданы различные консалтинговые компании, которые организуют семинары по вопросам творческого развития.

Нам, учителям, которые заинтересованы в обучении и воспитании учащихся с высоким творческим потенциалом, приходится самостоятельно организовывать такое обучение, по крупицам, собирая материал.

Единственный источник творчества - это наша собственная личность. Необходимо постоянно подпитывать свой творческий дух. Д. Айян сердцевиной духа творчества считает ядро:

Я - я хочу знать (любопытность)

Д - действенность (энергичность)

Р - риск (готовность рисковать)

О – открытость новому.

Задачи технологии «Творческое развитие» :

1. Научить творчески мыслить, развивать творческий потенциал личности.
2. Научить творческому моделированию и созданию «идеальных моделей мира» с использованием абстрактного и художественного образа, графических изображений, схем, графиков, символов, знаков и других средств представления информации как инструмента собственного действия в новой нестандартной ситуации.

3. В процессе учебной деятельности научить детей самостоятельно добывать знания, формировать качественные знания на осознанном уровне.

- в ситуации неопределенности научить умению видеть проблему и решать задачи нестандартно, не только на уровне теоретического уровня (сознания), но и интуиции (инсайда).

- научить адекватной самооценке своих творческих возможностей и способностей, самоактуализации, самопроявлению, саморазвитию, самовоспитанию.

Цель: активизировать творческую и проблемно – поисковую деятельность школьников, убеждая их, что они все способны справиться с задачами, которые педагог перед ними выдвигает.

Формы:

1. Различные виды словарных работ и с использованием исследовательской карты.

2. Денотатный граф.

3. Творческие диктанты.

4. Ранжирование.

5. Познавательные игры («Симпозиумы», « Сундук мудрости» и т.д.).

6. Незаконченные предложения. . .

7. Работа в парах.

8. Индивидуальная работа.

9. «Ученый совет».
10. Синтаксический разбор с применением «Карты синтаксического разбора».
11. Интеллектуальная олимпиада.
12. Интеллектуальный марафон.
13. Пересказ по кругу.
14. Оригинальные вопросы и ответы.
15. Презентация творческих работ учащихся (Сборник стихов об осени, зиме и т.д.).
16. Взаимопроверка, самооценка.
17. Урок телемост, телеэфир... Этноурок.
18. Театрализованное представление произведений на уроках литературы.
19. Внеклассное мероприятие (Лингвистический вечер, «Костёр памяти» об «Алжире», «Память о прошлом во имя будущего...» и т.д.).
20. Лингвофизминутка, лингвистическая разминка.
21. Орфографическое лото.
22. «Письмо» (творческое размышление учащихся на разные темы).

Дидактический материал:

- Исследовательская карта для трудных слов;
- Карта паспорт для синтаксического разбора.
- Карточки-задания для индивидуальной работы в парах и для группы.
- Лист взаимопроверки, самооценки.
- Денотатный граф, незаконченные предложения.
- Кластеры, синквейны, тезаурус.
- Карточки словарных работ: «Допиши слово», «Найди слово», «Чтобы это значило...» и т.д.
- Карточки с творческими заданиями «Допиши рассказ». «Допиши предложение».

В самостоятельной деятельности учащегося кроется неиссякаемый резерв для учителя, ставящего перед собой цель не только дать учащемуся определенную сумму знаний, но и увлечь более глубоким изучением отдельных специальных вопросов. Эту задачу разрабатывает технология «Творческое развитие».

Раздел 2. Одной из проблем изучения русского языка в сельской школе с казахским языком обучения является недостаток речевого развития. Основной причиной низкого уровня речевого развития школьников является недостаток учебного времени, так как на каждом уроке изучается новый материал, не хватает времени на закрепление знаний, выработку прочных речевых умений и навыков. Уроки развития речи, проводимые в соответствии с учебным планом, не решают в полной мере проблемы речевого развития учащихся.

На мой взгляд, низкий уровень развития речи учащихся в казахской школе объясняется рядом причин:

- ◆ работа по формированию коммуникативных умений (умений, направленных на восприятие чужого и создание собственного текста) учащихся проводится в основном на аналитических упражнениях и заданиях (определить тему, основную мысль, тип речи и т.д.), при почти полном отсутствии заданий, основанных на синтезе умений, в то время как для более успешного речевого развития необходимы условия для самостоятельного творческого подхода к созданию связного высказывания;

- ◆ недооцениваются психологические особенности возраста учащихся 5-9 класса. Психологами доказана прямая зависимость активизации мотивационной сферы личности учащихся от эстетического переживания, в результате чего появляется внутренняя потребность в словесном оформлении своих мыслей, чувств. Это дает основание говорить, что при обучении коммуникативным умениям необходим яркий эмоциональный стимул, который служил бы источником возникновения мотива речевой деятельности.

Безусловно, решению этой проблемы способствует использование продуктивных методов и средств, внедрение инновационных технологий, стимулирующих развитие связной русской речи учащихся.

Следующим препятствием в продуктивности преподавания языка является то, что каждый год меняется учебная программа вместе с учебниками. И учителю приходится подстраиваться под эту программу, менять свою позицию по отношению к подаче материала. И это тоже усложняет работу учителя.

В поисках резервов повышения качества образования и воспитания современная педагогическая наука все чаще обращается к применению системного подхода к процессам обучения и воспитания, ценность которого состоит в изучении объектов как целостных систем с использованием информационных технологий. К сожалению, данное средство является совершенно недоступным в сельской школе, но, тем не менее, мы не отстаём, а идём в ногу со временем, применяя на уроке все возможные доступные методы обучения.

А. Н. Юрьев
г. Алматы

ГЛАГОЛ В СИСТЕМЕ ЯЗЫКА И В СОСТАВЕ РПЛ

Глагол, по утверждению академика В.В.Виноградова – «самая сложная и самая емкая грамматическая категория русского языка. Глагол наиболее конструктивен по сравнению со всеми другими категориями частей речи. Глагольные конструкции имеют решающее влияние на именные словосочетания и предложения» [1, 422].

Это высказывание подтверждают лексикографические источники. Так в СО-9 отмечено около 57 000 слов. По нашим подсчетам около 10 000 глаголов: из них $\frac{1}{3}$ – разговорные и просторечные глаголы (3,5 тыс.). «Лексические компоненты в глагольных значениях тесно переплетены и постоянно взаимодействуют с грамматическими и лексико-грамматическими компонентами. Так, например, для глаголов движения кроме оппозиций по основным грамматическим значениям категорий вида, залога, наклонения, лица и времени, характерны оппозиции по семам определенной/неопределенной направленности (*идти – ходить, лететь – летать* и т.п.) и однонаправленности / разнонаправленности движения (*идти в город – ходить в город* и т.п.), для глаголов деятельности, физической и психической, – оппозиции по семам безобъектности /объектности (*работать – делать, учительствовать – учить* и т.п.) и по семам нерезультативности/результативности (*делать – создавать, читать – прочитывать, искать – находить, думать – додумываться, терпеть – претерпевать* и т. п.), для глаголов состояния, физического и эмоционального, – оппозиции по семам бытийности /становления (*бодриться – взбадриваться, любить – влюбляться, печалиться – опечаливаться*) и т.д. Видовые формы глагола часто различаются не только по способам действия, но и по своим лексическим значениям; поэтому при анализе глагольной лексики приходится учитывать и формы совершенного, и формы несовершенного вида (в частности, и потому, что они далеко не всегда выступают как парные). Немало и таких глаголов, особенно разговорно-просторечных, на понятийное содержание которых наслаиваются различные коннотативные (экспрессивные) оттенки (например, *воздвигать, шнырять, взгромоздиться, прикорнуть, тараторить, втюриться* и т.п.). Очень важной особенностью глагола является то, что он занимает, как правило, центральное положение в семантической структуре предложения. Поэтому он привлекает к себе внимание не только лексикологов, но и синтаксистов. На центральное

положение глагола в структуре предложения указывали А.А.Потебня, А.М.Пешковский, и многие другие ученые. «В содержательном плане, – пишет С.Д.Кацнельсон, – глагольный предикат – это нечто большее, чем просто лексическое значение. Выражая определенное значение, он в то же время содержит в себе макет будущего предложения» [2, 35].

«Глагольное слово обладает сложной семантической структурой, в которой в единый клубок переплелись лексические, словообразовательные и грамматические значения. В лексике русского языка явно преобладают многозначные глаголы с разветвленной системой прямых, метафорических и метонимических значений и оттенков. В системе глагола исключительно широк диапазон действия регулярной полисемии. Глагол характеризуется разнообразием моделей переносного употребления слова. Все это вызывает постоянный и все возрастающий теоретический и практический интерес к глагольному слову не только лексикологов, но и лексикографов» [3, 5].

В.В.Морковкин в своей работе «Опыт идеографического описания лексики (анализ слов со значением времени в русском языке)» писал: «Являясь обозначением процессов, т.е. динамичных, действенных признаков, глагол обладает способностью сочетаться со всеми семью частями речи, т.е. имеет при себе синтаксические позиции, которые могут замещаться: а) существительными, например: *любить дочь, строить мост, радоваться весне, отвыкнуть от дома* и т.п.; б) прилагательными, например: *казаться умным, считаться компетентным, погибнуть неотомщенным* и т.п.; в) числительными, например: *делить на три* и т.п.; г) местоимениями, например: *восхищаться им; увидеть что-то* и т.п.; д) глаголами, например: *начать, перестать ... писать; хотеть есть, пойти куда-либо* и т.п.; е) наречиями, например: *сильно замерзнуть, есть всухомятку, мастерски изобразить* и т.п.; ж) словами категории состояния, например: *трудно забыть, жалко наказывать* и т.п.» [4, 45].

Многократно отмечалось, что разговорная речь ярко глагольна и это свойство ее связано с предикативностью суждений. Предикативность суждений – важнейшая структурная черта разговорной речи. Л. С. Выготский писал: «Чистая предикативность возникает во внешней речи в двух основных случаях, как показывают наши наблюдения; или в ситуации ответа, или в такой ситуации, где подлежащее высказываемого суждения наперед известно собеседникам. На вопрос, хотите ли вы стакан чаю, никто не станет отвечать развернутой фразой: «Нет, я не хочу стакан чаю». Ответ будет чисто предикативным: «Нет», он будет заключать в себе только одно сказуемое... Некогда кто-либо из людей, заметив приближающийся трамвай, не скажет в развернутом виде: «Трамвай «Б», которого мы ожидаем, для того, чтобы поехать туда-то, идет», но всегда высказывание будет сокращено до одного сказуемого – «идет» или «Б». Очевидно, что в этом случае чисто предикативное предложение возникло в живой речи только потому, что подлежащее и относящиеся к нему слова были непосредственно известны из ситуации, в которой находились собеседники» [5, 438-439].

Глагол относится к категории признаков имен, что во многом обуславливает характер его семантики. Семантика глагола носит не абсолютный, а относительный характер. Описание смысловой структуры глагольных лексем предполагает обращение к анализу отношений сочетающихся с ними предметных имен, определяющими среди которых являются отношения «действие» – «субъект», «действие» – «объект». Нередко характеристики глагольного действия выносятся за пределы глагольной лексемы в область синтагматических отношений и реализуются в сочетании глагола с его семантическими распространителями. Таким образом, семантика глагола раскрывается, прежде всего, в его синтагматических связях, что позволяет говорить об определенной семантической несамодостаточности глагола.

Однако глаголы в семантическом отношении неоднородны. Некоторые глаголы могут указывать не только на само действие, но и на его актанты, обстоятельственные характеристики действия. Глагол может включать в свое значение такие семантические

признаки, как, например, направленность действия (карабкаться – «вверх»); интенсивность (большая интенсивность – *дубасить, колошматить, двинуть, жсахнуть, орать, горланить* и т.д.; слабая интенсивность – *тюкнуть, копаться, мешкать*); вид орудия (*стегать, хлестать* – «ударять чем-л. тонким и гибким»); та или иная характеристика объекта (*дробить, крошить, колоть, сыпать* и т.д.), цель действия (*рыскать* – «ходить с целью найти что-л. нужное»).

Каждый язык располагает специфическими средствами включения в семантику глагола тех или иных «семантических добавок». Приведенные выше глаголы – это пример морфемно не выраженного включения. Глаголы подобного типа в разговорной речи чрезвычайно многочисленны. Лексическая индивидуализация средств выражения того или иного действия является одной из характерных особенностей русского языка, которая, как представляется, находит яркое выражение в сфере разговорной глагольной лексики. При этом «семантическая специализация» нередко осуществляется по линии как понятийной, так и оценочной характеристики действия (например, в лексико-семантической группе глаголов, объединяемых словом широкого родового значения говорить, можно выделить группу глаголов, характеризующих внешнюю (акустико-физиологическую) сторону речи: глаголы, указывающие на те или иные фонетические дефекты речи – *шепелявить, гнусавить, шамкать*; глаголы, указывающие на излишнюю громкость или быстроту речи – *тараторить, трещать* и др.).

Итак, в разговорной речи можно выделить разные типы глаголов в зависимости от семантического объема. Высокая конситуативная обусловленность, тенденция к разного рода свертываниям, стяжениям приводят в РР к появлению глаголов, впитавших в себя определенные элементы контекста. С другой стороны, контекст, речевая ситуация, общий опыт говорящих могут явиться причинами образования глаголов с семантически опустошенными основами.

Литература

- 1.Виноградов В.В. Русский язык. Грамматическое учение о слове. М.-Л., 1947.
- 2.Васильев Л. М. Семантика русского глагола: Учеб. пособие для слушателей фак. повышения квалификации. – М.: Высш. школа, 1981. – 184 с.
- 3.Тихонов А.Н. Русский глагол: проблемы теории и лексикографирования. – М.: Academia, 1998. – 280 с.
- 4.Морковкин В.В. Опыт идеографического описания лексики (анализ слов со значением времени в русском языке). М., Изд-во Моск. ун-та, 1977.
- 5.Русская разговорная речь. – М.: Наука, 1973. – 485 с.

А. Б. Шормақова
Астана қ.

Қ. КЕМЕҢГЕРҰЛЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ, ТАНЫМДЫҚ КӨЗҚАРАСТАР

XX ғасыр басында өмір сүріп, қазақ ғылымының дамуына, оқу-ағарту саласына айтарлықтай үлес қосқан ағартушы Қ.Кемеңгерұлы ұлттық мектептерде білім сапасын жақсартудың жолдарын қарастырып, баспасөз бетінде мақалалар жариялап отырды. Қ.Кемеңгерұлы сол кездегі қоғамға ұлттық кадрлардың қажет екенін жақсы сезініп, соған қатысты өз пікірін білдіреді. «Мектеп қай тілде болу керек?» деген мақаласында XX ғасырдың жиырмасыншы жылдарындағы ауыл мектебінің жай-күйін сөз етеді. «Оқудың негізі – ауыл мектебі», – дей келіп [1, 117], ауыл мектебін көздеген мақсатқа жеткізу үшін

оның қажетті құралдарымен бірге оқытушысы комплексті әдісті жүргізе алатын болу керектігін айтады. Ағартушы ауыл мектебіндегі оқытушылардың көбі басқа қызметтерге қолы жете алмаған, не жарай алмағандар, не шалағайлар, не өз шаруасымен байланыстылар болғандықтан, балалар тиісті білімді ала алмайды деген сын айтады. Жазғы даярлау курстардан, педтехникумдерден шығып жатқан оқытушылардың көбі түрлі себептермен басқа орындарда қызметте жүргендеріне қынжылады. «Әзір ауыл мектептерінде жеткілікті комплекс әдісін жүргізерлік оқытушыларды таба алмайтын болсақ, ауыл мектептерінің неше жылдық болуын шешу керек», – деп [1, 118] мектептерде тәжірибелі мұғалімдердің жеткіліксіздігін, әдістемелік құралдардың тапшылығын айтып, өзі де қоғам сұранысын өтеу үшін елге әдістемелік көмек көрсетіп отырған. «Қазақ мектебіндегі балалардың орыс тіліне шалағайлықтары орыс тілінің қазақ балаларына орыстарға арналған әдіспен оқытылуынан», – дейді Қ.Кемеңгерұлы [1, 119]. «Осы күнде орыстарда неміс, ағылшын тілдері қандай әдіспен оқытылса, бізде де орыс тілі сондай әдіспен оқытылуы керек», – деп [1, 119] оқу сапасын арттыру мәселесін алға тартады. Қорыта айтқанда, Қ.Кемеңгерұлының қай туындысын алып қарасақ та, оларда оқу-ағарту мәселесі, ұлттық кадрлар туралы сөз болады.

XX ғасыр басында алаш зиялылары мектептің ана тілінде оқытылуын дұрыс санады. Олар патша өкіметі тарапынан жүргізіліп отырған «орыстандыру» саясатына тосқауыл қою үшін білім беру саласын ұлттық негізде дамытуды көздеді. Алаш зиялыларының мектепті ана тілінде оқыту жөніндегі пікірлері кейіннен «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасында көрініс тапты» [2, 465]. Орынборда өткен жалпы қазақ-қырғыз съезінде оқу мәселесіне көңіл бөлінді. Ұлт мектептеріне бағдарлама жасау, оқу құралдарын шығару туралы айтылды. Ұлт мектептері үшін орыс тіліндегі оқулықтарды қазақ тіліне аудару ісін М.Жұмабайұлы, Қ.Кемеңгерұлы, Ж.Тілеулин т.б. сынды алаш зиялыларына тапсырылды.

А.Байтұрсынұлы: «Бастауыш мектептер үкімет пайдасы үшін болмай, халық пайдасы үшін де боларға керек. Әр халыққа керегі – өз діні, тілі, жазуы сақталу. ... Бес жылдық бастауыш мектептің әуелгі үш жылында балалар кілең қазақша оқу, қалған екі жылда орысша оқу», – деп [3, 268] бастауыш мектепте оқудың алғашқы жылдары ана тілінде болуы керек деген мәселені қозғады. «Мектепті ана тілінде оқытуды Қ.Кемеңгерұлы, Х.Болғанбаевтар да қолдап, баспасөз бетінде пікір білдірді [2, 465]. Ж.Аймауытұлы: «Ауылдық мектепте оқу ана тілінде болуы керек. Шама келсе, 2-інші жылы орыс тілі бір сабақ болып кіру керек», – десе [4, 241], М.Жұмабайұлы: «Тілсіз ұлт, тілінен айырылған ұлт дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес. Ондай ұлт құрымақ. Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болу. ... Ұлтқа тілінен қымбат ешнәрсе болмасқа тиісті. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай көрініп тұрады», – деген келелі ой айтады [4, 241]. Қ.Кемеңгерұлы «Орта мектеп орыс тілінде болсын деушілерге: «Егер орта мектепте оқу орыс тілінде болса, бізден еш уақытта жеткілікті оқытушы шықпайды. Ұлт мектептері, ұлт мәдениеті болмайды. Және басқа түрік ұлттары орта мектебін өз тілінде жүргізіп жатқанда қазақтың өз алдына ауа жайылуы қисынсыз», – дейді [1, 119]. Алаш қайраткерлерінің бұл көзқарастарынан ұлттық мәдениет, ұлттық дүниетаным, ұлттық психологиямыздан айырылып қалмау ниеті аңғарылады. Олардың ұлтжанды ой-пікірлері қазіргі қоғамда да өзектілігін жоғалтқан жоқ. Егеменді елімізде мемлекеттік тілге қажеттіліктің артуы – заман талабы. Қазақ тілін оқыту – тек сауат ашып, қарым-қатынас жасау үшін емес, жеке тұлғаны белгілі этникалық, мәдени топтың мүшесі ретінде тәрбиелеу, ұлттық сана-сезімін қалыптастыру үшін керек. Ол жағдай әрбір азаматқа ұлттық тіл мен мәдениетті, рухани құндылықтарды сақтау қажеттігін ұғындыру үшін қажет болып тұр.

XX ғасыр басындағы зерттеуші ғалымдардың негізгі ұстанымы – балаға жан-жақты тәрбие беру. Бала білімді өзі ізденуі арқылы табады. Ж.Аймауытұлы, М.Жұмабайұлы жан жүйесін дамыту, жетілдіру мәселесіне көңіл аударды. Ж.Аймауытұлы: «... өзі ойлап таппаған білім жан қуаттарын жетілдіре алмайды», – десе [5, 330], М.Жұмабайұлы: «...

адамға шын мағынасымен «адам» деген атты осы жан ғана беретіндіктен, адам баласын тәрбие қылу дегенде, әрине, адам баласының әсіресе жанын тәрбие қылу керек деп ұғу керек» [6, 98], «... Тегінде берік ұғу керек, адамның берік нәрсесі де, жұмбақ нәрсесі де сол жан. Қиын тәрбие тілейтін де сол жан. Жанды дұрыс тәрбие қыла білу үшін жанның жайын баяндайтын ғылыммен таныс болу керек», – деген пікірлерінен [6, 114-115] жеке тұлғаның танымын дамыту үшін әрекет жасау қажеттігін айтып отырғанын ұғынуға болады.

Қ.Кемеңгерұлы әдіскер ғалым ретінде ең алдымен, баланың ақыл-ой тәрбиесіне, өз бетінше жұмыс істеу қабілетін арттыруға ерекше көңіл бөлген. Сондықтан оның екі кітаптан тұратын «жабропалықтарға» арналған оқу құралында берілген материалдары – жан-жақты, танымдық бағыттағы дүниелер. Қ.Кемеңгерұлының өзі оқытуды тәрбиелеудің ең құдіретті құралы деп түсінген. Ол қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне меңгертуде мынадай міндеттерді көздеген:

- тіл үйренушілер өз бетінше жұмыс жасайды, ал оқу бағдарламасына сай үйрену тәсілін таңдағанда оқытушы көмегіне сүйенеді;

- оқу материалы тіл үйренушінің оқу іскерлігін белгілі бір мақсатқа бағыттап қалыптастырады;

- тіл үйренушілердің әлеуметтік мәдени қабілеті (ерекшелігі) ескеріледі;

Психолог Қ.Жарықбаев: «Оқу-тәрбие процесінде қабілет, білім, дағды, ептілік сияқты психологиялық ұғымдарды өз мәнінде түсіне алмау – мұғалімдерді педагогикалық кателерге ұшыратуы да мүмкін», – дейді [7, 149]. Қ.Кемеңгерұлы жоғарыда айтқан «қабілет, білім, дағды, ептілік» сияқты психологиялық ұғымдарды тіл үйрету ісінде ескеріп отырған. Ол қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне үйретуде әдіс-тәсілдерді таңдауда оқушылардың психологиялық ерекшеліктерін басты назарда ұстаған.

Қ.Кемеңгерұлы «Жат тіл оқыту әдісі» мақаласында шетел әдіскерлерінің: «Сөзді құрғақ жаттау жағын азырақ алып, көбінесе сөзді жаттықтырумен есте қалдыру керек. Құрғақ жаттаумен сөз миға қонбайды, ұмытыла береді. Олай болмас үшін сөздерді қосақтап, өзгертіп сөйлемдер жасату керек», – дей келіп [8, 176], осы ойды өзге ұлттарға қазақ тілін оқытуда да басты назарға алады. Әдіскер оқушылардың есте сақтау қабілеттерін арттыру үшін өтілген тілдік тақырыптан кейін әртүрлі жұмыс түрлерін жүргізген. Мәселен, оқушының жаңа материалды есте сақтауы үшін, оларға тапсырмалар мен жаттығу жұмыстарын орындатқызған. Мәселен, Қ.Кемеңгерұлы: «Кездескен қиын сөздерді есте қалдыру үшін, соларға ұқсас көп мысал келтіру керек», – деген [8, 176]. Ғалым аталған мақаласында сабақ үстінде аудармасыз түсіндіру арқылы жат тілде ойлауға үйрету туралы да айтады.

Қ.Кемеңгерұлы тіл үйретуде оқушының қабылдау үдерісіне де баса көңіл аударып отырған. Қабылдау – есту, көру, сезу арқылы жүзеге асатын белгілі құбылыс. Ғалым оқытушының дұрыс, ашық, қатты сөйлеп, оқушыларға үлгі болу керектігінің маңызы зор екендігін айтқан. Өйткені оқытушының сөздерді дұрыс айтуы – оқушының сөзді дұрыс естіп қабылдауымен байланысты құбылыс екендігін, айтылған сөз, не сөйлем дұрыс естілмесе, онда түсіну де болмайтынын білген.

Қ.Кемеңгерұлы өзінің «Жауропалықтарға арналған оқу құралында» өзге ұлт өкілдерінің жас ерекшелігін ескерген. Екінші кітаптың алғы сөзінде әдіскер былай дейді: «Бұл кітап ІІ басқыш мектептердің соңғы 2-3 жылдарында оқуға арналып жазылды. Оқу құралының І бөліміне кірген сөздердің тілмашы, тіл ережелері бұған кірген жоқ. ІІ бөлімдегі көздеген мақсат жат көрінетін сөздерге (выражение) сөйлем құрылысына жаттықтыру. Кітап, газет, журнал оқуға баулу, сөз қорын молайту» [8, 138].

Қ.Кемеңгерұлының оқу құралында «Газет деректері», «Әйел тұрмысы», «Аймақтану» тақырыптары бойынша жүйеленген танымдық мәтіндерінде қоғамдық құбылыстар мен қоршаған ортадағы түрлі оқиғалар бойынша деректер берілген. «Газет деректеріне» қатысты жинақталған материалдарда жұмысшылардың өмірі, өлкелік партия комитеті, ауыл шаруашылық жетістіктері, есеп-санақ, астық дайындау жұмысы, жол,

көпір, үй салу және тағы басқа мәселелерге қатысты мәліметтер қамтылған. Қ.Кемеңгерұлы мұндай мазмұнда жазылған мәтіндерді тілді үйрену барысында оқушының қоғамдағы болып жатқан құбылыс, оқиғаларды тіл арқылы зерттеп-тану мақсатында берген. Оқушыға қазақ тілін оқытып қана қоймай, танымдық материалдар негізінде олардың ой-өрісін, дүниетанымын кеңейтіп отырған. Ағартушы Қ.Кемеңгерұлының ғасыр басында ұлт тағдыры, ұлт мектептері, ұлт мәдениеті жайлы айтқан ойлары бүгінгі қоғамда өзекті.

Әдебиеттер

1. Қошке (Қошмұхаммед) Кемеңгерұлы. Шығармалар. – Алматы: Тұлға, 1995. – 184 б.
2. Алаш және тәуелсіз Қазақстан: идеялар мен ұстанымдар сабақтастығы: халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2008. – 476 б.
3. Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
4. Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1999. 5 т. – 304 б.
5. Аймауытұлы Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1998. 4 т. – 448 б.
6. Жұмабаев М. Шығармалар жинағы. Аудармалар, ғылыми еңбек, мақалалар. – Алматы: Жазушы, 2005. 3 т. – 232 б.
7. Жарықбаев Қ. Психология. – Алматы, 1970. – 323 б.
8. Кемеңгерұлы Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. Оқу құралы. – Алматы: Алаш, 2005. 2 т. – 336 б.

Н. Қ. Киршимова
Степногорск қ.
Ж. Ж. Аубакирова
Қостанай қ.

ҚАБДЕШ ЖҰМАДІЛОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯМЕН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Қабдеш Жұмаділов – қазіргі қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі. Туған әдебиетіміздің тың арнамен дамып, өсіп-өркендеп, қанат жаюына сүбелі үлес қосып келе жатқан майталман жазушы. Шығармаларының негізгі өзегі – тағдыр тәлкегімен туған жерден жырақта жүрген қандастарымыздың киелі топырақ, қасиетті атамекеніне оралуды зарыға аңсап күткен сағынышы, арман-мүддесі, көз жасы, үміт-сенімі. Қабдеш шығармаларынан Отанға деген сүйіспеншілік, атамекеніне деген өрттей лаулаған махаббат, осы жолда елдік пен ұлттық рух ұрандап тұрғандай. Еліміз егемендік алып, тәуелсіздік тізгіні қолда тұрған шақта ел ертеңі болатын жас ұрпақтың бойына елжандылық рухты қалай дарытамыз. Осы мақсатта мектепте әдебиет пәнінің рөлі өте зор десек, ұлттық рухы асқақтаған Қабдеш шығармаларының орны өте зор. Осыған орай Қабдеш шығармаларын оқытуда шығарманың тарихи негізін, негізгі мәселе мен айтпақ ойын ашып та анық талдай білу – ұстазға үлкен міндет жүктейді.

Мектепте Қ.Жұмаділов шығармашылығы «Сәйгүліктер» романынан үзінді «Қозықүрең» үзіндісі, 8-сыныпта «Қаздар қайтып барады» атты алғашқы әңгімесі, 11-сыныпта жазушы шығармашылығына шолу түрінде өтеді.

Балаларды бағыныштылықтан, құлдық психологиядан арылтып, өз позициясы бар, өз намысын қорғай алатын ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеуде талап үрдісінен шығуға мүмкіндік

беретін бірден-бір тиімді әдіс – «Сорос – Қазақстан» қоры арқылы елімізге келген СТО жобасы. Бұл технологияның тиімділігін біз сабақ үрдісіндегі кенет туған өзгерістерден, серпілістерден байқадық. Сол себепті СТО жобасын тәжірибемізде жиі тұрақты қолдананып тұруға лайық деп бағалап отырмыз. Мәселен, «Қызығушылықты ояту» кезеңінде «ой шақыру», «негізгі ойды суреттеу», «ББҮ» стратегияларын пайдалансақ, 8-сыныпта Қ.Жұмаділовтің «Қаздар қайтып барады» әңгімесін өткенде, балаларға ой шақыру үшін «Туған жер» сөзіне ассоциация құрылады. Бұл тәсілдің тиімділігі – миға шабуыл жасауға мүмкіндік беру, пікір еркіндігі, шабытты ояту, сыни тұрғыдан ойлауға стимул (түрткі) жасау.

Қазіргі кезде оқушылардың әсіресе әдебиет пәнінде көлемді ұзақ әңгімелерді, не үзінділерді бәрі бірдей оқымайтыны жасырын емес. Осы тұрғыда СТО жобасының «Жигсо – 1», «Жигсо – 2» стратегиясының тиімділігі өте мол екендігін байқадық. «Қаздар қайтып барады» әңгімесінің идеялық мазмұнын ашу үшін сынып оқушыларын 4 топқа бөлеміз. Алдымен үй тобына (1, 2, 3, 4) нөмірлейміз. Одан кейін 1-лер өз алдына бір топ, 2-лер бір топ болып, жұмыс тобын құрды. Мәтін ой аяқталуына байланысты 4 бөлікке бөлінген. Жұмыс тобында әр оқушы мұғалім рөліне дайындалады. Осы бөліктегі бір мәселені шешеді. Мысалы: «Қайсар әрі табанды қарт бұл сапарға неліктен кеш шықты?» Одан кейін I топ мәтін бөлігіне «Рухы берік қарт деген ат қойды». Басқа жұмыс топтары да алдымен жеке, одан кейін жұпта, сосын топта осы ізбен жұмыс істейді. Үй тобына оралып, әр оқушы жұмыс тобында оқыған мәтін мазмұнын кезекпен оқиды. Жұмыс тобы құрған жоспарын оқиды, проблеманы шешеді, бекітеді. Оқушыны бағалағанда, сөйлеген оқушыға емес, қасындағы оқушыға баға қойылады.

Ой толғаныс кезеңінде «5 жолды өлең»; «7 жолды өлең»; «Эссе»; «Еркін жазу»; «Әлем шарлау»; «Т кестесі» сынды стратегияларды пайдаланып жүрміз.

Балалардың қиялын дамытатын, сөздік қорын байытатын, ойлау шаттығын туғызатын стратегия – «Еркін жазу» стратегиясы. «Қаздар қайтып барады» әңгімесін жан-жақты талдап болғаннан кейін, «Еркін жазу» стратегиясын жазып, әңгіме оқиғасын өз қиялымен әрі қарай жалғастырып, өзінше аяқтады.


2 шығармадағы 2 кейіпкерді салыстыру үшін «7 жолды өлең» стратегиясын қолдануға болады:

1. Зат есім _____
2. Сын есім _____
3. Етістік _____
4. 2 тақырыпты байланыстыратын ортақ сөйлем _____
5. Етістік _____
6. Сын есім _____
7. Зат есім _____


Қ.Жұмаділовтің «Қозыкүрең» әңгімесіндегі тұлпар мен «Қаздар қайтып барады» әңгімесіндегі қартты салыстыруға арналған «7 жолды өлең» стратегиясы.

1. Қарт.
2. Отаншыл, қайсар.
3. Шыдады, күресті, оралды.
4. Қарт пен Қозыкүрең – атамекенін аңсаушылар.
5. Қашты, жетті, өлді.
6. Жүйрік, жершіл.
7. Қозыкүрең.

Жоғары сыныптарда эпикалық шығармаларды талдау үлгісі:



Шығарманы осы жүйеде талдау, қорытындылау үшін, конструкциялық-жобалау технологиясы тиімді екенін байқадық. Жазушының «Қаздар қайтып барады» әңгімесін жинақтау үшін, конструкциялық-жобалау технологиясына құрылған сабақтың сызба моделі мынадай үлгіде құрылды:



Оқушылар бағыт бойынша тапсырманы жеке, жұп немесе топ болып тандап алады, бағыттағы нүктені толтырады, ізденеді, тезис түрінде дәптерлеріне жазады.

«Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, жаңадан жаңаны табатын өнер», - деген екен Ж..Аймауытов. Осы өнерді игеру – ұстаздар қауымының биік парызы. Қазақстанның болашағы білімді ұрпақ қолында, ал білімді ұрпақ болашағы – ұстаздар қолында. Осы мақсатта ұстаздарға жүктелер жүк аз емес. Мұраты биік, рухы өр, сапасы ояу, білімі терең, пікірі өткір, бәсекеге қабілетті елжанды ұрпақ тәрбиелеу жолында заман талабына сай болып, озық технологияларды тиімді қолдана білу – бүгінгі ұстаз парызы.

Әдебиеттер

1. Никитина В.П. Саморазвитие и самореализация школьников // Начальная школа, 2007. - №5. - с.46-48.

2. Қаламқалиев М. Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту жолдары // Поиск. Ізденіс. – 2000. -№2. -104 б.

3. Әбдікәрімұлы Б., Әлібекова М. Білім берудегі педагогикалық технологиялар. // Педагогикалық ізденіс– 2002. - №4. – 200-203 б.

А. Қ. Нұрбанова
Астана қ.

ҮСТЕУЛЕРДІҢ ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Түркі тілдеріндегі соңғы кездері функциялық қызметіне қарай түрлі өзгерістерге ұшырап, сөйлемде әр түрлі мүшенің қызметін атқарып жүрген сөз таптарының бірі – үстеу сөздер. Жалпы түркі тіл білімінде үстеулер біршама зерттеліп, біраз ғылыми еңбектер жазылды. Солардың ішінде Л.Н.Харитонов, С.Фузайлов, А.Шукюров және С.А.Гочияеваларды атап айтуға болады. Ал қазақ тіліндегі үстеулер туралы жан-жақты зерттеулерді А.Ысқақовтың, Т.Сайрамбаевтың және Ә.Ыбырайымның еңбегінен көре аламыз.

Үстеу сөз табының өзіндік ерекшелігін, семантикасы мен лексика-грамматикалық сипатын, үстеу сөзжасамындағы негізгі үдеріс пен сөз жасау тәсілдерін кейінгі жылдары жарық көрген ғылыми еңбектер біршама ашып көрсетті. Сонымен қатар, үстеулерді құрамына қарай түбір және туынды деп бөлді. Олардың әрқайсысының өзіне тән негізгі қасиеттері, сөйлем ішіндегі рөлі талданды. Сол сияқты толық мағыналы үстеу сөздер мен тек күшті синтаксистік байланыстың ықпалымен сөйлем ішінде үстеу мағынасында көрінетін сөздердің топтары айқындалды.

Қазіргі түркі тілдері жүйесінде өзге сөз таптары сияқты үстеулер де дербес сөз табы. Әрбір жекеленген сөз таптарының қалыптасуы, пайда болуы мен өзіндік дамуы бар. Бұл мақалада сөз таптарының ішінен негізге алып отырған үстеу сөздер бір кездерде лексика-грамматикалық белгілері мен семантикалық ерекшеліктері айқындалмаған сөз топтары еді. Бірте-бірте тіл дамыды, онымен қоса тілдің тірегі, негізгі қайнар көзі болып табылатын жүйесі қатар қалыптасты. Түркі тілдерінің тарихы болып саналатын байырғы түркі ескерткіштері – жазба тіл нұсқасын танытатын бірден-бір мұра. Аталмыш жазбалар сол дәуірдің тілдік жүйесінде әбден екшеленіп, белгілі нормаға түскен жүйе ретінде танылады. Әрбір сөз таптарының табиғаты мен лексика-грамматикалық қасиеттері, қалыптасу жолдары мен даму кезеңдерін айқындағанда көне түркі тілінің деректеріне сүйенген дұрыс.

Қазіргі башқұрт тілінде үстеу сөз табы дербес, өзіндік лексикалық, грамматикалық ерекшеліктерімен сипатталатын категория, ал семантикасы мен құрылымы жағынан сын есімге жақын, екеуінің арасын ажыратып тұратын негізгі белгі сын есім заттың сынын, сапасын білдірсе, үстеу қимылдың белгісін, кейде заттың сынын белгісін сипаттайды. [1, 56]. Ал, өзбек тіліндегі үстеулер қимылдың алуан түрлі белгілерін, өту дәрежесін білдіреді. Негізгі морфология-синтаксистік белгісі – түрленбейтіндігі, ал басты лексика-морфологиялық ерекшелігі түрленуші сөздердің барлығымен қатынасқа түсуі, үстеу өзбек тілінде семантикалық және синтаксистік көзқарас тұрғысынан шартты, ерекшеліктері мен қасиеттеріне байланысты грамматикалық құбылыс ретінде толық сипатқа ие болмаған. Сондықтан да болар үстеу сөз табын басқа сөз таптарынан ажыратып көрсету мүмкіндігі үнемі оңай бола бермейді, көбінесе қиынға соғады.

Қазіргі қазақ тіл білімінде «үстеулер морфологиялық жағынан мүлдем өзгермейді және үстеулер морфологиялық жағынан аздап өзгереді» деген екі жақты пікір қалыптасқан [2, 68]. Жалпы үстеулердің морфологиялық жағынан түрленбеуі оның негізгі

морфологиялық белгісі болып табылады. Сөз өзінің сөз өзгерімдік тұлғаларын жоғалтып, сөз өзгерім жүйесінен шығып қалса, онда ол үстеуге айналады деп түсіну дағдыға айналған. Дегенмен бұл өлшемнің түркі тілдеріндегі кейбір үстеулерге біршама қайшы келетінін айтқымыз келеді. Түркі тіл білімінде кейбір үстеулердің сөзөзгерім тұлғаларын қабылдап, түрлі морфологиялық өзгерістерге ұшырайтын алғаш көрсеткендердің бірі – А.Н.Боровков болатын. Бұл пікірді біраз түркітанушы ғалымдар қостап, өз еңбектерінде тілдік фактілермен дәлелдейді. Солардың бірі С.Фузайлов өзбек тіліндегі үстеулердің бірсыпыра сөзөзгерім қосымшаларын қабылдауы мүмкін екенін айтады. Ондай үстеулердің морфологиялық құрамына септік тұлғалар, көптік қосымшалары, тәуелділік қосымшасы және салыстырмалы шырай көрсеткіштері кіреді [3,121]. Бұл морфологиялық тұлғаларды қабылдаған үстеулердің лексика-семантикалық мағыналары өзгеріп кетеді.

Туынды үстеудің уәждеме сөздері қызметінде бірсыпыра сөз таптары қолданылады. Олар: сын есім, сан есім, есімдік, етістік, зат есім, үстеу сөздер. Бұған қарап осы сөз таптарының кез келген сөздері үстеу жасауға уәждеме бола алады деген ой тумауы керек. Бұл сөз таптарының ішінен үстеудің сөзжасамына уәждеме болуда үлкен талғамдық талап бар. Ол талғамдық талап мағынамен байланысты, мәселен, уәждеме сөз қызметін сын есім атқарады дегенмен, кез келген сын есім үстеуге уәждеме бола бермейді. Сын есімдердің ішінде қатыстық сын есімдер үстеу жасауға уәждеме бола алмайды, ол оның нақтылық мағынасымен байланысты.

Көркем туындылардағы бұрынғы грамматикалардың барлығында дерлік үстеулер морфологиялық жағынан өзгермейді деп түсіндіріледі. Дегенмен, үстеулердің түрлі морфологиялық өзгерістерге ұшырайтынын да айтатын зерттеуші-ғалымдар бар. Жоғарыда бұл көзқарасты қолдайтын А.К.Боровковтың, С.Фузайловтың және т.б. ғалымдардың пікірлері келтірілген. Әдеби тіліміздегі қазіргі сөз қолданыстар үстеулердің кейбір сөзөзгерім қосымшаларын қабылдап, түрлі өзгерістерге ұшырайтынын дәлелдеп отыр. Кейінгі зерттеулерден аталмыш үдерістің түркі тіл білімінде де дамып, кең қолданысқа ие болып келе жатқанын байқаймыз.

Біз жоғарыда аталмыш түркітанушы ғалымдардың пікірлерін негізге ала отырып, оларды қазіргі қазақ тілінің деректерімен салыстыра келе, қазіргі тіліміздегі үстеулер көптеледі,- деп тұжырымдай аламыз [7,58]. Бұған қолымыздағы деректер мен жоғарыда келтірілген мысалдарымыз толық дәлел бола алады. Бірінші жағдайда, яғни мезгіл үстеулерінің көптелуінде, ешқандай заттану үдерісі жоқ, олар қаншалықты көптік жалғау тұлғасында тұрғанымен, сол өзінің бұрынғы мезгілдік мағынасынан күшейту, айқындап нақтылай түсу дәрежесіне ие болған. Әсіресе, берілген сөйлемдердегі энеукүндері, бүгіндері, бұрындары үстеулері көптелумен қатар тәуелденіп те жұмсалып тұрғаны белгілі.

Сонда бір сөздің өзінде екі түрлі субстантивтендіретін қосымшалар, яғни әрі көптік, әрі тәуелдік жалғау жалғанған. Соған қарамастан бұл сөздер ешқандай заттық мағына беріп тұрған жоқ. Мұндағы бар мағыналық өзгеріс, бұрын қимылдың нақты, белгілі мезгілін білдіріп тұрған сөздер, енді іс-әрекеттің мезгілін болжаммен, мөлшермен білдіріп тұр. Екіншіден, бұл қызметте көптік жалғау жеке тұрса да, тәуелдік жалғаудың III жағымен бірігіп тұрса да үстеулердің басқа сөз таптарымен байланысу формаларына өзіндік әсер ете алмайды. Жоғарыда берілген сөйлемдердегі кешелер, биылдар, бүгіндері, бұрындары сөздері өзі қатысты сөздермен пердикаттық қатынасқа түсіп тұр деп айтуға болмайды. Бұл арада біз олардың тұлғалық ерекшелігінен гөрі мағыналық жағына баса назар аударудың нәтижесінде қабыса байланысқан сөз тіркестерінің қатарында қарастырамыз.

Сонымен, мезгіл үстеулері қаншалықты көптеліп келгенімен, олар семантикалық мағынасы жағынан да, байланысу формасы жағынан да, синтаксистік қызметі жағынан да үстеулік қалпынан алшақтап кете алмайды. Мысалы: Ішің мен сыртың екіұдай салмақ болса, ұстамдылық керек-ақ, – өзінің қасында отырған Кірпішбай деген жігітке қарап отырып, Сәнжан лезде ойлады. - Өсіп келе жатқан жас жігіт болар, - деп шамалады. – Төрт

түлігі сай, көңілі жай шығар деген оймен біршама отырды. Бұл жігіт өмірде бір рет те жаңылып, жаңсақ басып көрмеген, мүлдем! Бұл жігіттің жүрер жолы тіпті айқын, барар жері және белгілі [5].

Ал, екінші жағдайда, яғни кейбір мөлшер және мекен үстеулерінің көптелуі мүлдем басқаша. Мұнда үстеулер көптік жалғауды қабылдап, біріншіден, заттық мағынаға ие болса, екіншіден көптік мағынаны да білдіріп тұр. Соған орай, олардың семантикасы да өзгеріске ұшырайды. Мәселен, Бірталайлары оңбай кетіп еді, енді адам болып келеді. Қанша шыдарын кім білсін?"- деді. Талайлары мұғалім боп жүрген мектеп директорымен айтысыпты. Жоғарыдағыларға анау жеп қойған, ішіп қойған, Қодарқұл соны көрсеткен [5]. Бұрын іс-әрекеттің мөлшерін, мекенін білдіріп тұрған сөздер, енді басқа мағына, заттық атауды білдіріп, көптік мағына беріп тұр.

Жалпы үстеулердің тәуелденуі екі түрлі жағдайда, таза күйінде және көптеліп барып тәуелденуі арқылы көрінеді. Үстеулердің осы екі түрлі тұлғада тәуелденуінің арасында едәуір өзгешеліктер бар. Таза күйінде тәуелденген үстеулер мағыналық топтарына қарамастан міндетті түрде заттық мағынаға ие болады да, сөйлемде бастауыш қызметінде жұмсалады. Мысалы: Бүгіні – байлық, ертеңі – берекет. [5].

Сонымен, тәуелдік жалғау үстеу сөзөзгерімі болып табылады. Тілімізде мезгіл, мекен, мөлшер және қимыл-сын үстеулерінің жиі тәуелденетіні байқалады. Олар тәуелдік жалғаудың үш жағында да қолданыла береді. Мысалы: Осы тұрғыдан алғанда болашақты ойлағанда, бүгінгіміз ұмыт қалмаса екен дейсің. Ертеңіне болмақ, ілгерісі не болмақ.

Біз қолымыздағы деректерді салыстыра келгенде, жіктелетін кейбір мекен үстеулері мен қимыл-сын үстеулері екенін байқадық. Олар негізінен ашық модальдылықты, соның ішінде, осы шақтық мағына береді. Мысалы: Мен де осындамын.. Сіз олардың барлығынан көп ілгерісіз.. Үстеулердің жіктелу үдерісінің қалыптасуына екі түрлі себеп әсер етіп тұр деп топшылауға болады. Бірінші себеп, үстеулер әуелі көмекші етістіктер бойынша көмекші етістік түсіп қалып, үстеулер тікелей жіктелу қасиетіне ие тіліміздегі мекен және кейбір қимыл-сын үстеулері предикаттық қатынаста қолдануға бейім тұрады. Соған орай, олардың жіктік жалғауды қабылдап, сөйлемде баяндауыштық қызметте жұмсалуды жиі кездеседі.

Сөйлемде сөздердің арасындағы алуан түрлі синтаксистік қатынастарды көрсетіп, өзі жалғанған сөзге әртүрлі грамматикалық мағына үстеп, сөз бен сөзді байланыстыруда үлкен орын алатын зат есімнің парадигмалық түрлену жүйесінің бірі – септік жалғаулары. Үстеулердің септелуі туралы қазақ тіл білімінде екі түрлі пікір қалыптасқан. Біріншісі, үстеулердің құрамындағы септік жалғауларды көнеленген форма деп танып, оны үстеу сөзжасамының бір тәсілі ретінде қарастырады. Ал, тілшілердің екінші бір тобы үстеулердің құрамындағы септік жалғауларға синхрондық аспектіден қарап, оны түрлену жүйесі деп есептейді.

XIX ғасырдың басынан бастап күні бүгінге дейін үстеудің тарихы, табиғаты және лексика-грамматикалық ерекшеліктері жайлы көптеген ғылыми еңбектер жазылды. Соған қарамастан қазіргі тіл тұрғысынан қарағанда үстеу сөздердің әлі де айтылмай, әлі де шешілмей келе жатқан мәселелері жеткілікті екені жоғарыда айтылып, нақтыланды. Яғни, қазақ тіл біліміндегі сөз таптарының бірі – үстеулерді ең бір күрделі әрі даулы мәселе ретінде қарап, әлі де зерттеу жұмыстарын жүргізу қажет деген тұжырымға тоқтаймыз.

Әдебиеттер

1. Баскаков А.Н. Словосочетания в современном турецком языке. — М.: Наука, 1974. –185 с.
2. Ұйықбаев И. Қазақ тіліндегі көрініс категориясы. - Алматы, 1987.
3. Фузайлов С. Грамматика современного узбекского литературного языка Москва.- 1989.
4. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі (Морфология). - Алматы, 1994.

5. Б.Таңсықбаева. Қазіргі қазақ тіліндегі үстеудің сөзжасам жүйесі: филол. ғыл. канд. ... диссертациясы. – Алматы, 2006.
6. Грамматика теориясының негіздері. Алматы, 1987.
7. Салқынбай А. Қазақ тілі сөзжасамы. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 309 б.8
8. Тектіғұл Ж. Қазақ тіліндегі түркі негізді аффикстердің эволюциясы. –Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2002. – 303 б.
9. Мергенбаев Е. Қазақ тіліндегі сөзөзгерім жүйесі. – Алматы: Санат, 1994.
10. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. Алматы: Рауан, 1998.
11. Хасанов Ғ. Септік формаларының үстеу сөз табын қалыптастыру қабілеті // ҚазМУ Хабаршысы, шығыстану сериясы. - Алматы: Қазақ университеті!, 1999. - №11. -15-23 бб.

А. Ж. Амиржанова
Көкшетау қ.

ТИІМДІ ӘДІС БАРШАҒА ОРТАҚ

Басқа ұлт өкілдеріне қазақ тілінен сабақ беру өте қиын және жауапты жұмыс. Сондықтан мұғалім әр сабаққа жауапкершілікпен дайындалып, тыңдаушылардың қазақ тіліне деген қызығушылығын ояту үшін жақсы әдіс-тәсілдерді қолданады.

Атақты ғалым-әдіскер Ахмет Байтұрсынұлы «Қай әдіс жақсы?» деген еңбегінде: «Жақсы дерлік те, жаман дерлік те бір әдіс жоқ. Олақтықтың белгісі – бір ғана әдісті болу. Шеберліктің белгісі – түрлі әдісті болу, керек орында жоқ әдісті табу да қолынан келу. Мұғалім әдісті көп білуге тырысуы, оларды өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек» деп жазған [1].

Мемлекеттік тілді үйренудің қажеттілігін бүгінгі күні егемен Қазақстанның кез келген саналы азаматы түсінеді, толық сезінеді. Мемлекетіміз жүргізіп отырған тіл саясаты бойынша әрбір азаматтың мемлекеттік тілді тегін үйренуге құқығы бар.

Басқа ұлт өкілдеріне мемлекеттік тілді оқытуда эстетикалық талғамға сай безендірілген кабинет, оқытудың әртүрлі құралдары, кестелер, оқулықтар, техникалық құрал-жабдықтар болуы қажет.

Әрбір сабақтың мазмұнына сай әдістер мен тәсілдерді дұрыс таңдап оқытқанда ғана біз, мұғалімдер, басқа ұлт өкілдерін қазақ тілін өз ынтасымен қызыға, түсініп оқуға, қадірлеуге, жақсы меңгеруге, ауызекі дұрыс сөйлеуге үйретеміз.

Бүгінгі күні қазақ тілін кімдерге оқытамыз емес, қалай оқытамыз, оқыту сапасын қалай көтереміз деген мәселелер төңірегінде пікір алмасуымыздың өзі қол жеткен жетістіктер болып табылады. Заманымыздың өзі технологиялар кезеңі болғандықтан, қазіргі таңда оқыту технологияларының түрлері өте көп. Атап айтсақ: ойын арқылы оқыту технологиясы, модульдік технология мен сын тұрғысынан ойлау технологиясы, дамыта оқыту технологиясы, ақпараттық технология, проблемалық оқыту т.б.

Біздің мақсатымыз – осы технологиялардың ішінен тиімдісін тауып, қолдану. Өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқыту барысында аудиторияны, яғни курсқа қатысушылар кімдер екенін ескере отырып, салалық қазақ тілімен қатар, әрбір деңгейге байланысты ұтымды әдіс-тәсілдерді қолдану керекпіз. Тиімді технологияны пайдалану барысында нені? қайда? қалай? деген сұрақтардың шеңберінде іске асыру керек.

Қазіргі білім беру саласында оқытудың ақпараттық технологиялары кеңінен пайдаланылуда. Сондықтан қосымша газет материалдарымен жұмыс жүргізу де ұтымды болады. Кез келген газет бетінен алынған еліміздің саясатына байланысты шағын ақпараттарды аудартқызу – тыңдаушылардың білімдерін тереңдете түседі және олар ел ішінде болып жатқан жаңалықтармен танысуға мүмкіндік алады. Жаңа ақпараттық технологиялар – қажетті техникалық және бағдарламалық жабдығы бар компьютер. Оларға басылымдар, электрондық оқулықтар, мультимедиялық оқу құралдары мен электрондық жазбалар (аудио-бейне құндақтар) жатады. А.Құрышжанованың «Қазақ тілі оқулығы» [2], Ш.Бектұровтың «Қазақша сұхбат» дискі, «Тілашар», «Жаңа толқын» [3], мамандықтарға арналған бейне-құндылықтары т.б.

Сабақ барысында компьютерді қолданудың жақсы жақтары бар. Түрлі-түсті иллюстрациялар есте сақтау процесі үшін пайдалы, ал әр сабақта сөйлеу әрекетінің түрлі түрі де қолданылады: тыңдалым, сөйлесім, оқылым, жазылым.

Сондықтан компьютерлік технология – білім беру мен тәрбиелеудегі тиімді ізденістер қатарына жататын технологиялардың бірі болып табылады.

Мультимедиялық проекторды пайдалана отырып сабақ жүргізу тиімді. Бұл әдісті жүйелі түрде қолдану қажет және ол оқытушының шеберлігіне де байланысты. Бұл технологияны пайдаланудың тиімді жақтары: тыңдаушының қызығушылығын ояту, танымдық қабілетін арттыру, тыңдаушының уақытын үнемдеу, қосымша мәліметтер беру.

Бұл технология қазақ тілін барынша жетік білуге мүмкіндік жасайды.

Келесі қолданылатын әдіс-тәсілдер: модульдік технология мен сын тұрғысынан ойлау. Бұл тәсіл тіл үйренушілердің ойлау қабілетін дамытады, өз ойын жинақтап, суретті түрде бейнелеп беруге талпындырады, кластер, Венн диаграммасы арқылы жан-жақты мағлұмат алуына бағыт береді, жинақтаған пікірін ауызша да, жазбаша да, бейнелеп көрсету түрінде де салауатты жеткізуіне жол ашады. Топпен және жұппен жұмыс істеу көп көмегін тигізеді.

Жаңа технологияның өріс алуына орай оқыту үрдісінде «Интерактивті әдістер» пайда болады. «Интерактивті әдістер» тіркесін тіл үйренушілердің өзара әрекет етуіне жағдай жасайтын әдістер деп түсінуге болады. Интерактивтік әдістердің мәні – мұғалімнің басшылығымен тіл үйренушілердің бір-бірімен өзара белсенді байланыста бола отырып оқу-танымдық нәтижеге жетуі.

М.Жанпейісованың модульдік оқыту технологиясы бүгінгі таңда қазақ тілін нәтижелі оқытудың тиімді және озық технологиялардың бірі деуге болады [4]. Модульді қолдануда қазақ тілін оқыту ісіне не кіретінін анықтап, оны белгілі бір жүйеге келтіру іске асады. Қазақ тілін оқытуда ойын технологиясының, оның ішінде рөлдік ойын технологиясы өте тиімді деп білемін. Себебі, технология атауының өзі құлаққа жеңіл, әрі тартымды. Кімді болса да мейлі ол жас бала болса да, ересек адам болса да ынта қоя кіріседі.

Еліміздегі өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін барынша үйретіп, жаңа технологиялар бойынша даму үдерісін кеңейту оқытушылар қолында. Тыңдаушылардың білімділігін қалыптастыру үшін сабақтың жаңа технологиясын іріктеп, оның тиімділігіне көз жеткізіп, дұрысын пайдалану қажет деп ойлаймын.

Әдебиеттер

1. Байтұрсынов А. Қай әдіс жақсы? // Жаңа мектеп, 1928, №4
2. Құрышжанова А. Қазақ тілі: Оқулық. – Алматы: Print Express, 2008. - 236 б.
3. Бектұров Ш. Қазақша сұхбат, Тілашар, «Жаңа толқын» дискілері
4. Жанпейісова М. Модульдік оқыту технологиясы, – Алматы, 2002 ж

ҚАЗАҚ ТІЛІН ӨЗДІГІНЕН ІЗДЕНДІРЕ ОҚЫТУ

Бүгінгі өскелең ұрпаққа ана тілі мен әдебиетін жетік меңгерту, оны қарым-қатынас құралы ретінде емін-еркін пайдалана алатын оқушы дайындау – бүгінгі күннің басты талабы. Осы міндетті дұрыс орындау үшін әр сабаққа дұрыс мақсат қоя білу, жоспарлай білу – ең басты нәрсе.

Ы.Алтынсариннің айтуы бойынша, оқытудың жеке әдіс-тәсілдерінің өзі баланың білімге құштарлығын оятып, кейіннен өз бетінше білімін жоғарылатуына, ойлана білуіне әкелуі қажет. Ы.Алтынсарин оқыту міндеттері ретінде оқушының ақыл-ой әрекетін дамытуды көздеді [1].

«Бұлақ көрсең көзін аш» дегендей, оқытушының міндеті – оқушы бойында жасырынып жатқан мүмкіндікті ашу. Кез келген бала оқу әрекетінде адамзат баласының өмір бойы жинақтаған тәжірибесін меңгеріп, сонымен қатар, шығармашылық іс-әрекеттерді орындау арқылы өзінің ішкі мүмкіндіктерін дамытады. Білім беру үрдісінде проблеманы өзі шешуге талпыныс жасау арқылы өз қызығушылығын қанағаттандыруға, өз идеясын жүзеге асыруға әрекет етеді.

Өздігінен іздендіре оқыту – оқушының білімді жаттап орындауы емес, тәжірибеде қолдана аларлықтай өз бетінше іздене мақсатты саналы меңгеруі. Оқушының өз зерттеуі, бақылауы арқылы жинаған білімі. Оны оқытудың міндеті деп те айтуға болады. Оған мүмкіндік жасайтын оқытушы. Оқушының ізденуіне оқытушы жетекші сұрақ-тапсырмалар арқылы жетелейді. Нұсқаушы болады. Оқытудың мәні мен маңызы да баланың білімді қажет етуінде. Ол білім алу арқылы өзінің дамығандығын сезінеді. Білімді өмірлік қажеттігім деп қабылдайды. Сөйтіп, білімге деген құштарлығы молаяды.

Қазақ тілі пәнін оқып білуде оқушы тілдік бірліктерді тану мен терең ойлауға, ойын мазмұнды жеткізе сөйлеуге, ой бөлісіп, пікірлесуге, қарым-қатынасқа түсуге ыңғайланып, тәрбиеленеді.

Жалпы оқушыны қазақ тілі пәні бойынша өздігінен іздендіре оқытудың ерекшелігі төмендегіше сараланады:

- оқытушы тапсырманы орындауды міндеттемейді, сол білімді қажет ететіндей өзектендіріп тапсырма құрастырып, ұсынады;
- оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады;
- оқушылардың шығармашыл, өмірдің ағымына икемді эмоционалдық жағдайын қалыптастырып, жандана түсуге шақырады;
- оқытушы координаторлық қызметті атқара отырып, ойлау мен талпынысты ұйымдастыру арқылы оқушылардың танымдық ізденушілігін арттыра түседі;
- оқушы өзіндік пікір-түйіндер жасап, қорытынды жасай алу деңгейіне жетеді;
- әр оқушы әрекетке еніп, өз қажетін ала алады;
- оқушының өз ойын ортаға салып талқылай алу, пікірін білдіру мүмкіндігі туындайды;
- оқуға деген ынта пайда болады;
- ой бөлісіп, еркін ой, сөз таластыру мүмкіндігі алға шығады;
- белгілі тақырып шеңберінде ғана тоқталып қалмайды;
- оқушының қызығушылығы, өмірлік тәжірибесі есепке алынады;
- ұжыммен, көпшілікпен бірлесе жұмыс жүргізу, қарым-қатынасқа түсу қабілеттіліктері қалыптасып, арта түседі.

Сонымен, өздігінен іздендіре оқыту қандай ерекшеліктерімен сипатталады. Ең алдымен, өздігінен іздендіре оқыту – өздік жұмысын орындау ауқымынан кең дидактикалық категория. Өздігінен іздендіре оқыту – дамыта оқыту жүйесінің бір тармағы. Мұның негізі – тұлғаның өз бетімен іздену сипатында болуы. Өздігінен іздендіре

оқыту – шығармашыл тұлғаны қалыптастыру негізі, оқушы оқу материалдарын өз бетімен талдап, қойылған қайшылықты мәселелерді шешуде өз бетімен қосымша оқу материалдарын тауып, бақылап, зерттеп, шығармашылық ізденіспен өзіндік зерттеуі, қорытынды жасауы, нәтижеге жетуі. Педагогикалық энциклопедиялық сөздікте өзін-өзі жетілдіруді төмендегідей түсіндіреді: «Самообразование – обязательный компонент современного школьного обучения. Оно может развиваться как сопутствующее обучению, расширяя, дополняя, углубляя изучаемый материал, а может быть и автономно по отношению к обучению, включаясь в изучение новых, не представленных в учебном заведении курсов» [2], яғни өздігінен іздендіре оқытудың мәні – оқу материалын жан-жақты, толық, терең меңгеру.

Өздігінен іздендіре оқыту оқушының оқу материалын кең көлемде, терең меңгеруіне, жинақтаған білімін өмірде қолдана білуге, өзін-өзі тануға, өзін-өзі дамытуға, жетілдіруге мүмкіндік жасайды.

Өздігінен іздендіре оқыту – оқытушының жетекшілігімен өз бетінше тапсырманы орындауы.

Өздігінен іздендіре оқытуда мына мәселелерге баса мән берілуі тиіс:

- оқу материалына сәйкес тапсырма оқушының танымдық қызығушылығын арттыратындай ынталандыру мақсатын көздеуі тиіс;

- оқу тапсырмасы оқушының алған біліміне сүйенетіндей дәрежеде болуы керек.

Қорытындылай келсек, оқушы өздігінен іздену арқылы теориялық білімді өздігінен меңгереді, ойлау қабілетін әлеуметтік тәжірибеде жүзеге асыра алады, алған білімін ақиқат проблемаларды шешуге пайдаланады, түрлі жағдаятта өзін таныта алады, меңгерілген білім қоғамдағы өмірмен логикалық сабақтастықта, күнделікті өмірде практикалық қолданыста болады.

Әдебиеттер

1. Алтынсарин, Ы. Таңдамалы шығармалары [Мәтін] / Ы. Алтынсарин. – Алматы : Қаз.ССР.ҒА, 1955. – 415 б.

2. Педагогический энциклопедический словарь [Текст] / М.: Просвещение, 2002. – 527 с.

А. Кемербаева
Астана қ.

ИНТЕРМӘТІНДІК ҚҰБЫЛЫСТАРДЫҢ ПОЭТИКАДАҒЫ КӨРІНІСІ

Ғалымдардың тұжырымдауынша, кез келген көркем мәтінде бұрын пайда болған мәтіндердің элементі ұшырасады. Ол мейлі аллюзия, метафора немесе қарапайым сөйлем болуы да мүмкін. Автордың түпкі ойына, ниетіне қарай құрамында аталған элементтері бар мәтін өзге мәтіндерді өз стиліне салу, тәпсірлеу немесе пародияға салу болып табылады. Өзге бір мәтін мен авторлық мәтін әртүрлі деңгейде бір-бірімен тығыз қарым-қатынасқа түседі. Ғылымда екі немесе одан да көп мәтіндердің тоғысуы мен контоминациялануын (араласу) немесе ауызша айтылған сөздердің айна-қатесіз берілу құбылысын интермәтін деп атау бар. Интертекст және интертекстуалдылық ұғымдары ғылыми айналымға француз постструктуралистерінің өкілдері арқылы келген.

Интермәтінге берген анықтамасында Р.Барт кез келген мәтіннің интермәтін болу мүмкіндігін айтады: «Каждый текст является интертекстом; другие тексты присутствуют в нем на различных уровнях в более или менее узнаваемых формах: тексты предшествующей культуры представляет собой новую ткань, сотканную из старых цитат.

Обрывки культурных кодов, формул, ритмических структур, фрагменты социальных идиом и так далее – все они поглощены текстом и перемешаны в нем, поскольку всегда до текста и вокруг него существует язык» [1, 78].

Ю.С.Степановтың тұжырымдауынша, интермәтін – екі мәтіннің бойынан табылатын, екі мәтіннің орнына жұмсалатын құбылыс: «...он многоярусен, «многоэтажен» и на уровне первого этажа уже имеет устоявшееся наименование – интертекст. Интертекст – это то, что можно читать в прямом смысле этого слова. Следующие этажи уже вряд ли можно назвать «текстами», поскольку они состоят из «нечитаемого» - понятий, образов, представлений, идей...» [2, 3].

«Интермәтін» терминімен қатар, 1967 жылы Ю.Кристеваның еңбектерінде «интертекстуалдылық» термині кездесе бастады. Ол осы ұғымды «социальное целое, рассмотренное как текстуальное целое» анықтамасы арқылы түсіндіреді. «Интертекстуалдылық» терминіне де ғалымдар өз анықтамаларын ұсынды.

И.П.Ильиннің анықтауынша: «Мы назовем интертекстуальностью эту текстуальную интеракцию, которая происходит внутри отдельного текста. Для познающего субъекта интертекстуальность – это понятие, которое будет признаком того способа, каким текст прочитывает историю и вписывается в нее» [3, 217]. Н.А.Фатееваның көзқарасы бойынша, интертекстуалдылық – кез келген автордың өз мәтінінің шығу тегі және өзіндік авторлық «Менін» негізге ала отырып, басқа мәтіндермен байланысқа түсу. Ю.П.Солодуб болса, жоғарыдағы анықтама иелерінің тұжырымдарын саралай отырып өзіндік ойын ұсынады: «Интертекстуальность чаще всего трактуется как связь между двумя художественными текстами, принадлежащими разным авторам и во временном отношении определяемыми как более ранний и более поздний» [4, 51].

«Интертекстуалдылық» термині әдетте «интермәтін» терминінен басымырақ қоданылады, дегенмен бұл екі терминнің кейде қатар, кейде бірінің орнына бірі қолданыла беретінін де байқаймыз.

Зерттеу кеңістігінде интертекстуалдылықты екі мағынада түсіну бар: кең және тар мағынасында. Кең мағынасында «әлем дегеніміз мәтін» (Ж.Деррида, Ю.Кристева, Э.А.Усовская, т.б.) деген тұжырымға сай келеді, яғни «кез келген мәтін интертекст» деген анықтаманы нақтылайды.

Тар мағынасында (Л.Л.Нелюбин, Н.А.Фатеева және т.б.) кез келген басқа мәтінді сілтеме ретінде алу, бұған дәлел ретінде осы пікірді жақтаушылар мынаны негіз етіп алады: «интертекстуалдылықтың мәтінде көрінуі» белгілі бір арнайы мәтіндерде ашық немесе жабық түрдегі дәйекетеме жасау (цитата, аллюзиялар, реминисценциялар) арқылы көрінеді.

Бұл, ең алдымен, әлемдік әдеби процесте модернизм және постмодернизм бағыттарының пайда болуымен, ондағы цитатамен жазу, диалогтік байланыс, қатынас сияқты құрылымдық-семантикалық элементтермен байланысты туындаған термин. Бұл ұғымға немесе интермәтін деп саналатын мәтіндерге олардың өзінен бұрынғы атауы, сөзі, сөз тіркесі, тұтас фрагментін кіргізу, сол арқылы оларда сақталған, қатталған ақпармен ассоциация тудыру, құрылып отырған жаңа мәтін семантикасына қосымша мағына үстеу, яғни бұрынғы тарихи-мәдени, әлеуметтік оқиға, құбылыс, фактілер, көркем шығармалар туралы хабардар ететін мәтінаралық байланыстар тән. Мұндай мәтінаралық байланыстардың түрі, көлемі, типі сан алуан болғандықтан, оларды кең көлемде интертекст, интертекстема, интертекстуалдылық деп атау қабылданған [5, 13].

Мұндай мәтінаралық байланыстарды ең алдымен әдебиет пен мәдениеттің бастау көзі – халық ауыз әдебиетінен көптеп байқаймыз. Мысалы, «Қыдырбай мен Табия» айтысының өлең жолдарында Қыдырбай мен Табияға ортақ жолдардың кездесетінін байқаймыз:

Қыдырбай:

Шығады қызылбастан қызыл алап,
Қашады қызыл түлкі тауды жанап.

Ішікті, шапанды қыз толып отыр,
Отырмын қызыл тонды қызды қалап, –
десе, *Табия*:

Шығады қызылбастан қызыл алап,
Қашады қызыл түлкі тауды жанап.
Отырсаң, көп ішінен қалап мені,

Мен өзім неғылайын бойым балап, – деп Қыдырбай айтқан екі жолды Табия да қайталайды [6, 171].

Мұндай қайталанатын жолдар «Омарқұл мен Табия» айтысында да ұшырасады:

Омарқұл:

Кедейден қырсық шіркін өжеттірек,
Іштен алып, сыртынан шалады екен.
Кескілесе кетпейтін кеуде тіреп,
Кейде тату кей кезде араз екен.

Табия:

Жапанда жатқан болса өзі тырысып,
Ойпырым-ау, қандай сұмдық ондай қырсық.
Берсең кедей жағасың ол қырсыққа,
Бермесен, берекенді алады ұрсып [6, 171].

Соңғы шумақ алдыңғы ойды толықтырумен қайталанып тұр. Дегенмен, бұл рефрен немесе шығыс поэзиясында реди́ф деп аталатын қайталамаға ұқсас құбылыс ретінде түсінілуі мүмкін, бірақ олай емес. Қайталама құбылысы бір ғана сөйлеу субъектісіне тән, ал қайымдасу цитация қағидатына сәйкес келеді, яғни бір сөйлеу субъектісінің сөзін екінші сөйлеу субъектісі сол күйінде, еш өзгеріссіз немесе сәл трансформациямен өз шумағына енгізіп, жаңа ұйқасқа яки ойға тірек етеді.

Жоғарыда келтірілген мысалдар айтыс жанрына тән болса, мәтінаралық мұндай құбылыстар қазақтың ұлы ақыны Абай мен оның ізін, дәстүрін жалғастырушы Шәкәрімнің өлеңдерінде де ұшырасады. М.Әуезов пен Ж.Аймауытовтың «Абайдан соңғы ақындар» атты мақаласында: «Осы күнгі ақындардың ішіндегі Абайға өлеңінің сыртымен болмаса да, ішкі мағынасымен еліктеген кісі – Шәкәрім. Мінді, кемшілікті, айтқанда жерлеп, шенеп, оңдырмайтын Шәкәрім өлеңінде ащылық бар» [7, 45-52], – деп Шәкәрім поэзиясының реалистік сипатына баға берілген. Абай мен Шәкәрім поэзиясының үндестігі олардың шығармаларында үнемі, сан-салалы қолданыста болатын ұғымдардың ортақ болуынан-ақ байқалады: адам, шын адам, білім, ғылым, талап, ғашық, шын ғашық, ғаділет, жалығу, жақсылық, жамандық, иман, ынсап, қанағат, қозғалыс, хақиқат, хадис, махаббат, тағдыр, тіршілік, өмір, өлім, рух, сабырлық т.б. сияқты толып жатқан лингвофилософиялық категориялық ұғымдар мен парадигмаларды Абай мен Шәкәрім ортақ түсініктер сапасында ұдайы пайдаланып отырған. Шәкәрім ұстазы Абайдың сөздерін жалғастыра, жаңғырта отырып, өз кезегінде өзіндік үн қосты, жаңа қырынан көрсете білді. Тақырыптық, мазмұндық жағынан ұстазының ойын, дәстүрін тереңдете түсті. Мәселен, өмір жайлы толғаныстар қос ақында ортақ ерекшеліктерге ие екендігін мына өлең жолдары айғақтайды:

Өмір дүние дегенің

Ағып жатқан су екен.

Жақсы-жаман көргенің,

Ойлай берсең у екен, - дейтін Абай тұжырымдары Шәкәрім толғамында:

Кейбіреулер жазады: «Қу өмір» – деп,

«Тұрағы жоқ алдамшы су өмір» – деп,

«Көрген қызық, қылған іс – бәрі де ұмыт,

Иә, көлеңке, яки түс, у өмір», - деп сипатталады. Келесі бір өлең жолдарында

Шәкәрім:

Дүние қу –

бір ағын су,
Түстік онда шөп болып,
Күнде ағамыз,
сандаламыз,
Бейнетіміз көп болып, - деп өмір жайлы түйгенін сабақтайды.

Мұндай прецедентті жолдар ұстазынан өнеге ала білген Шәкәрім шығармашылығында көптеп кездеседі.

Қорыта айтқанда, интермәтіндік құбылыстар немесе мәтінаралық байланыстар кез келген көркем шығармада мейлі ол прозалық шығарма болсын, мейлі ол поэзиялық шығарма болсын ұшырасып отырады. Бұл байланыстар біріншіден, әр уақытта өмір сүрген адамзат қоғамын салыстырмалы түрде көрсетіп, тарихтан хабар берсе, екіншіден, ақын-жазушылар арасындағы рухани үндестікті, дәстүр жалғастығын көрсетеді. Демек, М.М.Бахтиннің ««текст живет, только соприкасаясь с другим текстом (контекстом)» деген тұжырымы мен А.К.Жолковскийдің «в начале всякого слова всегда было чужое слово, литература занята собой и собственной генеалогией больше, чем всем остальным, и потому пронизана интертекстуальностью» [8, 21] деген көзқарастарын жоққа шығара алмаймыз. Яғни, кез келген мәтін өзге мәтіннің негізінде түзіліп, жаңа сапаға ие болады.

Әдебиеттер

1. Барт Р. Избранные работы. Семиотика. Поэтика. – М.: Прогресс, 1978.- 616 б.
2. Степанов Ю.С. «Интертекст», «интернет», «интерсубъект»: (к основаниям сравнительной концептологии) // Известия АН. Сер. Литературы и языка.- 2001. –Т.60,№1. – С.3-11.
3. Ильин И.П. Интертекстуальность //Современное зарубежное литературоведение: Энциклопедический справочник. – М.: Интрада, 1996.- 217-б.
4. Солодуб Ю.П. Интертекстуальность как лингвистическая проблема // Филологические науки. – 2000. - №2.- С.51-57.
5. Әділова А., Қазіргі қазақ көркем шығармаларындағы интертекстуалдылық репрезентациясы, семантикасы, құрылымы. ФҒД авторефераты.- Алматы, 2009.
6. Ғабдуллин М., Ысқақов Б. Халық ауыз әдебиеті. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 1958.– 219 б.
7. Әуезов М., Аймауытов Ж. Абайдан соңғы ақындар // «Абай», 1993. №5. Б. 45-52
8. Кузьмина Н.А. Интертекст и его роль в процессах эволюции поэтического языка. Изд. 2-е, стереотипное. – М: «Едиториал УРСС», 2004. – 272 с.
9. Құнанбаев А. Шығармаларының екі томды қжинағы. 1 том. – Алматы: «Жазушы», 1995. – 278 б
10. Құдайбердиев Ш. Шығармалары: Өлеңдер, дастандар, қарасөздер. Құраст. Жармұхамедов М., Дәуітов С., (Құдайбердиев А.).– Алматы: «Жазушы», 1988. – 559 б.

Л. Т. Акбасова
Т. А. Сембаева
С. Г. Юрченко
г. Семей

ИНФОРМАЦИОННО-КОММУНИКАЦИОННАЯ ТЕХНОЛОГИЯ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

Развитие технологий во всех сферах человеческой деятельности влечет за собой изменения в требованиях, предъявляемых к выпускникам общеобразовательных учреждений. В настоящее время от выпускников школ требуются не только знания самых разнообразных наук, но и качества свободной, творческой и ответственной личности, способной оптимально строить свою жизнь в быстроменяющемся информационном социуме. В этих условиях становится все более очевидным, что традиционное образование, ориентированное на прямую передачу эталонных знаний, уже не в полной мере способно решать поставленные перед ним задачи.

Информационные технологии, рассматриваемые как один из компонентов целостной системы обучения, не только облегчают доступ к информации, открывают возможности вариативности учебной деятельности, ее индивидуализации и дифференциации, но и позволяют по-новому организовать взаимодействие всех субъектов обучения, построить образовательную систему, в которой ученик был бы активным и равноправным участником образовательной деятельности. Внедрение новых информационных технологий в учебный процесс позволяет активизировать процесс обучения, реализовать идеи развивающего обучения, повысить темп урока, увеличить объем самостоятельной работы учащихся.

Использование информационных и коммуникационных технологий (ИКТ) в учебном процессе является актуальной проблемой современного школьного образования. Надо, чтобы каждый учитель по любой школьной дисциплине мог подготовить и провести урок с использованием ИКТ, так как теперь учителю представилась возможность сделать урок более ярким и увлекательным. Обучение предполагает общение на уроке как между учителем и учащимися, так и общение учащихся друг с другом.

Управление обучением с помощью компьютера приводит к повышению эффективности усвоения, активизации мыслительной деятельности учащихся. Одно из основных назначений компьютера как средства обучения - организация работы учащихся с помощью программно - педагогических средств, от степени совершенства которых и зависит эффективность обучения. Внедрение в традиционную систему «учитель-класс-ученик» компьютера и компьютерной обучающей программы опосредует участие в учебном процессе педагогов и программистов-разработчиков обучающей программы, кардинально меняет характер учебной деятельности ученика и роль учителя. Диалоговые и иллюстрированные возможности компьютера существенно влияют на мотивацию учебного процесса.

Компьютер обладает достаточно широкими возможностями для создания благоприятных условий работы по осмыслению орфографического правила. В обучающих программах используются разнообразные формы наглядности; теоретический материал представлен в виде таблиц, схем, опорных конспектов и т.д. демонстрирует различные языковые явления в динамике с применением цвета, графики, эффекта мерцания, звука, пиктографии, «оживления» иллюстраций и т.д.

Использование ИКТ на уроках русского языка позволяет разнообразить формы работы, деятельность учащихся, активизировать внимание, повышает творческий потенциал личности. Построение схем, таблиц в презентации позволяет экономить время, более эстетично оформить материал. Задания с последующей проверкой активизируют внимание учащихся, формируют орфографическую зоркость. Используя кроссворды,

иллюстрации, рисунки, различные занимательные задания, тесты, воспитываю в учениках интерес к предмету, повышаю эффективность урока.

На уроках литературы применение ИКТ позволяет использовать разнообразный иллюстративно-информационный материал. Причем материал находят сами учащиеся в Интернете, составляют презентации, таким образом, ИКТ развивает самостоятельность учащихся, умение находить, отбирать и оформлять материал к уроку. Уроки в мультимедийном классе развивают умение учащихся работать с компьютером, самостоятельно решать учебные задачи. Использование тестов помогает не только экономить время учителя, но и дает возможность учащимся самим оценить свои знания, свои возможности.

Частое проведение уроков с применением ИКТ может отрицательно сказаться на результатах обучения: в сознании ребенка правила могут прочно ассоциироваться с кнопками и готовыми таблицами. Большое разнообразие учебных ситуаций и гибкое оперирование образами достигается на традиционных уроках. Следовательно, при изучении темы нельзя злоупотреблять компьютерной поддержкой, равно как и любым другим одним методом работы.

С помощью мультимедийного проектора демонстрируются слайды, созданные в программе Microsoft Power Point. Использование данной технологии позволяет: значительно сэкономить время на уроке, повысить уровень наглядности в ходе обучения, внести элементы занимательности, оживить учебный процесс.

Информационные технологии значительно расширяют возможности предъявления учебной информации. Применение цвета, графики, звука, всех современных средств видеотехники позволяет воссоздавать реальную обстановку деятельности. Компьютер позволяет существенно повысить мотивацию учащихся к обучению. ИКТ вовлекают учащихся в учебный процесс, способствуя наиболее широкому раскрытию их способностей, активизации умственной деятельности. Использование ИКТ в учебном процессе увеличивает возможности постановки учебных заданий и управления процессом их выполнения. ИКТ позволяют качественно изменять контроль деятельности учащихся, обеспечивая при этом гибкость управления учебным процессом. Компьютер способствует формированию у учащихся рефлексии. Обучающая программа дает возможность обучающимся наглядно представить результат своих действий.

Можно систематизировать, где и как целесообразно использовать информационные технологии в обучении, учитывая, что современные компьютеры позволяют интегрировать в рамках одной программы тексты, графику, звук, анимацию, видеоклипы, высококачественные фотоизображения, достаточно большие объемы полноэкранного видео, качество которого не уступает телевизионному:

- 1) при изложении нового материала - визуализация знаний (демонстрационно-энциклопедические программы; программа презентаций Power Point);
- 2) закрепление изложенного материала (тренинг - разнообразные обучающие программы);
- 3) система контроля и проверки (тестирование с оцениванием, контролирующие программы);
- 4) самостоятельная работа учащихся (обучающие программы типа «Репетитор», энциклопедии, развивающие программы);
- 5) при возможности отказа от классно-урочной системы: проведение интегрированных уроков по методу проектов, результатом которых будет создание WEB-страниц, проведение телеконференций, использование современных Интернет-технологий;
- 7) тренировка конкретных способностей учащегося (внимание, память, мышление и т.д.).

Изменяется содержание деятельности преподавателя; преподаватель перестает быть просто «репродуктором» знаний, становится разработчиком новой технологии обучения,

что, с одной стороны, повышает его творческую активность, а с другой - требует высокого уровня технологической и методической подготовленности. Появилось новое направление деятельности педагога - разработка информационных технологий обучения и программно-методических учебных комплексов.

Информация становится высшей ценностью, а информационная культура человека - определяющим фактором их профессиональной деятельности, изменяются и требования к системе образования, происходит существенное повышение статуса образования.

Литература

1. Бершадский М.Е., Гузев В.В. Дидактические и психологические основания образовательной технологии. М.: Центр «Педагогический поиск», 2003. – 256 с.

2. Гузев В.В. Планирование результатов образования и образовательная технология. М.: Народное образование, 2000. – 240 с.

3. Якиманская И.С., Технология личностно-ориентированного образования//Журнал «Директор школы». – 2000. – № 7. – 145 с.

А. Е. Абдрахманова
Астана қ.

КӨРКЕМ МӘТІНДЕГІ ЛЕКСИКОГРАФИЯНЫҢ МӘНІ

Тіл – ұлттың болмысы мен дүниетанымын білдіретін негізгі белгі. Тілсіз ұлттың ұлт ретіндегі табиғатын, рухани мәдениетінің тарихын құрайтын рухани құндылықтарды, көркем шығармаларды өмірге келтіре алмаған, ұрпағымызға ұлттық үрдістегі білім мен тәрбиені бере алмаған болар едік.

Тіл – ұлттың айнасы, сол ұлт тілі көркем әдеби шығармаларда ұлттық дүниетанымның көрінісін береді. Халықтың көркем әдеби шығармасы ұлттық мәдениеттің қайталанбас құбылысы болып табылады. Көркем туынды ұлт тілінің құдіретін танытып қана қоймай, оның сыр-сипатын, бүкіл болмысын жан-жақты ашуға, тануға негізделеді. Лексикография лингвистикалық қызметтің барлық нәтижелерін жария ететін арна ретінде тіл білімі ғылымында сөздің барлық қасиетін жинақы түрде қарастырады. Бұл тұрғыдан келгенде, лексикографияны лингвистика мен тілді танып білгісі келетін қоғамның арасын жалғап тұратын тілдесім қызметі десе де болады. Қазақ әдебиетінің көрнекті жазушылары өздерінің прозалық шығармаларында, мәселен, Ғ.Мүсірепов өзінің «Ұлпан» повесінде қазіргі оқырманға мағынасы бұлыңғыр сөздердің ұғымына лексикографиялық интерпретация жасайды. Алайда мұндай жағдай көп қаламгерлерде кездесе бермейді, мұндай тәсіл арқылы сөздің ішкі формасы ашылып, тасаланған мәдени ақпараттар алынады. Осындай ерекшелікті жазушы С.Жүнісов прозасынан да аңғарамыз. Бұған мысалды қаламгердің «Ақан сері» романынан келтірсек:

– Жоқ дейім-ау, менің түсінбейтінім, осы, қаншыр деген сөз не сонда?

– Қаншыр деген – арыстанның ұрғашысы, - деді Ақан.

– Ал, сонда, арыстанның қаншыры, қасқырдың қаншығы дегенде, ұрғашы ит деп неге атайды екен, ұрғашы қасқыр демейді ғой, – деді Сұлтамұрат та ойланып.

Ақан оған да жауап берді.

– Кейінгі кезде біз ескі сөздердің көбін ұмытып бара жатырмыз. Ол біздің кінәміз. Менің естуімше, иттің ұрғашысын қазір қаншық десе, бұрын – итақай дейді екен. «Иттің итақайына дейін басынды-ау» деген сөз адамдардан қағажу көрген біреудің «қатындарға дейін басынды-ау» деп, ашынғанда шығарған сөзі болса керек. Ал, мегежін, кәнден иттерді итаршы деген. Үлкен төбеттер абалап жатқанда, тапитак иттер де шаужайдан

алады. «Итаршыланбай былай тұр», «итаршыланып не жоқ» деген сөз содан шықса керек. Мәселен, шегірткенің ұрғашысын «өлекшін» дейді. Ал, аюдың ұрғашысын не дейтінін білесіңдер ме? Көкшетау жерінде бұрын аю көп болған ғой.

Аңшылар біріне-бірі қарасып жауап қата алмады.

– Аюдың ұрғашысын кірекей дейді.

– «Кірекейді өлтірме, қонжығы жетім қалмасын» деген сөз бар. Сондағы «қонжығы» дегені баласы екен, – деді Ақан [1, 29].

Оқырман көркем мәтіннің осы бір қысқа үзіндісінен көп мағлұмат алары анық. Атап айтқанда, арыстанның ұрғашысы – қаншыр, аюдың ұрғашысы – кірекей, шегірткенің ұрғашысы – өлекшін, қасқырдың ұрғашысы – қаншық немесе итақай. Осы арқылы иттің итақайы, итаршылану сияқты тұрақты тіркестерінің де шығу тегі айқындалады.

Осы жоғарыда көрсетілген шығармадан алынған келесі үзінді тілдердің арасындағы айырмашылық сол тілде сөйлеуші ұжымдардың мәдениеті мен салт-дәстүрінің әртүрлі екендігін білдіреді:

– Бұл – түрме деген де қайдан шықты, – деп Ақан екеуінің сөзін бөлді. Адамды тірідей қамаудан асқан қорлық бар ма дүниеде.

– Сіздерде қалай сонда, түрме болмаған ба? Шынында да Эмирлік Бұқарадағыдай қазақ даласында түрме жоқ. «Түрме» деген сөздің өзін «тюрьмадан» алған-ау, – деп Новиков таңырқай қалды. – Шынында да қызық екен.

– Түрме емес, қазақта абақты болған, – деді Әлтай.

– Абақты? Иә, естуім бар. Оның түрмеден айырмашылығы қандай, оған қандай жазықтыларды қамаған?

Новиков «абахта, абахта» деп кең мандайын алақанымен басып отырды да, қарқылдай тұрып келді:

– Ох, Абахта?! Абахта деген немістің гауфтвахта деген сөзі екен ғой. Осы күнге дейін абақты дегенге мән бермеппін. Гауфтвахты! Иә, ол – түрменің бір түрі.

– Сонда, қалай, шынында да қазақта түрме болмаса, қылмысты адамдарды бұрын қалай жазалаған, өлтіре берген бе әлде? – деп бағанадан үнсіз отырған дәу мұрын Барыс қосылды әңгімеге.

– Неге өлтіре берсін. Қазақта жазалаудың талай түрлері болған. Негізгісі – құн. Айыпты адам құн төлейді. Ат шапан дейтін бар, – деп Ақан құн, айып жайын ұзақ түсіндірді. Қалың мал, қыз төлемін, кек алу жолдарын, ондай кезде кісі өлімімен тынатын, ат құйрығына салатын сойқандықтарды айтты. Кейде билер соты, қазылар екі елді дүрліктірмей, басу айтқысы келгенде, не айыптыны қорғау ниетінде болса, мал төлемімен, не адам айырбасымен екі жақты келістіріп, татуластыратындарын ұқтырды. Ертеректе дүре салу, құлдардың құлағын кесу сияқты сұмдықтар да ел арасында айтылады. Басыбайлы құл деудің орнына, құлақ кесті құлы деген сонан шыққан ғой [1, 130].

Үзіндіні толық беріп отыруымыздың себебі – бір ойдан екінші ой немесе тура мағынадан ауыс мағына туып, нәтижесінде даяр қалпында қолданылып, мағына тұтастығымен ерекшеленетін фразеологизмдердің этимологиясынан да ақпарат алатынымызды аңғарту. Тіліміздегі тұрақты тіркестердің мағыналық астарында халықтың ерте заманнан бергі өмірінің бүкіл болмысы сақталып, суреттеледі. Халықтың күнкөріс, тұрмыс-тіршілік негізінде жан-жақты өрбіген түсінік пайымдаулары, соларға байланысты қалыптасқан салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар ерекшеліктері тілдік қолданыстағы тұрақты тіркестерден көрініс табады. Сол себепті де тұрақты тіркестер – халқымыздың ұлттық ерекшелігін бойына сіңірген басты мәдени байлығымыздың бірі. Әр ұлттың тіліндегі фразеологизмдердің тұтас жиынтығы сол ұлт тіліне тән өзіндік бейнелі сөз орамдары арқылы оның бүкіл заттық, рухани өмірінен хабардар етеді. Бұдан белгілі бір тілдің сөздік қорындағы тілдік бірліктер мәдениет, тарих, дүниетаным арқылы түсіндірілетінін байқауға болады.

Белгілі бір тілдік ұжымда сөз алғашқы қолданыс тапқанда белгілі бір қоғамдық қажеттіліктен туындап, қарым-қатынас жасауға қызмет етеді. Осымен байланысты

архетиптік негіздегі мифтік дүниетанымның қазақ тіліндегі көрінісін зерттеген Б. Ақбердиеваның мынадай пікірін келтіруге болады: «Сөз дегеніміздің өзі тек қана дыбыстардың тіркесуі емес, белгілі бір мағынаның көрсеткіші, ал мағына болса, қатып қалған нәрсе емес, ол да кеңістік пен уақыт аралығында өзгеріп, дамып отырады. Демек, сөз және оның мағынасының дамуы әрбір қоғамдық даму кезеңдеріндегі дүниетанымдық көзқарастарға тікелей байланысты» [2, 5].

Белгілі бір ұлттың дүниеге көзқарасын, өмір сүру ерекшелігін, талғам-танымын, ұлағат-өнегесін оның рухани мәдениет үлгілерін оның салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпынан көруге болады дедік. Жазушы Сәкен Жүнісов прозалық шығармаларында халықтың салт-дәстүр, әдет-ғұрпымен тікелей байланысты туындаған дүниетанымдық сөздердің біразын оқырманы үшін лексикографиялық интерпретациялау арқылы олардың ұлттық танымдық білімін арттыруға үлес қосқан. Мұны автордың стильдік даралығы деп қабылдауға болады. Дәстүрлі тіршілік пен мәдени өмір фразеологиялық мағынаның пайда болуына әсер етеді. Образға негізделген көрініс тіл арқылы жарыққа шыққанда, ондағы ұлттық қабылдау, қазақи дүниетаным, ойлау ерекшеліктері бірден аңғарылады.

Сонымен, ұлттық танымдық мақсаттағы сөздердің мағынасын ашып көрсетуде, көне сөз мағыналарының беретін ұғымын білуде көркем әдебиет шығармаларында лексикографияның, соны жазған тілдік тұлға ретіндегі жазушы тілінің де маңызы зор.

Әдебиеттер

1 Жүнісов С. Таңдамалы шығармалар: Екі томдық. – Алматы: Жазушы, 1981. – Т. 1. Бірінші кітап. Ақан сері: Роман. – 368 б.

2 Ақбердиева Б. Лексика-фразеологиялық жүйедегі мифтік танымдық тұжырымдар: филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2002. – 146 б.

Ж. И. Исаева
Түркістан қ.

ГЕНДЕРЛІК ЛИНГВИСТИКАНЫҢ ПАРЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ДҮНИЕ БЕЙНЕСІНДЕГІ МИКРОФРЕЙМДІК ҚАТЫНАСТАРЫ

XX ғ. 10 жылдығынан бастап тіл білімінде мәдениеттанымдық және гендерлік бағыттағы зерттеулердің айрықша молаюын ғасыр тоғысындағы өзгерістермен, атап айтқанда, гуманитарлық ғылымдар парадигмасының ауысуымен түсіндіруге болады. Тілдегі адам факторының рөлін айқындауды ғылыми зерттеулер парадигмасының басты нысанасына айналдырған жаңа ғасыр лингвистикасы тіл және жеке тұлға, тілдің қоғамдық қызметі мен этностық тұтастық, адам мен қоғам арасындағы қатыстылықтың тілдегі көрінісі, мәдениет және тіл, мәдениеттегі тілдік тұлға т.б. келелі мәселелерді күн тәртібіне қойып, зерттеудің ғылыми принциптерін қайта қарауды талап етуде.

Лингвистикалық зерттеулерде әлеуметтік-мәдени конструктивизм теориясының дамуы адамның жас мөлшері, жынысы, әлеуметтік статусы т.б. субъектіге, тілдік тұлғаға, жеке адам өміріне қатысты категорияларды зерттеудің ғылыми және әдістемелік ұстанымдарын жаңаша қарастыру, зерттеудің жаңа терминологиялық аппаратын түзу, басқа ғылым салаларында қолданылып келе жатқан терминдерге жаңаша мән үстемелеу қажеттігін тудырды. Бұрындары адамдардың жыныстық ерекшеліктерінің қоғам құрушылық, шарттылық, институттық, салт-дәстүрлік сипатын көрсету үшін қолданып келген гендер терминінің лингвистикалық ғылыми айналымға ену себебін осы жағдаймен түсіндіруге болады.

Гендер (ағылшын тіліндегі «gender» сөзі «жыныс» деп аударылады, дәлірек айтсақ – тұқым, түр) — жыныстық ерекшеліктердің тілде және коммуникацияда көрініс беруінің лингвистикалық тетігін зерттеуге байланысты тұрақтана бастаған лингвистикалық жаңа терминдердің бірі. “Гендер” термині гендерлік зерттеулер пәнаралық бағыттағы статусты алғаннан кейін ғана тіл біліміне жаңа мағынада ғылыми термин ретінде енді. Жаңа терминнің пайда болуына дейінгі жыныс түсінігі семасиологиялық зерттеулерде назардан тыс қалған жоқ. Себебі жыныс семантикасы көптеген лексикалық единицалар мағыналарының құрамына (ер, әйел, ана, әке т.б.) кіреді [1, 38-45 бб.].

Жыныс – биологиялық түсінік болатын болса, гендер – жыныстар арасындағы әлеуметтік-мәдени өмір сүру белгісі, яғни «гендер» термині жыныстар арасындағы ерекшеліктердің табиғи емес, әлеуметтік-мәдени жағын білдіреді. Жыныс – «әйел» және «ер» түсінігінің табиғи белгілерін, биологиялық мәнін берсе, қоғам мен мәдениет өзгертіп отырған мәдени-әлеуметтік белгілерді – гендерлік ерекшеліктер анықтайды. Гендерология – мәдениеттің әйелдік және ерлік құрылымы жайындағы ғылым болып табылады [2, 146-б.].

Гендерлік лингвистика өкілі А.В.Кирилина гендер терминінің орыс лингвистикасында қолданылуы жайлы кең түсінік бере отырып, «гендер» және «жыныс» терминдерінің белгілерін ажыратуға тырысады. Ол: «Гендер» термині тіл феноменінің адаммен, мәдениетпен, қоғаммен, тілдік тұлғамен қатысын зерттеуде кең ауқымдылық танытатын болса, «жыныс» тіл феноменінің тек единицасы ретінде қарастырылады. Тілдік единицалардың мағыналық құрамына енетін «жыныс» компонентін гендермен, әсіресе, лексикалық мағына компоненті тұрғысынан ауыстыруға болмайды» дейді [1, 38-45 бб.].

Гендер мәдениеттің нәтижесі ретінде халықтың салт-дәстүр, әдет-ғұрпында, фольклорлық туындыларында, тілінде бекіген әйелдік нәзіктік пен еркектік жүректілік туралы түсініктерін бейнелейді. Ал гендерлік стереотиптер, яғни әйел затына, ер адамға тән қасиеттер мен өзіндік ерекшеліктер туралы жеңілдетілген, оңайлатылған немесе ұлғайтылған түсініктер этногенетикалық қауымдастықтың ұжымдық санасында қайтсе де болады.

Гендер мәселесі тіл білімінде мынадай екі проблемаға қатысты зерттеледі [3, 19-б.]:

1. Тіл және онда адамның жыныстық бөлінісінің бейнеленуі. Мұнда адамдардың жынысына қарай бөлінісінің тілде манифестациялануын түсіндіру және сипаттау, сондай-ақ ерлер мен әйелдерге тән қасиеттер мен олардың әрқайсысының іс-әрекетіне берілген баға және оның семантикалық көрінісін айқындау мақсаты көзделеді;

2. Ерлер мен әйелдерге тән стратегия және тактика, гендерлік сипаттағы лексикон, коммуникацияда белгілі бір жетістікке жетудің амал-тәсілдерін, лексика, синтаксистік конструкциялар т.б. тілдік единицаларды таңдаудағы жыныстық айырмашылық айрықша көрініс беретін ерлер мен әйелдердің сөйлесім әрекеті, тілдік қатынасы.

Дүние суретінде кескінделетін «Тіл: Адам: Қоғам» үштігі аралық қатыстылықтың тілдік және әлеуметтік-мәдени негізін айқындауда «жыныс» категориясына көңіл аударудың маңызы зор. Өйткені адамдардың жыныстық ерекшелігі олардың қоғамдағы атқаратын рөлімен тығыз байланысып келіп, әлеуметтік-мәдени іс-әрекетінің нәтижесіне қайтсе де ықпал етеді. Демек дүние суретінің терең қатпары саналатын дүниенің тілдік бейнесінде «жыныс» категориясы тілдегі «Әйел-Еркек» семантикалық оппозициясының лингвогендерлік және лингвомәдениеттанымдық негізі тұрғысынан сипатталады

Қазақ паремологиясында «Әйел» және «Еркек» концептерінің тілдік сипаттамасы «ұл-қыз», «әке»-«шеше», «ана»-«ата», «қыз»-«жігіт», «қалыңдық»-«күйеу жігіт», «келін»-«күйеу», «келіншек»-«ер азамат», «қатын»-«бай» т.б. әлеуметтік-статустық рөлдердің

өзара байланысын бейнелейтін әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-салт-дәстүрлік, әлеуметтік-психологиялық мазмұндағы көпдеңгейлі микрофреймдік тармақтар тұтастығына негізделеді. Еркек бейнесін этникалық санада қалыптасқан «еркектік белгілермен», ал әйел бейнесін «әйелдік белгілермен» кескіндейтін микрофреймдік тармақтар аралық байланыстың нәтижесінде ұлт мәдениеті «елегінен» өткізілген тілдегі «Адам» бейнесі сомдалады.

Тіл арқылы жүзеге асатын қалыпты жағдайлар мен оқиғалар туралы білімдер тізбегі ретінде фреймдер адамдардың қарым-қатынас нормаларын, қажет білімдер мен тәжірибелер қорын сұрыптауға көмектеседі. Фрейм – концептуальдық жүйенің құрылымдық элементтерін танытатын қарапайым форма. Оның басты ерекшелігі – концептінің ең жақын семаларынан құралып, ең жақын ассоциативтік, стереотиптік таңбалар арқылы көрініс табуында [4, 272-б.]. Мәселен, қыз, келін, келіншек, қатын, кемпір т.б. атаулар төңірегіне жинақталатын ассоциативтік, стереотиптік ұғым-түсініктер «Әйел» концептісінің ұғымдық-семантикалық өрісін белгілейтін болса, ұл, бозбала, жігіт, күйеу, азамат, шал т.б. атауларының лексикалық мағыналарының этнос санасындағы ер адам туралы концептуальдық жүйені құрайтын ұғым-түсініктермен ұштасуының арқасында «Еркек» концептісінің ассоциативтік-стереотиптік өрісі кеңейеді. Соның нәтижесінде ұлттық мәдениеттің өзіндік ерекшеліктері «Еркек» және «Әйел» концептілері аралық микрофреймдік қарым-қатынастардың фондық негізінде бекиді.

Дүниенің паремиологиялық бейнесінде «Ұл-қыз» микрофреймдік қатынас қыз тәрбиесіне ұл бала тәрбиесіне қарағанда өзгеше мән беретін ұлттық тәрбие жүйесіне, ұлттық таным мен мәдениетте қалыптасқан стереотиптік пайымдарға негізделеді. Қазақтың ұлттық мәдени өресі «ұл баланы – тілдік-әлеуметтік ұжым ортасында ата-баба дәстүрін жалғастырушы, әке орнын басушы шаңырақ иесі, болашақта ауыл-аймақ, ел-жұртты басқаратын басшы (отағасы, қолбасшы, елбасы т.б.) деп таниды. Ал қазақ қауымында қалыптасқан ұғым-түсінік бойынша: қыз бала – ер-азамат отын жағып, отауын тігу үшін, оның ұрпағын өсіріп, сол ұрпақтың бойына халықтың салт-дәстүрін дарыту үшін, яғни тәрбиеші болу үшін жаралған жан. Сондықтан да «ұл» микрофреймінде «еркек» әлеміне, ал «қыз» микрофреймінде «әйел» әлеміне тән тілдік-мәдени белгілер (символдық мән арқалаған атаулар) орын алады. Мәселен; *Ұл – адамның тұрағы, Қыз – адамның шырағы, Ит – адамның құлағы* паремиясы құрамында кездесетін *тұрақ* – «адамның тіршіліне қолайлы орын, мекен, жер» дегенді білдіреді. Ол- «еркектік» әлемнің дүниесі, себебі оны ер адам таңдайды. *Шырақ* – «іс-әрекеттің аяқталуы мен нәтижелі болуы үшін қараңғыда жағылатын шам», оны жағатын әйел. *Тұрақ* иесі асыраған *иттің* негізгі қызметі – тұрақты сырттан келетін ит-құстан қору. Қазақ қауымының ұл, қыз және иттің негізгі қызметтерін бағалаудың нәтижесінде *тұрақ, шырақ, ит* сөздері символдық мәнге ие болып, «ұл бала ата-ананың арқа сүйер, тірлігін жалғастыра тұрағы екенін, қыз бала ата-ананың қуанышы, өрісі, түтін түтеткен шырағы екенін, есік алдындағы ит сырттан келген бөтен адамды, қораны торыған ит-құсты хабарлап тұратын құлағы екенін» білдіретін *Ұл – адамның тұрағы, Қыз – адамның шырағы, Ит – адамның құлағы* паремиясы құрамында «ұл» – «қыз» – «ит» фреймаралық қатынасты орнықтырады.

«Адам – Қоғам – Табиғат» ұштағандық тұтастықты құрайтын ірі-ірі концептер («Заман», «Салт-дәстүр», «Ел-жер», «Еркек», «Әйел» т.б.) аралық байланыстарды түзуде танымдық, әлеуметтік, мәдени т.б. сипаттағы сан алуан микрофреймдік құрылымдар бір-бірін анықтаушы, дәйектеуші қызмет атқарады. Мәселен, ұл мен қыздың ер жетіп, есею мерзімі паремиологиялық дүние бейнесінде *Он үшінде ұл – ұлан, Он алтыда қыз – ұлан* деп белгіленеді. Он үшке толған ұлды, он алтыға толған қызды атқа қондырып, қалың қолдың қарасын көбейтуге мәжбүр еткен, жас ұл-қыздарының жауға олжа болып кетуінен сақтанған «жаугершілік заман талабы» («Заман» концептісінің микрофреймдік элементі) «Адам» концептісінің «ұл-қыз» микрофреймдік қатынастар жүйесінде ұл мен қыздың ержеткен, балиғатқа толған жасын он үш-он бес деп белгілеп қана қоймай, оны көнеден келе жатқан «далалық салт-дәстүр» концептісінің қыз айттыру, құдалық түсу, баланы

әменгерлік жолымен үйлендіру т.б. микрофреймдік құрылымын құрайтын элементтермен бекітеді (*Ұл – он үште отау иесі*). *Аға өлсе – жеңге мұра, іні өлсе – келін мұра* паремиясы құрамына енетін «аға-жеңге» микрофреймдік құрылымы арқылы «Заман» – «Салт-дәстүр» – «Еркек» – «Әйел» концептілері аралық байланыстың паремиологиялық дүние бейнесіндегі қиысу нүктелерінің бірі «әменгерлік» микрофреймдік тармақ екенін байқауға болады.

«Еркек-Әйел» концептілері аралық байланысты сипаттайтын «ұл-қыз», «ата-ана», «жиен-немере», «әпке-жезде», «аға-жеңге», «қыз-күйеу», «күйеу-қайын» т.б. микрофреймдік тармақтардың қазақтың мифтік танымындағы «жат-жақын» бинарлық жұбымен ассоциативтік қарым-қатынасқа түсуінің нәтижесінде паремиологиялық дүние бейнесінде қазақ дәстүріндегі қандық, тектік, туысқандық жіктеменің суретті сипаттамасы жасалып, әр микрофреймдік тармақша ұлттық-мәдени сипаттағы кең ауқымды мазмұндық тұрпатқа ие болады. Мысалы: *Қыздың баласы – қырғыздың (өзгенің баласы) өз қып тұрған анасы, Ұлдың баласы – өзінің баласы, жат қып тұрған – анасы* паремиясында «туыстық жақындықты жеті атадан қайыруға байланысты қалыптасқан қыздың баласын «жиен»деп өзгеге санау, ұлдың баласын - «ұрпақ жалағасы» деп өзіне санау дәстүрі көрініс табатын болса, бұл ой *Ұл өсіргенің – ұрпақ өсіргенің, Қыз өсіргенің – ұлт өсіргенің* паремиясындағы « ұл болашақта өз орныңды басушы, ұрпақ жалғастырушы, қыз бала дүниеге ұрпақ әкеліп, ұлт өрісін кеңейтуші» деген мағынамен ұласады. *Ұлдың ұяты – әкеге, Қыздың ұяты – шешеге* паремиясында «ұл тәрбиесіне әке жауапты, қыз тәрбиесіне шеше жауапты» екенін ескертіп, осыған байланысты «ұлдың жақсы-жаман атағы әкесіне, қыздың жақсы-жаман атағы шешеге келерін» меңзеген ұлттық тәлімнің негізі көрініс беретін болса, ол ой одан әрі өрбіп, «жас жеткіншек тәрбиесінде оның өсетін ортасының да ықпал-әсері болатынын» кеңес ететін *Ұлың өссе, ұлы жақсылармен ауылдас бол, Қызың өссе, қызы жақсылармен ауылдас бол* паремиясын қалыптастыруға негіз болады.

Қызы бен келіні арасындағы айырмашылықты терең бажайлаған ананың қызына айтқан болып, жаңа түскен келініне ащы шындықты жеткізуінің тәсілі *Қызым саған айтам, Келінім сен тыңда* паремиясында бейнеленетін болса, қазақ шешенің балаға деген қамқорлығы, нақты жәрдемі, берер тәлім-тәрбиесі әкеге қарағанда мол болатынын *Орақ ұстап, әкең қалғанша, Оймақ ұстап, шешен қалсын* деп білдіреді. Ал қайын жұрт пен күйеу арасындағы байланыстың тым жақын орнығуына шектеу қойған қазақ дәстүрі *Қайындағы күйеуден – қарғылаған тазы артық деп* қыздың әке-шешесінің босағасына ер баланың кетуін қорлық санайды және ол ойын *Жаман күйеу – қайын сақ* деп бекітеді; *□Қалыңсыз қыз болса да, кәдесіз күйеу болмайды* паремиясы қазақтың үйлену салт-дәстүрімен сабақтасып келіп, қыз алушы жігіттің қандай жағдайда үйленбесін қыз ұзату салтына байланысты жөн-жосынды, әдет-кәдені орындауға міндетті екенін ескертеді [5, 161-549 бб.].

Қорыта айтқанда, адам санасындағы танымдық және мәдени деректерді жинақтап, реттеп отыратын фреймдер ірі-ірі концептер («Заман», «Салт-дәстүр», «Ел-жер», «Еркек», «Әйел» т.б.) аралық байланыстарды тұйықтап, концептуальдық жүйені (ұғым-түсініктер жиынтығы) тілдік жүйемен (мән-мағыналар жиынтығы) жалғастырады. Фреймдер іштей микрофреймдік құрылымдарға жіктеле келіп, адам санасы мен жадыда сақталған білім қорының концептуальдық элементтерін тіл бірліктерінің семантикалық-ассоциативтік өрісіне жинақтайды. Сондықтан да «еркек-әйел» бинарлық оппозициясына қатысты сан алуан микрофреймдік құрылымдардың өзара сатылай және тізбектеле байланысуының нәтижесінде «паремиологиядағы адам» «мәдениеттегі адаммен» үнемі салғастырылып отырады, яғни тілдік қолданыста паремиялардың түсінікті болуы оның жалпы мағынасына ғана емес, паремия құрамындағы әр компоненттің микрофреймдік құрылымына да тәуелді болады.

1. Кирилина А.В. О применении понятия гендер в русскоязычном лингвистическом описании // Филологические науки. – М., 2000. - №3. - С. 38-45.
2. Мамаева Г.Б. Ерлер мен әйелдердің сөз қолданысындағы ерекшеліктер (гендерлік зерттеу): филол. ғыл. канд. ... дисс. : 10.02.02. – Алматы: әл-Фараби атындағы ҚазМҰУ, 2003. -150 б.
3. Кирилина А.В. Гендер: лингвистические аспекты. – М., 1999. - С. 19.
4. Оразалиева Э.Н. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы. - Алматы: Ан Арыс, 2007. -312 б.
5. Қайдар Ә.Т. Халық даналығы. – Алматы: Толағай, 2004. -560 б.

Ш. П. Қарсыбекова
Түркістан қ.

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ КЛАССИФИКАЦИЯСЫ ТУРАЛЫ

Халық даналығының қазына-байлығы саналатын мақал-мәтелдер (ММ)– тіл арқылы адамзат қауымының асыл арманын, ақыл-парасатын, өмірлік тәжірибесін, дүниетанымын ұрпағына ғибрат етіп ұсыну әрекеті нәтижесінде туындап, қалыптасқан рухани құбылыс. Ол халықтың дүниені түйсінуден хабар беретін қойма, ғаламның тілдік бейнесі ретінде ұлттың эстетикалық таным-талғамын, шаруашылық кәсібін, мінез-құлық, ырым-нанымын, ұлттық рухты тек тілде ғана жан-жақты танытушы, таным бәйтерегі. ММ-дерді даналардан қалған аталар сөзі десе де болады. Бұл – ұлт даналығын араға талай ғасырлар салып, бүгінгі ұрпаққа нақыш-баяуын солғындатпай, мән-мағынасын бәсеңдетпей, көркемдігі мен бейнелілігін жоғалтпай, тұтас жеткізіп отырған ана тіліміздің құдіретті күші. Солай болғандықтан, ММ-дер бізге етене жақын әрі түсінікті. ММ-дерден біз өмірді танимыз, дұрыс бағыт-бағдар аламыз.

ММ-дер айтылатын ойдың бағытына қарай тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін білдіріп, тыңдаушысына ой салады, терең әсер етеді, зор талғаммен өз орнында қолданылады. ММ-дер ғасырлар бойы екшелген, қырланған, алуан мазмұнды, сан тақырыпты болумен қатар, “адам өмірінде, тұрмыс-тіршілікте, қоғамдық жағдайларда кездесетін әртүрлі құбылыстарға, тарихи мәні бар оқиғаларға берілген даналық баға, тұжырымды түйін есебінде қолданылады” [1].

Қазақ тіліндегі ММ-дерді ғылыми тұрғыдан жүйелі түрде зерттеп, классификациялау – бүгінгі таңдағы ең өзекті, түбірлі мәселелердің бірі. Бұл мәселе кез келген паремиолог ғалымдарды толғандыратыны сөзсіз. Классификациялау принципі – табиғаттануда, ғылымда және философияда қандай өзекті мәселе болса, мақал-мәтелтаным ғылымында да сондай негізгі рөл ойнай алады.

“Классификация наук из которых каждая анализирует отдельную форму движения или ряд связанных между собою и переходящих друг в друга форм движения” [2]. Ф.Энгельстің классификация жөніндегі пікірі тікеден тіке әртүрлі субъектизмге, формализмге, сан алуан қимылдың формаларын тексеру үшін адам өзінше таңдап алмастан, сол нәрсенің ішкі және сыртқы негізгі қасиеттерінің негізінен шығу – объективті түрде шешуге жол көрсетеді. В.Даль ММ-дерді классификациялауда мынадай пікірді айтады: “Расположение пословиц по смыслу их, по значению внутреннему, переносному, как притча, кажется, самое верное и толковое” [3].

Паремиолог ғалым Г.Л.Пермяков: “Вопрос о научной классификации пословиц и поговорок – коренной вопрос современной паремиологии, без решения которого не может развиваться сама эта наука” – деп көрсетеді [4].

Шығыс халықтары ММ-дерді ойлылардың, ақылдылардың, көрегенділердің, зейінділердің тілі деп атады.

Паремиология – ММ-дер мен әр алуан қанатты, нақыл сөздерді жан-жақты зерттеуге байланысты пайда болған тіл білімінің дербес те жаңа салаларының бірі. Көркем сөз тәсілдерінің ішіндегі қуаттысы мен құнарлысы болып саналатын ММ-дер – тіл атаулының баршасына тән, өзіндік ерекшелігімен көзге түсетін әмбебап құбылыс. Кеңестік тіл білімінде барлық тілдердің екі түрлі қызметін атап көрсетеді; оның біріншісі – қоғам мүшелерінің өзара түсінісуіне, пікір алысуына қажетті қатынас құралы ретіндегі коммуникативтік қызметі де, екіншісі – өмір шындығын, барлық болмысты өзінде бейнелеп көрсету қызметі [5]. ММ-дердің табиғатына тән қасиет тілдің осы екінші қызметіне байланысты, өйткені олар белгілі бір тілде сөйлеуші халықтың өткен өмірі мен барлық болмысының куәгері іспеттес, оның дүниетанымы мен даналығын бойында сақтап, атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа үзілмей ауысып келе жатқан асыл мұра, рухани қазына болып саналған. Паремиология ғылымы ММ-дерді тек тіл фактісі ретінде зерттегенімен, оларды лингвистика аясымен ғана шектеуге болмайды. Себебі ММ-дердің бойында бір ғана көркем сөз тәсілінің ауқымына сия бермейтін көптеген басқа да қасиеттер мол шоғырланған. Бұл қасиеттерді кеңінен зерттеймін деушілерге ММ-дердің шертер сыры мол. Біле білсек, халықтың дүниетанымын, болмыстың объективтік заңдылықтарын, тылсым табиғаттың сан алуан сырын ұққысы келген философ ғалымдар да, халықтың өткен өмірін, әлеуметтік-экономикалық жағдайын, әдет-ғұрпы мен діни наным-сенімдерін зерттегісі келген экономист, тарихшы, этнограф ғалымдар да тәрбие, дидактика мәселесіне байланысты педагогтар да, ауыз әдебиетіне тән көркем сөз поэтикасын зерттеушілер де, сондай-ақ басқа ғылымдардың өкілдері де ММ-дер табиғатынан өзіне қажетті мол мағлұмат табатыны сөзсіз.

ММ-дерді тіл фактісі тұрғысынан зерттеуші паремиолог-ғалымдардың пікіріне қарағанда, олар ең алдымен өзінің мән-мағынасы, мазмұны мен тұлғалық ерекшеліктеріне байланысты назар аударады. ММ-дердің шығу тарихы мен пайда болу жолдары, тілі жақын туыстас халықтар үшін ортақтығы, логикалық сәйкестік, образдылық, бейнелеу тәсіліндегі шендестік т.б. толып жатқан мәселелер паремиологияның объектісіне жатады.

ММ-дерді мән-мағынасына және тұлғалық ерекшеліктеріне байланысты топтастыра зерттеу ерекше орын алады. Бұл салада бүкіл Шығыс халықтарының ММ-дерін жан-жақты зерттеп, олардың жүйелі түрдегі ғылыми классификациясын жасаушы белгілі кеңес ғалымы Г.Л.Пермяковтың есімін ерекше атауға болады. Ал түркі халықтар тіліндегі ММ-дердің зерттелу жайына келсек, әлі күнге дейін ауыз толтырып айтарлықтай жұмыс істелмей келеді. Әрбір тіл бойынша шыққан ММ-дер жинағын [6] санамағанда, бұл тілдердегі ММ-дер ғылыми тұрғыдан аз зерттелген саланың бірі, кейбір тілдердегі бірлі-жарымды филологиялық [7] және лингвистикалық [8] зерттеулер болмаса, паремиологияның түркі тілдері бойынша әлі негізі қаланған жоқ деп айтуға болады. Басқа туысқан тілдерге қарағанда қазақ ММ-дерінің жинағын шығару, басқа халықтардың ММ-дерін қазақшаға аудару [9] сондай-ақ оларды тарихи-филологиялық тұрғыдан зерттеу жұмыстарының біршама ілгері екендігін айтпауға болмайды.

ММ-дердегі тұлғалық тұрақтылық, сайып келгенде, оның біртұтас мағынасы мен мазмұнына байланысты. Мағына мен мазмұнның тұтастығы қоғам мүшелерінің өмір тәжірибесінен алған тағылымы мен танымынан туындаған ой-пікірдің, лексикалық тұжырымның әсерлі бейне, сан алуан образбен қат-қабат астарласа, жалғаса

көмкерілуіне байланысты. Себебі, ММ-дер тұлғасына тән дәстүрлік тұрақтылық (оны паремиологияда “клише” деп атайды) қаншама берік және тіл үшін нормаға айналған стандарт болса да абсолюттік ұғым емес, ол тілдің тарихи дамуына байланысты, көрші тілдердің әсерінен, сондай-ақ тілдің ішкі даму заңдылықтарына сәйкес, стильдік қолданысқа, сөз зергерлерінің сөз саптау шеберлігіне байланысты әр түрлі өзгерістерге түсіп отырады. Бірақ бұл өзгерістер ММ-дердің жалпы мазмұн-мағынасына, бүкіл тіркеске негіз, дәнекер болып тұрған образ-бейнеге ешқандай нұқсан келтіре қоймайды. ММ-дердің осылайша әртүрлі өзгерістерге, тұлғалық модификацияларға ұшырауы салдарынан пайда болған тіл практикасында бір-ақ рет қолданыс табатын түрлерін инварианттар деп атаймыз. Инварианттардың пайда болуында белгілі бір заңдылық жоқ. Инварианттық өзгерістер автордың тек өз еркіне, асыл асты әр қырынан бір көрсетіп құбылта білетін шебердей, ММ-дердің көркемдік өрнегін, образы мен бейнелеушінің әсерін пайдаланылатын талантына байланысты [10].

Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, кеңес ғалымы Г.Л.Пермяков [11] жинағында 200 ұлт өкілдерінің 50 мыңға жуық ММ-дерін ең жоғарғы 4 логика-семиотикалық инварианттарға бөліп топтастырған. Қазақ тіліндегі ММ-дерді мазмұн-мәніне қарай классификациялау принциптерін Г.Л.Пермяков ұсынған әртүрлі жүйедегі фактілеріне сүйеніп қарастырамыз. Г.Л.Пермяков ММ-дерді классификациялауды 5 түрлі пікірде айтып көрсетеді:

- 1) Алфавиттік классификациялау
- 2) Тақырыптық классификациялау
- 3) Генетикалық классификациялау
- 4) Монографиялық классификациялау
- 5) Лексикалық классификациялау

Осы принциптердің ішінен тематикалық (тақырыптық) классификациялау ең тиімді классификация болып саналады. Бұл пікірді кеңес ғалымдары Б.Н.Путилова, А.М.Жигулева, Ф.М.Селиванова, В.Чичеров, В.П.Андрианова-Перец, К.Самородов, В.П.Анихин т.б. да растайды.

ММ-дер – халықтың белгілі бір өмір тәжірибесінен шыққан айқын ойды үлгі-насихат, өнеге-әсиет, ақыл ретінде қысқа қайырып, көркем бейнелеп жеткізетін халықтың дана нақыл сөзі. Бұлар өзінің тақырыбы, мазмұны, мағынасы жағынан қоғамдық құбылысты жан-жақты қамтып, өмірдегі әрқилы қарым-қатынасты өткір, әсерлі етіп, көркем суреттеп отырады. ММ-дер бір дәуірдің ғана жемісі емес, олар халықтың тарихымен тығыз байланысып, біте қайнасып жатады. ММ-дер өзінің ішкі мазмұны, мағынасы жағынан әрбір дәуірдегі түрлі тарихи оқиғаларды, халықтың әдет-ғұрпын, салтын, тұрмыс дәрежесін бейнелейді. Осыған байланысты ММ-дер тақырып, мазмұн, мағына жөнінен әр алуан, әрі бай, әрі ұғымды болып келеді. ММ-дер тақырыпқа өте бай. Әрбір тақырыпта өмір құбылысының бейнеленбей қалатын түрлері болмайды. Көпшілік жұртшылық, еңбекші халықтың өмірде сезгені мен көргенінің бәрі осы ММ-дер арқылы бейнеленеді. Басқаша айтқанда, ММ-дер *“Халықтың тек қана көркем өнері емес, әрі философиясы, әрі ғылымы, әрі тәрбие құралы”* [12].

В.Даль: “ММ-дерді тудырушы қарапайым халық. ММ-дер – тарихи категория. Заман өзгеріп, халықтың дүниеге көзқарасы, әдет-ғұрпы, салты өзгеріп, білімі, мәдениеті артқан сайын, өзіне терең мазмұнды, дұрыс идеялық мағынаны талап ете бастайды. Соған орай ММ-дердің тақырыптары да молыға түседі” [3].

Ең алғаш баспа бетіне шыққан ММ-дер 1876 жылы 150-ге жуық болатын. Небәрі ол ММ-дер 7 ғана тақырыптық топқа топтастырылған. Олар:

1. Құдайға, дінге көзқарас
2. Ұят, ар. Адамшылық туралы
3. Үкімет, ел басшылары

4. Дүние, қоғам туралы
5. Үй-іші, туыскандық туралы
6. Жеке адамдар туралы
7. Табиғат, әлемге көзқарас

В.Катаринский жинағында [13] ММ-дер 21 тақырыптық топқа классификацияланып берілген. Олар:

- | | |
|---------------------------------|---------------------------|
| 1. Құдай, періште, діни ұғымдар | 12. Байлық-кедейлік |
| 2. Ел басшылары | 13. Достық |
| 3. Адам жөнінде | 14. Денсаулық, ауру |
| 4. Әйелдер туралы | 15. Түрлі халықтар туралы |
| 5. Балалар | 16. Ұрлық туралы |
| 6. Ата-ана | 17. Қонақ және сауық |
| 7. Білім, ғылым | 18. Жануарлар мен құстар |
| 8. Сөз | 19. Үй және мүлік жайында |
| 9. Еңбек | 20. Жолаушылық |
| 10. Жақсылық-жамандық | 21. Жалпылама мақалдар |
| 11. Шындық-өтірік | |

В.Катаринский жинағы қазақ ММ-дерін ең алғаш белгілі бір жүйемен топтастырған және өте көлемді еңбек болып табылады. Бұл жинаққа енген ММ-дердің тақырыбы бай, халық өмірінің әртүрлі саласын қамтыды [14].

Әрбір халықтың рухани-мәдени өмірінде ММ-дердің атқаратын қызметі зор. Олар адамдар арасындағы қарым-қатынас қызметімен қатар өткен өмір мен бүгінгі заманды және болашақты, ұрпақ пен ұрпақтың арасын жалғастырып тұратын “*Алтын көпір*” іспеттігімен ерекшеленеді. Сондықтан да этнос өмір-тіршілігінің барлық түйіндері (салт-дәстүр, әдет-ғұрып, дүниетаным, тіршілік көздері мен тәсілдері, қарым-қатынас тағы басқа) келіп тоғысатын мақал-мәтелдердің күрделі табиғатын танып білу тек әдебиетші, тілшілердің ғана еншісі емес, оған философтардың да, халық педагогикасының да, этнографтардың да, психологтардың да тағы басқа ғылым салаларының да тікелей қатысы бар. Бұл ғылымдардың басын қосып жүрген паремиология саласы олардың мақсат-мүддесін толық қамтып, үдесінен шыға алмай жүргені белгілі. Сондықтан да болар, күні бүгінге дейін ММ-дерге бағышталған паремиологиялық және этнолингвистикалық зерттеулерде олардың саны мен сапасын, ішкі мазмұны мен мәнін айқындау, жүйелеу, классификациялау мәселесі өз дәрежесінде шешіле қойған жоқ. Бұл жағдайды біз қазақ ММ-дерінен айқын көреміз.

Бұл саладағы зерттеулердің ішінен славян т.б. Шығыс және Еуропа тілдеріндегі ММ-дерді ғылыми тұрғыдан жүйелі түрде зерттеп, оларды мазмұн жағынан классификациялау принциптерін айқындап жүйеге салған ғалымдардан Г.Л.Пермяковтың еңбектерін [15, 4, 6, 16] ерекше атау ләзім. Өйткені дәл осы дәрежедегі терең де жан-жақты зерттеуді біз басқа тілдерден, соның ішінде түркі тілдерінен кездестіре алмадық.

Г.Л.Пермяков әртүрлі жүйедегі тілдердің фактілеріне сүйене отырып, ММ-дердің мазмұны мен мәні жағынан, логикалық негізі мен тақырыптық шеңбері жағынан әмбебап құбылыс екенін дәлелдей келе, кез келген тілдегі ММ-дерді ортақ бір жүйеге салып, әртүрлі деңгей-дәрежеде: логика-семиотикалық инвариант ретінде, логика-семантикалық топ ретінде және логика-тақырыптық кіші топ ретінде іштей жіктеп, классификациялап қарауға болатынын дәлелдеп шыққан. Біз өз жұмысымызда сан алуан қазақ ММ-дерін топтастыруда Г.Л.Пермяковтың аталмыш принциптеріне сүйендік және оларды өз материалдарымыз негізінде жалғастыра түсуге, өз тұсымыздан көптеген жаңа топтарды айқындап, олардың анықтамаларын нақтылы мысалдармен көрсетуге әрекеттендік.

Мәселенің басы айқын болу үшін біз ең алдымен Г.Л.Пермяковтың ұсынған принциптерінің өзін схема түрінде келтіріп, олардың әрқайсысына мысалдар беруді жөн көрдік.



ММ-дерді мазмұн жағынан топтастырудың принциптерін қазақ тілі фактілері негізінде қарастырып көрейік.

Ең биік деңгейде тұратын, ауқымы кең, мағынасы жалпылама түрде ортақ ММ-дер тобы, жоғарыда көрсетілгендей, “Ең жоғарғы логика-семиотикалық инварианттарды” [16] құрайды. Бұл топтың өзіндік анықтамасы болуы шарт. Ол анықтама, әдетте, жалпы инварианттар тобына қатысты және оған сатыланып бағынатын өзінен кейінгі деңгейдегі ММ-дердің мазмұнын қамтуға тиісті. Басқаша айтқанда, ең жоғарғы инварианттар тобына берілетін анықтама төменгі сатыдағы оған қатысты топтардағы ММ-дердің мазмұн-мағынасын өз ішіне толық сыйғызуы керек. Ал бұл басты топқа сатыланып бағынып тұратын кіші топтардың өздері кейде іштей жіктеле түсуі де мүмкін.

Әдебиеттер

1. Фабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы, 1974.
2. Энгельс Ф. Диалектика природы. М., 1950.
3. Даль В.И. Пословицы русского народа. М., 1957.
4. Пермяков Г.Л. Основы структурной паремиологии. М., 1988.
5. БСЭ. Москва, 1978, том 30, 465 б.
6. Пермяков Г.Л. Пословицы и поговорки народов Востока. М., 1979.
7. Закиров С. Роль пословиц и поговорок и их бытования // “Ленинчил жаш”, 1957. 13.02.
8. Аннонурова А. Синтаксические особенности туркменских пословиц и поговорок. Ашхабад, 1960.
9. Әлімбаев М. Мақал-мәтелдер. Маржан сөз. Алматы, 1971.
10. Қайдар Ә.Т., Тұрабаева Ф. Қазақ мақал-мәтелдерінің авторлық-стильдік инварианттары жайында // Қаз ССР ҒА Хабарлары. Тіл мен әдебиет сериясы. Алматы, 1982, № 37.
11. Сәрсенбаев Р. Қазақ мақалдары мен мәтелдерінің лексика-стилистикалық ерекшеліктері. Алматы, 1961.
12. Жұмалиев Қ. Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі. Алматы, 1948.
13. Ораторское искусство. Хрестоматия. М., 1978.
14. Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы, 1960.
15. Пермяков Г.Л. Избранные пословицы и поговорки народов Востока. Москва, 1968.
16. Пермяков Г.Л. От поговорки до сказки. М., 1970.

АБАЙДЫҢ «ОНЕГИН ОБРАЗЫ» ТУРАЛЫ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Абайдың эпистолярлық роман сюжет ағысы характердегі зор әлеуметтік-қоғамдық сипатты мазмұнға, ондағы автор ойына қарай бет бұрған. Адам мен адам қатынасы, яғни сюжет, Пушкин өзінің романында Онегинді тірі қалдырса, Абай романында трагедиямен аяқталады. Бұл ретте Абай қазақ жігіттерінің намысын биік қойғандығын көрсетеді. Себебі, ер жігіттің табиғаты «морт» сынғыш келеді. Ал әйелдің соқпа дерттен сына қоймайтыны табиғатынан белгілі. Уақыт теперішінен жапа шеккен кейіпкердің сюжеттік жолы тартысқа толы. Сюжет кейіпкерді жегідей жейтін философиясынан трагедиялық тығырыққа тіреледі:

Абай: Ішім өлген, құр денем сау, Босқа үрейім жүр менің. Жарамайды бекер алдау, Теңің емес мен сенің.	Пушкин: Но я не создан для блаженства; Ему чужда душа моя; Напрасны ваши совершенства: Их вовсе недостойн я.
--	---

Онегин – өз ғашығынан бас тартады? Не үшін мен сенің теңің емеспін дейді? Ішім өлген, құр денем сау деген сөздерді қалай түсінеміз? Ол үшін дат философы Серен Кьеркегорға жүгінсек: "Культнаслаждения ведет человека к разочарованию, нравственному переутомлению и отчаянию; спасти от всего этого может только выбор противоположного серьезного и строгого отношения к жизни, благодаря которому она и получает высший смысл, не только не лишаящий ее красоты, но, наоборот, придающий ей действительную внутреннюю красоту". Ия, шырылдауық шегіртке секілді ала жаздай ән сап, би билеп жастық жалынның соңында кеткен Онегин өзінің қателігін ішкі дүниесі өлгенше түсінбей жүре бергені несі? Келесі жолдарға назар аударсақ:

Пенде көрген бар қызықтың,
Бәрін ішкен сұм жүрек.
Айныған соң, сен жолықтың,
Айтып-айтпай не керек?!

Ойлап қарасам, Абай мен Онегин малдың, әйелдің, мансаптың, баланың да, биліктің, байлықтың да т. б. дүниедегі түрлі қызықтардың бәрін ішкен Абай мен Онегиннің жүрегі неліктен сұм? Екеуі де пенде көрген, қарапайым адамдар ұмтылатын мақсаттар оларға мақсат болмаған. Көп адам қазір бай болсам, үйім болса, қызмет істесем, әйелім болса деген секілді пенделік қызықтарға жету үшін көп еңбек сіңіреді. Ал Абайда жастайынан бәрі болған, жалпы Онегинде де. Сондықтан Абай шығармашылыққа ерте келген деп ойлаймын. Қарапайым кедей отбасында туылса, Абай да мүмкін бірнеше жылын пенде көрер қызыққа арнауы мүмкін бе еді... кім білсін?

Бала сүйер жар сүйерден,
Түк неме жоқ, тұр денем.
Сен – тоты құс бақта жүрген,
Қай жерімнен пар келем.

Пушкиннің Онегині қанша көз-жасыңды көрсетсең де, «жүрегім селк етпейді! Өзіңе лайықсыз күйеу неге керек? Ертең шығарын шығып алып, өкініп отырғаныңды қаламаймын. Көңіліңді алдырамын, мен сондай адаммын дейді. Бірақ, осы орайда Серен Кьеркегорға қайта оралсақ: «Егер менде сенім болса мен ешқашан Регина Ольсенді тастап кетпес едім» деген екен. Осы жерде «сенім» деген ұғымға тоқталайықшы.

Басы қатты, сұм жүрегін
Тоқтата алмай кетті де.
Сорға біткен көкірегін
Сендіре алмай өтті де.

Онегин – өзінің жаман адам екеніне нық сенімді. Ал кімде-кім бір нәрсеге нық сенімді болған жағдайда, ол адамның іс-әрекеттерінен сол сенімнің нәтижесі көрініп тұрмай ма? Шәкәрім атамыздың «Тәңірін іздеп бір мың құл» деген өлеңі бар. Соны оқи отырып мен мынандай қорытындыға келдім: Бір мың құлдың ешқашан күмән келтірмейтін, айнымайтын, СЕНІМІН іздеп сергелдеңге түсіп, сол сенімді табу жолындағы қиындығы туралы ой қозғалады.

Бүгін шын бар, ертең шын
Керегі жоқ бұлардың,
Айнымайтын шын керек,-

деп Шәкәрім атамыздың шырылдап шындық іздеуі айнымайтын сенім іздеуі ғой...

<p>Ерге барған ер танымай, Ер қызығын кім көрер. Шығарына жол таба алмай, Қайғыменен босқа өлер.</p>	<p>Бұл жолдардың мәнін алай түсінеміз? Лермонтов өлеңдерінде «теплая вера», яғни жылы сенім деген ұғым бар. Еріңді толық танымай, біліп алмай «жақсы жігіт шығар деген үміттемін» деп бас жоқ көз жоқ ерге баруың, сол «жылы сенімің». Ондай болған жағыдайда, ерің көңіліңнен шықпаса, еріңнің қызығын қайдан көресің? Абайдың айтпағы да осы ғой деп ойлаймын.</p>
<p>Абай:</p>	
<p>Айнығыш ер тартса салқын, Бал сұрасаң, береді у. Қазымырлап сөздің артын... Қасиеттен бетті жу.</p> <p>Бүгін сүйсем, сені алсам – ертең шалқып, Суып қайтар көңілім желше шалқып. Қуартып, қайғыменен суалтамын, Біреудің қызыл гүлін тұрған балқып.</p>	<p>Дүниенің бар қызығының бәрін ішкен Онегин ең соңында тұрлаусыз адамға айналады. Бәрінен айниды. Өз өмірінде нәпсінің шексіз салтанат құруына жол берген Онегин, енді жерімегенде, өмірден, қатын-қалаштан, байлық пен мансаптан, айнымағанда енді басқа амалы бар ма? Дүниедегі ең қасиетті зат «адамның көңілін» қалай болса солай қалдырып, қайғымен суалтып, қуартып жүрген адам әрине бал сұрасаң, орнына у береді.</p>
<p>Мен – сынық жан, жамағанмен Түзеле алман, түрленіп. Теңің емес, біл, саған мен, Не қыласың кірленіп?!</p>	<p>«Ер адамның табиғаты – морт : сынбасын, сынса оңалуы қиын деген астарды оқимыз Абай өлеңінен. Тек ар мен ұят сынбасын, қалған қылық іс-әрекеттердің бәрі орынды, бәрі сыйымды дейді хакім» [31, 28] . Орыстарда «Береги честь с молоду» деген өте жақсы сөз бар. Жастайынан ес білгелі адам өз ар-ұятын қорғау керек.</p>

<p>Әйел өлмес соқпа дерттен, Сауыға алмас сынған ер. Мен – көмірмін қалған өрттен, Енді рұқсат бізге бер.</p>	<p><i>Әйелдің қырық жаны бар.</i> Қатын қалса бай табар. Бала қалса мал табар. Шыбындаған шыбын жан Қайда барып жай табар?! – деген өлең жолдар әйел қандай қиындық болса да шыдамды, төзімді келетін табиғатымен ер адамнан ерекше. Соқпа дерттен әйелдің өлмейтіні осыдан. Ішкі рухани дүниесі сынып кеткен ер адамның оңалуы қиын іс. Сауыға алмайтыны да сондықтан.</p>
<p>Бар денемнің бәрі – бір мұз, Қайрылуға жарамас. Мына дәулет, мына асыл қыз, Болды маған арам ас.</p>	<p>«Без голода и без холода нет прогрессий» деген орыстың сөзі бар. Адам қиыншылықтарды көру керек. Қуанышпен қатар қайғы-қасіретті де, көз жасты да көру керек. Және жеңе білу керек. Бақшада қаптаған арам шөп секілді емес, адамдарға пайдалы тауар болу керек. Қазіргі заманда әкешешесінің үлде мен бүлдеге қапталған жастары өте көп. Олар ештеңеге тырыспайды. Мақсат жоқ. Ақша бар. Дүниедегі бар қызықтың бәрін көріп жалғанды жалпағынан басып жүр.</p>

ІШКІ ҚЫЗЫҚ



СЫРТҚЫ ҚЫЗЫҚ



болып бөлінеді. Адамдардың көбісі сыртқы қызықты көріп алып, жалпы өмір қызығын көріп біттім деп ойлайды. Сыртқы қызықты қуып кетсең, сыртқы қызық арам ас болады соңында. Онегинге – дәулет пен асыл қыз арам ас болды.

<p>Болса да сән-салтанат, қызық, әсем, Тез жалығып айнымын, тұрлауым кем. Сақтасар, ардақтасар кісі болсам, Жалғанда сенен басқа жанды алмас ем.</p>	<p>«Онегин сөзі» өлеңінен үзінді. Онегин неліктен тұрлаусыз жанға айналды? Қарап отырсақ, Абайда да сән-салтанат, қызық, әсем көп болды. Онегинде де. Бірақ, Онегин нәпсісін тыя алмады. Бас көзімен, көңіл көзімен ештеңені ойлай алмады дер кезінде. Мәшһүр- Жүсіптің «Нәпсі де рухсыз жандарды» деген өлең жолдары бар. Ер адам дегеніміз – рух. Рух – ешқашан айнымайды. Ал рухынан айрылған жан, ЖАН емес ол – ТӘН. НӘПСІ. Халықта «ол өте жақсы жан еді» деп айтып жатады. Сонда айтып жатқаны адамның жаны ғой. Тәнін айтып тұрған жоқ қой. Міне, жанды таза ұстаудың маңызы осында. Ал жанды таза ұстау үшін ең алдымен тәнді таза ұстау керек. Хайуани жаныңды жеңе білген жөн.</p>
<p>Абайдың Татьянасы:</p>	
<p>Ақылы бар, ықтиярлы, Пенде теппес өз жарын.</p>	<p>Онегинге Татьяна осылай тіл қатады. Онегин суық ақылмен ойлап тұр. Ақылын</p>

Ерік иеде, пенде зарлы, Не білер не боларын?	жүрегімен байланыстыра алмады. Қыз көңілін ұсынып тұрса, ақыл айтқаны несі?!
---	--

Абайдың Онегинді сомдаудағы ашылмай қалған қырларын ашуға тырыстық. Абайдың пікірінше, адамзат керуені даму бағытын дұрыс ұстанбай отыр. Қарын қамына беріліп, рухани жұтаңдыққа ұшырауда. Бүкіл дүние қауіпті дағдарыста. Қай тарапқа қаңғырарын білмейтін Онегин бейнесінің астарында, міне, осы әлемдік бәлелі құбылыс жатыр. Романның эпосқа тән кең құлаштылығы, нақтылы өмірмен байланысы осындай болғанда, жеке адам характерін жасау жағынан қалай көрінеді? Міне, бұл рөлді адамның ішкі жан дүниесінің шетсіз-шексіз құбылыстарына тіл бітірген Абайдың «Евгений Онегин» романы Пушкин романынан артық болмаса кем емес.

Әдебиеттер

1. Абай журналы, Абай даналығы. Дәуір баспасы, 4/2006.
2. Абай тілі сөздігі. – Алматы: Жазушы, 1988.
3. Нұрқатов А. Абайдың ақындық дәстүрі. Алматы: Искандер, 2010.
4. Эткинд Е. Поэзия и перевод. – Москва: Издательство, 1953.

Л. Н. Дәуренбекова
Астана қ.

**ӘДЕБИ АУДАРМАНЫҢ ТҮПНҰСҚА МӘТІНІНЕ
СӘЙКЕСТІГІН АНЫҚТАУ ЖОЛДАРЫ**

Соңғы жылдары еліміздегі аударманы оқыту теориясы тәжірибеге байланысты жан-жақты даму үстінде. Аудармашыларды оқыту әдістемесінің де әдеби бағыты кең құлаш жайып келеді. Аударма тек тілдік тұрғыдан ғана емес, әдеби тұрғыдан да сарапталынып, түрлі деңгейлер әдісі кешенді түрде қолданылуда. Әдеби аудармаларды талдау, бағалау жұмысына сәйкестіктің де теориясын кеңінен қолданғанымыз дұрыс.

Көркем аудармадағы коммуникативтік мақсат – ол автор концепті. Аударманы бағалау кезінде де біз осы мақсаттың қай дәрежеде орындалғанын сипаттауымыз қажет. Сондықтан да мәтіндегі автор концепті ерекше айқындайтын негізгі бөлшектерін атасақ, оларды салыстыру жұмысы арқылы сәйкестіктің қандай деңгейде жасалғанын айта аламыз. Қос мәтіннің өзара сәйкестігі әр түрлі деңгейде болуы мүмкін. Салыстыру салғастыру жұмысының нәтижесінде студенттер алдымен аудармадағы заңды сәйкестік теориясы бойынша сегменттердегі мақсат, эмотивтік функция, ситуация, ситуацияны бейнелеу тәсілі, синтаксистік құрылым, семалық ұғымдар, образдар т.б. түпнұсқадағы негізгі белгілердің аудармада сақталуына талдау жүргізу арқылы аудармада қолданылған тәсілдерді айқындап, аударманың мағыналық және коммуникативтік жақтарын, аударманың коммуникативтік моделінің концептуалдық және терминологиялық аппараты, аударма ісі тактикасы мен стратегиясының негіздерін анықтайды.

Көркем аударманың негізгі мақсаты – мәтіндегі ақпаратты образды түрде көркем жеткізу. Аударманың түпнұсқамен тепе-тең дәрежеде сәйкестікке жетпеуі, көркемдік дәрежесінің төмендігі, ең алдымен түпнұсқа тілін, сөз мағынасын түсінбеуден туады. Сондай-ақ, тәжірибелі және мәтінді терең түсінген аудармашының өзі авторды қабылдай алмай қиналуы мүмкін. Сондай кезде қаншалықты тырысқанымен аудармашы автор стилінің терең иірімдерін таба алмай, түпнұсқаға сай үйлесімділік тудыра алмайды.

Оқырман үшін аударма түпнұсқаның жазылған кезеңінен хабар беріп отыруы керек. Себебі, көркем аудармадағы ақпараттарды қабылдау арқылы мәтінмен жеке байланысқа

түседі. Яғни, қабылданған мәлімет рецепторға терең ықпал етеді. Оқырман мен мәтін арасында коммуникативті әсер пайда болып, прагматикалық байланыс орнату үшін, аудармашы алдымен өзіне фондық ақпаратты қалыптастыру керек. Академик В.С. Виноградов: «фондық ақпаратты қалыптастыру дегеніміз – қажетті жағдайда белгілі бір ұлтты, мемлекетті жан-жақты танып білу» [1, 25 - б.], – деген анықтама береді. Яғни ақпараттық фон – белгілі бір ұлтқа ғана тән ерекшеліктерді қамтиды. Аудармашы аударатын тілінің ұлттық дәстүрін, мәдениетін, тұрмыс-салтын, рухани құндылықтарынан жан-жақты мағлұмат ала отырып, сол ұлт жөнінде өзіне жеткілікті ақпарат жинауы тиіс. Аудармашының аударатын мәтін жөнінде фондық ақпараты мол болса, аударатын мәтінін де терең түсініп, түпнұсқаға сәйкес аударма жасай алады.

Аудармашы түпнұсқа мазмұнын түсінумен қатар, ондағы лингвистикалық және ситуативті мәтіннің мазмұнын түсініп, нақты тұжырым жасауы керек. Жалпы, түсіну ұғымы көркем шығарманың композициялық құрылымымен толық танысуды мақсат етеді.

Түпнұсқатілі мен аударма тілінің семантикалық құрылымының көркемдік, мағыналық, эстетикалық сипаттарын дәл сәйкестіру сөз, буын, сөйлем құрудан басталады. Кейбір сөздерді аудару кезінде аудармашы түпнұсқадағы тілдік бірліктерге қайта-қайта орала отырып, сөздіктегі сөздің түпнұсқада берілген сөздің мағынасын аша ала ма, жоқ па, соны анықтайды. Аудармада орнын таппай, олақ қолданылған сөзкөркемдік, танымдық, тағылымдық, эстетикалық әсері мен эмоциялық реңкінен айырылады. Яғни, түпнұсқадағы белгілі бір сөзді тәржімалағанда оны мен ұғымдас, мәндес келетін бар сөздерді саралап, көркемдік логикаға сүйене отырып, солардың ішінен нақ сол қалыпқа, көрініске жазушының бейнелеп отырған өмір көрінісін дәл беру үшін аудармашы: күрделі балама, жәйбалама, макробалама, гипербала маларды дәлтауып, сөйлем құрылысына қарай сәйкескестендіру керек.

Аударылған көркем шығармаларды талдау барысында, аудармашылардың аударып отырған мәтінін оқырманның қабылдау, түсіну ерекшеліктеріне сәйкестендіру үшін, аударма теориясындағы түрлі әдіс-тәсілдер қолданылады. Атап айтқанда, лексикалық-семантикалық трансформациялар:

- жіктеу (дифференциация) – бір сөзді бірнеше сөз арқылы көпқырлылығын көрсету.
- Нақтылау (конкретизация) – аудару барысында сөздің толық және тура мағынасын беретін сөзді табу (анықтау).
- Ұлғайту (генерализация) – қысқамағыналысөздердіңмағынасын (жалпылау) ұлғайтыпкөрсету.
- Мағыналық даму (смысловое развитие) – түпнұсқадағы немесе аударма тіліндегі сөзді немесе сөз тіркесін аударғанда бірліктерге айналдыру. т.б.

Жалпы, түпнұсқа мен аударма мәтін арасындағы сәйкестік түрлерін жинақтап көрсетсек:

- аударма мәтін мағыналық-құрылымдық жағынан түпнұсқаға сәйкес болуы;
- түпнұсқадағы мағынаны дәл беру үшін, әрбір сөздің, сөз тіркесінің аналогтарын дұрыс тауып, бірі-бірімен сәйкес қиыстыру керек;
- аударма мәтінде түпнұсқа тіліне сай бейнелеу тәсілдерін қолдану.
- диалогтарды аударудағы сәйкестікке назар аудару қажет.
- аударма барысында түпнұсқа тіліне тән ұлттық ерекшеліктерді білдіретін реалий сөздерге түсініктеме беріп отыру.
- тек бір мағынасы бар сөздерді, сөз тіркестерін аударғанда лексикалық сәйкестіктер орнайды. Оған: терминдер, атауыш сөздер, географиялық атаулар т.б. ұйымдардың атаулары жатады. Оларды түпнұсқаға сәйкес беру үшін, транскрипция (сөздердің дыбысталуын), транслитерация (графикалық формасын), калькалау әдістері пайдаланылады.

- түпнұсқадағы мақал-мәтел, фразеологизмдердің аударылатын тілден семантикалық сәйкестіктерін табу.

– түпнұсқада қайталанып берілетін кейбір ой қайталаулар аударма барысында қысқартылғанымен мағыналық сәйкестік сақталыну керек.

– аудармашы аударма барысында шығармашылық еркіндікті қолданғанымен, негізгі ойдың желісінен ауытқып кетпеуі керек.

Көркем туындыны аударған кезде күрделі сұрақтар туындайды, олардың тамырына үңіліп, түпнұсқаның рухын сезіне отырып, өз көңілін қалағандай аударған дұрыс. Аудармада шығармашылық еркіндіктің түпнұсқаның шеңберінен шықпай, автордың бар стилін сақтай отырып, аударманы оқуға жеңіл және тартымды етіп шығаруды, сондай-ақ, түпнұсқаның ықпалына түсіп кетпей, оның барлық бояуын, ырғағын, ой астарын ана тілінің заңды жүйесінде жеткізе білу керек.

Мәтіндерді талдаудың әдеби стилистикалық әдіс-амалдары, түпнұсқа мен аударма мәтін арасындағы коммуникативтік, функционалдық қарым-қатынастарын айқындау, сәйкестік мәселелерін саралайды.

Орыс аударматануындағы қалыптасқан эквивалент деңгейлері арқылы да, аударманың түпнұсқаға қаншалықты сәйкес аударылғандығын анықтап беруге мүмкіндік туғызады. Негізінен олар, түпнұсқадағы мазмұнның, семантикалық-стилистикалық, функционалдық ақпараттың дәл, сәйкес берілуін эквиваленттік деп атаған. Мәселен, В. Комиссаров эквиваленттіліктің бес типін анықтайды:

- 1) Коммуникация мақсаты;
- 2) Жағдайды бейнелеу дәрежесі;
- 3) Жағдайды бейнелеу тәсілі;
- 4) Мәтіннің баяндау құрылымы;
- 5) Лексикалық-семантикалық бөлшектерінің түпнұсқамен бірдейлік дәрежесі.

Құрылымдық деңгейлік зерттеу әдісін де В. Комиссаров аудармалар арасындағы сәйкестік қатынастарын айқындауға қолданады. Аударма мәтін мағыналық-құрылымдық жағынан түпнұсқаға сәйкес болуы;

Бір-бірімен байланысқан осы белгілер арқылы аударма мәтінге баға беруге болады. Ең бастысы мәтінді талдау үшін түпнұсқаның коммуникативті функционалды белгілері назарда болады. Түпнұсқаның функционалдық белгілеріне: мәтіннің жанрлық, стильдік ерекшеліктері, идеясы, мазмұны, тарихи дамудың қай кезеңде жазылғандығы, автордың стильдік даралығы және түпнұсқаның лексикалық-грамматикалық құрылымы қарастырылуы тиіс.

В. Швейцер ұсынған эквиваленттіліктің деңгейіне назар аударайық:

- 1) прагматикалық деңгей;
- 2) семантикалық деңгей;
- 3) синтаксистік деңгей;
- 4) құрылымдық деңгей.

Аударма теоретигі В. Гарбовский Швейцердің ұсынған эквиваленттіктің типтерін [2, 42-б.], В. Комиссаровтың ұсынған бес түрлі деңгейлерімен [3, 65-б.], салыстыра отырып, коммуникация мақсатының деңгейі прагматикалыққа (мәтінді қалай жеткізу керек), жағдайды сипаттау деңгейі – семантикалыққа (не туралы айту керек), мәтіннің құрылымдық деңгейі – синтаксистік деңгейге (сөйлемдердің элементтерін қалай орналастыру керек) сәйкес келетіндігіне назар аудартады.

Аудармашы қызметінің құрылымынан аудармашының қай деңгейде нақты шешім қабылдайтыны анық көрсетілген. Айта кететін жайт, аудармашының осы деңгейлердің қай қайсысында болсын қабылдаған шешімі келесі деңгейлердегі шешім қабылдауларға да (тілдік тұрғыдан, стильдік тұрғыдан және т.б.) түрткі немесе негіз болатынын көруге болады. Бұдан аталған құрылымның деңгейлерінің өзара тығыз байланыста екеніне көз жеткізуге болады.

Түпнұсқа мәтіндегі әрбір сөздің функционалдық, коммуникативтік, мазмұндық жағынан баламалары табылып, бір-біріне сәйкес қиыстырылған аударма, бара-бар аударма дәрежесіне жетеді. Демек, адекватты аударма аударылып отырған тілдің

мазмұнымен қатар, құрылымдық, стильдік, лексикалық және грамматикалық ерекшеліктеріне сәйкес неғұрлым дәл, эстетикалық және функционалдық жағынан түпнұсқаға тепе-тең саналатын поэтикалық мәтін.

Сонымен, аудармашы міндеті аудару барысында түпнұсқаның жазылған кезеңін, қабылдаушы оқырман деңгейін, екі елдің тілдік психологиялық, категорияларын ескере отырып, ең бастысы мағыналары бір-бірімен сәйкес келетін туынды жасау.

Техника, құжат, заң, экономикалық т.б. мәтіндерді аударуда арнайы тілдік заңдылықтар сәйкестіктері талап етілсе, көркем аударма мәтіні мұндай заңдылықтарға бағына бермейді. Филологияда түпнұсқа мен аударма мәтінді салыстыра қарастыру барысында олардың арасындағы сәйкестік деңгейлерін дәйекті бағалау үшін лингвистика мен әдебиеттанудың көмегіне сүйену зерттеудің сапасын арттыра түсетінін естен шығармау керек.

Лингвистика сөйлемдегі интонациялық бағыттардың сәйкестігіне мән берсе, әдеби шығарма аудармасы ой интонациясының дұрыс берілуіне көп көңіл бөледі. Аударма мәтін мен түпнұсқа мәтіннің коммуникациялық мақсатын салыстыра отырып, тәржіма сапасын айқындауға болады.

Нақтырақ айтқанда, көркем аудармадағы сәйкестік – түпнұсқа мен аударма мәтін араларындағы тепе-теңдік мәселелерін қарастырады.

Әдебиеттер

1. Виноградов В.В. О теории художественной речи. – М.: 1971. - 231 с.
2. Комиссаров В. Теория перевода. – Москва: Высшая школа, 1990. -250 с.
3. Швейцер А.Д. Теория перевода. Статус проблемы, аспекты. –Москва, 1998. – 118 с.
4. Гарбовский Н.К. Теория перевода. – Москва: МГУ, 2004. – 543 с.

**Е. Жұпархан
Л. А. Серғазы
Астана қ.**

Ә. КЕКІЛБАЕВ ПЕН С. ЖҮНІСОВТЫҢ ДРАМАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ «АБЫЛАЙ ХАН» БЕЙНЕСІ

Әдебиет – өмір айнасы демекші, сонау сан-қилы заманнан бері келе жатқан қазақ халқының асыл мұрасы, мәдени және рухани байлығының келбеті қазіргі ұрпақты сусындатқан сөз өнері. Қазіргі таңдағы әдебиетіміздегі өзекті мәселелердің бірі – драматургия саласы болып табылатындығы сөзсіз.

Қазіргі қазақ драматургиясы – ХХ ғасырдағы классикалық әдебиетінің дамуының заңды жалғасы. Драматургия –көркем әдеби тек (драма, трагедия, комедия) жанрының өнернамалық жүйесі. Қазақ сөз өнерінің дәстүрлі негізі әдебиет шығармалары фольклор мұраларында (би-шешендер сайыстары, ақындар айтыстары, жар-жар, беташар, алтыбақан, т.б.) негізі қаланған ұлттық сөз өнерінің бұл саласы қазақтың рухани мәдениетінің әлем өркениетіндегі көрнекті орынды да танытты. Драматургия шығармалары қаламгерлердің тарихи кезеңдердегі халық тағдырын көркем шындық поэтикасы заңдылықтары аясында бейнелеуімен ерекшеленеді.

Драма-(грек.drama-қимыл-әрекет) - сахнаға арналған, уақиғаны, оған қатысушы кейіпкерлердің іс-әрекетін, көңіл-күйін көрсету арқылы баяндайтын әдеби шығармалар. Драмаға уақиғаның қызу тартыс құрып, мейлінше шиеленістіріп, шарықтау шегіне әбден жеткізіп барып тану - айрықша тән қасиет[1;125].

Драматургиядағы шығармалар – әдебиет оқырмандары мен театр кино көрермендеріне арналған көрнек өнері(көркемөнер) рухани құндылықтары болып табылады.Қазақ топырағында драматургияны дамытқандар қатарында Ж.Аймауытов, С.Сейфуллин, М.Әуезов ,Б.Майлин, І.Жансүгіров, С.Мұқанов,Ғ.Мүсірепов, Ж.Шанин пьесалары ұлттық классикалық дәстүр жолын қалыптастырады және т.б толқын драматург –қаламгер шығармашылығы арқылы жалғасты [2;114].

Тәуелсіз Қазақстанның жаңа әдебиеті дамуының үдерісінде қазақ драматургиясы игерген өзекті мәселелердің бірі-ұлттық тарихымыздағы ақтандақ болып келген тақырыптарды көркем шындықпен жазу. Қазақтың ұлттық тарихындағы дербес мемлекеттік құрылыммен қалыптасуымызға, халық болып танылып, сақталуымызға қайраткерлікпен – көсемдікпен өмірін арнап, еңбек еткен хандарымыздың (Керей, Жәнібек, Абылай, Кенесары) би-шешендеріміздің (Төле, Қазыбек, Әйтеке т.б.) ақын-жырауларымыздың

(Асан Қайғы, Бұхар, Махамбет т.б) ғұлама ағартушыларымыздың, қоғам қайраткерлерінің (Әбунасыр әл-Фараби, хакім Абай Құнанбайұлы, Ыбырай Алтынсарин, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов) т.б ондаған тарихи тұлғаларымыздың сөз өнері туындыларындағы көркем бейнеленуі жаңаша серпінмен өркендеді.

Драматургия саласында да халық ықыласпен қабылдаған тың туындылар жазылып, республика театрларының сахналарында қойылумен келеді. Сәкен Жүнісовтың «Кемеңгерлер мен көлеңкелер» (Сәбит Мұқанов, Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов бейнелеріне арналған), Әбіш Кекілбаевтың «Абылай хан», М.Байсеркеұлының «Абылайханның ақырғы күндері», «Кек қылышы Кенесары» т.б. [3;45].

Сәкен Жүнісов, Әбіш Кекілбаев шығармаларында Абылайхан заманы - қазақ халқы үшін қасіреті мол жаугершілік, зобалаңы көп кезең болып суреттеледі. Атақты елбасы, қолбасы, дипломат, терең ойдың иесі Абылай тарыдай шашыла қоныстанған қазақ халқының басын біріктіріп, тұтастықты ұстау үшін жарғақ құлағы жастыққа тимеген әрекеті шығармалардың негізгі оқиғасына айналған.

Тартыс пен мінез – драматургия жанрының ең негізгі өзегі. Драмалық шығармадағы тартыс - қарама-қарсы ниеттегі қаһармандар бойындағы ішкі және сыртқы әрекеттерімен тығыз байланысты. Кез келген драмалық шығармада тартыс пен мінез қызметі солғын болса, ол – шығарма көркемдігін төмендетуге апаратыны белгілі. Мінез мәселесін ашуда да әр суреткердің амалы әр түрлі [4;69].

Сәкен Жүнісов, Әбіш Кекілбаев шығармаларында Абылайхан заманы - қасіреті мол қазақ халқы үшін жаугершілік, зобалаңы көп кезең болып суреттеледі. Атақты елбасы, қолбасы, дипломат, терең ойдың иесі Абылай тарыдай шашыла қоныстанған қазақ халқының басын біріктіріп, тұтастықты ұстау үшін жарғақ құлағы жастыққа тимеген әрекеті шығармалардың негізгі оқиғасына айналған.

С.Жүнісовтің “Абылай хан” киносценарийі және Ә.Кекілбаевтың "Абылай хан" атты халықтық қаһармандық драмалық дастаны өмірге келді. Аталған сахналық көркем шығармалар (драмалар) республиканың әр театрларында сәтті қойылып келеді. "Абылай хан" халықтық қаһармандық дастаны еліміз тәуелсіздік алған жылдары да, сол тәуелсіздік жолында қызмет еткен ел басшыларын көркем бейнеледі. Пьеса үш көріністен тұрады.

Бірінші көріністе тарихтан өзімізге мәлім Сабалақ атымен жүрген жас Абылаймен кездесеміз.Ұрыс майданында жоңғар ханы Қалдан батырдың ұлы Шарышты өлтіріп, батырлығымен танылады.

Екінші көріністен аң аулап жүріп, қапияда кез болған ойраттардың тұтқынына түскен батырдың жан арпалысына кездесеміз. Батырға көмекке келетін сұлу Күлпаш оған көңілі кетіп, олардан Әмір Сана туады. Абылай зынданнан өзінің шешендігімен, тапқырлығымен құтылады.

Үшінші көріністе оқиға шиыршық ата түседі. Бұл көріністе қазақтың өз ішіндегі бітпес дауға кездесеміз. Қазақ шонжарлары қалмақ шапқыншылығынан қорқып, Әмір Сананы қайтаруды талап етеді. «Еркек тоқты құрбандық» деп түсінген хан баласын Ресейге өткізіп жіберуге мәжбүр болады. Автор Абылайханның түйдек-түйдек ойлары арқылы көпке ой сала біледі: «Сыртта-лаң, іште-жылан. Шытырман да шырғалаң. Алға тартсаң-алдыңнан, қияға тартсаң етегіңнен. Жармасып жатқан жау өңшен». Бір жағынан орысы, бір жағынан жоңғары мен қытайы қысқанда да сол қазақтың өз ішінің дау-жанжалы біткен бе? Осындай сан сауалға жауап іздеген Абылайханның түйінді шешімін:

Азаттықтың қамы үшін,

Болашақтың бағы үшін,

Ұлы жорық бастаймын,

Айналайын әлеумет,- дегенінен көруге болады [5;336].

Ә.Кекілбаев ақ өлең үлгісімен шебер драмалық дастан жасаған. Абылай хан мен Кейуана, Абылай мен Қалдан, Абылай мен Күлпаш араларындағы диалогтарда елге, жерге, ата-жұртқа деген терең сезім, елін жаудан сақтау амалдары ғана сөз болады.

Қалдан мен Абылай арасындағы диалог-тартысты Әбіш Кекілбаев қасиетті қара сөздің киесімен, шешен төгілту, жұмбақтату арқылы екі хан арасындағы бітіспес дауды, тартысты шебер бітістіреді.

Сәкен Жүнісовтің “Абылай хан” киносценарийі Абылай туралы қазақ халқының алғашқы көркем фильмінің басы. Сценарий—екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім - “Сабалақ - Абылай”, екінші бөлім – “Абылай хан” деп аталады.

Бірінші бөлімде: Абылайдың бала күнінен, бозбала, жігіттік қалыптасу кезеңдеріндегі әрекеттері заманымен суреттеледі яғни сабалақ атанып жүрген ол енді жауды ойсыратқан батыр атанады. Мысалы, бұған дәлел Абылайдың жекпе-жекте Қалданның ұлы Шарышты жеңуі. Екінші бөлімінде: сұлтандық кезінен басталып, хандық құрған уақыттары аралығындағы көріністерімен жалғасады.

Кинодраматург Сәкен Жүнісов сценарий экспозициясын мына көріністерімен ашады: “Алай-дүлей қара ала торы ала қою түгіндей аунай көшкен қат-қабат қалың бұлт. Шудалана көшкен бұлттың қайсыбірі алыста, көк аспанның дәл астын да көрінсе, енді бір тобы жабағыдай, бірде тұтасып, бірде сөгіле жыртылып, сеңсең қара қойдың жүніндей жалбырап, дәл қол созым жерде бауырымен жер сыза өтіп жатқандай. Сайсүйегінді сырқыратып, құйқа тамырыңды шымырлатқандай зарлы қобыз үні, қобызға қосыла салған қобызшы үні.

Киносценарийде бірнеше оқиғалар қатары суреттеледі. Драматург-жазушының тарихи тақырыпты жақсы меңгергендігіне білетіндігіне – сценарий мәтінін талдау барысында көз жеткіздік. Әсіресе, ХҮІІІ ғасырдағы хандық дәуірде қазақ халқының ауыз-екі қарым-қатынас сөйлеу тілін, хан-сұлтандар сарайы маңындағы шағын топтың лексикасын да өз дәрежесінде келтіреді

ХҮІІІ ғасырдағы екі алпауыт, айлалы мемлекет: Ресей патшалығы мен Цин империясының өз ара саясатының арасында құрбан бола жаздаған “жабайы далалық” көрші екі ел: қазақ пен қалмақ арасындағы ғасырларға созылған қан төгіс, жауласуларын бала Әбілмансұрдың (ауырып жатып, сандырақтап): ”Жібермеймін, жібермеймін. Мен сені үйретемін. Қыл бұрау салып үйретемін. Сен қалмақтың жылқысы болсаң, мен қазақтың ұлымын. Үйретемін. Жауға саламын. Жау, жау! Тарт садақпен. Құлады, құлады... Әне, әне, қаптап келеді... Жоқ-оқ, ала алмайсың! Аттан, аттан!”

Драматург С. Жүнісов жас Әбілмансұрдың (жан-жақты тәрбиешісі) болған Ораз бен Уәли сұлтан арасындағы диалогтары—сценарийдің көркемдік деңгейін көтереді.

Кинохикаят оқиғасына қазақтың маңдайына біткен ірі тұлғалары: Бұқар жырау, Төле, Әйтеке, Қазыбек билер, батырлары: Қабанбай, Бөгенбай, Жәнібек т.б., белгілі елшілер, Абылай ұрпақтары орынымен қатысып, бір тұтастықты, жүйені сақтауға салмақтарын салған.

Экранда тізбектеліп көз алдында өтіп жататын қысқа эпизодтарды да режиссер есіне салып отырғандай көркем келтірген.

Сценарийде хан сайланған Абылайдың қазаққа сіңірген еңбегі, халқының қамы үшін еш нәрседен тайсалмайтындығы, көреген көсбасшы, асқан тапқыр ой иесі екендігін көреміз.

Абылай ханның тарихи тұлғасы, шындығы, көркем шындыққа бейнеленген. Абылай бейнесі тарих пен әдебиетте болғанымен, кино жанрында тұңғыш рет сомдалып отыр. Драматург С. Жүнісов сценарий оқиғасын Абылай ханның айналасына жинақтаған. Абылай ханның образы арқылы сол кездегі қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі мен тарихынан сыр шертеді [6;136].

Киносценарийдегі әлеуметтік маңызы бар – хандар, рулар, тағыдай алысқан көрші мемлекеттер арасындағы саяси-дипломатиялық жағдайдан шығу барысында үнемі Абылай хан тұрады.

Ал, С. Жүнісов сценарий соңында Абылайдың атынан: ”Уа, жасаған, уа, жұртым. Қашан үш жүздің басы бірігіп, қалың қазақ қашан бір шатырдың астында, көп хан емес, бір ханның билігінде, өз жерінің шекарасын белгілеп, өз жерінің байлығына, билігіне өзі ие болып, басқаға жалпақсыз, бөтенге жалтақсыз мықты ел болады екен. А, құдай, мен Абылай! Біреуге сұлтан, біреуге хан, біреуге Абылай!” , - деген аталы сөздері бүгінгі заман ағымымен, саясатымен сабақтастырады.

Сценарий мен драмалық дастанның басынан соңына шейін үзілмеген желі - қазақ халқының бостандық тілеген тілеуі, соның бойында ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келген елді жаудан қорғаудың сан жағдайы, сол ұрпақтар ішінде Абылай ханның тұсындағы күрес, көреген қолбасшының өмір сүрген заманы шындықпен сабақтастырылады.

Қорытындылай келе тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтар болсақ, тартыс - негізінен Абылай ханның батырлығы мен даналығын суреттейді. Шығармаларда (сценарий мен драма) тек қана XVIII ғасырдағы хандық дәуірді ғана емес, өткен замандар мен бүгінгі заманның ахуалымен салыстыра отырып қорытынды шығарады.

Жалпы драматургтер С.Жүнісов пен Ә.Кекілбаев Абылай атынан заман шындығын, хан айбарын, көрегендігі мен тапқырлығын сөйлете білді. Халық сүйсінетіндей, табынатындай көркем шығарма жасап, қазақ әдебиетінің алтын қорына қомақты үлес қосты.

Әдеби сценарийде орталық қаһармандардың мінезін, бейнесін ашуда көркем әдебиет пен кинодраматургияның кейбір көркемдік шарттары ортақ байланыс пен үйлесімдік тапқанын байқадық.

Әдебиеттер

1. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық.- Алматы: «Аруна» 2005
2. Қазақ әдебиетінің тарихы (Он томдық) 9-том. - Алматы «ҚАЗАқпарат» 2005
3. Кекілбайұлы Ә. Он екі томдық шығармалар жинағы.- Алматы, Өлке баспасы, 1999
4. Жүнісов С. “Абылай хан” киносценарийі –www.Әдеби әлем сайты.
5. Жүнісов С. Көп томдық шығармалар жинағы. I том. Пьесалар.- Алматы: Қазығұрт баспасы, 2005
6. Құраст: З.Ахметов, Т.Шаңбай. «Әдебиеттану терминдер сөздігі». - Семей-Новосибирск, 2006
7. Рымғали Нұрғали «Әдебиет теориясы»- Фолиант, Астана: 2003

ФОЛЬКЛОРЛЫҚ КЕЙІПКЕРЛЕР БЕЙНЕСІНДЕГІ ТҰРАҚТЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ

Фольклор - синкретті өнер. Өз бойына бірнеше өнердің басын тоғыстырған көпқабатты, көпфункционалы руханият. Фольклор және сөз өнері, фольклор және музыка, фольклор және бейнелеу өнері, фольклор және театр, фольклор және кино. Осындай өнер салаларының басын біріктіріп, бірнеше функция негіздерін тоғыстырған фольклор "халық әдебиеті", "ауыз әдебиеті" деген ескі кеңестік ұғымнан әлдеқайда биік, ауқымы кең. Сондықтан да бүгінде біз ұлттық сөз өнерімізді үш түрге бөліп қараймыз: фольклор, ауыз әдебиеті (ақын, жыраулар поэзиясы) және жазба әдебиет[1].

Фольклор ұғымын жаңаша пайымдау, оның жанрларына жаңаша көзқарас фольклор мұраларын насихаттауда, таратуда, өскелең ұрпақтың санасына сіңіртуде, әсіресе, қазіргі жаһандану заманында игі істердің жандануын, жаңаруын талап етеді.

Зерттеуші С.Мұқанов: «... қазақ халқының өмірін, тұрмысын ескілікті көне жазбалардан, ауызша әңгімелерден ұққандарымыз бен көзбен көріп, өзіміз куә болған жайларды қорыта келе, мен де қазақ халқының өткен өмір жолына тереңірек тоқталып, тұтас бір шолу жасауды алдыма міндет етіп қойдым. Қай халықтың болсын өзіне тән кейбір прогресті ұлттық дәстүрлерін білу, кейінгі жас ұрпақтарға артық болмас деп санаймыз»[2] - дейді.

Жоғарыда фольклордың синкреттілігін сөз еттік. Бірнеше өнердің бірігуін атадық. Ал осы кинода, театрда, әсіресе, бейнелеу өнерінде фольклорлық мұралардың көрінісі қалай суреттеледі? Фольклорлық сюжет оның кейіпкерлері арқылы өрбісе, осы кейіпкерлердің сомдалуы фольклор табиғатын дәл қалпында танытып тұр ма?

Әсіресе, жас бала тәрбиесі, оның ұлттық құндылықты бойына санасына сіңіріп өсуін сөз етсек, мультфильдердегі, кітаптардағы кескіндемелердегі, ойыншықтардағы фольклорлық образдар қалай көрінеді?

Фольклорлық кейіпкерлерді айтқанда, біз ертегілік прозаның, эпостық сюжеттердің қаһармандарына тоқталамыз. Өйткені бұл жанрлар тәрбиелік, көркемдік функция атқарып, эстетикалық әсерімен тәлімдік мәнге ие.

Бұл кейіпкерлерді біріздендіру мәселесін қозғағанда, алдымен тұрақтандыру принципін алға тартар едік. Себебі сюжетте бейнеленген белгілі бір кейіпкер кескіндемеді де белгілі түр-тұлғада нақтыланып, барлық материал беттерінде тұрақты қалып сақтауы қажет.

Ал "тұрақтандыру" процесі фольклор теориясының аспектілеріне қатысты болып табылады. Солардың бастылары: жанрлардың синкреттілігі, фольклордағы импровизацияның рөлі мен орны, фольклордың тарихқа, шындыққа қатынасы, ұлттық ерекшеліктер мен типологиялық сюжеттер, фольклорлық сана мен орындаушының ара-қатынасы, т.т.

Мәселен, Тазша бала бейнесін алайық.

Қазақ фольклорында тазша бейнесі екі түрлі болып келеді. Бірі – шын тазша да, екіншісі – жалған тазша. Алғашқысы – сатиралық ертегінің кейіпкері болса, соңғысы – қиял-ғажайып ертегі мен эпоста көрінеді. Мұнда бас кейіпкер әртүрлі жағдайға байланысты тазша кейпіне түсіп, болашақ әйелінің аулына немесе жау ішіне танылмай келеді. Мәселен, Қозының жасырынып, "тазша" болып, Баянға келуі. Бұл образ шығу тегі жағынан алғанда ежелгі замандағы бозбаланы ержету сынағынан өткізу салтымен байланысты. Ал, фольклорлық көркем шығармаларда тазша бейнесі жанрдың поэтикасына сәйкес бейнеленіп, әлсізді дәріптейтін халық эстетикасы тұрғысынан көрінеді. Осы ретте сатиралық Тазша образы мен жалпы "тазшалық" күйде көрінетін өзге кейіпкердің ара жігін ажыратып, портреттік белгілерін айыра білу керек.

Фольклор теориясының маңызды бір мәселесі – көркемдік әдіс, соған байланысты

кейіпкерді суреттеу тәсілі. Осы тұрғыдан келгенде, фольклор романтикалық типтендіру әдісін қолданып, кейіпкерді суреттеуде дәріптеу мен әсірелеу сияқты тәсілдерді пайдаланады. Эпостардағы сұлулардың, басты қаһармандардың бейнесі бір поэтикалық бояуда суреттелетін тәрізді.

Алайда, көркемдіктің тереңіне, сөздің тұңғышына, идеяның астарына үңілетін болсақ, ерекшелікті дөп басып, кейіпкердің жеке өзіне тән портретін жасауға болады.

Мысалы, жыршы он төрт жасқа толған Баянды *«тал шыбықтай бұралған, қыпша бел, алма мойын, елден асқан Сұлу. Тал бойында бір міні жоқ, қолаң шашы тізесіне түскен, гүлдей ашылған аузынан маржан тісі көрінеді. Әлемде ондай қыз жаралған емес. Ақ маңдайы биік, алтын кірпік, өзі нәзік, өзі назды. Ол үшін мал түгіл, басынды қисаң да арман жоқ. Сырттай күлімсіреп сөйлейді. Ішінде мұң бар, бірақ білдірмейді. Паң, көңілі еш нәрсені хош көрмейді»* деп суреттейді [3].

Ал «Жібектің сипаты Төлегенге бұл сықылды көрінді», – дейді де жыршы қызды былай суреттейді.

*Қыз Жібектің құрметі,
Жиһаннан асқан сәулетті.
Ләйлі-Мәжнүн болмаса,
Өзгеден артық келбеті...
Ақ маңдайы жалтылдап,
Танадай көзі жарқылдап,
Алтын шашбау шашында-ай.
Қыз Жібектің дидары –
Қоғалы көлдің құрағы.
Көз сипатын қарасаң –
Нұр қызының шырағы.
Дүрі жауһар сырғасын
Көтере алмай тұр құлағы.
Бой нұсқасын қарасаң –
Бектер мінген пырағы.
Қыз Жібектің ақтығы
Наурызбайдың ақша қарындай.
Ақ бетінің қызылы.
Ақ тауықтың қанындай.
Екі беттің ажары,
Жазғы түскен сағымдай.
Білегінің шырайы
Ай балтаның сабындай.
Төбесінде бар қос анар,
Нар бураның санындай.
Оймақ ауыз, құмар көз
Іздеген ерге табылды-ай...
Бейіштен жанған шам-шырақ –
Көзі жайнап, жанып тұр.
Белі нәзік талып тұр.
Тартқан сымнан жіңішке,
Үзіліп кетпей нағып тұр?! [4]*

Бұл суреттеуден екі арудың екі түрлі бет-бейнесін танимыз.

Қозы мен Төлеген образын салыстыратын болсақ, Төлеген – қазақ эпосы, тіпті, бүкіл қазақ фольклоры үшін жаңа кейіпкер. Ол Қозы Көрпештен өзгеше. Қозының бейнесінде батырлық қасиет көп. Соған сәйкес оның портреті де батырға лайық кескінделуі тиіс. Ал, Төлеген – нағыз лирикалық кейіпкер. Ол бай болуды, батыр болуды көксемейді. Оның

арманы – өзіне лайықты сұлуды сүю, соны өзіне өмірлік жар ету. Жыршы да осыны айтады: «*Батырлық, байлық кімде жоқ, Ғашықтық жәні бір басқа*»[4]. Демек, сол кездің қоғамында осындай ой-пікір болған, яғни ел ішінде махаббатты – өте таза, бәрінен ерекше, биік сезім, оны кез келген адам біле бермейді деген ұғым қалыптасқан. Нақ осындай ерекше сезім Төлегенді әкесінің бата бермегеніне қарамастан алыс жолға жалғыз аттандырады. Төлеген үшін өмірдің мәні де, сәні де – махаббат, махаббат үшін күресіп, өмір сүру, сүйгеніне үйлену. Сондықтан да болу керек, оның мінезі де, істері де әдеткі эпостағыдай емес. Ол аң да ауламайды, мал да бақпайды, жастайынан батырлық мінез де танытпайды, батырлық өнерді де үйренбейді. «Періште сипатты ұл» боп тууының өзі – оның ерекше сұлу болатынын білдіреді. Демек, ол батыр болмайды: Төлеген кәдімгі батырларша «сағат сайын» өспейді, бозбала кезінде ешбір ерлік іс-әрекет жасамайды. Есесіне он екі жасында өзіне пара-пар сұлу қыз іздей бастайды. Он алты жасқа толғанда ат тұяғы жететін жерді түгел шарлап шығады. Қыз Жібек туралы ести сала ол еш ойланбастан жолға шығады. Бұдан байқайтыныңыз, Төлегеннің портреттік бейнесі батырлық тұлғадан гөрі тән сұлулығы мен жан нәзіктігін қамтуы керек.

Лиро-эпостардың сюжетіне сай қос ғашықтың сезімдеріне қарсы әрекет ететін кейіпкерлер бейнеленеді. Мысалы, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырындағы ізгілік пен зұлымдықтың тайталасы оқиғаға Қодар араласуымен күшейе түседі. Қодар да – жағымсыз кейіпкер. Қодардың мінез-құлқы да, қылықтары да, сыртқы пішіні де сарказммен баяндалып, суреттеледі. Мысалы, оның сырт пішіні адам күлерлік: «*Анық он кез өзінің бойы бар, жауырынының жалпағы үш жарым кез, сыңар жұдырығы қолағаштай, ұзыны жауырының алты қарыс*» [4]. Оның осы денесі, былай қарағанда, алыпқа лайық, бірақ жыршы оны келеңсіз етіп көрсетеді, мазақ қылады. Осы тон Қодардың ересен еңбегін баяндағанда да сақталады. Ол тоқсан мың малды шөлден алып шығу үшін талай құдық қазып, су шығарады, суы жоқ құдыққа меспен су тасып құяды; оның қарқынына шыдамай, астындағы аты болдырады, Қодар жаяу жүріп су тасиды, аяғы қанап, жаралы болса да қазуын қоймайды. Осының бәрі жырда күлдіргі түрде әңгімелейді, сөйтіп жыршының ирониясы көрініп тұрады.

Мұндай сарказм, ирония әдістерін терең ұғынған суретші не мүсінші Қодардың өзге де эпостық ұнамсыз кейіпкерлерден ерек тұрақты түр-тұлғасын жасайтыны сөзсіз.

«Қыз Жібек» жырындағы Бекежан да - Қодар секілді зұлымдықтың иесі. Ол – өте пасық, өзгенің жақсылығын көре алмайтын адам. Сол себепті ол өзінің жымысқы тірлігін жасырын істейді, ойын құпия ұстайды. Өйткені, ол –қорқақ, арам. Жырда Бекежанның қалай өмір сүріп жүргені, бұрын кім болғаны айтылмайды[4]. Эпос оны тек «қарақшы» деп атайды. Сондықтан да Бекежанның портреті қарақшыға лайық болатыны хақ.

Қорытындылайтын болсақ, кескіндемеде фольклорлық сұлу қыздар, қаһарман жігіттер, ұнамсыз кейіпкерлер бір идеяның, бір функцияның иелері болса да, олардың кескіндемедегі портреттері трафареттік күйде қайталанбауы тиіс. Фольклор теориясының аспектілерін ескере отырып, суретшілер сөзбен өрілген сурет сырын ұғынып, сонан соң бейнелеу өнеріндегі суретке қалам тартуы абзал.

Сондықтан да фольклорлық кейіпкерлер портретін алдымен тұрақтандырып, одан соң олардың мультфильм, кино, кітап беттерінде, ойыншық түрлерінде бірізді сомдалуы үшін бейнелеу өнері шеберлерінің арасында конкурс өткізілуі қажет. Бұл орайда мемлекет тарапынан құрылған комиссия жұмыс жасауы керек. Мұндай конкурстың маңыздылығы, өткізілу дәрежесі еліміздің мемлекеттік рәміздерін таңдап, бекітуге арналған конкурс деңгейімен бірдей болуы тиіс деп айтар едік. Өйткені қазақта «ел боламын десең, бесігінді түзе» дейтін сөз бар. Мемлекеттік рәміздер – елдіктің нышаны болса, фольклорлық мұралар – ұлттық мәртебенің нышаны.

Әдебиеттер

1. Мұқанов С. Халық мұрасы.- А., 1974
2. Қасқабасов С. Жаназық. Әр жылғы зерттеулер. - Астана, 2002

3. Қасқабасов С. «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жыры және түркі эпостық дәстүрі // «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» эпосы және түркі әлемі. - Алматы, 2003.
4. Қозы Көрпеш-Баян Сұлу. Қыз Жібек. Қазақтың ғашықтық жырлары.- М., 2003.

К. К. Елубаева
г. Астана

ФОРМИРОВАНИЕ КОММУНИКАТИВНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ СТУДЕНТОВ-ОРАЛМАНОВ В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ РУССКОМУ ЯЗЫКУ

В современной науке коммуникация рассматривается: как социальная деятельность, выступающая вместе с другими видами человеческой деятельности; как посредник между человеком и обществом, способствующий целенаправленному обмену мыслями, информацией в рамках социальной деятельности человека.

Понятие компетенция (от лат. *competere добиваться, соответствовать, подходить*) трактуется в широком смысле как знания, опыт, осведомленность в какой-либо области, а также как круг полномочий определенного органа или должностного лица, установленный законом, уставом, стандартом или иным актом. В научно-педагогической практике настоящее понятие постепенно трансформировалось, «обрастая» специфическими смыслами. Анализ научно-методической литературы показал большой разброс во мнениях ученых относительно понятия «компетенция», что свидетельствует о его емкости и многоярусности.

Формирование коммуникативной компетенции — задача сложная и многогранная, требующая теоретического осмысления, новых подходов, выдвижения конструктивных идей и их экспериментальной проверки. Социальная значимость данной проблемы подтверждается неоднократным обращением к ней ученых, исследователей, проводивших анализ и обобщение как отечественного, так и зарубежного опыта.

Вне зависимости от подходов методистов к составу понятия «коммуникативная компетенция», в ее общедидактическом плане, по мнению Ю.Е. Прохорова, можно согласиться с тем, что «ее содержание составляют знания, умения и навыки, необходимые для понимания чужих и порождения собственных программ речевого поведения». [1]

Коммуникативная компетенция — способность средствами изучаемого языка осуществлять речевую деятельность в соответствии с целями и ситуацией общения в рамках той или иной сферы деятельности. В научно-методической литературе коммуникативная компетенция рассматривается как конечный результат обучения. В основе коммуникативной компетенции лежит комплекс умений, позволяющих участвовать в общении в его продуктивных и рецептивных видах речевой деятельности.

Коммуникативная компетенция рассматривается как сложное психолингвистическое образование, включающее в свой состав ряд других компетенций. Так, в «Словаре методических терминов» [2] представлено более десяти различных видов компетенций: коммуникативная, лингвистическая, общеучебная, прагматическая, профессиональная, речевая, страноведческая, стратегическая, социальная, социокультурная и другие. Основные составляющие компоненты коммуникативной компетенции: языковой, речевой, прагматический.

Языковая компетенция — это владение знаниями о системе языка, о правилах функционирования единиц языка в речи и способность с помощью этой системы понимать чужие мысли и выражать собственные суждения в устной и письменной форме.

Халықаралық деңгейде халықаралық коммерциялық төреліктің құқықтық реттелуі халықаралық конвенциялар, екіжақты шарттар негізінде, ал мемлекет ішінде халықаралық төрелікті реттейтін заңдарды қабылдау жолымен жүзеге асырылады. Сонымен бірге, көптеген мемлекеттермен ратификацияланған (мысалы, жеке құқықты унификациялаудың Халықаралық институтымен (УНИДРУА) бекітілген «Халықаралық коммерциялық шарттар қағидалары») халықаралық құжаттар қолданысқа ие.

Д.Умирзахова атап көрсеткендей: «Коммерциялық төрелікті реттейтін халықаралық конвенциялар аумақтық әрекет ету (көпжақты және жергілікті) және қолдану аясына (жалпы және арнайы) байланысты ерекшеленеді» [1, 113].

Қазақстан Республикасы ратификациялаған конвенциялар қатарындағы көпжақтыға Шетелдік төрелік шешімдерін тану және іске асыру туралы Конвенция (1958 жылғы Нью-Йорк конвенциясы) мен Мемлекеттер және жеке немесе заңды тұлғалар арасындағы инвестициялық дауларды реттеу тәртібі туралы Конвенция (1965 жылғы Вашингтон Конвенциясы) жатады. Жергілікті болып көптеген еуропалық мемлекеттер қатысатын, 1961 жылғы Сыртқы сауда төрелігі туралы Еуропа конвенциясы және Солтүстік және Оңтүстік Американың 16 мемлекеті ратификациялаған Халықаралық коммерциялық төрелік туралы америкааралық конвенция (1975 жылғы Панама конвенциясы) табылады. Сонымен қатар жергілікті конвенциялар қатарына келесілерді жатқызуға болады: ТМД-ның 8 мемлекеті (Армения, Молдова, Беларусия, Ресей, Қазақстан, Тәжікстан, Қырғызстан және Украина) қол қойған Шаруашылық қызметті жүзеге асырумен байланысты дауларды шешу тәртібі туралы келісім (Киев, 1992 жыл 20 наурыз) және ТМД-ның 7 мемлекеті (Өзірбайжан, Армения, Молдова, Ресей, Қазақстан, Тәжікстан, Қырғызстан) қол қойған, Достастыққа мүше мемлекеттер аумағында төрелік, шаруашылық және экономикалық соттардың шешімдерін өзара орындау тәртібі туралы келісім (Мәскеу, 1998 жыл 6 наурыз).

Жалпы сипаттағы конвенцияларға коммерциялық категориядағы кез келген төрелік келісімдерді, үрдісті және шешімдерге қатысты сұрақтарды реттейтін халықаралық конвенцияларды айтуға болады, олардың қатарында Нью-Йорк конвенциясы, Еуропа конвенциясы, Панама конвенциясын айтуға болады. Арнайы халықаралық конвенцияға мысал ретінде инвестициялық сұрақтарды шешуге бағытталған, тек қана мамандандырылған төрелікті реттейтін, 1965 жылғы Мемлекеттер мен шетелдік тұлғалар арасындағы инвестициялық дауларды шешу туралы Вашингтон конвенциясын, ТМД көлемінде 1997 жылғы 28 наурызда Мәскеуде жасалған Инвестордың құқығын қорғау туралы Конвенцияны айтуға болады. Сондай-ақ әлемнің көптеген заңгерлерімен ғылыми кеңес негізінде дайындалған, төрелік іс жүргізу құқығын унификациялаудың басқа бір нысанын – халықаралық коммерциялық төрелік туралы ЮНСИТРАЛ Заң үлгісін ерекше атап өту қажет. ЮНСИТРАЛ Заң үлгісі БҰҰ Бас Ассамблеясынан 1985 жылдың 11 желтоқсанында қолдау тауып, мемлекеттерге тиісті ұлттық заңның үлгісі ретінде ұсынылды. Төрелік мекемелердің көпшілігі осы регламентті өздерінің қызметін жүзеге асырудың үлгісі немесе нормативтік негізі ретінде таниды және қабылдайды.

Осылайша халықаралық коммерциялық төреліктің іс жүргізу нормаларын қабылдау және унификациялауға, яғни бірегейлендіруге халықаралық қауымдастық айрықша көңіл бөлуде. Себебі осы актілер негізінде тараптар арасындағы туындаған дауларды дұрыс әрі әділ шешу мүмкіндігіне ие боламыз. Халықаралық деңгейде осы салада бірнеше халықаралық актілер әрекет етеді. Олар мазмұны бойынша, заңдық күші және қолдану тәсілдері бойынша ерекшеленеді. Олардың көпшілігі БҰҰ шегінде қабылданған.

Халықаралық конвенциялар және өзге де халықаралық шарттардың нормалары мүше-мемлекеттердің ішкі заңнамасының бір бөлігіне айнала отырып және ұлттық заңнамаға қатысты басымдылыққа ие болады. Бұл ереже ҚР Конституциясының 4-бап 3-бөлімінде бекітілген: «Республика бекіткен халықаралық шарттардың республика заңдарынан басымдығы болады және халықаралық шарт бойынша оны қолдану үшін заң шығару талап етілетін жағдайдан басқа реттерде, тікелей қолданылады». Ал мемлекет ішінде халықаралық коммерциялық төреліктің қызметі халықаралық төрелікті реттейтін заңдарды қабылдау жолымен жүзеге асырылады. Біздің елімізде төрелік соттардың қызметі 2004 жылы 28 желтоқсанда қабылданған «Халықаралық төрелік туралы», «Аралық соттар туралы» заңдары негізінде реттеледі. Бұдан басқа, Халықаралық төрелік (аралық) соттар қызметін реттеу ҚР Азаматтық іс жүргізу кодексінде, сондай-ақ Төрелік және аралық соттардың регламенттерінде қамтылған. Осылайша, азаматтар мен заңды тұлғалардың азаматтық-құқықтық қатынастар саласында өз қалауы бойынша мемлекеттік сотқа немесе төрелік (аралық) соттың көмегіне жүгінуге құқығы бар.

Қазақстан Республикасындағы аралық сот қызметінің Конституциялық негізі ҚР Конституциясының 13-бабының 1-тармағы болып табылады: «Әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуына құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға хақылы». Бұл қағидатты ҚР Азаматтық Кодексінің 9-бабы нақтылайды, ол азаматтардың құқықтарын сотпен қорғау аспектісінде аралық (төрелік) сотты жалпы құзырлы сотқа теңейді. Қазақстан Республикасы аймақтықты қоса алғанда, төрелік мәселелеріне қатысты негізгі халықаралық конвенцияларды және келісімдерді біріктірді және бекітті. Бүгінгі күні олар Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқықтық негіздері болып табылады.

Халықаралық коммерциялық төреліктің негізгі маңызды ережелері Сыртқы саудалық Төрелік туралы 1961 жылғы Еуропалық Конвенцияда бекітілген, оған сәйкес: 1. Істерді қарастыру барысында төрешілер ретінде дау қарастырылатын елдің азаматтары ғана емес, сонымен қатар шетелдік азаматтар да бола алады (3-бап). 2. Өздерінің ұлттық заңдары бойынша «жария құқықтың заңды тұлғаларына» жатқызылатын заңды тұлғалардың өз дауларын төрелік өндіріске беру құқықтары қарастырылған. Ұлттық заңдар бойынша көпшілік құқықтың заңды тұлғалары мұндай құқықтардан шектелген және тек мемлекеттік соттарға ғана жүгіне алады (2-бап). 3. Қолданылатын құқықты таңдау бойынша тараптар еріктерінің шектелмеген автономиясы құқығы бекітілген, яғни тараптар құқықты таңдап алмаса, төрелік коллизиялық нормаларға қатысты құқықтарды таңдайды, төрешілер «достық делдалдар» ретінде тараптардың арасында келісім бойынша шешім шығара алады (7-бап). Конвенция төрелік пен мемлекеттік соттар арасындағы қарым-қатынастардың тәртібін нақты реттейді. Ол мемлекеттік соттың тараптар арасында төрелік келісім жасалған жағдайда дауды қарастыру міндеті жайлы жалпы қағиданы бекітеді. Бұдан басқа, мемлекеттік соттың шешіміне қарсылық білдіру тәртібі, мемлекеттік соттың төрелік келісімнің бар-жоқтығы немесе заңдық күші туралы мәселені қарастыру тәртібі бекітілген.

Е.Глотовтың пікірінше: «Қазақстанда шетелдік сот шешімдерін орындау тек қана халықаралық келісімшарттар болғанда ғана мүмкін, яғни Құқықтық көмек көрсету жөнінде немесе ТМД мемлекеттері арасындағы көпжақты келісімшарттар (соның ішінде 2002 жылғы 7 қазандағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы Кишинев Конвенциясы)» [2, 57].

Қазіргі кезде Қазақстан құқықтық көмек көрсету жөніндегі келісімшарттарды ТМД елдерімен, сондай-ақ Литвамен, Біріккен Араб Әмірлігімен, ҚХДР, Пәкістанмен, Түркиямен, Монғолиямен, КХР, Иранмен бекіткен.

И.В.Дробязкинаның айтуы бойынша, заң ғылымында және сот тәжірибесінде қалыптасқан түсінік бойынша, халықаралық келісімшарт болмаған жағдайда, шетелдік сот шешімдерінің орындалуына жол берілмейді. Солай бола тұра, шетелдік сот тәжірибесінде

халықаралық келісімшарт болмаған жағдайда, шетелдік сот шешімдерін өзара түсіністік қағидасы негізінде орындалуына жол берілген [3, 115]. Мысал ретінде, Ресей Федерациясында шетелдік сот шешімдерін өзара түсіністік қағидасы негізінде орындау заңнамалық тәртіпте бекітілмеген. Қазақстанда өзара түсіністік қағидасы заңнамалық тәртіпте бекітілген, АІЖК-нің 425-бабының 1-тармағына сәйкес егер Қазақстан Республикасының заңында немесе халықаралық шартында өзара түсіністік негізінде бұл көзделген болса, шетелдік соттар мен төрелік соттардың шешімдері Қазақстан Республикасында танылады және орындалады.

Қазақстан заңнамасында өзара түсіністік қағидасы бекітілгенімен, заң әдебиеттерінде, не болмаса сот тәжірибесінде бұл қағида ескерілмеген. Сондықтан да мақсат халықаралық келісімшарттар болмаған жағдайдың өзінде, шетелдік соттардың шешімдерін өзара түсіністік қағидасы негізінде орындалуын сот тәжірибесіне енгізу болып табылады.

Әдебиеттер

1 Умирзахова Д. Правовые основы организации и деятельности международного коммерческого арбитража // ҚазҰУ хабаршысы. Заң сериясы. – 2012. - №2 (62). – С. 113-118

2 Глотов Е. Исполнение иностранных судебных и арбитражных решений в Казахстане // Заңгер. - 2012.- № 8. – С. 57-62

3 Дробязкина И. В. Международный гражданский процесс: проблемы и перспективы. – Спб: Изд-во: Р. Асланова «Юрид. Центр Пресс», 2005. – 360 с.

А. Т. Сейдахметова
Астана қ.

ТЕРРОРИЗМ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДА ОРЫН АЛУЫ

Заман дами бере технологиялармен қатар идеологиялық құндылықтар да үлкен өзгеріске ұшырады. Заман талаптары өзгерді, адам табиғатын зерттеу арқылы күннен-күнге жаңа қажеттіліктер өмірімізде орнын тауып жатыр. Сол сияқты соғыс әрекеттері де жаңа жоғары деңгейге өтті. Соны ескере отырып, халықаралық күресте түрлі модернизацияланған әдістің бір күрделі түрі терроризм болып табылады. Өйткені ең қауіпті шекара - адам психологиясы, тұрмысы. Оның ұлттық шекаралардан шығып, халықаралық сипатқа ие болуы әлем халқына, мемлекет аралық бейбітшілік пен ынтымақтастыққа деген қауіпін күшейте түсті, сондықтан бұл мәселе жан-жақты және объективті зерттеуді қажет етеді. Көптеген сарапшылар терроризмді тек көзбояушылық әдіс деп санайды. Ал оның астарында үлкен саясат немесе соған бағытталған бағдар барына күмән жоқ. Ол белгілі мақсатты меңзейді. Терроризмнің психологиялық түсінігі – бұл өзінің идеологиялық негізі бар және өзінің қажеттіліктері мен мүдделерін террор арқылы жүзеге асыратын ерекше жағдайдағы қызмет. Террорлық әрекет әлеуметтік және саяси іс әрекеттің қаруы болып келді және болады. Негізінен, терроризм — бұл күш қолдану арқылы адамдарды қорқыту. Психологиялық тұрғыдан террор үрейді (страх) және қорқынышты (ужас) тудырады. Белгілі бір іс-әрекеттің (терракт) нәтижесінде пайда болатын үрей немесе қорқыныш болып өмір бойына қалады. Қорқыныш - бұл максималды дәрежедегі бастан өткізілетін үрей. Қорқыныш эмоциясы үрейден күштірек болады. Үрей - бұл тұлғаның биологиялық және әлеуметтік өмір сүруіне қауіп төндіргенде пайда болатын эмоция. Адам үрейді әртүрлі жағдайда өз басынан кешіруі мүмкін. Үрей адамның тыныштығына немесе қауіпсіздігіне қауіп төндіргенде пайда болады. Террорлық актінің

мақсаты - қоғамды дүр сілкіндіру және эмоциясын туғызу, яғни халық санасында сенімсіздік тудыру. Бұл халықтың құқық қорғау органдарына және билік органдарына деген сенімсіздігі арқылы білінеді. Күш қолданудың бағыты: тәндік жою, саяси, әлеуметтік, экономикалық, ақпараттық және тағы басқа. Терроризм күрестің спецификалық құралы ретінде өзіне әрқашан біркелкі емес көзқарас туғызады. Әлсіздердің қаруы бола отырып, терроризм белгілі бір қолдаушыларға ие болып отыр [1]. Сондықтан террористердің қатары көбеюде. Осыны зерттеп келген ғалымдар адамның ойлау үрдісін күшті қаруға айналдыратынын түсінді. Сана-сезімді, нанымды көптеген дін жолында жүрген адамдардың өмірлік бағдарын пайдаланып, яғни адам баласының әлсіз психологиялық жақтарын өздерінің пайдасына қолданатын жүйе. Террористер психологиялық тұрғыдан мықты дайындалған адамдар.

Террордың классигі Б.Савинков былай деген: "Егер террористік ұйымда тәртіп әлсіздеу болса, онда ол ұйымның болашағы жоқ". "Күрестің мақсатына жетуі жаудың үрейленуі және қарсы күш көрсетуге деген қабілетін жоюына байланысты [2]. Ол "алла" атымен қорқыту үшін жақсы ойластырылған жүйе және толық түрдегі тәртіпті талап етеді. Әр қадамы түйіткіл ұйымдастырылады. Осы "Алла" жасақтары үшін толық мағынасы бар өмір болып табылады. Жоғарыда айтылғаннан түсінетініміз, террористік ұйымның және әр террористің өмірі қозғалыста болады. Террористік акт аяқталғаннан кейін ол келесі терактінің объектісін іздей бастайды. Яғни, бұл өмірдің тұрақты формасы және жүйелі қызмет болып табылады. Әрине, көптеген террорлық актілердің артында үлкен материалдық қолдау бар.

Мысалы, өткен оқиғаларға қатысты тоқталатын болсақ... Осымен 2001 жылдың 11 қыркүйектегі Нью-Йорк пен Вашингтондағы жарылыстарды негізгі террорлық актінің көрнекті мысалы ретінде қарастыруға болады. Өйткені, Нью-Йорктеге Дүниежүзілік сауда орталығы және Вашингтондағы Пентагон ғимараты АҚШ-тың символы болып табылады. Осы жарылыстардан кейін халықаралық қатынастардағы гегемония күрт өзгерді. Сол кездегі Президент Буш кенеттен Ислам мемлекеттеріне өз қызығушылығын айқын таныта бастады. Басын имеген кезде террорлық актіні алға қойып, өз саясатын жалғастырды [3]. Ислам елдерінің басшылары қуғынға ұшырап, халықаралық арена дүр сілкінді. Жылдар өте келе, бұл жағдайды көптеген аналитиктер, ғалымдар басқа қырынан зерттей бастады. Мүмкін бұл теракт кейін өз жемісін әкелуге бағытталған іс-әрекет болған шығар?! Бұл оқиғадан кейін терроризмге деген көзқарастың мүлдем өзгергені дәлел.

Ал енді терроризмнің елімізде орын алуын талдайтын болсақ, күрделі мәселелерге келіп тірелеміз. Бүгінгі таңда Қазақстанда терроризмнің таралуы өзекі мәселелердің біріне айналып отыр. Терроризм мәселесі осы уақытқа дейін елімізде ұлттық қауіпсіздікке нақты қауіп төндіретіндей дәрежеде емес деп бағаланды, бірақ қауіп-қатер ретінде қарастырылып отыр. Сондықтан да болар, еліміздің ұлттық қауіпсіздік жүйесі этносаралық шиеленіс, есірткі тасымалының жолын кесу, заңсыз миграция сияқты қауіп-қатерлерге төтеп беруге бейімделген еді. Қазақстандық және шетелдік сарапшылар да терроризм проблемасы Қазақстанға төніп тұрған нақты қауіп емес, Орталық Азиядағы жалпы ахуал ретінде қарастырылып келгенін растайды. Қоғамдық пікірде де терроризм негізінен сыртқы қауіп-қатер ретінде қабылданды. Еліміздегі орнаған ахуалдың себебін талдау үшін осы мән-жайларды ескерген жөн. Қазақстан мұсылман қауымының өзегін құрайтын қазақ халқының көп бөлігі өздерінің мүдделерін қорғап отыр. Көптеген ағымдар өз қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін өз ілімдерін алға тартуда. Қазақстанның мұсылман Діни басшыларының арасында қарама-қайшылықтардың орнауына әсер етуі орынды. Олардың арасында Қазақстанның Діни басқармасының басшыларына қарсы тұратын лидерлер белсенділік танытуы мүмкін. Мұндай жағымсыз жағдайдың пайда болуы мұсылмандардың сеніміне нұқсан келтіреді. Сондықтан мұндай жағдай көпшіліктің арасында сенімсіздік туғызып, олардың арасында діни оппозициялық ағымдардың өсуіне әкеліп соғуы айқын. Қазақстанның мұсылман этностарының санасында этноконфессионалдық бағыт басым. Ислам этникалық

айырмашылықтарды алып тастай алмайды. Бұл айырмашылықтар олардың көпшілігіне күшті этнодифференциалды фактор ретінде қызмет етеді. Қазақстанда тұратын бірқатар мұсылман қауымдар ресми құрылымдарға бағынбайды, өзінің автономдылығын сақтап отыр. Сөйтіп, түрлі ағымдар өздерінің діни ілімдерін қорғап қалу жағдайына тіреліп отыр. Бұл конфессиялардың қауіптілігі халық арасында таратылып жүрген үндеулер, жиналыс арқылы жаңа тұлғаларды өз ағымына қарату (вербовка), түрлі кітапшалар мен брошураларды тарату болып табылады. Жастардың сана-сезіміне, тұрмыс жағдайына өзгерістер енгізуі. Кейін осы адамдарды қолдана отырып, елде терроризм қаупін күшейтуде.

Терроризмге байланысты жайт көпшілікке жат жағдай болса да, күнделікті өмірде орын алып жатыр. Әсіресе, соңғы жылдары еліміздің кей аймақтарындағы орын алған Ақтөбе қаласындағы террорлық қақтығыс, Алматы облысындағы шиеленіс секілді оқиғалар соған дәлел болып отыр.

Соңғы кездері Қазақстан азаматтарының басқа елдердің жерінде террористік іс-әрекетке қатысуын куәландыратын мәліметтер жиілеп кетті. Еліміздің аумағында террористік іс-әрекетпен байланысты қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылған қазақстандықтардың саны да өсе түсуде. Мәселен, атап айтқанда 2008-2009 жылдары ресми деректер бойынша елде 7 террористік оқиғаның жолы кесілді [4]. Сондықтан да терроризм проблемасы бұрын бізге алыстағы қатер болып көрінсе де, бүгінгі күні ұлттық қауіпсіздікке тікелей қауіп-қатер төндіретін сипат алды. Дегенмен, кейбір сарапшылар Қазақстанда терроризм қаупі жоқ деген пікірде. Терроризм қаупін алдын алу үшін республикада діни ағарту шараларын мықтап қолға алу қажет деген ойда. «Қазақстанда терроризм мен діни экстремизм қаупі жоқ». Белгілі теолог-ғалым, Ресей жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, Құранды орыс тіліне аударған Валерия Прохорова осылай деп санайды. Терроризм мәселелері талқыланған жиынды «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясы ұйымдастырған. Ол ел тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналып өтті [5].

Терроризмнің Қазақстан территориясында таралу мүмкіндігін ескере отырып, біздің елімізде соңғы жылдары бұл құбылыспен күресуде бірқатар механизмдер жасалынды. Бұл іс-әрекеттер мемлекеттің ішкі саясатының негізгі міндеттерінің біріне айналды. Мысалы, еліміздің құқық қорғау мен арнайы қызмет органдары діни бірлестіктердің заңды түрде жұмыс жасауын, заңға қайшы келмейтін процедура сақтауына тексеру жүргізіп отырады. Мемлекеттік шекара бөлімдерінде кедендік, визалық және паспорттық бақылау күшейтілді. Әсіресе, жаңа жобалар тәртіп күшейтілуі. Сонымен қатар халықаралық қатынас жолдардың, көліктердің барлық түрлерінің бағыт-бағдарының тексерісі күшейтіліп, туристік және миграциялық ағындарға реттеу жұмыстары міндетті түрде жүргізіледі.

- 1999 жылы шілдеде «Терроризмге қарсы күрес туралы» заң қабылданды. Осы кезеңнен бастап, бүгінгі күнге дейін жаңа енгізулер жасалуда.

- Қазақстан ТМД, Терроризмге қарсы күрес орталығы, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы, Терроризмге қарсы аймақтық құрылым сияқты ұйымдардың мүшесі бола отырып, терроризм мен экстремизмге қарсы күрес желісінде халықаралық ынтымақтастықты белсенді түрде дамытып келеді.

- Соңғы қабылданған және қабылданатын құжат, жобалардың өз міндетін атқаратынына күмән жоқ. Қазақстанда кейбір режимдерді нақтылайтын терроризмге қарсы заңның жаңа жобасының тұжырымдамасы мақұлданды. Бұл туралы Астанада Ұлттық қауіпсіздік комитеті хабарлады. Себебі 9 жыл бұрын қабылданған заң ескіргендігін комитет басшылығы мәлімдеді.

Ал мемлекет басшысы өзінің кезекті жолдауында таяу арада терроризм мен экстремизм көріністеріне қарсы күресті елеулі түрде күшейтуді талап етеді. Тұрақтылық пен ұлттық қауіпсіздік – жаңа саяси бағытты іске асырудың негізгі шарты. Оның басымдылығын тексеріп жату артық. Бүгін біз үшін құқық қорғау жүйесінің кешенді

реформаларының аралық қорытындыларын шығару маңызды. Жетістіктерге сын тұрғыдан баға беріп, пайда болған мәселелерді айқындап, құқық қорғау жүйесін одан әрі жаңғырту жолдарын белгілеу қажет. Президент тапсырмасы бойынша қазір экстремизм мен терроризмге қарсы күрес жөніндегі мемлекеттік бағдарлама әзірленіп жатыр, бес-алты жылға есептелген барынша кең қолданылатын құжат болуға тиіс. Терроризмге қарсы күрестің тиімділігінің басты өлшемі – террорлық оқиғаның мүлде болмауы, – деді Нұрсұлтан Назарбаев [6].

Қорытындылай келе, уақыт өте келе адам санасына дейін қолы жеткен түрлі психологиялық әдістер тек арнайы адамдардың қажеттіліктеріне бағытталған. Осындай орасан зор деңгейге қанат жайған терроризм үрдісін тоқтату мүмкін емес болса да, оның Қазақстан аумағында жайылып кетпеу үрдісімен күресу қажет. Себебі күшті қару, әрекет жасаушы – адамның сана-сезімі. Алғашқы қадам - еліміздегі кішігірім ұйымдардың жүргізіетін жұмысынан арылу. Мектеп оқушыларын теріс мағлұматтардан қорғау. Сырттан келген қауіппен жүйелі түрде әрбір мемлекет бірлесіп жұмыс жасап жүр. Оған мемлекетіміз түрлі ұйымға кіріп, бірлесіп орындалған нәтиже дәлел. Жақындарымыздың, дос-жарандарымыздың қатерлі жолға түсіп кетпеуі де біздің қолымызда. Көріп отырғанымыздай, орасан зор жұмыс орындалып жатыр, талқыға салынып отырған мәселе өзекті де күрделі де. Бұл қауіпті тоқтату үшін мемлекеттер бірлесіп жұмыс жасауда. Өйткені тереңге кеткен тамырды айыру қиынға соғады.

Әдебиеттер

1. Авдеев Ю.И. Терроризм как социально- политическое явление // Современный терроризм: состояние и перспективы М, 2000. С. 459
2. Савинков Б. Воспоминания террориста. // Избранное. М., 1990. С.154
3. Арлин Одергонның кітабының үзінді «Отель "Война". Психологическая динамика вооруженных конфликтов» — М: 2008 г.
4. (Kazakhstan Today Ақпарат агенттігі, 14.10.09 ж., <http://www.today.kz/ru/news/kazakhstan/2009-10-14/teract>
5. <http://conference.antiterror.rsbi.kz> «Терроризмге арналған халықаралық конференция»
6. <http://e-islam.tarmpi.kz/> 2013-01-11 «Президент Жолдауы»

Қ. С. Ахметова
Астана қ.

ЕУРАЗӘҚ ШЕГІНДЕ КЕДЕНДІК ОДАҚ ПЕН БІРТҰТАС ЭКОНОМИКАЛЫҚ КЕҢІСТІКТІҢ ҚҰРЫЛУЫН ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ

2001 жылдың 31 мамырында Белоруссия, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей және Тәжікстан жаңа үлгідегі халықаралық ұйым – Еуразиялық экономикалық қауымдастықты (кейіннен – ЕурАзӘҚ немесе Қауымдастық) құрды [1].

Қауымдастық шегіндегі интеграциялық процестер институционалды түрде де орналастырылды. ЕурАзӘҚ-ның құрылу сәтінде халықаралық келісімдер жасау, мүлікті иелену, сотта сөйлеу, шоттарды ашу және ақша қаражаттарымен ақша операцияларын жүргізу құзыреттілігін көрсететін халықаралық құқықтық субъективтілікке ие болды.

Қауымдастықтың құқықтық қабілеті қатысушы-мемлекеттермен ресми түрде танылып, 2000 жылғы ЕурАзӘҚ-ны құру туралы келісімнің 11-бабында нормативті

бекітілді. Сонымен бірге ЕурАзЭҚ шегінде Мемлекетаралық Кеңес, Интеграциялық Комитет, Парламентаралық Ассамблея (ПАА) және Қауымдастық Соты құрылды.

Елдер арасындағы осы жүргізілген бірігу қоғамдық өмірдің барлық салаларында ауыртпалықсыз, проблемаларсыз өткен деп айтуға болмайды. Керісінше, мемлекет-серіктестер ұйымдастырушылық - қаржылық мәселелерден бастап, соңында әртүрлі салаларда ұлттық заңнамаларды үйлестіру мақсатында Қауымдастықтың келісім-құқықтық базасын құру қажеттілігіне тап болды.

2006 жылдың 16 тамызында ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық кеңесінің Кедендік одақ мемлекеттері-ЕурАзЭҚ мүшелерінің одағын құру туралы № 313 шешімі басты болып келеді. № 5-қосымшада ЕурАзЭҚ шегінде ортақ экономикалық кеңістіктің құқықтық базасын құруға қажет құжаттар тізімі келтірілгені анықталынды.

Қабылдауға тапсырылған келісім-құқықтық актілер Еуропалық Одақтың құрылтай құжаттарындағы еркіндіктерге ұқсас шартты атты «еркіндіктер» салалары бойынша шектеулі түрде топтастырылғандығы қызықты факт.

Мемлекетаралық кеңестің мұндай үш еркіндігі көрсетіледі:

Бірінші «қызметтер қозғалысының еркіндігі» шегінде ЕурАзЭҚ – мүше-мемлекеттермен қызметтерді сату; білім беру мекемелерін аттестаттау мен аккредиттеу саласындағы ынтымақтастық; Беларусь, Ресей мен Қазақстанның жалпы мұнай-газ нарығын ұйымдастыру тәртібі, басқару, дамыту бойынша Жоба Келісімдерді қабылдау қарастырылады.

Екінші «капитал қозғалысы еркіндігі» шегінде Қоғамдастыққа кіретін және инвестициялау кезінде инвесторлар құқықтарын қорғау механизмін ескеретін мемлекеттер капиталдарының қозғалысын ырықтандыруға бағытталған актілерді қабылдау қарастырылады. Оларға инвестициялық қызмет негізі туралы, валюталық саясаттың капитал қозғалысымен байланысты реттеу мен бақылау операцияларының негізін қалайтын принциптер туралы Жоба Келісімдері жатады. Сонымен қатар капиталдың еркін қозғалысын қамтамасыз ету үшін қаржылық нарықтарда жағдайлар жасау Жоба Келісімін, жалпы сақтандыру нарығын құру туралы Жоба Хаттамасын құрып, қабылдау керек.

Үшінші еркіндік кедергісіз «жұмыс күшінің қозғалысына» арналған. Бұл мақсатта жақтармен еңбекші-мигранттар мен олардың отбасы мүшелерінің құқықтық мәртебесі туралы Жоба Келісімін, жасырын миграцияға қарсы әрекет бойынша ынтымақтастық туралы Жоба Келісімін жасау қарастырылады [2].

Шешімде Қоғамдастық мүше-мемлекеттердің келісімді экономикалық саясатына арналған құжаттарды қабылдау қарастырылады. Бұл актілер негізінен бәсекелестік саясат, табиғи монополия субъектілерінің қызметін бірыңғай реттеу ережелерін белгілеуге қатысты.

Кедендік одақтың жұмыс атқаруы үшін сәйкес келісім-құқықтық база қажет. Мамырда өткен ЕурАзЭҚ шегіндегі соңғы Мемлекетаралық кеңеске дейін 30-ға жуық халықаралық келісімдер жасалынды. 2007 жылдың 6 қазанында Душанбе қаласында өткен ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық кеңесінің отырысында мемлекеттер басшыларымен біртұтас Кедендік аймақты құру мен Кедендік одақты құру және Кедендік одақ Комиссиясы туралы келісімдерге қол қойылды. 2008 жылдың 25 ақпанында Белоруссия, Қазақстан мен Ресейдің үкімет басшыларымен жоғарыда аталған келісімдермен бірге Кедендік одақтың келісім-құқықтық базасының негізін құрайтын тоғыз мәміле қабылданды. 2008 жылдың желтоқсанында Мәскеуде өткен ЕурАзЭҚ-ның отырысында кедендік-тарифтік және техникалық реттеу мәселелері, Кедендік Одақ Комиссиясының Секретариатының қызметін ұйымдастыру жағдайлары бойынша 16 халықаралық келісім қабылданды. Кедендік Одақ Комиссиясының 2009 жылдың 12 тамызында өткен жетінші отырысында Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясының Әлемдік Сауда Ұйымына қосылуы туралы бірыңғай келіссөз делегациясы құрылды. Кедендік Одақ Комиссиясының 2009 жылдың 25 қыркүйегінде өткен отырысында біртұтас кедендік

аймақта кедендік реттеуді қамтамасыз ететін Кедендік одақтың Кедендік кодексінің жобасы мақұлданды.

Кедендік кодексінің жобасы 1973 жылғы кедендік рәсімдерді жеңілдету мен үйлестіру туралы Киот конвенциясының халықаралық стандарттарына сәйкес құрылған. ЕурАзЭС шегінде интеграциялық үрдістерді жоғарылатуда 2000 жылғы ЕурАзЭС-ті құру туралы келісімге сәйкес қатысушы елдердің ішкі заңнамасын үйлестіру және оны Қауымдастық ішінде жасалынған келісімдерге сай келтіру мәселелерін қарастыруға құқылы Парламентарлық Ассамблеясы ерекше орын алады.

Ассамблеяда, ЭСҰ-ның ережелері мен нормаларын есепке алғанда, келесілерді түзету, дайындау және қабылдауға көңіл бөлінуі керек:

— кедендік, антимонополиялық, салықтық, инвестициялық, көліктік, жер заңнамасы, қызметтерді сату туралы заңнамасының негіздерін;

— сыртқы экономикалық қызмет, экспортты бақылау, стандартизациялау, капиталдың жалпы нарығы, жалпы төлем жүйесі, инновациялық қызмет, лицензиялау, шетел инвестицияларын қорғаудың негізгі қағидаттары, экономикалық және ақпараттың қауіпсіздікті қамтамасыз ету негіздері, ұлттық құқықтық жүйеде халықаралық-құқықтық актілерді жүзеге асыру тәртібі туралы құқықтық актілілердің үлгілік жобаларын;

— интеллектуалды меншік құқықтарының саудалық аспектілері бойынша келісімді жүзеге асыру бойынша ұсыныстар беру.

Парламентарлық Ассамблея қызметінің басым бағыты Кедендік одақтың сыртқы шекарасына мемлекеттік бақылаудың келісімді түрлерін көшірілуінің аяқталуына және Одақ мемлекеті аумағының шегінде, соның ішінде үшінші жақ елдерден шығып, оның аумағында еркін айналысқа жіберілген тасымалданатын тауарлардың кедендік рәсімделуін жоюға әсер ететін ұйымдастырушылық-құқықтық механизмдерді құру болып табылады.

Интеграцияға қатысушылардың Парламентарлық Ассамблея сияқты, Қоғамдастықтың басқа да органдарының мақсатты біріккен жұмысы ЕурАзЭҚ аумағында тиімді келісім-құқықтық базаны құру мен экономикалық және гуманитарлық интеграцияны нығайтатынына көзі жетіп отыр.

Алғашқы қадам 13 жыл бұрын жасалынды, бұл елдер көшбасшыларының саяси ерігі болды. Екіншісі – бүгін. Себебі Кедендік одақ ақыр аяғында біртұтас экономикалық кеңістік үшін негіз құруы қажет. Ал бұл жоғары интеграцияланған экономикалардың бейнесі.

Құрылған Кедендік одақ экономикалық интергацияның тереңделуіне бастапқы қадам болса, онда қатысушы елдерде халықаралық еңбек бөлінісі жүйесінде тек өзінің мәртебесін өзгертіп қана қоймай, халықаралық экономиканың «бұрандасынан» нағыз «әлем-экономикасына» айналу мүмкіндігі болады.

Әдебиеттер

1. Еуразиялық экономикалық қауымдастықты құру туралы келісім// ЕурАзЭҚ ақпараттық бюллетені, 2001, №1.

2. Мемлекетаралық кеңестің Кедендік одақ мемлекеттері. -ЕурАзЭҚ мүшелерінің одағын құру туралы № 313 шешімі, 2006.

3. Тарифтер мен сауда жөніндегі бас келісім, 1994.

4. Кедендік одақ пен біртұтас экономикалық кеңістіктің құқықтық құрылуын қамтамасыз ету туралы келісім, 1999.

РОЛЬ СУДА ПРИСЯЖНЫХ В УКРЕПЛЕНИИ НЕЗАВИСИМОСТИ СУДЕБНОЙ ВЛАСТИ

*«Я рассматриваю суд присяжных в качестве единственного якоря до сих пор придуманного людьми, при помощи которого государство может удерживаться за принципы его конституции».
Томас Джефферсон (1788) [1].*

Сегодня одним из важных направлений судебно-правовой реформы, проводимой по инициативе и под постоянным контролем Главы государства, является практическое воплощение в жизнь конституционной нормы о реальном участии граждан в отправлении уголовного правосудия.

Глобализация правового пространства — одна из основных, объективных причин введения в Казахстане суда с участием присяжных заседателей, отвечающего международным стандартам.

В Казахстане предприняты системные и последовательные меры по усилению демократических начал при отправлении правосудия по уголовным делам. Внесение в статью 75 Конституции Республики Казахстан положения о том, что «в случаях, предусмотренных законом, уголовное судопроизводство осуществляется с участием присяжных заседателей», является существенным шагом приближения нашего общества к правовому государству.

В рамках европейских стандартов, беря за основу существующие сложившиеся мировые модели отправления правосудия с участием народа, Казахстан создает свою национальную модель института присяжных заседателей на основе существующей континентальной модели подвергающиеся модернизированию с учетом современного состояния и запросов общественной практики [2, С. 16].

В ходе профессиональных дискуссий выбрана оптимальная модель суда с участием присяжных заседателей. Организационно обеспечена форма его деятельности.

Ключевой особенностью казахстанской модели суда с участием присяжных заседателей является то, что ее восприятие в народном, общественном сознании тесно связано с судом биев и адатом — обычным правом казахов. Знание и учет последнего поможет в определенной степени сохранить и самобытность культуры, в том числе правовой, в рамках существующего законодательства, а далее расширить введение элементов социальных институтов в отправлении властных полномочий [3, С. 26].

После принятия в 2006 году соответствующих законов суд присяжных органично вписался в судебно-правовую систему. Очевидно, что с его введением улучшилось качество предварительного расследования, возросла роль адвоката и усилены гарантии защиты прав и свобод личности в уголовном процессе, но самое главное – в полной мере действует принцип состязательности и равноправия сторон.

Одна из причин обращения к суду присяжных заключалась в чрезмерно строгом и неукоснительном следовании правовым предписаниям. Законность была возведена в ранг конституционного принципа. Ею должны руководствоваться все государственные структуры, включая и судебную систему, всех граждан. Законность предполагает точное и неуклонное исполнение норм права всеми участниками общественных отношений. В то же время понятно, что закон зачастую не поспевает за теми процессами, которые происходят в обществе. Закон, естественно, стремится реализовать справедливость в своих нормах, но не всегда это удается. И когда возникает противоречие между законностью и справедливостью, судья без колебаний претворяет в своих решениях принцип законности. В противном случае он может быть обвинен коллегами в некомпетентности, непрофессионализме. Больше того, он рискует расстаться с

должностью. Существуют ли способы преодоления возникающих противоречий? Можно ли каким-то образом примирить законность и справедливость? Видимо, в примирении этих двух начал и заключается миссия суда присяжных.

Суд присяжных справедливо считается одним из демократических начал в уголовном судопроизводстве. В отличие от профессиональных судей присяжные действительно более независимы. Над ним нет инстанций, перед которыми они держали бы ответ за свой вердикт. Коллегия присяжных не зависит от бюрократических показателей своей деятельности. Их задача предельно проста: выслушав стороны, показания свидетелей, оценив представленные доказательства, ответить на главные вопросы: действительно ли деяние совершено подсудимым; он виновен или не виновен в содеянном; если виновен, то заслуживает ли он снисхождения.

Но в то же время эта задача чрезвычайно сложна. Если в процессе оценки доказательств в судебном разбирательстве нет полной уверенности в виновности или невиновности подсудимого, правосудие не свершится. Эта уверенность рождается на основе субъективного мнения, которое Гегель называл совестью. И лучшей формой для получения этой уверенности в виновности или невиновности подсудимого он считал суд присяжных.

При вынесении решения о виновности или невиновности у подсудимого должно быть доверие к тем, кто принимает такое решение. В уголовном процессе это доверие к суду может быть достигнуто только при помощи суда присяжных. И такой суд не случайно называется публичным судом.

Наличие суда с участием присяжных заседателей в государстве обеспечивает непосредственное участие граждан Республики в отправлении правосудия, отражая тем самым интересы как государства, так и населения — граждан Республики Казахстан. Главное отличие данной формы судопроизводства заключается в том, что виновность либо невиновность подсудимых решает не профессиональный судья, который ассоциируется с государственной властью, а простые люди, руководствующиеся личным опытом, морально — нравственными соображениями и логикой, что исключает какую либо предубежденность в отношении подсудимых.

Почему все-таки основной вопрос судебного процесса - признание вины подсудимого - решено доверить присяжным заседателям? Признание вины влечет далеко идущие правовые последствия вплоть до определения меры наказания. Этим актом по существу решается судьба подсудимого.

Одним из ярких атрибутов независимости судебной власти во все времена в различных процессуальных системах провозглашался суд присяжных. Присяжные судебные заседатели, решая главный вопрос уголовного дела - вопрос о виновности, представляли подлинно демократический институт отправления независимого правосудия. Они служили гарантией независимости суда, обеспечивали взаимосвязь населения с судебной властью, отражали в конкретных судебных вердиктах массовое правовое сознание, оказывали ощутимое влияние на правовую политику государства.

Присяжные заседатели в сознании граждан олицетворяют гарантию справедливого отношения к рассматриваемому уголовному делу. Население относится к присяжным как к независимым представителям общества, не обремененным какими-то интересами.

Говоря о роли присяжных заседателей необходимо учесть, что деятельность присяжных в судах представляет собой выполнение гражданского долга и служит реализации принципа коллегиальности правосудия. Обеспечение их участия в функционировании органов судебной власти является залогом ее демократичности, представляет собой одно из средств социального контроля за законностью и справедливостью деятельности профессиональных судей.

В настоящее время эффективное функционирование суда с участием присяжных заседателей в Казахстане способствует возрождению общественной функции правосудия в противовес репрессивному, карательному судопроизводству.

Кроме того, участие присяжных в уголовном судопроизводстве преодолевает обвинительный уклон в судебной деятельности, развивает принцип состязательности сторон, повышает качество предварительного следствия и ответственность органов уголовного преследования, усиливает роль адвоката, способствует вынесению справедливого приговора по уголовному делу.

Для демократического, суверенного, современного государства суд присяжных является олицетворением справедливости и доверия к судебной системе.

Эффективное функционирование суда с участием присяжных заседателей в Казахстане способствует укреплению сильной и независимой судебной власти.

Литература

1. Афоризмы со всего мира. Энциклопедия мудрости. URL: www.foxdesign.ru
2. Булеулиев Б.Т. Суд с участием присяжных заседателей: проблемы становления и перспективы развития в Республике Казахстан»: Автореф. дис. д-р. юрид. наук:(12.00.11) / Булеулиев Б.Т. Алматы, 2010. — 47 с.
3. Шайкенова С.Т. Проблемы деятельности суда с участием присяжных заседателей в Республике Казахстан: Автореф. дис. канд. юрид. наук: (12.00.09) / Шайкенова С.Т. Алматы, 2010. — 44 с.

А. Т. Кабжанов
А. К. Жармагамбетова
г. Караганда

БОРЬБА СО ВЗЯТОЧНИЧЕСТВОМ: ОПЫТ, ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ

Как известно на сегодня коррупция является одной из главных проблем нашего общества, которая все больше и больше поглощает экономику государства. Данное явление характерно не только для нашего государства. Проблема борьбы с коррупцией давно приобрела широкомасштабный характер в международном формате.

Обратимся к определениям понятий «взятка», «взятничество», «получение взятки». Слово «взятка» произошло от слова «взяток», означающего сбор меда пчелами. «Взятничество» как вид преступления изначально обладало множество смысловых оттенков, отображающих лишь особенности формы, но не содержания явления. Так, например, словарь В. Даля [1,197] определяет взятку как «срыв, поборы, приношения, дары, гостинцы, приносы, пешкеш, бакшиш, хабару, магарычи, плата или подарок должностному лицу во избежание стеснений или подкуп его на незаконное дело». При этом взятка – это не то, что обещано, а то, что взято фактически. То, что обещано, но фактически не взято, есть подкуп.

Борьба с таким общественно опасным видом коррупционных преступлений, как взятничество, является одним из приоритетных направлений в нашем государстве. Взятничество является одним из наиболее распространенных должностных преступлений и всегда связано с корыстным использованием должностным лицом своего служебного положения.

Уголовным кодексом Республики Казахстан уголовная ответственность предусмотрена за получение взятки (ст.311 УК РК), дачу взятки (ст.312 УК РК) либо посредничество во взятничестве (ст.313 УК РК).

Коррупционные преступления указанной категории совершаются, как правило, с целью незаконного преступного обогащения, для получения определенной материальной или иной выгоды либо каких-либо других привилегий. Последствия их внушительны и

характеризуются нарушением нормальной деятельности властных и управленческих структур, подрывом их престижа, сознанием у значительного числа людей представления о возможности решить любой вопрос, получив желаемое за счет подкупа должностных лиц.

Субъектами взяточничества является: взяткодатель, взяткополучатель, соучастники взяткодателя и соучастники взяткополучателя (организаторы, подстрекатели и пособники). Способ совершения взяточничества – это обусловленная объективными и субъективными причинами система действий (бездействия) субъектов взяточничества, направленных на достижение преступной цели – выполнение служебной деятельности должностным лицом за незаконное вознаграждение. Исследования различных авторов позволили сделать вывод о том, что способ совершения преступления взяткодателем составляют действия: по изучению обстановки в органе или учреждении, от которого взяткодатель ожидает деятельности в свою пользу; установлению должностного лица, от которого может зависеть решение вопроса в интересах субъекта; установлению контактов со взяткополучателем (лично или через соучастников); определению условий выполнения служебного действия в интересах взяткодателя, уточнению предмета взятки и его размера, если предметом являются деньги, способа передачи; подысканию предмета взятки или средств на его приобретение (например, получение денег взаймы, продажа имущества или заклад имущества в ломбард, получение ссуды, выделение денежных средств фирмой для передачи должностному лицу в интересах организации и др.); передаче предмета взятки взяткополучателю, либо посреднику или соучастнику для передачи взяткополучателю; принятию мер для сокрытия следов преступления (маскировка приема-передачи предмета взятки, организация безопасных условий передачи взятки, обеспечение алиби на случай задержания с поличным); получению благ, которых добивался взяткодатель, и их использованию.

Среди мест приема-передачи предмета взятки преобладают служебные кабинеты должностных лиц – 42%, офисы взяткодателей – 15,2%, салоны автомобилей – 14%, общественные места (гостиницы, кафе, парки, улицы и др.) – 12,8%, квартиры взяткополучателей – 9,3%, иные – 6%. Установлено, что прием-передача взятки в 68% случаев происходит в рабочее время в промежутке между 9 и 18 часами. В нерабочее время (после 18 часов) взятки передавались по 20%, 7% взяток переданы в выходные дни и во время отпуска взяткополучателя, в 5% дел время приема-передачи взятки не установлено [2].

Кроме того, взяточничество зачастую сочетается с другими опасными преступлениями: хищениями, легализацией незаконно добытых денег или имущества и др. Широкая распространенность и высокая латентность этих преступлений вынуждают регламентировать в уголовном законодательстве ответственность за взяточничество.

Уголовно-правовая борьба с этим социальным злом в Казахстане с каждым годом набирает все больше обороты, и сегодня практически стала общенациональной идеей.

В настоящее время борьба с взяточничеством как с одним из основных видов проявления коррупции ведется практически во всех сферах. Проводится разъяснительная работа с населением о недопущении фактов проявления коррупции, ужесточен кадровый отбор на государственную службу, в большинстве ведомств работают телефоны доверия, правоохранительные органы стараются уделять внимание каждому поступающему сигналу.

Особое внимание уделяется действующему законодательству Казахстана. Принимаются новые законы, в которых ужесточается ответственность за совершение коррупционных преступлений и за попустительство их совершению. Одним из ярких примеров является Закон Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты по вопросам совершенствования борьбы с коррупцией» от 21 июля 2007 года.

Для более эффективного выполнения поставленных перед правоохранительными органами задач, в частности в борьбе с коррупцией, во исполнение Указа Президента Республики Казахстан от 17 августа 2010 года «О мерах по повышению эффективности правоохранительной деятельности и судебной системы в Республики Казахстан» четко определена подследственность по коррупционным преступлениям, расследование по которым передается исключительно органам финансовой полиции [3].

Несмотря на еще не изжитую практику попытки решения проблем путем дачи взяток, проводимая в государственных органах работа с кадрами также приносит положительные результаты.

Понятно, что взяточничество как один из основных видов коррупции полностью искоренить невозможно, тем более в таком короткий срок, сколько существует наше молодое государство. Для этого необходима долгая кропотливая работа по постепенному его снижению и тем более недопущению его роста.

С учетом созданной в стране нормативно-правовой базы и накопленного опыта в борьбе с коррупцией необходимо на государственном уровне развивать у каждого гражданина чувство правосознания, т.е. его субъективное восприятие происходящих правовых явлений.

Как формы общественного сознания правосознание существенно влияет на соблюдение законов и оказывает корректирующее воздействие на ментальность отдельных индивидов, таким образом, способствует повышению их уровня законопослушания [4].

Данная задача должна ставиться не только перед государственными органами и госслужащими, но и непосредственно перед рядовыми гражданами, благо условия для этого у нас есть и, как указано выше, такая работа в Казахстане уже проводится.

Подводя итоги, можно сформулировать предложения, которые способствовали бы повышению эффективности борьбы со взяточничеством:

1. Отказаться от неоправданно суженного предмета доказывания. Включить в круг обязательного предмета доказывания данные, относящиеся непосредственно к личной жизни обвиняемого лица, а именно: установление факта жизни должностного лица не по средствам, установление состояния здоровья привлекаемого лица, отклонение от законопослушного и морального поведения, характерное времяпрепровождение (дорогостоящие поездки, развлечения).

2. Создание специализированных групп, которые бы включали в свой состав оперативных работников. Это упростило бы процесс современного планирования следственных действий и облегчило бы взаимодействие между подразделениями, участвующими в расследовании взяточничества.

3. Расследование взяточничества необходимо поручать наиболее квалифицированным и опытным следователям.

Литература

1. Даль В. Толковый словарь живого великорусского языка. В 4-х томах. М., 1989-1991. Т. 1 – с. 197
2. www.finp.kz
3. Комментарий и постатейные материалы к Закону Республики Казахстан «О борьбе с коррупцией», ТОО «Издательство «Норма-К», 2008 г.
4. Высоких Ю. В. К вопросу о первоисточниках правосознания, «Социум и власть», 2007 г.

VI СЕКЦИЯ. ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚАРЖЫ

ЭКОНОМИКА И ФИНАНСЫ

И. В. Порядина
г. Астана

РОЛЬ И ЗНАЧЕНИЕ МОНИТОРИНГА ФИНАНСОВОГО СОСТОЯНИЯ КОМПАНИИ В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ

Осуществление мониторинга финансового состояния предприятия выступает в качестве одного из наиболее перспективных подходов в решении проблемы информационного обеспечения аппарата управления. Объективный мониторинг финансового состояния предприятия позволяет вовремя выявить критические ситуации и неблагоприятные тенденции и вовремя исправить положение предприятия.

Мониторинг финансового предприятия определяется как механизм осуществления постоянного наблюдения за важнейшими текущими результатами финансовой деятельности в условиях постоянно меняющейся конъюнктуры финансового рынка.

Целями построения системы мониторинга финансового состояния на предприятии являются [1]:

- своевременное выявление и анализ негативных тенденций финансового состояния предприятия;
- предупреждение возникновения кризисных ситуаций;
- обеспечение органов управления актуальной, достоверной и полной информацией с целью выработки оперативных и долгосрочных управленческих решений на различных уровнях.

Структура, реализующая мониторинг финансовой устойчивости предприятий, должна обеспечивать следующие процедуры:

- сбор, аналитическую обработку внутренней и внешней информации;
- анализ полученной информации и прогнозирование кризисных ситуаций;
- доведение полученной информации до менеджеров предприятий;
- консультирование представителей структур управления по методам улучшения финансовой устойчивости, оперативных и тактических действий по выводу из кризиса, недопущению банкротства;
- участие в реструктуризации и восстановлении неплатёжеспособных предприятий;
- подготовка предложений по разработке и внедрению инновационных, инвестиционных проектов, научно-исследовательских работ.

Для организации эффективной системы мониторинга требуется её адекватное финансовое и кадровое сопровождение.

Система мониторинга призвана мотивировать принятие решений структурами управлений всех уровней по эффективному функционированию и оказывать содействие в выборе механизмов антикризисного управления и методов повышения финансовой устойчивости.

В качестве диагностических признаков состояния предприятия можно выделить следующие основные характеристики: значение коэффициента текущей ликвидности; значение коэффициента обеспеченности собственными средствами; наличие убытков по итогам основной деятельности; наличие убытков по итогам финансово-хозяйственной деятельности; значение коэффициента утраты платежеспособности; значение показателя рентабельности продаж продукции в целом; темпы роста объема продаж для развивающихся предприятий; значение показателя деловой активности (оборотов в год);

средний срок погашения текущих обязательств; вид учетной политики; значение финансового результата от финансовой деятельности; значение коэффициента трансформации; значение экономической рентабельности; значение рентабельности собственных средств; значение показателя внутреннего темпа роста; значение коммерческой маржи.

Отслеживание динамики указанных выше основных характеристик позволит своевременно обнаружить ранние признаки кризиса, разработать и реализовать комплекс мер, направленных на предотвращение ликвидации предприятия, и в целом адекватно осуществить оценку финансового состояния.

Финансовое состояние может быть устойчивым, неустойчивым и кризисным [2]. Способность предприятия своевременно производить платежи, финансировать свою деятельность на расширенной основе свидетельствует о его хорошем финансовом состоянии.

